

**ЖАНДОС ҚОЖАХМЕТҰЛЫ СМАҒҰЛОВ**

**ТАРИХТАН ТАҒЫЛЫМ**

**Зерттеулер**

**I том**

Қарағанды - 2014

УДК

**СМАҒҰЛОВ Ж.Қ. Тарихтан тағылым.  
Зерттеулер. I том. Қарағанды: Арко, 2014. 417 бет.**

Халықаралық Ақпараттандыру академиясының академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор Ж.Қ.Смағұловтың бұл еңбегіне ғалымдық шығармашылығындағы әр кездерде жазылған ғылыми-зерттеу және әдеби сын мақалалары топтастырылған. Жинақта ұлттық әдебиеттану ғылымында ұлы дарындар тағдыры мен шығармашылықтарының зерделену тарихы мен көрнекті ғалымдар туралы зерттелу мақалалары және сыншылық көзқарастағы ой-толғамдары берілген.

Еңбек жоғары оқу орындары студенттері мен әдебиетші-ғалымдарға, мектеп мұғалімдеріне және жалпы әдебиет сүйер қауымға арналған.

**ISBN**

**© Смағұлов Ж.Қ. 2014 ж.**

**Аяулы анам Майра Ысқаққызы мен  
ардақты әкем Қожахмет Смағұлұлының  
өлмес те өшпес рухтарына арнаймын.**

**А Ң Д А Т У  
немесе алғысөз орнына**

Құрметті оқырман қауым!

Сіз білім алуға жаңа қадам басқан студент немесе ғылым жолын енді ғана таңдаған магистрант, бәлкім жас ұрпақ оқытып-тәрбиелеп жүрген мұғалім, болмаса болашақ жақсы маман дайындау жолында тер төгіп жүрген ғалым әріптесім шығарсың. Мүмкін ұлттық руханияттан молынан хабардар, ой-санасы ояу және ұлтты сақтап қалатын оның тілі мен әдебиеті екенін толық түсіне білетін намысы қалғып кетпеген зиялы жан шығарсың.

Бұл еңбегімде отыз жылдан астам уақыт бойы жазып-сызған 200-ден астам ғылыми, сыни және көсемсөз мақалаларымның ішінен осы қажеттеріңізге жарайды-ау деген ең таңдаулыларын ғана ұсынып отырмын. Себебі, олар сонау 1983 жылдан бергі қатысып келген әртүрлі симпозиумдар мен теориялық және практикалық конференциялардың жинақтарында, ғылыми басылымдар мен газет-журналдарда, зерттеу мақалалары жинақтары мен мерейтойлық сипаттағы әртүрлі кітаптардың бетінде шашылып жатыр. Олардың кейбірі өзімде де сақталмапты. Барлығының басын қосып, белгілі бір жүйеге келтіріп, ұлттық әдебиеттануда өзім зерттеп-зерделеген ғылыми тақырып бойынша ізденушілер мен оған қызығушылар болса, бір кітаптың ауқымынан тауып алсын деген мақсатты ұстандым. Сонымен қатар ұлттық мүдде мен руханиятқа қатысты жариялаған көсемсөз мақалаларды да назарларыңызға ұсынуды дұрыс деп санадым.

Бүгінде Халықаралық Ақпараттандыру Академиясының академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор болсам, сол мақалаларымда осы дәрежелерге жету жолындағы әрбір баспалдағым жатқанын түсінулеріңізді сұраймын. Сол себептен де олардағы кезінде айтылған ойлар мен тұжырымдарды ғылыми стилін де өзгертпестен, жазылу мерзімінің хронологиясын сақтай отырып қаз-қалпында беруді жөн көрдім. Осылайша өзгеріссіз беретін болғандықтан, 1983 жылдан 1992 жылдар аралығындағы маркстік-лениндік әдебиеттану мен кеңестік идеология ықпалында жазылған мақалаларды енгізуді қажет деп таппадым.

Бүгінде 3 монография, 3 оқулық пен 4 оқу-әдістемелік құралдар және 200-ден астам ғылыми-зертеушілік, сыни және көсемсөз мақалаларым жарық көрген екен. Атап айтқанда, «Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихы» (1999), «Ұлттық әдебиеттану әлемі» (2005), «Бата сөздердің тағылымдық табиғаты (2009)» атты монографиялар мен «Қазақ әдебиеттану ғылымының қалыптасу жолдары» (1995), «Қазақ тілі мен әдебиетінің 1001 сұрағына жауап» (2003), «XX ғасырдағы қазақ әдебиеттану ғылымы» (2012), (2014) аталатын оқулықтарым, «Әдеби мұраны игеру проблемалары» (1992), «А.Байтұрсынұлы – қазақ әдебиеттану терминдерінің негізін қалаушы» (1997), «Ахметтану бастаулары» (ұжымдық еңбек, 2005), «Әдебиеттану ғылымының өзекті мәселелері» (проф. Т.Кәкішевпен бірге, 2006) секілді оқу-әдістемелік құрал жарық көрді. ЖОО-да инновациялық технологияны қолдану мақсатында жазылған 11 электронды, 2 мультимедиялық дәрістер және «Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихы» (2011) аталатын электронды оқулық та бар. Қазақстан Республикасы Ғылым Академиясы шығарған «Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихы» (2008) атты екі томдық ұжымдық ғылыми басылымның

авторларының бірімін. Тарихи-шежірелік сипатта елтану тақырыбында жазылған «Тағылымға тағзым» (2005) атты зерттеу еңбегім де бар.

Әдебиеттану ғылымы тарихы саласында ізбасар шәкірттер дайындауда бірнеше филология ғылымдарының кандидаттары мен ғылым магистранттарына ғылыми жетекшілік жасап, олардың ұлт әдебиеті тарихын зерттеудегі ізденістеріне жол ашыппын. Мақалаларым Қытай, Ресей, Түркия, Грузия, Болгария, Польша, Қырғызстанның ғылыми журналдарында жарияланды. Еуропалық импакт-факторлы журналдар мен Томсон Рейтерс аясына кіретін Америкалық «Life Science Journal» журналында да мақалаларым жарық көрді. 2005 жылы Халықаралық «Кәтеп» қорының шақыруымен Түркияда болып, Анкарадағы Гази атындағы университетте, 2014 жылы Қытайдың Құлжа қаласындағы Іле педогогикалық университетінде, Шыңжаң қолданбалы кәсіптік техника институтында дәріс оқып қайттым. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Жоғары оқу орындарының үздік оқытушысы - 2013» мемлекеттік грантына ие болып жатсам, ондағы талаптардың көбі ғылыми жұмыстардағы қол жеткізген жетістіктерді бағалаудан тұратынын айта кеткен жөн болар.

Бір қарағанда ғылым жолында аз табыс емес секілді. Бірақ, ол қызғанышы мен қатыгездігі бар, көп жағдайда әділетсіз де болып кететін ғылымның қия жолындағы азапты күндер мен ұйқысыз түндерде төгілген маңдай тер, ағарған шаш, жұқарған жүйкенің ғана өтеуі емес. Ел мақтайтындай, өзім мақтанатындай керемет бір шаруа тындырдым деп кеуде соға алмаймын. Мен тек қазақ деп аталатын данышпан ұлтымның ғылыми-зерттеушілік ой-пікірінің тарих алдындағы алғашқы кезеңін, ояну, туу, қалыптасу дәуірлерінің тарихын сонау YI ғасырдағы көне заманнан бері егемендік алғанға дейінгі аралығын ғылыми

зерделеп, халқым алдындағы перзенттік борышымды ғана өтедім. Ұлттық әдебиеттану мен сынының тарихын, әдіснамалық мәселелерін ғылыми тұрғыда саралау бағытында отыз жылдан астам уақыт бойы шұғылданып келгендіктен, осы ғылыми мақалалар жинағымнан әркім өз ғылым-білім жиынтығына өз қажетіне керекті деректер таба алса, маған сол жетеді.

Сырттай естуім бойынша, ел мені тәуір ғалымдардың қатарына қосатын сықылды. Ғылым жолына арнаған ғұмырымның бәрін жазар болсам, естелік-эссе кітабы болып шығар еді. Бұл мақалалардың жазылуы мен қайда оқылғаны, жариялануы тарихын жазудан көрі, оған басты себепкер болған және менің тағдырымның ғылым жолына арналуына жолбасшы болған, мен үшін аяулы тұлға болып табылатын ұстаздарым туралы айтуды дұрыс санап отырмын. Сондықтан тек алғысөз ретінде жазылып отырғандықтан, қызығы мен қиыншылығы мол ғылым жолына қалай келгенім туралы ғана аз-маз айта кетуге рұқсат етіңіздер.

Иә, мен ғылымға қалай келдім?

Бала кезімнен бастап кітапқа құмар болып өстім. Мұғалім болғандықтан ба екен, әкей сол кездегі қазақ тілінде шығатын газет-журналдарды түгелге жуық жаздыртып алдыратын. Олардың ішінде балаларға арналған басылымдар молынан кездесетін. Ал анам марқұм шәй құйып отырғанда да қолынан кітабы түспейтін аса кітапқұмар жан болды. «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны аласың» деген рас па, әлде Көк Тәңірінің маңдайға жазғаны сол болды ма, әйтеуір әдебиет аталатын «сөз өнерінің дертімен» (Абай) бала шағымнан ауырғаным анық. Бала кезде шал-кемпірлердің қолына суды көп құйдым, сол жарықтықтардың «мұғалім бол» деп берген батасы қабыл болды ма деп те ойлаймын.

Алғаш қолыма қалам алып аудандық газетке шағын хабарламаларым мен мақалаларым жариялана бастаған кезде сегізінші сыныптың оқушысы екенмін. Сол талпыныс мені «тілші бала» атандырды. Содан қанаттандым ба, білмеймін, біртіндеп өлең, шағын әңгімелерім сол аудандық “Арқа еңбеккері» газетіне жариялана бастады. Қазір елімізде, тіпті шетелдерде үлкен-үлкен мінбелерде баяндама жасап, сөз сөйлеп жүрмін. Бірақ тұңғыш рет жас тілшілердің аудандық кеңесінде алғаш сөйлегенім есімнен ешбір кеткен емес.

Әдебиетші ғалым болам деп ойлаған емеспін, журналист, шамам келсе, ақын-жазушы болсам деп армандадым. Бүкіл республикадан бар-жоғы 25 студент қабылдайтын ҚазМУ-дегі жалғыз ғана журналистика факультетіне баруға жүрек дауаламады. Сол арман мені Қарағанды мемлекеттік университетінің филология факультетіндегі «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығына алып келді. Ілім-білімге сусап келген мен қазақ әдебиеті тарихындағы ғасырлар бойы сақталған рухани мол мұра мен әлем әдебиетінің жауһарларын жалықпай сіміруге кірістім. Рас, жазуды да тоқтата қойған жоқпын. Факультеттегі «Балауса» шығармашылық үйірмесінің белсенді мүшесі болдым. Туындыларым мен мақалаларым облыстық және кейбір республикалық газеттерде жарық көріп жүрді. Алайда ауылдық жерде қолға көп түсе бермейтін О.Сүлейменов, М.Мақатаев, Қ.Мырзалиев, Т.Айбергенов, М.Шаханов және тағы да басқа талантты ақындардың поэзиясына молынан қаныққан соң, ақындықтан бой тарттым. Қысқасын айтқанда, жақсы ақын бола алмайтынымды ұқтым, ал «күшеншек» ақын болғым келген жоқ. Рас, өлең-әңгімені қазір де жазамын, бірақ тек өзім үшін, жазбауға болмай, ой-санамнан еш шықпай мазамды ала берген соң амалсыз жазамын. Қазіргі

оқырман талабы өте жоғары, мерзімді басылымдарға ұсынуым жоқтың қасы.

Содан үшінші курстан бастап ғылымға ден қоюды дұрыс деп санадым. Абайдың «Дүниеде өзі, мал да өзі, ғылымға көңіл бөлсеңіз» деген ұлағатты сөзін ұқтырған ұстаздарыма айтар алғысым ұшан-теңіз. З.Жұмағалиев, Х.Нұрмұқанов, Қ.Лекеров, М.Смағұлов, тобымыздың кураторы С.Төлекова және тағы басқа оқытушылар өздерінің ұстаздық дариядай білімімен, ғалымдық тұлға сипатындағы болмыс-бітімімен, тәлім-тәрбиесімен менің ғұмыр жолымның осы бағытта өрбуіне қатты әсер етті. Студенттердің ғылыми конференциясында баяндама жасау мен ғылыми үйірме, әдеби кештерде пікір айту белсене кірістім. Сөз болатын тақырыпқа сай теориялық тұрғыда нақты және ғылыми тұрғыда дәлелді сөйлеу үшін том-том кітап ақтаруға машықтана бастадым. Ол кезде қазіргідей ғылыми жоба қорғау мен зерттеу жұмыстарына бағыттайтын толып жатқан конкурстар мен байқаулар мүлде жоқ. Ұмытпасам, аса қадірлейтін ұстазым Задан ағайдың ақыл-кеңесімен бір-екі жаңа кітапқа рецензия да жазып көрдім.

«Мұқановтану» атты мамандандыру курсының семинар сабағында «С.Мұқановтың лирикасы» деген тақырыпта жасаған баяндамада «Сәбит ақын емес» деген қорытынды шығарамын деп ұстазымнан ұрыс естігенімнің өзі бір тарих. Кеңес дәуіріндегі қазақ әдебиетінің негізін қалаушылардың бірі, классик, академик-жазушыға мен секілді «бокмұрын» студенттің осындай баға беруінің себебі де бар еді. Шетелдерге аударылып әлемді жаулап бара жатқан ұлттық әдебиет, оның поэзия саласының көркемдік көкжиегі тұрғысынан қарағанда Сәбеңнің кедей мен тап тартысы тақырыбындағы өлеңдері талғамымызға тати қоймағаны ақиқат болатын. Сол он бес минут ғана оқитын баяндаманы кітапханадан шықпай отырып бір

апта бойы жазғанмын. Менің классик жазушыға шығарған «үкімім» тарихи шындықтан алыс жатпағанын, «ғылыми дәлелдерімнің» мықты екенін Задан ағай да білді, білді де ғылым жолына біржола баули бастады. Міне, мен қиынқыстаулы ғылым жолындағы алғашқы баспалдаққа осылайша қадам бастым.

Студент кезімізде біз М.Мақатаев пен О.Бөкеевке кереметтей табындық. Әдебиеттің эстетикалық мұраты адам тәрбиелеу болса, олардың туындылары біздің лап-лап еткен жастық сезіміміздің талғамының үдесінен шығып жатты. Шығармаларын жастығымыздың астына жастанып жатып, таласа да жарыса жаттадық. Мұқағали қайтыс болған соң, оның шығармашылығына табыну ұланғайыр махаббатқа ұласты. Бесінші курс басталған күзде диплом жұмысының тақырыбын бекіту кезінде сол кезде кафедра меңгерушісі болып істейтін Задан ағайға «М.Мақатаевтың лирикасы» деген тақырыпта қорғаймын деп едім, ырық бермеді. Мұқаң 1976 жылы қайтыс болды, бұл 1978 жылдың күзі болатын. Ол шақта Мұқағали туралы әртүрлі алыпқашты «жалған айыптаулар» басыла қоймақ түгіл, өршіп кеткен кезі еді. Кеңестік идеологияның сойылын соғып жүрген саяси-тапшыл әдебиет өкілдері Мұқағалидың халық арасында осыншама құрметке ие болғанын кешіре алған жоқ. Ақын қайтыс болғанда барша қазақтың күніреніп кеткені ақиқат еді.

Ұстазым: «Мақатаевтың зерттелуі әлі ерте және даулы мәселе. Қайтесің, одан да бір жазушы шығармашылығын ал», - деп мүлде жаңа тақырып ұсынды. Қазақ әдебиетіне 1960 жылдары жаңаша түр мен өрнек, тақырып пен мазмұн, кереметтей кейіпкерлер әкелген ылғи дүлдүлдер мен одан кейінгі ығай-сығайлар тұрғанда ортақол бір жазушы деген кім еді!? Мемлекеттік сыйлықтың иегері болса қазір шығар, жасыратыны жоқ, ол кезде талғамымызға татымағаны анық еді. Бір-екі кітабын оқып

көріп едім, мүлде тартпады. Прозада Асқар мен Оралхан жанында студенттік лексикондағы сөйлеу тілімен айтқанда «қайдағы біреу».

Өз дегенімнен қайтпайтын қырсық та қыңыр мінезімнің пайдасы мен зиянын көріп те жүрмін. Ұстазыма: «Ағай, Мұқағалидан қорғаймын, болмаса мүлде қорғамай, екі мемлекеттік емтихан тапсырамын», - деп қитықтым. Еменнің иір бұтағы мен қарағайдың қарсы бұтағындай мінез бойынан мол табылатын ағайым да көнбеді. Қисық пен қырсық осылайша егесті. Бір айдай уақыт өтті. Кездескенде «Әй, бала, қалай деп шештің?» деп ағай сұрайды, «Тек Мұқағалидан ғана қорғаймын» деп мен де таймаймын.

Ұстаз ұлағаты дегенді кейін ұқтым. Дәл сол кезде пікірімен университет ректоры Е.А. Бөкетовтің өзі санасатын, «аузын айға білеген» Задан ағайға қарсы тұратын мен кім едім сонда!? Кафедра меңгерушісі, бәрі қолында. Факультет кеңесінде бекітілуге берілетін диплом жұмыстары тізіміне «Ә.Сараевтан қорғайды» деп бекітіп жіберсе, «ақ дейін, бақ дейін» мен қайда барып, кімді мұқатам!? Бір күні мені қадірлі ұстаздарымның бірі Қ.К.Лекеров шақырды. «Қарғам, сен Мұқағали шығармашылығынан қорғаймын деп жүр екенсің. Олай болса, қорға, мен жетекшің боламын» демесі бар ма!? Қуанғанымнан «Ой, ағай-ай» деп орнымнан ұшып тұрып қолын алыппын. Кейін білдім, Задан ағай Каби Лекерұлына: «Ана, Жандос, бір қырсық неме екен. Мұқағалидан ғана қорғаймын деп көнбей жүр. Сіз жетекші болыңыз» десе керек. М.Мақатаев бізге әулие, ал Задан ағайдың ақынның «серілік» өмірінен мол хабардар екенін мен қайдан біліппін!? Осылайша қырсық қисықты жеңді, ол да болса Ұстаз ұлағатының арқасында. Жаңылмасам, екі айдай диплом жазу практикасы болатын, керек десеңіз іссапармен арнайы жетекші бөлініп, зерттеу материалдары

үшін Алматыға да апаратын. Ақынның жары Лашынмен, баласы Жұлдызбен де сол кезде таныстым. Бұны айтып отырғаным, қазір ақын туралы том-том кітаптар, естелік-эсселер, ғылыми зерттеулер жазылды. Шатаспасам, М.Мақатаев шығармашылығы бойынша алғаш зерттеу жүргізіп, диплом жұмысын қорғаған мен шығармын-ау деп ойлаймын. Осыны естіген «Мұқағали» журналының редакторы сол диплом жұмысын «кеңестік идеологияға байланысты айтқандарыңды өзгертпей бер, журналға басамын» деп сұрап алып кетті. Жаным қаламайтын тақырыпқа ештеңе жазбайтын қырсық мінезім осыдан басталды, «сынықтан басқаның бәрі жұғады» деген, оған ғылым мәселесіне келгенде ұстазымның «қисық» қасиеті қосылды. Міне, ғылым жолына қарай аттаған екінші баспалдақ осылай басталды.

Университетті бітіргенде «Ебеке, мен осы баланы кафедраға алып қалғым келеді» деп ректорға өзі ертіп барды. Е.А.Бөкетов ағамыздың әскери міндетімді өтемегенімді сұрап білгеннен кейінгі: «Қарағым, Задан ағаң маған кім көрінгенді ертіп келмейді. Мен ойланбастан жұмысқа қалдырар едім, бірақ сені екі айдан соң-ақ қарашада әскерге алып кетеді ғой. Сонда мен сенің орныңды мына академиктің екі қолымен болса да жауып ұстап отыра алмаймын. Басқа адам алуға тура келеді. Ең әуелі әскеріңнен құтыл, сонан соң ғылымға кіріс», - деп екі алақанын үстелдің үстіне қойғандағы кескін-келбеті әлі көз алдымда. Ұстазым «Үмітіңді үзбе, ол үшін хабарыңды үзбе» деп қысқа қайырды. Ауылға тарттым, мұғалім болдым. Әскерге бармау үшін аудан орталығынан алыс совхоздың түпкірдегі бөлімшесінде сегізжылдық мектептің директоры болып жүргенімде үш жылдан соң қайта шақыртты. Балалы-шағалы болып үлгерген маған енді жол ашық еді. Нұрлан деген бір кемтарлау көршім болды, қалаға көшіп бара жатқанымда: «Блатыңның күші

К-700 тракторынан да артық екен» деді. Ал менің «блатым» – туған – туыс, тіпті жерлес те емес Зекең еді. Оны ол кезде кімге айтып жатасың, бәрібір түсінбейді. «Ұстаз күткен үміттің үдесінен шыға алдым ба» деген ой мені үнемі мазалаумен келе жатқаны да рас. Аға оқытушы болып жұмысқа орналастық, аспирантураға түсіп, ғылым кандидаты атандық, мақала жазып, кітап шығардық. Осының бәріне де Зекеңнің зерлі шекпенінің ұядай жылы ықпалын сезініп жүрдім. «Жаспын ғой әлі» деп тартыншақтанғанымға қарамастан өзі жетелеп апарып өтініш бергізіп, кафедра меңгерушілігіне сайлатты. Докторлық қорғау жолындағы тағдарымыз да ұқсас. Екеуміз де докторлықты екі рет қорғадық. Басқасын білмеймін, жетпіс-сексенінші жылдарда оқу бітіргендерден мен сияқтылар өз ортасында ғалым, студенттерге оқытушы болып жүрсе, Зекеңдей ағамыздың өлшеусіз қамқорлығының арқасында жетілдік. Шығыстың бір ғұламасы: «Ғылымда жақсы шәкірт тәрбиелеп және оның өзінен асқанын қызғанбаған адам ғана шын мәніндегі Ұстаз» деген екен. Зейнеткерлікке шықса да «қартайған түйе ботасына ереді» деп қойып, денсаулығы келгенше кафедрада жұмыс жасады. Иә, мен ғылым жолына осылай келген едім.

Ол кезде ғылыммен шұғылдануың үшін, жоғары оқу орнында жұмыс жасауың міндетті болып саналады. Задан ағай «Алматыға өзім ертіп апарып, кандидаттық диссертацияның тақырыбын бекітеміз. Академик З.Қабдоловтың еңбектерімен тереңірек таныса бер» деп жүрді. Алайда менің ғылым жолына басқан қадамымда алдағы тағдырымды мүлде басқа арнаға бұрған бір оқиға болды. Сондықтан осы кітаптағы мақалалардың ұлттық әдебиеттану ғылымының тарихы мәселелеріне арналған бір бағытта, бір тақырыптық мазмұнда болуына басты себепкер болған айтулы тұлға туралы жазбай кетсем,

қалған өмірімде өкініш өзегімді өртейтіні анық. Ол - менің ғылымдағы рухани әкем, ақылшы да қамқор ағам, ғылыми жетекшім филология ғылымдарының докторы, профессор Т.К.Кәкішұлы.

1984 жылдың күзінде профессор Т.Кәкішұлы бізге лекция оқуға келетін болды. Өзінің барлық қажыр-қайратымен ғылыми жаңалық ашқан Тұрсекең «Қазақ әдебиеті сыны тарихына» ЖОО-дарында жеке пән болып жүргізілу дәрежесін алып берген болатын. Бұл пәнді кафедра «сен оқыт» ден маған сеніп тапсырған соң, ғалымның «Сын сапары» (1972), «Оңаша отау» (1982) монографияларына сүйеніп, өз әлімше жүргізіп келе жатқанмын. Ағай осы пәннен дәріс оқыды. Алғашқы екі лекциясына қатысып, кең дариядай біліміне, қағазға қарамай оқитын әдістемелік шеберлігіне тәнті болдым. Келгеннен соң үшінші күні Тұрсекең сабақтарының арасында бір пар үзіліс болды. Менің де қолым бос еді, Задан ағай:

- Босқа отырмай, Тұрсекеңді бір жерден тамақтандырып кел, - деді. Оқу ғимаратынан шыға бере:

- «Қазақ әдебиеті сыны тарихын» сен жүргізіп жүрсің бе? – деп сұрады.

- Иә, сіздің зерттеулеріңіз бен жасаған бағдарламаңыз бойынша ие болып, өз әлімше оқытып жүрмін, - деп жауап бердім.

Әлі есімде, содан сын тарихының дәуірге бөлінуіне байланысты «осыны қалай деп оқытып жүрсің» деп сұрады. Бала кезден сүйекке сіңген «көженің қоюын қою, сұйығын сұйық» деп тік айтатын мінезден бе, әлде жастық па, әйтеуір, сын тарихын зерделеген білгір ғалымның зерттеулеріндегі өзім келісе қоймайтын тұстары туралы пікірімді ашық айттым. Қазір нақты есімде жоқ, сын тарихын дәуірге бөлуден басталған пікір қайшылығы басқа да мәселелеріне ауысты. Содан кафеге жеткенге

дейін, тамақ ішіп отырып та, қайтар жолда да дауластық та отырдық. Түрсекең ғылыми тұрғыда дәйектейді, мен жастыққа тән қызулықпен ұлттық мүдде тұрғысына тарта беремін. Кафедраға келген соң ағай өз дәрісіне, мен өз сабағыма кеттік. Сол кезде бір оқу тобының кураторы болатынмын. Сабақтан соң кураторлық сағат өткізіп жатқам, деканаттың хатшысы «сізді кафедраға шақырып жатыр» деп келді. «Ойпырым-ай, не бүдіріп қойдым, қызбалықпен айтқан пікіріме Түрсекең расымен ренжіп қалғаны ма?» деп іштей қауіптеніп кафедраға келсем, деканымыз Б.Байтанаев:

- Профессорды күттіріп қоятын сен кімсің, ей? - деп әзілдей қарсы алды. Жүрегім орнына түсіп, «кураторлық сағатым бар еді» деп ақталдым. Соңғы сабақтан соң болғандықтан кафедра мүшелері бәрі отыр. Үңіліп қағаз жазып отырған Түрсекең басын көтеріп:

- Ал, ағайындар, менің сендерден сұрайтын бір өтінішім бар. Қарсы бола қоймассындар деп, төрт көздерің түгел отырғанда айтқым келіп отыр, - деді.

- Ой, Түрсеке-ай, сіздің сұрауыңызды орындау бізге бақыт қой, - деп Задан ағай әзіл қыстырды.

- Олай болса, сендер мына Жандосты маған қиындар. Қарағандыдан тапқан олжам деп барайын. Көкейімді мазалап жүрген бір қиын тақырыпқа салатын ер бала іздеп жүр едім. Соны меңгеріп кететін адамды сендерден тапқан сияқтымын. Жаңа тамаққа бара жатқанда айтқан пікірлері көкейіме қонды. Алматыдағы менің кітаптарым туралы «керемет, ғаламат» деген мақтауларға қарағанда, мына балаларыңның менің саясатқа бұрып мүлт кеткен жерлерім туралы айтқан сын пікірі қатты ойлантып тастады. Міне, кандидаттық диссертациясын «Қазақ әдебиеттану ғылымының туу және қалыптасу жолдары» деген тақырыпта бекіттіріп, ғылыми жетекші болуға деген

келісімімді жазып та қойдым, - деп қолындағы қағазын маған ұсынды.

Басыма аяқ асты қона қалған шексіз бақыттан айран-асыр болып мен отырмын. «Т.Кәкішұлының жетекшілігімен ғылыми жұмыс жазамын-ау» деген ой төрт ұйықтасам түсіме кірмеген нәрсе. Бұл менің ғылым жолында тура «қырсық» мінезімнен тапқан тағы бір табысым еді. Әйтпесе, еліміз түгіл бүкіл одақ көлемінде аты мәшһүр атақты ғалымның зерттеулеріне сын айтатындай мен кімнің шікірәсі едім?! Ағайдың еңбектері туралы басқалар сияқты жалпақшешейлік мақтаулар айтуға ақылым жетпей қалған жоқ емес. Бірақ турасын айтуға үйренген сол қыңыр мінез маған Т.Кәкішұлының ғылымыи мектебінің шәкірті болуға жол ашты.

1986 жылы күзде ҚазМУ-ге аспирантураға түстім. Содан бері Түрсекеңнің шалқып жатқан кең дариядай ғылым-білімін, ақыл-парасатын жалықпастан сімірумен келемін. Әлі тойған жоқпын. Ең бастысы сол – Ұстазымның ғылымдағы қасқыр мінезін де бойыма сіңірдім. Өзімді қойып, С.Жұмағұлов, С.Такиров, Қ.Қалыбекова, Б.Рақымбаева, Ж.Жұмагелдин секілді шәкірттеріме де «емізіп» келемін. Аспирантураның соңғы жылында жоғарыдағы тақырып бойынша жазып, машинкаға бастырылған 300 бет жұмысымды «аямай сызғылыңыз» деп апарып бердім. «Бір жетіден соң хабарлас» деген соң телефон шалып едім, «ертең жексенбі ғой, үйге кел» деді. Келсем, Күбіра шешейдің қою шайын дайындатып күтіп отыр екен. Ұнатпаған жерінде «қағып» жіберетін мінезіне сыралғы болып қалғанмын, бағамдасам, ағай көңілді екен. Кабинетіне келген соң:

- Диссертациянды оқып шықтым, көп ізденіп, аянбай-ақ тер төккен екенсің, қуанып отырмын, - деп бастады да жатып кеп мақтады. Мақтағанды кім жек көрсін, атақты

ғалымның сөздері жүйкемді босатып, өз-өзімнен мейірлендім де қалдым.

- Бірақ менің саған бір ұсынысым бар. Жұмыс үш тарау ғой. Сен кандидаттық диссертацияны соның әдеби мұраның зерттелуі туралы алғашқы тарауынан қорға. Әлі уақытың бар, сәл ғана толықтырып жіберсең жетіп жатыр Қалған екі тарауларын докторлық диссертацияға сақтап қой. Қалай келісесің бе? – деді.

«300 беттен ең құрығанда 150 беті іске жарар, содан қорғасам болды» деп келген басым ағайдың мен күтпеген «жаңалығына» тіл қата алмай мелшидім де қалдым. Не дерімді білмей, жұмысымның жоспары басылған қағазға қарап қатыппын да қалыппын. Жағдайымды сезді ғой деймін, Күбірә апайым:

- Әй, Тұрсынбек, осы сен-ақ ылғи «кедейдің балаларын» жинап аласың да қиынға саласың да отырасың. Ана құрдастарың «байдың балаларына» кез келген тақырыпты қорғатып жатыр ғой. Жарап тұрса осыдан да қорғата берсейші, - деп араша түсті.

- Болмайды, кейін бұл тақырып кандидаттық жұмыс ретінде бір рет қорғалған деп ертең дау шығарады. Сөзді қой, аспирантураны бітіруіңе әлі екі жарым-ай бар, керек десең тағы бір айға созырып беремін, үлгересің. «Қазақтың әдеби мұраларын игеру проблемалары» (1920-30 жылдар) деген тақырыпта қорғайсың, - деп ағай кесімді сөзін айтты.

- Ағай, сәл ойланып келейінші, - деп шылымымды ерніме қыстырып сыртқа шықтым. Сүтпен кіріп, сүйегіме сіңген мінезіммен қырсығып қалсам ба екен деп те бір ойладым, алайда «генерал болсам демейтін солдат болмайды», Тұрсекеңнің ұсынысы көкейіме жағып барады. Қайта келген соң:

- Ағай, келістім. Мен сіздің шекпеніңіздің етегіңнен бір ұстағанмын, енді өлсем де айырылмаймын, - дедім.

- Міне, көрдің бе, мендегі «кедейдің балалары» аналардың «байдың балалары» сияқты қиыннан қорқатын жалтақ та жасық емес, - деп Тұрсекең Күбіра апайға шекесінен бір қарап алды да: жүр, ендеше, диссертацияның біткенін жуып тастайық, - деп ас үйге беттеді.

«Жазған құлда шаршау жоқ», факультет кеңесінде диссертация тақырыбын қайта өзгертіп бекіттіріп, 1990 жылдың қаңтарында кафедра мәжілісінің талқысынан өтіп, «ғылыми кеңесте қорғауға ұсынылсын» деген шешімін алып елге қайттым. Ол кезде қазақ тілінде диссертация жазатындардың соруы бес батпан. Жұмысты қазақша жазасың, қазақша қорғайсың, бірақ бекітуге Мәскеудегі ЖАК-қа жібересің. Ол үшін диссертация да, оған қажетті құжаттардың барлығы да тек орысша болуы керек. Отаршылдық жымысқы саясаттың ғылым саласындағы бір зорлығы осы болатын. Содан жұмысты ақы төлеп орысшаға аудартып жатқанымда қызыл империя құлады. Алдында ғана Алаш Арыстарының ғылыми және әдеби мұралары ақталған. Марксизм-ленинизм классиктері еңбектеріне сүйенген кеңестік әдебиеттанудың әдебиеттің таптығы, халықтығы, партиялығы секілді қағидаларына қарсы көзқараста диссертацияны қайта жазып шығуға тура келді. Өзім төрт баламен жатақхананың тар екі бөлмесінде тұрамын. Таңнан кешке дейін жұмыста жүресің, түнімен отырамын, қатты қиналғаным рас. 1993 жылы қорғап, өзімізде ашылған ЖАК-тың бекітуін алдым.

Сол жылы кафедрадағы кейбір жағдайға байланысты, Задан ағай мен Мұрат Кәрменұлы ағай зорлап отырып кафедра меңгерушілігіне сайлатты. Одан екі жылдан соң декеннің оқу ісі жөніндегі орынбасары болып жоғарыладым. Осыны білген Тұрсекең:

- Деканаттың қағазбасты жұмысын қайтейін деп едің. Енді ғылым айдалада қалады. Тез арада құтыл, - деп реніш

білдірді. Сол баяғы «Қазақ әдебиеттану ғылымының туу және қалыптасу жолдары» дегенді докторлық диссертация тақырыбы ретінде бекітіп қойғанмын. Содан бір реті келгенде аға ғылыми қызметкерлікке шығып алдым да, докторлық жазуға біржола ден қойдым. Бұрынғы екі тараудан қалған негіз бар, онша қинала қоймадым. 1999 жылы Алматыдан «Қазақ университеті» баспасынан «Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихы» атты монографиям жарық көрді. Кітап қолыма тиісімен қуанышым қойныма сыймай, ұстазыма алып бардым.

Сіз кеме болсаңыз, мен қалтылдаған қайық шығармын,  
Сіз шыңырау болсаңыз, мен жай ғана ойық шығармын.  
Осы кітабымда Сіз күткенді айта алмаған болсам,  
Онда ғылымнан біржола «тайып» тұрармын,  
- деген қолтаңбамды жазып апардым.

2001 жылы докторлықты қорғауға шықтым, сәті болмай бекітілмеді. Оны жазып жатсам, таусылмас бір тарих, нақты себебін ғылыми орта жақсы біледі. Ұлт мүддесін бәрінен жоғары қоя білетін ғалым А.Ісімақова «Алаш әдебиеттануы» (2009) атты іргелі зерттеу еңбегін жазды. Онда: ...Біз болсақ, өзіміздің кеңестік білімімізбен ғылымға баяғы шектеулі көзқараспен қарауадыз. Осыдан он жыл бұрын қорғалған Ж.Смағұлдың «Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихы» атты докторлық диссертациясын құлатуға бар күшін салған бір ғалым ағамыздың әрекеттері еске түседі. Оның ойынша ғылым міндетті түрде үйреншікті кеңестік қалыппен жүруі тиіс. «Қолында билігі бар жеке адам ғылымға қиянат жасай алады» дегеннің осылай іске асуына куә болдық. 10 жыл бұрын қазақ әдебиеттану ғылымына төңкеріс жасаған Ж.Смағұлдың бұл еңбегін бүгін ғылыми қауым үн-түнсіз пайдаланып келеді» деген жүрекжарды пікірінде ащы ақиқатты айтты. [15-бет]. Т.Кәкішұлының ұлттық масштабтағы мәні бар бастамасына кесе көлденең

тұрушылар шәкіртінің ғана емес, ғалымның ғылыми мектебінің дамуына тұсау салды. Соның кесірінен қазақ әдебиеттануының библиографиясы, текстологиясы, тарихнамасы (историография) және әдіснамалық мәселелері секілді салаларының қалыптасу тарихын зерттеу жұмыстары он жылға кешеуілдеп қалғанын ашық айту керек. Мәселе кімнің ұтып, кімнің ұтылғанында емес. Бұл - қазақ әдебиеттануы бастан кешкен оқиға. 1959 жылғы «Әдеби мұра және оны зерттеу» атты конференцияда өз концепциясын М.Әуезовтің беделімен өткізген Қ.Жұмалиев профессор Б.Кенжебаевтың қазақ әдебиеті тарихын ежелгі дәуірден бастап дәуірлеу мен зерттеу идеясын тура 10 жылға шегергенін айтсақ та жеткілікті.

Ғылымда тура жүруді қалайтын «қырсығым» ұстап 2005 жылға дейін жүрдім де, осы жылы «Ұлттық әдебиеттану әлемі» атты монографиямды шығарып, тағы бір талпынып көрдім. Одан соң тағы «қырсығым» ұстады да тек 2009 жылы қорғап шықтым. Профессор Т.Кәкішевтің: «Өнегенің үлгісін көріп тұрып, содан үйренбеуіміз, шыр айналып совет әдебиетінің шындығынан кандидаттық, докторлық диссертация қорғап, атақ алуымыз, 1917 жылға дейінгі былай қойғанда, соғыстан әріге бара алмайтын ғылыми мүсәпірлікті, «социалистік реализм туы астында» деген ұранмен шапқылай беруіміз қазақ әдебиеттану ғылымының сорына шыққанын енді ашық айтайық» деген тұжырымын шәкірті ретінде дәлелдегім келді. Сол кезде ғылыми жетекшілігіммен диссертация жазып жүрген бір шәкіртімді өзім басқа ғалымның жетекшілігіне теліп қорғаттырдым. Ал енді біреуі өзі теріс айналды. Өкініштісі ол емес. Қазірде магистратура мен докторантурада «Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихы», «Қазақ әдебиеттану ғылымының өзекті мәселелері» атты пәндер ғана

жүргізіледі. Шіркін-ай, «Қазақ библиографиясының тарихы», «Ұлттық әдебиеттанудағы текстология мәселелері», «Қазақ әдебиеттануының әдіснамалық мәселелері» атты пәндер жүргізіліп жатса, ол Т.Кәкішев пен Ж.Смағұловқа ғана керек пе екен!? Әдебиеттануының пәндері мен салаларын жүйелі түрде кешенді оқытуға қол жеткізе алған ұлттық ғылымға қандай мерей болар еді.

Уа, менің әдебиеттану аталатын ғылымның ешқандай ұстанымдары мен қағидаларына бағынбайтын оқырман атты Ұлы Сыншым! Әзірге бар айтарым осы. «Ғылымда өзінен кейінгі ұрпақтың қандай үкім шығаратынын ойламаған адам қауіпті» деген бір қанатты сөз бар екен. Оны кім біледі.... . Келешек ұрпақ сын таразысына тартқан кезде, талқандалып қалмасақ болды.

# ҰЛЫЛАРДАН ҰЛАҒАТ



## АБАЙ МҰРАСЫНЫҢ АЛҒАШҚЫ ЗЕРТТЕЛУІ

Қазақ әдебиеттану ғылымында жеке дарын туралы ғылыми-зерттеушілік сипаттағы ой-пікірдің бір жүйеге түсіп нақтылана бастағанын көрсететін зерттеу Кәкітай Ысқақовтың 1909 жылы Петербург қаласында бастырған «Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұлының өлеңдері» жинағына жазған «Абай (Ибраһим) Құнанбайұлының өмірі» атты мақаласы саналып келген. Рас бұдан бұрын алғашқы қазақ газеттері мен Мүрсейіт қолжазбалары арқылы халық арасына тарап жүрген Абайдың ақындық даңқының одан сайын көтеріле түсуіне жинақ пен мақаланың маңызы зор болды. Ол біріншіден, Абайдың өмірбаяны, ата-тегі, әлеуметтік ортасы туралы біршама толық мағлұмат берсе, екіншіден ұлы ақын поэзиясының сыншыл реалистік бағыттағы ағартушылық және жаңашылдық сипатымен таныстыра отырып, ХХ ғасыр басындағы қазақ поэзиясының жас өкілдеріне Абай өнерін үлгі етті.

К.Ысқақов жазған деп есептеліп келген ғұмырнамалық осы мақала Абай мұрасын зерттеушілер тарапынан өз бағасын алды. Ғ.Сағди, Б.Күлеев, Ә.Қоңыратбаев, М.Әуезов, С.Мұқанов, Қ.Жұмалиев, Т.Кәкішев, М.Мырзахметов т.б. зерттеу мақалалары мен ғылыми еңбектерінде қазақ әдебиеттану ғылымында абайтану ілімінің алғашқы бастауы саналып, К.Ысқақов ұлы ақын өлеңдерінің жинағын тұңғыш құрастырушысы ғана емес, ең бірінші болып ғылыми пікір айтушы ретінде де қарастырылған. «Абайдың ғылыми өмірбаянын жазуда М.Әуезов сүйенер жазба дерегі тек қана К.Ысқақов жазған Абайдың қысқаша өмірбаяны жайлы дерек қана болатынды» деп атап айтылғандай, кейінен М.Әуезовтің

Абайдың ғұмырнамасын ғылыми тұрғыда зерттеуіне табан тірер негізгі нұсқа болуының өзі мақаланың ғылыми-зерттеушілік сипатын ашып тұр деп бағаланды.

Тарихи шындыққа көз жіберсек, Абайды тану, ұлы ақын мұрасын ғылыми тұрғыда зерттеу жолындағы алғашқы қадам сәл ертерек басталған еді. «Дала уалаяты» газетін жарияланған М.Ж.Көпеевтің Абай өлеңдері туралы сыншылдық пікірін есептемеген күннің өзінде, ақын өмірі мен творчествосына арналған алғашқы зерттеу орыс тілінде шықты. Ол қазақ зиялыларының көрнекті өкілдерінің бірі Әлихан Бөкейхановтың 1905 жылы «Семипалатинский листок» газетіне жарияланған «Абай Құнанбаев (некролог)» деген және орыс Географиялық қоғамының Батыс-Сібірлік бөлімінің «Записки Семипалатинского подотдела» деп басталатын жинағына 1907 жылы шыққан «Абай Құнанбаев» атты мақалалары болды. Екінші мақала 1905 жылғы жарияланымның тереңдетілген нұсқасы дәрежесінде еді.

Профессор Т.Кәкішев «Сын сапары» монографиясында Абай даңқын тек Қазақстанда ғана емес, А.Алекторов, А.Н.Седельников, Ә.Бөкейханов т.б. мақалалары арқылы орыстың әдебиет сүйер қауымына таныс болғаны, Д.Кенанның кітабы арқылы Европа жұртшылығына танылғаны туралы көптеген қызықты деректер келтіреді. Осылардың ішінде Ә.Бөкейхановтың мақалаларын К.Ысқақов мақаласына тікелей қатысы бар екенін дәлелдей келіп, орысша аудармасы деп табады. Бұл - бүгінде дау туғызатын пікір.

Бұрындары «ұлтшыл-алашшыл» атанып, қателіктеріне байланысты бір жақты пікір айтылып келген қазақ зиялыларының қазақ әдебиеті мен мәдениетін өркендету жолындағы еңбектеріне әділ де анық, оңын –оң, терісін-теріс деген объективті баға беру қолға алынды.

Қазақ зиялыларының еңбегін әділ бағалау тұрғысынан келсек Абайдың 1909 жылғы жинағының шығуына Ә.Бөкейхановтың сіңірген қызметі аз болмаған. Мақалада Ә.Бөкейханов Тұрағұл мен Кәкітайдың Абай шығармаларын бастыруды қолға алмақшы екенін, өзінің осы іске басшылық жасамақ ниеті бар екенін атап көрсете келіп, ақынның өмірбаяндық деректерін К.Ысқақовтан алғанын ескерте кетеді. Жалпы Абай жинағының баспа жүзін көруіне, оның материалдық жағын көтеруде, ақын өмірінен көптеген деректер беруде К.Ысқақовтың еңбегі орасан зор болғаны даусыз. Бірақ мақаланың Абай жинағынан бұрын шыққанын ескеретін болсақ, оның ұлы ақын мұрасы жайында ғылыми-зерттеушілік сипаттағы тұңғыш еңбек болып шығуына Ә.Бөкейханов көп тер төккен. Әсіресе, Абай поэзиясының мәнін ашуда нақты пікір білдірген, өлеңдеріне талдау жасаған бөлімдерін қарай отырып, оны Ә.Бөкейхановтың жазбағанын дәлелдеу қиын. Себебі К.Ысқақовтың сол кездегі қазақ баспасөзінің бетінде Абай жинағы шыққанға дейін немесе кейін ешқандай әдеби, сыншылдық мақалаларын кездестірмейтінімізді ескеретін болсақ, осы мақаладағыдай шын мәніндегі ғылыми талдаулар жасау үшін біршама білімділік пен тәжірибе қажет. Ә.Бөкейханов өз еңбегінде қосымша пікір ретінде Абайдың ақындық тұлғасын танытатын екі түрлі мәселеге ерекше көңіл аударған Біріншіден Абайдың дін иелері туралы айтқан өлеңдеріне түсіндірме жасай келіп, ақынның ағартушылық, жаңашылдық идеясын ашып берсе, екіншіден Абайдың табиғат лирикасы, әсіресе жыл мезгілдеріне байланысты туған өлеңдері қазақ поэзиясында үлкен жаңалық болып саналатынын көрсете отырып, табиғатты жырлау Европа ақындарында ерекше орын алатынымен тығыз байланыста қарайды. Абай творчествосының ағартушылық және новаторлық сипатын көрсету мақсатында айтылған бұл

пікірлердің абайтану ілімінде алғаш айтылғанын былай қойғанның өзінде, ұлы ақынның өмірі мен өнерін, сол арқылы қазақ поэзиясының кескін- келбетін орыстың әдебиет сүйер қауымына таныстырудағы ролінің өзі зор. Профессор Т.Кәкішев айтқандай: «Күні бүгінге дейін «Запискідә» жарияланған мақаланың маңынан жүрмейміз, тіпті М.Әуезовтің өзі де осы мақаланы атаусыз қалдыруға мәжбүр болған. Салыстыра зерттесе, көп сыр ашылары анық».

Қазақ әдебиеттану ғылымында К.Ысқақов жазған Абай өмірбаянының мақаласы деп қана аталып жүргенімен түпнұсқасын Ә.Бөкейханов жазған осы мақаланы егер сол дәуірдегі қазақ еліндегі қоғамдық ой-сана мен ғылыми-сыншылдық, ой-пікір дәрежесінде қарайтын болсақ, бұл еңбек – шын мәніндегі ғылыми зерттеу. Қазақ әдебиеті тарихында ерекше аталатын көрнекті дарын иелері туралы төңкеріске дейінгі қазақ баспасөзінде жарияланған ғұмырнамалық сипаттағы мақалалармен салыстырсақ Ә.Бөкейхановтың еңбегінің салмағы арта түсері сөзсіз. Бұл тұрғыдан алғанда мақала көтерген жаңашыл ғылыми сыншылдық ой- пікірге көңіл аудару қажет. Ол үшін мақала туралы нақты ғылыми пікірлер айтқан әдебиетші ғалымдарды қайталамай, Абайдың өнерпаздық тұлғасын таныту мақсатында ғылыми- зерттеушілік сипатта сөз еткен негізгі проблемалық мәселелерді қысқаша атап өтсек те болады.

1. Ұлы ақын Абайдың ата-тегі мен өмірбаянын естелік деректер келтіре отырып, тұңғыш рет жазып шықты.

2. Қазақтың халық ауыз әдебиетінің XVIII—XIX ғасыр басындағы қазақ поэзиясы мен шығыс ақындарының, әсіресе озық үлгідегі орыс әдебиеті өкілдерінің, Абайдың өнерпаздық тұлғасының қалыптасуына тигізген игі әсерін, өнерге деген

эстетикалық көзқарасын қалыптастырудағы ықпалының мәнін ашуға ұмтылды.

3. Абай поэзиясының құдіретін таныту, ақындық әлемін жан-жақты көрсету мақсатында К.Ысқақов екеуі жинақтағы өлеңдерді 17 түрлі тақырыпқа бөліп, жүйелей отырып құрастырады. Академик М.Әуезов: «Жинақтағы жасалған жіктеулер дәл, дәлді емес» деп атап өткендей онша сәтті шықпаса да осы жинаққа дейінгі қазақ кітаптарында бұл сипаттағы тақырыпқа бөліп құрастырудың кездеспейтініне көңіл аударсақ, жинақтың жаңашылдығы көріне түседі. Себебі бұл профессор Т.Кәкішев айтқандай «Ақын шығармаларын, оның үстіне тұңғыш рет жарық көрейін деп тұрған Абай жинағын белгілі бір жүйемен топқа бөлу әншейін іс емес, творчестволық процесс...».

4. Автор Абай өлеңдерінің қазақ поэзиясындағы жаңашылдық келбетін танытуда ойлылығы мен әсемдігін ашу үшін ғылыми- теориялық сипаттағы талдаулар жасап, нақты пікірлер айта білген. «Жасымда ғылым бар деп ескермедім», «Бұрынғы ескі биді тұрсам барлап», т.б. өлеңдерін тақырыптық және идеялық мағынасы жағынан жасаған талдаулары көңіл аударарлық. Абай өлеңдерінің құрылысы мен көркемдігі туралы терең талдау жасамаса да Абайдың қазақ өлеңіне жаңа түрлер қосқан жаңашылдығын үнемі атап өтіп отырады. Осы мақаладағы өлеңдерге жасалған ғылыми- теориялық талдаулар қазақ әдебиеттану ғылымында тек Абай өлеңіне ғана емес, қазақ поэзиясына жасалған алғашқы талдаулардың бірі екенін ескермеске болмайды.

5. Абайдың өлеңді өнер деп түсінуі және өзінің айналасына ұстаздық, ақындық үлгісі туралы да біршама дұрыс ой қорытады. «Абай өзі өлеңнің өнер екенін біліп, жаза бастағаннан–ақ бұрынғы надандық пен өлеңді өнер орнына жұмсамай, ғибрат үшін айтпай тіршілік орнына

айтқандықтан да өлеңнің қазақ ортасына бағасы кемігендігін айтып», өзі олардың айтқанынан басқаша жолмен жүруге шақырғанын, өз төңірегіндегі жастарға да осы жолмен жүруге ықпал еткеніне ерекше көңіл аударады.

Міне, әдеби-теориялық, сыншылдық ой-пікірдің күрделене түсіп нақты арнаға, яғни, әдебиет тарихындағы ерекше тұлғаларға байланысты айтыла бастауында осындай келелі мәселелерді сөз етуі Ә.Бөкейханов мақаласының мәнін көтере түсері анық. Сол себептен де авторды Абай өмірбаянын тұңғыш рет жазушы ғана емес, алғаш зерттеп ғылыми пікір айтушылардың бірі деп қарау қажет.

Қазақ әдебиеттану ғылымында қазақ әдебиетінің тарихын тексеріп, зерттеуде, классикалық мұраны игеріп таныстыруда ең алғашқы болып қалам тартқан, абайтану деп аталатын үлкен жолдың соқпағын салған тұңғыш зерттеуші деп санау керек.

Қорыта келгенде, Ә.Бөкейхановтың басты мақсаты тек Абай шығармаларының жинағын шығару ғана емес, өмірі мен творчествосы туралы осы мақаланы жазу арқылы ұлы ақынның дүниетанымы мен ақындық өнерін ғылыми тұрғыдан таныту, тереңірек ашып көрсетумен қатар өнер қуған, өлең қуған жастарға үлгі-өнеге алуға да ұсынған шақыру. Егер де Абай өлеңдері М.Әуезов айтқан үш жолмен: «Бірінші жолы- баспа арқылы; екіншісі – халық арасында ауызша жатталып, әнмен аралас таралуы; үшіншісі – қолжазба түрінде әр көлемді жинақтар боп көшіріліп тараған» болса, Абай поэзиясының новаторлық сипаты мен ағартушы- демократтық бағыттағы прогрессивтік жолының тек өз айналасына ғана емес, оң – солын енді танып келе жатқан қазақ интеллигенциясына, әдебиет саласындағы жастарға тигізген ықпалы зор болғаны даусыз. С.Торайғыров «Айқап» журналындағы

«Қазақ тіліндегі өлең кітаптар жайынан», «Өлеңмен айтушылар» атты сын мақалаларында Абай поэзиясының үлгі- өнеге аларлық мәнін ерекше атай отырып, «Зарқұм», «Сал-сал» сияқты хикаялармен «Ақырет», «Әдебиет өрнегі» секілді жинақтарды сынап, қазақ поэзиясының алға басуда ұстайтын бағыты - Абай жолы, Абай өнегесі екенін баса айтуының сыры осында жатыр. «Біз енді бас қатырғыш дін тақылеттерінен арылып, Европа мәдениетіне суарылған жаңа өнерлі тілді жасайық, ол өнерлі тілдің үлгісін бізге Абай берді, Абайдан үйренейік, онан соң сынаптай таза, күмістей кіршіксіз қазақтың ауыз әдебиетінен, бұрынғы сөз тапқыр шешен сөздерден үйренейік» - деген нақты пікірінен ХХ ғасыр басында қазақ оқығандары арасында Абай даңқының жоғары болғанын байқаймыз. Абайдың қазақ поэзиясына игі әсерін кейін А.Сегізбаев «Абайдан бұрынғы ақындар мен Абайдан соңғы ақындарды салыстырсақ, Абайдан соңғы ақындардың сөздері тіпті басқа түрге кірген. Оған себеп Абай кейінгі ақындарға жөн сілтеп, бетін түзеген» деп жазады.

Осы уақытқа дейінгі «ұлтшыл-алашордашылар» атанған қазақ зиялыларының төңкеріске дейін жазған мақалалары қазақ әдебиеттану ғылымында аталмай, егер аталса теріс көзқараста түсіндіріліп келді. Бұл еңбектердегі жеке ақын- жыраулар туралы айтылған, әрбір пікір мен әр автордың өзіндік ой- көзқарасын әдебиеттану ғылымы мен сынының өсу дәрежесін көрсетіп қана қоймай, әдебиет теориялық және ғылыми-сыншылдық ой-пікірдің әдебиет тарихына байланысты айтыла бастағанын байқатады. Ә.Бөкейхановтың жоғарыда аталған мақаласы мен А.Байтұрсынов пен М.Дулатовтың Абай творчествосына байланысты шыққан мақалалары осының айғағы. Абай өмірбаянына байланысты деректер К.Ысқақов берген нұсқадан туындап жатса да әр автор ақын поэзиясына,

оның жаңашылдығы мен ағартушы- реалистік сипатын танытуға. өз пікірін, өз ойын білдіруге ұмтылған. Сол кездегі қазақ интеллигенциясының көрнекті өкілдерінің Абай творчествосын танытуға, насихаттауға қалам тартудағы басты мақсаты ақынның өнерпаздық тұлғасын барынша ашу, өнер қуған жастарға Абай жолын нұсқау, Абайдан үйренуге шақырумен қатар жазба әдебиетінің негізін салушы ретінде әдебиет тарихындағы орнын белгілеу де болған секілді. Себебі әр түрлі жинақтарға кірген ақын-жыраулар мен жеке жинақтары шыққан Дулат пен Шортанбай творчествосынан гөрі Абайға ерекше көңіл аударулары ағартушы-демократтық идеяның барынша өріс алып бара жатқанынан болса керек.

Ұлы ақынның классикалық мұрасы жайында өз пікірі мен бағасын айтуға талпынған А.Байтұрсыновтың 1913 жылы «Қазақ» газетінде жарияланған «Қазақтың бас ақыны» атты мақаласының ғылыми зерттеу ретіндегі маңызы ерекше. Автордың айтуына қарағанда, Абай өлеңдерімен 1903 жылы Мүрсейіт қолжазбасы арқылы танысқан. Абайдың ұлылығы мен кемеңгерлігі «Қазақтың бас ақыны – Абай Құнанбаев. Онан асқан бұрынғы-соңғы заманда біз білетін ақын болған жоқ» деп бағалана келе, тарихи миссиясы, рухани болмысымыздағы орны, көркемдік-эстетикалық сипаттары дұрыс көрсетіліп, терең талданып, алғаш рет қазақ оқырмандарының алдына тартылды. Мақала Абай поэзиясы табиғатының қыр-сырын түгел ашып бермегенмен бүгінгі таңда Абайтану аталатын ғылымында сала-сала болып зерттелген басты ерекшеліктерін тап басып танып, нақты пікір білдірген. Біріншіден, Абай өлеңдерінің жаңаша леппен, өзгеше өрнекпен құрылғанына назар аударып, реалистік және жаңашылдық сипатының ерекшелігін айрықша атайды. «Абай» сөзі заманындағы ақындардың сөзінен оқшау, олардың сөзінен үздік, артық. Сөзі аз, мағынасы көп,

терең. Не нәрсе жайынан жазса да Абай түбірін, тамырын, ішкі сырын, қасиетін қармай жазады » деген баға алғаш айтылуымен ғана емес, ғылыми-зерттеушілік тұрғыдан нақты айтылуымен де құнды. А.Байтұрсынов «Іші алтын, сырты күміс сөз жақсысын» ұғу үшін «Сөз түзелді, халқым-ау, сенде түзел» деп Абайдың өзі айтқандай түзеліп, түсініп, үлгі ала отырып, оқу қажеттігіне ерекше тоқталады. Алғаш оқыған адамға Абай өлеңдерінің ауырлау соғатын себебі ақынның кінәсі емес «оқушылардың түсінерлік дәрежеге жете алмағанынан болатын кемшілік» деп көрсетеді. Ұлы ақынның дүниетанымдық және эстетикалық көзқарасының қалыптасуына орыс әдебиетінен алған танымы мен тәлімін сөз етеді. Мақаланың ғылыми-зерттеу еңбек ретіндегі мәнін танытатын құнды жері Абай поэзиясының поэтикасын тереңдеп қарастырған тұсы тіл білімі ғылымында алғашқы қазақ тілі оқулықтарын жазған, кейін әдебиет теориясының мәселелерінен «Әдебиет танытқыш» атты еңбек жариялаған. А.Байтұрсыновтың білімді әдебиетші ретінде қазақ өлеңінің құрлысы мен жүйесіне жетік екенін байқатады. «Ғылымды жұртта өлең жазу, сөз жазу нағыз қадірлі істің бірі екенін» орыс әдебиетінің әсері арқылы ұққан Абайдың өнерпаздық тұрғысының қалыптасуы өлеңді өнер деп бет бұрған кезеңнен басталғанын дәлелді түсіндіреді.

«Орыс ақындарымен танысып, өлең орны қайда екенін білгеннен кейін Абай өлеңге басқа көзбен қарап, басқа құрмет, ықыласпен күтіп алып, төр түгіл, тақтан орын берген». Абайдың өлеңдерін «Қандай үлгілі, қандай мағыналы, қандай асыл, қандай терең сөздер» деп бағалай отыра, «Өлең сөздің патшасы, сөз сарасы» аталатын өлеңін тұтас келтіріп, ақынның поэзияға, сөз өнеріне деген көзқарасын, талғамын, өлеңге өнер туындысы ретінде қоятын талабын танытады. Абай поэтикасындағы ой

шеберлігі, жаңа үлгі, өзгеше өрнек (яғни мазмұн, түр, ырғақ (Ж.С.) пен бунағы туралы ой-тұжырымдары назар аударарлық. Себебі, бұл пікірлерінде Абай өлеңдеріне теориялық тұрғыдан ғылыми талдау жасау ниетімен қоса, ақынның новаторлығын таныту мақсаты да жатыр.

Қорыта келгенде, Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, кейінірек шыққан М. Дулатовтың («Қазақ» 1914, № 67) мақалаларының басты мақсаты А. Құнанбаевтың өмірі мен творчествосын таныту, өнерпаздық тұлғасын бағалау, ағартушы-демократтық ойларын насихаттау болды. Қазақ баспасөзі бетіндегі, басқа сыншылардың мақалаларымен салыстырғанда бұлар ғұмырнамалық негіздегі ғылыми-зерттеушілік сипаты нақты көрінетін еңбектер. Сол себептен де қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі, жазба әдебиетпен сыншылдық реализмі дәстүрінің негізін салушы А. Құнанбаевтың творчествосын ғылыми тұрғыдан бағалауда, қазақ әдебиеті мен мәдениетіндегі орнын белгілеуде алғашқы қадам деп қарасақ, қазақ әдебиеттану ғылымында классикалық мұраны зерттеудің бастауы мен үлкен жолға апаратын алғашқы соқпағы Қазан төңкерісіне дейін-ақ көріне бастады деген тұжырымға келеміз. Бұл пікіріміз дәлелді болу үшін классикалық мұраға тікелей қатысы бар мәдени шараларды атап өтсек те болады. Орыс географиялық қоғамының Батыс Сібір бөлімінің Семей бөлімшесі 1914 жылы 14 январьда Семейдегі халық үйінде Абайдың қайтыс болуының 10 жылдығына орай үлкен әдебиет кешін өткізді. Қазақ интеллигенциясының көрнекті өкілдерінің бірі Нәзипа Құлжанова орыс тілінде Абайдың ақындығы туралы баяндама жасап, сөз арасында өлеңдерінен үзінді келтіріп отырды. Соңынан ұлы ақынның өлеңдері оқылып, әндерінен концерт беріледі.

1920 жылдары пролеткультшылдық нигилизм мен тұрпайы социологизм теорияларының ықпалында Абайды мойындамаған, оны «үстем тап ақыны, либерал-буржуазия

ақыны» деген солақай сыншылдықты еске алатын болсақ, қазақ зиялыларының жоғарыдағы еңбектері Абайды танудың алғашқы асулары абайтану ғылымының бастаулары саналуы керек.

1992 ж.

Репозиторий Қарғу

## СӨЗ МӘЙЕГІН ТАМЫЗҒАН МӘШҮР ЖҮСІП

Адамды құдай жаратқанымен, талқыға тағдыр салады. Халқымызда: «Адамның ойлағаны болмайды, тағдырдың жазғаны болады», «Жазмыштан озымыш жоқ» деген даналық ойлары осының дәлелі. Сол тағдыр еншісінде адамдық ғұмыр және пенделік ғұмыр бар. Адамдық ғұмыр кешетін аз ғана топты пенделік ғұмыр кешетін қарғалар қашан да болсын тығырыққа тіреп келген. Бұған адамзат баласының басынан өтетін зар-замандар куә. Адамның жақсы өмір сүруі үшін қоғамы жақсы болуы керек. Ал егер қоғамда «қалың қарға» қарқылдап тұрса, ол қайдан жақсы болмақ?

Ықылым замандардан бері күн тәртібінен түспей келе жатқан күрделі мәселе – адамға жақсы жағдай жасау, яғни адам өмірін мазмұнды, мәнді өткізу. Осы мәселенің ұшығын табам деп, талай ойшыл ойға батты, талай жазушы құлаш-құлаш роман жазды, талай жыршы жыр төкті, талай ақын адуынды өлеңдерін арнады, талай суретші төгілдіріп полотно салды, талай күйшілер күймен сарнады. Соның бәрі табиғат анамыздың Уақыт деген елгезек ұлының шығарып салуымен белгісіз бір жаққа аттанып жатты...

Адамдық ғұмыр кешкен сол аяулы жандардың арттарында баға жетпес мол мұралары қалды. Әдетте, біз адамның дамуына қоғамдық құрылыс әсер етеді дейміз. Ендеше, сол қоғамды өзгертетін адамның рухани әлемі. Ал рухани қазынаны байытатын да толықтыратын да - өнер. Өнер – құбылыс, жаратылыс, күдірет. Осы күдіреттен қазақ халқы да еш кенде қалмаған. Өнер айдынында өзінің болмыс – мәнін, ұлттық ерекшелігін, табиғи дарынын аша түскен. Ежелден табиғаттың таңғажайып, тылсым сырларын көкірегіне түйіп. Дала философиясын, дала

мәдениетін сана-сезіміне сіңіре білген дана халық өзінің біртуар, өнер дарыған ұл- қыздарын дүниеге әкелген.

Ғасырлар безбендеген сол бір жарық жұлдыздар бұл күнде аңызға айнала бастағандай.

Аңыз – тарих, тарих – аңыз. Осындай аты аңызға айналған аяулы азаматтардың бірі – ақын Мәшһүр Жүсіп Көпеев.

Ғұлама ақынның қаламынан пыр етіп ұшқан туындылар тізбегіне көз салатын болсаң, оның ойшылдығын, болашақты болжағыш көрегендігін аңғарамыз.

Жүйріктің сөз сөйлейтін келді кезі,  
Ойласам дөп-дөңгелек дүние жүзі.

«Дөп- дөңгелек дүние жүзі» деп айтуының өзінде бір терең сыр жатқан сияқты. Бұл жер шарының дөңгелек шар тәрізді айналып тұрғанын білдірумен қоса, тағы бір жайтты аңғартады. Жер шарын үлкен алып қол айналдырып тұрады. Осы айналдыру барысында ішіндегі адам бір- біріне соғылысып, опыр- топыры шығып жатады... Еркіннен тыс болатын құбалыстарға еш шара жоқ дегенде меңзейді.

Бір жарық түн басына таң атады,  
Мейлің Ай, мейілің Күн бол бір батады.  
Дарияның толқынындай дүние жүзі,  
Толқында тауып тыныштық кім жатады ?  
Жан біткен әуре боп жүр салын байлап,  
Кім беріп тұр кеме мен қайық сайлап ?  
Аман – есен мың саннан біреу өтіп,  
Салы суға кеткендер соры қайнап.

«Өмір - күрес» дейді білгіштер. Ал мына өлеңді оқыған адамның көңіліне түйетіні: өмір – жанталас, өмір сүру деген – шыбын жанды шүберекке түйіп, бес елі бейнетті бастан кешу екені даусыз. Шындығында солай емес пе? Қорқыт бабамыз, Асанқайғы аталарымыздан

бастап күні кешегі Мұқағали ағамызға дейінгі аралықтағы талай ақындарымыз мынау жалған өмірден түңіліп, қайғы-қасірет шегіп өткен ғой. Бұған не себеп дейтін болсақ, ол ақындардың әділдігі, туралығы өзіне сор тиетіндігі. Қайран қызыл тіл қай кезде ақындарға опа берген ?!

Мәшһүр Жүсіп те өз тілінен талай таяқ жеген. Оған мына жолдар куә:

Сөйлеуден тыйылмаған қызыл тілім  
Өттің бе зарланумен, қайран күнім ?!  
Түлкінің қызылдығы өзіне сор,  
Болғандай болдың маған өнер – білім.  
Айналдым бұлт болып биік тауға,  
Іліндім шортан болып жібек ауға.  
Тілі жоқ көп мылқаулар тыныш жатыр,  
Қызыл тіл, сен басымды салдың дауға.

Елім деп еңіреген ақынның ашына айтқан үні. Осы орайда ұлы Абайдың «ойлыға түк қызық жоқ», Мағжанның «сұм тағдыр абақты ғой саналыға» деген өлең жолдары ойымызға оралады. Міне, бұл ақындар өлеңіндегі үндестік.

Ақынның өмір сүрген тұсы XIX ғасырдың II жартысы мен XX ғасырдың I жартысы. Екі ғасырдың куәсі болған тарлан таланттың мол мұрасы өз заманындағы қай мәселеге болсын бей- жай қала алмағанын аңғартады. Сол кезде қазақ елінде болып жатқан түрлі қайшылықтар ақын қаламынан тыс қалмаған.

1907 жылы Қазан қаласында ақынның үш кітабы бірдей жарық көрген. «Хал-ахуал», «Тірлікте көп жасағандықтан көрген бір тамашамыз», «Сарыарқаның кімдікі екендігі». Байқап отырсақ, бұл кітаптардың атауларының өзінде үлкен тарихи мән жатыр.

Кітапта айтылатын бар мәселені жинақтап, түйіп бір атаудың қаузына сыйғызу-керемет шеберлік. Осы үш кітаптың үш тақырыбында түсінген адамға талай сыр

замандағы халқымыздың хал-жайы, тұрмыс-тіршілігі. «Тірлікте көп жасағандықтан көрген бір тамашамыз»-бұл ақының рахат өмір сүріп, қызыққа белшемізден баттық дегені емес, керісінше, «естімеген елде көп» немесе «тірі жүрсең талайын көресің» дегенді астарлап беруі. «Сарыарқаның кімдікі екендігі» - патша үкіметінің отарлау саясатына ашықтан-ашық қарсы шыққан күрескер ақын:

Адасып осы күнде қазақ қалды,

Бұрынғы ата-баба рәсімінен.

Жылқыға керек жерге егін салып,

Жер жыртып, мұжық қалмас кәсібінен.

Жайлауы баратұғын тарылған соң,

Айрылды мал да, жан да несібінен...

Зынданда не шаһбаздар наһақ жатыр,

Ұлықтың қылған зорлық кесімінен, - деп сол

алмағайып заманның өзінде де батыл айта білген. Тағы да бір өлең жолдарында былай дейді:

Меншіктеп мекеніңді крестьян,

Не дейміз қорлық демей мұның атын,

Мұжық кеп, қара шекпен крестьян,

Жерінді қылмады ма тілім- тілім.

Қазақтан баса – көктеп жер алуды,

Ғадет қып алып еді крестьян.

Көрдіңіз бе, бұл бұдан 80-90 жыл бұрынғы ақынның жан айғайы. Өз ұлты, оның болашағы үшін қан жылаған көз жасы.

Замана қыртысына зымияндықпен көз тастаған орыс патшаларының ойлағандары, айтқандары наурызда жауған жылбысқы қардай қазақ жеріне де сіңіп жатты... Патшаның перғауындары, өлімтік крестьяндар, қайыршы келімсектер, одан- бұдан қашқандар, сайда саны, құмда ізі жоқ ылғи да бір қу-құрдымдар қазақтың қара шаңырағына

толассыз ағылды. Соның кесірінен халқымыз күні бүгінге дейін зардап шегуде. Тілі шұбырланып, салт-дәстүр, әдет-ғұрпы мұнарланып, өгейлік ғұмыр кешіп келеді. Бұл шалажансар тірлігіміз әлі қай уақытқа дейін созылады, оны бір құдайдың өзі біледі...Осының бәрін бұдан ғасыр бұрын көре білген көрген ақын былай толғайды:

Басыңнан әрбір түрлі күндер өтті,  
Құр жылап екі көзге әлің жетті.  
Өзіңді өзіңменен ұстастырып  
Тоздырып, иттей қор ғып, быт-шыт етті.  
Дінімізді кемітіп қорламасын,  
Көзімізді бақырайтып ұрламасын.  
Баламызды билетсін өзімізге,  
Оқытсын деп орысша зорламасын.

Кезінде ақынның осынау жүрек-жарды өлені ешкімді алаңдата қойған жоқ. Соның нәтижесінде орысша оқыған «оқымыстылар» дәл бүгін мәңгүрт ұрпаққа айналып, өз ұлтына өз халқына тікен болып қадалуда. Болашақты болжаған ақын күдіреттілігіне таңғаламыз.

Жатқандай тәтті ұйқыда қазақ халқы,  
Айрылмай жақсы менен жаман парқы.  
Баласы дін мұсылман оянындар,  
Көрінер өз пайдасы жұрттың нарқы.

Халық қамын, ел тағдырын өз мүддесінен жоғары қойған азамат қана мұндай өлеңдерді тәуекелге барып айта алар еді. Өзінің қасықтай қанын шыбын жанын халқына арнайды:

Күдер үз тірімін деп жүрген жаннан,  
Бір тілім, құны аса алмай қара нанан.  
Білімді өліп көрде мың жыл жатса,  
Шықпайды сондадағы кісі саннан..  
Жолыңнан сыбағалы құры қалма,  
Жақсыны аты естілген естен алма.  
Халық – жұрттыңның қамы үшін қайрат қылып,

Айдалып атылсаң да арман бар ма ?

Қараңғы, ғасырлар бойы ұйқыда жатқан марғау халықты ояту үшін шырылдап бозторғай болу екінің бірінің қолынан келе бермейді. Мәшһүр Жүсіп Көпеевті қазақ халқын алғашқы оятушы бозторғайлардың бірі екендігін білуіміз қажет.

Патшаның отарлау саясатын, қанды қақпанын, қыл арқанын көре тұрғанымен, түбінде ақиқат жеңіп, әділдік орнайтынын айтады:

Алысып өмірбойы жалғанменен,  
Шындыққа бір жете алмай арманменен,  
Ақырда бір жарыққа айналады,  
Зынданға қарая ма салғанменен.

Бір туар тірі болса күн мен айы,  
Болысар анық аққа бір құдайы,

Ел ішіндегі саяси ахуалды, әлеуметтік жағдайларды жіті көзімен бақылап отырған ақын:

Бөлініп жұрт, екі жақ партиялап,  
Қалмайды ұрғашыдай сол қиялап.  
Басқа орын босағадан тимейтіндей,  
Бас қылып, бас жегізіп тәрбиелеп.  
Көрініс екі жақтан топ көбейтіп,  
Дау- жанжал жанып тұрған шоқ көбейіп.

Болмаса малға зиян еш пайда жоқ,  
Атарға бір мылтық жоқ оқ көбейтіп – деп өткір сатирамен түйреп өтеді. Абайдың «болды ма партия, ел іші бұзылды» деген өлең жолдарын көз алдымызға әкеледі. Екі ақынның да ой- өзені бір арнадан шыққан. Мына өлеңнен де Абаймен тамырлас бір желіні аңғарғандай боламыз:

Салдым айғай өзеннің жағасына,  
Құр табынып даланың әр тасына.  
Сөйлегенмен не пайда, кім тыңдайды,  
Көп залымның отырмын ортасында.

Ал Абайда былай:  
Жартасқа бардым,  
Күнде айғай салдым.  
...Баяғы жартас – бір жартас  
Қаң етер түкті байқамас.

Сыртқы пішіндерінде аздаған ерекшелік болғанымен ой біреу. Айтушы бар да, тыңдаушы жоқ. Бұл жауынгер жырлардың күні бүгінге дейін маңызы ерекше зор. Әсіресе, халқымыздың бірлігіне, ынтымақтығына, тәуелсіздігіне арналған. Сонымен бірге саяси – экономикалық әлеуметтік мәселелеріне де көп көңіл бөлгенін айта кеткен жөн.

Асқынды болып жара – жауырларым,  
Тіпті жоқ жазулы істі ауырларым.  
Бірлік қыл, басыңды қос, пайданды ойла.  
Қазағым, қайран халқым, бауырларым.  
Халық қылып атандырып бізді қазақ,  
Еркелі көп жұрт емес, өзі де аз- ақ.  
Болғанмен алты ауызды ынтымақсыз,  
Барасың көрінгенге болып мазак

Сенде тұр жылқы мен қой, сиыр, түйе  
Бұлақтай саулап тұрған сүтті бие,  
Болғанман алты ауызды ынтымақсыз,  
Басыңа малыңменен әркім ие.

Бұл жерде күнделікті өмірдің ең басты тірегі – экономикамен қатар, сол халықтың әл –ауқатын, тұрмыс-тіршілігін жақсартуға, арттыруға пайда табудың негізгі көзін тілге тиек етеді. Осының жолында елдің бірлігі мен ынтымағы ауадай қажет екендігін айта келіп, қазақ халқының психологиясынан терең орын алған төрт түлік малдың пайда табудағы ең басты нысана болатындығын алдымызға жайып салады.

Шындығында бүгінгі күннің талабы – шығынды азайтып, пайданы молайтып, адамдарға жақсы өмірді орнату емес пе? Ендеше ақынның түпкі ойынан дәл қазір болып жатқан нарық қатынастарына келіп тірелгенін әрі қарай өз алдына отау тіккен туған елінің алдыңғы қатарлы тәуелсіз мемлекет болуын аңсағанын сеземіз.

Ақын өзінің өткір сатирасымен адам мінез-құлықындағы жаман қасиаттарді өлтіре сынаған:

Таусылмас жұрт мінезі сызуменен,  
Іс бітпес айғайлап құр қызуменен.  
Маймылдай кейбіреулер құбылады,  
Әуре боп өзін-өзі бұруменен.  
Жыландай кейбіреудің сырты шұбар,  
Көрген жан анадайдан оған құмар.  
Бойына жуықтатып бір алған соң,  
Аямай құйрығымен бір- ақ соғар.  
Жылпылдап кейбіреулер қолға тұрмас,  
Жылмығай қабыршағы жоқ балықтай

Өсек сөзге гүлесіп желдей есіп,  
Кісі ақысын, адал ас, біліп несіп.  
Сауысқанша шықылықтап жүрген жан көп  
Сау жылқының арқасын еріксіз тесіп.

Достықты, жолдастықты, татулықты өз өлеңдеріне арқау еткен Мәшһүр Жүсіп сонымен бірге адалдықты, әділдікті, туралықты, шындықты, ар- ұятты, адамгершілік – имандылықты өзіне ту етеді. Оған мына өлеңдерді оқығанда көзіміз анық жетеді:

Қарайла шамаң келсе, жолдасыңа,  
Жолдасың еріп жүрсе өз қасыңа.  
Абыройым төгілмесін деп ойласаң,  
Ұятты қолшатыр қып ал басыңа.

Жаяу қал, нәпсінді атқа мінгізбей бақ,

Міне қалса жортқызып, жегізбей бақ.  
Өзін -өзі бағуға көп әл керек.  
Көз соңынан көңілді жүргізбей бақ.

Нәпсінің кім құтылар хайласынан.  
Залалы асып кетер пайдасынан,  
Білімді, зерек адам болам десен,  
Қара өзінді басқаның айнасынан.

Қазақ халқының озық мәдениетті ел болуын көксеген оның жырларынан мәдени – ағартушылыққа, көпшілік қауымды жаппай сауаттандыруға үндегенін бірден байқаймыз.

Қазағым өнер ізден, ұрлық – зорлық  
Қыласың бір-біріңе неге озбырлық.  
Болғаннан алты ауызды ынтымақсыз,  
Басыңа келген жоқпа талай қорлық.  
Жамандыққа келгенде білгіш – ақпыз,  
Құлақ саңырау, көз соқыр – жақсылықтан.  
Мырзалық жұрттан асқан ноғайда бар,  
Шошқаның не қабаны тоғайда бар.  
Қазағым, сарт дегенге күле берме,  
Хас аңқау сенен басқа со қайда бар ?

Кей кезде қазақ халқының шамадан артық жомартсынып «қонағын құдайдай сыйлап» артынан алданып қалғанын бір – ақ білетін « ашық ауыздылығын» орынды ескертіп отырған.

Осындай ойып түсер өршіл өлеңдерді дүниеге әкелген әр ақынды кезінде патша үкіметі көп қудалаған, тіпті жинағын таратқызбай, сол жинақты бастырып шығарған баспагерлерге айып салған. Ақын патша өкімдерінен қашып, жасырынып біраз жылдар жүрген.

Патшалық цензураға да, кейінен советтік цензураға да Мәшһүр Жүсіптің отты өлеңдері ұнамаған. Ұнамауының басты себебі, қара қылды қақ жарған – туралығы, әділдігі

және ешкімге жалтақтамайтын өр мінезі мен тұлғалық бірбеткейлігі еді. Халық даналығында «турасын айтсаң туғанына жақпайсың» деген сөз бар ғой.

Ақын шығармашылығына көп шүйліккендер мұртты шал және оның қолшоқпарлары. «Көсемнің» күндей күркіреген қатерлі қаулылары әдебиет әлеміндегі талай жайсаңдарға жай оғы болып тигендігі баршамызға аян. Бас көтерер арыстарынан айрылып, өз көлеңкесінен өзі қорыққан шарасыз елдің әдебиет даласындағы әр ши – қарағанның түбін паналап қалған арық – тұрақтары, көтерем көкжөтелдері «заманы қалай қисайса, бөркін солай қарай киді». Қирап қалған жұрттың кейбір «қиқымдары» өз елінің аузына су тамызудың орнына, арманда кеткен асыл ерлердің алтын сандықтарын бұзып, мол мұраларын өртеп, шашып, кейбіреулерін өздері де пайдаланып, аруақтарын қорлап, топырақ шашты. Жағымпаз, жантық, шолақ белсенді, «қызыл коммунистер» ойларына келгенін істеп жатты... Сол жазықсыз жапа шеккен аяулы азаматтардың ішінде Мәшһүр Жүсіп Көпеев те бар еді. Әрине, ақын, адам қанына жерік 37-ші жылдың жалмауыз өнешінен біраз бұрын, дәлірек айтсақ, 1931 жылы қайтыс болған. Бірақ, сол кездің «шашты менсінбей, бас алғыштары» ақынның артында қалдырып кеткен өлмес туындыларына, мұрагер дүниелеріне жыланша оралып, маза бермеді. Оған тағылған айыптар мынандай: «ұлтшыл, діншіл, құдайшыл, реакцияшыл, буржуазиялық – феодалдық дәуірді көксейтін ескі ақын».

Бұған жауап ретінде ақынның өз өлеңдерін қарастырайық:

Бұзылған заманның уақтысында,  
Шын сөзің өтірікке болмайды астар.  
Наданнан бойыңды алыс қылып, сақтан.  
Берілген ғылым, хикмет маған тақтан,  
Ақ жағыңнан көретін көзі жоқ боп,

Өңшең соқыр қарайды қара жақтан.

Бұл, тек қана Сталиннің сұрқия заманда ғана емес, кешегі түлкі – тоқырауға, сол тоқыраудан калған бүгінгі кейбіреулерге де арналғандай.

Қор болдық айрылып қап ақ шарифат,

Қисықты түзететін төзімізден.

Ширекте төрттің бірі болдық деңіз,

Айрылып бұрынғы аршын көзімізден.

Қойнында өлген сарттың наны бар деп,

Қалмады – ау өл-өлгенше есімізден.

Ғажап өлеңдер. Ойлап қарасаңыз, кедейлік дегеннің өзі – адам тұрмысының жұтандығы. Өзі кедейден құралған Кеңес өкіметі ақырында осы кедейліктің салдарынан азып–тозып құрып бітті. Бүгінгі нарық жүйесінің басты мақсаты кедейліктен қашып, еркін, бай, тәуелсіз мемлекет құру екені белгілі. Дегенмен, әлі де арамызда «қойнында өлген сарттың наны бар» деп Одақты көксейтін, өткен өмірін аңсайтын иіс – алмастар баршылық.

Патшалық отарлау, тоталитаризм осының бәрі шарифатты бұзып, дінді қорлап, ұлттық намысты аяққа басып, қазақы қасиеттерден айыруға жанталасқан, ата-баба жеріне айуандықпен көз алартқандығын кеш ұқтық .

«Ширекке төрттің бірі болдық деңіз,

Айрылып бұрынғы аршын кезімізден»,- деп айтуы осы жайларды аңғартады.

Мәшһүр Жүсіптің кейбір өлеңдерінен Кеңес өкіметіне деген ащы мысқылды, өткір иронияны аңғарамыз. Бұл бәлкім Қазан төңкерісінен көп бұрын жазылған да шығар. Бірақ кешегі Кеңес өкіметінің сілімтіктеріне арналғандай болжағыш, көреген өлеңдер:

Көрдің бе көзімізде жас болғанын,

Ерімес жұрттың көңілі тас болғанын.

Көріп тұр көзі жіті қырағылар,

Бас –аяқ, аяқ барып бас болғанын.

1939-1941-ші жылдардағы басылымдарда Мәшһүр Жүсіпті ағартушы демократ ақындар қатарына жатқызған. Ал енді 50-жылдардағы қаулының кесірінен 1976 жылғы шыққан «XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті» деген кітабында Б.Кенжебаев бұл ақынды ағартушы-демократ ақындардың қатарынан алып тастап, ағартушы ақындардың қатарына қосқан. Кітабының екінші тарауында ағартушы ақындарға, ал үшінші тарауында ағартушы- демократ, ақын-жазушыларға анықтама берген. Өзінше олардың ерекшеліктерін атап, айырмашылықтарын жазған. Б.Кенжебаевтың бертіндегі бұл кітабында Мәшһүр Жүсіп Көпеевті тек қана ағартушылардың қатарына жатқызып, «кітаби» ақын деп төмендетуді тарих алдындағы кешірілмес қателік. Тіпті сол аталған еңбегінде Мәшһүр ақынның бүкіл өмір жолы мен жалпақ шығармашылығын кітаптың бір бетіне де толтырмай, қысқа ғана атүсті шолып шыққан.

Солақай саясаттың «сайыпқырандары» айтқандай «діншіл», «құдайшыл» деп қудалайтындай шығармаларында «дін» үшін өзінді-өзің «кұрбан қыл» деген ой байқалмайды. Қайта сол дін жолын, құдай жолын алға тарта отырып, жалпы адамзат баласын адамгершілікке, тазалыққа, имандылыққа шақырса онда тұрған қандай зияндық бар. Ал енді «шығысшыл, діни сөздер мен шағатай тілін көп қолданады» деп сөгеді. Әрбір сөзі, әрбір сөйлемі философиялық түйін, кестелі ой, ақыл-нақыл, ғажайып сырларға толы шығыс әдебиеті кімнен кем ? Түсіне білгенге әлем әдебиетінде шығыс әдебиетіндей ойшыл да, озық әдебиет жоқ. Міне, осынау ғажап ойшыл әдебиеттен нәр алып, сол үлгіде шығарма жазса, оның несі айып ?

Бұл жерде Бейсенбай ағамызды жазғырып отырғанымыз жоқ. Шарасыздықтың салдарынан жазылған дүниелер деп ұғуымыз қажет.

Тарихты бұрмалаған тарпаң жылдардың кесірі ғой. Бұған кінәлі бірлі-жарым адамдардың жекелеген пікірі емес. Ол патшалық Ресейден бастау алып, Кеңес дәуірінде сор-жаңбыр болып құйылған «социалистік реализмнің» шандыр-шаруасы еді. Осы бір қатып-семген, қалыпқа түскен қайыршы қағидның әсерінен талай дарындар асау ойларын бұғаулап, сұлу сөздерін сүмірейтіп келгені айдан анық. Ашық күнде найзағайдай жарқылдаған «социалистік реализмнің» семсерінен сескенген талай адам табиғи талантын таныта алмай «тышқаншылап» кеткені де өтірік емес.

Осындай ит-тірлікке лағнет айтқан, сол заманға қарсы шыққан ұлттық әдебиетіміздің көрнекті өкілі Б.Ысқақовтың бір өлеңі ойға оралады:

О, Азия! Ұлысың сен, ұлысың,  
Ұлылығың құрысын  
Бәрібір де осы сен,  
Европаның құлысың...

Ақынның жан-азасынан айтылған бұл өлең, бәлкім, біреулерге ұнамас. Ал енді жыр сүйер қауымның, бүгінгі жас ұрпақтың Мағжандай мұзбалақ ақынның қиял-әлемі тым-тым алысты көріп-сезгенін білген жөн ғой деп ойлаймын. Ақынның жүрек соғысынан, қан тамырынан, жанының терең түкпірінен жанартаудай атылған жұлдыз өлеңдер, өзінің ұлтынан, халқынан, нәсілінен асып, тұтас бір құрлықты шарпуы тегіннен-тегін емес. Ақынның жандауа жырын ойлы оқырман өзі түсіне жатар...

Социалистік реализмнің «салтанат құруы» Мәшһүр Жүсіп мұраларына салқындығын тигізгені жөнінде жоғары да айтып өттік. Соның нәтижесінде, Кеңес дәуірінде бұл ақынның араға 15-20 жыл салып анда-санда жарқ еткізіп бір басатын бірлі-жарым өлеңдерін қоспағанда, атан түйенің белін майыстыратын ұлан-ғайыр жыр-жиһазы жабулы күйінде «шаң басқан архивтерде» зерттелмей, үн

түнсiз жатты. Өйткенi, ол кезде шығысты менсiнбей, оған терiс көздерiмен қараған советтiк шовинистер бұл шығармалардан шығыс исi аңқиды, деп мұрындарын шүйiрсе керек.

Уақыттың табына шыжғырылған кереғар тiрлiкке не уәж айтарсың? Заман құбылысын жiтi аңғарған айбынды ақын:

Туралық әркiмге ащы тиер тынышсыз,

Сонда да болып үйрен тура сөздi,- деп ағынан жарылады. Сонымен бiрге, Мәшһүр мұраларынан бүгiнгi нарық өмiрiне байланысты жазылған өлеңдердi де кездестiруге болады:

Балалар, жалқау болма шабан тартып,  
Iлгерi ұмтыла бас, күн-күн артып.  
Арқаны кедейлiктiң – ерiншектiк,  
Желкеңнен жiбермейдi мықтап тартып.  
Басы бiлгiш, елгезекке кедейлiк жоқ,  
Кежiрлiк – кедейлiктiң ордасы сол.  
Кедейлiк «кет» десең де кете қалмас,  
Кез болса маңдайыңа жаман қатын.  
Қор болмайын жалғанда деп ойласаң,  
Кедейлiктен сақтанып күн бұрын қаш.  
Жалқаулықпен жағалас шамаң келсе,  
Үйiр болмай ұйқы мен iшер асқа.  
Айтсаң тiлдi алмайды қатын –бала.  
Ендi мұны айтамын кiмге ғана.  
Өзiңдi «жынды» дейдi, «шайтан» дейдi,  
Не қылсаң, өзiң қылдың хақ тағала.

Қалың астар, аз сөз, мол мағына оқырманға ой тастайды. Көзi қырағы, көкiрегi ояу, сезiмтал жан мұны терең түсiнуге тиiс. «Бас-аяқ, аяқ барып бас болғанын», «Айтсаң тiлдi алмайды қатын, бала», бұл фразалардың астарында талай сыр жатыр. Шындығында, Ұлы Қазан төңкерiсi... Әрi қарай: еркiңнен тыс жаппай

коллективтендіру, елдің берекесі–байларды ит жеккенге айдатып, мал-мүлкін талан-таражға салып, жазықсыз елді қоғадай жапырған 32-ші жылдың «жасанды» аштығы, 37-ші жылдың зобалаң–зұлматы, соғыстың ауыр зардаптары, тың көтереміз деп ұран салған монтан-мүлейімсулер, күні кешегі тоқырау тозандары, бүгінгі еркектік хұқы жоқ енжар еркек, «Жеті атасын білмей өскен жетесіз ұл, өз құрсағын әр қалтарысқа шашып жүрген көргенсіз қыз, мысықша мияулаған мәңгүрт ұрпақ, өлуге айналып солықтаған тіл, жоғала бастаған салт-дәстүр, әдет-ғұрып, есіктен кіріп «төр менікі» дейтіндер...». Міне, осының бәрі дүлдүл ақынның екі-ақ ауыз өлеңіне сыйып тұрғандай.

Аз сөзге көп мағына сыйғызу өте талантты ақындардың ғана қолынан келеді. Өзінің бар өмірін отқа оранған сезімімен өлең қылып кеткен ол сөз өнерін аса жоғары бағалаған:

Дарбаза – ауыз, сөз – самал тоқтау бар ма ?

Көрінгенді көзіме қыламын сөз.

Бас қосқан мерекеде жақсы- жаман,

Шешендер–мәуелі ағаш, сөз – бір жеміс.

Мұны таразылаған болсақ, Мәшһүр Жүсіпті ертеңнен шапса-кешке озған, ылдидан шапса-төске озған суырып салма саңлақ ақын екендігін мойындаймыз.

Таңғажайып таланттың жауһар жырларынан адам өмірін зерттейтін философиялық ой- түйіндер жиі байқалады:

Жарлық жетсе, алладан кім қалмақшы,

Құтқармайтын даяр ғой бір қармақшы.

Пұлсыз берген құдайым әуелде өзі,

Құнсыз қылып ақыры бір алмақшы...

Бұл жалғанмен дойбы ойна, маған нансаң,

Сенен асар ешкім жоқ ұтып барсаң,

Су түбіне кеткенің, қор болғаның,

Қалың көптің көзінше закот қалсаң.

Бірі күндіз, біреуі түнде жортқан,  
Ай менен күн өмірдің ұрысы екен.  
Жазғытұрым емес біз болдық қой күз,  
Қыс боп қалдық дегенше күдерді үз.  
Жалаңдатып орғын алып тұрған,  
Оратұғын сондағы егіні біз.

Өмірдің мың құбылған сансыз реңктерін дөп басып  
жырлаған шын ақынның шынайы поэзиясы ғана  
оқырмандардың жүрегінен жылы орын табады. Бұл  
сөзіміз дәлелді болу үшін ақынның өзін сөйлетейік:

Ел озып шықпасам да өзім қырға,  
Айтқан сөзім құлаққа болды сырға.  
Сусынын қандырарлық болдым кеңес,  
Еділ, Жайық, Ертіс пен Шу мен Сырға.  
Дүниеде көрдім бәрін – жұмсақ, қатты,  
Бес жаста қалам ұстап жаздым хатты.  
Ат беріп, ақша беріп шашқаным жоқ,  
Жүзіне жалған дүние Мәшһүр атты.  
Бұл атты жоқтан бар ғып тәңірім шашты.  
Сөзімді жұрт сырға ғып құлаққа асты.  
Бойтұмар басқаларға болған сөзім,  
Өзімді қылмас тіпті аяқ асты.

Міне, ақындық болмыс-бітім, ақындық бейне,  
ақындық рух, ақындық өр мінез–барлығы бір жерге  
жиналып, қиюласып келген мұндай өлеңнен сол ақынның  
толыққанды табиғатын танығандай боламыз.

Қай кездерде де дәуір тынысы, замана құбылысы, өмір  
өткелдері, тарих тағлымдары осының бәрі ақындардың  
назарында болған.

Егер ақын өзінің рухани әлемін биік парасатты зердеге  
бағындырып, ой сонары арқылы оқырман психологиясына  
жасаған сапары сәтті болса, ондай дүр-дүниелер мәңгілік  
шырақ болып жанары сөзсіз. Бірегей ақынның артында

мықты мұра, дүниені танып-білетін даналық кітаптары қалады.

Осындай сәтті туындылар Мәшһүр Жүсіп мұраларында көптеп кездеседі. Мәселен, «Гүлшат-Шеризат» киссасы, «Көрғұлы», «Қорқыт» дастандары, «Шайтанның саудасы» аңызы, осылардың қайсысын алып қарасақ та, олардың өн-бойынан философиялық күрделі ой-түйінді аңғаруға болады. Шығыс сюжетіне құралған бұл шығармалар халық жүрегіне бірден жол табады. Сондықтан да Мәшһүр Жүсіпте сол кездегі атақты ақын-жазушылардың бәрі де өз шығармаларына шығыс аңыздарын арқау еткен. Оның себебі, ғасырлар бойы халық ұғымында аңыздардың ролі ерекше болған. Аңыз дегеніміздің өзі- халықтың асқақ арманынан, қыран қиялынан туындаған дүниелер. Сол бір шағала арман, қыран қиялымен әлдебір жұмбақ ғажайып, жұмбақ болашағына асыққан. Халық санасымен біте қайнасқан аңыз ерекшелігін түсіне білген ақындар өз туындыларын аңызбен астастырып, көпшілік қауымның көңілінен шығып отырған.

Иә, сонымен қорыта келгенде, Мәшһүр Жүсіп Көпеев – сол заманның да, қазіргі заманның да толғақты мәселелерін толғатып кеткен тамаша талант иесі. Барлық шығармаларынан прогресшіл, реалистік бағыт анық байқалады. Оның өміршең, өткір поэзиясы ғасырдан ғасырға жарқырап өте бермек. Бұл ақын артына қалдырған баға жетпес мол мұрасымен қазақ әдебиеті тарихында алтын әріптермен жазылуға тиіс. Ұлттық әдебиетіміздегі ұлы Абай шыңына жақын орналасқан биіктердің бірін осы кісінің иемденері сөзсіз.

Сөз соңында айтарымыз, биік гуманистік парасатпен толғаған толағай туындылар оқырман қауымға қашан да болсын мол рухани ләззат сыйлап келген. Мұндай рухани тәтті азықпен барынша сусындап өскен жас ұрпақтың

эстетикалық-таным деңгейі өсіп, өмірге деген күштарлығы арта түседі. Ендеше, ғасырлар қойнауынан, жылдар жылғасынан жылжып жеткен тарихи шындықты айғақтайтын Мәшһүр сияқты замандасымыздың ірі-ірі тұлғаларын кеңінен насихаттай білсек, өскелең елдің өсер ұрпағына зор тағылым және танымдық үлгі болар еді.

1992 ж.

Репозиторий Қарғу

## БҰҚАР ЖЫРАУ МҰРАСЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ

Қазақ әдбиеттану ғылымындағы төңкерістен бергі ғылыми-зерттеушілік жұмыста әдеби мұрасы бұрмалана баяндалып, маркстік-лениндік методологияның әдебиеттің таптығы принципіне сай біржақты бағаланып келген дарындарымыз аз болған жоқ. Олар тек кітаби, діншіл ақындар саналған М.Ж.Көпеев, Ғ.Қарашев, Нарманбет, Шәкәрімдер немесе «ұлтшыл-алашордашыл» аталып, кейінде ғана ақталған қазақ зиялыларының бір тобы ғана емес. Бұлар секілді шығармаларын басуға тыйым салынып, қазақ әдебиетінің тарихынан сызылып қалмағанымен, өмір сүрген кезеңіндегі әдебиетте көрнекті өкіл саналса да шығармаларының басты бағыты хандық, феодалдық-реакцияшыл идеологияны жақтаушы, ескілікті көксеуші, дінді насихаттаушы болғанын ашып, көрсету қажеттігі қатты талап етіліп келген ақын-жырауларымыз да аз емес. Олардың қатарына Дулат, Мұрат, Шортанбайлармен бірге Бұқар жырауды да жатқызар едік. Ғылыми зерттеу еңбектерде Абылай ханның арқалы биі, ақылшысы, азулы жырауы болғанына таптық мәнде ерекше көңіл аударылып, ал Ресеймен бейбіт қарым-қатынас жасауды түсіне білгендігі айрықша жетістік ретінде баса айтылып келді. Сондықтан қазақ әдебиеттану ғылымындағы Бұқар жырау мұрасының ғылыми тұрғысына сай бағалануын бүгінгі күннің талап-тілегіне орай, саралауды мақсат тұтып отырмыз.

Бұқар жырау шығармаларын жинап- жариялау, зерттеудегі алғашқы кадам ХІХ ғасырда қолға алынған. Тұңғыш айтылған тарихи дерек пен пікірді Ш.Уәлихановтың «ХVІІІ ғасыр батырлары жайындағы тарихи әңгімелер» атты еңбегінен кездестіреміз. Абылай ханға байланысты тарихи оқиғаларды сөз ету барысында Бұқардың ақылшы би, жырау ретінде алатын орнына

біршама көңіл аударған. Абылай ханға арналған екі өлеңінің жолма-жол тәржімасын беріп, түсініктеме жазған. Алғашқысы жорыққа шыққан батырларын ойлап мазасызданған ханды тыныштандыру үшін айтқан өлеңі болса, екіншісі – хан Үйсіннің Ердене деген батырының ауылын шауып алуға шешім жасағанда, тоқтау сала айтқан өлеңі. Шоқан Бұқар өлеңдеріне ғылыми бағалаушылық тұрғыда нақты пікір білдірмесе де, оны жырау мұрасының тұңғыш рет жариялануы мен орыс оқырмандарымен алғашқы рет жүздесуі санауымыз керек.

Бұқар шығармаларына Г.Потанин де ерекше көңіл бөлген екен. «Төртуылдың төрт ұлы тауды жайлап» деп басталатын өлеңінің орысша аударылған нұсқасы Потанин жазбаларында жарияланған. Бірақ осы үш өлең де Бұқар шығармалары жарияланған 1962 жылғы «XVIII–XIX ғасырлардағы қазақ ақындарының шығармалары» атты жинаққа да, «Үш ғасыр жырлайды» (1965), «Бес ғасыр жырлайды» (1984) аталатын жинақтарға да енген. Себебі, олардың түпнұсқасы сақталмаған. Шоқан да, Г.Потанин де өз аудармаларында өлеңдердің мазмұнын беруді басты мақсат тұтып, қарасөзге жақын аударған. Сондықтан қазақша нұсқасы хатқа түспеген немесе ұмытылған. Ал Г.Потанин өз жазбаларында кездесетін енді бір топ өлеңді арнайы тапсырма беру арқылы Имантай Сәтбайұлына жаздырып алып жариялаған (Олар жоғарыдағы жинақтарға да енген). Бұл айтылғандар Бұқар жырау мұрасын жинап-жариялаудағы, хатқа түсіру мен ғылыми тұрғыда игерудегі алғашқы қадамдар еді. Бір атап көрсете кететін нәрсе – XIX ғасыр соңында шыға бастаған қазақ баспасөзінің алғашқылары «Түркістан уалаятының газеті» (1870-1882), «Дала уалаяты газеттерінде» (1888-1902) Бұқар жыраудың бірде-бір өлеңі жарық көрмеген. Сол сияқты осы кезеңде шыққан 200-ге тарта кітаптың ішінде Дулат, Шортанбайлардың жеке жинақтары бар да,

Бұқар өлеңдері жеке кітап болып шықпаған немесе басқа да жинақтарға да кірмеген. Г.Потаниннен басқа қазақ даласын зерттеген орыстың ориенталист, фольклорист ғалымдарының еңбектерінен Бұқар туралы ешбір дерек кездеспейді.

XX ғасырдың бас кезінде Бұқар жырау туралы тың тарихи деректі 1911 жылы жарық көрген Құрбанғали Халитовтың «Тауарих хамса» атты еңбегінен көреміз. Автор Абылай ханды тарихи тұлға ретінде сөз еткенде, Бұқарды да қоса айта келіп, ханға арнап айтқан өлеңдерінен үзінділер келтіріп отырған. Хан саясаты мен абырой-атағының халық ортасындағы жоғары саналуына жырау толғауларының мәні зор болғандығы атап көрсетіледі.

Осы сөз етілген еңбектердің Бұқар жырау шығармаларын жинап- жариялау дәрежесіндегі ғана мәні болса, алғаш рет ғылыми-зерттеушілік сипатта баға беруге ұмтылған Мәшһүр Жүсіп Көпеев болды. Оның «Мес» аталатын ауыз әдебиетінің шығармаларын жинастырған қолжазбасындағы «Ақын-жыраулар мұрасы» бөлімінде жырау өмірі мен ата тегі туралы дерек алғаш рет айтылды. Осы қолжазбадан Бұқардың өнерпаздық тұлғасын бағалау мақсатында айтылған ой-пікір де кездеседі. Бұрын-соңды өткен ақындардың ішінде Бұқардың орны ерекше екенін айта келіп: «Өз заманындағы жандар бұл кісіні Көмекей әулие деседі екен, - деп жазады М.Ж.Көпеев. – Қарасөз білмейді, тек сөйлесе, көмекейі бүлкілдеп, жырлай бастайды екен». Мәшһүр Жүсіп жыраудың Абылай ханға арнаған 4-5 өлеңін келтіре отырып, таныстыру, насихаттауға және артында қалған мұрасының өте мол болғанына, бізге жеткені тек аз ғана бөлігі екеніне көңіл аударған. Бұқардың ақындық мұрасының төңкеріске дейінгі жинап-жариялануы мен ғылыми қарастырылуы осындай ғана дәрежеде. Сол кездегі қазақ әдебиетінің

тарихы, оның көрнекті өкілдері туралы азды-көпті қалам тартқан қазақ зиялыларының назарына көп іліне бермегені байқалады. Оған дәлел ретінде «Айқап» журналы мен «Қазақ» газетіне жыраудың ешбір өлеңінің жарияланбауын айтар едік. Негізінен Бұқардың мұсылманша хат білгендігі, сауаттылығы ешқандай күмән туғызбайды. Суырып салып айтқан толғауларын қағазға түсірген, түсірмегені де белгісіз. Бізге жеткен 1200 жолдай мұрасының барлығы да ел аузынан жазылып алынған. Бұл жырау туғызған телегей теңіз шығармалардың бір бөлігі ғана екені анық. Мәшһүр Жүсіп: «Бұл кісінің сөзін түгел жазып аламын деушілерге Нұқтың өмірі, Аюбтың сабыры, Аплатонның ақылы керек» дегенді бекер айтпаған болуы керек. Соңғы кезде Қытай еліндегі қазақтардан табылған жырлары бұл салада тың зерттеулер жүргізуге жетелейді.

Дүниені дүр сілкіндіріп, қазақ даласына қанды қырғыны мен аштығын ала келген төңкерістен кейін, әдеби мұраны игеру, жинап-жариялау жұмыстарында біршама қалыптасып қалған ой-көзқарас бірден дағдарысқа түсті. «Таза пролетарлық мәдениет жасаймыз» деп өректіген пролеткультшылдық нигилзмді жақтаушылар «хандық, феодалдық дәуірде жасағандықтан, солардың идеологиясын жырлағандықтан өткендегі мұраның бәрі бізге жат. Оларды тарихтың күресініне лақтырып тастау керек» деуге дейін барды. Ғылыми-зерттеушілік жұмыста қалыптасқан тәжірибесі бар орыс әдебиеттану ғылымы мен сынының өзі «Николайдың малайы – ақсүйек Пушкин мен граф Толстой, қарашекпенді Россияның ақыны – Есенин, нәзік жанды - Блоктардың бізге керегі жоқ деген пролеткультшылдыққа ерік беріп алғанда, жаңа дамып келе жатқан қазақ әдебиеттану ғылымы мен сынына кінә да жоқ еді. Кедей-жалшы ортасынан шыққанына қатты мақтанған қазақ пролеткультшыл нигилистерінің басқаны былай қойғанда, ұлы Абайдың өзін таптық тегінің

құрбандығына шалып, «Абай – феодалдар, байлар табының ақыны» деген сорақылыққа дейін барғаны өтірік емес.

Сол дағдарыстан кейін сыншылдық–эстетикалық, ғылыми- зерттеушілік ой-пікірдің жалғаса түсіп, өріс алуына көп еңбек сіңірген бірыңғай ағым теориясын ұстанушы, кешеге дейін «ұлтшыл- алашордашылар» атанған қазақ зиялылары болды (Бұл теория «өткендегі мұраның бәрі де халықтікі, оның жақсысы, жаманы болмайды» деген көзқараста болды). Пролеткультшылдардың әдеби мұраға деген солақай, сыңаржақ сыншылдығы қатты өріс алып тұрғанына карамастан, Бұқар мұрасын жинап-жариялау мен зерттеуді қолға алуға қадам жасап, бастама салған М.О.Әуезов еді. 1923 жылы «Таң журналының № 1, 2, 3, 4 сандарына жыраудың жыр-толғауларын жариялап, ғылыми тұрғыда тексерудің негізгі бағыттарын көрсетіп берді. Осы өлендерге жазған алғы сөздегі Бұқардың қазақ әдебиетінің тарихындағы көрнекті ірі тұлға екені баса айтылуының өзі - 20 жылдардағы ғылыми-зерттеушілік ой-пікір де үлкен жетістік.

Мұқаң 1922 жылы «Шолпан» журналының № 2, 3 санында жарияланған «Қазақ әдебиетінің қазіргі дәуірі» атты мақаласында қазақ әдебиетінің тарихын Абайға дейінгі және кейінгі дәуір деп бөле келгенде, алғашқы кезеңнің басы деп Бұқар жырауды атаған болатын. Сонымен қатар, сол кездегі ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің деңгейіне сай, ауыз әдебиеті мен жазба әдебиетінің арасын бөлетін кезең деп ақын-жыраулардың халықтың әлеуметтік хал-жағдайын, мұң-шерін жырлай бастаған кезеңді алу керек деген пікірін дәлелдеуде де Бұқар жырау мұрасын ерекше атайды. Қазақ әдебиетінің тарихы Бұқардан басталады деп кейінге дейін айтылып келген Қ.Жұмалиевтің қате қағидасының алғашқы

айтылуы да осы кезде еді. 1927 жылы жарық көріп, бірақ таратылуы мен пайдалануына тыйым салынған «Әдебиет тарихы» атты монументалдық еңбегінің «Зар заман ақындары» аталатын тарауында М.Әуезов хандық, билік қоғамның мүддесін жырлаған әдебиеттің өкілдеріне Асанқайғы, Бұқар жырау, Шортанбай, Мұраттарды жатқызады. Әсіресе, Асанқайғы мен Бұқар жырау өлеңдеріне әдеби-тарихи тұрғыда социологиялық арқауы басым талдау жасаған. Асанның Жәнібек ханға, Бұқардың Абылай ханға айтқан арнау өлеңдерінің мәнін аша келіп, олардың ел ақылшысы, халық қамқоры бола білгеніне көңіл аударады. Әйтсе де Мұханның «Тарих сынымен қарағанда, Асанқайғы мен Бұқар жырау – қазақ қауымының жоғарғы табынан шыққан, билер ортасынан шыққан ақындар. Өздері де ел менгеріп жүрген басшы, ұлық. Бұларды туғызған- қазақ тарихының хан билеп, би билеп тұрған дәуірі. Сондықтан дүниеге көзқарасы, ұғымы, ел тіршілігіне берген бағасы да хан мен би заманының ой- негізін, салт- санасын білдіреді» деген пікірін, қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдерін әдебиеттің таптығы принципімен бағалаған «тұрпайы социологизм» теориясының ықпалын сезу қиын емес.

Бұқар жырау мұрасының ғылыми тұрғыда зерттелуін қарастыру барысында бізді қазақ әдебиетін әдеби теориялық негізде тексерген А.Байтұрсыновтың 1926 жылы шыққан әйгілі «Әдебиет танытқышы» еңбегінде атақты жыраудың аты аталмауы қайран қалдырды. Бұқардың бірде- бір өлең-толғауы мысал ретінде де алынбаған, Шортанбай, Молда Мұса, Шернияз, Әубәкірлер бар да Бұқар жырау жоқ. Еңбектің толғау түрлері туралы айтқан бөлімінде Бұқар толғауларының еленбей қалуы да түсініксіз. Оған басты себеп Бұқар шығармаларының «Таң» журналынан басқа жерге жарияланбауы ма әлде «тұрпайы социологизм»

теориясының әсері ме, ол жағы белгісіз. Сол секілді Х.Досмұхамедов те өзінің 1928 жылғы «Қазақтың халық әдебиеті» атты еңбегінде Бұқар жырауды ақын-жыраулар тізімінде атағаны болмаса, ерекше көңіл аудармаған. Бұдан шығатын қорытынды: 1920 жылдары маркстік-лениндік методологияның басты принципі саналған, әдебиеттің таптығын қару еткен «Тұрпайы социологизм» теориясының әсерінен қазақ әдебиетінің басқа да көрнекті дарындары секілді, Бұқар мұрасы да жан-жақты ғылыми-зерттеу нысанасына айналмаған. Ұлы Абайдың өзін халық ақыны, классик ретінде 1934 жылы қайтыс болғанына отыз жыл толуына байланысты өткізілген мәдени шаралардың арқасында әрең танығанымыз да осының айғағы.

1930 жылдары Бұқардың ақындық мұрасының жариялануы мен зерттелуін қолға алған С.Сейфуллин болды. «Қазақтың ескі әдебиет нұсқалары» еңбегінде бірталай толғауларын беріп, «Абылай ханның бірінші жыршысы, шешені, ақылшысы болды» дей отырғанымен де хан саясатын сынаған өлеңдеріне сүйене келіп: «Ол - халық атынан сөйлей алатын ақын, қалың бұқараның сөзін сөйлеген жырау» деген тұжырымды пікір білдірді. С.Сейфуллиннің осы бағасынан кейін Бұқар шығармалары 30-жылдардағы оқулықтар мен оқулық-хрестоматиялардан тұрақты орын алды, ғылыми бағалаушылық мәніндегі пікірлер айтылды. Олардағы басты көңіл аударылған мәселелер Бұқардың «Бұқарекен, біз келдік» деп басталатын толғауында жыраудың Ақан, Төбет атты байлардан семіз ат сұрауын тілге тиек етіп, кедей таптан шыққанын дәлелдеу халықтың атынан ханға қарсы сөйлей алатын бұқарашылдығы болды. Оқулықтардың ішінде айрықша тоқталуға болатыны – 1933 жылы Молдағали Жолдыбаев, Мұхтар Әуезов, Әлібек Қоңыратбаевтар бірігіп шығарған «XIX ғасыр мен XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің оқу құралы» атты еңбек.

Авторлар «Өлкенің патша өкіметіне бағынып, отарлану дәуірінің әдебиеті» деп атаған кезеңге Бұқар жырау, Махамбет, Нысанбайларды жатқызып, олардың өмірбаяны мен творчествосына монографиялық сипаттағы әдеби-тарихи талдау жасайды. Оқулықты «XIX ғасыр мен XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті» деп атай отырса да, XVIII ғасырда өмір сүрген Бұқар жырауды тұңғыш рет әдебиетіміздің тарихына кіргізіп, өмірі мен шығармаларынан мол мәлімет береді. Бұқар толғаулары көтерген қоғамдық, әлеуметтік тақырыптарды саралай отыра, бірлікке, бейбітшілікке, адамгершілік пен әділеттілікке шақырған жырларына ерекше тоқталады. Бұқар поэзиясы мен өнерпаздық тұлғасын бағалауда әдеби-тарихи талдау бағытындағы ғылыми-зерттеушілік ой-пікір көрінді. Авторлар Бұқар толғауларының ел бірлігін сақтау мен жоңғар шапқыншылығына қарсы күресті жырлаудағы маңызын атап көрсетіп, кейінгі зерттеулерде тереңдетіле, кеңейтіле айтылған талдаулардың оқулық көлеміне тән алғашқы нұсқасын жазған. Арғынның табан шеңгел биі, Абылай ханмен дәрежесі тең адам болғанын айта келіп, «Ол хан атынан билікті айта алады, халыққа сүйеніп ханға да қарсы тұра алады. Билеуші таптың тілегін, талабын бүркемей көрсетіп ұстаған ақын екенін Бұқардың жалғыз тақырыбы мен сөз мазмұны ғана емес, толғауларының түрі, теңеулер, сырт қалыптары да байқатады» деп бағалайды. Бұқар жырау – отызыншы жылдардағы қазақ әдебиеттану ғылымында халық жыршысы деп асыра дәріптелмей, хан жақтасы деп тым датталмай, барынша әділ бағаланған ең бірінші ақын болды. Сол секілді Е.Ысмайылов 1941 жылғы «Қазақ әдебиеті» атты оқулығында Бұқар жырау творчествосын қарастыру барысында «сыншыл реализм бізде Бұқардан басталып жалғаса түсті» деген пікірін хан саясатын сынаған жырларына сүйене отырып айтса, С.Мұқанов 1942

жылғы «Қазақтың XVIII-XIX ғасырлардағы әдебиетінің тарихынан очерктер» оқулығында Бұқардың кедей таптан шыққаны мен халықшылдығын дәлелдеуге күш салған.

Соғысқа дейінгі қазақ әдебиеттану ғылымындағы ғылыми-зерттеушілік ой-пікірде осылайша бірталай зерттелген Бұқардың ақындық мұрасы 1947 жылы 21 қаңтарда шыққан Қазақ Компартиясы Орталық Комитетінің «Қазақ ССР Ғылым академиясының Тіл және әдебиет институтының жұмысындағы өрескел саяси қателіктер туралы» кесірлі қаулысынан кейін әдебиет тарихынан сызылып тасталды. 1959 жылғы әдеби мұраны зерттеу туралы өткен ғылыми конференцияға дейінгі 12 жыл бойы Бұқар шығармалары хандық, феодалдық-реакцияшылдық, діншіл деп танылды. Оған тарих ғылымында Абылай ханның, Кенесары-Наурызбай көтерілісінің алынып тасталуы мен фольклорда олар туралы тарихи жырларға тыйым салынуы өз әсерін тигізбей қалмады. Әдебиет тарихына кіргізіліп, шығармалары жарияланып біршама зерттеле бастаған Нұржан, Мәшһүр Жүсіп, Нарманбет, Ғұмарлардың да атының аталуына тыйым салынған осы тұс. «Тұрпайы социологизм» теориясының дауылы қайта көтеріліп, фольклорда батырлар жырынан тек «Қамбар батыр» жырын, лиро-эпостан жетім бала болғандықтан, «Қозы Көрпеш-Баян сұлуды» ғана, XVIII-XIX ғасыр ақындарынан тек Махамбет қана қалдырылғаны да осы тұста. Қазақ әдебиетінің тарихын Белинский, Чернышевский, Добролюбовтан бастаған кезіміз де осы тұс. Тарихшы Е.Бекмахановтан бастап, әдебиет тарихын зерттеуде үлкен жұмыс тындырған Қ.Жұмалиев, Е.Ысмайловтардың сотталып, Б.Кенжебаев, Ә.Қоңыратбаевтардың жер аударылып, М.Әуезов, Қ.Сатбаевтардың қуғынға түскен кезеңі де осы тұс болатын. «Бұқар ақын ғана емес,- дейді Е.Ысмайлов 1956

жылғы «Ақындар» атты монографиясында – Абылайдың қол шоқпар, бітімші биі. Ол XVIII ғасырдағы қазақ елінің жоңғарға қарсы күресін дұрыс жырлағанымен, ішкі қоғамдық мәселеде үстем тап жыршысы болды».

1959 жылғы конференция Бұқар жырауды әдебиет тарихына қайта кіргізгенімен, ақындық мұрасы мен өнерпаздық тұлғасын әділ бағалауда ондыра қойғаны шамалы. Жоғарыда аталған 1933 жылғы М.Жолдыбаев, М.Әуезов, Ә.Қоңыратбаевтардың оқулығында айтылған тұжырымға да жете алмай қалдық. Мысалы, Қазақ ССР Ғылым академиясының вице- президенті С.Бәйішев, конференцияны ашардағы сөзінде: «Қазақ қоғамының тарихында тек бұлдыр-бұлдыр із қалдырған Бұқар жырау асыра дәріптеліп келді» десе, «таяқ жеп оралған» Е.Ысмайлов: «30-40-жылдары Бұқар мен Махамбет те, Шортанбай мен Алтынсарин де, Абай мен Мұрат та, Сұлтанмахмұт пен Шәңгерей де- барлығы ағартушы, демократ, сыншыл реалист, тіпті халық ақыны деп дәріптеп, қателік жібердік» деп мойындауға мәжбүр болған. Сол секілді Қ.Жұмалиев те: «Бұқар, Дулат, Шортанбайларды алсақ, олар негізінде феодалдық салт-сананы қолдаушы, сол таптың идеясын жырлаушы болды. Бұқар хандық құрлыстың мызғымас бірлігін аңсады. Абылайдың іс-әрекетінің көбін құптап, басқаларға хан ықпалының өтуін өлеңдеріне идеялық өзек етті» деп одан сайын нақтылай түскен. Конференцияның негізгі қабылдаған қорытындысында «Қазақ әдебиетінің тарихында Бұқар жырау Қалқаманұлының творчествосы XVIII ғасырдағы көрнекті жырау ретінде кіруі керек, бірақ оқыту барысында оның феодалдық идеологияны, хандықты жақтаушы екеніне баса көңіл аудару қажет» деген бір жақты тұжырым атап айтылды (Қараңыз: «Әдеби мұра және оны зерттеу». Алматы.1961). М.Мағауин өз зерттеуінде қазақ әдебиеті тарихының басталуын төрт

ғасыр алға жылжытып, Бұқар жырауды хандықты жақтаушы, ескішіл-діншіл деген қате қағидадан біршама аршып алды.

1989 жылғы 9 желтоқсандағы 40-50 жылдардағы қате қаулы-қарарлардың күшін жойған комиссия қорытындысы шыққаннан бері Шәкәрім, Нарманбет, Мәшһүр Жүсіп тағы басқалар әдебиет тарихындағы өз орындарын алып, қалдырған мұралары жан-жақты зерттеліп те жатыр. Қазақ әдебиеттану ғылымының алдында бір жақты бағаланып келген Бұқар, Дулат, Шортанбайлар мұрасын бүгінгі күннің талап-тілегіне орай қайтадан зерттеу міндеті тұрғанын атап айту керек.

1993 ж.

## АБАЙДЫ ТАЛУДАҒЫ АҚТАНДАҚТАР СЫРЫ

Қазақ әдебиеттану ғылымының туу, ояну кезеңдеріне көз салсақ, ұлттық ғылыми-зерттеушілік, әдеби-теориялық ой-пікірдің басты нысанасында болып, классикалық мұраны игеруде ғылыми тұрғыда алғаш зерттеле бастаған ұлы Абайдың шығармашылық мұрасы екенін байқаймыз. Себебі XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ әдебиетінде Абай салған жаңашыл жолдың сыншылдық реализм дәстүрінің әсері өте зор еді. Тек үлкен талант қана өрелі ойларды, салиқалы пікірлерді тудыра алатыны әдебиеттің бұзылмас заңы болғандықтан, осы кездегі ғылыми-зерттеушілік бағыттағы еңбектердің Абай мұрасы төңірегінде көбірек айтылып, классикалық мұраны ғылыми тұрғыда игеруге деген ұмтылысқа алғаш бастама болуы заңды құбылыс.

Сыншылдық-эстетикалық, бағалаушылық мәндегі мақалалар алғашқы қазақ баспасөздері бетінде ақынның көзі тірісінде-ақ айтыла бастады. Нақты айтсақ, Қазан төңкерісіне дейінгі аралықта ғылыми-зерттеушілік бағыттағы оншақты мақала, танымдық-насихаттық сипаттағы бес-алты мақаланың жазылуы осының айғағы. М.Ж.Көпеев, Ә.Бөкейханов, К.Ысқақов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, С.Торайғыров мақалалары Абайдың ғұмырнамасы, жаңашылдығы мен ағартушылық сипаты, қазақ әдебиеті мен мәдениетіндегі алатын орны туралы зерттеушілік тұрғыда біршама баға беріп те үлгерген болатын. Яғни, төңкеріске дейінгі ғылыми-зерттеу мақалаларында Абайтану ғылымының алғашқы бастаулары үлкен арна табуға ұмтылып, ақын мұрасын жинап-жариялау, ғылыми тұрғыда игеру жолындағы жұмыстар бір жүйелікке түсе бастады.

Әдеби мұраны игеру мәселесінде, оның ішінде Абай мұрасын зерттеуде, өзіндік бағыт-бағдарын жап-жақсы

танытып қалған осы ұлттық ғылыми-зерттеушілік, әдеби-теориялық, сыншылдық-эстетикалық ой-пікір Қазан төңкерісінен кейін дағдарысқа түсті. Әсіресе, Абай мұрасы туралы жүйелі түрде жүргізуге бет алған жұмыстар жаңа өкімет тарапынан қолдау таппай әрі-сәрі күйге түсті. Оған алғашқы кері әсерін тигізген «өткендегі мұраның барлығы феодал-байлар табының мүддесін қорғайды, сондықтан оларды тарихтың қоқысына лақтырып тастау керек» деп, тек қана таза пролетарлық мәдениет жасаймыз деп өректіген пролеткультшылдық нигилизм бағытындағы көзқарас болса, екіншісі, зерттеу жұмыстарында маркстік-лениндік методологияның әдебиеттің таптығы принципіне сүйеніп, «қандай да болсын ақын-жазушы өзінің шыққан табының мұңын жырлайды. Олардың мұрасына таптық тұрғыдан келу керек» деген солақай қағида.

Абай мұрасының жиналып-жариялануы саласындағы жұмыстардағы алғашқы еңбек - 1916 жылы С.Нұржанов Орынборда бастырған «Абай термесі» аталатын жинақ. Бұл Абай шығармаларының 1909 жылғы өлеңдер жинағынан кейінгі екінші рет баспа жүзін көруі еді. Кітапта Абайдың 7 өлеңі мен 1 қарасөзі жинақталған. Бұлар 1909 жылғы жинақта басылмаған, бұрын жарияланбаған тың шығармалар, соған қарағанда құрастырушы ақынның жарық көрмеген туындыларымен таныстыруды мақсат тұтқан. «Бұл бір елге көп жайылмаған, қазақ ақыны Абай Құнанбаевтың бұрын басылмаған аз ғана сөздері еді. Мен қолымдағы барды кітапша етіп, бастырып алуымды қаладым» деп ескертуі де соңы аңғартады. Ұлы ақын мұрасын ғылыми сипатта жинап-жариялай және зерттей бастаудың алғашқы қадамы осы кезеңде басталды. Бұл кезде шығып тұрған «Алаш» (1916-17 жылдар), «Абай» (1918 ж.), «Сарыарқа» (1917-18 ж.) секілді мерзімді баспасөз орындары Абай шығармаларын молынан жариялады. Абайдың өнерпаздық

тұлғасын танытуды мақсат тұтқан ғылыми-зерттеушілік сипаты басым мақалалар да бой көрсетті. Олар 1918 жылы «Абай» журналында жарық көрген «Абайдың өнері һәм қызметі», «Абайдан соңғы ақындар» атты еңбектері еді. «Екеу» деген жасырын атпен шыққан бұл мақалаларды жазған М.Әуезов пен Ж.Аймауытов болатын.

Абай мұрасын зерттеудің жан-жақты өріс алуына себепкер мәдени шаралардың бірі 1924 жылы Семейде өткен Абайдың қайтыс болуына 20 жыл толуына арналған әдеби кеш болды. Онда Х.Ғаббасов пен М.Әуезов ғылыми баяндамалар жасап, Көкбай ақын естелік айтса, Б.Герасимов, Н.Белослюдов деген орыс зиялылары да өз зерттеулерін ұсынған. Бұл еңбектердің барлығын ғылыми жинақ ретінде бастыруға шешім қабылдағанымен жарық көрмеді. В.И.Лениннің «Біз қай мұрадан бас тартамыз», «Пролетарлық мәдениет туралы» атты еңбектері жарияланған соң, 1923 жылы революцияшыл бағыттағы ақын-жазушылар мен әдебиетшілер пролеткультшылдық ниглизмге сүйенген көзқарасынан тез-ақ айнып шыға келді. «Біз қателесіппіз, әдеби мұраны таптық тұрғыдан бағалауымыз керек екен» деп енді «тұрпайы социологизм» теориясының сынаржақ ұранын көтеруге жанталаса ұмтылды. Соның салдарынан жоғарыда айтылған Абайдың қайтыс болуына 20 жыл толуын атап өту туралы қазақ даласында бір де бір газет үн қатпады.

Осы 1923 жылдан бастап қазақтың ұлттық ғылыми-зерттеушілік ой-пікіріне маркстік-лениндік методологияның, әдебиеттің таптығы, партиялығы принциптері қызу араласа бастады. Әдеби мұраны таптық тұрғыдан бағалауды ұстанған «тұрпай социологизм» мен «бірыңғай ағым» теориялары арасында күрес басталды. «Тұрпайы социологизм» тек Абайды ғана емес үстем тап ортасынан шықты деп санаған көптеген дарындардың мұрасын жоққа шығарды. Оның алғашқы белгісі

С.Мұқановтың 1923 жылғы «Қара тақтаға жазылып қалмаңдар, шешендер» атты мақаласында көрінді. Мақала А.Байтұрсыновтың 50 жылдық мерейтойына байланысты Орынбордағы жұмысшы жастар клубында оқылған С.Садуақасовтың баяндамасына қарсы жазылған. Баяндамашының Кенесары, Шоқан, Ыбырай, Абай, Ахметтерді ерекше орын алатын тарихи тұлға, ағартушы деген пікірін жоққа шығаруды мақсат тұтқан. С.Садуақасовтың «Абай Құнанбаев - қазақтың бір тамшы көз жасы» деп берген бағасымен үзілді-кесілді келіспеген.

1925 жылдан бастап Абай мұрасын зерттеу жұмыстары тоқтап қалды десе де болады. Оған екі түрлі себеп бар. Біріншісі әсіре тапшыл «тұрпайы социологизм» көзқарасын жақтаушылардың Абайды феодалдар табының өкілі ретінде дәлелдеуге деген позициясының әсері болды. Екіншісі, В.И.Лениннің «біз әрбір ұлттық мәдениеттің ішінен тек оның демократиялық-ағартушылық, социалистік элементтерін ғана аламыз, оларды алғанда тек қана және сөзсіз түрде әрбір ұлттың буржуазиялық мәдениетіне, буржуазиялық ұлтшылдығына қарама-қарсы қою үшін аламыз» деген қағидаға айналған қате пікірінен кейін қазақ әдебиетінен де ұлтшылдық-буржуазиялық әдебиет өкілдерін іздеу басталып, ат қойып, айдар тағу қолға алынды. Олардың қатарында «алашордашыл» атанған қазақ зиялылары мен «бірыңғай ағым теориясын» жақтаушылар түгелге жуық аталды. «Ұлтшылдардың шығармалары көп басылып кетті», «Ұлтшылдар Абайдан бастап байлар табынан шыққан ақындарды насихаттауда, оларды өздері жазған оқулықтарға енгізіп, еңбекші тап ұрпағын теріс тәрбиелеуде» деген секілді солақай пікірлер саяси астармен айтылып жатты. Абай мұрасын ғылыми игеруге ыждаһаттықпен кірісе бастаған әдебиетшілер басына саяси қауіптің қара бұлты үйіріле бастады. Олар халық ағарту, баспа, баспасөз маңайындағы жоғарғы

қызметтерден ысырыла басталды. ҚазАПП-тың құрылуы, оған «ұлтшылдардың» бірде бірінің мүше болмауы жағдайды ушықтырып жіберді. Міне, осындай жағдайда оларға қарсы С.Садуақасовтың «Қазіргі дәуір-іс дәуірінде» («Лениншіл жас», 1925, №7), Б.Кенжебаевтың «Абай» атты мақалалары («Еңбекші қазақ», 1925, 28 август) жарияланды.

С.Садуақасов Абайды жоққа шығарушыларға ашық түрде қарсы шығады. «Біреулер Абайды күйдіріп, өртеп жіберу керек дейді екен. Себебі, Абай ескі, ол бұрын болған, бізге жаңа керек дейді екен. Бұл пікірдің негізі дұрыс емес. Біз ескіге қарсы болғанда, оның шіріген, ескірген жеріне қарсымыз. Біз өткен заманнан осы күннің арасын шорт кесіп тастаймыз. Менен бұрынғының бәрі ескі, менікі ғана жаңа, өзіме жетеді, өзімді қанағаттандырады деп біз ешуақытта айтпаймыз» деп батыл, сай пікір білдіреді.

Ал Б.Кенжебаев «Абай кімнің ақыны, ұстаған жолы мен бағыты қандай?» деген даулы мәселелерге түбегейлі жауап беруге талпынған. Москвада жатқан қазақ студенттерінің әдебиет үйірмесінде талқыдан өткен ой-пікірдің негізінде жазылғандықтан мақала әдеби қауымның назарын аударғаны анық. «Абай қазақтың жазба әдебиетін бастады, соған негіз салды. Сондықтан Абай - қазақ жазба әдебиетінің ағасы. Бұл орын Абайға үлкендік те, кішілік те қылмайды. Абай өлеңдерін қарап келіп шығаратын қорытындымыз: «Абай- халық ақыны» деген тұжырым айту Абай мұрасының шын мән-мағынасын әділ таразылай алмай жатқан кезде психологиялық жағынан да, саяси тұрғыдан да қиын екені анық. «Маркс солай айтты екен деп мен өз пікірімді өзгерте алмаймын» деп марксизм-ленинизм методологиясы принциптеріне қарсы екенін ашық мәлімдеген А. Байтұрсыновтың 1926 жылғы «Әдебиет танытқыш» еңбегі де Абайды тануда жаңа жол

бастады. Теориялық ұғымдарды дәлелдеу барысында ақынның 20-ға тарта өлеңінің мысалға алынуы әдебиет теориясы тұрғысынан зерттеуге бастама десе де болады.

Ақын мұрасын зерттеуге тікелей арналмағанмен көркем әдебиет және әдеби мұраны игеру туралы «бірыңғай ағым теориясы» мен «тұрпайы социологизмді» жақтаушылар арасында болған айтыс-тартыста Абай аты жиі аталып отырды. Оны 1927-28 жылдары көркем әдебиет туралы болған әдеби айтысқа байланысты шыққан мақалалардан көрер едік. Бұл пікірталастың тууына себеп болған 1926 жылы «Еңбекші қазақта» жарияланған С.Мұқановтың «Көркем әдебиет туралы» атты мақаласы еді. Сәбең бұл мақаласында «бізде көркем әдебиет бар ма, болса ол қай таптың әдебиеті?» деген проблемалық сұрақтарды қоя келіп, пролетариаттық төңкерісшіл әдебиетті дамыту жолдарын ұсынады. Төңкеріске дейінгі әдеби мұраны жоққа шығарғандықтан да «Бұл жолда біздің үлгі алатынымыз орыс әдебиеті ғана. Қазақ әдебиеті өзінен-өзі үлгі алатын дәуірге жеткен жоқ» деген ұшқары тұжырымға келеді. Бұл тұжырым «бірыңғай ағым теориясын» жақтаушыларды, әдеби айтысқа шығуға мәжбүр етті. С.Мұқановқа қарсы алғаш «Көркем әдебиет туралы» мақаласымен тіл қатқан Қошке Кемеңгеров болды. Автор өнердегі дәстүр мен жаңашылдықтың тарихи сабақтастығы туралы пікірін Луначерский көзқарасымен байланыстыра келе, қазақ әдебиетін, «пролетариат әдебиеті», «ұлтшылдық әдебиет» деп бөлуге болмайтынын дәлелдейді. «Кімнен үлгі аламыз?» деген мәселеде қазақ әдебиетінің өнеге алар арнасы өткен дәуірдің классикалық мұрасы болу керек екенін нақты айтады. «Бізде кең бұқарашылдық рухында жазылған кітаптардың басылуына Сәбит неге ренжиді? Қазақ әдебиетіне тойып секіретін күн әлі туған жоқ» дей келіп, ақынды шыққан тегіне қарап емес, творчествосының идеялық бағыттарына, жыр еткен

әлеуметтік тақырыптарына қарап бағалаудың, қазақ әдебиетінің тарихында ғана емес, қазіргі көркем әдебиетке де тигізер әсерін баса айтады.

Әдеби айтысқа қарама-қарсы көзқарастағы осы екі теорияның өкілдері қызу араласып, 20-дан астам мақала жарияланды. Олардың барлығына тоқталу міндетті емес. Абай мұрасына байланысты бір-екеуін ғана сөз етейік.

С.Мұқанов Қошкеге қарсы ойларын жалғастырып, «Көркем әдебиет туралы қорытынды пікірім» (1927), «Әркім өзінше ойлайды» (1928) атты мақалаларын жазды. Ондағы әдеби мұраға деген пікірінде: «Абай кез келген даяр таяқтың иесі, даяр тоқпақтың ұрушысы, даяр қазықтың қағушысы болды да жүре берді. Абай - байшыл табының ақыны. Ондап зерттеген кісіге байшылдық-ұлтшылдықтың түп қазығы - Абай» деуге дейін барды. Бұл қате қисынға Ы.Мұстамбаев «Абай», С.Садуақасов «Әдебиет әңгімелері» атты еңбектерімен жауап берді. Ы.Мұстамбаев: «Тарихта жалғассыз еш нәрсе жоқ. Қазақтың бұрынғы әдебиеті болсын, орыс әдебиеті болсын Абайға азық болды, олар барып Абайды туғызды, Абай болған соң, Байтұрсынов болған соң ғана бұл күндерде Сәбит шықты» деп Сәбеңнің Абай туралы теріс пікіріне соққы берді. Осы әдеби пікірталаста классикалық мұра туралы жаңашыл пікір айтқан С.Садуақасовтың «Әдебиет әңгімелері» атты мақаласы болды. Автор қазақтың ұлттық әдебиетінің тарихына байланысты талғамды да табанды зерттеуді әлі ешкім жазбағанына көңіл аударма келіп, бұл саладағы жұмыстарға «тұрпайы социологизм» теориясының әсері тиіп отырғанын, оның ішінде С.Мұқанов, Х.Жүсіпбеков, Ж.Орманбаев, Ғ.Тоғжанов, М.Қайыпназаров секілді «оқығандардың» көзқарасын қатаң сынға алады. «Анда-санда әйтеуір Абайды көрінен бір аударып қоямыз, онда да жүре салды. Ал Абайды былай қойғанда, Сұлтанмахмұт, Берниязды кім біледі? Қай

сыншы бұлардың табысын зерттеп, қорытынды шығарды? Шындыққа келсек бұл екі ақынның екеуі де ірі кісі» деген пікірі ұлттық әдебиет тарихын зерттеу секілді өзекті мәселені көтеруімен құнды екенін ескерту қажет.

«Ескіден қалған мұраға біз ие боламыз ба, жоқ па?» деген дәуір талап етіп отырған мәселені Абай шығармашылығына байланысты өрбіте келіп: «Абай да ескі мұра, бірақ Абайдан қалған мұра ескірген жоқ. Әлі де қазақ ақындары Абайдан шеберлікке үйрену керек» деп ашық айтуы сол кездегі сыншылдық-эстетикалық, ғылыми- зерттеушілік ой- пікірдегі үлкен табыс еді. Бірақ бұл әдеби айтыстағы Абай мұрасына орай айтылған ой-пікір аяқсыз қалды. Оған себеп болған «ұлтшыл-алашордашы» атанған қазақ зиялыларының басына төнген сталиндік зұлматтың қанды шенгелі еді. Әдеби мұраға, Абайға оң көзқарастағы қазақ зиялылары түгелге жуық ұсталып, атылғаны атылып, сотталғаны сотталып тынды. Олардың әдеби-сын еңбектерінен саяси астар іздеген тапшылдардың қаралағыш мақалалары жарияланып жатты да, оның бір шеті Абайға да тиіп жатты. Мысалы, 1930 жылғы Москвада басылған «Литературная энциклопедияда» Ғ.Тоғжанов: «Қазақ ұлтшыл-буржуазиялық әдебиетінің қолбасшысы Абай Құнанбаев болып табылады. Оның ісін А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Ш.Құдайбердиев, О.Қарашев жалғастырып келеді. Жастар арасынан олардың ізін басып М.Жұмабаев, С.Дөнентаев, А. Мәметов, Б.Өтетілеуов, С.Сейфуллин, Б.Майлин сияқты ақындар, тағы басқалар шықты. Олардың творчествосындағы негізгі сарын – дарашылдық, ұлтшылдық- исламшылдық» деп жазса, ҚазАПП төрағасы М.Қайыпназаров Мәскеуде сыншылар жиналысындағы сөйлеген сөзінде «Абай- халыққа жат тұлға» деп түйіп айтты. Ол «М.Әуезовтің Абай мұрасын жинап-жариялап,

баспаға ұсынуы саяси бағыттағы соқырлық, үлкен қателік» деп табады.

Абайдың қайтыс болғанына 30 жыл толуына арнап таңдамалы өлеңдер жинағын шығару мен ақынның ғылыми ғұмырнамасын жазу ісі қолға алынды. 1933 жылы жарық көрген бұл жинаққа Абайдың өмірі мен творчествосы туралы алғы сөзді «Кірісу» деген атпен қазақ поэзиясының «Құлагері» атанған І.Жансүгіров жазып шықты. Мерзімді баспасөз бетінде ақынның өмірі мен творчествосына арналған мақалалар, естеліктер көптеп шығып, 1934 жылы «Әдебиет майданы» журналы өзінің екі санын бірдей Абайға арнады. Осы кезден бастап Абайдың өмірін, творчествосын, өнерпаздық тұлғасын, қазақ әдебиетіндегі алатын орнын жан-жақты зерттеу жұмысы басталды. Абайдың ғылымдық өмірбаяны, дүниетанымы мен әлеуметтік көзқарасы, поэзиясының нәр алған арналары, поэтикасы, реализмі және творчествосының тағы басқа ерекшеліктері ғылыми жолмен зерттеле бастады. Абайтану ғылымын өркендетуге үлес болып қосылған еңбектер шыға бастады. Ғалым Е.Ысмайлов айтқандай «Абайды ғылыми жолмен зерттеу кезеңі» басталды. Оған дәлел ретінде Ғ.Тоғжановтың «Абай» (1935) атты монографиясын атасақ та жеткілікті. Абайтану жеке ғылым саласы ретінде қалыптасу процесіне қадам басты. Оның туу кезеңдеріндегі ізденістер мен іркілістердің сыры осындай.

1995 ж.

## Ә.БӨКЕЙХАН ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ ӘДЕБИЕТТАНУ ҒЫЛЫМЫНЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Ұлттық әдебиеттану ғылымының алғашқы бастаулары болып табылатын тарих алдындағы алғышарттарға толы XIX ғасырдың II жартысындағы ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің Шоқан, Ыбырай, Абай сияқты кемеңгерлердің тұлғасы арқылы ғылыми танымдық биіктіктерге қол соза бастағанын айтқан уақытта, алғашқы қазақ баспасөзінің сіңірген еңбегінің зор болғанын атап көрсету керек. Шын мәніне келгенде, олар ояна бастаған қоғамдық, саяси-әлеуметтік, педагогикалық - ағартушылық, сыншылдық - эстетикалық ой-пікірдің орталығы болды. Оқу - білімге, мәдениет пен өнерге, ғылымға деген ұмтылысты күшейтті, әр түрлі дәрежеде білім алған қазақ оқығандары мен ел ішіндегі парасатты ақыл-ой иелерін ұлт мүддесі үшін қызмет жасауына бағыт берді. Жаңа туған жазба әдебиетті, Абайдан басталған сыншыл реализмді, ағартушылық бағытты насихаттау арқылы әдебиеттің көркем өнер саласы ретіндегі қоғамдық мәнін өсіре түсті. Ұлттық сыншылдық - эстетикалық ой-пікірге кең өріс ашты. Қоғамдық әлеуметтік мәселелермен қатар, әдебиет және тіл туралы өзекті мәселелер көтере алған сыншылдық ой-пікір мәнді арна табуға ұмтылыс жасау барысында әдебиетті ғылыми тұрғыда тану проблемасын кейде нақты, кейде жанама түрде болса да айтып қалып отырды (1, 54). Сонымен қатар, ғылыми тұрғыда жүйелі болмаса да мұраны жинап-жариялау жұмыстарына бүкіл халықтық сипат тудырды, көптеген әдеби нұсқаларды жариялады, олардың ғылыми зерттеле бастауына мұрындық болды.

Міне, осы айтылғандардың барлығы басты мәселеге, яғни әдеби-теориялық, ғылыми-зерттеушілік ой-пікірге әкелетін эстетикалық талап-талғам мен таным-білікті көтеру арқылы филологиялық білімдер жүйесінің кеңінен

таралуына шешуші жағдай туғызды. «Дала уалаятының газеті» ел ішіндегі мектептердегі оқыту жайы, қазақ тілінің тазалығы, оның емлесі және ережелерін жасау, орыс алфавитіне көшу, араб тілінде төте оқу секілді мәселелерге арналған мақалаларында тіл білімінің өзекті мәселелерін көтере алуы оған айқын дәлел. Әдебиеттану ғылымында академиялық зерттеу мектептері қалыптасқан елдердің зерттеу еңбектерімен қатар қоюға болатын алғашқы ғылыми сипаты айқын мақалалар да жазыла бастады. Ол - қазақ халқының ардагер перзенттерінің бірі Әлихан Бөкейханның «Туземец» деген жасырын атпен жазылған «Қобыланды» жырындағы әйелдер» деп аталатын мақаласы. Бұл - ұлттық әдебиет туралы ғылымның арғы бастауларынан бері келе жатқан ғылыми ізденістер жолында нақты бір көркем шығарманы ғылыми-зерттеушілік, әдеби-теориялық тұрғыда тұтастай алып талдаған алғашқы еңбек. Шоқанның өзі жазып алған эпостық жырларын тарихи-ғылыми сөз еткенімен, теориялық талдауларға бара бермегені белгілі.

«Ұлтшыл-алашордашыл» атанған арыстарымыздың соңғы кезге дейін ғылыми айналымға қосылмай келген еңбектері секілді, бұл мақаланың да ғылыми-зерттеушілік ой-пікірді дамытудағы үлесі назардан тыс қалып келді. «Қобыланды батыр» жырын немесе қазақтың эпостық жырларын кейіндегі кеңес өкіметі тұсында монографиялық тұрғыда қарастырған фольклористика саласындағы еңбектердегі басты тұжырымдарға негізгі өзек болған ойлар осы Ә.Бөкейхан мақаласынан туындап отырса да, белгілі себептермен сілтеме жасау құрметіне де ие бола алмай қалды. Қоғамды қайта құруға байланысты жаңаша көзқарастың әсерінен алғаш рет «Қазақ фольклористикасының тарихы» (1988) атты еңбекте С.Қасқабасов «XIX ғасырдың II жартысындағы қазақ фольклористикасы» деген тарауында сөз етіп, ғылыми ой-

пікірдегі маңызын ашып берді. Соның өзінде Ә.Бөкейхан туралы ештеңе айта алмай, амалсыздан «Туземец» мақала авторының лақап аты, В.М.Сидельниковтың айтуынша авторы Ә.Диваев. ...Сол уақыт үшін әрі озық, әрі баспа бетінде ашық айтылмайтын ойларды батыл көтергені үшін өз есімін жасырып, «Туземец» деп қол қойған» (2, 138-142), - деп қорқа-қорқа барған. Қалай дегенмен де қазақ фольклорының зерттелу тарихы туралы еңбекке Ә.Бөкейханның зерттеуін жасырын атымен болса да енгізуін оны мойындағандық деу керек.

Бұл мақаланың ғылыми сипаттағы мазмұны мен көтерген проблемасы сол кездегі ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің деңгейін көрсететінін айта келіп ғалым С.Қасқабасов: «Мақалада қазақ фольклористикасы үшін аса маңызды бірнеше мәселе көтерілген. Бұлар: эпостың тарихилығы, «Қобыланды» жырының шығу мерзімі, қазақ фольклорының түрлері, жыршы және оның шеберлігі, қоғамдық ой-сананың көрініс табуы, «Қобыланды» жырындағы әйелдер бейнесі, олардың атқарып отырған идеялық қызметі» (2, 142), - деп жазады. Біз бұған толығынан келісеміз. Өйткені, ұлттық ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің сол кезде нақты сөз етуге ұмтылған басты мәселелерінің өзі осы болатын. Тыңнан қосылғаны - жырдың образдық жүйесіне теориялық талдау жасаудағы алғашқы қадамның көрініс табуы. Ұлттық ғылыми-зерттеушілік ой-пікір бұған дейін тарихи-мәдени мектептің тарихилық принципі бойынша фольклорлық жырдағы тарихи оқиғалардың көрініс табуын, жырдың алғаш рет пайда болуын, аңыздық желілер мен тарихи деректер бойынша қарап келген болатын. Мақала авторы оны жырдың сюжеттік құрылымынан іздейді. Басқа жыр-аңыздар мен тарихи деректерді салыстырмалық тұрғыда қарамауының себебі де осында.

«Мақаланың басты концептуалдық идеясы, - деп жазады одан әрі С.Қасқабасов - қазақ тұрмысы мен мәдениетіне ислам ықпалының күшеюі заңды деген ой». Бұл - Ә.Бөкейхан еңбегінің зерттеушілік мәнін дұрыс таныған пікір. Өйткені, мақала авторының ғылыми-зерттеушілік көзқарасында тарихи-салыстырмалық бағыттың басты белгілері нақты орын алған. Бұл кезде Ресейде тарихи-салыстырмалық әдебиеттану әдеби мұрадағы екі дінділіктің (двоеверия) көрініс табуын арнайы зерттеу проблемаларының бірі етіп қойған болатын. «Немало затруднений - причем не только западноевропейским, а и русским исследователям - доставляло истолкование так называемого «двоеверия» - смешения языческих элементов с христианскими. Оно наблюдалось как в средневековой европейской литературе так и в фольклоре» (3, 273), -деп жазылғандай, бұл мәселе орыс зерттеушілерінде әр түрлі бағыттағы пікірталас туғызды. Әдебиеттегі екі дінділіктің көрінісі туралы ғалымдардың бір тобы, әсіресе славянофилдар, халықтың христиан дініне деген ықыласы мен ынтасы шамандыққа негізделген дүниетанымды (языческую культуру) ығыстырып шығарды да, олардың белгілері әдеби мұрадағы мифтік таным мен образдарда ғана қалды деп есептесе, мифолог әдебиетшілер шамандық дініне негізделген аңыз-жырларды ерекше құрмет тұтқандықтан христиан діні мифтік образдардың сыртқы белгілерімен ғана ұқсасады деп тапты. А.Н.Веселовский бастаған зерттеушілер бұл екеуіне де қарсы шыға келіп, жаңа діннің догмалық қағидаларын халық бірден қабылдауы мүмкін еместігіне сүйене отырып, шамандық пен христиандықтың бір-біріне үстемдік етуі үшін күреске түсуі барысындағы дүниетанымдық көзқарас әдеби шығармаларда көрініс табатынын, олар бір-бірін толықтыратынын, жаңа ескінің өзіне қажетті деп тапқан белгілерін алмай қоймайтынын

айтады. Олар тұрмыс-тіршіліктің өзгеруіне байланысты шамандыққа тән мифтік ұғымдар ескіріп, жаңа дінге тән сипат қабылдап өзгеріске түседі деген тұжырымға ден қояды. А.Н.Веселовский жаңа фантастикалық образдар жасау үшін шамандық мифологияның ерекше дамуы қажет емес екенін айта келіп: «Если в такую умственную среду попадает остов какого-нибудь нравоучительного аполога, легенда, полная самых аскетических порывов, они выйдут из него сагой, сказой, мифом», - деп жазады. Ә.Бөкейхан мақаласында «Қобыланды батыр» жырын зерттеуді осы А.Н.Веселовский бастаған ғалымдар позициясы тұрғысынан қарайды. Оны автордың: «В былине ярко обрисована глубокая симпатия народа к своим старым верованиям, поневоле уступающим место и значение новым мусульманским. Герой Кобыланды тотчас же навлекает на себя и свой народ бедствия, как только перестает следовать старым верованиям. Но язычество уже довольствуется лишь пассивным участием в жизни, предоставив деятельное направление и судьбы и поступков человека мусульманству, введшему в жизнь неумолимый закон предопределения. Мы выбрали эту интересную для изучения киргизов и их культуры былину «Кобыланды», для рассмотрения типов киргизской женщины, как более подходящую по своей популярности и относительной правдивости. Никакая другая былина не может лучше ответить на интересные вопросы, чем «Кобыланды», благодаря ее положению на рубеже двух верований народа - на вопросы о киргизке-язычнице, о том, как стала она мусульманкой, и о взглядах на женщину киргиза-мусульманина и киргиза-язычника» (4, 320), - деп жазуы анық көрсетеді. Әрине, мұндағы киргиз дегеннің қазақ екені түсінікті. Еңбек орыс тілінде жазылғандықтан және орыс тіліндегі басылымда шыққандықтан автор солай алуға мәжбүр болған. Сол сияқты ескі наным-сенімді,

бұрынғы дүниетанымдық сананы қазақ даласын зерттеген орыс фольклористері секілді шамандық деп алмай, тарихи-салыстырмалық әдебиеттануға сай «язычество» деп алуы да соның дәлелі.

«Қобыланды батыр» жырының шығу кезеңін анықтауда да осы тарихи-салыстырмалық талдау тұрғысынан келеді. Ол үшін қазақ халқының жоңғарларға қарсы соғысы өте ұзаққа созылып XVII ғасырға дейін келгенін тілге тиек ете келіп, жырда осы соғыс суреттелетінін айта отырса да, жырдың ең алғашқы айтыла бастауының басты белгісін сол кездегі басқа зерттеушілер секілді тарихи оқиғаның орын алуымен байланыстыра қарамайды. Керісінше, жырдағы образдардың жырлану сипатына орай халықтық дүниетанымның көрініс табуына үңіліп, жырдың алғашқы шыққан уақытының белгілерін табуға ұмтылады. Бұл сол кездегі ғылыми-зерттеушілік ой-пікір үшін үлкен жаңалық екені даусыз. «Қазақтардың мұсылман бола бастаған уақытында шыққан бұл жыр, - деп көрсетеді автор - шамандықтың көп белгісін сақтап қалған, ендеше бұл жағдай сол замандағы қазақ шамандықтан исламға көшкен тұсын бейнелейді. Бұл жерде, тіпті шамандық өте әлсіреген болса да, қазақ халық наным-сенімінің екі элементі бой көрсетіп тұр» (5, 139). Кейінде кеңес дәуіріндегі әдеби мұраны игеру саласындағы ізденістерде «Қобыланды батыр» жырының шыққан кезеңіне байланысты пікірталас 40-жылдардың соңына дейін созылып, басқаларды айтпағанда оған М.Әуезов, М.Ғабдуллиндерге дейін араласқаны белгілі. Ендеше XIX ғасыр соңында әдеби мұраны игерудегі зерттеушілік бағыттағы ой-пікір қандай ғылыми биіктіктерге дейін қол созғаны өз-өзінен түсінікті. Жыр ислам діні ене бастаған кезден бастап жырлана бастады деген ойды шығарманың сюжеттік желісі бойынша

кейіпкерлерге сипаттама беру барысында үнемі ескертіп отырады.

Ә.Бөкейхан мақаласының әдеби мұраны игеру жолындағы ұлттық ғылыми-зерттеушілік ой-пікірге қосқан үлесін анықтау үшін негізгі сөз еткен мәселелері мен қосқан жаңалығын атап көрсету қажет.

1. Ә.Бөкейхан өз мақаласы арқылы көркем шығарманы құрылысы мен сюжеттік желісіне қарай талдаудың алғашқы үлгісін салды. Бұл бұрын таныстыру, бағалау және тарихи арналарын ашудан әріге бара алмай жүрген ұлттық ғылыми-зерттеушілік ой-пікір үшін үлкен жаңалық болып табылады.

2. Көркем шығарманы образына орай талдауға тұңғыш қадам жасалды. Жырдағы образдар жүйесін сөз еткенде баяндаушылық сипаттан көрі іс-әрекетіне, сюжеттік-композициялық құрылысындағы алатын орнына қарай талдау, сол арқылы шығарманың айтар ойы мен тәрбиелік мәнін ашуға деген ұмтылыс басым. Ең бастысы - әйелдер образын бір-бірімен салыстырмалық тұрғыда талдауы. Аналық, Қарлығаш және Құртқа, Қарлыға-Құртқа бейнелерін бір-бірімен салыстыра қарастыруда, бұл образдарды жасаудағы шамандыққа негізделген мифтік дүниетаным мен ислам дініне сай жырды шығарушы көзқарасын ашуда, қазақ әйелінің қоғамдағы орнын анықтауда зерттеушілік мақсат ұстанды. Жырдағы қазақ әйелдерінің тағдырына ислам дінінің әсеріне, әйелдерге деген мұсылмандық көзқарасқа сыншылдық тұрғысынан келуінен сол кездегі әйелдер теңдігі туралы қоғамдық ой-пікірдің әсері анық байқалады. Жырдағы образдар жүйесін сөз етудің нәтижесінде Ә.Бөкейхан ұлттық ғылыми-зерттеушілік ой-пікірге шығарма кейіпкері деген ұғым енгізді. Қобыланды бейнесі арқылы тарихи, Көктен кемпір, Құртқа образдары арқылы мифтік кейіпкер деген түсініктің орын алуына бастама салды.

3. Әдеби шығарманың тарихқа қарым-қатынасы мен шыққан кезеңін анықтауда бұрын ел тарихындағы оқиғаның жырлануы мен шежіредегі деректерді, аңыздық желілерді қатар алып жүрген тарихилық принципіне жаңа бағытты, яғни көркем шығарманың өзі арқылы, ондағы образдардың жасалуындағы көзқарас арқылы зерттеуді бірінші боп қолданды.

4. Ұлттық әдебиеттанудағы зерттеушілік ой-пікірде айтылып келген әдеби мұраның халықтығы проблемасын белгілі бір шығарманы талдау арқылы ғылыми негіздеді. Әсіресе, ол Қарлыға образын сөз етуде анық көрінеді. Бұрын нақты образдың жасалуындағы халықтық көзқарас деген мәселе сөз болмаған еді. Расында да Қарлыға бейнесі басқа батырлар жырында ұшыраспайды. Аналық, Қарлығаш бейнелерін жасаудағы ислам дінінің, Құртқа, Көктен кемпір образдарын сомдаудағы мифтік ұғымның ықпалын қазбалай айтқан мақала авторы Қарлыға бейнесіне келгенде, оны өз бақыты үшін күресуші, ол үшін ештеңеден тайынбайтын қайсар жан деп түсіндіреді. Мақаладағы Қарлыға бейнесіне байланысты айтылған баға кейінгі зерттеу еңбектерде қайталана айтылып, әлі күнге дейін келе жатыр. «Несмотря на ее безумную отвагу, чудовищные жестокости и кажущуюся бессердечность, народ признал Карлыгу, - деп жазады Ә.Бөкейхан - за нормальное явление при наличии непосильных и крупных препятствий к восстановлению поправленных прав женщины, видя в ней не безнравственное чудовище, а свою надежду на лучшее будущее киргизской женщины... Народ не отказался признать за нею право на это счастье, что не мог сделать мусульманин Кобланды» .

5. Ә.Бөкейхан өз мақаласында образ жасаудағы автор шеберлігі деген мәселені тұңғыш рет сөз етті. Қобыланды батырға лайық жар іздеудегі автор позициясын «Автор не удовольствовался в выборе подруги для своего любимого

героя обыкновенным мерилom, а поставил ее в совершенно исключительное положение. Он как будто сознавал, что иначе она не играла бы никакой роли в жизни героя, усвоившего себе мусульманский взгляд на женщину», - деп түсіндіреді. Мақала авторы жырдың фольклорлық шығарма екенін біле тұрса да оны алғашқы шығарушының образ жасаудағы шеберлігінің халықтық көзқарасқа сай келуімен байланыстыра бағалайды. Мысалы, мына пікір сол кездегі ғылыми-зерттеушілік ой-пікір үшін үлкен жаңалық екені даусыз. «Надо отдать должную справедливость таланту и сообразительности с полным знанием воспеваемой им жизни и ее представительницы. Он совершенно справедливо не стал искать героиню среди своих соплеменниц-мусульманок, которые как более восприимчивый элемент народа, уже давно превратились под давлением религии в робких и забытых существ, утеревших способность к личной и самостоятельной жизни. Автор вернулся за героиней к оставленному язычеству» .

6. Шығарма сюжетіндегі негізгі және әсерлі эпизодтар мен оны жырлаудағы жыршының іс-әрекетін, орындаушылық шеберлігін тығыз байланыстылықта қарастырады. Бұл жерде Ә.Бөкейхан шығарманың авторының позициясы және оны жырлаған жыршы көзқарасы деген мәселені көтереді. Образ жасаудағы автор позициясы мен орындаушы жыршы шеберлігінің сәйкес келуі жырды айтудағы басты шарт болуы қажеттігіне көңіл аударады.

«Мұндай тұрғыдан батырлар жырын талдау қазақ фольклорында жатқан көптеген рухани байлықтарымызды аша түсетініне көз жеткізуге болады. Ислам тарихынан, грек эпосынан мысалдар келтіру, Мухамедтің қызы Фатима мен күйеу баласы Әли, Баба түкті шашты Әзіз туралы аңыздарды пайдалануда жыр мазмұнын қысқа

қайырып отырып, тұлғаларға мінездеме беруде Әлихан Бөкейхан үлкен әдебиетші, сыншы, тексттің терең білгірі екендігін танытады» (6, 431).

Ә.Бөкейханның бұл мақаласы ұлттық ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің таза ғылыми мәнге ие болу жолындағы ұмтылысының үлкен дәрежеде көрінуін дәлелдеді. Оны фольклор туралы ұлттық ғылымның ғасырларға созылған тарих алдындағы кезеңінің аяқталғанын, енді туу дәуіріне нық қадам басуға бет алғанын байқататын ғылыми маңызы жоғары еңбектерінің бірі деп бағалау керек.

Ұлттық ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің фольклортану саласындағы ізденістеріне орыс фольклорист-ориенталистерінің еңбектерін қоса қарастырсақ, бірталай жетістікке қол жеткенін байқар едік. Алайда, ол фольклорист ғалым С.Қасқабасовтың ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы зерттеу еңбектерге шолу жасай келіп: «Бұл кезеңде қазақ фольклористикасы ғылымның жеке саласы ретінде толық қалыптасып болды» (2, 146), - деген тұжырым жасауына негіз бола алмайды. Рас, орыс ғалымдары мен жергілікті ұлт зиялыларының орасан зор еңбегінің арқасында фольклорлық мұраның көптеген үлгілері жиналып-жарияланды, ғылыми тұрғыда зерттеу жұмысы қолға алына бастады. Бірақ, оларда ең құрығанда қазақ фольклорының классификациясы да жасалған жоқ. Сондықтан С.Қасқабасовтың бұл пікірі шындыққа сай келмейді. Әдеби-тарихи, әдеби-теориялық бағыттағы ғылыми-зерттеушілік ой-пікір өз салалары бойынша ізденістерге енді қадам басып жатқан уақытта, фольклорды толық зерттеп біттік деуге болмайды. Қазірдің өзінде Х. Досмұхамедұлының фольклортану саласындағы еңбектерінің ішінде оқшау тұратын «Қазақ халық әдебиеті» (1928) ғылыми очеркінде көрсетілген фольклорлық 46 жанрлық түрдің тек жиырма шақтысын ғана зерттеп,

ғылыми айналыста қолданып жүрміз. Оның өзінде еуропацентристік көзқараста бұрмалай түсіндіріп келеміз. Тәуелсіздік алғаннан беріде жасалып жатқан қыруар ізденістер мен жұмыстарды қайда апарып жатқызамыз?! Ал С.Қасқабасов XIX ғасырдың екінші жартысының өзінде-ақ қазақ фольклористикасын ғылымның жеке саласы ретінде толық қалыптастырып тастайды. Орыс фольклорист-ориенталистерінің миссионерлік ниғылы басым еңбектеріне бола осындай кесімді пікір айту тым білгірлік емес. Ең құрығанда бір монография болса да шықпағанда жеке ғылым саласы қалыптасып болды деу, әрине, ұшқары тұжырым болып табылады.

Фольклортануды әдебиеттану ғылымының пәндері қатарына жатқызбағанымызбен, оны да зерттейтін сол ұлттың әдеби-тарихи және әдеби-теориялық бағыттағы ғылыми-зерттеушілік ой-пікірі екенін ұмытпаған абзал. Біздің ойымызша, қазақ фольклористикасы ғылымының туып, қалыптасу кезеңі XX ғасырдың алғашқы жартысының еншісінде. Ал бұл кезеңде сол болашақ зерттеулерге ұласатын ғылыми ізденістердің алғашқы соқпағы салынды, фольклорлық мұраның қоры жасалды. Бұл жолда, яғни қазақ фольклорының ғылыми тұрғыда зерттелудегі Ә.Бөкейханның біз жоғарыда сөз еткен еңбегіне қоса осы саладағы басқа да мақалаларын атай кеткен абзал. Оған 1914 жылы Қазан қаласында М.Тұяқбаев бастырған «Қобыланды батыр» жырына жазған «Қара қыпшақ Қобыланды» (сын), «Дала уалаятының газетінде» «Қыр баласы» деген жасырын атпен жариаланған «Редакцияға хат» аталатын мақалаларындағы тың ой-пікірді атар едік. Қорытындылай айтсақ, ғалымның еңбектері фольклортану саласындағы соны ізденістердің негізін қалағанның байқар едік.

Тарихи шындық тұрғысынан қарағанда Қазан төңкерісіне дейін ұлттық фольклортанудағы азды-көпті

зерттеулерде әдеби мұраны әдіснамалық тұрғыдан сөз еткен Шоқан мен Әлихан екеуі ғана. Орыс ориенталист-фольклорист ғалымдарының қоса есептегенде қазақ фольклортануындағы ізденістер филологиялық мектептің, яғни жинау-жариялау, бағалаудың, дәрежесімен аса алған жоқ болатын. Міне ұлттық фольклортанудағы осындай іргелі зерттеулерге бара алған Әлихан Бөкейхан сол кездегі ғылыми зерттеушілік ой-пікірдегі әдебиет тарихын тексеру мәселесіне де батыл араласқанын байқаймыз.

1903 жылы Петербургте «Россия. Біздің отанымыздың толық географиялық сипаттамасы» деп аталатын көп томдықтың XVIII томы қазақ халқының тарихына арналып, «Киргизский край» деген атаумен шықты. Осы томның «Қазақ аймағының тарихи тағдыры және оның мәдени жетістіктері», «Қазақ аймағының территория бойынша орналасу тәртібі және оның этникалық құрамы, тұрмысы мен мәдениеті» деген тарауларын Ә.Н.Бөкейхан жазды. Қазақ халқының мәдениеті мен өнерін, әдебиетін сөз ете келіп, Әлихан ұлттық ғылыми-зерттеушілік ой-пікірде әдеби мұраны ең алғаш рет ауыз әдебиеті және жазба әдебиеті деп бөледі. Ауыз әдебиетінен көптеген халық жырларын атап келіп, «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырына әдеби талдау жасайды. Жазба әдебиет өкілдері деп Ноғайбай, Шортанбай, Шөже т.б. ақындарды атап Абайға арнайы тоқталып, оны қазақ әдебиетіндегі жаңа бағыттағы жаңа әдебиеттің көш басшысы деп бағалайды. «Енді қазақ поэзиясындағы жаңа ағымның өкілі ретінде Құнанбаевты - формасы жағынан айрықша және мазмұны жағынан (әсіресе бейнелеуде) арынды көптеген өлеңдердің авторы деп атауға болады. Осы автор «Евгений Онегин» және Лермонтовтың көптеген өлеңдерін (қазақтарға түсініктілерін) жақсы аударған, сондықтан да Семей әншілерінің аузынан «Татьянаның хаты» атты өлеңін тыңдауға болады», - деген пікірді классикалық мұраны

ғылыми тұрғыда игеру жолындағы ғылыми-зерттеушілік ой-пікірде мәнді жаңалық деуге болады. Ұлттық әдебиет тарихын зерттеудегі ізденістің елеулі бір қадамы екені анық.

Осы кезеңдегі ғылыми бағалаушылық мәнде жазылған мақалаларды қарап отырсақ, жеке ақын-жазушының шығармашылық ерекшелігін ашу арқылы әдебиеттің халықтығы, ұлттығы мәселелерін танытуға деген талап байқалады. Әрине, шығармашылық дүниетанымның көрініс табуы секілді күрделі мәселеге бара қойған жоқ. Бірақ, Ә.Бөкейханның жоғарыдағы пікіріндегі Абайды жаңа ағымның өкілі деген уақытында сыншыл реализмді айтып отырғанына, ал жанр, форма мен мазмұн мәселелерін сөз етуі, ақын творчествосына талдау жасауға деген ұмтылысты байқатады. Бұл ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің классикалық мұраны игеру барысында жалпыдан жалқыға қарай даму заңдылығына орай нақтылыққа бой ұра бастағанына айқын дәлел.

Бір айта кететін жағдай, тәуелсіздік алғанымызға дейін Ә.Бөкейхан есімін атауға тыйым салынған кеңес дәуіріндегі талап-тілекке сай бұл томдағы Абай туралы пікірлерді орыс ғалымы А.Н.Седельниковке апарып таңып жүрген тұжырым абайтану ғылымында әлі күнге дейін орын алып отыр. Еуропоцентристік көзқарасқа әбден мойынсұнып, бізге барлығын орыстар жасап берді деп өзімізді өзіміз мансұқ етіп келгеніміздің бұл да бір мысалы. XVIII томдағы қазақ әдебиетінің тарихы, оның көрнекті өкілі Абай туралы пікірді А.Н.Седельниковке апарып таңғанда оның қазақ фольклоры мен әдебиеті туралы басқа орыс фольклористермен салыстырғанда жар-тымды ештеңе жазбағанын да естен шығардық (7). Оның қазақ даласын зерттеудегі негізгі нысанасы географиялық жағдайлары мен жануарлар, өсімдіктер дүниесі, этнографиясы болған. Әзірге бізге белгілі еңбегі

«Распределение населения киргизского края по территории, его этнографический состав, быт и культура» деп көрсетіліп жүр (2, 281). Бұл - біз жоғарыда сөз еткен XVIII томдағы Ә.Бөкейхан жазды деп отырған тарау. Оның авторы Ә.Бөкейхан екенін мына дерек дәлелдей түседі. Осы тараудағы Абай шығармашылығы туралы айтқандағы «Семей әншілерінің ауызынан «Татьянаның хаты» атты өлеңін тыңдауға болады» деп жазған пікірін 1905 жылы «Семипалатинский листок» газетіндегі «Абай Құнанбаев» (некролог) атты мақаласында «1899 году в Кокенской волости киргизский певец Адылхан предложил нам послушать «Письмо Татьяны» под аккомпанемент его скрипки», - деп нақтылай түскен болатын. Ә.Бөкейханның басқа да ғылыми еңбектерімен тарихи және стийдік жағынан салыстыра зерттесе көп сыр ашылатыны анық. Өкінішке орай, бұл тарау 1995 жылы шыққан Ә.Бөкейханның таңдамалы жинағына енгізілмеген.

Бұл томдағы қазақ әдебиетін сөз еткен тарауды Ә.Бөкейхан жазған дегенде Әлихан мен Абай бір-бірін білген бе деген мәселе туындайды. Бұл, әсіресе, Абай өмірбаяны туралы алғаш жазылған К.Ысқақов пен Әлихан мақалалары төңірегінде жиірек айтылып жүр. Бұл мәселені шешіп алу - абайтану ғылымы және Бөкейхан мұрасын зерттеу үшін ғана емес, ұлттық ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің қалыптасу жолын көрсетуде де маңызы бар. А.Н.Седельников жазсын, Әлихан жазсын әйтеуір Абай тұлғасы орыс жұртшылығына осы еңбек арқылы танылды ғой деп «жауырды жаба тоқып» кете беруге енді болмайды. Бұған Әлихан, Кәкітай мақалалары мен басқа да еңбектерді сөз еткенде әлі де тоқталамыз. Әзірше осы томдықтағы мақалаға байланысты кеңірек сөз етіп көрелік.

Біздің ойымызша, Әлихан Абаймен көзі тірісінде кездескен және пікірлес болған. Оған екі түрлі дәлеліміз бар. Бірінші. Әлихан 1894 жылдан бастап Орыстың

императорлық география қоғамының Батыс Сібір бөлімінің жұмыстарына белсене араласып, 1896 жылы толық мүшелігіне қабылданып, 1901 жылы оның басқару комитетіне сайланады. Осы қоғамның Семей бөлімшесін ашуға ат салысып, оның статистика комитетінде Г.Потанин, П.П.Семенов-Тянь-Шанский, Е.П.Михаэлис және А.Құнанбаевпен бірге мүше болады. Қазақтың екі данасының бұл комитет атқарған жұмыстар барысында таныс болмауы мүмкін емес. Комитет құрамында Е.П.Михаэлистің болуы да көп жайды аңғартады. Ғалымның Е.П.Михаэлис қайтыс болғанда «Қазақ» газетіне (1914, 44) жазған «Офат» деп аталатын азасөзін Абайдың «Өлсем орным қара жер сыз болмай ма» деген өлеңін келтіріп, осы өлең жолдарымен аяқтауы жақсы сыйлас қана емес, пікірлес те адамдар болғанын байқатады. Осы азасөздегі «Қазақтың жалғыз ақыны Абайды тура жолға салған осы Михаэлис еді. Абай өле өлгенше «менің көзімді ашқан, маған жаныашырлық қылған Михаэлис еді» деп айтып отырушы еді», - делінген пікір де көп жайды аңғартады (астын сызған біз). Батыс Сібірлік Географиялық қоғамның Семей бөлімшесінің «Запискиінің» 1914 жылы Е.Михаэлиске арналған VIII шығуында «Қазақ халқы да Михаэлисті жоқтайды» деп Әлиханнның осы азасөзін атап өткен.

Екінші. Көкшетау мешітінің имамы атақты Науан хазірет (Наурызбай Паласов) пен осы мешіт жанындағы интернат мұғалімі Шаймерден Қосшығұловтың Россияның отаршылдық саясатына, діни мекемелерді, мектептерді, мешіттерді жауып, дін иелерінің мұсылман дінінің шарифат жолымен қызмет жасауына тиым сала бастаған жаңа тәртібіне қарсы күрес ұйымдастыру мақсатында жер-жердегі ел сыйлайтын адамдармен байланыс жасады. Бізге Ш.Қосшығұловтың Абайға жазған екі хаты белгілі. Алғашқысы - ақынның баласы Тұрағұлға беріп, ол

«шылым орау» үшін болыс Р.Құдайбердинге беріп, тініткен кезде соның қалтасынан шыққан хат. Екіншісі - Абай Семейдің уезд бастығы Навроцкийдің қатысуымен Арқат почта бөлімінен алып берген хат. Абай үйін тініту - 1903 жылы болған оқиға. Науан Хазірет пен Ш.Қосшығұлов бастаған адамдардың қазақтарды орыстандыру, шокындыру саясатына қарсы іс-әрекеті ертерек басталған болуы керек. Абайға жазылған екінші хатта (8, 423) Ш.Қосшығұлов Семейдегі жәрмеңкеде болатын кездесу мен Жетісу жеріндегі кеңес туралы жазғанда Абай бұлар жайлы бұрын хабардар болғаны байқалады. Сонымен қатар, полиция Науан хазірет пен Ш.Қосшығұловты тұтқындағанда мешіт пен интернаттан жүзден астам гектографқа басылған қолжазба кітапшалар тауып алған (8, 421). Бұл турасында Ә.Бөкейхан: «Лет 6 тому назад, по доносу волостного писаря, уволенного киргизом-управителем, администрация познакомилась впервые с казахской (еңбекте - киргизской.) прокламацией, напечатанной на гектографе и получившей широкое распространение в степи. В этой первой казахской прокламации авторы на арабском и казахском языках призывали детей Алаша подняться, как один человек, против посягательств русского правительства на религию - ислам и против попытки обратить казахский народ в «крестьян» и православную веру. Эта основная идея прокламации богато иллюстрировалась частными фактами обрусительной политики... В связи с этой прокламацией были проведены впервые политические обыски у известнейших казах, у мулл и учителей, были арестованы библиотека и переписка» (4, 74), - деп жазады. Міне осы прокламациямен Ә.Бөкейхан алғаш рет Абай ауылында танысқан. А. уезінің қазақтары Қ. және Б. дегендердің сол уездің священнигінің өздерін және дінін қорлағаны үшін жазған шағымына Архипастырдың «дерзкий клязник

киргиз забыл, что он живет не в Турции, а в России, православно-христианской. Оставить без последствий» - деп жазып, жауап бермегенін мысалға келтіріп өтеді де прокламациямен қалай танысқанын айтады. (Мұндағы К. мен Б. деген Ш.Қосшығұлов және Абайға жазылған хатта аталатын З.Баширов болуы мүмкін. Ж.С.) «В глубокой степи, за 700 верст от Сибирской ж.д., сидя в гостеприимной юрте богатого казаха, я рассказывал собравшимся старикам и молодежи о русских писателях и, в частности, о Л.Н.Толстом. Хозяин дома, богатый влиятельный казах, выслушав меня, улыбнулся, попросил жену достать его шкатулку, где он держал свой архив и вынув оттуда бумагу, передал мне. С нее я и снял вышеприведенную копию. Оказалось, что казахи все знали ее содержание и, не желая обидеть подозрением мой рассказ, они высказали мнение, что они, т.е. русские писатели, вероятно не русские, особенно Л.Н.Толстой. Все они должны быть мусульмане, иначе и быть не может. «Кто знает, они может быть, казахи», заметил один старик» (4, 74), - деп жазады. Осындағы Л.Толстой мен басқа орыс ақын-жазушыларын жақсы білген ауыл Абай ауылы болуы ықтимал, ал беделді қазақ Абай болуы да мүмкін. Өйткені Ш.Қосшығұлов саяси мәнді үгіт қағаздарын және хаттарын ел тыңдайтын сыйлы, көзі ашық, оқыған-тоқығаны көп, халық мұңын ойлайтын адамдарға ғана жіберген. Олардың ішінде әзірге белгілері Баянауылда - Садуақас Шормановқа, Зайсанда - Кеншіновке, Семейде - Абай Құранбаевқа жіберілген. Әрине Ә.Бөкейханның Абай ауылында болғаны әлі де дәлелдей түсуді қажет етеді. Қалай дегенмен де Әлихан Абай шығармашылығымен тек Кәкітай арқылы танысты деу тым күмәнді. Алғаш рет Кәкітайды 1900 жылы көріп танысқан Әлиханның 1904 жылы «Абай өлеңдерін кітап қылып басындар» деп бірінші болып хат жазуы да бұл

томдағы тараудың авторы Ә.Бөкейхан екенін дәлелдей түседі.

XX ғасырдың басында жан-жақты таныла бастаған әдеби-теориялық ой-пікір «Қазақ» газетіндегі Ә.Бөкейханның «Ән, өлең һәм оның құралы» (1914, №67) мақаласынан да байқалады. Автор өнердің жалпы адамзат қоғамындағы орны туралы ой қозғай келіп, өленді, яғни әдебиетті, музыка өнерімен сабақтастыра қарайды. Бұл туралы өз пікірін М.Лютер, Гете, Шопенгауэр, Бетховеннің айтқан ойларымен дәлелдеп отыруы ғылыми сипат танытқан. Поэзияның эстетикалық мұраты мен халық өмірімен тығыз байланыстылығын зерттеушілік тұрғыда саралайды. Зерттеу нысанасы қазақ өлеңі болмағанымен жалпы өнердің, оның ішінде өлең өнерінің «адамның ақылын оятып, молайтып, қорытып беруші ең жақсы ақылшысы - жіңішкелікке, төменшілікке, бірлікке, татулыққа, сүйіспеншілікке ең бірінші оқытушысы, үйретушісі» екенін айтқан уақытта Абайдың «Өлең - сөздің патшасы» өлеңінен үзінді келтіре отырып қорытындылауы ұтымды шыққан. Ә.Бөкейхан жалқыдан жалпыға қарай зерттеу заңдылығына сүйене келіп, поэзияға әлемдік деңгейдегі әдеби-теориялық ой-пікір тұрғысынан келуі, әдебиеттану ғылымының туу кезеңіндегі филологиялық білімдер жүйесін меңгеру жолындағы талпынысын байқатады. Ә.Бөкейханның мақалаларының сол кезеңде қазақ ортасына кең тараған баспасөз беттерінде жариялануының тағылымдық мәні зор болды. Олар әдебиетті теориялық тұрғыдан тануға ұмтылған таным-біліктің өсе түсуі мен филологиялық білімінің кең таралуына өз үлесін қосты. Сондықтан ұлттық әдебиеттану ғылымының туып- қалыптасу тарихының мәселелерін сөз еткен уақытта, халқымыздың тәуелсіздік жолындағы күресінің көсемі бола білген

Ә.Бөкейханның рухани қазыналарымыз туралы еңбектеріне соқпай өте алмайтынымыз заңды.

---

- 1.Кәкішев Т. Қазақ әдебиеті сынының тарихы. А., Санат, 1994.
- 2.Қазақ фольклористикасының тарихы. А., Ғылым, 1988.
- 3.Академические школы в русском литературоведении. М., Наука, 1975.
4. Бөкейхан Ә. Таңдамалы. А., Қазақ энциклопедиясы Бас редакциясы, 1995.
- 5.Қасқабасов С. жасаған аударма. Қазақ фольклористикасының тарихы. А.,1988.
- 6.Нұрғалиев Р. Ә.Бөкейханның шығармашылық мұрасы.\\ Бөкейхан Ә. Таңдамалы. А., Қазақ энциклопедиясы Бас редакциясы, 1995.
- 7.Қараңыз: Қазақ фольклористикасының тарихы. А., Ғылым, 1988., Сидельников В.М. Казахское поэтическое творчество казахского народа. Библиогр. указатель. А., 1969; Дала уалаятының газеті. Библиогр. көрсеткіш. 5-кітап. А., 1996.
- 8.Абай тағылымы. А., Жазушы, 1986.

1996 ж.

## **М.ӘУЕЗОВ ЖӘНЕ 1920 ЖЫЛДАРДАҒЫ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУШІЛІК ОЙ-ПІКІР**

Ғасырларға созылған тарихи алғышарттарға толы тарих алдындағы кезенді бастан кешірген ұлттық әдебиеттану ғылымы ғасыр басынан бастап өзінің туу дәуіріне қадам басқан еді. Қазақ әдебиеті сыны жанр ретінде туып, әр түрлі эстетикалық биіктіктерге қол созуға ұмтылды. Ал ғылыми-зерттеушілік ой-пікір Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, К.Ысқақов, Р.Мәрсековтердің ғұмырнамалық мақалалары мен зерттеулері арқылы қазақ әдебиеті тарихын тексеру мен дәуірге бөлу проблемаларына ұмтылыс жасап жатса, әдеби-теориялық ой-пікір саласында Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, С.Торайғыровтардың мақалалары әдебиет теориясының мәселелеріне соны қадам жасап жатқан болатын.

Міне, туу дәуірінің алғашқы кезеңінен бастап-ақ сәтті ізденістер деңгейінде таныла бастаған әдебиет туралы ұлттық ғылымға М.Әуезов төңкерістің алғашқы жылдарынан бастап белсене араласты. Әдебиет майданында айтыс-тартысы мол осы кезеңде ұлттық сыншылдық-эстетикалық, ғылыми-зерттеушілік ой-пікір алдында үлкен екі проблема тұрды. Оның алғашқысы «қазақта көркем әдебиет бар ма, бар болса қай таптың әдебиеті? Пролетарлық әдебиетті кімдер жасайды?» деген секілді сұрақтар төңірегінде туындады да, оған әдебиет сыны белсене араласты. Кейде «ұлтшыл-алашордашыл», кейде «жолбике» жазушы атана жүрсе де, жазған шығармалары пролеткульт, «тұрпайы социологизмді» жақтаушы тапшылдар тарапынан солақай сынға қатты ұшырай отырса да, М.Әуезов жаңа замандағы әдебиеттің көркемдік даму процесіне тайсалмай араласты, көркем

шығармаларымен ғана емес, шындықты бетке айтқан өткір де толымды сыншылдық ой-пікірмен танылды.

20-жылдары ғылыми-зерттеушілік ой-пікір алдында тұрған екінші проблема әдеби мұраны игеру, қазақ әдебиетінің фольклоры мен тарихын, теориялық мәселелерін зерттеу мен ғылыми тарихын жасау еді.

Білімдар ғалымның бұл кезеңдегі зерттеулері біржақтылықпен бағаланып, ұлттық әдебиеттану ғылымының туу дәуіріндегі еңбектеріне енді ғана көңіл аударыла бастады. 20-жылдардағы ғылыми зерттеу мақалалары мен қазақ фольклоры және әдебиет тарихын зерттеудің көш басшысы болып табылатын «Әдебиет тарихы» еңбегін «бірыңғай ағым теориясының» тар аясына апарып тығып, күні кешеге дейін ғылыми айналымға қоспай келгеніміз оған айқын дәлел. Сол кездегі «ұлтшыл-алашордашыларға» қарсы күрестің ықпалында баспадан шықпай жатып тиым салынғанын былай қойған күннің өзінде, кейінде маркстік-лениндік әдіснамаға сай келмейтіні баса айтылды. «М.Әуезовтің 1927 жылы шыққан «Әдебиет тарихы» атты кітабы маркстік методологияның тұрғысынан қарағанда «бірыңғай ағым теориясына» ойысатын елеулі қатекемшіліктері бар еңбек болатын. Алайда бұл еңбек қазақ әдебиеті тарихын зерттеу талабымен құнды еді» деген жәреуке пікірді жалтақтай айтып, асқан қырағылықпен аластап тастадық. Ал шындығына келгенде, ұлттық әдебиеттану ғылымының туу дәуіріндегі ғылыми-зерттеушілік, әдеби-теориялық ой-пікірдің даму, толысу процесіне ұлы жазушының қосқан үлесі ерекше.

Фольклор мен ұлт әдебиетінің тарихын зерттеуге батыл қадам жасай бастаған ғылыми-зерттеушілік ой-пікірге Қазан төңкерісі әкелген пролеткультшылдық көзқарастың кері әсері ерекше болғаны мәлім. Пролеткультшыл нигилистер төңкеріске дейінгі әдеби

мұраның бүкілін еңбекші тап мүддесіне зиянды деп тауып, оларды жинап-жариялау, зерттеу жұмыстарынан ат-тонын ала қашты. Осындай қиын кезеңде жаңа замандағы әдебиет өткендегі әдеби мұраның заңды жалғасы болып табылатынын дәлелдеген, ғылыми-зерттеушілік ой-пікірде көркемдік дамудың тарихи сабақтастығы мәселесін көтерген тұңғыш мақала М.Әуезов пен Ж.Аймауытовтың «Екеу» деген жасырын атпен жазған «Абайдан соңғы ақындар» атты еңбегі еді. Мақаланың ең басты мақсаты – қазақтың ұлттық әдебиетінің тарихы қандай, ол қай кезеңнен басталады және көрнекті өкілдері кімдер? деген өзекті сұрақтарға жауап беру. Бұрынғы әдеби мұраның барлығын үстем таптың әдебиеті деп мансұқ етіп, еңбекші тап әдебиетін жасаймыз деп даурығып жатқан пролеткультшілдерге қазақтың сан ғасырлық әдебиет тарихы бар екенін дәлелдеп, ұлы Абайдан басталған жазба әдебиет өкілдерінің шығармашылық мұрасына ғылыми сипаттама береді. Авторлар қазақ әдебиетінің көш басшысы деп Абайды атап, одан басталған ағартушы-демократтық бағытты жалғастырушылар деп С.Торайғыров, М.Сералин, С.Көбеев, Ш.Құдайбердиев, А.Байтұрсынов, М.Жұмабаевтарды алып, қысқаша таныстырып өтеді. Шығармаларына талдау жасалмағанмен, осы ақындар шығармашылығындағы халық мұны мен заман келбетінің жырлануына тоқталып, ағартушылық, халықшылдық идеяның басым болғанын тап басып айтады. Абайдан соңғы дәуірдегі қазақ поэзиясындағы өзіндік орны бар бұл ақындардың бұлайша топтастырылып қаралуы - сол кезеңдегі қазақтың ғылыми-зерттеушілік ой-пікірі үшін үлкен жаңалық, қазақ әдебиетінің тарихын зерттеуге бастаған алғашқы қадамдардың бірі деп бағалаған жөн. Себебі, осы топтастыра қарап, пікір айтудың негізінде әдебиет тарихын дәуірге бөліп зерттеудің ғылыми

бастамасы жатыр. Негізгі айтылар ой өзегі «Қазақ» газетіндегі Р.Мәрсековтің «Қазақ әдебиеті жайынан», Н.Құлжанованың «Әдебиетімізге көз салу» деп аталатын мақалаларынан өріс алып жатқанын байқау қиын емес. Бірақ оларда жазба әдебиеттің негізін салушы ретінде Абай сөз болғанымен, оның ізін қуушылар деп басқа ақын-жазушылар туралы ешбір пікір айтылмаған еді. Ендеше жоғарыда аталған дарындардың әдебиет тарихындағы орны мен шығармашылығы туралы тұңғыш ғылыми сипаттағы пікір білдіруші осы мақала болып табылады. Мақала бұрын Абай төңірегінде ғана ой қозғап жүрген ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің бағыт-бағдарын жаңа арнаға бұруымен де құнды.

Бұл мақаладағы соны ізденісті М.Әуезов 1923 жылы жазған «Қазақ әдебиетінің қазіргі дәуірі» атты мақаласында тереңдетіп әкетті. Орыс фольклорист ғалымдары «Қазақ ауыз әдебиеті бай өрнекті, түрі, тарауы көп кестелі, үлкен өріс алатын әдебиет деп, ал жазба әдебиетін әлі іргесі нығаймаған (яғни қалыптаспаған. – Ж.С.), беті анықталып ашылмаған, майысқақ, сынғақ әдебиет» деген біржақты пікірде екенін айта келіп, бұл бағытта қазақ әдебиетшілерінің бір жүйедегі пікірі, яғни ғылыми зерттеуі жоқ екендігіне тоқталады.

Ғасырларға созылған тарихы бар ұлттық әдебиеттің бар екенін дәлелдеу мақсатында оны ауыз әдебиеті, жазба әдебиеті деп екіге бөле отырып, 20-жылдардағы ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің өрісімен жауап беруге талпынған. «Әдебиетімізде өзге көп жұрттың ауыз әдебиетінде жоқ нәрселер табылып отыр. Ауызша әдебиет бір заманда тәртіпті жазба әдебиетінің қызметін атқарғандығы білініп отыр. Сол міндетті атқарғандықтан ауызша әдебиет өз өрісін кеңейтіп әкететінін көріп отырмыз», - деген пікірдің ғалым Т.Кәкішев айтқандай

ғылыми негізі жоқ емес. Шынында да ауыз әдебиетінде М.Әуезовтің бұл пікіріне негіз боларлық, кез-келген классикалық шығармамен таласа аталатын үлгілердің бар екені рас қой.

Сөз етіліп отырған мақалалардағы М.Әуезовтің ғылыми жаңашылдығы қазақ әдебиетінің тарихын дәуірге бөліп тексеруге жасаған тағы бір қадамында жатыр. Себебі, пролеткультшылдар төңкеріске дейінгі әдебиетті жоққа шығарып, «тарих қоқысына лақтырып тастауға» шақырып жатқан кезеңде, оларға қарсы шыққан әдебиетін Абайдан ғана бастап, одан бұрынғы әдебиетті ауыз әдебиетіне қосу керек деген пікірді айтып та қалып жүрді. М.Әуезов бұған үзілді-кесілді қарсы шығады. «Бұл күнге шейін қазақтың жазба жайынан сөз жазушылардың көбі біздің әдебиетіміздің басы Абайдан басталады деп есептейді. Бұл пікір суретті «художественная литература» ретінде қарағанда дұрыс болса да, әдебиет тарихы ретімен қарасақ үлкен адасқандық болады. Қазақта жазба әдебиет Абайдан көп бұрын басталған», - деп ашық жазады. Алдыңғы мақалада бір дәуір ақындарын Абайдан соңғы ақындар деп алса, бұл еңбегінде Абайдың алдындағы ақындар деп бірнеше дарындарды атайды. Соған қарағанда, М.Әуезов қазақ әдебиетінің тарихын Абайға дейінгі және кейінгі әдебиет деп бөліп қарастыру керек деген жаңа жүйе ұсынып, ғылыми-зерттеушілік ой-пікірді тың арнаға бағыттауға ұмтылған.

«Абайдың алдындағы адамдар деп Шортанбай, Алтынсарин, Нарымбеттерді алу керек. Бұл адамдардың қайбірінің Абайдан жас болғандығын есеп қылуға болмайды. Бәрінің жазған сөздеріндегі бетті, белгілі сарынды есепке алу керек. Осы соңғы екі сипатынан қарағанда әлгі төртеуі қазақ әдебиетінің көшпелі дәуірінің ақындары деп саналуы керек... Бұл дәуірдің ақындары

жазба әдебиеттің басы екендігі даусыз», - деген пікірін проф. Т.Кәкішев «ғылыми-көркемдік жағынан ұшқары пікір» деп бағалайды. Бұған біз де келісеміз. Бірақ, мәселе жазба әдебиетінің қашан басталғаны туралы пікірдің қате айтылуы мен көркемдік әдіс тұрғысынан дәуірленуінде емес, қазақ әдебиетінің тарихын дәуірге бөле отырып зерттеу проблемасының сол кездің өзінде көтеріліп, оған тың бағыттағы ізденістер жасауында. Сонымен қатар, сол кезде айтылып жүрген қазақ жазба әдебиеті Абайдан басталады деген пікірге қарсы шығып, әдебиет тарихын тереңірек, Абайдың алдындағы дәуірлерден бастап тексеру керек деген тың ойдың ғылыми тұрғыда көтерілгенінде. М.Әуезов те қазақ әдебиетінің тарихы ертеден басталғаны туралы ғылыми тұжырым білдіре отырып, әдебиет тарихын дәуірге бөліп тексерудің жанаша үлгісін ұсынып отырған жоқ па? Бертінге дейін қазақ әдебиетінің тарихын Бұқар жыраудан әрі асырмай қойған кездеріміздің де болғанын ұмытпаған жөн.

20-жылдары ғылыми-зерттеушілік ой-пікірде көбірек және қым-қиғаш болған проблема көркемдік әдіс пен әдеби ағым болды. Егер төңкеріске дейінгі кезеңде бұл мәселе туралы ешбір ізденіс байқалмаған болса, бұл жолдағы алғашқы барлау жасап, көркемдік әдістің қазақ әдебиетіндегі белгілерін іздеген М.Әуезов еді. Автор «тарихи-әдеби сын» деп анықтама қойған бұл еңбектің әдебиет тарихын зерттеу мен дәуірге бөлудегі маңызын жұмыстың әдеби-тарихи ой-пікір туралы айтқан жерінде қарастырғанбыз. Міне, осы әдебиет тарихын, оның дәуірлерін шолу барысында М.Әуезов жазба әдебиет туралы толық таныстыра келіп көркемдік әдіс жайына ауысады. «Абай өлеңіндегі беттеген бағыт, құлаққа естілген сарын ненің сарыны екені байқалады. Ол - ашық тілек, айқын ұғымның (здоровый реализмнің) сарыны. Абайдан басталған сол реализм сарыны қазақ әдебиетінде

осы күнге шейін жол болып келе жатыр. Рас, бұл жолда кейде күшейіп, кейде жалпақ жарысқа ұқсап бытыраңқылық күшейіп жүрген мезгілдер бар, бірақ негізгі сарынға келгенде қазақ өміріне тез боламын деген әдісіне, айналасына келгенде қазақ әдебиеті Абай салған жолдан көп ұзап өзгеріп кете қойған жоқ», - деген алғашқы ғылыми тұжырымның аулы шындықтан алыс емес.

М.Әуезов төңкеріске дейінгі қазақ әдебиетінде екі сарын, яғни көркемдік әдіс болды деп табады. Бірі - қайғы-зар, яғни зар заман сарыны, екіншісі - реализм. Зар заман сарынын көркемдік әдіс деп алғанына келіспеген күннің өзінде, Абайдан басталған реализмнің ғасыр басындағы әдебиетте жол болып келе жатқанын дәлелдеуі әдеби-теориялық ой-пікірдің тың саладағы ізденісін байқатады. Қазақ әдебиетіндегі көркемдік әдіс проблемасы туралы көзқарасын М.Әуезов: «Жазба әдебиеттің Абайдан бергі ұзақ дәуірін алғанда жолын өзгертетін жаңалық соңғы жылдарда туып келеді. Ол жаңалық жаңа басталып келе жатқан сезімшілдік (романтизм) дәуірі, бұрынғы ауызша әдебиеттен, одан бергі Абай заманынан бері қарай келе жатқан реализм сарыны құрғақ ой, жадағай сөз (рассуждение) күйі, осы күнде ішкі терең сезім, нәзік сыр күйіне айналып келеді», - деп жазады да, Мағжан өлеңдерін мысалға келтіреді. Мақаланың әдеби-теориялық ой-пікірге қосқан жаңалығы - қазақ әдебиетінің көркемдік әдіс тұрғысынан келгенде қандай деңгейде тұрғандығын ашып беруге ұмтылыс жасауында.

Қорыта айтқанда, бұл екі мақаланың 1920 жылдардың бас кезіндегі ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің соны ізденістерге бағыт-бағдар алуына жаңашылдық сипаты мол болды. Әрине, біз бұл пікірді қазақ әдебиетінің тарихи және теориялық тұрғыдан зерттелуін енді ғана қолға ала бастаған ғылыми ой-пікірдің сол кездегі деңгейіне сай айтып отырғанымыз түсінікті. Бір

өкініштісі, бұл мақалаларды ұлтшылдыққа байланысты тиым салынған есімдердің аталуына байланысты «бірыңғай ағым теориясына» апарып жатқызып, қара тізімге жазып қамап тастадық. Сөйтіп, ұлттық ғылыми-зерттеушілік ой-пікірге қосқан жаңалықтарын кейінде қайталағандарға апарып таңып, М.Әуезовтей ұлы тұлғаға қиянат жасадық.

20-жылдардың орта тұсында Қазақстанда мектептер мен арнаулы оқу орындары, халық ағарту институттарының көптеп ашылуы, оларда қазақ әдебиетінің жеке пән болып жүруін күн тәртібіне шұғыл қойды. Міне, осы қажеттілік оқу-ағарту, әдебиет саласындағы қазақ зиялыларына әдебиет тарихын зерттеуді, оқу құралдарын жазуды міндеттеді. Осы дәуір талабына алғашқылардың бірі болып үн қосқан М.Әуезов еді. Әдебиет тарихы мен фольклорға байланысты зерттеулерін, жинаған материалдарын Семей педтехникумында лекция оқу барысында бір жүйеге келтіріп және толықтырып 1927 жылы қазақ әдебиеті тарихынан тұңғыш зерттеу-еңбек болып табылатын «Әдебиет тарихы» атты оқулығын жазады.

«Әдебиет тарихы» - 1920 жылдардың бас кезіндегі әртүрлі көзқарастар мен теориялар ықпалында жазылып жүрген мақалалардағы ғылыми-зерттеушілік ой-пікірді бір жүйеге түсіріп берген еңбек. Әдеби-тарихи және теориялық талдау жасай отырып тексеру бағытындағы зерттеу әдісі толық мәнінде осы еңбекте көрініс тапты. Сол арқылы әдебиеттің жеке пән ретіндегі ғылыми сипаты ашылып, оны зерттеудегі негізгі нысанасы мен басты бағыттары қандай деген өзекті мәселеге сол кездегі ғылыми ой-пікір дәрежесінде жауап беруге тұңғыш рет қадам жасалды. Бұл еңбектің ғылыми-зерттеушілік ой-пікірге қосқан үлесін анықтау үшін М.Әуезовтің қазақ фольклорын зерттеудегі ғалымдық

білімділігі мен біліктілігін айқын танытатын үлкен алты түрлі бастамасына назар аудару керек:

1. Автор қандай да болсын оқулықтағы кез келген халық ауыз әдебиетінің үлгісін талдауда, оның әлеуметтік сыр-сипатын айқындауда тарихилық принципі тұрғысынан келуі. Бұл кездегі мақалаларда көбінесе таптық көзқарастағы жадағай социологиялық пікірлер басым талдаулар болатын.

2. Ауыз әдебиеті шығармаларының шығуы мен таралуын халықтың ғасырлар бойғы салт-санасына, әдет-ғұрпына, тұрмыс-тіршілігіне, экономикасына байланыстыра зерттей отырып, халықтық сипатына баса көңіл аудара отырып талдады. Әдеби мұраның халықтық сипаты туралы айтылып жүрген әр түрлі ой-пікірді ғылыми негізде дамыта отырып автор: «Сондықтан ауызша әдебиеттің ішінде елдің белгілі ұғымын білдіретін жалпы дүниеге көзқарасын сездіріп, өткенді қалай түсінуін көрсететін сөздің барлығын да бірақ адамға тиісті өнер емес, сол көптің өнері, жалпақ елдің сыбағасына тиетін өнер туындысы... олардың өлең-жыр ішінде айтатыны түгелімен жалпақ елдің ұғымы мен жалпақ елдің көзқарасы», - деп атап көрсетеді.

3. Қазақ әдебиетінің тарихын ауызша әдебиет және жазба әдебиет деп екіге бөліп тексеру қажеттігін тұңғыш рет ұсына отырып, фольклор мен жазба әдебиеттің арасындағы айырмашылық пен өзара байланысқа ғылыми тұрғыда келеді. Жазба әдебиеттің тууын тек қана жазу кірген кезеңнен немесе өлеңді жазып шығаратын ақындардың әдебиетке араласуынан бастап жүрген көзқарасқа қарсы шығып, өз пікірін ұсынады: «Әдебиет жүзінде елдің, әлеуметтің тіршілігі сөз бола бастаған соң, жазба әдебиет дәуірі туа бастады деп есептеу керек.. Ауызша мен жазбаша әдебиеттің арасын бөлетін кезең,

белес осы», - деген тұжырым ғылыми тұрғыдан алғанда негізсіз емес.

4. Әуезов өзіне дейінгі фольклортанушы ғалымдардың еңбектері мен сол кездегі әр түрлі көзқарастағы мақалаларға сын көзімен қарай отырып, қазақ фольклорын жанрлық жағынан түрге бөліп, ауыз әдебиетінің тұңғыш классификациясын жасады. Қарап отырсақ, қазіргі фольклортануда қалыптасқан жанрлық түрге бөлудің алғашқы ғылыми-теориялық ұғымдары мен терминдік атаулары осы еңбектен басталып, кейінгі классификация жасау мен тереңдете зерттеуге негіз болды.

5. Қазақ тарихын Абайдан көп бұрынғы кезеңнен бастап, оның тарихи арналары мен басты өкілдерін зерттеу мәселесін алғашқылардың бірі болып көтерді. Қазақтың ұлттық жазба әдебиеті халықпен бірге жасасып келе жатқанын, оны дәуірлерге бөліп тексеріп, тарихи курсы жасау қажеттігін дәлелдеп шықты.

6. М.Әуезов «Әдебиет тарихының» соңғы тарауын «Зар заман ақындары» деп атап, Асан қайғы, Бұқар жырау, Махамбет, Шортанбай, Мұрат, Ы.Алтынсариндерді жатқызған. «Зар заман ақындарының алғашқы буыны Абылай заманынан басталса, арты Абайға келіп тіреледі. Біздің білуімізше, зар заман ақындарынан бастап біздің әдебиет екінші жікке қарай ауысады. Бұрынғы бөлімдерде қарастырылған әдебиет жұрнақтарының барлығын ауызша әдебиет десек, бұл ақындарды жазба әдебиеттің басы деу керек. Не болмаса қазақ топырағында ең алғашқы жазба әдебиетті туғызған анасы осылар деу керек», - деп қазақ әдебиетінің тарихын ХҮ ғасырдан бастап зерттеу керек екенін ұлттық әдебиеттану ғылымында тұңғыш рет көтеріп, ғылыми-зерттеушілік ой-пікірді тың арнадағы жұмыстарға бағыттады. Сол арқылы Асан қайғы, Бұқар жырау өлеңдерінен басталған әлеуметтік сарын Махамбет поэзиясында күрескерлік

мәнге ауысуын, одан Шортанбай, Мұраттарда діншілдік, зарлана күңіренумен толығып, Ыбырайда ағартушылық оқу-өнерге шақыру сипатын қабылдағанын Абайға дейінгі қазақ поэзиясының өсу жолы ретінде көрсетеді. Жиырмасыншы жылдардағы әр түрлі мақалаларда айтылып қана жүрген осы ақындар шығармашылығына оқулық көлемінде алғашқы талдау жасауы, қолда бар деректердің сол кездегі ғылыми-зерттеушілік ой-пікір тұрғысынан жүйеленуі, қорытылуы қазақ әдебиеті тарихын ғылымдық негізде зерттеуге алғашқы соқпақты салғанын көрсетеді.

Қорыта келгенде, М.Әуезовтің 1920 жылдардағы еңбектері ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің тың ізденістер мен соны қадамдар жасауына үлкен үлес қосқан ұлттық әдебиеттану ғылымының алғашқы қарлығаштары болды десек, артық айтқандық емес.

1997 ж.

## ХАЛЫҚТЫҢ СӘБЕНІ

Тарихқа айналып бара жатқан ХХ ғасыр халқымыздың тарихына көрнекті тұлғалар сыйлады. Олар – кешегі қызыл империяның қанды шеңгелінен халқын қорғауға жанын да аямаған Ә.Бөкейханов бастаған алаш арыстары атанған ардақтыларымыз. Олар – төңкерісті өз халқына келген теңдік деп ұғып, коммунистік идеяға беріліп, сталиндік қырып-жою науқанының құрбандығына айналған С.Сейфуллин бастаған алыптарымыз. Қазір осы екі топтағы қазақ зиялыларының арасына қытай қорғанын қойып, бірін ақтап, бірін даттау орын алып бара жатыр. Біз қандай да болсын тарихи тұлғаға баға бергенде ол өмір сүрген заман мен ортадан бөліп алуға хақымыз жоқ.

Бұл тұрғысынан келгенде, егемендік алғаннан бері халқымыз тарихын европоцентристік және ұлы державалық, шовинистік көзқарастан тыс жаңаша танып-білу, зерттеу, тарихи тұлғаларымызды жаңаша бағалау жұмыстары қолға алынып жатыр. Оған дәлел М.Әуезов, Қ.Сәтбаевтың 100 жылдық мерейтойларының бүкіл әлемдік ЮНЕСКО көлемінде атап өтілуі болса, ендігі кезек Түркістан қаласының 1500 жылдығы мен С.Мұқановтың 100 жылдық мерейтойын осы дәрежеде атап өтуіне келіп тұр. Осыдан бар-жоғы 6-ақ жыл бұрын алыптар тобы атанған Сәкен, Ілияс, Бейімбеттердің 100 жылдық мерейтойларын осы дәрежеде тойлауға мүмкіндік болмағанын ұмытпайық. Сондықтан кеңес дәуіріндегі қазақ әдебиетінің көркеюі мен дамуына орасан зор үлес қосқан Сәкен, Ілияс, Бейімбет, Сәбит, Ғабит, Ғабиден сияқты ақын-жазушылар шығармашылығы мен өнерпаздық тұлғасын бағалаған уақытта, оларды өздері жасаған қоғамнан бөліп алуға болмайды. Себебі, қандай адам болса да, мейлі ол ұлы болсын, қарапайым еңбек адамы болсын, өз заманының перзенті. Сол заманда дәуірлеген идеология мен талап-тілекке сай өмір сүретіні

тарихи шындық. Ендеше кеңес дәуіріндегі қаламгерлеріміз идеология майданының жауынгерлері ретінде уақыт ұсынған идеялар мен тақырыптарды насихаттауға душар болды. Бұл - олардың қуанышы-бақыты, қателігі мен кемшілігі. Біз бүгінде социализм құрамыз, коммунизм орнатамыз деген идеяның өзі қателік екенін ұғып отырмыз. Француздың бір ойшылы: «Революцияны ұлылар жоспарлайды, фанатиктер жүзеге асырады, алаяқтар қызығын көреді» деген екен. Ендеше кешегі кеңес дәуірінде алаш арыстарын «ұлтшыл» деп қалай даттасақ, енді бүгін келіп төңкерісті жырлаған ақын-жазушыларымызға теріс қарауға хақымыз жоқ.

Біз бұл жерде төңкерісшіл атанған қаламгерлердің қате-кемшіліктерін заманға жауып, ақтап алайық деп отырған жоқпыз. Олардың ішінде, әрине, Сәбең бар. XX ғасырмен құрдас Сәбең қазақ халқына қанды қырғыны мен аштық-жалаңаштығын ала келген төңкеріс орнағанда, бар-жоғы 17 жаста болатын. Халықты бай-кедей деп бөліп тастап, жұмысшы, шаруаның үкіметін құрып, «пролеткульт», яғни, пролетарлық мәдениет жасаймыз деп даурыққан кезеңде Сәбең бұл көзқарастағы нигилизмнің ықпалында өткендегі мұраларымыздан бас тартқан кезі де болды. Жетпіс жыл бойы мадақтаған көсемдеріміздің «көсемі» В.И.Ленин пролетарлық мәдениет құрамыз деп даурыққандардың теориясын сынаған «Пролеткульт туралы», «Біз қай мұрадан бас тартамыз?» т.б. еңбектерінде өзінің «әр ұлттың мәдениетінде екі түрлі мәдениеттің элементі болады» деген қате қағидасын негіздеді. Осыдан әр ұлт әдебиетінен «ұлтшылдық» іздеуге басты тірек болған «тұрпайы социологизм» теориясы туды. Сәбең бұдан да қалыс қалған жоқ. Басы Абайдан бастап үстем таптан шықты деген дарындар мұрасын «тарих қоқысына лақтырып тастау» ұранына үн қосқаны да рас.

Кеңес дәуіріндегі ақын-жазушыларымыздың маркстік-лениндік әдіснаманың әдебиеттің таптығы, халықтығы, партиялығы қағидалары үстемдік алған шағында, оларды

жырлағаны, насихаттағаны шындық. Бұл жерде атап айту қажет, ол жалғыз Сәбең емес. Бәрі де жырлады, бәрі де насихаттады. Өйткені, социализм орнату, коммунизм құру идеясына (қазірше айтсақ, утопиясына) Кеңестер Одағындағы миллиондаған халық сенді. Ендеше, Сәбеңдер сол халықтың рухани тұрғыдағы талап-талғамынан шығуға ұмтылды. Тіпті, заман, оның идеологиясы қысымына шыдамаған Мағжан ақын 1927 жылы «Тоқсанның тобы» аталатын өлеңін жазып, өзінің ақындық кредосынан бас тартуға мәжбүр болғанын ұмытпайық.

Кеңестік әдебиеттің таптығы, халықтығы, партиялығын жырлаған Сәбең «ұлтшылдықтың» таяғын жемеді дей алмаймыз. «Либерал буржуазия ықпалына түсті», «ескішіл, өткенді аңсайды», «ұлтшылдарға бүйрегі бұрады» деген атақ Сәбене де тағылған. Оны «Сұлушаш» романының, «Адасқандар» романының тарихи тағдырлары дәлелдейді. «Халық жауларын» әшкерелеу науқанында Жазушылар одағы төрағасы қызметінен қуылып, саяси сенімсіздікте болуы да оған айғақ. Әрі-беріден соң 1932 жылы жазған «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті» атты алашордашыл ақын-жазушылар туралы кітап жазғаны, 1942 жылғы «ХҮІІІ-ХІХ ғасырдағы қазақ әдебиеті тарихының очерктері» оқулығына Кенесарыны, Нарманбетті, Мұрат, Дулат, М.Ж.Көпеев, т.б. кіргізгені үшін өле-өлгенше кінәлап келгенімізді неге ұмытамыз? Енді келіп Сәбеңнен басқа бірде-бір адам төңкерісті, Ленинді, кеңес дәуірін жырламағандай көреміз.

Сәбең туралы монографиялар, зерттеулер, әдеби-сын еңбектер молынан жазылды. Кешегі кеңес дәуірінде классик деп бағаланды. Ол – тарихи шындық. Енді әлгі айтылған «тұрпайы социализм» теориясы сияқты коммунист жазушылардың тарихтағы орнын дұрыс бағаламауға деген көзқарастар да айтылып қалып жүр. Бір білгіштер «Сәкенді сатқын» деп те қалғаны бар.

Негізінен алғанда, Сәбеңнің төңкерісті айрықша жырлауы, тап тартысы тақырыбына көбірек қалам тартқаны - бүгінгі күнде өнерпаздық тұлғасын жаңаша бағалауға кедергі келтіруде. Оған қосымша тағы бір субъективтік себептің де бар екені шындық. Ол -халық жауларын әшкерелеуде Сәбеңнің аман қалғаны. Осыған байланысты – Сәбит «ананы ұстап беріпті, мынаны айдатыпты» деген қауесет көп тарап, ел арасында Сәбең туралы теріс пікір қалыптасты. Бұл жөнінде әдебиетші-зерттеуші мамандар пікірі қажет-ақ. Осыған байланысты Т.Кәкішев айтқандай, «Қазақ руханиятының Атымтай-Жомартының» жеке адами тұлғасы туралы айта кеткен дұрыс болмақ.

Бұл мүмкін, Сәбең туралы қате көзқарастағы адамдарға ой салар, жаңаша тануға әсер етер. Бұл деректер мұқановтану ілімімен шұғылданып жүрген ғалым-әдебиетшілер арасында соңғы кезде айтылып жүргенмен, оны қалың көпшілік біліп жатса, артық емес.

Біріншіден, Сәбең В.И. Лениннің екі түрлі мәдениет туралы қағидасына сай «ұлтшыл-буржуазияшыл» әдебиет өкілдерін іздеген кезде, алаш арыстарына қарсы артық-кем сілтеген кездері болды. Оны 1933 жылғы шығармалар жинағының 2 томдығының алғы сөзінде: «Мағжандар төңкеріске қарсы алашорданың ақыны болған соң, олардан үлгі алуды өзіме залал деп ұқтым. Бұным солақайлық еді. Ұлтшылдармен идеология майданында күрескенде менің бірнеше қате сілтеген кездерім болды», - деп ашық мойындады. Ал, халық жауларын әшкерелеуде Сәбең одақтық, республикалық баспасөз бетінде бірде-бір қаралағыш, жала жапқан солақай мақала жарияламаған. Керісінше, сол кезде әдебиетке жаңа араласқан, кейінде құрмет пен атақ алғандардың көбінің Сәбеңді қаралаған мақалалары көптеп кездеседі.

С.Мұқанов шығармашылығын зерттеушілер де, бүгінде Сәбеңнен кінә тапқысы келетін белсенділер де ҚХҚ архивінен жазушының бірде-бір адамға «халық

жауы» деп куәлік бергені туралы құжат таба алған жоқ. Әйтпесе, кеше алаш арыстары ақталғанда, сталиндік зұлматтың айтылмай келген құпиялары ашылғанда күнәлілердің кінәларын бетіне айтқандар Сәбенді аяйын деп жүрген жоқ.

Екіншіден, М.Жұмабаев «ұлтшыл-алашордашыларды» әшкерелеу науқанына байланысты сотталған 53 адаммен бірге ұсталып, жер аударылғаны мәлім. Карелияда жүргенінде ақынның жары Зылиқа апай М.Горькийдің әйелі Е.Пешкова арқылы айдаудан босап, елге қайтуына себепші болды. Қызылжарға келгенімен, «ұлтшыл» деген атақтан құтылмаған ардақты ақын еш жерге жұмысқа тұра алмай қатты қиналған шағында Сәбеңе жағдайын айтып хат жазған. Қайталап айтамыз, басқаға емес – С.Мұқановқа. Сонда ашығын айтсақ, «ұлтшылдыққа» деген саясаттан аса да алмаған, айыға да қоймаған С.Мұқанов Мағжанға: «Сен өз көзқарасыңды түзет, бұрынғы пікіріңнен қайт. Жаңа заманды жырла. Сен біздің халқымызға керек ақынсың» деп жауап хат жазып, Алматыға шақырған. 1937 жылғы зұлмат басталып жатқан шақта вокзалда Мағжандарды күтіп алған да жалғыз Сәбең болған. «Мені әуелі Сәкенге апар, сәлем берейін», - деген Мағжанды Сәкенге алып барып, кейіннен моральды жағынан да, материалдық жақтан да қолдау көрсеткен Сәбит Мұқанов еді.

Жазушы архивінен 1942 жылы өз қолымен жазып кеткен мынандай бір таңқаларлық дерек бар. «Таңғы сағат 4 жарым шамасында телефон шылдырлап ұйқыны бөлді», - деп жазады Сәбең. Телефонды алдым.

- Алло!

- Бұл 42-15 телефоны ма?

- Иә.

- Сізбен Сұлтанбек сөйлеседі.

- Беріңіз.

- Сәбе!

- Иә, менмін.

- Бұл мен ғой, Сәбе. Сұлтанбекпін. Өзіңіз білесіз, көптен аурумын ғой... Өмірімнің соңғы минутында сізге деген бар ризашылығымды айтып кетейін деп звондаттым. Екі дүниеде де разымын... Менің өмірімді, махаббатымды, тағдырымды сол қалпында... жеткізгеніңіз үшін... Қош болыңыз!

Осы сөздерден кейін телефон тұтқасының жерге түсіп кеткені естілді.

- Алло? – деп үн қаттым.

- Сәбе, сіз бе? – деді бір ақырын дауыс.

- Иә, Сұлтанбек қайда?

- Қайтыс болды...

Тағдырына үлкен өкінішпен қарап келген адамыңның өлімі туралы есту қандай қиын. Қайсар, батыл, бірақ бақытсыз адам болды. Қош, менің Бүркіт – Сұлтанбегім».

Бұл Сәбеңнің «Мөлдір махаббатындағы» Бүркітінің прототипі Сұлтанбек Әбеуовпен қоштасуы еді.

Міне, осы бір дерек Сәбең секілді дархан жүректі адамның тағы бір қырын ашып тұр. Сәбит Мұқанов секілді тағдыры күрделі тұлғаның, қиын-қыстау кезеңде өмір кешкен халық ұлының өмір жолын зерттей түсу қажет. Тегінде халық батыры Б.Момышұлы: «Мен Сәбиттің коммунистігіне ешбір сенбеймін», - дегенді босқа айтпаған.

2000 ж.

## ТАЛАНТТАР ТАҒЫЛЫМЫ

Әдеби-теориялық ой-пікірдің 20-жылдардағы ғылыми ізденістерін саралаған уақытта оның мәнді арна іздеп жоғары биіктіктерге қол созғанын, поэзияны жеке ақын шығармалығына теориялық талдау жасай отырып тексерудің қолға алынғанын дәлелдейтін ғылыми-зерттеушілік сипаты айқын екі еңбекті айта кету орынды болмақ. Олар - М.Жұмабаевтың «Ақан сері сөздері», Ж.Аймауытовтың «Мағжанның ақындығы» аталатын мақалалары. Бұлар теориялық ұғымдар мен түсініктерді меңгеру жолында әр түрлі айтыс-тартысқа түсуге душар болған әдеби-теориялық ой-пікірдің жеке ақын поэзиясына ғылыми талдау жасаудағы жаңаша бастамасы болды. Екі автор да сөз етіп отырған ақынның өнерпаздық тұлғасын бағалау жолында олардың шығармалары арқылы дүниетанымдық көзқарасын зерттеуді басты мақсат тұтқан.

1923 жылы «Сана» журналында «Ақан сері» атты мақала жариялаған М.Жұмабаев ақын өміріне байланысты деректерді молынан пайдаланып ғұмырнамасын жазып шыққан болатын. «Ақан сері сөздері» («Сана», №2, 1924) аталған бұл еңбегі соның жалғасы іспеттес сипатта шығармашылық мұрасын сөз етуге арналған. Автор Ақан сері поэзиясына тақырыптық-идеялық, көркемдік ерекшелігі, өлең ұйқастары мен тіл тазалығы жағынан зерттеу жолында сол кездегі басқа мақалаларға тән құрғақ баяндаудан көрі нақты мысал келтіре отырып жүйелі түрде салыстырмалық талдау жасайды. «Оқушыға Ақан туралы аз ба, көп пе қоғамдық ұғым беру үшін Ақанның сөздерінің мінезін білдіріп, түрлерін көрсетуді керек деп білгендіктен» ақын өлеңдерін тақырыптық жағынан сықақ, ғашықтық, айтыс һәм мақтау, сопылық, қазақ қайғысы туралы өлеңдер деп беске бөледі. Анықтамалық тұрғыдан

дәл табыла қоймағанмен, Ақан сері жырлаған тақырыптардың негізгі сипаты дәл берілген. Әр тақырыпта жырлаудағы ақын шеберлігіне көңіл аударып келіп өлең кестесінің суреттілігін нақты дәлелдейді. «Енді Ақанның қазақ қайғысы туралы өлеңдеріне келсек, оның сері Ақан болуымен бірге, жаралы елдің шын азаматы болғандығы сол өлеңдерінде көрінеді. Дұрысы, бұл өлеңдер таза ақындық, сұлу сурет, ұйқас тергеу жағынан басқа өлеңдерінен көп төмен. Бірақ, бұл төмендікті оның азаматтығы жауып кете аларлық. Ақан бұл өлеңдерінде елдің қайғысын көре білген. Сол қайғының себебін таба білген», - деген пікір салыстырмалық талдау жасауда ғана емес, ақын поэзиясындағы дәуір шындығының суреттелуін ашуға бағытталған ұмтылысымен құнды. «Тұманды дәуірдің ұлы Ақан өмірінің жалпақ елге жат жұмбақ болуының сыры өмір сүрген дәуірінде» екенін дәлелдеуде «елдің сол дәуірдегі өмірін өлеңдерімен, әсіресе, өзінің өмірімен суреттей білген. Өмірді өлеңмен ғана емес, өзінің өмірімен суреттей білу ірі жанды адамның ғана қолынан келмек», - деген тұжырым жасауынан анық байқалады. Әдеби-теориялық тұрғыда дәл осы мақаладағыдай жан-жақты талдау жасалмағанымен, М.Жұмабаевтың «Базар жырау» («Ақ жол», 1923, № 373) атты шағын мақаласының да айтары мол.

Жеке ақын шығармашылығына әдеби-теориялық талдау жасаудың классикалық үлгісін көрсетіп берген Ж.Аймауытовтың «Мағжанның ақындығы» мақаласы болды. М.Жұмабаев ақталғаннан бері бұл еңбек туралы бірталай пікір айтылды. Олардың көбісі бұны сын мақала дегенге ден қояды. Негізінен дұрыс айтылғандықтан оған біз де келісеміз. Алайда біздің қарастырып отырғанымыз ұлттық әдеби-теориялық ой-пікірдің өсу жолы болғандықтан, мақаланы осы тұрғысынан ғана сөз етеміз. Ғалым Д.Ысқақов «Сын шын болсын» еңбегінде мақаланы

сынның ғылымилығы, тарихилығы тұрғысынан қарай келіп, ғылыми сипаты айқын көрінетін сын деп табады. Оған ғылыми сипат беріп тұрған да осы әдеби-теориялық тұрғыдан талдау жасаудың басым болуы деп ойлаймыз. Сыншылдық және әдеби-тарихи ой-пікірде біршама сөз болған Абайдың өзін «байшыл-феодал ақын» деп әдеби-теориялық тұрғыдан зерттеу түгіл мойындаудың өзі қиынға түсіп жатқан бұл кезеңде, сыни және зерттеушілік мақсатта алғаш рет жан-жақты тексеру нысанасына түскен Мағжан болды. Бұл мақала Ж.Аймауытовтың жоғарыда әдеби ағым мен көркемдік әдіс туралы айту барысында сөз етілген мақалаларында байқалған әдеби-теориялық білімнің молдығын тағы бір танытса, екіншіден, «Мағжан ақындығының қыры мен сырын ұғынып алуға, көркемдік әлеміне қалай кіріп, қалай түсіну, ақын жанының қалтарыс-бүкпелерін қалай ұғыну керектігін көрсеткен, жалғыз мағжантануда емес, бүкіл қазақ әдебиеттануында асқар бел болып келе жатыр».

Төңкерісшіл, тапшылдар тарапынан «әдеби сотта» қаралып, «ескішіл», «керітартпа ұлтшыл» деген баға алып жатқан шақта басқалар секілді Мағжанға жай арашашы болудан көрі, әдеби-теориялық ой-пікірге сүйенген ғылыми мақала арқылы қорған болуды мақсат тұтқаны байқалады. Ол үшін ең біріншіден, Мағжан шығармашылығын өмір сүрген заманның тарихи шындығы тұрғысынан қарастырып, қоғамдық-әлеуметтік ортасымен байланыстыра отырып талдауды басты назарға ұстаған. Мақаланың «Маркс не дейді?» деп аталатын бөлімінде ақын және әлеуметтік орта мәселесін ғылыми негіздеп алуы да сондықтан болуы керек, «Бір жағынан үй іші - әкеге, әлеумет-ру басыға бағынған, тапқа, жікке бөлінбеген қазақ ішінде туып өскен болса; екінші - татар медресесінде оқып, түрікшілдік, исламшылдық рухында тәрбиеленсе; үшінші - патша саясаты шымбайға батып, отаршылдық

зардабы қазақтың ұлтшылдық сезімін оятқан дәуірдің ұлы болса; төртінші - орыс зиялыларының қаймағы бұқарашыл болып жатқанын сезіп білсе; бесінші - Батыстың, қала берсе орыс ақындарының санашылдық (идеализм), дарашылдық школынан сабақ алса, енді Мағжан қай пікірдегі ақын болып шығу керек? Сөз жоқ, Мағжан ұлтшыл, түрікшіл, санашыл, дарашыл ақын болып шығу керек. Олай болып шықпауы мүмкін емес. Әлеумет ортасының, заманының жағдайы солай», - деген пікірінің негізінде ақын шығармашылығына әсер еткен тарихи, әлеуметтік, саяси жағдайлар мен рухани ортаның мәнін ашуды көздеген. Сол арқылы Мағжан поэзиясының ұлттық, халықтық сипаттарын ғылыми саралап берді. Бұған дейін әдеби-теориялық ой-пікір бұл ұғымдарды тек сөз арасында ғана айтып қалып, жеке ақын шығармашылығына орай ғылыми терең қарастыруға дендеп бара алмай жүрген болатын. Ұлттық әдебиеттану ғылымының туу кезеңіндегі әдеби-теориялық ой-пікірдің өсу-кемелденуі жолында мақала қосқан ең басты жаңалық та осы болды. Мағжанның «кедейдің ақыны емес, ұлт ақыны, ұлтты жалпағынан алып қарайтын», халықшыл ақын екенін дәлелдеу - мақаланың бүкіл желісінің өзегі болуы да сондықтан болар.

Мақаланың әдеби-теориялық ой-пікірге қосқан тағы бір ерекше жаңалығы - Мағжан поэзиясындағы әдеби ағым және көркемдік әдістерді анықтау мақсатында теориялық талдау жасауы. Қазақ әдебиетінің көркемдік деңгейі қандай дәуірде деген проблема баспасөзде жан-жақты сөз болғанда тың пікірлер білдірген Ж.Аймауытов бұл мәселені де нақты сөз етеді. «Мағжанның алғашқы кездегі өлеңдерінде неше түрлі рух бар. Сыртқы түрінде орыстың бейнешілдеріне (символист) еліктесе, ішкі рухында күйректік, жылауықтық (сентиментализм), романтизм болды. Сентиментализм әсіресе, әйел теңдігіне арнап

жазған өлеңдерінде ұшырасады», - дей келіп, осылардың әрқайсысына нақты мысал келтіре отырып дәлелдейді. Сын мен әдебиеттану ғылыми тарихында әдеби ағым мен әдіс тұрғысынан да алғаш теориялық талдауға түскен де Мағжан поэзиясы болғанын атап айту керек. Бұл бағыттағы әдеби-теориялық талдаулары авторға: «Мағжан - терең күйдің ақыны емес, нәзік сезімнің, тәтті қиялдың, ақыны, ол - кедейдің ақыны емес, ұлт ақыны. Ел ішінде бай, кедейдің арасында қиянатты, теңсіздікті көрмейді. Ұлтты жалпағынан алып қарайды. Ол түрікшіл, санашыл, уайымшыл, өзімшіл ақын, бұл жағынан қарасақ, ол - ескі пікірлі ақын.

Жақсы жағын алсақ, ол сыршыл, толғағыш, суретші, сөз ұстасы, түрікшіл, романтик, мәдениетшіл, отаршылдыққа, жауынгершілдікке қарсы күншығысшыл екен», - деген тұжырым жасауға мүмкіндік береді. Бұл пікірдегі «ескі пікірлі ақын» дегенді теориялық тұрғыдан түсіну керек. Санашыл деп отырғаны идеализм болса, уайымшылы - сентиментализм. Сондықтан ол төңкерісшілдер таңған «ескішіл керітартпа, байшыл-феодалшыл» деген түсінікті білдірмейді. Автор Мағжан шығармашылығына маркстік-лениндік әдіснама тұрғысынан қарап отырғандықтан да санашылдық (идеализм) пен күйректік (сентиментализм) ағымдарының белгілері енді жаңа дәуірдегі көркемдік дамуда кенестік идеологиямен тіл табысып өркендей алмайтынын көрсетіп отыр деп ұғу керек.

Ж.Аймауытов мақаласында Мағжан өлеңдерінің көркемдік ерекшелігін, тілін, түрін, стилін талдай отырып, біртуар ұлы ақынның қазақ әдебиетіне енгізген жаңалығына, әсіресе, өлең техникасын жетілдіруге сіңірген еңбегін баса айтады. «Жаңа өлшеулер шығарды», «тіл ұстартты» дегенде ақынның суреткерлігін ашу мақсатында мынадай пікір білдіреді. «...ақындық жүзінде Абайдан

соңғы әдебиетке жаңа түр кіргізіп, соңына шәкірт ерткен, мектеп ашқан күшті ақын Мағжан екенінде дау жоқ. Абайдан соң өлең өлшеулерін түрлендірген тағы да Мағжан. Мағжан тыңнан 8-9 жаңа өлшеу туғызды, бәрін бірдей санаудың қажеті жоқ. «Сап-сары боп», «Біраз Фетше», «Шылым», «Александр Блок», «Мені де, өлім, әлдиле», «Күншығыс» тағы басқа өлеңдер Абай өлшеуінде жоқ.

Қазақ әдебиетіне Мағжанның кіргізген жаңалығы аз емес, орыстың символизмін (бейнешілдігін) қазаққа аударды, өлеңді күйге (музыкаға) айналдырды, дыбыстан сурет туғызды, сөзге жан бітірді, жаңа өлшеулер шығарды. Романтизмді күшейтті, тілді ұстартты», - деп жазады. Мақаладағы әдебиеттің тарихи-көркемдік дамуының өзіндік заңдылықтарына, көркем шығарманы идеялық, жанрлық, стилдік ерекшеліктеріне орай зерттеудің айқын көрініс табуынан, ұлттық әдебиеттану ғылымының туу дәуіріндегі әдеби-теориялық ой-пікірдің кемелдене, нақтылана, ғылыми-зерттеушілік сипаты тереңделе түскеніне куә боламыз.

1920 жылдардың бас кезінде жаңа заман идеологиясының негізі боламын деген маркстік-лениндік ілімнің, оның әдіснамасының өз тізгініне ие бола алмай, пролеткультшылдық пен тұрпайы социологизмге ерік беріп алғандығын дәлелдейтін мақалалар жарық көрді.

Бұл Мағжан поэзиясы төңірегінде болған айтыста да анық байқалды. «Тұрпайы социологизмге» қарсы ұлттық әдеби-теориялық ой-пікір екіге жарылды. Төңкерісшілдер Сәкенді пролетариат ақыны екенін дәлелдеп жатса, «ұлтшыл» атанғандар Мағжанның «ұлтшыл-байшыл» емес екенін көрсету үшін ара түсіп, «Мағжанның ақындығы» секілді ғылыми мәні терең мақала да жазды. Бірақ, Ғ.Тоғжанұлының «Мағжанның ақындығы, Жүсіпбектің сыны», «Көркем әдебиет туралы маркстікшілдер не дейді,

Жүсіпбек не дейді» секілді дүниелері жазылып, ақыры Мағжан өз кредосынан бас тартып, «Тоқсанның тобы» атты өлеңін жазуға мәжбүр болды. Біле білсек, бұл да ұлт әдебиетінің ғасырлар бойы келе жатқан дәстүрлі жолынан жаңылып, жаңа заман идеологиясының қол шоқпары болуға айналған жеңілісі. «Тұрпайы социологизмді» жақтаушыларды айтақтап қойып, соның негізінде өз үстемдігін құруға жанталасқан маркстік-лениндік идеологияның жеңісі. Әдебиетті өз идеологиясын жырлатуды, ғылымда өз әдіснамасын қолдануды толық талап еткен партиялық саясаттың 1925 жылғы «Партияның көркем әдебиет саласындағы саясаты» деген қаулысынан кейін бар билікті өз қолына алуы еді. Кейінде «түрі ұлттық, мазмұны социалистік» деп келгенімізбен екеуі космополиттік, социалистік болған әдебиетті жасаудың алғашқы негізгі осы 20-жылдардың соңында қолға алынды.

Ұлт әдебиетінің ұран мен үгітке ауысқан көркемдік деңгейі Ж.Аймауытовты да бей-жай қалдырмады. Өзінің «Көркем әдебиетті саралау» атты мақаласын жазып, төңкерісшілдердің пролетариат әдебиетін жасаймыз деген даурықпасын сынап, оларға әдеби-теориялық тұрғыда баға береді. Ұлт әдебиетінің келешектегі дамуы үшін жаны қиналған Жүсіпбек: «Төңкерістен кейін қазақ өлеңшілері, жазушылары көркем сөздің не екенін білмегендіктен, айтпесе өнері жетпегендіктен не болса соны баспаға түсіріп, көркем әдебиеттің құнын түсіріп барады. Төңкерістің алғашқы екпінінде айғай сөз, үгіт жарастықты еді. Сән болып еді. Төңкеріс сабасына түскен заманда алғашқы айғаймен жүре беру келіспейтін кінәратты нәрсе. Дәмсіз, кенеусіз сөзбен қандай әдебиет болса да туғыза алмаймыз», - деп жазады. Автордың «көркем сөздің не екенін білмегендік пен өнері жетпегендікті» атап көрсетуінде мән бар. Шынында да төңкерісшілдердің әдеби-теориялық білімі мен ақындық таланттылықтың кемдігі, «бесікте

жатқанда да тап деп жатқанын» жырлаған тап деген тар тақырыптың аясынан шыға алмай қалуына басты себептердің бірі болғаны белгілі. Бұл келтірілген мысалдар 20-жылдардағы әдеби-теориялық ой-пікірдің қазақ поэзиясының сол кездегі көркемдік деңгейі мен келешегін арнайы проблема етіп көтере отырып, оны әдебиеттің халық өмірі мен сабақтастығы, тақырып және идея, сөз өнерінің эстетикалық мұраты секілді теориялық ұғымдармен тығыз байланыстылықта қарастырғанына куә боламыз.

Ұлт әдебиетінің көркемдік деңгейі қандай екенін анықтау сыншылдық және әдеби-теориялық ой-пікірде өзекті мәселеге айналып, әдеби ағымдар мен көркемдік өдіс туралы өз көзқарасын білдірушілер көбейе түсті. Мезгіл жағынан алғанда, бұл мәселеге алғаш үн қосқан Ж.Аймауытов болды. Өзінің «Талқыға» деген айдармен жазған «Әдебиет мәселесі» («Ақ жол», 1925, 1 сәуір) атты мақаласында әдебиеттің қандай дәуірде екенін әдеби ағым мен көркемдік әдісті теориялық тұрғыда зерттеу арқылы анықтау мақсатын алға қояды. Ол үшін «Қазақ әдебиеті көгерсін, гүлденсін десек, жалаң тап көзімен, не саясат көзімен қарап сынаржақ кетпей, Маркс көзімен (диалектика әдісімен) сынау керек» деп ескертіп алуы заңды. Бұл біріншіден, автордың теориялық көзқарасының «тұрпайы социологизмнің» тапшылдығы мен саясатшылдығынан аулақ екенін байқатса, екіншіден, өз үстемдігін құруға ұмтылып жатқан маркстік-лениндік әдіснаманың талаптарына ыңғайлана бастағанын сездіреді.

Ж.Аймауытов төңкерістің қазақ әдебиетіне «үгітті желдеткен үндеу, екінші жағынан уайым, қайғы, торығу кіргізгенін» тілге тиек ете келіп, әзір қазақта тап ақыны жоқ деген тұжырымға келеді. Оның басты себебі, қазақ жазушылары төңкеріске жолдан қосылды деп табады да, «әдебиеттің бір қанаты төңкеріс рухымен суарылса, екінші қанаты ұлтшылдықпен суарылып қалған» деп көрсетеді.

Одан әрі осы төңіректе ой өрбіте келіп, соның негізінде: «қазақ әдебиеті қазір күйректік (сентиментализм), сарындамалық (романтизм) дәуірінде болуға тиіс. Ендеше санашылдықтан да (идеализм) құтыла алмайды. Нағыздық (реализм) дәуір қазірге аналардай қабыса қоймас», - деген қорытындыға келеді. Автор бұл пікірін ғылыми-теориялық тұрғыдан нақты мысалдармен дәйектемеген және ол алғаш сөз етіліп отырылғандықтан мүмкін де емес еді. Алайда, М.Әуезовтің «қазақ әдебиеті көркемдік тұрғысынан келгенде қазір романтизм дәуірінде» деген пікірін қолдай отырып, әдеби ағым жағынан келгенде сентиментализмде, онда идеализм де бар, ал реализмнің жолы шектеулі деген тың көзқарасы - әдеби-теориялық ой-пікірдің бұл саладағы ізденістеріне айқын дәлел. Бұл жерде алдын ала ескерте кететін бір жай бар. Мәселе айтылып өткен және алдағы уақытта қарастыратын мақалалар мен еңбектерде қазақ әдебиетінің көркемдік әдіс пен әдеби ағым тұрғысынан келгенде қандай дәуірде екені дұрыс не бұрыс айқындалуында емес. Олардың ұлт әдебиетінде көрініс табуын сын мен әдеби-теориялық ой-пікір ғылыми зерттеу нысанасына алуында. Бұл - қазақ әдебиеттану ғылымындағы теория саласында толық зерттеліп бітпеген проблема. Оның басты себебі, 1920 жылдардағы ағым мен әдіс мәселесіне барсақ, бұқарашыл, яғни ұлтшыл атанған ақын-жазушыларға жолап кететін болған соң жылы жауып қойдық. Алда-жалда айта қалған жағдайда «қазақ әдебиетіне әр алуан дертті: ыңырана күңіренуді, мистиканы және жұртқа жат электизмді (әркімге еліктегіштікті), декаденттікті екпек болғандардың» (М.Әуезовтің сөзі) тарих сахнасынан аласталуы зор табыс болғанын айтумен шектелдік. Бұл саладағы зерттеу жұмыстары енді ғана қолға алынып жатыр, бір өкініштісі, жеке ақын-жазушылар шығармашылығына байланысты ғана.

2001 ж.

## Ғ.МҮСІРЕПОВ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ӘДЕБИЕТТАНУ ҒЫЛЫМЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Атақты сөз зергері Ғ. Мүсірепов ұлттық әдебиеттану ғылымының әдебиет тарихы мен теориясы салаларындағы ғылыми зерттеу жұмыстарына белсене араласа қоймағаны белгілі. Жазушы ұлттық әдебиеттің жанрлық тұрғыда өсіп-өркендеу мен көркемдік деңгейінің жоғарылауына еңбек ете жүріп, ерекше ыждахаттылықпен шұғылданғаны - әдебиеттану ғылымының көркем әдеби сын саласы. Алайда бұдан Ғ.Мүсірепов ұлттық әдеби мұраны игеру, зерттеу жұмыстарына үлес қоспады деген ұғым тумауға тиіс.

Әдеби сынға енді араласа бастағанда алғаш жазған "Қисық сынға әділ төре" (1924) мақаласында әдебиет тарихын дәуірге бөле отырып зерттеу мәселесін көтерген С. Сейфуллин көзқарасын жақтап шықты. Негізінен алғанда, ұлттық әдебиет тарихының мәселесі мен әдеби мұраны игеру жұмыстарының 1920 жылдардың басындағы әдеби сында өткір қойылуы заман талабынан туған болатын-ды. "Әдебиет тек қана пролетариат табынікі, пролетарлық мәдениет жасаймыз" деп даурыққан пролеткультшылдар өткендегі бүкіл әдеби мұрадан бас тартып жатқан шағында бізде "Ұлттық әдебиет бар, оның азды-көпті тарихы бар" деп Темірбайдың нигилистік пікіріне қарсы тұруы, өздерін төңкерісшілдерміз деген акын-жазушылар арасында қатты дәріптелген пролеткультшылдықтың ықпалынан аулақ болғанын дәлелдейді. Мәселе Темірбайдың Сәкеннің қара басына тиісуінде емес, пролеткультшылдық көзқарас басы Абайдан бастап өткендегі мұраны мансұқ етуіне араша түсуінде. "Абайды қазақ әдебиетінің ағасы" ретінде дәлелдеуде "әдебиет оқудың түбіне жеткен ғалымдардың ғана еншісі емес" екенін, рас, ұлтшылдыққа қарсы

көзқарас әсерінде болса да ашық көрсетеді. Тарихи шындық тұрғысынан алсақ, мақаланы С.Мұқанов жазған. Оған Ғ.Мүсіреповтің ”Мен қалай жаза бастадым” атты мақаласындағы: “Оның үстіне алашордашыларға” қарсы Сәкенді жақтайтын бір мақала жазғызды. Аяғына мен қол қойсам да желісін тартып жазғызған, артынан түгелімен қайта жазып шыққан Сәбит еді. ”Балтабай” деген біреуге қарсы жазылды ма, немене әйтеуір біреуді боқтадым да салдым. Алғаш жазған мақаламды Сәбиттің сонша түзеткені маған жаман батты, “жаза алмайды екем” деген қортындыға келдім,- деген пікірі айғақ.

Жазушы 20-жылдардағы әдеби сындағы “ұлтшылдардың әдебиеті көп басылып кетті. Олар Абайды ұлтшылдық әдебиеттің туы етіп ұстап отыр” деген секілді солақай пікірдің ауанына ере қоймаған. Оған 1928 жылы жазған “Қазақстан баспасы жайы” аталатын мақаласы тағы да дәлел. Негізгі сөз болар жай кітап тарату мәселесінен туындап жатса да, Ғ. Мүсірепов халық арасына ескі әдебиет үлгілерін қалай таратуымыз керек деген мәселеге ден қояды. “Кітапты бастырып шығару ғана мақсат емес, ел ішіне таратып, мәдениеттің үлкен құралы ету мақсат қой. Әдебиет елді рухани өмірге тәрбиелеу үшін таралу керек”, - деп жазады.

Бұл дегеніміз халықтың ғасырлар бойы жасаған әдеби мұрасының жиналуы, жариялануы және жарық көруі деген келелі мәселеге келіп тірелетіні даусыз. Автор: ”Сол ескі әңгіме, қиссалардың әкесі осы күні басылып жатқан жоқ па? Бұл жағынан кітапханашыларымыз да мақтана алмайды. Оқытар еді, тындатар еді, жылап, қуанар еді, қолдарына жақсы “қиссаң түспейді, әдебиет ауылға бармайды”, - деп түйіндейді. Міне осы кезден бастап Ғ.Мүсірепов - ұлттық әдеби сынның ыстығына күйіп, суығына тоңған, сын жанрларының толық мәнінде

қалыптасуы жолында ерінбей еңбек еткен, тайсалмай таза сын үшін күрескен тұлға десек, артық айтқандық емес.

Ол қазақ әдебиеті сынының қалыптасу кезеңінде өнімді еңбек ете жүріп әдеби мұраның ғылыми тұрғыдан игерілуіне де ат салысты. Егер М.Әуезовтің “Әдебиеттану жүйесі бізде алғашқыда орта мектепке оқу құралын жасаудан туды” деген асқан білімдарлықпен айтылған пікіріне сүйенсек, Ғ. Мүсірепов бұл саладағы жұмыстарға да өз үлесін қосты. Ол бұған қиын-қысылтаяң кездерде үнемі араласып отырған. 1920 жылдардың соңына қарай алаш арыстарының мектептер мен оқу орындарында қолданылып жүрген оқу құралдары мен оқулықтарына тиым салынып, пайдаланудан алынып тасталғаны белгілі. Бұл оқу-ағарту саласын біршама дағдарысқа да душар қылды. Сонда жазушы “ұлтшыл-алашордашыларға” қарсы күрес ықпалында “тұрпайы социологизм” теориясына сай көзқарастан шыға алмады. Қазақтың оқыған зиялы қауымына қарсы бұл саяси науқанның қырсығынан ұлттық әдебиеттану мен сын бірталай бұрмалаушылыққа жол беріп алғаны тарихи шындық. Бұдан Ғ.Мүсірепов те сау қала алған жоқ. Өзінің “Баспасөз тәжірибесінен” атты мақаласында “таптық” қоғамға, тап тілегіне бағынбаған “таза” мәдениет болмақшы емес. Біздің мәдениет аттанысымыз да пролетариат тілегіне ғана құрыла алады. Пролетариат мәдениетін орнатуға аттанғанда пролетариат қаруымен аттану. Қару дегенде мәдениет жұмысына керекті баспасөзді, әсіресе оқу кітаптарын айтамыз. Осы күнге дейін қолданылып келген, басып жатқан оқу кітаптарымыз, оны жазушыларымыз бұл мақсұттан алыс жатыр. Біздің кітабымызды кім жазып отырғанын көреміз. 1928 жылға дейін жеке адамдардың меншіктеп алған ойнағы, мүлтіксіз солардың үстемдігі. Жасыратыны жоқ, солай екені рас! Ақаң, Жақаңдардың “үстемдігін” басқалар басады”, - деп жазады. Міне, осы басқалардың қатарында

әдебиет оқулықтарын жазу жұмысына Ғ.Мүсірепов тікелей араласуға мәжбүр болды. Бұл жолдағы алғашқы ізденіс ретінде 1930 жылы екінші класқа арналған “Жаңа ауыл” аталатын оқулық жазып шығады. Оның мазмұндық бар ерекшелгі сол- кедейлер табы тілегіне келмейтін мұралар мен “Ұлтшыл” аталғандар шығармашылығы алынып тасталып, тек төңкерісшіл ақын-жазушылар шығармалары ғана енгізілген. Заман талабы солай еді, сонымен қатар, дәуірлеп тұрған “тұрпайы социологизм” көзқарасы басқаша қарауға авторға ырық та бермеді.

Шындығына келсек, алаш арыстарының атылғаны атылып, қалғаны жер аударылған 30-жылдардың басында әдебиеттану мен сында өз үстемдігін құруға ұмтылған маркстік-лениндік әдіснама мен кеңестік идеология әдеби мұраны әділ бағалауға келгенде таптық көзқарасты асыра сілтеп жібергенін түсіне бастаған болатын.

“Ұлтшыл” аталғандардың оқу құралдарындағы фольклорлық үлгілер мен ақын-жазушылар мұрасын таптық көзқарас тұрғысынан қарап оқулықтар жазу қажеттілігі туды. Ойланып-толғанып жатуға уақыт көтермеді, оқу-ағарту саласы оқу құралынсыз қалған еді. Осыдан да болар, әдеби мұраны игеру, жаңаша зерттеу мәселесін көтерген О.Исаұлының “Маңызды екі хат” атты мақаласы жарияланды. Партия атынан, оның идеология саласындағы саясатынан туындап жатқан талап-тілекке үн қосу мақсатында Ғ.Мүсірепов, М.Қайыпназарұлы, Б.Майлыұлы, І.Жансүгірұлыларымен бірге “Ескі мәдениеттік мұра туралы” (Еңбекші қазақ, 1932, N 9, 10), “О.Исаұлы хатына жауап” (Әдебиет майданы, 1932, N 1) аталатын мақалалардың жазылуына қатысады. Бұлар ұлттық ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің әдеби мұраны әділ бағалау жолында тың талпыныс жасауға деген ұмтылысты байқатты. Мысалы, І.Жансүгірұлы, С.Сейфоллаұлы, Ә.Мәметкеліні, Б.Майлыұлының

“Әдебиеттану оқу кітабы” (1932), І.Жансүгірұлы, Ғ.Мүсірепұлының “Көркем әдебиет жинағы” (6-оқу жылы үшін, 1933) секілді оқу құралдары кезең талабына сай қажеттілікке жарады. Оқу құралдарындағы жинақталған материалдар “Социалды құрылыс”, “Колхозды ауыл”, “В.И.Ленин”, “Ұлы Октябрь”, “Қызыл әскер”, “Ескі ауыл” деген тақырыптарға сай топтастырылған. Бұл 20-жылдардағы оқу құралдарында кездесе қоймайтын еді. Тап тартысына сай көзқарас тұрғысынан болғанмен де кеңес дәуіріндегі пролетариат әдебиетін, оның белгілі өкілдерінің шығармашылығын ғылыми-зерттеушілік ой-пікірде жекелей оқыту мәселесін көтере білуде құнды екенін жоққа шығаруға болмайды. Себебі, осы 30 жылдар басындағы ғылыми-зерттеушілік ой-пікір әдебиет тарихын төңкеріске дейінгі және кейінгі деп бөле отырып тексеру бағытын ұстана бастаған еді. Оған 1932 жылғы С.Сейфуллиннің “Қазақ әдебиеті”, С.Мұқановтың “XX ғасырдағы қазақ әдебиеті”, М.Жолдыбаев, М.Әуезов, Ә.Қоңыратбаевтардың “XIX ғасыр мен XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті” (1933) секілді оқулықтардың және тағы да басқа оқу құралдары мен әдебиет хрестоматияларының шығуы дәлел. Бұл “ұлтшылдар” атанған әдебиетшілердің ғана еншісіндей көріп келген өткендегі әдеби мұраны зерттеуге төңкерісшілдердің де белсене араласып, зерттеушілік ой-пікірдің бағыт-бағдарына таптық мүдде тұрғысынан тексеруді басшылыққа алуға, социологиялық арқауы басым ой-қорытындылар жасауға түсе бастағанына нақты мысал.

Алайда бұл еңбектер мектеп пен оқу орындарына енді ғана орнығып, артық-кемі таразыға түсе бастаған кезде “халық жауларын” әшкерелеу науқанына тап келгендіктен, әдебиет тарихын дәуірлерге бөле отырып тексерудегі бұл бастама да жалғасын таппай тағы да

жолға шығарылды. Оның орнын толтыру үшін кенестік идеология сын мен әдебиеттануға енді ғана араласа бастаған жас кадрларды ұйымдастырып, әдебиет хрестоматияларын жазуды тапсырды, большевиктік саяси қырағылық пен таптық көзқарасты басшылыққа алуды міндеттеді. Одан “Бейімбет жау болатын болса, мен де жаумын” деп ашық мәлімдеме жасаған, шығармаларынан солақай сын ұлтшылдық сарын іздеп саяси сенімсіздікке ұшыраған, партиядан шығарылып, қызметінен қуылған Ғ.Мүсіреповтің шеттетілгені айтпаса да түсінікті.

Ғ.Мүсірепов және 1920-30 жылдардағы ұлттық ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің деңгейін сөз еткенде арнайы тоқталуды қажет ететін екі мәселе бар. Оның бірі - жазушының ұлтшылдық әдебиет туралы көзқарасы болса, екіншісі - жаңа заман әдебиетінің көркемдік әдісі мен әдеби ағымдар проблемасы еді. Сыншы ретіндегі тұлғасының қалыптасу жолы қиын-қыстау кезеңге, әдеби айтыстарға тап келгендіктен идеологиялық күрес майданында таптық көзқарас тұрғысынан қарап “ұлтшылдық әдебиет” дей отырғанымен, солақай сыншылдыққа ұрынып “жерден алып, жерге салу” байқалмайды. Әдебиет тарихына байланысты Ғ.Мүсіреповтің нақты пікірі “1926 жылы С.Мұқановтың “Көркем әдебиет туралы” аталатын мақаласына байланысты туындаған әдеби айтыс барысында көрінген еді. 1929 жылы “Әдебиет айтысына” деген мақала жазып, Ғ.Тоғжановтың “Әдебиет және сын мәселесі” атты кітабы мен Ә.Мұсаұлының “Көркем әдебиет мәселесіндегі айтыс туралы” аталатын мақаласындағы “бізде пролетариат әдебиеті жоқ. Оны пролетариат тобынан шыққандар ғана жасайды” деген ұшқары пікірге қарсы тұру мақсатында, “ұлтшылдық әдебиеттің” болмыс-бітімін ашуға талап жасады. Бұған қоса

“ҚазАПП жаңа дәуірде” (1932) атты мақаласында ҚазАПП-тың ұлтшылдыққа қарсы күресін мадақтау барысында саяси күрес ықпалында ашық кетіп, артық-кем пікір білдіргені де рас. Ғ.Мүсіреповтің “жаңа аяқтанып келе жатқан төңкеріс әдебиетіне байшыл-ұлтшылдар шабуыл жасағанда (Екеу, Қошке, Жүсіпбек), бетін бүркеп “бұқарашыл” болып әдебиетті байшыл жолға бұрмалауға жанталасқандарға ҚазАПП) қарсы тұрды. Қазақ әдебиеті қол-аяғы жоқ әдебиет болады, бұқарашылдар біздің дұшпанымыз емес, досымыз деп өз табының тілегін пролетариатқа жоқтатпақшы болғанда, ҚазАПП мұнымен де күресті. Ғаббас: “Мағжан ақын тоқсанға келем дегеніне қарсы емеспін” деп төңкеріс дұшпанына құшағын ашса, қазақ әдебиетшілері Ахметті қадірлей біледі, көбіміз Ахметтің бауырында өскенбіз” десе, “Мағжан Ахметтерден оқы, үйрен, үлгі ал” деп шатасса, ҚазАПП бұл қақпанға түскен жоқ”, - деген секілді ой-тұжырымдары кездеспейді емес. Бұл әдебиет майданындағы ұлтшылдыққа қарсы саяси күрестің “тұрпайы социологизм” теориясындағы көзқараспен ұштасып жататынына еш күмәнмен қарауға болмайтынын байкатады. Төңкерісшілдердің осы 1930 жылдардың басында “ұлтшылдық әдебиет”, оның өкілдері туралы қалыптастырған қате бағасы қағидаға айналып, егемендік алғанға дейінгі уақытта алаш арыстары туралы сын-зерттеу еңбектердің бәрінде үздіксіз қайталанып келгені де жалған емес. Бұл ұлттық әдебиеттану тарихында орын алған “ақтандақтар” десе де болады.

Көркем әдебиет туралы жоғарыдағы айтыста ерекше сөз болған, әр түрлі сипаттағы пікірлер айтылғанымен, түйінді бір қорытынды жасалмай қалған мәселе - пролетариат әдебиетінің алға ұстайтын көркемдік әдісі мен әдеби ағымы қандай болатындығы еді.

Сентиментализм (күйректік), романтизм (сарындамалық), идеализм (санашылдық), реализм (нағыздық) туралы пікірлер оңды-солды айтылып, жаңа дәуір әдебиеті қайсысын таңдауы керек дегенде пікір қайшылығы туындаған-ды. Бірақ айтыс аяқталмастан бұрын алаш арыстарының қамауға алына бастауы белгілі бір шешімге келуге мүмкіндік бермеді. Міне, бұл кемшілікті айтыста айтылған ой-пікірді қорытындылау мақсатында Ғ.Мүсірепов осы аталған мақаласында: “әдебиетіміздің өркендеу бағыты - социалдық нағызшылдық жолы. Екінші - социалдық романтизм. Бұл социалдық нағызшылдыққа қайшы келмейді. Социалдық романтизмнің мазмұны - жазушы шын өмірді жазғанда келешектегі жайын байланыстыра жазудың, алға сүйреудің әдісі”, - деп қазақ әдебиетінде орныға бастаған социалистік реализм әдісін теориялық тұрғыда негіздеп беруге алғашқылардың бірі болып үн қосты. Жасыратыны жоқ, маркстік-лениндік ілімнің осы қолдан жасалған көркемдік әдісі қазақ әдебиетінің көркемдік көкжиегінің әлемдік деңгейде дамуына көп жылдар бойы тұсау салды.

Қорытындылай келгенде, Ғ.Мүсірепов - ұлттық әдебиеттану мен сынының 1920-30 жылдарда бастан кешірген тарихи жолындағы орын алған қате теориялар мен маркстік-лениндік әдіснаманың қағидаларына сай талаптар деңгейінде сыншылдық және ғылыми-зерттеушілік ой-пікірді дамытуға үлес қосқан көрнекті тұлға екені даусыз.

2002 ж.

## ЖАЗУШЫ ЖӘНЕ СЫН

Кенес дәуіріндегі қазақ әдебиетінің негізін салушылардың бірі, классик жазушы Ғабиден Мұстафин - әдебиетке араласа бастаған кездегі тұтастарына қарағанда, ұлттық әдебиеттану мен сынындағы әдеби айтыс-тартысқа, таптық тұрғыдағы көзқарастың сойылын соққан сынаржақ солақайшылдыққа белсене бара қоймаған дарын. Бұдан 1920 жылдары болған көркем әдебиет туралы айтысқа, әдеби ағым мен көркемдік әдіс жайындағы пікірталастар мен таза пролетариат әдебиетін жасау керек деген даурықпа ой-пікірге өз көзқарасын білдірмеді деген ұғым тұмауы керек. Жазушының өз сөзімен айтсақ: «1929 жылы «Ер Шойын» атты әңгімелер жинағым шықты. Әліме қарамай Ғ.Тоғжанов, С.Сейфуллин сияқтылармен пікір таластыра бастап едім, Сейфуллиннен басқасы әдебиет майданында қағажу көрсетті. Жазғаным өтпей қалған соң Қарағандыға жұмысқа кеттім», - дейді. Бұл пікірде үлкен шындық жатыр. Оның себебін Ғабен тағы да өзі ашып береді. Оған «қыздырушылардың, советшілдердің бірі бола тұра нахаққа талай күйдім. Бабам - ірі феодал, әкем – қажы, қайын атам – бай. Дұшпандарыма бұл тап күресі кезінде қолайлы құрал болды... «Хажының баласы», «Сейткемеловтің күйеуі» деп қудалаудан көз ашқаным жоқ. 1953 жылға дейін «домалақ» арыздарға жауап берумен келдім», - деп жазғаны дәлел.

Жазушының шығармашылық өмір жолын зерделесек, бүкіл ғұмырын ұлт әдебиетіне елеулі үлес болып қосылған кесек-кесек шығармалар жазуды басты мақсат тұтқаны байқалады. Алайда қандай қаламгер болса да өз дәуіріндегі әдеби процесс, көркемдік даму, әдеби сын мен ғылыми зерттеу жұмыстары салалары туралы

келелі мәселелерге араласпауы мүмкін емес. Ғ.Мұстафин қаламдас серіктері секілді әдебиет оқулықтарын жазу, әдебиет тарихын зерттеу секілді жұмыстарға қалам тарта қоймаса да әдеби сын саласында көңіл аударарлықтай мақалалар жазды.

Академик С.Қирабаев бұл турасында: «Ғабиден – тек көркем шығарма жазумен ғана шұғылданбай әдебиет дамуының маңызды мәселелерін талқылауға белсене араласып, өзінің жазушылық тәжірибесін жас қаламгерлерге үлгі етіп әңгімелеп жүрген ұстаз суреткер. Сөйтіп көркем шығармаларда көтерген озық ойларын сыншылдық пікірмен толықтыра түсті. Мұны біз жазушының «Ой әуендері» (1978) атты кітабына жинақталған еңбектерінен көреміз. Кітаптың 1979 жылы Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығына ие болуы Ғабиденнің сыншылдық ой-пікірлерінің бүгінгі әдеби процестегі орны мен әдебиет дамуына елеулі ықпал етіп отырғанын мойындатады» – деп жазады. Біз сөз етер ойдың өзегі осы «Ой әуендерінде» алғашқы беташарлардың бірі ретінде алынған «Сын әділ болсын» (1946) шағын ғана мақаланың жазылу тарихы төңірегінде ғана болмақ.

Бұрын әдеби талқылауларда, түрлі жиындарда сөйлеп, баяндама жасап жүргені болмаса (олар «Ой әуендеріне» еңбеген) әдеби-көркем сынға дендеп араласуы 1940 жылдардың орта кезінен басталады. Бұл ұлттық әдебиеттану мен сынында өте бір қиын кезең еді. Себебі 1946 жылы ВКП(б) Орталық Комитетінің «Звезда» және «Ленинград» журналдары туралы, «Драмалық театрлардың репертуарлары және оны жақсарту шаралары туралы» қаһарлы қаулылары шыққанды. Сол-ақ екен ұлт республикаларындағы әдеби-журналдар мен театрлар жергілікті белсенді сыншылардың солақай сынының астында қалып, тағы

да ұлтшылдық іздеу науқаны басталды. Оның басты себебі осы қаулы-қарарлардан туындаған партияның көркемөнер саласындағы саясатына үн қосу мен саяси қырағылық танытудан туғанымен, тарихи мән-мағынасы тереңде жатыр еді. Кеңестер Одағында соғыстан кейін Европа өнері мен мәдениетінің, ғылымының әсері айқын көрініс таба бастаған болатын. Ол кеңестік идеологияда «космополитизм», «батысқа еліктеушілік», «батысқа бас июшілік», жаңа сипаттағы «буржуазиялық-ұлтшылдық» болып бағалана бастады. «Егер «халық жауларын» әшкерелеу партияда терең құпиялықта жүргізілсе, ғалымдар мен жазушылар арасындағы «идеологиялық қастандық жасаушыларды» талқандау ашық түрде жүзеге асырылды. Идеология саласындағы Жданов бастаған осы әшкерелеу майданы Сусловтың тікелей басшылығымен қадағаланып, әдебиет, өнер, баспасөз, ғылым салаларында ерекше қарқында өріс ала бастады». Жоғарыдан арнайы нұсқау арқылы жүргізілген бұл науқан ұлт республикаларында «буржуазиялық-ұлтшылдықты», «идеясыздық пен саяси көрсоқырлықты» талқандауға ұласты. «Правда» газетінде жарияланған «Искоренить идеологические извращения в литературе» аталатын бас мақалада украин ақыны В.Сюсюраның «Украинаны сүй» атты өлеңінің «ұлтшылдық» сарында деп табылуы себепші болды да әр ұлт әдебиетінен ұлтшылдық іздеу қолға алынды. Осы кездегі солақай сынның астында қалған ақиық ақын Қ.Аманжоловтың «Сарыарқаны Сарыарқа демей, Қара арқа деп жырлауым керек пе» деп торығатын келеңсіз кезең туды.

«Орталық Комитет сырт қарағанда формализм, пессимизм, бей саясаттық сияқтылармен күреспек ниетте бола отырып, кешегіні, ескіні мадақтамауға, басқаларды «әшекейінен» үлгі алмауға шақырды, тек орыс

мәдениетінен өнеге алуға шақырды». Осы қаулыларды жүзеге асыруда Қазақстан партия ұйымы ұлт әдебиеті мен мәдениетіне әңгір таяқ орнатып бірталай әпербақандыққа жол берді. Бұл науқанның әсері - Ғ.Мұстафиннің жеке басы мен шығармашылығына да тимей қалмады. Жазушы бұл кезде «Әдебиет және искусство» журналының бас редакторы болып қызмет атқаратын. Жоғарыда аталған «Звезда», «Ленинград» журналдарына байланысты қаулыға сәйкес, қазақ жазушыларының бетке ұстар жалғыз журналынан да қателік іздеу шұғыл ұйымдастырылды. Саяси науқанға жедел үн қосқан С.Бәйішев Қазақстандық партия ұйымының баспасы болып табылатын «Социалистік Қазақстан» газетінде «Идеясыздық пен сауатсыздықтың жинағы» («Әдебиет және искусство» журналының 1946 жылғы 1-4 сандарына сын) (1946, 27 қыркүйек) деген мақала жариялап, оның соңы әдебиет және көркемөнер қызметкерлерінің республикалық жиналысындағы талқыға ұласты. Сыншы да, әдеби талқылауда сөйлегендер де журналдың мазмұны, онда жарияланған шығармалардың көркемдік деңгейі төмен екенін тілге тиек ете отыра, олардың саяси-идеологиялық талап-тілекке сай келмейтініне, асығыс жазылып әлі бітпеген шығармаларға орын беретініне баса көңіл аударды. «Ғ.Мұстафин журналды жеке меншігіне айналдырып алды. Бізді шетке қағып, қағажу қалдырды. Оған тек өз көңілдері мен жақтастарының ғана шығармаларын жариялады» - деген сипаттағы жеке басқа мін тағуға бағытталған сындар да айтылмай қалмады.

Бұл баспасөз бетінде жазушы шығармалары туралы артық-кем пікір айтқан мақалалардың жазылуына себепкер де болды. Т.Жароковтың «Есеп пе, өсек пе?» (Ғ.Мұстафиннің «Есеп» шығармасы туралы) («Лениншіл жас», 28 қыркүйек, 1946). П.Кузнецовтің «Идеясыздық

пен жайбарақаттық жағдайында» («Социалистік Қазақстан», 4 қазан, 1946), Т.Нұртазиннің «Шығанақ» романы» («Әдебиет және искусство», № 4-5, 1946), С.Төлешевтің «Шығанақ» романындағы қателер» («Социалистік Қазақстан», 20 қыркүйек, 1946), «Әдебиет және искусство журналындағы қателер» («Социалистік Қазақстан», 6 маусым, 1947), «Социалистік Қазақстанда» бас мақала ретінде жарық көрген «Журналдағы шымшытырық» (31 желтоқсан, 1948) секілді әшкерелеу мен «өлтіре сынауды» мақсат тұтқан мақалалар жарияланып жатты.

Берер пайдасынан көрі зияны мол, саяси-идеологиялық қателіктерді көрсетуге бой ұрған, ескілікке бүйрегі бұрғандықты қадағалап, тіпті «қажының баласы» екенін де еске салуды ұмытпаған солақай сыншылар жазушыға «Сын әділ болсын» мақаласын жазуға мәжбүр еткенге ұқсайды. Негізінен ол жоғарыда айтылған әдебиет пен көркемөнер қызметкерлерінің жиналысында сөйлеген сөзінің жүйесіне құрылған. Ғабен сыналдым деп мойымаған, сынады деп ықпаған. «Мен туралы баспасөзде де, сөйлеген сөздерде де бірсыпыра пікір айтылды. Сірә, мен сүрінсем керек. Бір емес, екі сүрінсем керек. Бірі - жазушы есебінде, екіншісі - журналдың редакторы есебінде», - деп жаза келіп партия ұйымының жазушыларға қойып отырған талап-тілегі дұрыс деп табады. «Партия маған совет адамының совет қоғамын басқарушы партия басшыларының, большевиктердің образын жақсылап жасай алмадың, көркем шадыман өміріміздің бейнесін толық көрсете алмадың, халқымыздың өршіген ынта, жігерін жете айтып бере алмадың, жаса, айт, көрсет деп жатыр. Бұл игі тілекке, бұл кеңеске қарсы айтар бір ауыз сөзім жоқ. Қабылдаймын. Жасадым, жетілдім деуден аулақпын.

Сынға - тәрбиеші көмекші - большевиктік сынға берер адал жауабым осы», - деп ағынан жарылғанда ұлттық зиялы қауым өкілдерін талқандаудың жаңа дауылы көтеріліп келе жатқанын жақсы түсінген. Сталиннің жеке басына табынудың жаңа науқанынан туындаған «буржуазиялық-ұлтшылдықты» әшкерелеудің тағы да басталған шырғалаңы қазақтың ұлы перзенттері М.Әуезов пен Қ.Сәтбаевтың қудалануына, әдебиетші-ғалымдар Е.Ысмайылов, Қ.Жұмалиев, Қ.Мұқаметханов, тарихшылар Е.Бекмаханов, Б.Сүлейменовтердің 25 жылға сотталуына апарып соққаны тарихтан белгілі. Егер 1937 жылдың зұлматынан қазақ зиялыларының атылғаны атылып, сотталып, қалғаны саяси сенімсіздікке ұшыраған қиын кезеңде құлап қалуға таянған қазақ әдебиетінің қара шаңырағының еңсесін түсірмей әдеби шығармашылық орталық болып тұрған «Әдебиет және искусствоға» редактор болса (1939-41), соғыстың ылаңынан жабылып қалғанында оны қайта ашуға басшылық жасап (1945-48), жолға қоюға еңбек сіңірсе, ұзақ жылдар бойы Жазушылар Одағын басқарса, ол - Ғ.Мұстафиннің халқы алдындағы азаматтық парызын ақтау жолындағы күреске толы тағдыры.

Біз соңғы кезеңде қызыл империяның қанды қырғынын Алаш арыстарына, «халық жауы» атанған алыптар тобына ғана байланысты сөз етуді әдетке айналдырдық. Кеңестік идеологияның адам құқығын мансұқтауы халқым үшін деп, оның көркем әдебиеті үшін деп тер төккен ешбір қаламгерді айналып өткен емес. Ол «Шыда, шыда дейсіңдер-ау, оған менің өмірім жете ме» деп бір кезде алашшыл болғаны үшін өмір бойы қуғындаудан құтылмаған жалғыз М.Әуезов емес те еді. Қаламдас төл құрдасы Ғ.Мүсіреповтің партиядан шығып жұмыссыз қалғаны, Сталин өлген соң ғана партбилетін қайта алып, «Ара» журналының

редакторлығына әрең іліккені ше? Басқалар қараланбап пе екен?! Атай берсек ұзақ тізімге тап боламыз. Қазақ зиялылары үшін ерекше қаталдықпен жүрген жеке басқа табыну зұлматы Ғ.Мұстафинді де тасада қалдырған жоқ. 1953 жылға шейін, яғни сталиншілдік құрығанға дейін, «домалақ арыздарға жауап берумен келдім. Қызғанарлық бағым, мансабым, не кесірлі мінез-қылығым жоқ. Маған неге өшігеді?! деп танданатын едім» - деп күйіне жазуы да сондықтан болар. Жоғарыдағы аталған «жаптым жала, жақтым күйеге құрылған мақалалардың жазылу себебі «домалақ» арыз болмаса, бұрын баспасөз бетінде айыпталмаған, Ғ.Мұстафинге «ұлтшылдықтың» қамытын кигізіп қоюға ұмтылу екенін жоққа шығаруға болмас. Өзіне қарсы сынды жазушы талқыдағы жиналыстағы сөйлеген сөзінде де, «Сын әділ болсын» мақаласында да үлкен ірілікпен көтеріп әкеткен. «Әдебиет және искусство» журналына тағылған кемшіліктердің орын алуының басты-басты төрт бірдей себебін ашып берді. «Бірінші себеп - редакция алқасының салақтығы, жауапкерлігін ұмытқандығы, екінші себеп - журналдың материалы тапшы, үшінші себеп - Қазақстан біріккен баспасына байланысты, төртінші себеп - журнал қызметкерлеріне жағдай жасалмады», - деп атап-атап көрсете келіп, әрқайсысына дәлелді де ұтымды жауап береді. Мысалға «кейбір жолдастар басты кемшіліктерді көрудің орнына, Мұстафин өзінің көңілдерінің материалын басты деп қайдағы жоқты айтады. Сынды қанша сыйласақ та, мұндай сынды сыйлауға болмас. Басқа мінім көп шығар, дәл сондай мінім жоқ. Қазақстан Компартиясы Орталық комитеті кемшіліктерді айтқанда маған мұндай мін таққан жоқ. Журналға 40-50 автор қатысты. Соның бәрі менің жекжатым, көңілдесім бе екен? Немесе материал әкеліп едім, Мұстафин баспай

тастады деп бір де бір жазушы айта ала ма екен? Айта алмайды», - деп ашығын айтқан. Бас редактор ретінде ақталу да, талқыға түсіп отырмын деп жалтақтау да жоқ.

Мақалада Ғ.Мұстафин өз жеке басын қорғаудан көрі әдеби журналды жақсарту, редакция, Жазушылар Одағы, барша қаламгер қауым болып оны халықтың рухани азығына айналдыру мәселелеріне кеңінен тоқталады, орын алып отырған кемшіліктерді жою жолындағы міндеттерді анықтайды. Соған қарағанда жазушыны редактор ретінде өзінің жазалануы емес (ол кезде партиялық жаза алу дегеніңіз...), бүкіл қазақ қаламгерлерінің мандайына басқан жалғыз журналдың жабылып қалмауы көбірек толғандырғаны байқалады. Өз шығармашылығына, әсіресе «Шығанақ» романына байланысты сындарға қысқа да нұсқа жауап берген. «Сыншылар туралы бірер ғана сөз. Дұрыс сын түзейді, теріс сын бұзады. Кейбір адамдар осындай көпшілік дабылды пайдаланып өзінің бықсық пікірін өткізуге тырысады. Романның қатесі кемшілігі көп-ақ шығар, нашар-ақ шығар. Таласпаймын», - дей келіп шығарманың арнайы тапсырмамен асығыс жазылғанын, кемшілігі болуы сөзсіз екенін айтып өтеді. Жазушының сыншы тұлғасы туралы көзқарасы да көңіл аударарлық. Әділ, шыншыл сыншылардың әдеби туындыны жан-жақты талдап, пайдалы, зиянды жақтарын айғақтап беретінін айта келе, «мұндай сыншы ұстазың тәрізді, ұрса да көтересің, жақсы көресің» деген ой қорытады. Осыған байланысты С.Төлешев сынына айтқан пікірін толықтай келтірелік. Сонда «жақсы сынға жан пида» дегенді ұстанған жазушы тұлғасы таныла түседі.

«Ал Төлешев ылғи романның кемшілігін, қатесін ғана іздеген. Пайдалы жері кездесе көзін жұмып өткен. Сондықтан романның өн бойынан пайдалы бір

бет, бір ауыз сөз таппаған. Онымен қоймай жала жабуға тырысыпты. Әр беттен, әр тараудан жеке сөздерді теріп алып, құрастырып, автордың атынан сөз шумағын жасапты. Төлешев әдебиетті, еңбекті сыйламай-ақ қойсын, романның 10-15 мың оқушылары бар, ұлы сыншы тарих бар, осылардан қалай ұялмады екен? Өтірік қоспай-ақ шын кемшілікті айтса да жетер еді ғой. Осындай «шаш ал десе бас алатын» сыншыға редакторы да сай келсе керек, беделді газетіміздің бетін аямай беріпті» - деген пікір айтумен шектелген. «Есеп» драмасына байланысты сыншылар жаман деді. Таласпаймын. Енді қайталамауға тырысамын», - деп қана өткен. Бар болғаны осы. Бәз біреулердей сыншының анасы дұрыс, мынасы бұрыс деп сөз таластырар ұсақтыққа бой ұрмаған. Оны «Ой әуендері» еңбегінде топтастырылған кез келген мақаладан көруге болады.

Бірақ «Әдебиет және искусство» айтылған сын, тағылған міннен қорытынды шығаруға ұмтылып орыс әдебиетінен үлгі алуды насихаттап баққанымен, орыс жазушылары мен ғалымдары туралы мақалаларды жанталаса жариялағанымен солақай сыншылдық өрши берді. «Идеология майданындағы қателіктерді батыл жою» ұраны көтеріліп, «Социалистік Қазақстан» 1947 жылы С.Төлешевтің «Әдебиет және искусство» журналындағы қателер» (6 маусым) мақаласын жарияласа, 1948 жылы «Журналдағы шым-шытырық» аталатын бас мақала жариялап, тағы да талқандады. Журнал ғылым, әдебиет және көркемөнер қызметкерлері алдында жасаған ҚК(б) Орталық Комитетінің секретары Ж.Шаяхметовтің баяндамасында да қатты сынға ұшырады. Бұның соңы «Қазақ ССР Ғылым академиясының Тіл және әдебиет институтының жұмысындағы саяси өрсекел қателер туралы» (1947)

әйгілі қате қаулыға ұласты. «Буржуазияшыл-ұлтшыл», «ескілікті көксейтін» әдебиетші-ғалымдардың ғылыми еңбектерін жариялауға жол бергені үшін Ғ.Мұстафинді 1948 жылы бас редакторлықтан кетіріп тынды.

Жалпы алғанда, қазақ әдебиетінің классигі Ғ.Мұстафиннің қаламгерлік тұлғасын сөз еткенде ғажайып табиғи тазалықтағы ұлылығына таң қалуға болады. Үлкен жиындардағы баяндамаларында болсын, әдеби талқылаулардағы сөйлеген сөздерінде болсын немесе баспасөз бетіндегі сын-зерттеу еңбектерінде болсын замана талабына сай айта отырғанымен, идеологиялық саясат ықпалында басқалар туралы артық-ауыс пікір айту, сыңаржақ солақайшылыққа құрылған ұрдажық мақалалар жазу секілді келеңсіз іс-әрекеттен аулақ болғанына анық көз жеткізесіз. Өзі айтқандай: «Азаматтық сипаты келіспеген адамды халық ежелден сүйген емес. Жазушы - халық ішінде білікті, сүйікті адам. Егер азаматтық сипаты бұзылса, ол сүйкімінен айрылады. Бұдан кейінгі өмірдің қызығы не? Сондықтан, жазушы деген қадірлі атты таза да жоғары ұстайық. Атың былғанса асыл сөзің де өте бермейді», - деген ұғымды - өмірлік кредосына айналдырып ғұмыр кешкен жазушыны бар болмысынан парасат сезіліп тұратын, жан дүниесі таза қаламгер дер едік. «Ұлы сыншы - тарих бар» деп жазғанында жазушы өткенді таразыға салғанда тарих ешқандай бұрмалаушылықты, жамау-жасқауды көтере алмайтынын біліп айтқаны даусыз.

- 
1. «Жаңа әдебиет». 1931, № 1, 2.
  2. Мүсірепов Ғ. Суреткер парызы. Алматы: Жазушы, 1970. – 378 б.

3. Әуезов М. XX томдық шығ. жин. 16-том. Алматы, Жазушы, 1985. - 205 б.
4. «Еңбекші қазақ». 1929, 13 – қараша.
5. «Әдебиет майданы». 1932, № 1.
6. «Еңбекші қазақ». 1929, 17 сәуір.
7. Смағұлов Ж. Қазақ әдебиеттануының тарихы. Алматы: Қазақ университеті, 1999. – 432 б.
8. 40-50 және 60 жылдардағы қазақ әдебиеті. Алматы: Ғылым, 1998. – 400 б.

2002 ж.

Репозиторий қарту

## **«ӘДЕБИЕТ ТАНЫТҚЫШ» ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ӘДЕБИ-ТЕОРИЯЛЫҚ ТАНЫМ**

1920 жылдардағы мақалаларды сөз еткенде әдеби-теориялық ой-пікірдің ізденістері мен іркілістерін саралағанда, бұл кезеңде әдеби-теориялық білімдер жүйесінің жоғары болғанын, күрделі теориялық мәселелерге қалам тарта алған, сондықтан А.Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқыш» атты еңбегі тақыр жерде пайда болмаған. 20-жылдардың бас кезінен бастап-ақ қазақ әдебиетінің әр салаларына батыл араласып пікір айта бастаған сыншылдық және әдеби мұра туралы ғылыми-зерттеушілік сипаттағы мақалалар жеке бір ақын-жазушыны, не болмаса белгілі бір көркем шығарманы сөз ету барысында әдеби-теориялық ой-пікірді жетілдіре түскені байқалады. Ұлттың әдебиет тарихын зерттеп тануға деген әдеби-тарихи ой-пікірдің құлшынысы, қалыптасу кезеңіне қадам басқан әдебиет сыны күрес үстінде сапалық та, сандық та жағынан көркейе бастаған қазақ әдебиеті әдебиеттің теориялық мәселелерін ғылыми сөз етуді күн тәртібіне шұғыл қойды. Бұл салада ерекше маңызы бар, жалпы өнер туралы, әдебиеттің тарихы мен теориясы туралы ұлттық әдебиеттану ғылымында ең алғаш жазылған еңбек - А.Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқыш» (1926) атты оқу құралы болды. Үлкен білімдарлықпен, ғылыми терең дәлдікпен жазылған бұл еңбек екі-үш жылдан соң авторы ұсталып кеткендіктен, көпшілік арасына кеңінен тарап үлгермеді. Сонымен қатар, ұлттық әдеби-теориялық ой-пікірдің өсу дәрежесін көрсететін ғылыми мәні соңғы уақытқа дейін дұрыс бағаланбай келді. «Әдебиет танытқыштың» қазақ әдебиеттану ғылымында алғашқы ғылыми зерттеу екені енді ғана айтылып, нақты бағасы беріліп жатыр. Ғалым Р.Нұрғалиев: «Қазақтың ұлттық әдебиеттануының ғылыми негізі, методологиялық

арналары, басты-басты терминдері мен категориялары түп-түгел осы кітапта қалыптастырылған» десе, тілші Р.Сыздықова: «Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқыш» атты көлемді еңбегі - әдебиеттану ғылымы мен қазақ әдебиеті тарихына арналған тұңғыш зерттеу жұмысы: ...Мұнда автор көптеген жайттарды өзі шешіп, көптеген ұғымдарға терминдік атаулар ұсынады», - деп жазады. Біздің ойымызша, «Әдебиет танытқыш» ғылыми зерттеу ретіндегі маңызы қалыптасқан әлемдік теориялық ұғым, түсініктерге қазақша балама тауып, нақты мысалдармен дәлелдеуінде ғана жатқан жоқ. Тұңғыш ғылыми зерттеу ретінде өз кезеңінде әдеби-теориялық білімдер жүйесінің қалыптасуына ерекше ықпал жасап қана қоймай, қазақ әдебиеттану ғылымының тууына негіз де бола алған еңбек екені айтылуда. «Әдебиет танытқыш» - жалпы көркем өнер, оның ішінде әдебиеттің барлық болмысы мен бітімін, көркем шығарманың сыры мен сипатын, әдеби дамудың мағынасы мен мәнін анықтау жолында ұлттық әдеби-теориялық ой-пікірді ғылыми бір жүйеге түсірген және әдебиет теориясына ұлттық сипат дарытуда терминдердің қазақша мағынасын тапқан автордың жан-қиярлық еңбегінің жемісі.

Еңбектегі өнертану, әдебиеттану, фольклортану салалары бойынша осы кестедегідей терминдер жүйесінің жасалуынан Ахаңның кемеңгер ғалымдығы танылады. Мұнда әдебиеттануға қатысты 327 термин қолданылған болса, оның 60-ы (18%) осы күнге дейін пайдаланылып жүр. 267-сі (80%) қазір қолданылмайды. Терминдердің жасалу жолына лингвистикалық тұрғыдан қарағанда, 67 термин дара тұлғада, 223 термин күрделі тұлғалы (2 сөзден 7 сөзге дейін) болып келеді. Белгілі бір сөз өнер құрылысына берілген атау, термин сол құбылыстың адам, қоғам өмірінің рухани-әлеуметтік табиғатынан туындап жатқандықтан да (атау, терминдердің мағыналарына

құбылысты телу емес) ойға оралымды, көңілге қонымды болып шыққан. Сондықтан да «жалпы әдебиет дегеннің болмысы мен бітімін толғаған сөз өнерінің - әліпбиі» бола алған «А.Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқышы» - қазақ әдебиеттану ғылымының үлкен көрсеткіші болумен қатар, теориялық ой-жүйесіне мықтап түрен салған, қазақтың парасатты толғамын, ойшылдығын эстетикалық таным-білігінің молдығын танытқан кезеңдік туынды».

«Әдебиет танытқышты», жалпы А.Байтұрсыновтың ғылыми мұрасын, оқып-үйрену, игеру және пайдалану үшін, ең алдымен, бұл еңбектегі әр атау, ұғым-түсінік, термин және категориялық мән-мағынаны, мазмұнын түбегейлі түсініп алу керек. Академик З.Қабдолов: «Ахаң қалыптастырған әдеби теориялық терминдерге мұқият жауапкершілікпен қараған жөн. Ахаң терминдерін жапатармағай жіпке тізе бермей, таңдау керек, сөйтіп барып талдау керек», -дей келіп, бүгінгі теориялық деңгейден табыла қоймайтын кейбір атауларды оп-оңай формализмге, абстракционизмге, болмаса канон жасап қисық қисынға, қасаң қағидаға айналдырып алмау керектігін атап көрсетеді. Алайда «Әдеттегі дәстүр жалғастығының заңына орай үш түрлі арнауды әрқайсысымыз өзімізше пайымдап, қисындап, кейде тіпті қиыннан қиыстырып, біз де (Жұмалиев те, Ысмайылов та, мен де) кітаптарымызға кіргіздік. Бірақ, амал не, бұл жаңалықты тапқан Ахаң екенін кезінде ашып айта алмай, Қажекеңе сілтеу жасауға мәжбүр болдық», - деп З.Қабдолов айтқандай кейінгі жазылған еңбектерде қолданылған теориялық терминдердің баламаларын былай қойғанның өзінде, алдағы уақытта ғылыми айналымға енгізуге сұранып тұрғандары да баршылық. Мысалы үшін, көсемсөздің қазіргі ғылыми термин ретінде қолданылып кеткеніндей, «нақыл сөз», «қанатты сөз» деп жүрген афоризмді ділмар сөз, эссені - заман хат деп А.Байтұрсынов берген

атаулармен атасақ, ұтылмаймыз. Немесе «Шешен сөз» дегендегі оның саясат шешен сөз, билік шешен сөз, қошамет шешен сөз, білмір шешен сөз, уағыз шешен сөз деген түрлерінің атауларын орнын дәл тауып пайдалансақ, ұлттық таным-біліктен алыс жатқан жоқ. Шешен сөз очерк жанрының баламасына жақын келсе, ішкі түрлерге бөлуде де сәйкестік байқалады.

А.Байтұрсынов қара сөз бен дарынды сөз жүйесін сөз ету барысында, әдебиеттің тегі мен түрі мәселесіне келгенде фольклор және әдебиет тарихына шолу жасап өтеді. Бұл турасында З.Қабдолов: «Мұның өзі бір қарағанда әдебиет туралы ғылымның екі саласын (тарихы мен теориясын) қосып, қойыртпақтап жібергендей көрінеді. Бірақ байыбына барыңқырасақ, ол мұнда да әдеби-теориялық ұғымдар қалыптастырып, өзінің «Әдебиет танытқышын» тағы да сөз өнерінің әсем әліппесінде айналдырады», - деген пікір білдіреді. Біздің ойымызша, автор фольклор туралы ой-толғағанда оны жанрлық тұрғыдан классификация жасаудың алғашқы жобасын жасап, ғылыми анықтамасын жазып шықты. М.Әуезовің «Әдебиет тарихы» 1927 жылы, Х.Досмұхамедовтің «Қазақ халық әдебиеті» 1928 жылы шыққаны белгілі. Ендеше осы екі еңбектегі қазақ фольклорының жүйеленуіне негіз болған да осы «Әдебиет танытқыш» екені даусыз. Ол жоғарыдағы кестеден айқын байқалады.

Ал әдебиет тарихына келгенде, А.Байтұрсынов оны дәуірге бөлуде өзіндік көзқараспен қарайды. Жазба әдебиетті діндар дәуір және ділмар дәуір деп бөлгенімен, кейін оны сындар дәуір деп тармақтайды да, ол ұлы Абайдан басталады деп көрсетеді. 20-жылдардың бас кезінде жазба әдебиетті Абайға дейін және кейін деп бөлген көзқарас болғанын айтқанбыз. Р.Мәрсеков «Қазақ әдебиеті жайынан» («Қазақ», 1914, №112) мақаласында «жазудың қазақ арасына көбірек тараған заманындағы

әдебиет» деп атаған дәуірді, М.Әуезов «Қазақ әдебиетінің дәуірі» («Шолпан», 1923, №5) мақаласында «көшпелі дәуір әдебиеті» атаған кезенді (Абайға дейінгі) сөз еткенде діни сарын мен шығыстың сюжеттік желілерді жырлау басым болғанын атап көрсеткен болатын. Сондықтан да болар, А.Байтұрсынов бұл кезенді «діндар дәуір» деп атап, оған қисса, хиқаят, мысал, насихат (үгіт), мінажат, мақтау, даттау, айтыс, толғау, термені жатқызады. Бәрін дұрыс демеген күннің өзінде қисса мен хиқаятты фольклорлық жанрға бірде енгізіп, бірде енгізбей келгеніміз, әдебиет теориясынан орын бермегеніміз рас қой.

Негізінен А.Байтұрсыновтың «Жазба әдебиеттің өзі екіге бөлінеді: діндар дәуір, ділмәр дәуір. Діндар діншіл деген мағынада, ділмар-тілшен деген мағынадағы сөздер. Қазақ әдебиетінің діндар дәуірі де, ділмар дәуірі де халық әдебиетін дамытып, күшейтуден туған дәуірлер емес, басқа жұрттардың әдебиетінің әсерінен туған дәуірлер. Діндар дәуір әдебиетімізге араб, парсы, әдебиетінен үлгі алып, соларды еліктегеннен пайда болған. Ділмар дәуір орыс әдебиетінен үлгі алып, соларды еліктегеннен пайда болған», - деген пікірі нақты емес. Жоғарыда айтқанымыздай, діндар дәуір деп қай кезенді айтып отырғаны белгілі болғанмен, ділмар дәуір деп атағаны қай кезең екенін нақтыламаған және анықтама да бермеген. «Орыс әдебиетінен өнеге көріп, үлгі алып, соны еліктеуден пайда болып отыр» деуіне қарағанда, 1910 жылдардан бергі әдебиетті айтып отырған секілді көрінеді. Оны анықтауды мақсат тұтпай әдебиеттің тегі мен түрін сөз етуге орай сындар дәуірін әліптеп кетеді. Оны түсіндіргенде, орыс әдебиетін қоспай «Европа әдебиетімен танысқаннан кейін қазақ ақындары сөздің асыл болатын сырын біле бастады. Қазақ әдебиетінің сындар дәуірі Абай сөздерінен басталады», - деп тағы да ескертеді. Бұл біздің 1910 жылдан бергі әдебиетті айтып отыр ма деген

пікіріміздің негізсіз екенін дәлелдейді. Олай болса, А.Байтұрсынов жазба әдебиетті хронологиялық жолмен дәуірлеп отырмаған болып шығады.

Анықтап қарасақ, А.Байтұрсынов дәуірге бөлу негізіне көркемдік әдісті алып отыр. Еңбекте әдеби ағым мен көркемдік әдіс туралы әдеби-теориялық пайымдаулардың жоқтығы белгілі. Ендеше бұл үш дәуірді көркемдік әдіске орай талдап көрелік. Орыстың атақты теорик әдебиетшісі Г.Н.Поспелов романтизмді әдеби дамудың сатысы ретінде қарастыру барысында, әуелде ол діни-моральдық (религиозно-моралистический) сипатта көрінгенін айтады. «В результате социально-политической революции, происшедшей во Франции... все передовые европейские литературы приняли в основном романтический характер. Ранние английские романтики, поэты Бордсворт и Колридж, выступившие еще в 1770-х годах и образовавшие «озерную школу» искали свои идеалы в историческом прошлом. По специальной проблематике они были продолжителями сентименталистов, а романтический пафос вытекал из их религиозно-моралистических стремлений, иногда доходящих до мистицизма и таящих в себе примирение с действительностью. Это был религиозно-моралистический английский романтизм. А гражданский романтизм Байрона и Шелли был самым прогрессивным течением в английской литературе начала века», - деп жазады. Оны дәлелдеу үшін әр елдің әдебиетіндегі діни-моральдық және азаматтық романтизмнің пайда болуын атап-атап көрсетеді. Мысалы, «В 1820-х годах Лимартин своей лирикой создал религиозно-моралистическое течение французского романтизма... Крупнейшим представителем гражданского романтизма в Франции был Виктор Гюго», «В Германии сначала возник религиозно-моралистический романтизм представленный творчеством Новалиса и

Гофмана. Гражданский романтизм в Германии не обладал ни отчетливостью идеалов, ни сильными талантами», - деп нақтыласа, орыс әдебиетіне келгенде «Сначала в России развивался религиозно-моралистический романтизм, особенно ярко представленный творчеством Жуковского», - деп жазады. Бұларды М.Горький: «Керек десе француз әдебиетінде лаулап өскен романтизмнің жалпы бағыты бірдей емес, бір жағы мистикаға ұрынған нағыз реакцияшыл болса, екінші жағы, өсіп әдебиет әлемінде ірі өзгеріс жасаған романтизм», - деп екіге жіктеп тастағаннан кейін кеңестік дәуірдегі әдебиеттану ғылымында «революцияшыл романтизм», «реакцияшыл романтизм» деген атаулар пайда болды. Оны Ә.Байдилин мақаласына байланысты жоғарыда айтып өткенбіз.

Бұл тұрғыдан келгенде, «Әдебиет танытқыштағы» діндар дәуір деп отырғаны - діни-моральдық романтизм, маркстік-лениндік әдіснама бойынша айтсақ, реакцияшыл кертартпа романтизм болып шығады. Ал ділмар дәуір - азаматтық романтизм, яғни қазірше атасақ, революцияшыл романтизм. Сындар дәуір - сыншыл реализм атауының баламасы екені анық. Бұдан шығатын қорытынды: А.Байтұрсынов әдебиет тарихын тарихи кезеңдерге бөліп отырған жоқ, әдеби дамудың заңдылығына орай көркемдік әдіс тұрғысынан дәуірлеп отыр. Олай болса, Абайға дейінгі ақын-жыраулар, әнші ақындар шығармашылығы реализммен дамып келді де, сыншыл реализмге ауысты деген пікір туындайды. Әрине, ғылыми дәлелдеу қажет. Абай қазақ әдебиетінде сыншыл реализмнің негізін қалады дегенде оның аспаннан түспегенін, әдеби дамудың тарихи сабақтастығы бойынша қалыптасқанын ғылыми негіздеу қажет-ақ. «...осы сыншыл реализм туралы сонау 20-жылдары А.Байтұрсыновтың сындар дәуір деп атағанын ұмытпайық. Сындар дәуірге деген ойлардың бәрі де профессионалдық әдебиеттің көркемдік әдісіне, алған

бағытына құйылатын таным-білік екені даусыз», - деген пікірде үлкен шындық жатыр. Рас, «Әдебиет танытқышта» әдеби ағымдар мен көркем образ, тақырып және идея, сюжет және композиция туралы әдеби-теориялық тұрғыдағы жүйелі баяндалған тараулар жоқ. Бұлардың қамтылмауы кемшілік болып табылмайды. Себебі, әдеби-теориялық ой-пікір оларды сөз етуді енді ғана қолға ала бастаған еді. Сонымен қатар, әдебиет туралы ғылымның тууы - әдебиет тарихынан не теориясынан белгілі бір терең мәні бар еңбектің жазылуымен жүзеге аспақ емес. Ол - зерттеушілік ой-пікірдің қайшылықтарға толы кезеңдерінен тұратын ұзаққа созылатын процесс. Бұған қоса әр кезеңде туындаған әдеби-теориялық білімдер жиынтығы мен сыншылдық таным-білік тудыратын көркем әдебиет те қажет.

Қорыта келгенде, ұлттық әдеби-теориялық ой-пікірдің ғасырлар бойғы ғылыми бағыттағы ізденістерінің нәтижесі ретінде «Әдебиет танытқыш» дүниеге келді де, әдебиет туралы ұлттық ғылымның туа бастағанын дәлелдеп берді. Ол әдебиеттану ғылымының туып-даму жолындағы келешек ғылыми-зерттеу жұмыстарына негіз және басшы болуға тиіс еді. Амал не, екі-үш жылдан кейін А.Байтұрсыновтың қазақ зиялыларына төнген алғашқы саяси зұлматтың құрбандығына айналуынан бастап, жетпіс жыл бойы еңбекті ғылыми айналымнан шығарып тастадық. Әйтсе де әдебиет теориясынан кейінде жазылған еңбектерге негіз болумен қатар, танымдық ізденістерде табан тірер басты қайнар көз болып қала берді. Біз бүгінде «Әдебиет танытқыштың» түркі тілдес халықтар ішінде кездеспеген құбылыс екенін мақтана айтуға тиістіміз.

2003 ж.

## АБАЙ ЖӘНЕ ӘЛИХАН

1903 жылы Петербургте «Россия. Біздің Отанымыздың толық географиялық сипаттамасы» деп аталатын көп томдықтың XVIII томы қазақ халқының тарихына арналып, «Киргизский край» деген атаумен шықты. Осы томның «Қазақ аймағының тарихи тағдыры және оның мәдени жетістіктері», «Қазақ аймағының территория бойынша орналасу тәртібі және оның этникалық құрамы, тұрмысы мен мәдениеті» деген тарауларын Ә.Н.Бөкейханов жазды. Қазақ халқының мәдениеті мен өнерін, әдебиетін сөз ете келіп, Әлихан ұлттық ғылыми-зерттеушілік ой-пікірде әдеби мұраны ең алғаш рет ауыз әдебиеті және жазба әдебиеті деп бөледі. Ауыз әдебиетінен көптеген халық жырларын атап келіп, «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырына әдеби талдау жасайды. Жазба әдебиет өкілдері деп Ноғайбай, Шортанбай, Шөже т.б. ақындарды атап Абайға арнайы тоқталып, оны қазақ әдебиетіндегі жаңа бағыттағы жаңа әдебиеттің көш басшысы деп бағалайды. «Енді қазақ поэзиясындағы жаңа ағымның өкілі ретінде Құнанбаевты - формасы жағынан айрықша және мазмұны жағынан (әсіресе бейнелеуде) арынды көптеген өлеңдердің авторы деп атауға болады. Осы автор «Евгений Онегин» және Лермонтовтың көптеген өлеңдерін (қазақтарға түсініктілерін) жақсы аударған, сондықтан да Семей әншілерінің аузынан «Татьянаның хаты» атты өлеңін тыңдауға болады», - деген пікірді классикалық мұраны ғылыми тұрғыда игеру жолындағы ғылыми-зерттеушілік ой-пікірде мәнді жаңалық деуге болады. Ұлттық әдебиет тарихын зерттеудегі ізденістің елеулі бір қадамы екені анық.

Осы кезеңдегі ғылыми бағалаушылық мәнде жазылған мақалаларды қарап отырсақ, жеке ақын-жазушының шығармашылық ерекшелігін ашу арқылы әдебиеттің

халықтығы, ұлттығы мәселелерін танытуға деген талап байқалады. Әрине, шығармашылық дүниетанымның көрініс табуы секілді күрделі мәселеге бара қойған жоқ. Бірақ, Ә.Бөкейхановтың жоғарыдағы пікіріндегі Абайды жаңа ағымның өкілі деген уақытында сыншыл реализмді айтып отырғанына, ал жанр, форма мен мазмұн мәселелерін сөз етуі, ақын творчествосына талдау жасауға деген ұмтылысты байқатады. Бұл ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің классикалық мұраны игеру барысында жалпыдан жалқыға қарай даму заңдылығына орай нақтылыққа бой ұра бастағанына айқын дәлел.

Бір айта кететін жағдай, тәуелсіздік алғанымызға дейін Ә.Бөкейханов есімін атауға тыйым салынған кеңес дәуіріндегі талап-тілекке сай бұл томдағы Абай туралы пікірлерді орыс ғалымы А.Н.Седельниковке апарып таңып жүрген тұжырым абайтану ғылымында әлі күнге дейін орын алып отыр. Еуропоцентристік көзқарасқа әбден мойынсұнып, бізге барлығын орыстар жасап берді деп өзімізді өзіміз мансұқ етіп келгеніміздің бұл да бір мысалы. XVIII томдағы қазақ әдебиетінің тарихы, оның көрнекті өкілі Абай туралы пікірді А.Н.Седельниковке апарып таңғанда оның қазақ фольклоры мен әдебиеті туралы басқа орыс фольклористермен салыстырғанда тартымды ештеңе жазбағанын да естен шығардық. Оның қазақ даласын зерттеудегі негізгі нысанасы географиялық жағдайлары мен жануарлар, өсімдіктер дүниесі, этнографиясы болған. Әзірге бізге белгілі еңбегі «Распределение населения киргизского края по территории, его этнографический состав, быт и культура» деп көрсетіліп жүр. Бұл - біз жоғарыда сөз еткен XVIII томдағы Ә.Бөкейханов жазды деп отырған тарау. Оның авторы Ә.Бөкейханов екенін мына дерек дәлелдей түседі. Осы тараудағы Абай шығармашылығы туралы айтқандағы «Семей әншілерінің ауызынан «Татьянаның хаты» атты

өлеңін тындауға болады» деп жазған пікірін 1905 жылы «Семипалатинский листок» газетіндегі «Абай Құнанбаев» (некролог) атты мақаласында «1899 году в Кокенской волости киргизский певец Адылхан предложил нам послушать «Письмо Татьяны» под аккомпанемент его скрипки», - деп нақтылай түскен болатын. Ә.Бөкейхановтың басқа да ғылыми еңбектерімен тарихи және стильдік жағынан салыстыра зерттесе көп сыр ашылатыны анық. Өкінішке орай, бұл тарау 1995 жылы шыққан Ә.Бөкейхановтың таңдамалы жинағына енгізілмеген.

Бұл томдағы қазақ әдебиетін сөз еткен тарауды Ә.Бөкейханов жазған дегенде Әлихан мен Абай бір-бірін білген бе деген мәселе туындайды. Бұл, әсіресе, Абай өмірбаяны туралы алғаш жазылған К.Ысқақов пен Әлихан мақалалары төңірегінде жиірек айтылып жүр. Бұл мәселені шешіп алу - абайтану ғылымы және Бөкейханов мұрасын зерттеу үшін ғана емес, ұлттық ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің қалыптасу жолын көрсетуде де маңызы бар. А.Н.Седельников жазсын, Әлихан жазсын әйтеуір Абай тұлғасы орыс жұртшылығына осы еңбек арқылы танылды ғой деп «жауырды жаба тоқып» кете беруге енді болмайды. Бұған Әлихан, Кәкітай мақалалары мен басқа да еңбектерді сөз еткенде әлі де тоқталамыз. Әзірше, осы томдықтағы мақалаға байланысты кеңірек сөз етіп көрелік.

Біздің ойымызша, Әлихан Абаймен көзі тірісінде кездескен және пікірлес болған. Оған екі түрлі дәлеліміз бар. Бірінші. Әлихан 1894 жылдан бастап Орыстың императорлық география қоғамының Батыс Сібір бөлімінің жұмыстарына белсене араласып, 1896 жылы толық мүшелігіне қабылданып, 1901 жылы оның басқару комитетіне сайланады. Осы қоғамның Семей бөлімшесін ашуға ат салысып, оның статистика комитетінде Г.Потанин, П.П.Семенов-Тянь-Шанский, Е.П.Михаэлис

және А.Құнанбаевпен бірге мүше болады. Қазақтың екі данасының бұл комитет атқарған жұмыстар барысында таныс болмауы мүмкін емес. Комитет құрамында Е.П.Михаэлистің болуы да көп жайды аңғартады. Е.П.Михаэлис қайтыс болғанда «Қазақ» газетіне (1914, 44) жазған «Офат» деп аталатын азасөзін Абайдың «Өлсем орным қара жер сыз болмай ма» деген өлеңін келтіріп, осы өлең жолдарымен аяқтауы жақсы сыйлас адамдар болғанын байқатады. Осы азасөздегі «Қазақтың жалғыз ақыны Абайды тура жолға салған осы Михаэлис еді. Абай өле өлгенше **«менің көзімді ашқан, маған жаныашырлық қылған Михаэлис еді»** деп айтып отырушы еді», (ерекшелеген біз. Ж.С.) - делінген пікір де көп жайды аңғартады. Батыс Сібірлік Географиялық қоғамның Семей бөлімшесінің «Запискиінің» 1914 жылы Е.Михаэлиске арналған VIII шығуында «Қазақ халқы да Михаэлисті жоқтайды» деп Әлиханның осы азасөзін атап өткен.

Екінші. Көкшетау мешітінің имамы атақты Науан хазірет (Наурызбай Паласов) пен осы мешіт жанындағы интернат мұғалімі Шаймерден Қосшығұловтың Россияның отаршылдық саясатына, діни мекемелерді, мектептерді, мешіттерді жауып, дін иелерінің мұсылман дінінің шарифат жолымен қызмет жасауына тиым сала бастаған жаңа тәртібіне қарсы күрес ұйымдастыру мақсатында жер-жердегі ел сыйлайтын адамдармен байланыс жасады. Бізге Ш.Қосшығұловтың Абайға жазған екі хаты белгілі. Алғашқысы - ақынның баласы Тұрағұлға беріп, ол «шылым орау» үшін болыс Р.Құдайбердинге беріп, тініткен кезде соның қалтасынан шыққан хат. Екіншісі - Абай Семейдің уезд бастығы Навроцкийдің қатысуымен Арқат почта бөлімінен алып берген хат. Абай үйін тініту - 1903 жылы болған оқиға. Науан Хазірет пен Ш.Қосшығұлов бастаған зиялылардың қазақтарды

орыстандыру, шокындыру саясатына қарсы іс-әрекеті ертерек басталған болуы керек. Абайға жазылған екінші хатта Ш.Қосшығұлов Семейдегі жәрмеңкеде болатын кездесу мен Жетісу жеріндегі кеңес туралы жазғанда Абай бұлар жайлы бұрын хабардар болғаны байқалады. Сонымен қатар, полиция Науан хазірет пен Ш.Қосшығұловты тұтқындағанда мешіт пен интернаттан жүзден астам гектографқа басылған қолжазба кітапшалар тауып алған. Бұл турасында Ә.Бөкейханов: «Лет 6 тому назад, по доносу волостного писаря, уволенного киргизом-управителем, администрация познакомилась впервые с казахской (еңбекте киргизской. Ж.С.) прокламацией, напечатанной на гектографе и получившей широкое распространение в степи. В этой первой казахской прокламации авторы на арабском и казахском языках призывали детей Алаша подняться, как один человек, против посягательств русского правительства на религию - ислам и против попытки обратить казахский народ в «крестьян» и православную веру. Эта основная идея прокламации богато иллюстрировалась частными фактами обрусительной политики... В связи с этой прокламацией были проведены впервые политические обыски у известнейших казах, у мулл и учителей, были арестованы библиотека и переписка», - деп жазады. Міне, осы прокламациямен Ә.Бөкейханов алғаш рет Абай ауылында танысқан. А. уезінің қазақтары Қ. және Б. дегендердің сол уездің священнигінің өздерін және дінін қорлағаны үшін жазған шағымына Архипастырдың «дерзкий клязник киргиз забыл, что он живет не в Турции, а в России, православно-христианской. Оставить без последствий» - деп жазып, жауап бермегенін мысалға келтіріп өтеді де прокламациямен қалай танысқанын айтады (Мұндағы К. мен Б. деген Ш.Қосшығұлов және Абайға жазылған хатта аталатын З.Баширов болуы мүмкін. Ж.С.). «В глубокой

степи, за 700 верст от Сибирской ж.д., сидя в гостеприимной юрте богатого казаха, я рассказывал собравшимся старикам и молодежи о русских писателях и, в частности, о Л.Н.Толстом. Хозяин дома, богатый влиятельный казах, выслушав меня, улыбнулся, попросил жену достать его шкатулку, где он держал свой архив и вынув оттуда бумагу, передал мне. С нее я и снял вышеприведенную копию. Оказалось, что казахи все знали ее содержание и, не желая обидеть подозрением мой рассказ, они высказали мнение, что они, т.е. русские писатели, вероятно не русские, особенно Л.Н.Толстой. Все они должны быть мусульмане, иначе и быть не может. «Кто знает, они может быть, казахи», заметил один старик», - деп жазады. Осындағы Л.Толстой мен басқа орыс ақын-жазушыларын жақсы білген ауыл Абай ауылы болуы ықтимал, ал беделді қазақ Абай болуы да мүмкін. Өйткені Ш.Қосшығұлов саяси мәнді үгіт қағаздарын және хаттарын ел тыңдайтын сыйлы, көзі ашық, оқыған-тоқығаны көп, халық мұнын ойлайтын адамдарға ғана жіберген. Олардың ішінде әзірге белгілері Баянауылда - Садуақас Шормановқа, Зайсанда - Кеншіновке, Семейде - Абайға жіберілген. Әрине Ә.Бөкейхановтың Абай ауылында болғаны әлі де дәлелдей түсуді қажет етеді. Қалай дегенмен де Әлихан Абай шығармашылығымен тек Кәкітай арқылы танысты деу тым күмәнді. Алғаш рет Кәкітайды 1900 жылы көріп танысқан Әлиханның 1904 жылы «Абай өлеңдерін кітап қылып басындар» деп бірінші болып хат жазуы да бұл томдағы тараудың авторы Ә.Бөкейханов екенін дәлелдей түседі.

XX ғасыр басындағы қазақ баспасөзінде тікелей әдебиет мәселесіне арналған сын зерттеу мақалалар ұлт әдебиетін тануға деген ұмтылыстың ілгерілей түскенін дәлелдейді. Әдеби-тарихи бағыттағы ғылыми-зерттеушілік ой-пікір ғылыми-теориялық түсініктер мен ұғымдарды

менгеруді қолға алып, әдебиет тарихын ғылыми тұрғыда тексеру мезгілі туғанын анықтап берді. Осының дәлелі ретінде қазақ әдебиеттану ғылымы өзінің туу дәуірінде шешіп алуға тиісті ұлттық әдебиет тарихын зерттеу мәселесін нақты көтере білді.

Бұл тұрғыдан келгенде ғасыр басындағы әдеби-тарихи ой-пікірдің назары ең алдымен ұлы Абай шығармашылығына түсіп, әдебиет тарихын зерттеу жолындағы қадамын сол төңіректен бастауы заңды еді. Өйткені, оған Абай даңқының халық арасына кең тарауы бір әсер етсе, екіншіден, әдебиет сыны қазақ әдебиетіне ұлы ақын салған жолды молынан насихаттап, сол кездегі жазба әдебиеттің басты бағыт-бағдары Абай салған жолмен өркендеп бара жатқан еді. Сондықтан Абайтану ғылымының бастаулары саналып жүрген алғашқы мақалаларды ұлт әдебиетін тарихи тану жолында шешуші кадамдардың бірі санау керек.

Қазақ әдебиеттану ғылымында ұлттық әдебиет тарихын зерттеуді жеке дарын шығармашылығын ғұмырнамалық бағытта сөз етуден бастаған әдеби-тарихи ой-пікірдің бір жүйеге түсіп нақтылана бастағанын көрсететін зерттеу - Кәкітай Ысқақовтың 1909 жылы Петербург қаласында бастырған «Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұлының өлеңдері» жинағына жазған «Абай (Ибраһим) Құнанбайұлының өмірі» атты мақаласы. Рас, бұдан бұрын алғашқы қазақ газеттері мен Мүрсейіт қолжазбалары арқылы халық арасына тарап жүрген Абайдың ақындық даңқының одан сайын көтеріле түсуіне жинақ пен мақаланың маңызы зор болды. Ол біріншіден, Абайдың өмірбаяны, ата-тегі, әлеуметтік ортасы туралы біршама толық мағлұмат берсе, екіншіден, ұлы ақын поэзиясының сыншыл реалистік бағыттағы ағартушылық және жаңашылдық сипатымен таныстыра отырып, ХХ

ғасыр басындағы қазақ поэзиясының жас өкілдеріне Абай өнерін үлгі етті.

К.Ысқақов жазған осы ғұмырнамалық мақала Абай мұрасын зерттеушілер тарапынан өз бағасын алды. Ғ.Сағди, Б.Күлеев, Ә.Қоңыратбаев, М.Әуезов, С.Мұқанов, Қ.Жұмалиев, Т.Кәкішев, М.Мырзахметов т.б. зерттеу мақалалары мен ғылыми еңбектерінде қазақ әдебиеттану ғылымында Абайтану ілімінің алғашқы бастауы саналып, К.Ысқақов ұлы ақын өлеңдерінің жинағының тұңғыш құрастырушысы ғана емес, ең бірінші болып ғылыми пікір айтушы ретінде де қарастырылған. «Абайдың ғылыми өмірбаянын жазуда М.Әуезов сүйенер жазба дерегі тек қана К.Ысқақов жазған Абайдың қысқаша өмірбаяны жайлы дерек қана болатынды» деп атап айтылғандай, кейіннен М.Әуезовтің Абай ғұмырнамасын ғылыми тұрғыда зерттеуіне табан тірер негізгі нұсқа болуының өзі мақаланың ғылыми-зерттеушілік сипатын ашып тұр деп бағаланды.

Тарихи шындыққа көз жіберсек, ұлы ақын мұрасын ғылыми тұрғыда зерттеуде жазылған мақала орыс тілінде сәл ертерек жарық көрді. Ә.Бөкейхановтың 1905 жылы «Семипалатинский листок» газетіне жарияланғанда «Абай Құнанбаев» (некролог) деген және орыс Географиялық қоғамының Батыс Сібірлік бөлімінің «Записки Семипалатинского подотдела...» деп басталатын жинағына 1907 жылы «Абай Құнанбаев» деп аталатын мақалалары жарық көреді.

Қазақ зиялыларының еңбегін әділ бағалау тұрғысынан келсек, Абайдың 1909 жылғы жинағының шығуына Ә.Бөкейханов Тұрағұл мен Кәкітайдың Абай шығармаларын бастыруды қолға алмақшы екенін, өзінің осы іске басшылық жасамақ ниеті бар екенін атап көрсете келіп, ақынның өмірбаяндық деректерін К.Ысқақовтан алғанын ескерте кетеді. Орыс тілінде шыққан бұл

мақалалар Ә.Бөкейханов атымен шықты, оны Т.Жұртбаев Ә.Бөкейхановтікі деп көрсетеді. Ал профессор Т.Кәкішев өз еңбегінде Абай ғұмырнамасын алғашқы жазушы К.Ысқақов деп дәлелдейді. Біздің ойымызша, Абай ғұмырнамасы мен шығармашылығы туралы екі нұсқадағы ғылыми-зерттеу еңбектер деп қарастырған жөн сияқты.

Ә.Бөкейхановтың аудармасында әдеби-тарихи бағыттағы ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің соны ізденісі ретінде танылатын екі түрлі мәселеге ерекше көңіл аударылған. Біріншіден, Абайдың дін иелеріне арналған өлеңдеріне түсіндірме жасай келіп, ақынның ағартушылық, жаңашылдық идеясын ашып берсе, екіншіден, Абайдың табиғат лирикасы, әсіресе жыл мезгілдеріне байланысты туған өлеңдері қазақ поэзиясында үлкен жаңалық болып саналатынын көрсете отырып, табиғатты жырлау Еуропа ақындарында ерекше орын алатынымен тығыз байланыста қарайды. Абай творчествосының ағартушылық және жаңашылдық сипатын көрсету мақсатында айтылған бұл пікірлердің абайтану ғылымында алғаш айтылғанын былай қойғанның өзінде, ұлы ақынның өмірі мен өнерін, сол арқылы қазақ поэзиясының кескін-келбетін орыстың әдебиет сүйер қауымы мен қазақ оқығандарына таныстырудағы рөлінің өзі зор.

Мақаланың К.Ысқақов жазған қазақша нұсқасында бұлар кездеспейді. Сонымен қатар, Ә.Бөкейхановтың өз аудармасында «Абаем переведен на киргизский язык «Евгений Онегин», особенно в степи популярностью пользуется «Письмо Татьяны», для которого тот же переводчик сочинял мотив. В 1899 году в Кокенской волости киргизской певец Адылхан предложил нам послушать «Письмо Татьяны» аккомпанемент его скрипки. На наше удивление, откуда он знает «Письмо Татьяны», Адылхан указал на себя, пояснил, что у русских был такой же, как он певец-ахын Пушкин который воспел, как

Татьяна «слу» (красавица) полюбила жигита Онегина, которому и написала письмо. В тот же вечер Адылхан, знающий много оригинальных стихов Абая, спел нам несколько его переводов из Лермонтова, пояснив при этом, что Лермонтов был недоволен жизнью, а Пушкин относился к ней как мудрец», - деп жазуының ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің даму жолы үшін үлкен мәні бар. Бұл біз жоғарыда сөз еткен 1903 жылы Петербургте «Россия. Біздің Отанымыздың толық географиялық сипаттамасы» деген көп томдықтың XVIII томындағы Абай туралы ғылыми пікір білдіріп, оны жазба әдебиетінің көш басшысы деп бағалаған тұжырымның иесі бұрын айтып жүргендей А.Н.Седельников емес, Ә.Бөкейханов еді деген ойымызды дәлелдей түседі. Онда Ә.Бөкейханов Семей әншілерінің аузынан «Татьянаның хатын» тыңдауға болады деп атап тұрып жазған болатын. Ә.Бөкейхановтың Көкен болысында болдым деуінің өзі қызық дерек. Ол Абай мен Әлихан кездеспеуі мүмкін емес деген ойымызды тиянақтай түседі.

Ә.Бөкейханов мақалаларын ғасыр басындағы әдеби-тарихи бағыттағы ой-пікірдің көріну дәрежесіне сай бағаласак, бұл еңбектер - шын мәніндегі ғылыми зерттеу. Қазақ әдебиеті тарихында ерекше орын алатын дарындар туралы ғұмырнамалармен салыстырғанда, бұлардың салмағы өзінің ғылымилық сипатымен ерекшелене түсетіні сөзсіз. Бұл тұрғыдан келгенде ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдегі жанашылдық сипаттарына көңіл аудару қажет. Ол үшін бұрын сөз еткен ғалымдарды қайталамай, тек негізгі проблемалық мәселелерді ғана атап өтсек те болады.

1. Ұлы ақын Абайдың ата-тегі мен өмірбаяны естелік деректер келтірілген үлгіде тұңғыш рет жазылып шығып, әдебиет тарихын зерттеуге бастама жасалды.

2. Қазақтың халық ауыз әдебиетінің, XVIII-XIX ғасыр басындағы қазақ поэзиясы мен шығыс ақындарының, әсіресе озық үлгідегі орыс әдебиет өкілдерінің Абайдың өнерпаздық тұлғасының қалыптасуына тигізген игі әсерін, өнерге деген эстетикалық көзқарасын қалыптастырудағы ықпалының мәнін ашуға деген ұмтылыс көрініс тапты.

3. Абай поэзиясының құдіретін таныту, ақындық әлемін жан-жақты көрсету мақсатында К.Ысқақов пен Ә.Бөкейханов жинақтағы өлеңдерді 17 түрлі тақырыпқа бөліп жүйелей отырып құрастырады. Академик М.Әуезов: «Жинақтағы жасалған жіктеулер дәл, дәлді емес» деп атап өткендей онша сәтті шықпаса да, осы жинаққа дейінгі қазақ кітаптарында бұл сипаттағы тақырыпқа бөліп құрастырудың кездеспейтініне көңіл аударсақ, жинақтың жаңашылдығы көріне түседі. Себебі, бұл Т.Кәкішев айтқандай «Ақын шығармаларын, оның үстіне тұңғыш рет жарық көрейін деп тұрған Абай жинағын, белгілі бір жүйемен топқа бөлу әншейін іс емес, творчестволық процесс...»

4. Абай өлеңдерінің қазақ поэзиясындағы жаңашылдық келбетін танытуда ойлылығы мен әсемдігін ашу үшін ғылыми-зерттеушілік сипаттағы талдаулар жасап, нақты пікірлер айтылған. «Жасымда ғылым бар деп ескермедім», «Бұрынғы ескі биді тұрсам барлап» т.б. өлеңдеріне тақырыптық және идеялық мағынасы жағынан жасаған талдаулар көңіл аударарлық. Абай өлеңдерінің құрылысы мен көркемдігі туралы терең талдау жасамаса да, Абайдың қазақ өлеңіне жаңа түрлер қосқан жаңашылдығы үнемі аталып отырады. Осындағы өлеңдерге жасалған ғылыми-теориялық талдаулар қазақ әдебиеттану ғылымында тек Абай өлеңіне ғана емес, қазақ поэзиясына жасалған алғашқы талдаулардың бірі екенін ескермекке болмайды.

5. Абайдың өлеңді өнер деп түсінуі мен өз айналасына ұстаздық, ақындық үлгісі туралы да біршама дұрыс ой қорытады. «Абай өзі өлеңнің өнер екенін біліп жаза бастағаннан-ақ бұрынғы надандық пен өлеңді өнер орнына жұмсамай, ғибрат үшін айтпай тіршілік орнына айтқандықтан да өлеңнің қазақ ортасына бағасы кемігендігін айтып», өзі олардың айтқанынан басқаша жолмен жүруге шақырғанын, өз төңірегіндегі жастарға да осы жолмен жүруге ықпал еткеніне ерекше көңіл аударады.

Міне, әдеби-тарихи ой-пікірдің күрделене түсіп нақты арнаға, яғни әдебиет тарихындағы ерекше тұлғаларға байланысты айтыла бастауында осындай келелі мәселелердің сөз етілуі сол кездегі ғылыми ізденістердің мәнін көтере түсері анық. Сол себептен де Ә.Бөкейхановты Абай өмірбаянын тұңғыш рет жазушы ғана емес, алғаш зерттеп, ғылыми пікір айтушылардың бірі деп қарау қажет. Қазақ әдебиеттану ғылымында ұлттық әдебиет тарихын ғылыми тұрғыда тану жолында алғашқы болып қалам тартқан, абайтану деп аталатын үлкен жолдың соқпағын салған тұңғыш зерттеуші санау керек.

2003 ж.

## СМАҒҰЛ САДУАҚАСОВ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ӘДЕБИЕТ ТАРИХЫНЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аласапыран өзгерістер мен оқиғаларға толы болған Қазан төңкерісінің алғашқы жылдарында жаңа дәуір әдебиеттану ғылымына маркстік-лениндік ілімге сүйенген теориялық негіздер әкелді. Өнердің эстетикалық-танымдық рөлі, лениндік бейнелеу теориясы, әдебиеттің партиялығы, әдеби мұраның таптығы мен халықтығы секілді маркстік-лениндік теорияның идеялары әдебиет туралы ғылымның негізіне айналуға тиісті болды. Оларды меңгеруге белгілі бір уақыт қажет болғанымен, нақаншылдықпен жүргізілді. Әсіресе, әдебиеттану ғылымы әлі туып үлгермеген біз секілді ұлттық республикаларда бұл өте қиындықпен жүзеге асты да, көптеген бұрмалаушылықтар мен идеология саласында айтыс-тартыстың белең алуына, жаңа методологияның қисынсыз принциптеріне мойынсұнбаған әдебиетші-ғалымдардың құрбан болуына дейін апарды. Орыс әдебиеттану ғылымында 20-жылдарда әдеби мұраны игеру жұмыстарында маркстік-лениндік методологияны қабылдай қоймаған әдебиетші-ғалымдар тарапынан «формальдық әдіс», «бірыңғай ағым теориясы» секілді теориялар мен «Леф», «Кузница», «ОПОЯЗ», «Перевал», «Серрапионовы братья» тәрізді топтар мен ұйымдарды туғызды. Бұларға қарсы марксизм-ленинизм ілімінің негіздеріне сүйенеміз дегенімен, бұрмалаушылығы мен солақайшылдығы көп болған «пролеткультшылдық» пен «тұрпайы социологизм» теориясы ғылыми-зерттеу ісіне белсене араласты және көп жағдайда қолдау тауып отырды. Бұлардың барлығы да жаңа қоғамда туып, әдебиет пен ғылымда үстемдік жасауға ұмтылған әр түрлі көзқарастардың топтасқан түрде танылғын көрінісі еді.

Ғылыми-зерттеу ісіне байланысты осы теориялардың барлығы да 20-жылдардағы қазақ әдебиеттану ғылымында көрініс тапты және ескі мен жаңаның ғана тартысы емес, ұлтшылдық пен төңкерісшілдіктің, тап тартысының күресі ретінде саяси мәнге ие болып, идеология майданында аса бір қиындықпен және қаталдықпен жүрді. «Тек қана пролетариат әдебиетін жасаймыз» деп әдеби мұрадан бас тартқан пролеткультшылдардың қате бағыты В.И.Ленин еңбектері мен партияның көркем әдебиет туралы саясатында қатты сыналғанымен, ол кеше ғана ұлт тәуелсіздігі үшін бір мақсатта жүрген қазақ зиялыларын екі лагерге жіктеп тастады да, олар идеология майданында бітіспес күреске шықты. В.И.Лениннің «Біз қай мұрадан бас тартамыз?», «Пролетарлық мәдениет туралы», «Жастар Одағының міндеттері» секілді еңбектерінен туындаған әдеби мұраға баға бергенде қандай таптың мүддесі тұрғысынан жазылғанына ерекше назар аудару қажеттігін талап еткен жаңаша көзқарасы мен «біз әрбір ұлттық мәдениеттің ішінен тек оның демократиялық және социалистік элементтерін ғана аламыз, оларды алғанда тек қана және сөзсіз түрде әрбір ұлттың буржуазиялық мәдениетіне, буржуазиялық ұлтшылдығына қарама-қарсы қою үшін аламыз», - деген қате қағидасы көптеген қазақ зиялыларының келешек тағдырына шығарылған үкім болды. Бұл қате қағида қазақ әдебиеттану ғылымына «ұлтшылдық», «ұлтшылдық-байшылдық әдебиет» деген ұғымдарды енгізді. Фольклор мен әдебиет тарихын таптық тұрғыдан зерттеу мәселесін күн тәртібіне қойды.

Алғашқы кезде пролеткультшылдық көзқарасқа бой беріп алған Кеңес үкіметі мәдени мұра туралы саясатын тез түзетіп алып, мәдени-әдеби қазынаны жұмысшы табының мүддесіне сай пайдалану ісін жедел қолға алды. Әдеби мұраны жинап-жариялау және ғылыми зерттеуді маркстік-лениндік методология принциптері негізінде

жүргізуді қатаң талап ете бастады. Осыған байланысты әдеби-тарихи, әдеби-теориялық бағыттағы ұлттық ғылыми-зерттеушілік ой-пікір алдында аса зор мүмкіншілік пен жағдай туды. Ол арғы бастауларынан бастап ғасырларға созылған ғылыми даму жолын жалғастыруға ұмтылды. Бірақ, маркстік-лениндік методология оның осы талабын пайдалануға тырысып, таптық идеологиядан тыс әдебиет пен ғылым болмайтынын ұқтыру үшін жаңа әдіснаманы меңгеруді, сол бағытта зерттеу жүргізуді үнемі қадағалап отырды. «Маркс солай айтты екен деп өз пікірін өзгертпеген (А.Байтұрсынов) және өздері «ұлтшыл», «ұлтшыл-алашшыл» атана жүрсе де «ел бүгіншіл, ал менікі ертеңгі үшін» деген, төңкеріске дейінгі әдебиеттану ғылымының туа бастауына еңбек сіңірген әдебиетшілер әдеби мұраны игеру жұмыстарын жүргізе берді. Фольклорлық мұраның көптеген үлгілері жарияланды, зерттеу нысанына айнала бастады. Пролеткультшылдық көзқарас сарынымен төңкерісшілдер үрке қарап жүргенімен әдебиет тарихында көрнекті орын алатын ақын-жазушылар шығармалары басылып шықты, олар туралы зерттеушілік бағыттағы ой-пікір айтыла бастады. Жаңа заман талабына сай қиыншылыққа ұшырай отырса да, әдебиеттану ғылымында әдебиет тарихын тексеру мен дәуірлеу жұмыстары жалғаса түсті.

Қазақ әдебиеті тарихының қазақ әдебиеттану ғылымында ғылыми тұрғыда зерттелуі, дәуірленуі, жеке дарындар шығармашылығына баға беру - өте күрделі мәселе. Ұлттық ғылыми-зерттеушілік ой-пікірде аздықөпті сөз еткен ғылымдар негізінен әдебиет тарихының зерттелуінің басты кезеңі осы 20-30 жылдар деп санайды. Мысалы: М.Әуезов 1948 жылы жазған «Қазақ әдебиетінің тарихын жасау мәселелері» атты мақаласында жан-жақты тоқталған. Онда: «Қазақ халқының әдебиет тарихында әдебиеттану ғылымының тарихы әзірге қысқа. Бұл - жас

ғылым. Ол «Әдебиеттік сын», «Қазақ әдебиетінің теориясы», «Қазақ әдебиетінің тарихы» деген салаларға бөлініп, енді ғана дамып келеді. Қазақстандағы әдебиеттану ғылымы құрылғанда ол өзінің алғашқы туысымен, бүгінге жеткен сатысымен барлық бас-аяғын жинағанда түгелімен толық мағынасында Ұлы Қазан революциясының жеңісі болды. Октябрьден бұрынғы қазақ тарихында біз бұл жөнінде өскен ғылым дерлік мардымды мұра алғамыз жоқ.

Рас, қазақ халқының революциядан бұрынғы өрнектерін жинауда және оларды баспасөз жүзінде жариялауда, онан соң ең алғаш түсініктер беруде қызмет еткен орыс ғалымдарының еңбектерін ұмытпаймыз. Орыс мектебінен, орыс мәдениетінен тәрбие алып қазақ ескілігін зерттеген Шоқан, Әубәкір, Ыбырай сияқты оқымыстылардың еткен еңбегін бағалаймыз. Бірақ олардың көп жылдар жасаған пайдалы әрекеттері нағыз әдебиеттану ғылымының өзін тудырған жоқ-ты. Олардың тексеру, зерттеулері бастауыш дәрежеден болса да, қалыптасқан «Әдебиет теориясы», «Әдебиет тарихы» болып, тым құрыса орта мектеп оқу құралы есебінде де тарихқа кірген жоқ-ты», - деп атап көрсете келіп: «Қазақ әдебиетінің тарихы мен әдебиеттану дүниесі бізде орта мектепте оқу құралын жасаудан туды» деген болатын [1, 205].

Ал оны толықтыра келе профессор Р.Бердібаев: «20-30 жылдардағы әдебиетті зерттеушілік саласында атқарылған жұмыстар әр алуан. Қазақстанда бастауыш орталау және орта мектептердің көбеюі, жоғары оқу орындарында тіл, әдебиет факультеттерінің ашылуы, әдебиеттің тұрақты хрестоматиялары мен оқулықтарын қажет етті. Оқулықтар, хрестоматиялар жасауға жазушылар, сыншылар қызу ат салысты. Соның арқасында көптеген кітаптар жарыққа шықты. Әдебиет тарихының түрлі мәселелеріне белгілі

анықтық, жүйелілік енгізілді. Фольклордың, ертедегі жазба жәдігерлердің, совет жазушыларының шығармаларына сын баға берілді, әдебиеттану ғылыми қалыпқа түсті», - деп көрсетеді [2, 187]. Бұл – ұлттық әдебиеттанудың туу кезеңін зерделеу барысында көңіл аудармасқа болмайтын пікірлер. Шынында да осы кезеңдегі оқулық, хрестоматия жасаудан басталған ізденіс әдебиет тарихын зерттеу мен дәуірлеу мәселесіне жол ашты. Сондықтан оларды мектеп, жоғары оқу орындарына арналған оқу құралдары деп қана қарамай, ұлт әдебиетінің тарихы, теориялық мәселелерін де көтере алған ғылыми зерттеулер деп қарастыру қажет. Рас ол бірден жүзеге ден қойған жоқ. Әдебиет тарихының мәселелері осы 20-30 жылдары үш түрлі бағыттағы жұмыстар арқылы көрініс тапты.

1. Ұлт әдебиеті тарихында орын алатын ерекше тұлғалардың шығармалары жиналып жарияланды, басылып шығып, қалың көпшіліктің рухани азығына айналды.

2. Әдеби сын-зерттеу және проблемалық ғылыми мақалалар көптеп жазыла бастады.

3. Сауат ашқыш құралдардан бастап әртүрлі деңгейдегі мектептер мен жоғары оқу орындарына арналған оқулықтар, оқу құралдары, хрестоматиялар жазу барысында жүзеге асты.

Осы арқылы 1920 жылдардан басынан бастап «пролеткультшылдық» көзқарас дәуірлеп тұрғанына қарамастан өткендегі өмір сүрген ақын-жазушылардың шығармалары баспасөз бетінде де, және жинақ ретінде де көптеп басыла бастады. Нақты айтар болсақ 1917 жылы С.Нуржанов құрастырған «Абай термесі», Б.Күлеев бастырған «Адасқан өмір» (1922) мен Ә.Диваев құрастырған «Жеті батыр» жинағында С.Торайғыровтың поэмалары (1924), Қазан мен Ташкентте Абай өлеңдерінің толық жинағы (1921, 1924), Х.Досмұхамедовтің

құрастыруымен «Мұрат ақын сөздері» (1924), «Исатай-Махамбет» (1925), «Аламан» (1926) сияқты жинақтардың жарық көруі әдебиет тарихын және дарындар шығармашылығына байланысты ғұмырнамалық тұрғыда ғана емес, ғылыми сипатта да қолға алынуына қозғау салды. Біз бұл жерде фольклорлық мұрадан жариялаған еңбектерді сөз етіп жатпаймыз. Қазақ білімпаздарының бірінші съезінде көтерілген басты мәселенің бірі фольклор мен ұлт әдебиеті тарихының көрнекті өкілдерінің шығармаларын жинау-жариялану болғаны белгілі. Ел ортасына шыққан ғылыми экспедициялар. Бұқар жырау, Базар жырау, Шернияз, Махамбет, Ығылман, Шәңгерей ақындардың өлеңдер жинағын бастырып шығарды. С.Сейфуллин алғы сөз жазып, құрастырған Ақмолла, Ы.Алтынсариннің Ақан серінің (1935), І.Жансүгіров шығарған Сүйінбай ақынның (1935), Қ.Жұмалиев бастырған Махамбет ақынның шығармалар жинағы ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің мәнді арна тауып, тың бағытта өріс алып жатқандығын байқатты. Ол біріншіден Абай төңірегінен ұзай қоймаған ғылыми-зерттеушілік ой-пікірді ұлт әдебиетінің басқа да тұлғалары туралы жаңа жол бастап беруімен қатар, әдеби тарихи және әдебиет теориясы, ой-көзқараста зерттеу жүргізуге мол материал ұсынды. Бұған қоса ХХ ғасыр басындағы әдебиеттің көрнекті өкілдері саналатын ақын-жазушылардың жеке жинақтары шығып жатқанын ескерсек, ғылыми зерттеу жұмыстарының жандануына кітап шығару ісінің мұрындық болатынын да дәлелдей түсті.

Осындай игі істен басталған қадам тұтастай алып карағанда сын-зерттеу, ғылыми мақалалар арқылы жалғастық тауып, жеке тұлғаларды таныту, бағалау, әдебиет тарихындағы орнын белгілеу секілді бағыттағы ізденіс нақты көрінді. Мысалы С.Нұржановтың, М.Жұмабаевтың, Б.Кенжебаевтың [3] мақалаларының

басты сөз етер мәселесі көңіл аударылып отырылған дарындардың ғұмырнамасы мен шығармашылығын таныстыру мен насихаттау, бағалау болғандығын байқар едік. Ал ұлт әдебиетінің тарихын түрлендіру мақсатында нақты мәселе көтерген Ж.Аймауытов пен М.Әуезовтің «Екеу» атты жасырын атпен жазған мақаласы болды [4]. Авторлар Абайды ұлт әдебиетінің көш басшысы санап, Алашшыл әдебиеттің айтулы тұлғалары Ш.Құдайбердиев, А.Байтұрсынов, С.Торайғыров, М.Жұмабаевтардың шығармашылық ізденісіне тоқталады, олардың елдік мәселелерімен сабақтас, тақырыптық-идеялық бағытына тән ерекшеліктерді айқындауда бүгіндері жетекші сипатқа ие болып отырған толымды пікірлер түйеді. Бұл мақаладағы айтылған негізгі ойды М.Әуезов кейін 1923 жылғы жазған «Қазақ әдебиетінің қазіргі дәуірі» аталатын мақаласында ғылыми тұрғыда толықтырған да болатын. Ғалымның Абайдан кейінгі қазақ әдебиетінің дамуы барысын жіті байыптауы, оған проблемалық тұрғыдан келуі ұлттық сөз өнерінің табиғи үрдісіне қатысты пікір өрбітер басқа да мақалаларға жол ашқандай болды. Бұл мақалалардың басты мәні ұлт әдебиетінің тарихын ғылыми жүйелеуде жаңа жол бастауында жатыр. Яғни 1920 жылдардың басында осы мақалалар көтерген ғылыми мәселелердің маңыздылығына қарай отырып ұлттық әдебиеттану ғылымының туу процесінде қол созғанын байқаймыз.

Егер де «Екеудің» мақаласында ұлт әдебиетінің ақын-жазушыларымен таныстыру мақсаты басым жатса, С.Садуақасовтың әдебиет тарихын ғылыми тұрғыда тану мен дәуірге бөлу нақты көрініс тапқан, оған жүйелі түрде талдау жасауға ұмтылған «Киргизская литература» (историко-критический очерк) деп аталатын мақаласының маңызы зор [5]. Әдеби-тарихи бағыттағы ой-пікірінің салиқалығы мен байыпты тұжырымдар жасауынан

автордың қазақ әдебиетінің тарихын зерттеуді арнайы мақсат етіп қойғанын байқаймыз. С.Садуақасов бұл тарихи-сын очеркінде қазақ әдебиетінің кескін-келбетін таныту үшін оны белгілі бір кезеңдерге бөле отырып тексереді. «Қазақ әдебиеті» әліптемесінің мазмұнын шартты түрде іштей былайша жіктеуге болады: 1. Әдебиеттің қазақ өміріндегі орны. 2. Суырып-салма өнерінің (ауыз әдебиеті) болмыс-бітімі. 3. Жазба әдебиеттің қалыптасуы. 4. Қазіргі (18-жылдардағы) әдебиет. 5. Қосымша: бүгінгі қазақ баспасөзі туралы ақпар-дерек», - деп жазады Д.Қамзабекұлы [6, 51]. Бұған алып-қосарымыз жоқ. Бұл - Р.Мәрсековтің «Қазақ» газетіндегі «Қазақ әдебиеті жайынан» (1914, №112) атты мақаласынан кейінгі қазақ әдебиеті тарихын дәуірге бөлуге жасалған екінші қадам. Сондықтан да зерттеуді ғасыр басындағы ғылыми-зерттеушілік және сыншылдық ой-пікірдің ізденістері барысында қол жеткізген табысының жинақтала берілуі десе де болады.

С.Садуақасов әдебиеттің бүкіл адамзат қоғамындағы алатын орнын айта келіп, оны тұрмыс-тіршілік, әдет-ғұрыппен сабақтастыра қарап, халық тарихы мен өмірді танытудағы маңызын ерекше атап өтеді. Әсіресе, ауыз әдебиеті туралы айтқанында оның ел есінде сақталуы мен таратылуын ғылыми негіздей келіп, жыршы-жыраулық дәстүр мен суырып салып айту өнерінің қазақ арасында кең тарағанын, ауыз әдебиетінің ұлттық жазба әдебиеттің дамуына әсерін білімді әдебиетшіге тән көзқараста саралайды.

Р.Мәрсеков 1914 жылы жазған мақаласында қазақ әдебиетін «жазудың қазақ арасына көбірек тараған заманындағы әдебиет» және «Абайдан басталған жаңа әдебиет» деп бөлген болатын. С.Садуақасов жазба әдебиетті осы бөлудің екінші дәуірінен, яғни XIX ғасырдың екінші жартысынан бергі әдебиет деп алып,

оның негізін салушылар ретінде М.Ж.Көпеев пен А.Құнанбаевты атайды. Автор жазба әдебиет және қазіргі әдебиет дегенде екі арасына жіктеу қоймаған. Оның басты себебі - жазба әдебиетті халықшыл бағыт және жаңашыл ағартушылық бағыт деп алып, ақын-жазушыларды осы бағыттарға орай топтастыруды мақсат тұтқандығынан. Халықшыл бағыттың ірге тасын қалаған ақын деп, М.Ж.Көпеевті Абайдан бірінші қоюы да сол себептен. Ағартушылық жаңа бағытты түсіндіру үшін Абай өлеңдерінің мазмұны мен жырлаған тақырыптарына барып, қазақ поэзиясын дамытудағы еңбегін атап өтеді. «Қазақ ақындарының ішінде өлеңнің жоғарғы деңгейдегі көркемдігі жөнінен Абайға пара-пар келетін ешкім жоқ», - деп жазады. Бірақ, автор ХХ ғасыр басына дейінгі әдебиеттен осы екеуінен басқа ешкімді де атамайды. Кітаптары жиі шыққан Дулат, Шортанбай, Ы.Алтынсарин, С.Көбеев, Ш.Бөкеев, М.Сералиндердің атаусыз қалуы түсініксіз.

Ғасыр басындағы жазба әдебиетті сөз етуде «Қазақ» пен «Айқаптың» осы екі бағытты дамытудағы үлесіне тоқтала келіп, түпкілікті мақсаттары ұлт әдебиетін өркендетуде екеніне көңіл аударады. Осы кезең әдебиетін таныстырғанда да ақын-жазушыларды аталған екі түрлі бағытқа сай бөле көрсету арқылы тұлғасына баға беріп, шығармашылығының басты сипатын танытуға ұмтылады. Мысалы, А.Байтұрсынұлы – «халықшыл ақын, жастардың рухани ұстазы», М.Дулатұлы – «Мәшһүр Жүсіптің жолын қуған, Абайдың пәлсапалық өлеңдеріне еліктеген ақын» болса, М.Жұмабайұлы – «өзіндік бағыты бар лирик, ойының пәктігі, өлеңнің көркемдік деңгейі жағынан өзіне дейінгілерден оза туған ақын» деген секілді бағалаулары бүгінгі таңдағы тұжырымдардан алшақ жатқан жоқ. Ең бастысы, бұл пікірлердің осы ақын-жазушылардың көзі тірісінде-ақ айтылуында еді.

Бұлардан соң халықшыл бағыттың өкілдері ретінде Ғ.Қарашұлы, С.Дөнентайұлы, С.Шорманұлын атап, олардың өлеңдеріндегі «таза қазақы рух пен оның өн бойындағы ұлттық ағындардың» басым екенін көрсетіп, С.Торайғырұлы, А.Мәметұлы, С.Сейфоллаұлы, Б.Өтетілеуұлылары шығармаларындағы «орыстың жалаң үлгісін көшірумен» салыстыра отырып, ғылыми тұрғыда пікір білдіреді. Ал Шәкәрімді Абай салған дәстүрмен танылған ақындар қатарында деп түсіндіреді. Бұл осы аталған ақын-жазушылар шығармашылығының ғылыми-зерттеушілік ой-пікірде алғаш рет талқыға түсіп, өздеріне тән лайықты бағасын алуы екенін ескерсек, ұлт әдебиетін тарихи танудағы сәтті бір қадам жасалғандығына куә боламыз.

С.Садуақасұлы қазіргі әдебиет деп атағанда, төңкерістен бергі жаңа замандағы әдеби дамудың сипатына шолу жасай кетуді ойластырған сияқты. Жаңа танылып келе жатқан жас талап ретінде Болғанбайұлы, Әлімбекұлы, Қауызжанұлы, Ғаббасұлы, Аймауытұлы, Әуезұлы, Кемеңгерұлы, Тұрғамбайұлы, Жәнібекұлыларын атап, олардың келешегінен үлкен үміт күтетінін айтады. Кейін бұл үмітті Ж.Аймауытұлы, Қ.Кемеңгерұлы, М.Әуезұлы толық мәнінде ақтап шыққаны белгілі.

«С.Садуақасұлының «Қазақ әдебиеті» еңбегінің қазақ әдебиеттануындағы орнының ерекшелігі - оның бұл саладағы орыс тіліндегі алғашқы зерттеулердің бірі болуында ғана емес, қазақ әдебиетін осындай кең ауқымда жанр-жанрға жіктеп тұңғыш саралауында», - деп жазады Д.Қамзабекұлы [6, 54]. «Жанр-жанрға жіктеп» дегеніне келісе қоймасақ та, бұл баға мақаланың ұлттық ғылыми-зерттеушілік ой-пікірге қосқан үлесін дұрыс көрсетіп отыр. Себебі, ұлт әдебиетінің бар-жоғын зерттеушілік көзқараста безбенге салып, бас-аяғын түгелдеп, негізгі бағыттарын айқындауы, Р.Мәрсеков мақаласынан бері келе жатқан

әдеби-тарихи бағыттағы ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің өсу, толысу жолын көрсетеді.

1920-30 жылдар С.Құдаш айтқандай, әдебиетіміз тарихын әлі толық түсініп бітпеген аса күрделі кезең болатын. Аталған кезеңде большевизмнің идеологиялық майдандағы өз үстемдігін орнату арқылы әдеби және мәдени құндылықтарға бақылау жасауға деген ұмтылысы таза таптық танымға негізделді. Бұл өз кезегінде қазақ руханиятының асыл арнасы болып табылатын әдебиет тарихын зерттеуде, ұлттық сөз өнерінің тұтастығын тарихи сабақтастықта жүйелеуде талай бұрмалаушылықтарға ұрындырды. Кешегі тұтас одақ әдебиеттануына тән мұндай қателіктерді мынадай басты екі мәселемен түсіндіруге болады. Бірінші, ХХ ғасырдың 20 жылдарының алғашқы кезеңінде өрістеген пролеткультшылдық нигилизм; екінші, РАПП-тың ізінен жаңылмай іс-әрекет еткен ҚазАПП тұсында қатты белең алған «тұрпайы социологизм» еді. Ол әдіс әдеби дамудағы сабақтастықты, дәстүр мен жалғастықты таза жоққа шығарды. Таптық ұстаным темірқазық болды да, ол әдебиеттің партиялығы деген саяси қағидаға айналар бұлжымас заңдылыққа ұласты. Бұндай сипаттағы қате көзқарастар 1920 жылдардың орта шенінде классикалық әдебиет өкілдеріне қатысты солақайлық бағытта өрістей бастады. Оған басты негіз болған большевизм туын көтерген В.И.Лениннің мәдени мұра туралы қате қағидалары әдебиет тарихын біртұтастықта зерттеуде ғылыми ой-пікірге тұсау салды. Аталған мәселелердегі қасаң қағидаға айналған тұжырымдар тәуелсіздік талабына сай ұлттық әдебиеттануда жан-жақты зерттеу нысанына айналып отырғаны заңды құбылыс.

Жоғарыда аталған қате көзқарастағы байыптаулар С.Мұқановтың «Қара тақтаға жазылып қалмаңдар, шешендер», «Көркем әдебиет туралы», «Қазақ әдебиеті

туралы қорытынды пікірім», «Әркім өзінше ойлайды» атты мақалаларында көрініс тапты. Автор сол кезде шырқау биігіне жетіп тұрған «ұлтшыл алашордашыларға» қарсы бағытталған саяси идеологиялық және «тұрпайы социологизм» талабымен толық үйлесетін пікір шеңберінен шыға алмады. Әсіресе, «қазақ әдебиеті өзінен өзі үлгі алатын дәуірге жеткен жоқ» деген нигилистік пікірімен әдебиеттің ұлттық ерекшелігін, жалпы әдеби мұраны жоққа шығару сияқты басы ашық қателікке бой алдырды. Мұндай таптық танымнан туындаған солақайлықтар төңкерісшіл бағыттағы әдебиетшілерге тән болғаны тарихи шындық. Одан С.Мұқанов та тыс қала алмады.

КазАПП С.Мұқановтың мақаласынан кейін классикалық мұраны [7], Абай шығармашылығын зерттеуді тұрпайы социологиялық позицияда бағалаған бірнеше мақалалар жарияланды. Олар: Х.Жүсіпбековтің «Байдың толғағы»; М.Дәулетпаевтың «Сыншылар мен көркем әдебиет туралы»; Ж.Орманбаевтың «Көркем әдебиет туралы»; Ш.Тоқжігітұлының «Әдебиет мәселелері»; Ж.Сәрсембиннің «Көркем әдебиет туралы»; Мажит, Сейітбаттал және т.б. «Көркем әдебиет туралы»; Ә.Мәметованың «Көркем әдебиет туралы»; Ы.Мұстанбаевтың «Көркем әдебиет туралы»; М.Дәулетбаевтың «Үйрену айып емес»; Ғ.Тоғжановтың «Әдебиет мәселелері».

Әдебиет пен ол туралы ғылымға саяси идеология қате көзқарастарды күштеп танғанына қарамастан ұлттық мүддеге қатысты ұстанымында өз байламын берік ұстанған, оны қорғауға күш салған ұлт зиялыларының бірі Ж.Аймауытов 1925 жылы жазған «Мағжанның ақындығы туралы» атты көлемді мақаласымен көрінді. Жеке дарын тұлғасын, шығармашылығын тұтастай таныту мақсатында сыншылдық-эстетикалық және ғылыми мақсаты айқын

тың тұжырымдар кездестіреміз. Ж.Аймауытов сол кездегі тұрпайы социологизмнен туындаған қателіктердің себеп-салдарын аша отырып, әрбір талантты саясаттан тыс бағалау қажеттігін дер кезінде көтере білді.

Жүсіпбек шығармашылығын зерттеуші академик С.Қирабаев: «Бұл – кенес әдебиеті сынының қалыптасып, кәсіптік мамандығын жетілдіре түскен тұсында жаңа сын үлгісіне бағыт, бағдар берген мақала. Онда Жүсіпбек Мағжан ақындығы жайлы ойларын оның шығармаларын талдау арқылы дәлелдей отырып, әдеби шығарма талдаудағы сынның негізгі міндеттеріне, әдебиет танудың келелі мәселелеріне назар аударады. Әсіресе, жазушының көркем туындының өлшемі, принципі туралы ойлары маңызды» десе [8, 184-185], Р.Тұрысбек: «Ең негізгісі, сын мен сыншы міндеті, өлең сөз орны мен жүйесі жеке дара емес әдебиет қозғалысымен, уақыт үнімен бірлікте баяндалады. Бұл реттен алғанда «Мағжанның ақындығы туралы» мақала ұлттық әдебиет қозғалысын, М.Жұмабаев шығармашылығын байыпты бағалаудың биік, үздік үлгісі» деп бағалады [9, 176]. Аталған пікірлер Ж.Аймауытовтың ғылыми зерттеушілік еңбегіне берілген шынайы баға болумен қатар, Мағжанның шығармашылық тұлғасын тануда үлкен мәнге ие.

Пролетарлық әдебиеттің білгір сыншысы атанған Ғ.Тоғжанов «Мағжанның ақындығы, Жүсіпбектің сыны», «Көркем әдебиет туралы марксистер не дейді, Жүсіпбек не дейді?» атты жауап мақалаларын жариялады. Онда Жүсіпбек пікірін терістеу ғана емес, Мағжан сынды ұлт ақынының мұрасын жоққа шығару сияқты қателіктер орын алды. Бұл мақалалар кейінде маркстік-лениндік әдіснама талабындағы қазақ әдебиеттануында «буржуазияшыл-ұлтшыл ақын Мағжан поэзиясының идеялық-көркемдік ерекшелігіне назар аударып, ескішіл ақынның жат идеясын әшкерелейді» деп асыра бағаланды [10, 109]. Бұл

бір ғана емес, 1930 жылдардың басында Абайды бағалаудағы қателіктер ашық айтыла бастап, халық ақыны деп танып жатқанымызда Ғ.Тоғжанов: «Қазақ буржуазиялық әдебиеттің көшбасшысы А.Құнанбаев болып табылады. Оның ісін Байтұрсынов, Дулатов, Құдайбердиев, О.Қарашев жалғастырып келеді... Жастар арасынан олардың ізін басып М.Жұмабаев, С.Дөнентаев, А.Маметов, Б.Өтетілеуов, С.Сейфуллин, Б.Майлин сияқты ақындар және басқалары шықты. Олардың творчествосындағы негізгі сарындарашылдық, ұлтшылдық пен исламшылдық», - деп жазды [11, 5]. Ж.Аймауытов пен Ғ.Тоғжановтың пікірталасынан ұлттық әдебиеттану ғылымы өзінің туу кезеңінде тек идеологиялық ғана емес, кезең талабынан туындаған әдіснамалық тұрғыдағы қайшылықтар күресінде алға ілгерілеуді бастан кешіріп жатқанын байқаймыз.

Осындай кезеңде ғылыми-зерттеушілік ой-пікір қазақ әдебиетін басқа халықтарға да танытып қалуға ұмтылыс жасады. 1928 жылы Москвадан шыққан «Жас Қазақстан» (Молодой Казахстан) деп аталатын әдеби жинақ осы мақсатта жарық көрді. Оны құрастырып, орыс тіліне аударған және әдеби-тарихи шолу мәніндегі алғы сөз жазған Смағұл Садуақасов еді. Алғы сөзде ауыз әдебиетін, жазба әдебиеттің өткен жолы мен бүгінгісін тарихи тұрғыда таныстыруы ғылыми-зерттеушілік мән берген. Көлемі шағын болса да алғы сөздің біз үшін маңыздылығы - онда сөз болған ақын-жазушылар шығармашылығын сөз еткенде, сол кездегі қате теориялардың бағытындағы көзқарастағы пікірдің орын алмауында. Алғы сөз жазба әдебиеттің негізін салушы деп Абайды таныстыра келе, оның ақындық дәстүрін жалғастырушылар ретінде Ахмет Байтұрсынұлы, М.Жұмабайұлы, М.Дулатұлы, Ғ.Қарашұлы, С.Торайғырұлы, Б.Күлейұлының шығармашылығына тоқталып өткен. Қазақ әдебиетін

өркендету жолында жемісті еңбек етіп жүргендер деп жинаққа шығармалары топтастырылған М.Әуезов, Б.Майлин, Ж.Аймауытовтарды көрсетеді. Негізінен алғы сөзде, автордың 1919 жылы жарияланған «Қазақ әдебиеті очеркіндегі» ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің жобасы сақталынған.

Қазақ әдебиеті тарихын әдеби шолу түрінде болса да таныстырған осы алғы сөз - бұл ақын-жазушылардың 1929 жылдан бастап шыға бастаған «Әдебиет энциклопедиясының» I томында да ғылыми дұрыс бағалануына әсер еткені сөзсіз. Алғы сөз бен энциклопедиядағы мақалалар «тұрпайы социологизм» теориясының да, маркстік-лениндік әдіснаманың ұлтшыл-буржуазияшыл әдебиет туралы көзқарасының да ықпалынан таза болды. Д.Қамзабекұлының айтуына қарағанда, сол кезде әдебиет сыншысы ретінде танылған Ә.Байділдин ҰХҚ архивінде сақталған «Алашордашылар мен оңшыл коммунистермен күресімнің нақты айғақтары» аталған жазбасында бұл жинақ пен энциклопедия «ұлтшыл-алашшыл» атанған ақын-жазушыларға мызғымастан ескерткіш соқты» деп айыпталынған [6, 79]. Бұлар ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің ғасыр басынан бері келе жатқан таза ғылыми кескін-келбетін сақтап, қате теориялар мен жаңа заман идеологиясына беріле қоймай жазылған еңбектер еді. Өйткені «ұлтшыл-алашордашыларды» әшкерелеу басталған 30 жылдың басынан бастап бұл сипаттағы мақалалар сиреп кетті, енді туа бастаған қазақ әдебиеттану ғылымында маркстік-лениндік әдіснама толық үстемдік алып кетті.

Бұл бастама «тұрпайы социологизмге» қарсы жазылған, қазақ әдебиеттану ғылымындағы ғылыми-зерттеу принциптерін меңгеріп қалғанын дәлелдейтін, бірақ классикалық мұраға лениндік қағидаларға сай баға беруді насихаттаған бірталай мақалаларда жалғасын

тапты. Оны Қ.Кемеңгерұлы «Көркем әдебиет туралы», С.Садуақасовтың «Әдебиет әңгімелері», «Екеудің» (А.Байтасов, Д.Ысқақов) «Көркем әдебиет туралы» және т.б. мақалалардан көреміз. Олардағы әдебиет тарихының көкейкесті мәселелері ғылыми негізде шешуін қажет етумен қатар өзге де әдебиетшілер тарапынан қолдау тауып тереңдетіле түсуі керек болатын. Мақалаларда қазақ әдебиеттану ғылымының туу дәуіріндегі әдеби-тарихи және сыншылдық ой-пікірінің кемелдене, нақтылана, зерттеушілік сипатының тереңдей түскенін көреміз. Мәселен, С.Садуақасовтың «Әдебиет әңгімелері» мақаласында Мағжан, Мұхтар, Жүсіпбек, Сәкен шығармаларына және Бейімбеттің Мырқымбай образына жасаған талдаулары мен ғылыми бағасы айқын дәлел. Автор әдебиетті ғылыми тұрғыдан тану проблемасымен қоса, өз кезеңіндегі әдебиеттің даму жолындағы бағыт-бағдары туралы да толымды пікірлер білдіреді. «Тұрпайы социологизмді» жақтаушылар «бізде үлгі аларлық әдебиет жоқ» деп даурығып жатқанында, «қазақ әдебиеті балалық күйінен асып, есеюге бет алды» деген кесімді тұжырым жасауы ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің сол кезеңдегі өресін танытатыны анық. Мысалы, «Жүсіпбек те, Мұқтар да сөзсіз біздің ішімізде болуы керек. Бұлар Коммунист партиясы басқарып отырған жаңа жұртшылықтың дұшпаны емес, досы. Жүсіпбек пен Мұқтарды жоқ қылу осы күнгі қазақ әдебиетінің бір қолы мен аяғын кесіп тастаумен бір есеп» деп жазуының өзі көп жайды аңғартса керек.

Бірақ мақала қазақ әдебиеттану ғылымына дендеп еніп келе жатқан маркстік-лениндік әдіснаманың қағидалары мен партиялық идеологиядан да сау қалмаған. Сөзіміз дәлелді болу үшін автордың мына бір пікірін келтіре кетейік. «Біздің мәдениетіміз жалпы адам баласының мәдениетінің санаулы бір мүшесі болмақ. Жалпы мәдениет

базарына біз өзіміз жасаған мәдениет бұйымымен бармақпыз. Біз олардан алсақ, олар бізден де алмақ. Интернационализмнің негізі - мәдениеттің сыртқы түрін (ұлттық кескінін) бір түсті қылу емес, ішкі маңызын бір тілектен шығару. Қазақ әдебиетінің сыртқы сипаты қазаққа ұқсаса, ішкі мазмұны жалпы адам баласының қызметіне жұмсалыу керек. Сондықтан біздің әдебиет - тап әдебиеті, еңбекші таптың әдебиеті» [6]. ҚазАПП сыншы-әдебиетшілері қазақ ақын-жазушыларын тапқа және әр түрлі топқа бөліп, «қазақтың пролетарлық әдебиетін тек еңбекші таптан шыққандар ғана жасайды» деп, ақын-жазушыларға «ұлтшылдар» және «жолбикелер» деген атақ тағып жатқанда С.Садуақасовтың бұлай жазбасқа амалы қалмаған болуы керек. Әрине заман талабы солай болды ғой деп ақтап алуға да, екі жақты көзқараста болды деп даттап тастау да орынсыз. Бұл ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің 20-жылдардың соңына қарай әрі-сәрі халде тұрғысынан хабар бергендей. Ұлттық әдебиеттану ғылымының туу процесі өте қиын да күрделі кезеңде өткеніне бұл да бір дәлел. Алайда таптық көзқарасқа сай пікір қайшылығы туындағанымен, саясат жүктеген мақсат-міндет биігінен табылуға ұмтылды.

Бұл пікірталастағы Қ.Кемеңгерұлы, «Екеу», С.Садуақасов және тағы басқаларының мақалаларында көрінген ғылыми-зерттеушілік ой-пікір әдебиет тарихын зерттеуді қолға алу, әдеби мұраны игеру жолында оны «тұрпайы социологизмді» жақтаушылардан қорғап қалу мақсатында заман ыңғайына қарай еңбекші тап мүддесіне орайластыра ой айтқанымен, саясатта да, әдебиетте де, сында да «ұлтшылдыққа» қарсы күрес өрши түсті. Әдебиет сынында солақай сыншылдық белең алып, «тұрпайы социологизм» позициясын қолдап шықты. Ғ.Тоғжанұлының «Әдебиет және сын мәселелері» (Қызылорда, 1929), Е.Бекенұлының «Көркем әдебиет

туралы кім не үшін күреседі» (Жаңа әдебиет, 1929, №2) және «Еңбекші қазақта» жарияланған Ә.Мұсаұлының «Көркем әдебиет мәселесіндегі айтыс туралы» (1929, 17 сәуір), Ғ.Мүсірепұлының «Әдебиет айтысына» (1929, 4 тамыз), Ә.Тәжібайұлының «Әдебиеттегі «смағұлшылдық» (1929, 2 қазан), С.Мұқанұлының «Әдебиет туралы ашық хат» (1929, 18 желтоқсан) секілді мақалаларында әдебиет тарихын ғылыми тұрғыда тануды сөз еткен әдебиетшілердің көзқарасы «ескілікті көксеу, абайшылдықты, ахметшілдікті, смағұлшылдықты тудырғысы келу, «ұлтшылдық-байшылдық» пиғыл» болып түсіндірілді. Бұл ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің әдебиет тарихын зерттеуге деген ұмтылысына, әдебиет туралы ғылымның туу процесіне белгілі бір дәрежеде тұсау салды. Осындай сипаттағы мақалаларды партия саясаты мен идеология қолдап-қолпаштап қана қоймай, кейде ушықтырып отырды. Осыдан соң іле-шала «ұлтшыл-алашшыл» аталған қазақ оқығандарының басына сталиндік зұлмат төнді де, әдебиет тарихын зерттеу ісі саябыр тарта бастады.

Алайда, әдебиет тарихын зерттеу проблемасын көтерген С.Садуақасов мақалаларындағы көтерілген идеялар жалғасын таппай қалмады. Олардағы классикалық мұраны игерудегі көзқарасты қуаттаған басқа да мақалалар шықты. Оларда классиктердің әдеби дамудағы дәстүрдің ықпалы, әсіресе Абай, Ыбырай, Сұлтанмахмұт, Махамбет творчествосының жаңа дәуір әдебиетінің дамуына әсері туралы дұрыс қорытынды жасай білді. Бұл мақала авторлары пролетарлық әдебиеттің болашағына сенімсіздікпен қарап, көптеген ақын-жазушыларды ұлтшыл, жолбике санағандықтан және ғылыми-зерттеушілік ой-пікірі жағынан өрелі биікке көтеріле алмағанымен, классикалық мұраға жанашылдықпен қарауды насихаттап отырды. Мысалы, Ы.Мұстамбаев

«Абай қазақ үшін Пушкинмен пара-пар. Оның өлеңдері - зор мағыналы тарихи уақиға. Біздің еншімізде қалған ескірмейтін мұра», - деп бағаласа, Ғ.Тоғжанов әдеби-мәдени мұра жөніндегі сол кездегі әдебиеттану ғылымында талап етілген маркстік-лениндік қағиданы түсіндіріп, ауыз әдебиеті үлгілерін де, классик ақын-жазушылардың шығармаларын да, орыс әдебиетінің ықпалын да жаңа әдебиеттің қажетіне жарата білуге үндеді. Әсіресе С.Садуақасовтың ұлт руханиятының тағдыр-талайын сөз еткен «Бейімбет өлеңдері», «Әдебиетті қалай сынау керек», секілді зерттеушілік, «Алтын сақина» ойыны туралы, «Бәйбіше, тоқал», «Ұлт театры туралы», «Ұлт театрына бір жыл» сияқты рецензиялық мақалаларының айтары аз емес.

Тұжыра айтқанда, қазақтың ұлттық әдебиетіне қатысты жазылған С.Садуақасов және басқалардың мақалалары кезең талабынан туындаған кемшіліктерге бой алдырғанымен, әдебиеттанудың ғылыми принциптеріне қойылатын жүйелі арнасын қалыптастыру бағытында батыл қадам жасай білді. Оны «тұрпайы социологизмге», ұлттық нигилизмге қарсы жазылған кейбір мақалалардағы байыпты ой-пікірлерден байқай аламыз. Ұлы Отан соғысына дейінгі жылдарда қазақ әдебиеттану ғылымының әдебиет тарихын зерттеу арқылы өзінің туу кезеңін бастан өткізіп, қалыптасу кезеңіне бет бұрудағы ізденістерінде ғылыми-зерттеушілік сипаттағы мақалалардың қосқан үлесі айтарлықтай мол болды. Бұл ғылыми-зерттеушілік ой-пікірде қазақ әдебиетінің тарихын зерттеу міндетін қойып, оған тағы да жаңа кеңес өкіметіне мойынсұна қоймаған арыстарымыз бастама салды.

- 
1. Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. 16-том. - А: Жазушы, 1985.

2. Бердібаев Р. Қазақ совет әдебиетінің қалыптасуы. - А: Мектеп, 1971. – 200 б.
3. Ақан сері //Сана, 1923, № 1, Абай //Еңбекші қазақ, 1925,
4. Абай, 1993, № 5. -48-51 б.
5. С.Садуақасұлы. 2 томдық шығармалар жинағы. А: Алаш, 2003.
6. Қамзабекұлы Д. С.Садуақасұлы. - Алматы: Қазақстан, 1996. - 256 б.
7. Қазақ әдебиеті, 1988, 23 желтоқсан.
8. Көркем әдебиет туралы //Еңбекші қазақ, 1926, 14 қазан.
9. Қирабаев С. Жүсіпбек Аймауытов. Алматы, Ана тілі, 1993, 224 б.
10. Тұрысбек Р. Жүсіпбек Аймауытұлы және 20 жылдардағы қазақ прозасы. Алматы: Қазақ университеті, 1998, 340 б.
11. Қазақ әдебиетінің тарихы. 3 т.1-кітап. Алматы: Ғылым. 1967. 644 б.
12. Казахская литература. Литературная энциклопедия. Т. V. - М.: Изд-во Коммунист. Акад., 1931, - С.18-22.

2004 ж.

### Ш. УӘЛИХАНОВ ЖӘНЕ МИФОЛОГИЯЛЫҚ МЕКТЕП ҚАҒИДАЛАРЫ

Шығыстану ғылымында «құйрықты жұлдыздай жарқ етіп ағып өткен» Ш.Ш.Уәлихановтың ғылыми мұрасы жан-жақты зерттеліп, көптеген ғылыми еңбектер мен монографиялар жарияланды. Ұлттық әдебиеттану ғылымында Шоқанның фольклорист, ориенталист, әдебиетші, сыншы ретіндегі тұлғасы монографиялық тұрғыда қарастырылып, ғалымдық тұлғасына баға берілді, әдебиет тарихындағы алатын орны айқындалды. Бірақ, шоқантану іліміндегі осы еңбектерге біз зерттеу нысаны етіп алып отырған проблема тұрғысынан қарасақ, ұлы ғалымның ғылыми-зерттеушілік ой-пікіріндегі әдеби мұраны ғылыми тексеруде қолданған зерттеу әдістері мен теориялары туралы нақты сөз ету назардан тыс қалып, көбіне жалпылама ғана айтылғанын байқалады.

XIX ғасырдың бас кезінде Германияда ағайынды Гриммдер негізін қалап, одан Россияға ауысқан мифологиялық мектептің мифологиялық, ауысып алу (теория заимствования) және антропологиялық теориялары болды да, олар орыс әдебиеттану ғылымында тарихи-салыстырмалық әдісті туғызған еді. Ш.Уәлихановтың ғылыми-зерттеушілік көзқарасында осы үш теория да орын алды. Кеңес дәуірінде маркстік-лениндік әдіснамаға сай ғалымды орыс революцияшыл-демократтарына барынша жақындату идеясы басым болғандықтан буржуазиялық саналған мифологиялық мектептің қағидаларына байланысты пікірлері қателік деп табылды. Сондықтан да «Шоқанның кейбір мақалаларында халық поэзиясына деген демократтық бетінен мифологиялық теорияға қарай ауып кетуі мен Ф.Буслаев, А.Афанасьев сияқты ғалымдардың халық поэзиясы иесіз деген пікірін қуаттауға дейін барды» деген жаңсақ тұжырым орын алды [1,19 б.]. Бірақ, мифологиялық мектеп орыс әдебиеттануындағы басқа да мектептер секілді, әлемдік

әдебиеттануда әдеби мұраны игеру жолындағы тың ізденістердің бірі еді. Ол филологиялық мектепке тән тек жинап-жариялау, түсініктеме жазу, биографизм мектебінің ғұмырнамалық зерттеу жасаумен шектелген жұмыстарды ғылыми зерттеу бағытына орай жалғастырып әкеткен жетекшілік сипатымен құнды еді. Мәселе әдеби мұраны игеру жолында сол кезеңде жаңаша ізденістер сипатында танылған мифологиялық, ауысып алу және антропологиялық теориялардың қазақтың ұлттық ғылыми-зерттеушілік ой-пікірінде Шоқан тұлғасы арқылы көрініс табуында. Себебі, ол XIX ғасырда ұлттық ғылыми-зерттеушілік ой-пікір әдеби мұраны зерттеуде әлемдік әдебиеттану ғылымындағы соны ізденістерден тыс қалмағандығын көрсетеді.

Сондықтан бүгінде керітарпалық сипаты айқындалып отырған маркстік-лениндік методологияның әдебиеттің таптығы және партиялығы принциптері асыра дәріптеп келген революцияшыл-демократтық көзқарастың мифологиялық мектептің ғылыми ізденістер жолындағы жетекшілік ролін бірыңғай жокқа шығаруына басқаша қарамаса болмайды. Фольклорлық мұраны жинап-жариялау мен зерттеуде оның шығу тарихы туралы мәселе көтере алған бұл теориялар ғылыми ізденістер жолында тың бағыттағы қадамдар еді. Тіпті маркстік-лениндік методология дәуірлеп тұрған кездің өзінде орыс әдебиеттануының тарихын зерттеуші ғалымдар бұл мектепті: «Мифологическая школа вызвала к научной и общественной жизни огромные пласты русского народнопоэтического творчества, сделав его всемирным достоянием. Она положила начало широкому, всестороннему изучению древнерусской литературы, в ее тесной связи с мифологией и фольклором. И именно в недрах мифологической школы возникают, берут начало ведущие направления литературоведческой мысли XIX в.», - деп бағалаған болатын [2,123 б.]. Ендеше осы мифологиялық мектепке тән теориялардың Шоқан еңбектерінде орын алуын

«халық поэзиясына деген ағартушы-демократтық көзқарасынан шегіншектеуі» деп емес, ұлттық ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің тарихи даму жолында болмай қоймайтын құбылыс деп есептеу керек [1, 19 б.].

Орыс ғалымдары секілді Шоқан да фольклордың пайда болуындағы мифологиялық танымның ролін жоққа шығармайды. Халықтың әдет-ғұрпын, наным-сенімдерін, аңыз-әңгімелері мен әпсана-хикаяттарын сөз еткенде мифологиялық ұғымдармен байланысты қарайды да, оның этнографиялық, этногенездік, зоогенетикалық, топонимикалық, космогониялық, демонологиялық секілді түрлері туралы ғылыми ой-пікір білдіреді. «Мифологияның қандайы болса да адам қиялынан туады, табиғат сырын түсінбеген адамдар сол сырды әр түрлі мифтер арқылы ұғынбақ болады, бертін келе адам баласы табиғаты өзіне бағындырып алған кезде, оның сырына түсінгенде ескі мифологияның жойылатынына» орай қарастырады [3, 165 б.].

Шоқан өзі зерттеген халықтардың шығу тегінің түп төркіні жеке адам немесе жан-жануарлар туралы мифтік аңыздарда көрініс табуын мифологиялық таным деп көрсетеді. Ата-баба туралы мифтік ұғым, яғни «культ предков» көптеген этногенездік аңыз, әпсаналарға негіз болғанын атап көрсетеді. Мысалы «Ұлы жүз қазақтарының аңыздары», «Қазақ шежіресі» еңбектерінде қазақ халқы өз пайда болуын «Алаш», «Алаша» есіміне байланысты мифтермен, «Қырғыздар туралы жазбалар» еңбегінде қырғыздардың шығу тегін «Ханшайым», «Қырық қыз», «Қырғызбай» секілді атауларға байланысты мифтерге орай түсіндіретініне ғылыми тұрғыда көңіл аударады. Өздерінің жаратылуының негізін әйтеуір бір құдіретті күшке апарып телитін мифологиялық түсінік Орта Азия халықтарының көбіне тән екенін айтады. Шоқанның мифологиялық теорияға сай көзқарасының бір бағыты - дүниенің пайда болуын жеке

бір бастаушы күштерге апарып негіздейтін мифтік және тотемдік ұғымдарға байланысты қарауы. Мифологиялық таным бойынша кейде халықтың алғашқы жаралуын киелі, қасиетті деп таныған жан-жануарлардан бастап тарататын зоогенетикалық аңыздық желілер де болған. Мысалы, ертедегі түркі халықтарының зоогенетикалық аңыздары бойынша өздерінің арғы тегін қасқырдан жаралды деп тану, көк бөріге табыну секілді мифтік ұғым қалыптасқан. Солтүстік Сібір халықтары өздерін морж анадан (мать моржиха) жаралдық деген мифтік түсінікке орай ұғындырған. Шоқан «Қырғыздар туралы жазбалар» атты еңбегінде қырғыздардың бір руы өздерінің жаралуын «Бұғы ана» туралы мифпен байланыстыратына назар аудара келіп, бұл аңызды толық жазып алған. Сол секілді қырғыз халқының шығу тегінің «қызыл итке» байланысты мифтік ұғымынан туған аңыздардың бірнешеуін хатқа түсірген. Бұл мифтердің фольклордың тууына әсер етуі туралы нақты тұжырым білдірмегенімен, мифтік аңыз ретінде халықтың дүниетанымдық көзқарасының қалыптасуындағы маңызын атап көрсетеді. Орыстың Ф.И.Буслаев, О.Миллер секілді мифолог ғалымдарының концепцияларына қарағанда Шоқанның мифологиялық теорияға байланысты көзқарасында өзіндік бір ерекшелік бар. Ол мифтік аңыз-эпсаналардың қайсысын болсын сөз еткенде, олардың тарихи деректермен салыстырмалық тұрғыдан қарайды. Оны жоғарыда айтылған қырғыздардың шығу тегі туралы мифтерді Қытай шежіресіндегі тарихи жазбалармен салыстыруынан немесе Ыстықкөлдің пайда болуы туралы мифтік аңыздың Әбілғазы «Шежіресіндегі» тарихи деректермен сәйкестігін ғылыми тұрғыда ашуға ұмтылуынан анық көруге болады [4, 100 б.].

Шоқан мифологиялық теорияның космогониялық және демонологиялық түрлерін этнографиялық тұрғыда қарайды. Ол «Тәңірі», «Қазақтардағы шамандықтың қалдығы»,

«Сахарадағы мұсылмандық туралы» аталатын еңбектерінен анық көрінеді. Бұл үш еңбекте де ғалымның негізгі сөз етер нысанасы шамандық пен ислам дінінің ара қатынасы болса да, мифтік ұғымның қалыптасуына шамандықтың тигізген әсері айқындалған. «Будда діні өзінің ырым-салтымен, мифологиялық салтанатты мұрасымен қарапайым шамандық рух пен әдет-ғұрыпты ығыстырып тастауға тиіс еді. Міне осы тұрғыдан, демек шамандық салт-сана жағынан, бақсы-балгерлік (шамандық демонология) жағынан, меніңше, монғолдарға қарағанда, қазақтар анағұрлым мол мұраға иелік етіп отыр», - деп жазады [5, 170 б.]. Шамандықтан туған мифтік ұғымдар мұсылмандық наным-сеніммен мидай араласып кетіп, олардың фольклорлық шығармаларда орын алып отырғанына тоқталады. Осы шамандыққа негізделген мифтік түсініктерді халық жоғалтпай сақтай отыра, оны ислам діні кіргізген мифтік ұғымдармен сәйкестендіріп әкеткенін: «діни атаулардың аттары, терминдер ғана өзгерді, ал негізгі шамандық туралы түсінік - ол сол баяғы қалпында қалды. Онгонды - аруақ деп атады, көк Тәңірін - Алла немесе құдай, жер рухын - шайтан, пері, дию және жын деді, бірақ халық санасындағы шамандық идея бұзылмады», - деп атап көрсетеді [5, 171 б.].

Ғалымның түсіндіруінше, көнеден келе жатқан мифология алғашқы адамдардың әлем, дүние, қоршаған орта туралы түсінігінің, олар туралы жинақтаған өмір тәжірибесінің көрінісі, айналадағы табиғаттың өзіндік айнасы болып табылады. Бұл турасындағы пікірі өте қызғылықты және ғылыми-зерттеушілік сипаты жағынан дәйекті де. «Адамның өзі де табиғат әсерімен өмір кешсе, шамандық нанымдарда да, жалпылай, не бір жақты табиғатты қадірлеу бар екенін байқауға болады. Бұл тұрғыдан алғанда, шамандық барып тұрған материализм болып саналады. Ал, басқа жағынан алып қарағанда шамандық нанымдағы: о дүниелік адамның рухы - жаны мәңгі жасайтыны туралы түсінік тағы

бар, демек бұл барып тұрған - спиритуализм. Жалпы өте тапқыр идея және өте тамаша ойлап табылған, оның тамашалығы да сонда, адам мифологиялық жағынан алжаспайды, қоғамдық талқыға, қоғамдық заңдарға барынша еркіндік береді... Табиғат және адам, өмір мен өлім саналы ұғымға тіптен түсініксіз, таңғажайып құпия құбылыс болып келеді. Табиғат пен адам! Өзіңіз айтыңызшы, тіршілікте одан ғажап, одан құпия не бар? Әлемнің таңғажайыптығын тану, ұғу қажеттігі, адамға қатысты өмір мен өлім мәселесі және табиғаттың құпиясына деген құштарлық шамандықты туғызды. Шамандық дегеніміз - әлемдік дүниені сүю, табиғатқа деген шексіз махаббат және өлгендердің рухын қастерлеу, аруағын ардақтау. Ертедегі адамдардың нәресте - пәк көңіл санасы күнді, айды, жұлдыздарды, мәңгілік өзгерістегі бүкіл жарық дүниені құрмет тұтты, оны біз табиғат немесе әлем дүниесі деп атадық», - деп жазуы мифологиялық теорияны терең меңгергеніне айқын мысал.

Шоқан халықтық дүниетанымдағы тәңірі, аруақ, жын, пері, періште, албасты, сөрел, көн аяқ, шайтан секілді демонологиялық, Темірқазық, Жетіқарақшы, Үркер, Бақташы жұлдызы, Шолпан, Құс жолы, Ай, Күн, Аспан, Күн күркіреу, Кемпірқосақ, үш қат әлем сияқты аспан денелері мен табиғат құбылыстары туралы космогониялық мифтік ұғымдарға анықтама бере отырып ғылыми түсініктеме жасайды. Оларды ел ішіндегі мәйітті жерлеу, тәу ету, садақа, құрбандық беру, бал ашу, бақсылық ем, ем жасау секілді әдет-ғұрып түрлеріне, отқа май құю, айналу, кесірлік жасау, мінәжат ету, ауруды аластау, ұшықтау, қағу, жұлдызға сену, жадылау, арбау, басын айналдыру, дұғалау, сиқырлау, көз тию, тіл тию, ант беру, тұмар секілді ырым, наным-сенімдер түрлеріне байланысты қарайды. Бұл жерде Шоқанның ой-пікірі орыс мифологі Ф.И.Буслаевтың мифологиялық таным туралы көзқарасымен сәйкес келіп отырады. Тырнақтың сиқырлы күші бар деген ұғымды сөз ете келіп, «Буслаевтың айтуынша,

атаусыз саусақ (шылдар шүмек) өтірікке жол бермейді» деп жазса, біреуді жер соқтыру, басын айналдыру үнді-герман халықтарының эпикалық аңыздарында сиқырлау мағынасында қолданатынын айта келіп, Снегиров пен Буслаевтың еңбектеріне сілтеме жасаған. Шоқан халықтың мифологиялық ұғымдарын этнографиялық тұрғыда қарастырып отырғанымен, фольклорда көрініс табуын да назардан тыс қалдырмаған. «Тәңірі» еңбегінде жан-жануарларға байланысты мифтің неше түрлі киелілік, қасиеттілік туралы ырымдар мен наным-сенімдерді туғызатынын дәлелдеу мақсатында көкек болып кеткен қыз туралы аңызды келтіреді. Жануарлар туралы мифтік ұғымдардың фольклордан орын алуына кейініректе Г.Потанин де көңіл аударып, қазақ мифтерін талдай келе: «Суыр туралы мифтің жалпы идеясы - менменсіген батырдың, яки мергеннің мақтаншақтығы үшін алған жазасы. Осы себепті қазақ фольклорында кірпікшешен - дана, көртышқан - әпкесі қастық кылып кеткен жігіт, мәлін - туысымен күнәға батқан қыз сипатында түсіндіріледі», - деп жазған болатын [6, с. 767]. Бұл ертедегі адамдардың табиғат сырын түсінуге деген көзқарасында оған өз тұрмыс-тіршілігіндегі іс-әрекетті көшіріп, жан-жануарларды адам кейпінде көруі туралы мифологиялық тұжырымға сәйкес келеді. Шоқанның «Қазақтардағы шамандықтың қалдығы» атты еңбегіндегі қойдың қары жілігі туралы аңызға орай ескертпесінде, осыған сай ой қорытындысы бар.

Ш. Уәлихановтың мифологиялық теорияға байланысты ой-пікірі этнографиялық тұрғыда қарастырылғандықтан, фольклорлық шығармаларды талдау барысында анық көрінбеген. Өз көзқарасын таныту мақсатында «Өлі мен тірінің достығы туралы аңыз» секілді мифтік ұғымдар толық байқалатын нұсқаларды дәлел үшін жазып алуымен шектелген. Бұл теорияның Шоқанның ғылыми зерттеу еңбектерінде орын алуын тарихи заңдылық деген дұрыс

секілді. Себебі, «Теория братьев Гримм для своего времени была выдающимся этапом в развитии филологической науки и влияние ее вышло за пределы Германии, сказавшись в трудах крупнейших ученых-филологов и других европейских стран», - деп бағаланған бұл теорияның, Шоқан секілді қазақ ғалымының тұлғасы арқылы ұлттық ғылыми-зерттеушілік ой-пікірде толық мәнінде орын алуы көп жайды аңғартады [7, с. 24.]. Шоқан өз еңбектерін көбіне орыс тілінде жазғандықтан және сол кезде басылып шығып ұлттық ғылыми ой-пікірде айналымға кірмегендіктен, мифологиялық теорияға байланысты көзқарасы алғашқы қазақ оқығандарының еңбектерінде жан-жақты қолдау таппады. Олардың басты бағыты әдеби мұраны жинау-жариялау, кітап етіп басып шығарудан тұратын филологиялық мектеп дәрежесінен аса алмаған еді. Алайда мифологиялық теорияға сай ғылыми-зерттеушілік ой-пікір тек Шоқанда ғана көрінді десек, қателік болар еді. Шоқанның мифологиялық теорияға байланысты ой-пікіріндегі қазақ, қырғыз халықтарының шығу тегіне сай этногенездік мифтер туралы көзқарасының қазақ зиялыларының мақалаларында жалғастық тапқан. Абайдың «Біраз сөз қазақтың қайдан шыққаны туралы», Ә.Бөкейхановтың «Бұрынғыдан қалған жақсы мұра», М.Ж.Көпеевтің «Біздің қазақ халқының...», белгісіз авторлардың «Қазақтардың әр нәрсеге иланбақ жайынан», «Кейбір қазақтардың рулары турасынан хикая» сияқты мақалаларда мифтік ұғымдардың ел әдебиеті үлгілерінен орын алуы нақты сөз болады. Рас, Ш.Уәлиханов еңбектеріндегідей ғылыми тереңдік танылып жатпаса да, оларды әдеби мұраны игеру саласындағы ғылыми-зерттеушілік таным-білік мифологиялық мектептің көтерген мәселелерін сөз ете алды деп ойлаған жөн.

Мифологиялық мектептің аталмыш теориясына қарағанда, «ауысып алу теориясы» Шоқанның ғылыми еңбектеріндегі әдеби талдау жасау барысындағы ой-пікірінде

анық көрінді. XIX ғасырдың орта кезінде мифология теориясының әдеби мұраны игеру бағытындағы ізденістерінің шектеулігі басқа ғалымдар тарапынан сынға ұшырай бастады. Соның негізінде А.Н.Афанасьев, А.Н.Пыпин, Н.А.Львов т.б. фольклорды ғылыми тұрғыда тану жұмыстарына тың бағыт ретінде танылған ауысып алу теориясын туғызды. «Мифологи, - деп жазады А.Н.Баландин - ставили вопрос о происхождении фольклора, сторонники теории заимствования - об исторических судьбах его. В сущности одно направление дополняло другое...» [7, с. 42].

Өзінің аз ғана ғұмырында Шоқан ұлттық ғылыми-зерттеушілік ой-пікірде бұл теорияның да әдеби мұраны игерудегі алғашқы қадамдарын жасап кетті. Әлем әдебиеті тарихын жақсы білуі, көрші халықтардың әдеби мұрасының мол сырларын терең түсінуі - ауысып алу теориясына орай салыстыра зерттеуге, ұқсастықтары мен ерекшеліктерін анықтауға мол мүмкіншілік туғызды.

Бұл мектептен орыс әдебиеттану ғылымындағы мифология теориясының негізін салушы Ф.И.Буслаевтың 1874 жылы «Странствующие повести и рассказы» деген еңбегі шыққаннан кейін ғана «ауысып алу теориясы» толық мәнде дами бастады. Сондықтан ғұмыры бұл теорияның алғашқы кезеңіне ғана іліккен ұлы ғалымның фольклорлық сюжеттердің бір елден екіншісіне ауысуы туралы жазған ой-пікірлері онша көп емес, бірақ, ғылыми тұрғыда арнайы қарастыруды мақсат тұтқан. Соның өзінде-ақ бұл теорияның қазақ фольклорын зерттеуге қолдануының бастамасын салып кетті.

Шоқан қазақ халқының сөз өнері туралы теріс піғылдағы миссионерлік көзқарасқа қарсы шыға келіп, «бәрінен маңыздысы сол - біздің қоғамдық өркендеу формаларымыз жоғары, мәдениетті дамудың нәтижелерімен көбірек ұқсас келетін жасанды емес дәрежеде тұр», - деп жаза келе, бұл теорияның белгілі бір халық басқа халықтан тақырып, сюжет

ауысып алуы үшін ең алдымен ауысып аларлықтай дәрежеде болуы керек деген талабы тұрғысынан келгенде, қазақ халқының әдеби мұрасы басқа елдердегі әдеби дамудан кенже қалмағанын дәлелдейді. Оны «Біздің халқымыздың көркемдік жағынан қалыспайтын, өскелең әдебиеті бар, бұл әдебиет шығыс халықтарының өлең-жырларынан гөрі индо-герман өлең-жырларына жақынырақ», - деп тұжырымдайды [5, 50 б.]. Ғалымның бұл пікірі Европа әдебиеттануындағы ауысып алу теориясын жақтаушы Т.Бенфейдің «Панчатантра» еңбегіндегі «әр түрлі халықтар творчествосындағы үлгілер мен сюжеттерінің өзара ұқсастығы мифологиялық ұғымдарының бірдейлігінен емес, тарихи-мәдени байланысына орай шығармалардың бір-біріне ауысуынан болады. Барлық ауысып жүрген ұқсас повесть, әңгіме, ертегі және өлең-жырлардың Отаны - Индия» деген пікірмен сәйкес келеді. Шоқан Т. Бенфейдің еңбегімен таныс болуы мүмкін. Өйткені «Панчатантра» 1859 жылы шыққан да, ғалымның біз цитат алып отырған «Сот реформасы жайында хат» еңбегі 1864 жылы жазылған. Қалай дегенде де жоғарыдағы тұжырымы «ауысып алу теориясының» алғашқы кезеңіндегі айтылған ойларға негізделгені байқалады. Оны Ф.И.Буслаев 1873 жылы жазған «Сравнительное изучение народного быта и поэзии» атты еңбегінде әлемдік әдеби даму процесіне Европа, Азия халықтары бірдей ат салысқанын айта келіп: «Она уравнила в своих достоинствах все народности, к какой бы породе они ни принадлежали и на какой бы степени цивилизации ни стояли: на самой ли высшей, как евреи, египтяне, народы классические, или на низшей, как финны, Литва, татары и вообще дикари Старого и Нового Света», - деп ғылыми дәлелдеуге ұмтылған болатын [8, с. 651].

Мифологиялық мектептің «ауысып алу теориясын», ол тудырған тарихи-салыстырмалық әдісті қазақ, қырғыз фольклорын зерттеу барысында кеңінен қолданғанын

«Жоңғария очерктерінде» жазған ой-пікірлері де дәлелдейді. «Көптеген қырғыз-қазақтардың ертектерін, мифтерін, эпос жырларын және аңыздарын жинап жүріп, олардың Европа халықтарының, әсіресе славян шығармаларының сарындарына ұқсастығына таң қалдым. Афанасьев мырзаның жинағынан мен қазақтардың айтқанына ұқсамайтын тек алты ғана ертегі таптым. Бастапқы кезде мен бұл фактіні Абель Ремюзаға еліктеп, индо-герман тұқымдарының Орта Азия жерлерінде татар тұқымдарымен бірге өмір сүрген уақытындағы әсерінен және араласып кетуінен болған ғой деп түсіндім, енді мен бұл мәселені шешудің кілтін ұлы жүз бен қырғыздардың арасынан табармын, сүйтіп өз жинағым үшін бай материал жинап алармын деп үміттеніп едім, бірақ бұл ойым жүзеге аспады», - деп жазады [5, 83 б.]. Бұдан «ауысып алу теориясының» әр халық әдебиетіндегі ұқсастықтар, олардың сыр-сипаты, себептері, тарихи негіздері туралы бағыты Шоқанды қатты қызықтырғаны, оны қоғамдық даму құбылысы ретінде зерттеуге ұмтылып, ғылыми және тарихи принцип тұрғысынан қарауды мақсат еткені байқалады.

«Мен естіген ертегілер мен өлең-жырлар, әсіресе буряттардың халық поэзиясының үлгілерін тыңдай отырып, мен біздің қазақтар мен ноғайлардағы индо-германдық мотивтер славяндар әлемі мен Россиямен қарым-қатынас барысында ауысып алынғанына көз жеткіздім», - деп жазу арқылы әдеби мұрадағы ұқсастықтар көршілес отырған елдермен әдеби алмасу арқылы келетінін айтады. Шоқан А.Н.Афанасьев секілді осы көзқараста қалмаған. Бірақ бір халықтың сөз өнері тек басқа елден ауысып алу арқылы туып өркендейді дегенге қарсы шыға отырып, халық әдебиетіндегі бұл ұқсастықтар олардың тарихи тағдырының сәйкестігінен, тұрмыс-тіршілік жағдайларының жақындығынан, эстетикалық талғамы мен дүниетанымдық көзқарастарының деңгейлестілігінен, сонан соң барып тақырыптар мен сюжет

алмасуынан деп түсіндіреді. «Онан соң, - деп жазады Ш.Уәлиханов, - қоныс жағынан көршілес және тілдері ұқсас болғандықтан поэзиялық аңыздар бір халықтан екінші халыққа оңай ауысып отыратындығын айта кету керек. Сондықтан оларды жақсылап айыра білу қажет... Азияда кең өріс алып кеткен аңыздар мен ертегілер, өлең-жырлар мен поэмалар өте көп» [5, 84 б.]. Ғалым тек көрші ғана емес жері шалғай әдеби-мәдени байланысы аз халықтардың әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі мен әдебиетіндегі ұқсастықтар аз болмайтынын айта келіп, ертедегі грек мифтеріндей аңыз-әңгіме, геройлық мифтер қазақтарда да кездесетінін нақты мысалмен дәлелдейді. Бұл секілді ұқсастықтардың негізі халықтардың тұрмыс-тіршілігі, дүниетанымдық көзқарасы, эстетикалық танымның сәйкес келуінде жатқандығына ғылыми тұрғыда қарайды. Бұл жерде Шоқан көзқарасы Ф.И.Буслаевтың: «Общие всему человечеству законы логики и психологии, общие явления в быту семейном и практической жизни, наконец, общие пути в развитии культуры, естественно, должны были отразиться и одинаковыми способами понимать явления жизни и одинаково выражать их в мифе, сказке, предании, притче или пословице», - деген пікіріне өте жақын келеді [9, с. 36.].

Мифологиялық мектептің кейінгі өкілдерінен Буслаевтың осы көзқарасын жақтаушылардың шығуы мен мектептің жалпы позициясын Чернышевский, Добролюбов секілді революцияшыл-демократтардың қатты сынауы мифологиялық, аңыз-ертегілік және басқа да сюжеттердің адамзат қоғамы дамуына ортақ тұрмыс-тіршілік, әдет-ғұрып, салт-санаға сай туатынын дәлелдеген фольклордың өздігінен пайда болуы, яғни антропологиялық теорияны ғылыми-зерттеушілік ой-пікірге енгізді. Шоқанның «ауысып алу теориясына» байланысты ой-пікірінің түпкі қазығы осы теорияға барып тіреледі. Оған әрине, ғалымның ағартушылық-демократтық көзқарасының әсер еткені де анық. Түрлі елдердің

фольклорында кездесетін сюжеттік ұқсастың болуын айта отырып, әр халықтың адамзат қоғамындағы орнына сай өзіндік әдеби мұрасын ұлттық деп тану керектігін, оның өзіне тән өзгешеліктері мен ерекшеліктерін салыстырмалық зерттеу жасау арқылы ашу қажеттігін атап көрсетеді. Мысалы, халық тарихындағы оқиғалар мен өмір шындығының қоғамдық даму сатыларында деңгейлес болуы, бірдей көшпелі тұрмыс кешуі тәрізді сипаты, кейде әдеби мұрадағы ортақ тақырып, сюжет, бейне, тіпті ақындық өнердегі импровизациялық секілді қабілеттің де ұқсастығына басты себеп болатынына тоқталады. «Дала өмірін жырлаған поэзия болғандықтан, бұл екі елдің поэзиясы бір-біріне өте ұқсас, екеуінің де сюжеті дала өмірі тәрізді біркелкі болып келеді. Екеуінде де көшпелі тұрмыс, сұлу табиғат, рулардың қарым-қатынасы, талас-тартысы суреттеледі», - деп жаза келіп, араб және қазақ поэзиясын салыстырмалық тұрғысынан зерттейді. Сол секілді отырықшы және көшпелі халықтар әдебиетін тексергенде бірдей көзқарас ұстаудың дұрыс еместігін, көшпелі елдердің өлең-жырға жүйрік, тумысынан талантты келетінін, олардың өлеңді аяқ астынан суырып салып айту қабілеттілігі, импровизациялық дәстүрінің күшті дамығаны секілді ерекшеліктері, бұлардың фольклоры мен әдебиетінің пайда болуы мәселесін сөз еткенде назардан қалмауын ескертеді. Шоқаннан осы ескертпесі кейін қазақ фольклорының тарихы мен теориялық мәселелерін зерттеген Ә.Бөкейхановтың «Қобыланды батыр» жырындағы әйелдер» атты мақаласы мен сын-рецензияларында көрініс тапты [10, 105 б.]. Қазақ шежіресі туралы іргелі еңбек жазған Ш. Кұдайбердіұлының еңбектерінен де мифологиялық теорияға тән көзқарастарды анық көруге болады [11, 80 б.].

Негізінен мифологиялық мектептің осы үш теориясы туралы арнайы зерттеу еңбек жазбаса да, ғылыми мұрасындағы әр кезеңде айтқан ой-пікірлерінде қай халықтың әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрі, әдебиеті болса да оның негізі сол халықтың тарихи өмір шындығында деген

тұжырымға тоқтағаны байқалады. Бұл антропологиялық теорияның әдеби мұраны тарихи-салыстырмалық принцип бойынша зерттеуге жасаған қадамдарының талап-тілегіне сай келеді. «Сондықтан Шоқан «ауысып алу теориясын» қолдады дегенде өзінің зерттеу еңбектерінде тек осы теория ықпалында қалды деген ұғым тұмау керек» [12, 55 б.]. Бұл XIX ғасырдағы ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің ұлттық әдебиетті ғылыми тұрғыдан тану жолындағы алғашқы ізденістерінде сол кездегі әлемдік және орыс әдебиеттану ғылымындағы соны да тың бағыттарына орай көріне алғандығын көрсетеді. Шоқанның тарихи-мәдени мектептің әдеби мұраның тарихилығы мен халықтың сипатына байланысты айтылған ой-пікірлері туралы да осыны айтуға болады.

1. Қазақ әдебиетінің тарихы. Алматы: ҒА баспасы, 1960.
2. История русского литературоведения. М., 1980.
3. Маркс К. и Энгельс Ф. Об искусстве. М., 1983.
4. Әбілғазы. Түрік шежіресі. – Алматы: Ана тілі, 1999.
5. Уәлиханов Ш. Таңдамалы. Алматы: Ғылым, 1985.
6. Потанин. Г. Очерки Северо-Западной Монголии. С-Пб. 1883.
7. Академические школы в русском литературоведении. М., 1976.
8. Русский вестник. 1873, №10.
9. Буслаев Ф.И. Станствующие повести и рассказы. «Русский вестник», 1874, №5.
10. Құдайбердіұлы Ш. Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі – А : Қазақстан, 1991.
11. Бөкейхан Ә. Таңдамалы. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1995.
12. Смағұлов Ж. Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихы. А: Қазақ университеті, 1999.

2010 ж

## ӘЛ-ФАРАБИ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ӘДЕБИЕТТАНУ ҒЫЛЫМЫНЫҢ БАСТАУЛАРЫ

VIII ғасырдадың орта кезінде Түрік қағанаты құлағаннан кейін түркі тілдес тайпалардың мәдениеті, өнері, әдебиеті және тілінің тарихи дамуы мен өркендеуінің негізгі орталығы қазақ даласы болды. Қазақ жері мен Орта Азияда ислам дінінің тарала бастауы көшпелі өмір салтына сай мәдениетке отырықшылық қала мәдениетін енгізеді. Ірі қалалар пайда болып, олар ел басқару, сауда орталықтары болуымен қатар, мәдени, діни, өнер-білім, ғылым орталықтары ретінде да таныла бастады. Ислам дінінің толық қанат жая бастауы кең қолданылып келген руна жазуын, яғни көне түрік жазуын, тарих сахнасынан ығыстыра бастады. Мешіттердің салынуы, медреселер мен мектептердің ашылуы қалалы жерлерде діндар ғұламаларды, өнер адамдарын, оқымысты, дана адамдарды топтастырды. Алайда, бұл бірден жүзеге аса қойған жоқ. Алғашқыда араб басқыншылары ислам дінін күшпен тарату мақсатында өздері басып алған елдердің мәдени және ғылыми мұраларын тас-талқан етіп қиратып, жаңа дінді таратуға кедергі келтіретін ештеңе қалдырмауды мақсат тұтты. Әрине, бұл көркем әдебиеттің дамуына да әсерін тигізбей қалмады. Ұлы ғалым Әбу Райхан Бируни «Өткен ұрпақтар ескерткіштері» аталатын еңбегінде: «Араб қолбасшысы Кұтайба озбырлықпен бұрынғының бәрін талқындады, жойды. Хорезмдіктердің жазу-сызуларын, кітаптарын, бумаларын өртеді, өнер адамдары мен білімпаздарды, ғалымдарды түгел құртты. Хорезмдіктердің исламға дейінгі тарихы түгел көрге көмілді, оны қазір ешкім білмейді», - деп жазады.

IX ғасырдың соңына қарай феодалдық қарым-қатынастың дамуына байланысты Қазақстан жері мен Орта

Азияда араб мәдениеті мен ғылымының ықпалы артты. Оқу, білім, өнер, әдебиет - барлығы да араб тілі, араб мәдениеті-әдебиеті ықпалында дами бастады. Ежелгі грек ғалымдарының ілімдерінің қайта тарала бастауы ғылымды дамытса, араб поэзиясы әдебиеттің тарихи сабақтастық дәстүріне сай жаңаша өсіп-жетілуіне әсер етті. Кешегі түрік тілдес тайпалардан шыққан М.Хорезми, Әбунасыр әл Фараби, Әбу Райхан Бируни, Әбуғали Ибн Сина, Ә.Фирдауси, Рабғузи, М.Қашқари, Қ.А.Яссауи, О.Хайям, Ж.Баласағұни, А.Жаухари, Ысқақ әл Фараби, Жанақ әл Қимаки сияқты тағы да басқа даналардың, өнер иелерінің, ғылым қайраткерлерінің көркем шығармалары мен ғылыми зерттеу еңбектерінің әдебиеттану ғылымының қалыптасу тарихына тікелей қатысы бар. Бұл ғұлама ғалымдардың еңбектерінен Х-ХІІ ғасырлардағы түркі халықтарына тән ортақ мұра болып саналатын көркем әдебиеттің өркендеуіне орай туындаған сыншылдық-эстетикалық, ғылыми-зерттеушілік, әдеби-теориялық ой-пікірдің ғылыми ояну дәуірін көреміз. Бұл кезеңде мәдениет, ғылым, әдебиет, сәулет өнері өркендеді. Оның ішінде сөз өнеріне деген құрмет ауыз әдебиетінің, жазба әдебиеттің дамуына ықпал жасады. Филологиялық білімдер жүйесімен айналысу тек қана көркем әдебиет өкілдері ғана емес, барша зиялы қауымға тән құбылыс болды. Шешендік өнерді меңгеру, нақышты сөйлей білу, өлең шығару қабілетіне ие болу - білімді деп саналатын адамдардың міндетті түрде игеруге тиісті қасиеттері еді. Ғылыми еңбектердің көркем үлгіде келуі басты сапаларының бірі ретінде танылды. Сондықтан ғылыми трактаттардың өлең түрінде жазылуы таң қаларлық іс-әрекеттен көрі, солай болуға тиісті дәрежесінде қабылданды. Тіпті жаратылыстану ғылымымен шұғылданушылар да филология, поэтика, риторика мәселелері туралы трактаттар жазды. Мысалға Ә.Р.Бируни

мен Ибн Синаның еңбектері оған айқын дәлел. Бұл дәуірдегі білімпаздардағы энциклопедиялық білім, жан-жақты қабілеттілік бірнеше ғылым саласымен қатар айналысуына мүмкіндік берді. Бұлардың ішінен туған топырағымыздан шыққан және ұлттық мәдениет пен әдебиетке өте жақын мәселелерді сөз еткен ғалымдардың ғылыми мұраларының жан-жақты екендігінде дау жоқ.

Есімі дүние жүзіне мәлім болып, «Екінші ұстаз» атанған Әбунасыр Әл-Фарабидің Отырарда туып, Сыр, Қаратау бойындағы түркі тайпаларынан шыққаны белгілі. Орта Азия мен Қазақстаннан шыққан ғұлама ғалымдар арасынан басқа ғылым салаларымен қатар жалпы көркем өнер, оның ішінде сөз өнері туралы ғылыми түсінікті зерттеушілік тұрғыда алғаш сөз еткен Әл-Фараби еді. Оның «Мемлекет қайраткерлерінің афоризмдері», «Ғылымдар энциклопедиясы», «Ғылымдарды классификациялау», «Аристотель еңбектеріне түсініктеме», «Өлең кітабы», «Өлең өнерінің қағидалары туралы», «Поэтика және поэтикалық ойлау», «Поэтикалық шығармалар түрі» т.б. еңбектері сол кездегі өнер, тіл және әдебиет мәселелері мен өлеңтану саласындағы әдеби-теориялық, ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің шырқау биігі болды. Тарихи шындыққа жүгінсек, Әл-Фараби еңбектерінде түркі тілі мен поэзиясы зерттеу нысанасына алынған жоқ. Ол негізінен ертедегі гректердің тілі мен әдебиеті, өнері туралы ғасырлар бойы айтылып келе жатқан ғылыми-зерттеушілік ой-пікірді жалғастыра отырып, парсы және арабтардың өнері, тілі, поэзиясы төңірегінде ой қорытты. Соның негізінде жалпы көркем өнер, тіл, әдебиет мәселелерін сөз ету арқылы, олардың бүкіл адамзат қоғамындағы алатын орнын ашып берді. Фарабитанушы ғалымдардың еңбектерінде философия, музыка, логика, этика, эстетика ғылымдары саласындағы көзқарастары тереңірек зерттеліп, Фарабидің

филологиялық зерттеулері мен ақындығы сөз арасында ғана айтылып жан-жақты зерттеу нысанасына айнала қойған жоқ. Әрине, бұл жерде қазақ әдебиеті тарихының ежелгі дәуірін зерттеу барысында Фараби туралы аздықөпті пікір айтқан әдебиетші-ғалымдардың еңбектерін жоққа шығарып отырған жоқпыз. Айтпағымыз - Фарабидің тілші, әдебиетші, ақындық тұлғасының монографиялық тұрғыда толық зерттелмегені.

Ислам дінін таратушылар түркі тайпаларының арасында мұсылмандықты рухани байлықтың ықпалы арқасында орнықтыруға күш салды. Алайда арабтардың мәдени және әдеби мұрасы, рухани дүниетанымы дамуы мүлде бөлек елдің ғасырлар бойы жасаған дәстүрін бұзып не жойып жібере алмады. Керісінше, оны байыта түсті, өркендеуіне ықпал жасады. «Многие востоковеды подчеркивают большое влияние, поразительную живучесть доисламских поэтических традиций в истории арабоязычной средневековой литературы. Необходимо подчеркнуть, что в формировании эстетического мышления аль-Фараби сыграли большую роль тюркское изобразительное искусство и могучий фольклор его соотечественников. Он застал вполне сложившуюся и развитую поэтическую традицию тюркоязычных народов. Поэзия издавна имела общественное и особое художественное и историческое значение», - деп анық жазады М.С.Бурабаев [1, 8]. Олай болса, әл-Фарабидің ғұламалық тұлғасының қалыптасуын тек қана араб мәдениеті мен ғылымының жемісі деп қарау жеткіліксіз. Ол - ең алдымен өзі шыққан ортаның өкілі. Сондықтан дүниетанымдық көзқарасының қалыптасуына басты әсер еткен тарихи тамырды, яғни ертедегі түркілердің, оның ішінде өз ұлтымыздың рухани байлығын жоққа шығаруға болмайды.

Әл-Фараби түркі тайпасынан шыққан білімпаздар арасынан тұңғыш филолог ретінде танылды, тіл білімі мен әдебиет теориясының мәселелеріне тереңдеп барды. Тіл білімінің мәселелерін сөз өткен «Сөз ғылымын классификациялау», «Сөз бен әріп туралы», «Жазу өнері туралы» секілді еңбектерін жазу арқылы лингвистиканы дамытуға зор үлес қосты. Нақты айтсақ, дербес және қарапайым сөздер мен сөйлемдер туралы, күрделі және құранды сөздер мен сөйлемдер туралы, мәнерлі оқу ережелерін, тілдің заңы мен негізгі ережелерін, емле мәселелерін, дұрыс оқуға қойылатын талаптарды қарастырды. Барлық ғылымдарды бірнеше салаға жүйелеу барысында тіл білімін ең бірінші орынға қойып, әр бөліміне нақты тоқталуының өзі көп жайды аңғартады.

Әл-Фарабидің көркем әдебиетке қарым-қатынасы екі түрлі сипатта көрінді. Ол - біріншіден, өз кезеңінде «Поэзия падишасы» аталған атақты ақын. Екіншіден, грек, парсы, араб, поэзиясын ғылыми тұрғыда терең зерттеген әдебиетші-ғалым.

Орта ғасырда өмір сүрген арабтың көрнекті ақындары мен ғалымдарының, тарихшыларының айтуына қарағанда Фараби өте көп өлең жазған деген пікір бар. Мысалы, Әбул Фарадж әл Исфганидің (879-967) «Әлағани» (Күй кітабы) атты еңбегінде атақты араб ақыны Әбу Фирастың Сайф ад Даула сарайының жарапазаншы-жаршысына айтқан мынадай сөзі келтірілген: «Поэзия дөңгеленген алтын түйе, оның басы - Әбунасыр әл-Фарабиге, мойны - Әбу Нубасқа, иығы - Омар ибн Әбу Рабағаға, кеудесі - Әбу Таммамға, қалған шек-қарнын екеуміз бөлісіп жүрміз ғой». Бұл әл-Фарабидің поэзия падишасы деген атаққа лайық шығармалар жазғанын және өз кезеңінде өте жоғары бағаланғанын көрсетеді. Осы сипаттас пікірлерді Ризокули Хидоят, Ибн Аби Усайба, Ибн Халлақандар да өз еңбектерінде айтып, Фараби жырларынан үзінді келтіре

отырып дәлелдеген. Белгілі шығыстанушы ғалым Е.Э.Бертельс те осы пікірді қуаттайды. Өкінішке орай, Фарабидың ақындық мұрасы сақталмаған, тек бірнеше өлеңдері, бәйіттері ғана жетті. Оларға қарап отырып Фарабидың поэзиялық мұрасын бағалау, зерттеу мүмкін емес. Әйтсе де замандастарының берген жоғарғы бағасына сүйене отырып «поэзия падишасы» деген атаққа лайық, өз кезіндегі әдеби процестің дамуына үлес қосқан және көптеген ізбасарлар шыққан ақындық мектептің үлгісін салған, парсы және араб тілінде жазған түркі ақыны болды деген қортындыға келеміз.

Әл-Фараби атақты ақын ғана емес, өз дәуіріндегі логика мен эстетиканы, музыка өнерін, өлең сөздің теориясын жетік меңгеріп, ғылыми тұрғыда зерттеген трактаттар жазды. Оның ішінде әдебиет-танудың өзекті салаларына арналған еңбектерінде әдебиеттің теориялық мәселелеріне байланысты өзіне дейінгі айтылып келген көзқарастарды жүйелеп, ғылыми тұрғыда дамытты. Сол арқылы әдеби-теориялық, ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің танымдық сипаты кеңейіп, филологиялық білімдер жүйесі қалыптаса бастады, практикалық қолдану аясы да кеңейе түсті.

Фарабидің «Өлең өнерінің қағидалары туралы» трактатында Аристотельден басталып ғасырлар бойы зерттеу нысанасына айталып келе жатқан әдебиетті теориялық тұрғыдан тану жайындағы көзқарас жалғасын тапты. Онда поэзия туралы негізгі түсініктер кеңейіп, өнердің бір түрі ретіндегі ерекшелігі анықталды. Фараби өзі қарастырған музыка, риторика, сурет өнерлерімен салыстырғанда поэзияның сөз өнері ретіндегі сипатын, негізгі қағидаларын ғылыми жүйелеу арқылы ашып береді [2,23].

Әл-Фараби поэзияның өнер саласы ретіндегі негізгі табиғаты болып табылатын қағидаларын ақындар да,

ғылыми тұрғыда зерттеушілер де толық түсініп, меңгеріп алуы қажеттігін атап айтады [3,344]. Ғалымның бұл пікірінің маңыздылығы Аристотельден бері келе жатқан поэзия өнерінің қағидалары туралы тұжырымды жалғастырғаны, толықтырғаны ғана емес, араб тілінде жазылғандықтан бүкіл Таяу Шығыс пен Орта Азияға тарап, өлең шығарушылар мен поэзияны зерттеушілердің әдеби-теориялық танымын жоғарлатуында десек артық айтпаған болар едік.

Бұл еңбек туралы фарабитанушы ғалымдар арасында екі түрлі пікір айтылуда. Негізгі талас - Аристотельдің «Поэтика» еңбегінде қарым-қатынасы төңірегінде. Әсіресе, Фарабидің поэзияны жанрлық түрлерге жіктеуінің ғылыми-теориялық және танымдық маңызы зор. Ол поэзияны мазмұндық сипатына орай 13 жанрлық түрге қарастырады да әрқайсысына нақты анықтамалар бере отырып ерекшелейді. Олар: трагедия, дифирамб, комедия, ямб, драма, айнос, диаграмма, сатира, поэма, эпос, риторика, амфигенезис, акустика.

Бұл жіктеуді өзбек ғалымы М.М.Хайруллаев: «Глубоко изучив «Поэтику» Аристотеля и используя ее основные принципы, Абу Насыр создал ряд трактатов по теории поэзии. Ему принадлежат, например, трактаты «О канонах искусства поэзии» и «Об (искусстве) поэзии».

Первый является своеобразным пересказом той части «Поэтики» Аристотеля, где речь идет о различных поэтических формах, которыми широко пользовались в Древней Греции», - деп Фарабиді Аристотельдің жанрлық түрлерге байланысты тұжырымдарын қайталап айтып беруші дәрежесінде таниды [4,137]. Бұл пікірге философ ғалым М.С.Бурабаев: «Подобная классификация жанров поэзии не встречается в «Поэтике» и других произведениях Аристотеля», - деп үзілді-кесілді қарсы шығады [1,42]. Аристотельдің софистика және поэзия

туралы ізденістерінің аяқталмағанын және «Поэтикада» тек трагедия туралы ғана түсініктеме берілгенін тілге тиек ете келіп: «Он превзошел Аристотеля в классификации, анализе специфики и общественного назначения поэзии, и его трактат «О канонах искусства поэзии» не является своеобразным пересказом «Поэтики»», - деп жазады. Бұл пікірді әдебиетші-ғалымдар А.Машанов, Ә.Дәрбісәлиев, Н.Келімбетов, Т.Кәкішев т.б. да қостайды.

Шынында да Фарабидің поэзияны жанрлық түрлерге бөлген бұл жіктеуінің «Поэтикада» кездеспейтіні рас. Оны трактатының басында: «мудрец не завершил своего изыскания даже по искусству софистики, не говоря об искусстве поэзии», - деп әл-Фараби атап көрсеткен де [3]. Бұл турасында орыс ғылымы А.Ф.Лосев «Трактат весьма мало соответствует его содержанию, которое здесь преподносится не только в противоречивом и малосогласованном виде, но касается почему-то в конце концов только одной трагедии. Какие существуют виды и жанры поэзии, об этом Аристотель ясно не говорит... Аристотель не умеет ни классифицировать искусство, ни формулировать специфику поэзии», - деп жазған болатын [5,460]. Бұл жерде біз Аристотельді төмендету арқылы әл-Фарабиді көтеріп алғымыз келіп отырған жоқ. Мүмкін әл-Фараби Аристотель «Поэтикасының» бізге жетпеген тарауларына, немесе басқа да ғылыми еңбектерге сүйенген шығар, ол жағы белгісіз. Әйтсе де бұл трактатында Аристотельдің поэзия туралы көзқарасын дамытқанына дау жоқ. Аристотель сужденияны (ой-пікір немесе пайымдау) толық дәлелді (доказательные), диалектикалық, софистикалық деп үшке ғана бөлсе, әл-Фарабидің бұларға риторикалық, поэтикалық деген түрлерді қосуы оған айқын дәлел. Сонымен қатар, Аристотельден әл-Фарабиге дейінгі поэзия жанрлық тұрғыдан өркендемеді деп ешкім де кесіп айта алмайды. Ендеше әл-Фарабиді поэзия

өнерінің қағидалары мен жанрлық түрлері жайындағы өзіне дейінгі ой-пікірлерді толықтыра отырып дамытқан, оның ғылыми жүйесін жасаған және зерттеу жолдарын анықтап берген шығыстың тұңғыш әдебиетші-ғалымы, теоретигі деуге толық мүмкіндік бар. Оған көз жеткізу үшін осы трактатта поэзияның Фараби сөз еткен басқа мәселелеріне тоқталып өтелік.

Трактатта өлең жазудағы ақындық шеберлік, софистикалық және еліктеу құбылыстары туралы ұғымының айырмашылықтары, поэзияны ғылыми тұрғыда тексеру жолдары секілді мәселелер де қарастырылған. Ғалым ақындық шеберліктің қалыптасуында ақындық түйсік пен қабылдау және олардың көркемдік суреттелуінің басты роль атқаратын себебі, өзара үйлесімдікте келуі мен сезімге әсер ету деп табады. Ал поэзияны зерттеуде ақындық пайымдаудың өлең өлшемі мен мазмұнына байланысты көрінуін басты назарда ұстау қажеттігі атап айтылады. «Ақындық түйіндеуді, - деп жазады әл-Фараби - өлшем мен мазмұнға қарай топтастыруға болады. Өлшеміне қарай топтау әуенділікке, болмаса екпінге, тұжырымдау қай тілде екеніне байланысты, сонымен қатар музыканың деңгейіне де қатысты. Мазмұнына қарай ғылыми тұжырымдау шамашарқынша тап басып болжау, поэзияны талдаушының, поэтикалық мәнін зерттеушінің, әр түрлі халық поэзиясы мен оның әрбір мектебін білетіндердің hareketіне кіреді» [6,79]. Бұл пікірге әл-Фараби парсы және араб поэзиясын зерттеушілердің еңбектерімен толық таныса келіп, олардың поэзияны сатира, пэан, состязательные стихи, комедия, аллегорические, лирические, описательные т.б. деп бөліп жүргеніне көңіл аударған. Фараби де және ол айтып отырған басқа да зерттеушілер араб, парсы поэзиясын Аристотельдің «Поэтикасының» ізімен ертедегі грек поэзиясына тән үлгілерге сай жіктегені анық

байқалады. Бұл жерде біз осы трактатты қазақ тіліне тәржімалаған А.Нысаналин аудармасына тоқтала кеткіміз келіп отыр. Жоғарыда айтылғандай әл-Фараби араб және парсы поэзиясын 7-ге жіктесе, ал А.Нысаналин аудармасында 6 ғана (6,79). Оларды сатира, поэтика, айтыс, комедия, газель, жұмбақ деп аударған. Бұл ғылыми дәл аударма емес. Өйткені әл-Фараби өз жіктеуінде поэзиялық шығармалардың мазмұны мен тақырыбына баса назар аудара келіп, оларды жанрлық түр дәрежесіне анықтаған. Біздің ойымызша, пэан дегенді поэтика деп аударудың еш қисыны жоқ. Пэан ертедегі гректерге құдайларға арналған (мысалы Аполлонға) хор лирикасы (хоровая лирика) болса, арабтарда мақтау өлең, ода үлгісінде келеді. Сол сияқты состязательный дегеннің ертедегі түріктердің немесе біздің айтысымызға еш қатысы жоқ. Фараби состязательный дегенде ертедегі гректердің трагик ақындарының өлеңмен жарысуын алып отыр. Бұл мүшайраға жақын. Ал газель мен жұмбақтың жіктеуге еніп кеткені және описательный ұғымына дәл балама табылмай түсіп қалғаны түсініксіз. Негізінде жазба жәдігерлік мұраны аударуда ғылыми дәлдік, теориялық терең білім және жауапкершілік қажет. Әйтпесе ол аударманы пайдаланушыларды қателіктерге ұшыратуы немесе басқа бағытқа салып жіберуі мүмкін. әл-Фараби жіктеулерінің дәл мағынасын бере алмаған және тағы да басқа шалағай аударылған тұстары бар бұл аударма ғылыми айналымға еніп кетті. Мысалы, Н.Келімбетов өз еңбегінде поэзияны 7-ге бөлген Фараби жіктеуін емес, А.Нысаналин аудармасындағы жіктеуді дәл сол қалпында пайдаланған [7,121]. Біздің ойымызша, әл-Фарабидің араб, парсы поэзиясын жіктеуі төмендегідей болуға тиіс. Олар: сатира немесе сатиралық, мадақтау өлеңдер немесе ода, айтыс өлеңдер немесе мүшайра, аллегориялық немесе тұспал

өлеңдер, лирикалық, суреттемелік. Әрине, дәлме-дәл мағынада болмауы мүмкін, әйтсе де түп нұсқаға жақын.

Трактатта әл-Фараби өлең өлшемдері мен фабула мәселесіне араб, парсы және ертедегі грек поэзиясына салыстырмалық талдауларға бару арқылы теориялық тұжырым жасағаны байқалады. әл-Фарабидің поэзия қағидаларына тікелей қатынасы болмаса да өз кезеңіндегі ақындарды үш топқа бөлуі, әрқайсысына сипаттама беруі әлі күнге дейін маңызын жойған жоқ. Олардың алғашқысы - өлең жазу қағидаларымен толық таныс болмаса да табиғат берген үлкен талантының арқасында тамаша туындылар жаза алатындар, ал екінші тобына жататындар, табиғи дарыны болмаса да поэзия қағидаларын толық меңгеру арқылы өлең жазатындар, үшіншісі, осы екеуіне еліктеушілер деп бөлінеді. Ақындарды, көркем әдебиетпен шұғылданушыларды Фарабише топтастыру олардың өнерпаздық тұлғасын бағалау мен әдебиет тарихындағы орнын белгілеудегі зерттеулерге қажет екені айқын. Фарабидің ақындар туралы бұл көзқарасы қазақ әдебиеттану ғылымында Абайдың сыншылдық-эстетикалық, Шоқан мен А.Байтұрсыновтың ғылыми ойларында көрініс тапса, Е.Ысмайыловтың «Ақындар» монографиясында ғылыми тұрғыда тұжырымдалғаны белгілі.

Әл-Фарабидің қағидалары туралы ғылыми-зерттеушілік көзқарасы «Өлең кітабы» атты еңбегінде жалғасын тапты. Оны кейде «Поэзия өнері туралы» деп те атап жүр. Өз кезіндегі араб поэзиясына теориялық талдау жасау арқылы өлең құрылысын тексеруді мақсат тұтқан бұл трактатында өлең өнерінің ішкі заңдылықтарын ашып берген.

Әл-Фараби ең алдымен араб поэзиясында қалыптасқан негізгі ережелерді анықтау үшін олардың бәйіт

құрылысында кездесетін 11 түрлі ерекшелігін көрсетеді [3,383].

Әл-Фараби бәйітті шығарудағы талап етілетін осы ережелерді санамалап көрсете келе, өлең ырғағы мен ұйқасының әуенге сайма-сай үйлесімдікте болуына кеңінен тоқталады. Сонымен қатар, бұл ережелерді басқа халықтар поэзиясында қандай сипатта келетінін салыстырмалық талдаулар жасау арқылы тексереді. Атақты Гомер өлеңдерімен салыстыруы, «Иллиада», «Одиссеямен» таныс болғанын айғақтайды.

Трактатта өлең жазудағы ақындық шеберлік пен поэтикалық еліктеу, поэзияны ғылыми тұрғыда тексеру жолдары секілді мәселелер туралы да ой қортылады. Фарабидің көрсетуінше, еліктеу - ақынның ой өрісі үшін өте қажетті құбылыс, ақындық шеберлікті меңгерудегі белгілі бір стильге байланысты қалыптасатын тәсіл.

Ғалым Әл-Фараби «Мемлекет қайраткерлерінің афоризмдері», «Ғылымдардың шығуы», «Ғылымдарды классификациялау туралы» секілді трактаттарында поэзияның қоғамдық мәні мен орны, түрлері, поэтикалық табиғаты, силлогизмге қарым-қатынасы секілді өзекті мәселелерді ғылыми тұрғыда зерттеді. Бұларға қоса бізге жетпей жоғалып кеткен «Өлең ырғағы», «Ырғақ пен өлең туралы», «Өлең және ұйқас туралы сөз», «Поэзия өнерінің негіздері» сияқты трактаттары болғанын ескерсек, әл-Фарабидің әдеби-теориялық, ғылыми-зерттеушілік ой-пікірді қандай дәрежеге дейін ғылыми биіктеткені мен тереңдеткені айтпаса да түсінікті. Ғұлама ғалымның әдебиетке қатысты зерттеулерін ұлттық әдебиеттану ғылымының қайнар көзі, үлкен арнаға апарар бастауы деп санаймыз.

Әл Фараби өз еңбектері арқылы әдебиеттің өнер екенін танытты, адамзат қоғамындағы тәрбиелік, эстетикалық мәнін айқындады. Бұл - бір.

Екіншіден, әдебиетті теориялық тұрғыдан тану туралы ғылыми саласының негізін салушылардың бірі ретінде танылды. Әдеби-теориялық таным мен филологиялық білімдер жүйесінің қалыптасуы мен таралуына зор еңбек сіңірді. Аристотель «Поэтикасынан» бері келе жатқан теориялық ұғым-түсініктерді толықтыра таратты, ғылыми тұрғыда орнықтырды.

Үшіншіден, поэтикалық образдық және өлең сөздің көркемдік ерекшелігі туралы ұғымдарды қалыптастырды, ғылыми дәлелдеді.

Төртіншіден, өз дәуіріндегі поэзияны жанрлық түрлерге бөліп, ғылыми анықтамасын алғаш рет жазу арқылы зерттеушілік айналымға қосты. Бұл түркі халықтары әдебиетінің жанрлық дамуына өз әсерін тигізбей қалмады.

Бесіншіден, ежелгі дәуірдегі араб, парсы, грек поэзиясының тарихи арналары, өнер адамдарының өнерпаздық тұлғасы, жырлаған тақырыбы мен композициялық құрылысы, өлең сөздің теориясын, оның ішінде өлең өлшемі, шумақ, ырғақ, ұйқас, буын, бунақ, тармақ және әуезділігін ғылыми тұрғыда тексерді. Егер поэтика, риторика және өлеңтану саласындағы жұмыстармен батыс Европада XVI ғасырдағы И.Вида (Италия), Ю.Ц.Скалигер (Франция), Я.Понтан (Германия), т.б. бастап қана, Россияда XVII ғасырдан (Л.Зизаний, Макарий, М.Г.Смотрицкий, Фоефан Прокопович) ғана шұғылдана бастағанын ескерсек, Әл Фарабиді әдебиет теориясы пәнінің негізін салушылардың бірі деп бағалау керек. Ғұлама ғалымның «Музыканың ұлы кітабы» еңбегіндегі алғы сөзде жазған мына пікірі әлі күнге дейін өз маңызын жойған жоқ. «Чтобы стать хорошим теоретиком в какой бы то ни было науке, необходимы три условия:

Во-первых, хорошо знать все ее начала (принципы).

Во-вторых, умело делать необходимые выводы из этих начал и данных, относящихся к этой науке.

В-третьих, умело отвечать на ошибочные высказывания в данной науке, анализировать мнения, высказанные другими авторами, чтобы отличить истину от лжи и исправить их ошибки» [3, 73].

Алтыншыдан, әл-Фараби - тілші. Тіл білімі ғылымының өзекті мәселелері туралы еңбектері өз кезеңіндегі зерттеушілік ойға үлкен үлес болып қосылды.

Жетіншіден, әл-Фараби - сыншы. Өз дәуіріндегі әдеби процеске белсене араласты «ғылыми-әлеуметтік ой-пікірлерімен қатар, эстетикалық таным-біліктің қайнар көзін бұрынғыдан да кеңірек ашып, адамзаттық мәдениетке үлес болып қосылатын үлгілерді мол тастап кетті» [8, 20].

Сегізіншіден, әл-Фараби - өз дәуірінде «поэзия падишасы» атанған классик ақын. Оның шығармашылығы мен поэзия туралы трактаттары түркі тайпаларының көркемдік дамуына әсер етпей қалмады. Әрине, өлеңтану саласындағы ойлары түркі тайпалары поэзиясында практикалық тұрғыда толық жүзеге асты деп кесіп айту қиын. Кез келген елдің әдебиеті дамудың тарихи сабақтастығы принципін сақтай отырып, басқа халықтың әдебиетімен тығыз әдеби байланыста болатыны белгілі. Ендеше ертедегі түркі поэзиясында классикалық өлең өлшемдерін басшылыққа алып өлең жазуға деген талпыныс болмады дей алмаймыз. Әдеби-теориялық ой-пікір жетекшілік роль атқару арқылы өлеңтану саласындағы таным-білікті қалыптастырды. Сонымен қатар, араб, парсы поэзиясының әсері де болды. Түркі поэзиясы өлең құрылысы, тақырып, мазмұн т.б. жағынан ғана емес, жанрлық түрлермен де байыды. Бәйт, рубаят, қисса жазуға да еліктеушілер аз болмаған. Мысалға әл-Фарабиден бір ғасыр кейін өмір сүрген Ибн Сина

рубаяттар, қисса, дастан, әңгімелер жазған. Оның «Уржаза» шығармасы араб және парсы поэзиясындағы раджаз өлшемімен, яғни буындардың ұзын және қысқа болып келу ережесіндегі өлең түрімен жазылған. «Саламан және Ибсал», «Жүсіп туралы» қиссалары да бар. Ал атақты ибн Сина ертедегі араб әдебиетінің өкілі делініп танылмайды. Әл Фарабидің арабтарға қандай қарым-қатынасы болса, Ибн Синаның бізге де сондай қатысы бар екенін естен шығармаған абзал. Алтын Орда дәуірінің егжей-тегжейіне дейін зерттеген ғалым А.Ю.Якубовский бұл кезеңді тексерген басқа да ғалымдардың пікірлеріне сүйене отырып, былай дейді: «не было отдельной народности или племени, которое носило имя узбеков. В начале XVI века узбеки как народ не представляли собой еще прочного этнического единства» [9, 302]. Көне жазба жәдігерлік мұраны тексергенде бұл көп жағдайда назардан тыс қалып жүр. Егер тарихи шындық тұрғысынан қарасақ, «Дүниеде төрт-ақ ғалым болған. Атап айтқанда екеуі исламға дініне дейін - Аристотель мен Александр Афродезейский, екеуі исламда - Әбу Насыр әл Фараби мен Әбу Әли ибн Сина», - деген баға тегін айтылмаған.

Қорыта келгенде, Әбу Насыр әл Фараби түркі тайпаларынан шыққан тұңғыш филолог ғалым деген тұжырымға тоқталамыз. Сондықтан ұлттық әдебиеттану ғылымының түпкі төркіні ұлы ғалымның еңбектерінен бастау алып өркен жая бастады деуге толық негіз бар. Шығыстың өскелең өнері-мәдениетіне, ғылым мен тіл-әдебиетіне менсінбеушілікпен қарап, «мұсылман оқымыстылар әлемдік өркениетке ештеңе қоса алмады, олар ислам дінінің фанатизмінде қалды » деген европацентристік көзқарастың ықпалында көне тарихымызды жоққа шығара берудің заманы өтті. А.С.Пушкин бір сөзінде «араб оқымыстылары Батыс Еуропаға алгебра мен Аристотельді тарту етті, ал татар-

моңғолдар Россияға бүлдіріп-құрту, қырып-жоюдан басқа ештеңе әкелмеді» деп жазуы тегін емес. Сол араб оқымыстыларының көпшілігі түркі тайпаларынан шыққаны тарихи шындық. «Бағдат шаһарында мұсылман елдерінің көптеген әдебиетшілері мен ғалымдары болған, олардың басым көпшілігі Таяу Шығыс пен Орта Азиядан еді» деген академик В.В.Бартольдтің сөзінде үлкен ақиқат жатыр. Сол дәуірдегі ғылым тарихында «Әл Сығанақи», «Әл Түркістани», «Әл Қыпшақи», «Ибн Түрік» деген әдебиетшілер мен ғалымдардың есімдерінің кездесуі, ертедегі түркі тайпаларынан шыққан оқымыстылардың ғылым-білім, өнер мен әдебиеттің дамуына зор үлес қосқанын дәлелдейді.

- 
1. Бурабаев М.С. Философия искусства А.Н. аль Фараби. // Аль Фараби. Трактаты о музыке и поэзии. Алма-Ата, 1993.
  2. Смағұлов Ж. Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихы. Алматы, 1999.
  3. Аль фараби. Трактаты о музыке и поэзии. Алма-Ата, 1993.
  4. Хайруллаев М.М. Абу Наср Ал Фараби. Москва, 1982.
  5. Лосев А.Ф. История античной эстетики. Аристотель и поздняя классика. М. 1975.
  6. Ежелгі дәуір әдебиеті. Хрестоматия. Алматы, 1991.
  7. Келімбетов Н. Ежелгі дәуір әдебиеті. Алматы, 1991.
  8. Кәкішев Т. Қазақ әдебиеті сынының тарихы. Алматы, 1994.
  9. Якубовский А.Ю., Греков Б.Д. Золотая Орда и ее падение. М., 1950.

2011 ж.

## Ы.АЛТЫНСАРИН ЖӘНЕ ӘДЕБИ МҰРАНЫ ИГЕРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Қпзақ әдебиеттану ғылымында әдеби-мәдени мұраны зерттеудің алғашқы кезеңінде қазақ фольклорын игеру саласындағы жұмыстар тек жалпыламалық сипаттан аса алмай қалды десек, тарихи шындыққа қиянат жасаған болып шығатыны анық. Жалпыдан жалқыға қарай даму заңдылығына орай басқа ғылым саласы секілді әдебиеттану да әр халықта өзіндік ұлттық ерекшеліктермен қалыптасады. Сол жинау-жариялау, кітапқа басып шығару, мақалалар жазу секілді жалпы мәндегі жұмыстардан ғылыми тұрғыда жүйелеу, әдеби талдауға апаратын жолдар бастау алады. Оны біз халқымыздың ғұламалары саналатын Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев, Ә.Бөкейханов секілді ұлы тұлғаларының шығармашылық мұрасындағы ғылыми-зерттеу еңбектерінен көреміз. «XIX ғасырдың 60-80 жылдары ұлттық фольклористика жалпы филологиялық ғылымның өзінше саласы ретінде көріне бастады. Дәл осы кезден бастап қазақ фольклоры ғылыми мақсатта жиналып, академиялық немесе арнаулы жинақтар енді ғылыми тұрғыда зерттеле түсті. Жаңа қалыптаса бастаған қазақ фольклортану ғылымының көш басында халқымыздың ұлы перзенттері Ш.Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев болды», - деп, қазақ фольклортану ғылымының тарихын зерттеушілер бұл тұлғалардың еңбектерін монографиялық тұрғыда сөз етуі де сондықтан [1]. Бұлардың еңбектерінен әдеби мұраны игерудегі тарихилық әдісінің ұлттық ғылыми-зерттеушілік ой-пікірде анық көрініс тапқан екінші бағыты айқындалады. Себебі, тарихи-этнографиялық бағытқа қарағанда, бұл бағытта тарихи-мәдени мектептің талаптарына сай келетін тарихилық принципі айқын

көрініп, әдеби-теориялық, ғылыми-зерттеушілік ой-пікірді еуропалық деңгейде байқата алған тереңдік танылады.

Орыс әдебиеттану ғылымындағы тарихи-мәдени мектептің негізгі бағыты әдеби мұраны игеру арқылы қоғамды және халықтың өткен дәуірлердегі өмірін тарихилық принципіне орай зерттеу тұрғысынан келуі, Ыбырай, Шоқан, Абайлардың отаршылдық Россияның Европаға бұратана, надан деп таныстырып отырған өз халқының барлық кескін-келбетін тарихи шындыққа сай танытсам деген патриоттық арманы мен ағартушылық идеясына сай келді. Ғылыми-зерттеу еңбектерінде тарихи-этнографиялық сипаттың басым болуы да сондықтан болар. «Әрбір халықтың, - деп жазады Шоқан, - әдеби мұраларын зерттеудің этнография үшін керектігін ғалымдар әлдеқашан ескерткен. Өйткені халықтың тұрмысы, оның қылығы, оның дүниетануы мұнда ашығырақ сипатталған. Өздерінің мәдениет мұраларын ерекше сүю, ертегі, жыр байлығын мақтаныш ету, әсіресе Орта Азиядағы көшпелі елдердің айрықша қасиеті. Олардың аңыз-жырларын, қария сөздерін әрбір тайпаның басынан кешірген тарихы, соларды еске түсіру деуге болады: ондай аңыз әңгімелерді сәуегейдің сөзіндей есте сақтап, оны бірден-бірге жеткізіп отырушылар - әрбір ру ішіндегі қариялар. Олар оны заң жосыны ретінде, белгілі ақын-жыраулар тобының ұрпақты ұрпаққа жеткізіп отырған, ұзақ дастан түрінде сақтап келген. Бүгінде қолданбайтын, жырда кездесетін көне сөздер олардың тым ерте дәуірде шыққанын көрсетеді» [2].

Ыбырай, Шоқан, Абайлардың өткен дәуірден жеткен әдеби мұраға тарихилық принципі бойынша ерекше назар аударған мәселесі - қырғыз, қазақ т.б. халықтардың шыққан тегін анықтау, түрлі аңыз-әпсаналар мен тарихи өлеңдердегі тарихи оқиғалардың жырлануын анықтау үшін қазақ шежірелерімен, көршілес елдердің жылнамаларымен,

басқа да тарихи деректермен салыстыра отырып зерттеуі ғылыми-зерттеушілік ой-пікірде үлкен жаңалық болып табылады. Бұл айтып отырған фольклор және халық тарихы деген мәселеде тарихилық принципін басшылыққа алып жұмыс жүргізуді мақсат тұтқанын мына пікірі анық дәлелдейді. «Бұл халықтың, - дейді Шоқан қазақ халқы туралы - әуелгі шыққан тегін ғылыми тұрғыдан дәлдікпен анықтау мүмкін емес, солай бола тұрса да олардың аңыз-әңгімелеріндегі оқиғалар нақтылы ақиқаттығымен тандандырады, бірақ, аңыз - ғылым емес. Сол себептен де мынаны ескерген жөн, дала жыр-дастандары өзінің қарапайым, ұғымды шынайылығымен құнды. Сондықтан да халық тарихи оқиғалар, тегі қазаққа жақын Әбілғазы жазған «Түркі шежіресі» атты және сондай-ақ, әсіресе (Ждами ат-таварих) шежіредегі деректерден алшақтамайды». Шоқан секілді Ы. Алтынсарин де Қадырғали бидің «Джами ат тауарих» шежіресін тарихи аңыздардың жинағынан тұратын тарихи шығарма ретінде бағалай отыра, аңыз-жырлардың тарихи шындыққа қарым-қатынасын ашуда «Шейбанинаме», «Бабырнаме», «Тарихи-Рашиди», «Тазкирян ходжаган» секілді шежірелерді кеңінен пайданылған.

Сонымен қатар, Ы. Алтынсарин өз еңбектерінде тарихи мектептің тарихилық және халықтық принциптері бойынша аса бір көңіл аударған әдеби мұраның саласы - батырлық жырлар. Өзі көңіл аударған батырлық жырлардағы халық тарихындағы оқиғалардың суреттелуі мен шыққан уақытын анықтауға күш салды. Қорыта айтқанда, Ы. Алтынсариннің еңбектерінде тарихи-мәдени мектептің тарихилық принципі де айқын көрініс тапты. Сол арқылы әдеби мұраны зерттеу барысында ұлттық ғылыми-зерттеушілік ой-пікірде әдебиет тарихы деген ұғымды алғаш рет тудырды. Ол кеменгер ғалымның

тұлғасына орай жеке дара көрінгенімен, кейіннен жалғасын табар үлкен ізденістің басы еді.

Қазақ даласына жетекшілік бағытта ықпал жасай бастаған Еуропа және орыс мәдениеті мен әдебиеті, оқу-білім мен ғылым жаңалықтары ұлттық ғылыми-зерттеушілік, әдеби-теориялық ой-пікірдің жандана түсуіне шешуші роль атқарды. Ағартушылық идеясының күшейе түсуі, эстетикалық талап-талғам мен таным-біліктің өсе түсуі, алғашқы қазақ баспасөзінің пайда болуы, жазба әдебиеттің қалыптасуы әдеби мұраны жинау, жариялау, бастырып шығару жұмыстарына игі әсер етті. Бұлар келіп әдеби мұраны ғылыми тұрғыдан тану мәселесін күн тәртібіне қойды. Ол Ыбырай және Абай секілді қазақ халқының данышпан ұлдарының әдеби мұраға деген көзқарасында көрініс таппай қалмады.

Абай мен Ыбырай ауыз әдебиетін ғылыми тұрғыда арнайы зерттеген жоқ. Олардың көзқарасы фольклор мен поэзияның халықтық сипаты мен тарихи шындыққа қарама-қарсы тұрғысынан танылды. Тарихи-мәдени мектептің тарихилық принципі әдебиеттің ұлттық және халықтық сипатын ашуды басты мақсат тұтатыны белгілі. Ол тек зерттеушінің ғылыми еңбектерінде ғана көрінуі шарт емес. Орыс әдебиеттану ғылымын зерттеушілер А.Пушкин мен Н.Гогольдің әдебиеттегі ұлттық дүниетаным мен халықтығы мәселесіне қосқан үлесін ерекше көрсетеді. Бұл тұрғыдан алсақ, қазақ мәдениеті мен ғылымына қосқан үлесі зор, ғылыми-зерттеушілік ой-пікірді жаңа арнада дамытқан Ы.Алтынсариннің орны ерекше.

Ыбырайдың этнографиялық еңбектерінің бағалығы халықтың көне заманнан келе жатқан әдет-ғұрыптарын бүге-шігесіне дейін қамтып, кеңінен талдауында ғана емес, сонымен бірге кейбір құбылыстардың шығу төркіні мен әлеуметтік негіздерін ашып көрсетуінде еді. Ол «Қазақ хрестоматиясына» халық ауыз әдебиетінің әр түрлі

жанрларын енгізе отырып, тек жариялаушы емес, зерттеуші ретінде танылды. Себебі, фольклорды халықтың ғасырлар бойы жасаған рухани байлығының көзі деп қарағандықтан, жастарды халықтық рухта, халықтық педагогиканың талап-тілегіне сай тәрбиелеудің басты құралы ретінде пайдалануды мақсат тұтты. Оқу құралын құрастыру өте жауапкершілік міндет жүктейтінін, зерттеушілік тұрғыдан келу керек екенін Ы.Алтынсарин терең түсінген. Өзінің Н.И.Ильминскийге жазған бір хатында: «Сіздің тағы бір өтінішіңіз оқу құралын құрастыра алатын бір көмекші тауып бер дегеніңіз еді. Амал не, мен бұл жұмысқа лайық ешкімді атай алмай отырмын. Сіздің қолға алып отырған ісіңіз маңызды іс, мұның ең қиын жері - оқу құралын түзудің жоспарын жасау, сол жоспарға қарай материал таңдап алу ғой. Міне, мұның тап осы жағын, меніңше, жақсылап талқылау керек», - деп ғылыми тұрғыда келу керек екенін ескерте келіп, көмекшінің қазақ елін жақсы білетін адам болуы керектігін айтады [3].

Ғалым Т.Кәкішев хрестоматия құрастырып шығару үлкен міндет жүктейтінін, ол үшін автордың әрі педагог, әрі әдебиетші, әрі сыншы-ғалым болуы қажеттігін айта келіп: «Осы қасиет Ыбырайдың творчестволық тұлғасынан түгел табылады да, талап-талғамы әбден жетілген әдебиетші екенін танытты, әдебиеттану ғылымының алғашқы аңызына құнарлы дән екті... Өзінің төл шығармаларын, ауыз әдебиеті үлгілері мен аудармаларды белгілі бір жүйемен орналастыра білген Ыбырай сыншылдық ой мен оқымыстылықтан кенде емес. Міне, осы қасиеттер «Қазақ хрестоматиясын» әдебиеттану ғылымының сонау ХІХ ғасырдағы үлкен көрінісі етті», - деп ұлы ағартушының мұрасын зерттеушілердің назарынан тыс қалып келген мәселені ғылыми дәйектілікпен тұжырымдайды [4]. Біздің бұл пікірге қосарымыз, Ы.Алтынсарин «Қазақ

хрестоматиясы» арқылы әдебиеттің қоғамдық мәні туралы ғылыми ұғымды кеңейтті, оның эстетикалық-танымдық орны мен адам тәрбиелеудегі атқарар қызметін анықтап берді. Бұл сол ұлттық ғылыми-зерттеушілік ой-пікір үшін аз олжа емес еді.

Ы.Алтынсариннің ғылыми-зерттеушілік ой-пікірінде әдебиеттің тарихилығы принципі де тыс қалмаған. Н.Ильминскийге жазған бір хатында: «Қазір «Қазақ хрестоматиясының» екінші бөлімін құрастырып жатыр едім. Ал кітаптың осы бөлімінің тарих тарауына қазақ тарихынан да мақалалар берілуі керек еді, бірақ оған еш жерден материал таба алмай отырмын. Тіпті Левшин мен Вельяминов-Зерновтың шығармаларын да еш жерден таба алмадым. Сондықтан, қазақтар жайында тарихи материалдар Қазаннан табылмас пе екен», - деп жазады [3]. Амал не, бұл кітабының және басқа да қолжазбалары бізге жетпей жоғалып кетті. Алайда осы пікірінің өзі Ыбырайдың ғылыми-зерттеушілік көзқарасында әдебиетті тарихи тұрғыдан зерттеу әдісінің алғашқы белгілері орын тепкенін дәлелдейді.

Қорыта келгенде, Ы.Алтынсарин мұрасынан ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің сол кездегі өте өзекті саналған ағартушылық, педагогикалық идеялармен үндестік тауып, әдебиет туралы ұлттық ғылымның туу жолында жаңа арнада көрініс тапқанын байқаймыз. Ол өзінің педагогтық, ағартушылық тұлғасымен қоса, фольклорлық мұраны жинау-жариялау саласында филологиялық бағыттың ықпалында қалып қоймай, ғылыми-зерттеушілік ой-пікірге әдеби мұраның ұлттық, халықтық, тарихилық сипаты туралы ұғымдар енгізді.

Әдебиет туралы ғылымның туу жолындағы тарихи алғышарттар кезеңі классик ақын-жазушылардың шығармашалығымен тығыз байланыстылықта өтеді. Себебі, олар әдебиетке тың бағыт, жаңаша сипат әкелуіне

байланысты бұрынғы түсінікті өзгертеді, дамытады, соны ұғымдар қалыптастырады. Классиктер өз шығармашылығы арқылы жаңа ағым тудырып, әдебиетке тақырыптық, идеялық, мазмұндық, образдылық т.б. өзгерістер енгізіп, нақты айтсақ, реформа жасайды. Ал бұл ғылыми-зерттеушілік, әдеби-теориялық ой-пікірдің ғылыми тұрғыда күрделене түсуіне әсер етеді. Біз Ы.Алтынсарин шығармашылығының ұлттық әдебиеттану ғылымының тарихына қарым-қатынасын сөз еткенде осы тұрғыдан келуіміз керек. А.Пушкиннің «История народа принадлежит поэту» деген сөзіне сай қарасақ, Ыбырай мен Абай туралы жазу - XIX ғасырдағы қазақ халқының дүниетанымы, философиясы, мәдениеті, тілі, әдебиеті, тарихы, психологиясы, өнері туралы зерттеу деген сөз. Бұлардан ұлттық әдебиеттану ғылымы да тыс қалмақ емес. Орыс ғалымдары Пушкин мен Гогольдің әдебиеттану ғылымына қосқан үлесін айтқанда, ғылыми зерттеу еңбек жазған-жазбағанына байланысты қарамайды. Әдебиеттің қоғамдық мәні мен эстетикалық мұратын таныту үшін әдеби дамуға қандай үлес қосқандығы тұрғысынан қарастырады. Ол мәдени-тарихи мектептің зерттеу нысанасы бойынша алғанда, әдебиеттің ұлттық ерекшелігі мен халықтық сипатын таныту болып табылады. Ал бұл екеуі Ыбырай, Абай поэзиясының басты белгісі десек, артық айтқандық емес. Олардың поэзиясының ұлттық ерекшелігі мен халықтық сипаты туралы М.Әуезовтен бастап қазіргі кездегі зерттеушілерге дейін әр түрлі аспектіде тексергені мәлім. Орынсыз қайталауға бармас үшін, қарастырып отырған мәселеге сай қысқаша айта кетсек те жеткілікті деп ойлаймыз.

Ы.Алтынсарин шығармашылығы ақын-жыраулар поэзиясында нақты көрінген бастаған әдебиеттің ұлттық ерекшелігі мен халықтық сипатын сыншыл реализм аясында жаңаша үлгіде дамытты. Оларды бүкіл әлемдік

әдебиетке тән мән-мағынада таныта алды. Ескі мен жаңа, керітартпа мен озық секілді антитезалар аңғарында қарасақ, Ыбырай, Абай қазақтың жаңа жазба әдебиетінің негізін қалады. Сөз өнерінің қоғамдық мәнін жаңаша таныту үшін әрбір классик әдебиетке бұрынғыдан тың әдеби бағыт әкелетіні белгілі. Ұлттық әдебиеттің дамуында Ыбырай, Абайдан басталған ағартушылық-демократтық бағыттың орын тебуі соның дәлелі. Сонымен қоса олардың поэзиясынан бастап ұлттық характердің жасалуы мен әдебиеттің халық өміріне жақындауы айқын көрініс тапты. Бұл айтылғандар әдебиетті ғылыми тұрғыда тануға ұмтылған зерттеушілік ой-пікірдің де жаңа ізденістер жолында көрінуіне өз әсерін тигізуі анық еді.

Енді бір сөз мен Ы.Алтынсарин шығармашылығының сол кездің өзінде-ақ бағалана және зерттеле бастауы турасында. Ұлт әдебиетіндегі көрнекті тұлғаларды ғұмырнамалық бағытта зерттеуде «Дала уалаяты газетінде» жарияланған «Минақиб Ибраһим Алтынсарин» аталатын азасөз (№33, 1889) ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің әдебиет тарихы мәселелеріне шындап көңіл аударма бастағандығын байқатады [5]. «Оренбургский листок» газетінде басылған некрологтың (1888) аудармасы болғанымен, бұған дейін жоғарыда айтылғандай тек ғылыми бағалаушылық мәндегі ой-пікір білдіру мақсатында тек сөз арасында ғана айтумен шектелініп келген Ы.Алтынсарин өмірі мен шығармашылығын, педагогтық қызметін қазақ жұртшылығына алғаш рет жүйелі түрде таныстыра алуымен құнды болды. Ұлы педагогтың өмір жолы мен атқарған қызметтерін, мектеп ашудағы жанқиярлық еңбегінен хабардар ете келіп: «Алтынсарин орыстардың әр ғылым-білімдерін біліп, қазақтан бір мінезді, ақылды, данышпан, қазақ халқына һәм Россияға пайдалы бір қызметтегі адам еді. Жақсылығын айтқанда, Алтынсарин қазақ арасына әуел

Еуропаның білім-ғылымын шашқан һәм халықтың Россияға ықпалын ашқан бір артық жан болды», - деген пікірдің қазақ баспасөзінде жариялануы Ыбырай мұрасын ғылыми тұрғыда тану жолындағы зерттеу ісіне қозғау салмады деп айта алмаймыз. Минақиб орысша жазылып, алғаш орыс тілді баспасөз бетінде жарық көргенімен, оның авторы қазақ ұлтынан екені анық байқалады. Ол Ыбырайдың педагогикалық көзқарасының қалыптасуына В.Григорьев, Н.Ильминский, Л.Толстойлардың әсер етуі мен қазақ елін оқу-білімге, өнер-ғылымға үндеген ағартушылық қызметін бағалаған тұстарында айқын танылады. «Дала уалаятының газетін» шығарушылар оны аударып басуды өздеріне парыз санаған. Бұл минақибке Н.Ильминскийдің «Ы.Алтынсарин туралы естелік» атты кітабының қатысы жоқ. Ол кейін Қазанда 1891 жылы шыққан. «Акмолинские ведомости» газетінде «Ы.Алтынсарин - қазақ ауыз әдебиетін жинаушы және зерттеуші» (№33, 1889) деген мақала да жарияланған. Осы үш газетте де мақалалар бір номерде, яғни 1889 жылғы №33 санында жариялануында бір сыр бар. Негізінен қазақ оқығандарының арасында Ы.Алтынсарин тұлғасы кеңінен танымал болған. Оны «Қазақ хрестоматиясының» (1879), оның «Мақтубат» деген атпен шыққан нұсқасының (1899) және «Қазақтарға орыс тілін үйретудің бастауыш құралы» (1879), «Шарият әл-ислам» секілді оқулықтарының қазақ орыс мектептерінде үздіксіз пайдалануы толық дәлелдейді.

Ұлттық әдебиеттану ғылымының алғашқы бастаулары болып табылатын тарих алдындағы алғышарттарға толы XIX ғасырдың II жартысындағы ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің Шокан, Ыбырай, Абай сияқты кемеңгерлердің тұлғасы арқылы осындай ғылыми танымдық биіктіктерге қол соза бастағанын айтқан уақытта, алғашқы қазақ баспасөзінің сіңірген еңбегінің зор болғанын атап көрсету керек. Шын мәніне келгенде, олар ояна бастаған қоғамдық, саяси-әлеуметтік, педагогикалық - ағартушылық,

сыншылдық - эстетикалық ой-пікірдің орталығы болды. Оқу - білімге, мәдениет пен өнерге, ғылымға деген ұмтылысты күшейтті, әр түрлі дәрежеде білім алған қазақ оқығандары мен ел ішіндегі парасатты ақыл-ой иелерін ұлт мүддесі үшін қызмет жасауына бағыт берді. Жаңа туған жазба әдебиетті, Ыбырай, Абайдан басталған сыншыл реализмді, ағартушылық бағытты насихаттау арқылы әдебиеттің көркем өнер саласы ретіндегі қоғамдық мәнін өсіре түсті. Ұлттық сыншылдық - эстетикалық ой-пікірге кең өріс ашты. Қоғамдық әлеуметтік мәселелермен қатар, әдебиет және тіл туралы өзекті мәселелер көтере алған сыншылдық ой-пікір мәнді арна табуға ұмтылыс жасау барысында әдебиетті ғылыми тұрғыда тану проблемасын кейде нақты, кейде жанама түрде болса да айтып қалып отырды. Сонымен қатар, ғылыми тұрғыда жүйелі болмаса да мұраны жинап-жариялау жұмыстарына бүкіл халықтық сипат тудырды, көптеген әдеби нұсқаларды жариялады, олардың ғылыми зерттеле бастауына мұрындық болды. Сол себептен де Ы.Алтынсарин өз оқулықтары мен мақалаларында ұлттық әдебиеттануда әдеби мұраны пайдалану арқылы әдебиет тарихын оқыту мен дәуірге бөлу мәселесін алғашқылардың бірі болып көтерген ұлы тұлғаларымыздың бірі болып табылады.

- 
1. Смағұлов Ж. Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихы. – Алматы: Қазақ университеті, 1999. – 432 б.
  2. Валиханов Ч. Собр. соч. в V томах. – Алматы: Наука, 1985.
  3. Алтынсарин Ы. Таңдамалы. - Алматы: Ғылым, 1955. - 414 б.
  4. Кәкішев Т. Қазақ әдебиеті сынының тарихы. – Алматы: Санат, 1994. – 448 б.
  5. Дала уалаятының газеті. Әдеби нұсқалар. - Алматы: Ғылым, 1989. – 656 б.

## ҰЛЫЛЫР ҮНДЕСТІГІ

### (Ш.Құдайбердиевтің Л. Толстой шығармаларынан аудармалары туралы)

Қазақ аудармасының тарихына қарасак, орыс әдебиетінен аударма жасау дәстүрі ХІХ ғасырдың екінші жартысында күрделене бастаған. Бұл кезең орыс әдебиетінің прогресшіл және гуманистік бағыттағы шығармаларын аудару мезгілі болды. Осы игі жұмысты алғаш бастағандар Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаевтар екені белгілі. Олар орыс әдебиетінің бүкіл адамзаттық гуманизмді жырлаған қадір-қасиетін танып-білумен қатар, оны қазақ жұртшылығы арасында насихаттауға, орыс мәдениетінің ұрығын егуге бар күштерін жұмсады. Осы идеяны жүзеге асыруда Ы. Алтынсарин, А. Құнанбаев, Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, Ш.Құдайбердиев, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов және тағы басқа қазақтың біртуар зиялы қайраткерлерінің туған халқын мәдениеттендіру жолында қолданылған ең күшті құралы - аударма жұмысы болды.

Жалпы төңкеріске дейінгі аударма арқылы орыс ғұламалары мен әдебиетшілері қазақ тақырыбын орыс әдебиетіне әкелсе, қазақ оқымыстылары орыс әдебиетінің үлгілерін қазақ тіліне аударды. «Орыс тілінен қазақ тіліне аударылған шығармалардың демократиялық, прогрестік, ал кейбір шығармаларда революциялық демократиялық идеясы, интернационалдық сипаты, адамгершілікке, ізгілікке, бостандық пен теңдікке үндеген саяси бағыты біздің төл тума дүниелеріміздің де осындай бағыты дамуына күшті ықпал етті» [1, 31 б.].

XX ғасырдың бас кезінде тарих сахнасына шыққан қазақ ақын-жазушылары аударма арқылы өз жұртының

санасын оятып, орыстың күллі бай мәдениеті мен әдебиетіне, ғылымына кемелдендіруді арман етті. Ә.Бөкейханов бастаған қазақ зиялылары әдебиетті дамыту үшін орыстың ұлы классиктерінің шығармаларын аударып отырып, солардан үйренуді, үлгі алуды, сөйтіп, көркем сөзбен халқына қызмет етуді мақсат тұтты. Олардың аудармаларындағы қызмет ерекшелігі сол - аударманы тек аудару үшін ғана емес, өздерінің көкейтесті армандарын, бойын кернеп, жүрегін тулатқан сезімдерін орыс данышпандарының сөздерімен, солардың шеберлігін пайдалана отырып жеткізу үшін аударды. Әдебиеттің үлкен бір саласы болып табылатын көркем аудармаға кең жол ашылуына Ә.Бөкейхановтың жетекшілік орны ерекше зор болды.

Өз мақалаларында орыс ақын-жазушылар есімін ерекше ілтипатпен атап отырады. Л. Толстой шығармаларын әлем әдебиетінде орны бөлек шығарма деп санап, оны «Күн жоғалса да жоғалмайтын жазушы» деген. «Ұят-ай» атты мақаласында «Воскресенье» романы нағыз өмір шындығын бейнелейтінін аңғартып, «сот отчетін зерттеп алып жазған» дей келе, патша үкіметінің орыстың атақты жазушыларын, ойшылдарын абақтыға жауап, Сібірге айдап азап шектіргенін айта келіп, оны «азаттық үшін күрестің азабы мол» деген ойына дәлел қылады.

А. Бөкейхан өзі де аудармамен шұғылданған. Аудармалары төңкеріске дейінгі мерзімді басылып беттерінде жарияланған. Ә.Сатыбалдиев «Рухани қазына» атты монографиясында «Дала уалаяты» газетінде басылған шығармалардың ең күрделісі – Л.Н.Толстойдың «Суратская кафейная» дейтін ұзақ әңгімесі. Бұл әңгіме газеттің 1900 жылғы 10, 11 сандарында екі тілде қатар басылды», - деп жазады [2, 17 б.]. Л.Н.Толстойдан аударған «Жұмыртқадай бидай» «Қазақ» газетінде 1915 жылы №139 санында жарияланған. «Сурат кофеханасы»,

«Кавказ тұтқыны», «Жеті қарақшы» шығармалары (Москва, 1925 жыл), «Қажымұрат» (Москва, 1924) жеке кітап болып басылып шықты. Ол сол кездегі ұлт зиялыларының аударма ісімен шұғылдануына бастама жасап ғана қоймай, кейбіреулерін арнайы тапсырма беріп аударттырып отырды. Олардың ішіндегі ең атақтысы - Шакарим Кудайбердиев

А.Букейханов Шакарим Кудайбердиевтің Л.Толстойды білуі туралы былай деп жазады: «В глубокой степи, за 700 верст от Сибирской ж.д., сидя в гостеприимной юрте богатого казаха, я рассказывал собравшимся старикам и молодежи о русских писателях и, в частности, о Л.Н.Толстом. Хозяин дома, богатый влиятельный казах, выслушав меня, улыбнулся, попросил жену достать его шкатулку, где он держал свой архив и вынув оттуда бумагу, передал мне. С нее я и снял вышеприведенную копию. Оказалось, что казахи все знали ее содержание и, не желая обидеть подозрением мой рассказ, они высказали мнение, что они, т.е. русские писатели, вероятно не русские, особенно Л.Н.Толстой. Все они должны быть мусульмане, иначе и быть не может. «Кто знает, они может быть, казахи», заметил один старик» [3, 74 б.]. Осындағы Л.Толстой мен басқа да орыс ақын-жазушыларын жақсы білген ауыл был аул великого поэта казахского народа Абая Кунанбаева. А богатый влиятельный казах – известный классик казахской литературы поэт Шакарим Кудайбердиев.

Ұлы Абай: «Ғылымды іздеп, дүниені көздеп, - екі жаққа үңілдім» - деген. Абай мектебінен тағылым алған, Абай жолын жалғастырған Шәкәрім де екі жаққа бірдей назар салады, әлемдік сөз өнерін танып білуге, оның бар жақсысын бойға сіңіруге, ел игілігіне айналдыруға күш салады. Тіпті «шығысым батыс болып кетті» деген ақын аға ізімен, өмірінің екінші жартысында еуропа әдебиетіне,

оның ішінде әсіресе орыс әдебиетіне ерекше ден қояды. Тек көркемдік танымда ғана емес, қоғамдық танымда да, өмірдің, тіршіліктің барлық саласында орыс білімпаздарының жолын ұстанады. Қасиетті синод Лев Толстойды дінсіз деп жариялаған күндерде айтылған: «Танбаймын, шәкіртімін Толстойдың!» - деген сөз тек әдебиетке ғана қатысты емес. «Толстой кәпір емес, кәпір өзің », «Ақиқат сырымды айтсам, Толстойдың, - Мың сопыны алмаймын тырнағына» - исламшыл діндарларға ғана емес, кертартпа дін атаулының өкілдеріне арналған сөз; дін түнегін ғана емес, аққа қарсы, әдліетке, ерікті ойға қарсы реакцияшыл көзқарасты, зорлық, зомбылық атаулыны айыптайтын азаматтық ұран. Осы тұста Шәкәрімнің Толстойды пір тұтып, оған үш сұрақ қойып хат жазғаны жайында Қайым Мұхаметхановтың мақаласында айтылған ойларға оқырман қауымның «Шәкәрімнің Толстойға сұрақ қоюы көңілге қонымсыз, себебі Толстой қазақ ақынынан қаншама уақыт бұрын өмір сүрген» деген сияқты сауалдар қойып, Қ.Мұхаметхановтың ол сауалдарға жауап бергенін білеміз. Бұл жерде Шәкәрім Толстойға хат арқылы сұрақ қоймаған, төменде сөзіміз дәлелді болу үшін, Қ.Мұхаметхановтың мақаласынан үзінділер келтірейік: «Он состоял в переписке с Львом Толстым. Об одном из своих писем к Толстому и полученном ответе Шакарим говорит: Толстому я задал в своем письме три вопроса. Он дал на них исчерпывающие и очень точные ответы. Его ответы меня особенно взволновали. Я их запомнил, как глубоко содержательные уроки, и навсегда сохранил в памяти. Смысл первого вопроса заключался в том, что я составил перечень всех, в моем понимании, отрицательных черт человека и попросил назвать самую худшую, по его мнению, которая может глубоко ранить честь и совесть человека. Толстой на это ответил следующим образом:

«Все перечисленные вами черты характера способны взбудоражить человеческую совесть. По-моему, есть одно состояние, которое может особенно сильно задеть честь человека. Если человека, осознавая то, что может принести вред окружающим лицам, обществу в целом, не может высказаться открыто, остерегаясь трех вещей. Во-первых, если ты очень богат и боишься навредить своему богатству. Во-вторых, если ты должностное лицо и, отстаивая справедливость, можешь лишиться должности. В-третьих, если ты, из-за высказанной правды, будешь привлечен к ответственности.

Второй мой вопрос: я намеревался приступить к созданию крупных произведений и просил его совета. Толстой мне написал так: «Будь то произведение со множеством действующих лиц, будь то короткий рассказ, прежде всего писатель должен настолько проникнуться описываемыми событиями и действиями, словно сам он в них участвовал. Надо основательно знать причины и следствия этих событий, связь действий с общественным развитием. Ход описываемых событий должен быть очевиден для писателя, как в зеркале, и глубоко прочувствован. В противном случае, художественное произведение убедительным и интересным не получится. Писатель не должен забывать пословицу: «Шуба, скроенная по тени человека, не будет ладной».

Третий вопрос. Пистели, в том числе и я, не могут критически оценить достоинство и недостатки своих произведений. Каким образом можно выявить недостатки своего произведения, чтобы в дальнейшем исправить их?

На мой третий вопрос Толстой дал такой ответ: «Одним из особых свойства писателя является умение увидеть недостатки своих произведений и исправить их. Это присуще не каждому.

Осы сұрақтарға Шәкәрім Толстой шығармашылығынан жауап іздеп табуға тырысады. Толстой әлемдік философтар Экклесиаста мен Шопенгауэрдің ойлауынан ақиқат пен өмірдің мәнін түсіну жөнінде адамдарды төрт топқа бөліп қарайды. Осы топтарды Шәкәрім де өзінің шығармалары мен тәржімаларында суреттеуге тырысады. Мысалы, Асархидон патша, Том ағай бейнелері.

Бір сөзбен айтқанда Толстой мен Шәкәрім шығармашылықтарының философиялық үндестігі де осында жатқан жоқ емес пе. Мәселен, Толстой өзінің «Смысл жизни» атты философиялық шығармасында «Каждое существо имеет органы, указывающие ему на место в мире. Для человека этот орган есть разум.

Если разум не указывает тебе твоего места в мире и твоего назначения, то знай, что виновато в этом не дурное устройство мира, не твой разум, а ложное направление, которое ты дал ему», деп ақыл адамның қоғамдағы орнын белгілемейтінін, бұған кінәлі қоғамның құрылысы емес, өзінің ақылға берген жалған бағытың екенін біл дейді. Міне, Шәкәрімнің қоғамға, адамға деген философиялық көзқарасы осындай болған да, ол жоғарыда айтып өткен өз сауалдарына Толстой шығармаларынан жауап табуға тырысқан.

Толстой сияқты «нұр жарықты» перзенттер бар халыққа ортақ, бүкіл адамзат ұстазы деген пікір түйеді Шәкәрім. Лев Толстойдың Шәкәрім болмысындағы өзгеше жарық сәулесі ақынның адамдық тұлғасы мен ағартушылық қызметінен, ойшылдық кейпі мен қаламгерлік қарымынан – бүкіл өмір жолы, өнердегі мұратынан айқын танылады. Міне, сондай сәттерде сонау алыстағы аймақта, бүкіл шығыста десек те артық емес, алғашқы болып, Шәкәрім мынадай өлең жазды:

Танбаймын, шәкіртімін Толстойдың,  
Алдампаз, арам сопы кәпір қойдың.

Жанымен сүйді әділет, ардың жолын,  
Сондықтан ол иесі терең ойдың.  
Көнбеймін дінді теріс бұрғанына,  
Сопының бара қойман құрбанына.  
Ақиқат сырымды айтсам, Толстойдың,  
Мың сопыны алмаймын тырнағына.  
Адаспайсың ақылды, арлыға ерсең,  
Жолай көрме жылмайы сопы көрсең.  
Тапқыр, адал, ақ ниет адамдардың

Алданбайсың артынан ере берсең, - деп жырлайды да, жазушыны қудалаған дін иелеріне қарсы ыза, ашуын білдіреді.

Міне, осы жерде айта кететін бір жай, қазақ жұртшылығы ішінде Толстойды өз шығармасына арқау ете отырып, оны өзіне ұстаз тұтқан алғашқылардың бірі қазақ ақыны Шәкәрім екенін айта кеткен жөн. Шәкәрімнің Толстойдың Орта Азия мен Қазақстан жұртшылығы арасынан шыққан алғашқы оқырманы және оны өз қандастарына танытушы, оған өз туындысын арнаушы болды. Шәкәрім түпнұсқадан алшақ кетпей, ұлттық сипатқа, ұлттық ұғымға сай еркін аударған.

Абай мен Шәкәрімнің аудармалары жөнінде А.Исмакова: «Иное предпочтение обнаруживается в казахских переводах. Не случайно обращение Абая к переводу реалистического романа А.С.Пушкина «Евгений Онегин», Ш.Кудайбердиева к «Дубровскому», рассказам Л.Н.Толстого. При этом мы знаем также, что сюжеты романов Дюма еще во времена детства Абая рассказывались степными «әңгімеші», как необыкновенные «әңгіме» о дальних странах. Этих имен достаточно, чтобы понять и определить другой настрой казахской литературы», – деп ой тұжырымдайды [4, 134 б.].

Ш.Кудайбердиев Л.Н.Толстойдың үш шығармасы мен Қытай елінің өмірінен алынған үш шығарманы 1924 жылы аударып «Алты әңгіме» топтамасына енгізеді. Бұл шығармаларды да аударып отырып, Шәкәрім, өзінің ойларымен сабақтастығын, солардағы алуан түрлі ірілі-ұсақты сюжеттік арналар арқылы өзінің гуманистік, имандылық ойларын таратуды, оларды халқының санасына сіңіре түсуді ойлады.

Шәкәрімнің төл шығармасын алсақ та, аудармаларын алып қарайтын болсақ та, оның ағартушылық-гуманистік, демократияшыл көзқарастары мен таным бағыттарына сәйкестендірілмегендігіне анық көзіміз жетеді. Осы бағыт тұрғысындағы Шәкәрімнің өлеңдерінде, поэмаларында, тарихи, философиялық трактаттарында Шығыс пен Батыс елдерінің талай ойшылдарының, ғалымдарының, ақын-жазушыларының еңбектері мен шығармаларының аты аталып қана қоймайды, сонымен бірге мазмұн-мәні ашылып, кейде бірсыпыра пікір-ой жарыстырылып отырады. Бұл да Шәкәрім мұрасының айтарлықтай мәнді өзгешеліктерінің бір қыры.

Осының айғағы деп ақынның «Алты топтама» жинағына енген аудармаларын атай аламыз. «Алты топтамаға» енген алғашқы аудармасы Л.Н.Толстойдан жасалған «Асархидон - Лаэли» деп аталатын, қарасөзбен тәржімаланған туындысы. Бұл аудармалардың алдында Шәкәрім өз жанынан мынадай өлең жолдарын берген:

Алты әңгіме оқуға жайың бар ма?  
Ұсындым жаңа өспірім ғалымдарға.  
Әншейін бос сөз демей ғибрат ал,  
Ой жібер ішкі сырын пайымдарға.  
Орыс, қазақ – адамның бәрі бірдей,  
Ешкімді алалама оны білмей.  
Кем-кетікке болысу – ар міндеті,  
Халқыңа пайда тигіз босқа жүрмей.

Бұл өлең жолдарында ақын өз отандастарына бос жүрмей қолыңнан келсе адам баласына жақсылық жаса, мақтаншақ болма, ұлтқа бөлме, ертең бәрібір өлесің де қаласың, одан да тіршілікте жан баласына жақсылық жаса, аянба деген уағыз – ғибрат айтады.

Ақын бұл шығармасын Л.Н.Толстойдың 1903 жылы жарық көрген «Три сказки» атты жинағынан алып аударған. Қолжазбада автордың «1924 жылы июнь жұлдызында қазақ тіліне аударылған орыстың атақты жазушысы Лев Толстойдың «Асархидон-Лаэли» атты әңгімесі» деген ескертпесі бар. Шәкәрім өз аудармасында негізінен түпнұсқаның ауқым көлемінен ұзап кете қоймаған. Қала, жер аттары мен адам сипаттамалары, олардың өз ара диалогтары, ең ақыры жорық күндеріне дейін жолма-жол шебер аударылып, түпнұсқамен астасып, дәл түсіп отырады.

Біз қашанда Шәкәрімді асқан талант иесі, хас суреткер, тамаша ақын деп білеміз. Ал Л.Н.Толстой ертегісін аудару барысында Шәкәрім қара сөзге ден қойып, өз аудармасын түпнұсқаға сәйкес проза түрінде тәржімалаған. Қазақ аудармашысы орыс классигінің шығармасын аудару барысында түпнұсқамен бейне бір жарысып аударғандай, ондағы диалог, сөйлем құрылысын, сөз кестелерін сол қалпында беруге тырысқан.

Осы тұста орыс классигінің жоғарыда аталған ертегілері жөнінде бірер сөз айтуды жөн көрдік. Л.Н.Толстой «Три сказки» құрамына енген ертегілері жайлы, А.Б.Гольденвейзерге: «В ней заимствовано из 1001 ночи» только то, что он окунулся. Лица, выведенные там, исторические» деп көрсетіпті.

1904 жылы «Асархидон патша» ертегісі Л.Н.Толстойдың қайта қарап, ықшамдап өңдеуімен «Посредник» баспасынан жарық көрді, алайда қазақша аударма мәтініне қарағанда қазақ аудармашысы бұл

әңгімені 1903 жылы алғашқы нұсқасынан аударғаны байқалады.

Бұл туралы: «Мысль сказки» Царь Асархадон, - писал Толстой, - принадлежит не мне, а взято мною из сказки неизвестного автора, напечатанной в немецком журнале «Theosorhischer Wegweiser», в 5-м номере 1903 года под заглавием «Das bist du». Сказку «Ассирийский царь Асархадон», также как и две другие – «Три вопроса», «Трудь, смерть и болезнь» - Толстой писал одновременно с рассказом «После бала» для литературного сборника, который составлял Шолом-Алейхем. Результат работы не удовлетворял Толстого. 9 августа 1903 года он писал В.Г.Черткову: «Сказки плохи. Но надо было освободиться от них». Ту же оценку Толстой дал сказкам в Дневнике: «Только нынче кончил сказки. Недоволен».

Все три сказки впервые были опубликованы (в переводе на еврейский язык) в сборнике «Гилф». Лит. сборник Варшава, издательство «Тушия», 1903. На русском языке «Ассирийский царь Асархадон» появился в издательстве «Посредник» (Москва, 1903), - Л.Н.Толстой шығармаларының толық жинағында 14 томында көрсетілген. Л.Н.Толстой тілінің, стилінің өте қарапайымдылығы мен анықтығы туралы вьетнам халқының көрнекті қоғам қайраткері Хо Ши Мин: «Стиль Толстого был настолько прост, ясен и понятен, что он увлек меня», деп өзінің 1960 жылы шетел жазушылары жайындағы белгілі мақаласында көрсеткен еді.

Адамгершілік, адалдық, қанағат пен ынсап, ұждан жайында жазылған «Асархидон - Лаэли» ертегісін тәржімалау барысында Шәкәрім қажы жоғарыда айтып өткеніміздей, басқа аудармаларға қарағанда түпнұсқада берілген ойды төкпей-шашпай, тіпті дәл аударғанға ұқсайды [5, 204 б.].

«Асархидон - Лаэли» ертегісінің түпнұсқасы мен аудармасын салыстырар болсақ, «Ассирийский царь» ертегісінің түпнұсқасы былай басталады: «Ассирийский царь Асархидон завоевал царство царя Лаилиэ, разорил и сжег все города, жителей всех перегнал в свою землю, воинов перебил, самого же царя Лаилиэ посадил в клетку.

Лежа ночью на своей постели, царь Асархадон думал о том, как казнить Лаилиэ, когда вдруг услышал подле себя шорох и, открыв глаза, увидел старца с длинной седой бородой и кроткими глазами» дегенді, Шәкәрім нұсқасында: «Ескі заманда Асурия патшасы Асархидон Лаэлидің елін шауып, қалаларын өртеп, бастығы Лаэлидің өзін, тамам жақсы кісілерін ұстап, батырларын өлтіріп, Лаэлиді абақтыға жауып қойды. Асархидон қымбатты төсегінде жатып ертең Лаэлиді қандай қиын азаппен өлтіруін ойлап жатыр еді, бір дыбыс шыққан соң көзін ашса, қасында бір бурыл сақалды, өткір көзді, шалдау адам тұр екен» деп аударған. Енді осы екі үзіндіні мұқият салыстырар болсақ, қазақ ақынының жеткен жетістіктерін, аудармашылық шеберлігін, өз отандастарына түсінікті қарапайым тілде бергенін анық көруге болады. Тек қазақ ақынының бұл жердегі қалт кеткен тұсы, кейіпкерлер аттары мен жер атауының орыс тіліндегі айтылуы мен жазылуын яғни фонетикалық жағынан өзгерткіреген. Мысалы, орыс тіліндегі «Ассирия» қазақ тілінде «Асурия», «Асархадон» - «Асархидон», «Лаилиэ» - «Лаэли». Бұл аудармашының жіберген қателігі емес, қайта өз жерлестерінің мүмкіндігіне лайықтап беруі деп түсінген жөн. Сондай-ақ аудармашы түпнұсқаның сөйлеміне сөйлем бере аударғанын, тіпті тыныс белгілерінің өзіне аудару барысында аса көңіл аударғанын байқауға болады.

Бұдан кейінгі қарт пен Асархидон арасындағы диалогты да сол қалпында беруге тырысқан, тек бұл тұста еркіндеу кетіп, өз жанынан түпнұсқада жоқ бірер сөйлем

қосуын, онсыз да түсінікті деп сезініп, кейбір сөйлемдерді қысқартуын, онда да өз оқырмандарының жай-күйін ескергені деп білген дұрыс. Мәселен, тпнұсқада Асархидон қартқа өзінің Лаэли емес, патша екенін дәлелдеген тұсын: «Я вот лежу на мягком ложе, вокруг меня покорные мне рабы и рабыни, и завтра я буду так же, как сегодня, пировать с моими друзьями, а Лаилиэ, как птица, сидит в клетке и завтра будет с высунутым языком сидеть на колу и корчиться де тех пор, пока издохнет и тело его не будет разорвано псами» деген үзінді аудармасында: «Неге? Мен алтын төсегімде жатырмын. Лаэли абақтыда. Ертең мен оны қандай қинап өлтірген қызығыма қара!» деп – бұл жерде Шәкәрім абақтыда отырған адамның тор ішіндегі құстан еш айырмасы болмайтынын, жан қияр алдындағы адамның жай-күйін тәптіштеп, түсіндіріп жатуды артық санаған ба дейміз. Себебі, абақтыда отырған адамның халінің жақсы болмайтыны кімге болса да түсінікті. Осы жерде Шәкәрім түпнұсқа формасына аздап өзгеріс енгізіп, онда берілген диалогті «патша», «шал» деп, екі кейіпкер сөзінің алма-кезек кезектесіп отырғанын анықтап берген. Бұдан кейінгі эпизодтарды да қазақ аудармашысы асқасн шеберлікпен аударуға тырысқанының куәгері боламыз. Сөзімізді одан әрі дәлелді ету үшін тағы да мысалдар келтірейік. Мысалы, қарттың Асархидонның басын шылапшынға игізіп, оның үстінен су құятын тұста да Шәкәрім айтылар ойды нақты және дәл бергенімен, аудармаға еш нұқсан келтірмейтін, алдағы үзінділердегідей азды-көпті ауытқушылыққа барған. Толстойда Асархидонның Лаилиэ орнына түсіп, басына түскен қиыншылықтар мен ауыр азаптан эзер босап шыққанда әуелгі өз қалпына келуін, басын көтеріп қарағанда қарт қолындағы су құйылған ыдыстағы судың бәрі құйылмағанын көретін тұсында да аудармашы аздап еркіндікке барған. Бұл жерде орыс классигінің өз

оқырмандарына, қазақша айтқанда «біреуге ор қазба, өзін түсесің» деген ғибратты бергісі келгенін, соны қазақ ақының дұрыс түсініп, өз оқырмандарына дер кезінде беруге тырысқанын анық байқаймыз. Мысалы, өз ертегісінің соңында Толстой: «Понял ли теперь, - продолжает старец, - что Лаили это ты, и те воины, которых ты предал смерти – ты же. И не только воины, но и те звери, которых ты убивал на охоте и пожирал на своих пирах, были ты же. Ты думал, что жизнь только в тебе, но я сдернул с тебя покрывало обмана, и ты увидал, что, делая зло другим, ты делал его себе. Жизнь одна во всем, и ты проявляешь в себе только часть этой одной жизни. Жизнь мгновения и жизнь тысячи лет, и жизнь твоя и жизнь всех видимых и невидимых существ мира равны. Жизнь уничтожить и изменить нельзя, потому что она одна только и есть. Все остальное нам только кажется. Сказав это, страец исчез» деп аяқтап, өзінің туындысын оқитын көпшілік қауымға, «өмірге бір-ақ рет келеміз, аз уақыт ішінде ешкімге қиянат істеме, өзгеге істеген жаманшылығың айналып, өз басыңа келер» немесе «азғана ғұмырында жақсы өмір сүр» деген сияқты үндеу тастайтындай.

Міне, осыны дұрыс түсінген Шәкәрім түпнұсқаны аударуда, өз жанынан ештеңе қоспай, қысқартып тастамай сол қалпында аударуды мақсат тұтқан.

Түпнұсқаның соңы: «На другое утро царь Асархадон велел отпустить Лаилиэ и всех пленных и прекратил казни. На третий день он призвал сына своего Ашурбанипала и передал ему царство, а сам сначала удалился в пустыню, обдумывая то, что узнал. А потом он стал ходить в виде странника по городам и селам, пропекуя людям, что жизнь одна и что люди делают зло только себе, когда хотят делать зло другим существам» деп аяқталса, қазақ ақынының туындысы: «Асархадон түні

бойы ойланып, ұйықтамай теңертең Лаэлиді қалған жолдастарымен біржола босатып, достасып, сый беріп қайтарды да, Сарданипал деген баласына патшалығын беріп, өзі жаяу ел аралап жүріп: «адам басқа біреуге, тіпті, барша жан иесіне қылған жаманшылығы өз басына істегені болады екен, оны көзім көрді деп зарлап, ешкімге зұлымдық ете көрмендер» дейтуғын болды» деп аяқталады.

Әрине, бұл үзінді де дәлме-дәл, тура бастапқы қалпында аударылған дегенді айтудан аулақпыз, бірақ, қалай десек те, аудармада айтылар ой, ішкі сыр сол қалпында берілген. Бұл тұста айта кететін бір жай, жоғарыда айтылған адам есімдерінің фонетикалық өзгеріске ұшырауы, яғни «Ашубанипал» - «Сарданипал» болып өзгерген. Бұл да аудармашының өз туындысын арнаған оқырмандарының жағдайын ойлауы.

Сонымен, екі туындыны салыстыру барысында түйген, түйсінгеніміз, біріншіден, аударма еркін аудармаға қарағанда дәл аудармаға жуықтау; екіншіден, аудармашының азды-көпті еркіндікке баруы, оның кемшілігі емес, қайта өз туындысын оқушыларының ыңғайына бейімдеуі; үшіншіден, Шәкәрімнің қарасөзбен жазылған шығарманы сол формада беруі.

Шәкәрім Құдайбердіұлының «Алты топтамаға» енген Л.Н.Толстойдан жасаған екінші аудармасы – «Үш сауал» ертегісі. Бұл ертегіні Шәкәрім қажы алдыңғы «Асархидон Лаэли» ертегісіне қарағанда анағұрлым еркін және қара сөзбен аударған [5, 224 б.].

Бұл ертегінің де ұсынар идеясы алдыңғы ертегінің идеясына ұқсас. Қойылған үш сауалға әркімнің әртүрлі жауап беруі, соңында өмірдің әрқилы уақытында адамның өз іс-әрекетінің нәтижесінде, «Қай істі қандай уақытта істеген жақсы?», «Ең керекті кісі кім?», «Ең керекті іс не?» сауалдарына жауап табуы, аудармада: «Сондықтан ол

кездегі ең жақсы іс – жарасын байлаған болып, ең керекті кісі – осы жаралы болды. Және ең керекті уақыт – уақыт! Неге десен, бәріміздің де қолымыз бос, ерік өзімізде. Қазір ең керектісі – осы дұшпаның болды. Неге десен, мұның жазылар, жазылмасы әзір неғайбіл, егер жазылса, бұлдағы біреуге жақсылық қылғанды жанындай жақсы көрер еді. Ең керек іс – қазір осыған қылған жақсылығың, неге десен, адамның мойнындағы шын міндеті – біреуге жәрдем ету еді» дей келіп, мына бір шумақ өлеңді өз жанынан қосып, Шәкәрім аудармасын аяқтайды.

Адамшылық іздесең, бұл жолға түс,  
Алдау қылма біреуге қиянат – күш!  
Жетілсең де жемтік жеп, ел зарлатпа,  
Ар-ынсаптың сүйгені – таза жұмыс!

«Үш сауалдың» түйіні ретінде берілген осы бір шумақ қорытындыда Шәкәрім мен Толстойдың ойларын жалғастырып жатқан рухани-эстетикалық желілердің қай-қайсысы да жарқырап көрінеді.

Ал, «Алты топтамаға» енген «Криз патша» ертегісін Шәкәрімнің өзі Толстойдан аудардым дегенімен, алайда дәл осы аттас әңгімені орыс классигінің шығармалары арасынан кездестіре алмадық.

Шәкәрім бұл туындысын өлеңмен аударған. Тілі жатық, көркем. Бұл аударма да алдыңғы туындылар сияқты адамға ең қажетті байлық қара күш емес, әділдік пен адалдық, ойлы ақыл екендігін соңында түсінген Криз патшаның жай-күйі суреттеледі.

Аударма барысында өзінің сұлулығы мен байлығына мас болған Криз патшаның басында Салон сөзіне мән бермеуі, аяғында өз басына күн туып, баласы оққа ұшып, парсы ханы Кир шапқыншылығынан кейінгі мүшкіл хал үстінде Салон сөздерінің мән-мазмұнын түсініп, оны қайта шақыруы, осыдан барып, парсы ханының қолынан босатылуын жырлай келіп, қазақ ақыны

өз отандастарына мақтанудың еш жақсылық бермейтінін ұқтырғандай болады.

«Алты топтамаға» енген аудармаларының бәрі дерлік еркін баяндалған, өзіндік ерекшеліктері бар туындылар екенін көруге болады. Толстой мен Шәкәрімнің рухани үндестігі алғаш рет терең әрі жан-жақты сарапталып, ортақ белгілерімен ерекшелік, даралық сипаттары: «түзу адам» қалыптастыру, адамды түзеу, махаббатты жырлау, табиғатпен, үйлесім, гуманизм мен сыншылдық т.б. мәселелері деңгейінде айқындалады. Ақын Шәкәрімнің шығармашылығында Л.Толстой дәстүрінің ықпалы ең алдымен оның реализмінен, сыншыл әрі сыншыл сипатынан көрінді.

---

1. Қазақ әдебиетінің тарихы. Алматы: Ғылым. 3-том. 1 кітап, 1967.

2. Сатыбалдиев Ә. Рухани қазына. Алматы, 1987

3. Бөкейхан Ә. Таңдамалы. Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 1995

4. Исмакова А. Казахская художественная проза. Алматы: Ғылым, 1998.

5. Шәкәрім Құдайбердиев. Шығармалары. Алматы, Жазушы, 1988.

2012 ж

## Ә. БӨКЕЙХАННЫҢ ТӘРЖІМАШЫЛДЫҚ ШЕБЕРЛІГІ

Қазақ аудармасының тарихына қарасақ, көршілес отырғандықтан орыс әдебиетінен аударма жасау дәстүрі ХІХ ғасырдың екінші жартысында күрделене бастаған. Бұл кезең орыс әдебиетінің прогресшіл және гуманистік бағыттағы шығармаларын аудару мезгілі болды. Осы игі жұмысты алғаш бастағандар Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаевтар екені белгілі. Олар орыс әдебиетінің бүкіл адамзаттық гуманизмді жырлаған қадір-қасиетін танып-білумен қатар, оны қазақ жұртшылығы арасында насихаттауға, орыс мәдениетінің ұрығын егуге бар күштерін жұмсады. Осы идеяны жүзеге асыруда Ы. Алтынсарин, А. Құнанбаев, Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Жұмабаев, Ж. Аймауытов және тағы басқа қазақтың біртуар зиялы қайраткерлерінің туған халқын мәдениеттендіру жолында қолданылған ең күшті құралы - аударма жұмысы болды.

Жалпы төңкеріске дейінгі аударма орыс ғұламалары мен әдебиетшілері қазақ тақырыбын орыс әдебиетіне әкелсе, қазақ оқымыстылары орыс әдебиетінің үлгілерін қазақ тіліне аударды. «Орыс тілінен қазақ тіліне аударылған шығармалардың демократиялық, прогрестік, ал кейбір шығармаларда революциялық демократиялық идеясы, интернационалдық сипаты, адамгершілікке, ізгілікке, бостандық пен теңдікке үндеген саяси бағыты біздің төл тума дүниелеріміздің де осындай бағыты дамуына күшті ықпал етті» [1, 31 б.].

XX ғасырдың бас кезінде тарих сахнасына шыққан қазақ ақын-жазушылары аударма арқылы өз жұртының санасын оятып, орыстың күллі бай мәдениеті мен әдебиетіне, ғылымына кемелдендіруді арман етті.

Ә.Бөкейханов бастаған қазақ зиялылары әдебиетті дамыту үшін орыстың ұлы классиктерінің шығармаларын аударатырып, солардан үйренуді, үлгі алуды, сөйтіп, көркем сөзбен халқына қызмет етуді мақсат тұтты. Олардың аудармаларындағы қызмет ерекшелігі аударманы тек аудару үшін ғана емес, өздерінің көкейтесті армандарын бойын кернеп, жүрегін тулатқан сезімдерін орыс данышпандарының сөздерімен, солардың шеберлігін пайдалана отырып жеткізу үшін аударды. Әдебиеттің үлкен бір саласы болып табылатын көркем аудармаға кең жол ашылуына Ә.Бөкейхановтың жетекшілік орны ерекше зор болды. Ол сол кездегі ұлт зиялыларының аударма ісімен шұғылдануына бастама жасап ғана қоймай, кейбіреулерін арнайы тапсырма беріп аударттырып отырды. Оны XX ғасыр басындағы «Айқап» журналы мен «Қазақ» газетінде жарияланған аудармалардан нақты көруге болады.

Ғұлама ғалым Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейхан шығармашылық ғұмыры XIX ғасырдың 1890-шы жылдарынан басталып, шамамен ол репрессияға ұшыраған 1937 жылға дейінгі аралықты қамтиды. Әрине, 1920-30-жылдар Бөкейхановқа творчестволық еңбекпен айналысу үшін қолайлы кезең болмады, дегенмен бұл жылдары да ол өмірінің мазмұнына айналған үйреншікті ғылыми және әдеби тақырыптардан қол үзген жоқ.

Әлиханның кейінгі ұрпаққа қалдырған әдеби мұрасының бірі – аудармасы. Аудармаларының ішінде орыстың классик жазушылары Л.Н.Толстой, В.Г.Короленко, А.П.Чеховтан Д.М.Мамин-Сибиряк сияқты жазушылармен қатар, Европаның өркениетті елдерінің қаламгерлері Ги де Мопассан, Н.Маркестің әңгімелері, сондай-ақ үнді, түрік тектес Қырым халықтарының әдеби шығармалары және Антика дәуірінің әдеби туындылары ұшырасады. Әлихан Бөкейхановтың Абай салып кеткен

үлгіде еуропа және орыс әдебиеті жазушыларының шығармаларының аударудағы мақсаты - сол кездегі көптеген аудармашылар сияқты халықты өнер-білімге деген ынтасына қозғау салу, санасына әсер ету еді. Әлихан аудармалары төңкеріске дейінгі «Дала уалаяты газеті», «Қазақ» газеттері мен бірге төңкерістен кейінгі Кеңес дәуіріндегі «Темірқазық», «Жаңа мектеп», «Кедей туы», «Әйел теңдігі», «Еңбекші қазақ», «Ақ жол», «Жас қайрат», «Жас қазақ» және тағы басқа мерзімді басылып беттерінде жарияланып тұрған. Аудармаларының көлемі әр түрлі, оның ішінде қысқа-қысқа мысалдар, әңгімелер, көлемді повестер, романдар да ұшырасады. Мысалы, А.П.Чеховтың «Хамелеон», В.Г.Короленкодан «Баймақан», «Өзі», «От» әңгімелері мен Д.М.Мамин-Сибиряктың «Қара ханым», К.Фламморионның «Қанды жауын», Н.Маркестің «Қырым сөздері» секілді шығармаларының қазақ тілінде басылуы ұлттық әдебиеттің жанрлық тұрғыдан көркеюіне, рухани байлығының өсуіне, әдеби байланыстардың нығаюы жолында қосылған мол үлес болып табылады.

Әлихан Бөкейхан тек қана әдеби шығармаларды ғана емес, оқу-ағарту мен ғылым салаларын қамтитын тақырыптағы еңбектер мен мектеп оқулықтарын да аударған. Мысалы, Т.Тутковскийдің көлемі 102 беттей «Жердің қысқаша тарихы», К.Фламморионның «Астрономия. Әліп-биі», Д.Гровеннің «Дүниенің құрлысы» атты ғылыми еңбектерін де тәржімалаған.

Әлихан Бөкейхан көркем аудармаларының басым көпшілігі 1920-30 жылдары аралығында жасалған. Яғни, 1922 жылдан бастап 1927 жылға дейін КСРО халықтарының орталық баспасындағы қазақ секциясының әдеби қызметкері болып қызмет етіп жүрген кезде аудармамен көп айналысқаны байқалады. Оған дәлел ретінде аудармаларының жарыққа шығу мерзімін атасақ та

болады. Л.Н.Толстойдың «Қажымұраты» 1923 жылдың қыркүйегінде аударылып, келесі жылы басылған. «Кавказ тұтқыны», «Жеті қарақшы» – 1925 жылы, Короленкодан аударған аудармаларын да осы кезеңде жасаған.

Л.Н.Толстойдан аударғандары «Жұмыртқадай бидай» «Қазақ» газетінде 1915 жылы №139 санында жарияланған. «Сурат кофеханасы», «Серуен жасап зерттеу әдісі», «бір адамға қанша жер керек?», «Кавказ тұтқыны», «Жеті қарақшы» шығармалары (Москва, 1925 жыл), «Қажымұрат» (Москва, 1925) жеке кітап болып басылып шықты.

Ә. Сатыбалдиев «Рухани қазына» атты монографиясында «Дала уалаяты» газетінде басылған шығармалардың ең күрделісі – Л.Н.Толстойдың «Суратская кофейная» дейтін ұзақ әңгімесі. Бұл әңгіме газеттің 1900 жылғы 10, 11 сандарында екі тілде қатар басылды», - деп жазады [2, 17 б.]. «Сурат кофеханасы» - Толстойдың шығармаларының ішіндегі Әлихан Бөкейхан аударғандарының ішіндегі ең көлемдісі. Л.Н.Толстой бұл шығарманың өзін француз жазушысы Бернардин де Сен-Пьерден аударған болатын. Шығарма негізінен Толстойдың көптеген шығармалары сияқты дін тақырыбына жазылған. Ал Толстойдың мұрасын зерттеушілер осы әңгіменің мазмұнын ғана алып, еркін жазып шыққанын көрсетеді. «Аударма, қазақ тілі мен әдебиетінің сол кездегі дәрежесіне карағанда, бірқыдыру тәуір жасалған. Автордың стилі толық сақталғанмен, айтайын деген ойын қазақша түсінікті және жатық етіп, еркін жеткізді», - деді Әбен Сатыбалдиев. Бірақ зерттеуші бұл шығармаға аударма жасаған Әлихан Бөкейхан екендігін кеңес заманның Алаш арыстарына деген теріс көзқарасының әсерінен атап көрсетпеген.

Шығарма *«Сурат деген Индия қаласында кофейна бар еді. Бұл кофейнада талай жердің адамдары ұшырасып*

кеңес құрушы еді» деп басталады. Орысшасы: «*Была в индийском городе Сурате кафейная. И сходились туда из разных земель проезжие и иностранцы и часто беседовали*». «Бір күні мұнда Персия жұртының бір зұлама адамы келеді. Бұл адам өмір бойынша көп оқып, көп жазып, құдайды кім деп ізләр екен. Енді көп оқып, көп ойлаған себепті ақылы һәм мұнан кейін құдайға иланбады».

*«Зашел туда раз персидский ученый богослов. Он всю жизнь изучал сущность божества и читал, и писал о том книги. Долга думал, читал и писал о боге, зашел у него ум за разум, спуталась у него все в голове, и дошел он до того, что перестал верить в бога».*

Бұл келтірілген екі мысалдың әуелгісі, «иностранцы» деген мен «часто» деген екі сөздің қалып қойғаны болмаса, түпнұсқаға өте жақындатылып, сөзбе сөз мәні едәуір дәл түсінікті аударған. Ал, екіншісінің ең соңындағы күрделі сөйлемге келгенде Әлихан Бөкейхан сөйлемді өзінше құрады да, көп жерлерде ықшамдап, қысқартып, автордың айтпақ ойын дәл жеткізген және де төтелеп берген. Төтелеп беру әдісі сол кездегі аудармалардың көпшілігіне тән қасиет болған. Әдебиетіміз бен әдеби тіліміздің әлі кемеліне келіп болмаған кезінде аудармашылардың қай-қайсысы болса да түпнұсқаның стилінен гөрі шығарманың жалпы сарынын, сюжеттік желісін, оқиғаның даму жолдарын, осының төңірегінде автордың негізгі идеяларын жеткізу мақсатымен көбірек шұғылданған. Әлиханның аудармаларынан да осындай ерекшеліктерді байқау қиын емес. Әлекеңнің осы «Сурат кафеханасы» аудармасы жөнінде Ә.Сатыбалдиев біраз кемшіліктерін атап өткен: «Сөйлем еркін құралды, аудармашының кей жерінде орынсыз инверсияға ұшырағанын көреміз», - дейді [2, 18 б.]. Ә. Бөкейхан аударған осы шығарманың қазақша аудармасының кейінен тағы да бір нұсқасы табылды. Оның

баспасөз бетінде басылған-басылмағаны белгісіз. Тек қана аударма соңында мынадай сөздер бар: «Бұл сөз адам баласының бәріне ағайыншылық көзбен қараған русьтың ұлұғ философы Толстой сөзінен алынды. Ол Бернардин де Сан Пьер дегеннің сөзінен алған. Басқалар да Толстой көзімен қараса, осы күнгі Балқанда судай ағып төгіліп жатқан қанға орын болса еді». Осыған қарағанда, бұл аударма Балқан соғысының кезінде жасалған болуы керек. Ал, Балқан соғысының 1912-13 жылдары болғандығы тарихтан белгілі. Демек бұл - 1912-13 жылдардың туындысы. Қолжазба 21 бетке араб әріпімен жазылған. Аудармашының кім екендігі және аударманың қай жылы жасалғаны белгісіз.

Әлихан Бөкейханның Толстойдан аударған тағы да бір аудармасы - «Қажымұрат» повесі. Бұл повесть 1924 жылы Москва қаласында басылып шыққан. Жүсіпбек Аймауытов осы «Қажымұраттың» осы аудармасы туралы: «Қажымұрат - орыстың данышпан жазушысы Толстой шығарған роман. Аударушы – «Қыр баласы. Мәскеуде 1924-ші жылы басылған. Толстой - ақыл-ойдың ақындық кені. Адам баласына бақ іздеп, адамгершілігіне үндеген пайғамбар. Өмірін шындық көксеумен тауысқан. Тұрмыс жүзіндегі теңсіздік, бақытсыздық немесе түрлі жауыздықтың тамыры адам баласындағы атаққұмарлықта, өзімшілдікте деп білген. Адамдық сырын айнаға айқын түсірген 82 жыл өмір сүріп бір арба кітап жазған. Сондай данышпан Толстойдың сөзімен орысша білмеген қазақ баласы «Қажымұратты» оқудан бастап танысады», - деп жазады. Соған соң шығарманың мазмұнын баяндай келе аударма туралы: «Роман жалпы айтқанда жақсы аударылған. Сөзді ұғымды, жетелі қылу үшін қазақ сөздерінен тапқан кейбір салыстыру, мәтелдер, өлеңдер жақсы-ақ! Суретті, әдемі жерлері көп: «Мылтық ұстап лып етіп үзеңгіге аяғын салып сып етіп, атқа мініп алады», «Қызықты қияны

қырмызы қызылын біліп, қан жаудырған бүркіттей қоқиланып, жігерін, терең сырын сабырмен сипаттап: - мен жұрттың тілегін қабыл алдым» – деді Қажымұрат». Аударманың жақсы екенін осындай сөздерден байқауға болады. Орыс тілінде жазылған таулықтардың өлеңі де қазақшаға жатық аударылған. Хат білетін адам Қажымұратты оқып, ауыз дәмін алғандай», - деп қорытады [3, 136 б.].

Шынында да салыстырмалық тұрғыда қарасақ, аудармашы шығармадағы орыс тілінде берілген «түлдің сабағы дәл тарамыс», «ғашық тілі-тілсіз тіл», «алыс пен жақынды жортқан біледі», «Ыйығы Алатаудың иығындай», «көгендегі қозыдай», «қошқардың шүйдесіндей», «жатық маңдайы қары кеткен төскейдей», «айылын қатты тартқан буаз бие іштеніп, бойы нардай, жүрісі желдей, сұлулығы күсбегі пішкен томағадай», «асқа тіккен үйдей», «дауысы домбыраның босаған ішегіндей қалтырап» деген секілді сөздерді қазақи ұғымға жатық түрде бере білген. Немесе *«төрелердің ұрлығы сауысқанның аласындай, аласыз сауысқан жоқ, ұрлықсыз шенеунік жоқ», «Палуан жауырынды, жалпақ жаялы, жіп жіңішке, ұзын бойлы, қармаулы ұзын қолды, жас шыбықтай майысқан, мергендей етті, қожасы ұстайтын аттай ыңғайлы Жүсіпті көргенде, Қажымұрат сүйсініп, сусыны қанып қуанатын»* деген сияқты сөйлемдердің аударылуында еркін аударма жасауды мақсат тұтқаны байқалады [4, 136 б.]. Мұның бәрі аудармашы шеберлігін көрсететіні анық. Қазақ прозасының классигі Ж. Аймауытовтың осындай мақала жазуынан-ақ Әлихан Бөкейханның аудармаларының жоғарғы дәрежеде аударылғанын байқауға болады.

Повестің алғашқы бетіндегі бірінші абзацты оқып, қарайық: *«Я возвращался домой полями. Была самая середина лета. Луга убрали и только что собирались*

*косить рожь*». Осы сөйлемдер Әлихан аудармасында былай алынған екен. «*Жаз ортасы. Далада мен келе жаттым. Тілгенді шауып, жинап алып, енді қара бидайды қолға алып, ормақ болып жатқан уақ*». Мұнда аудармашы бір абзацтағы бірнеше жолды еркін отырып, жинақтай аударған. Кейбір жерлері былай қарағанда, аударма түпнұсқамен сөзбе-сөзге жуық дәл келеді. Бірақ онымен ұғымдық қисыны бұзылып тұрған жоқ. Әлихан Бөкейханов шығармаларды аударғанда жалпы көбінесе еркін түрде кетіп отырған. Әрине, мұның аты түпнұсқадан ауытқу емес, қайта оның ішкі сырын, шын рухын аша түсіп, оған бір табан жақындағандық болады. Автордың тек қана сөзін емес, сонымен бірге әрбір сөздің астарын, ішкі сырын ашып, ишарамен білдірген емеуірінін де дәл солай ишарамен жеткізу деп айтады.

Ә. Бөкейхан В.Г.Короленконың да біршама шығармаларын аударған. Соның ішінде «Макардың түсі» атты шығармасын аударғаны туралы Жүсіпбек Аймауытов өз мақаласында былай тоқталады: «Макардың түсін жазған Короленко орыстың ірі ақыны, біз оның ақындық жолымен жүре алмадық. Жазушылықтың жайын білмеген, әдебиеттің ішінен қарауы өтіп, сыртынан шыға алмайтын адамдар «Макардың түсінде» не мән бар? Керегі жоқ нәрсе ғой деп қарауы мүмкін. Олай, емес онда үлкен мән, пікір, идея бар. Аударма сөзбе-сөз деп айтуға болмайды, еркін істелген. Ұзын сөйлемдер, керексіз сөздер қысқартылған. «Қыр баласы» аударғанда пышақпен жонбайды, балтамен шабады» деп шұбатпайды, келтесінен қайырады. «Шолпан жаман ауыл емес: шіркеуі бар» деген сөздерді орнына қоймай кететін жерлері де бар [3, 138 б.].

Шығарманы аударғанда Әлекең Короленконың әрбір сөзіне қазақ тілінің қазынасынан лайықты сөз баламаларын тауып, мүмкіндігі болғанша әр қайсысының ұғымдық шектерін айыра түсу, ой желісін үзбеу әрекеті жасалған.

Аудармашы орыс әдебиеті өкілдерінің шығармаларын ғана аударып қоймай, олар туралы өз пікірін газет беттеріне де жариялап отырған. Солардан біреу мысал келтірейік: «Өткен 15-ші шілде орыс кітап жазушысы, мұны писатель дейді, Владимир Плодинтионович Короленко алпыс жасқа толды. Бұл Короленко Лев Николаевич Толстойдан соңғы орыс жұртының бетінің қызылы – ұяты. Жазған неше әдемі кітабынан бөлек алпыс жасында қылған ісі көп. Бұл Короленко сондай, мұның алдында жамандық қылуға хайуандардың да беті қызарды. Короленконы орыс жұртының «Совесті» дейді, қазақша ақ көңіл судьясы. Айына бір кітап болып шығатын «Русское богатство» журналы - Короленко журналы. Осы журналды орысша білетін қазақ алып оқыса. Короленконың таза жолын білер. Вятка губерниясында, ватияк деген аз жұрт бар, осы жұрттың 18 кісісін бір орыс мұжығын құрбан қылдың деп, сот каторожная работаға айдады, осы сот болғанда Короленко кез болып, билікті көріп отырып, сот адасты, мыналар нақақ айдалды деп, осы іске кірісіп, өзі адвокат болып, жұмысты екі мәртебе қайта қаратып, 18 кісіні каторожная роботадан алып қалды. Сотта отырғанда үйінен келген телеграмды, оқымай қалтаға салып қойып, адвокат сөзін сөйледі, 18 кісіні арашалады. Үйінде қызы ауру еді, телеграмм жамандық хабары болса, сөз бұзылады деп, телеграмды оқымағаны осы. Бұл телеграмм қызы өлді деп келген Короленконың қылып жүрген жұмысы бәрі осындай. Мұны орыс жұртының Сократы десе кінә емес. Короленкоге тамам жұрт, орыстың білімді адамдары құтты болсын айтып жатыр, енді алпыс тағы жасасаң саған аз емес деп, бұларға мұсылмандар да қосылып жатыр [4, 136 б.].

Ә.Н.Бөкейхан орыс жазушыларының шығармаларын көп оқып, көңіліне тоқыған. Әсіресе, А.С.Пушкин, М.Ю.Лермонтов, И.А.Крылов, А.П.Чехов, Д.М. Мамин-Сибиряк шығармаларын ерекше бағалаған. Өз

мақалаларында орыс ақын-жазушылар есімін ерекше ілттипатпен атап ғана қоймай, олардың шығармашылығымен қазақ жұртшылығын таныстыруды да мақсат тұтқан.

Толстой шығармаларын әлем әдебиетінде орны бөлек шығарма деп санап, оны «Күн жоғалса да жоғалмайтын жазушы» деген. «Ұят-ай» атты мақаласында «Воскресенье» романы нағыз өмір шындығын бейнелейтінін аңғартып, «сот отчетін зерттеп алып жазған» дей келе, патша үкіметінің орыстың атақты жазушыларын, ойшылдарын абақтыға жауап, Сібірге айдап азап шектіргенін айта келіп, оны «азаттық үшін күрестің азабы мол» деген ойына дәлел қылады.

Ә. Бөкейханов - ұлттық әдебиетте мысал жанрын өркендетуге ерекше үлес қосып, басқа елдер әдебиетінен мысалдар аударумен де мақсатты түрде шұғылданған да қаламгер. Бұл жанр бойынша көркемдік ізденістерінен туған туындылары 1925 жылы «Жетпіс жеті мысал» деген атпен жеке кітап болып Мәскеуде басылып шықты. Бұл жинақта Әлекеңнің аударған барлық мысалдары түгелдей басылған. Әлихан аударған мысалдарының жартысынан көбі Эзоп шығармашылығындағы мысалдардың сюжетіне негізделген. «Эзоп деген кім?» деген сұраққа С.Талжанов «Аударма және қазақ әдебиетінің мәселелері» деген еңбегінде: «Мысалдар сөз болғанда, біздің ойымызға ең әуелі Эзоп пен Лұқпан Хакім түседі. Бұларды грек елінде «Эзоп мысалдары» деп атаса, араб шығысында «Лұқпан Хакім мысалдары» деп атайды. Эзоп біздің жыл санауымыздан алты жүз жыл бұрын болыпты, ал Лұқман Хакім атынан айтылып жүрген араб әңгімелерінде ислам дінінің көзқарастары әсірленеді. Эзоп пен араб дінінің көзқарастары өте алшақ. «Ендеше бұл қалай? деген сұрақ туады. Бұл сұраққа Р.Әлиев былай деп жауап береді: «Лұқпан дүниеде мың жыл өмір сүрген адам, ол Бауырдың

ұлы, ал Бауыр Иовтың баласы екен. Дәуіт пайғамбардың заманына дейін атақты данышпан болып келген. Лұхпанның мысалдары да, өзі де Эзопқа ұқсайды. Екеуінің тағдыры да бірдей. Мысалы, Лұхпан да, Эзопта Мысырда құлдықта жүрген. Бұған қосымша Лұхпанның баласы Аннам, Эзоптың баласы Аккус». Оның үстіне «Есіктен кірмей, шығуыңды ойла» дейтін араб мақалы Лұхпан Хакім атынан айтылады. Мұны гректер Эзоп айтқан дейді. Осы ұқсастыққа қарап, шығыстың біраз ғалымы: «Лұхпан Хакім дінін өз ойына үйлестіріп, жасап шығарған ежелгі Эзоп болса керек» - деседі [5, 308-309 б.].

«Әлихан Бөкейхан өзінің тәржімаларын түпнұсқадан аударған. Эзоптан алынған деген сюжеттердің ішінде бізге Ахмет Байтұрсыновтың мысал өлеңдері арқылы белгілі болған «Қасқыр мен қозы», «Қасқыр мен тырна», «Шал мен ажал», «Ат пен есек» секілді мысалдар кездеседі. Ал, «Қарға мен түлкі», «Ағаш пен қамыс» мысалдарының сюжеті Ахмет Байтұрсыновта «Емен мен қамыс» деп аталса, Абай оны «Емен мен шілік» деген», - деп жазады академик З.Ахметов [6]. Бұл орайда, бір айта кететін мәселе, Абай мен Ахмет мысал өлеңдері Крыловтан аударған деген пікір қалыптасқан. Ал олардың сюжеті түбі Эзоптан және басқа бұрынғы нұсқалардан шыққаны, ертеден келе жатқаны ескеріле бермейді. Абайдың, әсіресе, Ахмет Байтұрсыновтың бірталай мысалдары өте еркін аударылған, қазақ өмір тұрмысына үйлестіре жанынан сөз қосарлап, өзгеше келтірген тұстары жиі кездесіп отырады, сондықтан оларды бірінгі таңда қалыптасқан еркін аударманың түріне жатқызамыз.

Сол кезде жалғыз Әлихан Бөкейхан емес, аудармашылардың бәрі де еркін түрде аударды. Әлихан аудармалары - әдеби байланыстар мен салыстырмалы әдебиеттану проблемасы тұрғысынан алғанда, әлі де үлкен зерттеулерді талап ететін сарқылмас қазына. Қазақ

аудармасының әрі-берідегі өткен жолы қандай да болсын қаламгердің шығармашылық ғұмырнамасына елеулі із қалдырғанына, жазушының көркемдік идеясына, өзіне тән қалыптасқан стиліне белгілі дәрежеде ықпал еткенін көруге болады. «Қазақ ұлт болып өркениетті ел қатарлы өмір сүруі үшін, ең алдымен, халықтың салт-санасын оятатын жағдай тудыру керек, қазақтың ұлттық тілін, әдебиетін өрістету керек. Өз әдебиетін қалыптастыруда табысқа жеткен халық қана азат өмір сүре алады», - деп түсінген Әлихан ұлттық әдебиетімізді өркендетуге жан-тәнімен еңбек етті [4, 438 б.].

---

1. Қазақ әдебиетінің тарихы. Алматы: Ғылым. 3-том. 1 кітап, 1967. 642 б.

2. Сатыбалдиев Ә. Рухани қазына. Алматы :Жазушы, 1987. 241 б.

3. Аймауытов Ж. Шығармалары. 4-том. Алматы:Жазушы, 2005. 265 б.

4. Бөкейхан Ә. Таңдамалы. Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 1995. 477 б.

5. Талжанов С. Аударма және қазақ әдебиетінің мәселелері. Алматы: Ғылым.1970. 250 б.

6. Ахметов З. «Алаш туын қолға алған» // Жұлдыз, 2003, № 3. Б.-189.

2012 ж.

## ТҮЛҒАЛАР ТОҒЫСЫ: МАҒЖАН ЖӘНЕ СӘБИТ

Қазан төңкерісіне дейін Мағжан ақынның шығармашылығы мен қаламгерлік шеберлігі турасында сыншылдық тұрғысында нақты бағалаушылық пікір айтыла қоймағаны мәлім. Рас, 1912 жылы жарық көрген «Шолпан» жинағы әдеби ортада ұлт әдебиетіне талантты ақын келгенін дәлелдеп берді. Бірақ, сол кездегі әдеби сынның әлі де толық қалыптасып үлгермегенінің салдарынан, баспасөзде арнайы мақала жазылған жоқ. Тек Алаш Арыстарының әдебиет туралы көсемсөздерінде жақсы пікірде аты аталғаны болмаса, нақты әдеби талдау жасалған емес.

Тарихи шындық тұрғысынан келсек, Мағжан шығармашылығы туралы қайшылығы мол әдеби айтыс 1920 жылдары басталды. 1924 жылы қарашада Мәскеудегі Күншығыс еңбекшілдерінің коммунистік университетіндегі қазақ жастарының «Жерлестік» ұйымының жиналысы болды. Жиналыста рабфакта және басқа оқу орындарда оқитын жастар да болды. Қараған мәселесі 1923 жылы Ташкентте басылып шыққан Мағжан өлеңдері еді. Бұл туралы Нәзір Төрекұлұлы баяндама жасады. Онда басты айыптаушы Сәбит Мұқанов болды да, қорғаушылық міндетін Жәкен Сәрсембин атқарған. Айыптаушының екі сағаттық айыптау-баяндамасын тыңдап болған соң, қатысып отырғандар айғайлап, қорғаушыны сөйлетпей қойған.

Нәзір баяндамасы туралы өздерінің пікірін айтып, 20 шақты жастар сөз сөйледі. Олардың көбі Нәзір баяндамасын қуаттап сөйлеп, толықтырды. Мағжанның «соқыр ұлтшылдық, құрғақ қиялшылық, жоққа табынатындық» сықылды зиянды пікірлері туралы өлеңдерінен дәлел келтіреді. Сөйлеушілердің ішінде

Нәзір баяндамасына қиғаш келген, Мағжан өлеңдерін дұрыс бағалаған Бейсенбай Кенжебаев пен Сәрсенбіұлы Жәкен болды. Олар «Мағжанның өлеңін тексеріп, сын беретін болсақ, көбінесе әдебиет жағынан сынауымыз керек. Қай ақын болса да, өзінің заманымен ақын, Абай өз заманының ақыны болды, қазақтың азып-тоза бастағанын көріп, қамықты, күйінді. Пушкин бай баласы болды. Көбіне байлардың тұрмысын жырлады. Ол да өз заманының ақыны еді. Байрон өлеңінің көбінде феодализмді жоқтады. Біз Маркс жолымен сынасақ, Мағжанды да өз заманы ақын қылып, заманының ыңғайымен кетіп отыр деуіміз керек. Мағжанды мінегенде тегіс міней алмаймыз, мінейтін жерін мінеу керек. Рас, оның түпкі идеясы коммунистке қосылмайды, бірақ пайдалысын пайдаланып, пайдасызын алып тастауымыз керек» деді. Осында Жәкеннің сөзі недәуір талас тудырды. Бірсыпыралары Жәкен пікірлеріне қарсы шықты. Қорытынды сөзінде баяндамашы Нәзір Жәкен сөзінің қате екенін көрсетті. Осылайша баяндама тексеріліп, талқыға салынғаннан кейін, Мағжан өлеңдері туралы сот мынадай үш тармақты қаулы алды:

1. М.Жұмабаев қазақ халқының, онымен қатар, қазақ халқына қамқор боп отырған Совет үкіметінің қас жауы деп танылсын.

2. Оның барлық шығармалары оқылудан алыну өкіметтен сұралсын.

3. Бұдан былай бүкіл советтік баспасөздің бетінен М. Жұмабаевтардың шығармаларына орын берілмесін.

Міне, осыдан бастап Мағжанды «ұлтшыл», «алашордашыл» ретінде әшкерелеу ұйымдасқандық сипат ала бастады. Большевиктік позициядағы тапшыл баспасөз орындарында Мағжанды идеологиялық тұрғыдан «әшкерелеуді» мақсат тұтқан мақалалар жариялана бастады. Мысалы, Н.Төреқұловтың «Байдың

толғағы», М. Дәулетбайұлының «Мағжан жыры-хандар жыры», С. Мұқановтың «Оқығандар кім еді?», «Қара тақтаға жазылып жүрмеңдер, шешендер», Ғ.Тоғжанұлы, С. Сапарбекұлы, К. Шекенұлы, Ө. Тұрманжанұлының «Ешкімнің қол шокпары бола алмаймыз» деген секілді мақалалары жарияланды. Оларға тоқталу, бәрін тізбелеу жату артық және партиялық тапсырмамен арнайы ұйымдастырылғаны анық. Сондықтан кеңестік идеологияның солақай тапшылдығымен жазылғандықтан бүгінде тарих қоқысында қалды. Бір сыншысына: «Тарихта сен қалмайсың, мен қаламын, қу ақсақ» деп Мағжанның өзі айтқандай, қазіргі ұрпақ оларға өз бағасын беріп жатыр.

Мағжанды саяси астары мол жаладан ақтап алуға алғаш үн қосқан С.Садуақасовтың «Киргизская литература» (историко-критический очерк) деп аталатын мақаласындағы «М.Жұмабайұлы – өзіндік бағыты бар лирик, ойының пәктігі, өлеңнің көркемдік деңгейі жағынан өзіне дейінгілерден оза туған ақын» деген секілді бағалаулары бүгінгі таңдағы тұжырымдардан алшақ жатқан жоқ [1, 17].

М.Жұмабаев поэзиясы туралы айтыла бастаған әр қилы бағаларға қарсы Ж.Аймауытовтың 1925 жылы жазған «Мағжанның ақындығы туралы» атты көлемді мақаласының маңызы ерекше. Бұл сол кездегі әдеби сында классикалық болуымен қатар, автордың білімді, білікті әдебиетші болғанын анық танытады. Ж.Аймауытовтың мақаласына қарсы сол кездің білгір сыншысы атанған Ғ.Тоғжановтың «Мағжанның ақындығы, Жүсіпбектің сыны», «Көркем әдебиет туралы маркшілер не дейді, Жүсіпбек не дейді?» атты жауап мақалалары жарияланады. Осы екі автор да М.Жұмабаев шығармашылығына сол кездегі дәуір талабына сай маркстік-лениндік методология тұрғысында талдау

жасауға талпынғандарымен, қорытынды пікір білдіруге келгенде алшақ кеткен. Ж.Аймауытов Мағжан поэзиясына заман, дәуір өзгерістерінің әсерін тап басып, объективтік баға беруге ұмтылса, Ғ.Тоғжанов пікірлерінен «тұрпайы социологизмнің» сол кездегі буржуазияшыл-ұлтшылдарға қарсы идеологиялық күреспен қалай ұштасып жатқаны сезіледі. Ж.Аймауытов Мағжанды «үстем тап ақыны» демейді, «заман туғызған көшпелі дәуірдің ақыны, ескіні жырлаған, жаңаны әлі мойындап болмаған ақын... Мағжан терең күйдің ақыны емес, нәзік сезімнің, тәтті қиялдың ақыны, ол кедейдің ақыны емес, ұлт ақыны» деп бағалайды. Ал Ғ.Тоғжанов бұл пікірдегі «ескіні жырлаған, кедейдің ақыны еместі» тілге тиек етіп «күні өткен таптың ақыны, ұлтшыл ақын» деген сыңаржақ тұрпайы социологизмге сүйенген пікір айтып «буржуазияшыл-ұлтшыл ақын Мағжан поэзиясының идеялық-көркемдік ерекшелігіне назар аударып, ескішіл ақынның жат идеясын әшкерелейді».

1920-30 жылдары М.Жұмабаев шығармашылығы әдеби сында осындай сипатта бағаланып жатқан болса, монографиялық дәрежеде зерттеуге алғаш түрен салған алғашқы еңбек С.Мұқановтың 1932 жылы шыққан «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті» атты кітабы болды. Қазақ әдебиеттану ғылымында бұл оқулық XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетін, С.Мұқанов шығармашылығын тексерген ғылыми-зерттеулерде әр түрлі баға алып келді. Ортамызға қайта оралған халқымыздың ардақты ұлдары А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, М.Дулатов, Ж.Аймауытовтардың мұраларын алдағы уақытта ғылыми жолмен зерттеу барысында да артық-кем айтқан пікірлері сараланып та жатыр. Шынына келгенде, қазақ әдебиеттану ғылымында осы сипаттағы оқулықтардың жазылуына, яғни қазақ

әдебиетін тарихи курс ретінде жүргізуге алғашқы бастаманы да С.Мұқановтың осы оқулығы жасады.

Бірақ, тексеріп отырғаны осы дәуірдегі «ұлтшылдық әдебиет» болғандықтан ақын-жазушылардан ұлтшылдық сарын іздеуге көп көңіл аударылып кеткен. Бұл оқулықтың үлкен де басты кемшілігі, оның сол кездің өзінде Е.Бекенов: «Кемшілігі бар тексеріс сындар М.Дулатұлы, М.Жұмабайұлы, О.Қарашұлы, әсіресе С.Торайғырұлы, М.Әуезұлы туралы сынның кемшілігі көбірек ұшырайды. Бұл кемшіліктердің көбі империализм дәуіріндегі байшылдық-ұлтшылдық пен социализм дәуіріндегі байшыл-ұлтшылдықты айырмай бірдей бағалап кетуі, ұлтшылдық неден тұрғандығы, жаңа байлар табы үстем тап болуға айналды, жаңашылдық күшті болды деген сияқты негізгі кемшіліктерден туған кемшіліктер», - деп біржақты болса да атап көрсетіп берді [2, 67].

Солай дегенмен, С.Мұқанов алашшыл ақын-жазушыларды сынауда, ұлтшылдығын ашуда «пролеткультшылдық» теориясындағы кемшілікке салынып, «төңкеріске қарсы істерін көрсетудің орнына, пролетариат төңкерісін түсінбеді» деген қорытынды шығарған. Бұл тұжырымға қарап, С.Мұқановтың ғылыми-зерттеушілік жұмыс саласында теориялық білімнің жетіспеуі мен «ұлтшыл-алашордашылдыққа» қарсы күрестің ықпалынан сыңаржақ социологиялық, солақай сынға бой ұра отырғанымен, тексеріп отырған дәуір әдебиеті мен ақын-жазушылар туралы бар мүмкіндігінше әділ баға айтуға талпынғанын аңғарамыз. С.Торайғыров, М.Әуезов, Б.Күлеевтер туралы айтқан дұрыс пікірлерді былай қойғанда, «Алашорда жыршысы, ұлтшыл ақын» дей отырса да «М.Жұмабаев - қазақтың күшті ақындарының бірі» деп бағалай келе, оның қазақ

поэзиясының көркемдік әлеміне қосқан үш еңбегін атап көрсетеді:

1. Қазақтың тілін байытуда, әдебиетке жаңа түрлер енгізуде оның еңбегі көп. Абайдан кейін тіл өнегесінде Мағжаннан асқан ақын жоқ.

2. Абай қазақ әдебиетіне Еуропа түрлерін шет пұшпақтап енгізсе, Мағжан дендеп енгізді.

3. Алған теманың пікірін өрбіту ретінде кейінгі жазушыларға жол ашты. Мағжан өлеңдерінің сыршылдық (лирика) жағы күшті келеді [3, 117].

Ал автор өзінің осы оқулықтағы сыңаржақ солақайлықпен айтқан қате тұжырымдары жайлы сол отызыншы жылдардың өзінде-ақ айтып қалып отырды. 1935 жылы шыққан екі томдық шығармалар жинағының алғы сөзінде «Мағжан төңкеріске қарсы «алашорданың ақыны» болғандықтан одан кейінде үлгі алуды өзіме залал деп ұқтым. Бұным солақайлық еді», - деп жазса, кейінірек «Ұлтшылдармен идеология майданында күрескенде менің бірнеше қате сілтеген кездерім болды», - деп ашық айтты [4, 7].

Жалпы С.Мұқановтың әдебиетші, зерттеуші ретіндегі тұлғасының қалыптасу жолы мен ғылыми-зерттеушілік ой-пікірінің өсу эволюциясынан қазақ әдебиеттану ғылымының туу, жетілу жолындағы жетістіктер мен қателіктерді анық көруге болады. Бұған С.Мұқановтың сәл кейінірек жазған: «Ол кезде мен саяси шала сауатты едім, ғылымға шалағай едім, менің ол кезде саяси білімім де, жалпы білімім де бастауыш көлемде ғана еді. Сондықтан мен ескі әдебиет мұраларына сын көзбен қарай отырып, олардың пайдалы жағын алу дегенді білмедім, совет әдебиеті бұрынғы бұқарашыл әдебиеттің заңды жалғасы, ілгері өрлеуі екенін ұқпадым», - деген пікірі айқын дәлел [4, 8]. XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетіндегі ағартушылық, ағартушы-демократтық және

бұқарашылдық сарынды байқамай, зерттеушілік көзқарасында теориялық қателер жіберіп алуының бір сыры да осында жатыр .

Еңбекте ақын-жазушылардың шығармаларының мазмұны мен идеясы бұрмаланып, шектен тыс қаза тексеріліп ұлтшылдық сарын іздеу айқын сезілетіні рас. Тіпті С.Торайғыровтың «Кедей» поэмасын ұлтшылдық көзқараста деп талдауы, М.Әуезовтің «Қилы заман» повесіндегі «он алтыншы жылғы ұлт-азаттық көтеріліс кейін социалистік заманға қарсы күреске жалғасты» деген сияқты пікірлерін кейінірек автордың өзі де, басқа әдебиетші-ғалымдар да түзетті. Ал А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, М.Дулатов, Ж.Аймауытов шығармашылығы туралы келсек, «олар жайында ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің шындығы мен дамуы жайында дұрыс еңбек С.Мұқановтың кітабынан кейін жазылған жоқ, зерттеу ісі жүргізілген жоқ» [5, 212]. Қазақ әдебиетінің осы дәуірін зерттеушілер олардың «ұлтшылдығын», шығармаларында ескілікті көксейтіндігі, төңкеріс туғызған жаңа заманды түсінбегенін, соған лайық шығармалар бере алмағанын бірінен соң бірі қайталап айтып, оларға С.Мұқанов берген бағаны да айта алмады. Ал зерттеуді енді ғана қолға алып, олардың әдебиет тарихында алатын орнын белгілеп жатқандарға бұл кітап негізгі табан тіреп тірек болып, тарихи деректердің көзі болып қала берері даусыз. Кеше ғана Алаш арыстары ақталған тұста олар туралы ғұмырнамалық деректер мен шығармашылық мұрасы туралы барлық мағұлыматты осы кітаптан алғаны даусыз ақиқат.

Мағжан мен Сәбит секілді тұлғалардың ғұмыр жолындағы тоғысы туралы айтқанда, сталиндік зұлматтың шежірешісі болған, өзі де он жыл айдауда болып келген жазушы-журналист Жайық Бектұровтың

естелігін келтіре кету керек. Кеңес дәуірінде Алаш арыстарының бірі Ә.Ермековпен, Мағжанның жары Зылиқамен, Сәкеннің жары Гүлбаһраммен пікірлес болған қарт жазушы сол кезде ашық айтыла бермейтін жағдайларды айтып жүретін еді.

Ату жазасына кесіліп, одан он жылға сотталған А.Байтұрсынов пен М.Жұмабаев ұлт көсемі Ә.Бөкейхановтың араласуымен М.Горькийдің әйелі, «Қызыл крест» қоғамының басшыларының бірі Пешкова арқылы 1934 жылы ақталып елге қайтты. Мағжан Қызылжарға келген соң «ұлтшыл алашордашы» деп орыс тілі мен әдебиетінен сабақ беріп жүргенінде жұмыстан шығарады. Сонда ақын көмек қолын созар деген үміт хатын ең бірінші Сәбитке жазған. «Ол жақтан мен өте қиын халде оралдым. Толстойдың «1 Петрін», Некрасовтың «Декабристерін» аударуға келісімшарт жасап едім, одан хабар жоқ. Әсіресе, жұмыссыздығым жаныма жаман батады» деп жазғанында үлкен шындық жатыр.

Сотталардың алдында ғана өзінің ақындық кредосынан бас тартуға мәжбүр болып, «Тоқсанның тобырын» жазған таланттың енді кеңестік жүйені мойындамауға амалы қалмаған еді. Айдаудан қайтқаннан соң өзінің жағдайының мүлде нашар екенін жаза келіп, сол кезде Жазушылар одағының төрағасы болып тұрған С.Мұқановқа хат жолдауы тұрмыс әбден тұралатқан ақынның соңғы үміті болатын. Сәбең бірден жауап хат жазып Алматыға шақырып, «сен қазақ халқына, оның әдебиетіне керек адамсың» деп қолдан келгенше жәрдем беретініне сендіреді.

Хатты алысымен Мағжандар Алматыға жиналып, оны вокзалдан Сәбиттің өзі қарсы алады. Сонда Мағжан:

- Әй, Сәбит, сен мені ең алдымен Сәкенге апар, бірінші мен оған сәлем беруім керек, - деген екен. Жалмажан Сәбең Сәкенмен хабарласқанда:

- Тез арада алып кел. Мен күтемін, - деген жауап алады.

Мағжанның келуін Сәкеннің жары Гүлбаһрам өз естелігінде Ж.Бектұровқа былай деп айтып берген. «Сәбит хабарласқан соң Сәкен маған қазан көтеріп, дұрыстап тамақ дайындауды тапсырды. Ал өзі жиналысқа баратындай шырттай киініп алып, аулада шылығын бірінен соң бірін тартып сенделіп жүріп алды. Мен ауладағы пештің жанында жүріп Сәкеннің соншама мазасынғанына қоқынышпен карап, ештеңе дей алмай қойдым. Бір уақытта арбакештің аты тоқтап, одан Мағжандар түсіп, қақпадан ішке енді. Кезіндегі кербез ақын тым жүдеу екен, киген киімдері де жараспай ұсқынын одан сайын кетіре түскен. Мағжан Сәкенге жақындай бере:

- Сәкен, амансың ба? Кешір, сен жеңдің, мен жеңілдім, - деп тізесін бүге бергенде Сәкен:

- Мағжан, сен ешқандай да кінәлі емессің, - деп тізесін бүктірмей орнынан көтеріп әкетті. Сол күні Мағжан, Сәбиттер біздің үйге қонды. Бөлменің терезесін қараңғылап қойып түнімен әңгімелесті. Мен тамақ, сусын апарған да ештеңе айтпай үнсіз қалады да есікті қайтадан қатты тартып жауып алып отырды». Бұл туралы Ж. Бектұровтан естуіміз осылайша болса, профессор Т.Кәкішұлы оны Гүлбаһрамнан өз құлағымен естігенін жазады. [6, 408].

Ертеңіне Сәкен мен Сәбит Мағжанды сол кездегі республика басшысы болып отырған Мирзоянға ертіп апарып, «Мағжанның ұлт әдебиеті үшін керек адам екенін, кезінде Алаш басшыларына еріп идеологиялық тұрғыда адасса да жазасын өтеп келген соң кеңес жағына

шығатын адам екендігін» дәлелдеп кепілдеме берген. Жазушылар одағы төрағасы болғандықтан Сәбит бастап, Сәкен қостап, неміс жазушысы Файхтвагнердің «Опергейм семьясы» атты кітабын аударуға келісімшарт жасаттырып, ақшасын алып берген. [6, 406-410]. (Бұл туралы бүгінде қазақ әдебиеттануының Абызы болып отырған Т.Кәкішұлының «Мағжан-Сәкен» ғылыми эссесінде жан жақты жазылғандықтан қысқа қайырып отырмыз Ж.С.)

Халқымызда «Естіген құлақта жазық жоқ» деген сөз бар. Ақынның жары Зылиха апайдың «Қазақстан әйелдері» журналында жарияланған естелігінде және теледидардан сөйлеген сөзінде ақынның «Шолпан» жинағының тағдыр-талайы туралы шетпұшпақтап ғана айтқан бір жайт туралы айта кеткіміз келіп отыр. Оны айтушы Ж.Бектұров ағамыз еді. Дұрыс не бұрыстығына куәлік бере алмайтынымызды ескерте кеткіміз келеді.

«1980 жылдардың басында Мағжанның жары Зылиха апайға арнайы іздеп барып әңгімелестім. Сөз ауаны 1923 жылы Мәскеуде ақынның «Шолпан» атты кітабына жасалған әдеби сот туралы болғанда апай «бұл кітаптың сен білмейтін басқа да сырлары бар» деп мынаны айтты.

Партияның XX съезінен кейін сталиннің жеке басына табынушылық әшкереленіп, Сәкен, Бейімбет, Ілияс бастаған «халық жаулары» атанған кеңес жазушылары ақталды. Ізін ала Алашшыларды да ақтау туралы бастама көтеріліп, Мағжан мен Шәкәрім өлеңдері баспасөзде жарияланды. Башқұрт ақыны С.Құдаштың Д.Қонаевқа жазған «Қазақ ақыны М.Жұмабаев» деген мақаласы да болды. Бірақ бұл бастама алашшылдарды ақтауға қарсы топтың жанталасқан қарсылығы салдарынан билік тарапынан қолдау таппады. Мағжан аты тағы атаусыз қалатын болды. Осыған қатты қамығып, ертең өліп

қалсам, халқы Мағжанды білмей қалады-ау деп уайымдадым.

«Алжир» лагерінде қамауда жүргенде де сабан тығылған жастықтың арасында жасырып аман сақтап қалған 1923 жылы шыққан «Шолпанды» алып, М.Әуезовке баруды дұрыс деп таптым. 1950 жылдардың аяғында Мұқаңның атақ-даңқы дүрілдеп тұрған кезі. Үйіне барып жолыққанда мені салқын қабылдады, шаруамды айтып едім, «Не керек соны сөз қылып, айтылды емес пе, Мағжанның бағасы берілді емес пе» деп қысқа қайырды. Мағжан сенген Мұхтар осылай деген соң жылап шығып кеттім.

Ертеңіне Сәбитке бару керек деп шештім. Үйде басқа ешкім болмады ма, есікті Сәбиттің өзі келіп ашты. Бірден танып:

- Апырау, сен Зылихамысың? Бар екенсің ғой, тірі екенсің ғой, - деген соң асүй жаққа дауыстап:

- Мариям, сен кім келгенін білесің бе? Мағжанның Зылихасы келді ғой, - деп ерекше қуанды. Қазанға сыбағамды салдырып ерекше күтті. Шаруамды айтқанымда «Шолпанды» қолына аялай ұстап отырып:

- Зылиха, Мағжанның кітабын соншама азап көрсен де сақтағаныңның өзі ерлік. Махандар әлі ақталады, уақыты келеді. Сол кезде сенің еңбегің де, өзің де бағаланасындар, - деп екі-үш өлеңін жатқа айтты. Мен жан жарымның ұмыт қалмағанына қуанып, көзімнен жасым ағып отырып тыңдадым. Сол күні Сәбең үйінде қондым. Көп әңгіме айтылды. Хатшы әйелді телефонмен шақырып алды да «Шолпанды» үш дана етіп машинкаға бастырды.

- Бір данасы өзімде болады, бір данасын архивке өткіземін. Ал сен кітап пен мына данасын көзіңнің қарашығындай сақта. Қазақ халқы жоғалмай, Мағжандар ұмыт қалмайды. Оны әлі-ақ көресің, қазіргі заманға дауа

болмай тұр ғой, - деп тапсырды. Кетерімде маған көп ақша берді. Тұрмыс жағдайымды білген, жамағайынымдармен бірге тұратынымды естіген соң, өзінің депутатығын алға салып жүріп, ел басшыларының бірі Ж.Тәшеновке ертіп апарып, Алматыдан үй алып берді».

Міне, біздің шежірешіл қарт жазушы Ж.Бектұровтан естіген бір тарихи деректің шындығы осы. Қазіргі таңда алашшыл атанып жүрген әдебиетшілер қауымы арасында кеңес дәуіріндегі ұлт зиялылығын бағалауда артық-кем пікір айтып жүргендері де кездесіп қалуда. Біздің ойымызша, О.Сүлейменов айтқандай: «Тауларды аласартпай, даланы асқақтату керек». Ол бір жағынан ғалым Сантьяго жазғандай, «тарихтан тағылым алмаған ұрпақтың сол тарихты қайталауға мәжбүр болмауы» үшін де керек.

- 
1. Садуақасов С. Киргизская литература. Трудовая Сибирь. 1919, №1.
  2. Бекенов Е. Ұлт қозғалысы және ұлтшылдық әдебиет. - Қызылорда: ҚМКӘБ, 1935.
  3. Мұқанов С. XX ғасырдағы қазақ әдебиеті. I бөлім. - Қызылорда: Қазақстан, 1932.
  4. Мұқанов С. Екі томдық шығармалар жинағы. 2 т. - Алматы: Қазан, ҚМКӘБ, 1935.
  5. Смағұлов Ж. Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихы. Алматы: Қазақ университеті, 1999.
  6. Кәкішұлы Т. Мағжан-Сәкен. Алматы: Қазақ университеті. 1999.

2012 ж.

## ТӨЛЕ БИ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ РУХАНИЯТ

Шешендік өнер - ұлт руханиятында халық тарихымен біте қайнасып жатқан заң-құқық, әдет-ғұрып, салт-сана секілді ұғымдарды тұтастырған синкрентті өнер түрлерінің бірі. Қазіргі дәуірге дейін жетіп отырған бұл ерекше дарындылық қасиет біздің жыл санауымызға дейінгі сақ, ғұндар кезеңінен бері келе жатыр деуге болады. Бүкіл түркі жұртының болмыс-бітімімен біте қайнасып келген бұл өнер ертедегі қағанаттар мен хандық билікте ел басқару мен құқықтық-сот жүйесінде ғана емес, әдет-ғұрыптық дәстүрдің, сөз өнерінің дамуында да ерекше орын алғаны анық. Өкінішке орай сол кезеңдегі ел тұтқасын ұстаған шешендерден қалған нұсқалар бізге там-тұмдап ғана жетті.

Қазақ хандығы құрылғаннан бастап мемлекет басқаруда би-шешендердің атқаратын қызметі жоғарылай түсті. Оған көшпелі өмір сүру салты әсер еткені анық. Әсіресе Төле би, Қаз дауысты Қазбек би, Әйтеке би заманында шешендік ел мен ру арасындағы дау-дамайды шешуден көрі, ұлт тағдыры мен болашағы туралы келелі істерге еркін араласты. Бұлар «түгел сөздің түбі бір, түп атасы Майқы би» делініп «хан біткеннің қазығы», кара бұқараның азығы» атанып кеткен, кембағалға пана, қамқор болған Майқы би, Сыпыра жырау, Асан қайғы, Жиренше шешендердің сарқыты еді» [1]. Ұлт руханиятында шешендік сөздердің айырықша мәнге ие болуы осы атақты үш бабамыздың ғұмыр кешкен кезеңіне тура келгеніне дау болмаса керек. Кешегі кеңес дәуірінде хан, төре, аға сұлтандар секілді ел билеушілерге деген таптық тұрғыдағы теріс көзқарас салдарынан осы бабыздарымыздың ұлт руханияты мен тарихындағы орны біржақты және бұрмалана бағаланды. Отаршылдық саясат пен таптық идеологияға негізделген ұстанымдар мен нигилистік көзқарастар салдарынан ұлт руханиятындағы шешендік өнер біржақты қарастырылып келгені жасырын емес. Бұл кейінгі

ұрпақты өз елінің ұлттық болмыс-бітімін танып-білуден мақұрым қалдыруға дейін апарды. Ғасырлар бойы ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келген шешендік өнер секілді рухани қазынамыздың мән-мағынасын өскелең ұрпаққа жеткізуге ғана емес, оны қазіргі өскелең заман талабына әр түрлі жағдайларда қажеттілікке жарату мәселесі де кенжелеп қалғаны белгілі.

Ұлттық фольклортану ғылымында шешендік өнер қазақ би-шешендерінің мұрасы ретінде біршама зерттелді. Алаш Арыстарының бірі Х.Досмұхамедовтің 1927 жылы шыққан «Қазақтың халық әдебиеті» еңбегінде, М.Әуезовтің «Қазақ әдебиеті» атты зерттеуінде шешендік сөздер халық ауыз әдебиетіндегі жеке жанр ретінде қарастырылды. Ол ұлт ұстазы А.Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқыш» еңбегінде «ділмар сөз» деген атаумен қарастырылғаны белгілі. Шешендік сөздерді ғылыми тұрғыда алғаш рет зерделеген Әмина Мәметова 1945 жылы кандидаттық диссертация қорғаған болатын [2]. Алаш арыстары мен «халық жауы» атанған кеңес дәуірінің ақын-жазушылары шығармашылығы әдебиет тарихынан сызылып қалған осы тұста, ұлтымыздың үш данасы Төле, Қаз дауысты Қазбек, Әйтеке билердің ұмытылуға арналған мұрасын зерттеуді қолға алуы сол кезең үшін ерлікке пара-пар екенін атап айту керек. Шешендік өнердің жанрлық ерекшелігінің ел жадынан ұмытылмауына ғалымдар Б.Адамбаев, Н.Төреқұлов, С.Негимов, Г.Қосымовалар т. б жан-жақты үлес қосты.

Осы зерттеушілердің еңбектерін қарап отыратын болсақ, шешендік сөздер халқымыздың тарихы, тұрмыс-тіршілігі, әдет-ғұрпы, салт-санасымен тығыз бірлікте қалыптасқан жанр екендігіне баса көңіл аударылады. Ресейде шешендік өнердің өте кенжелеп дамығанына орыс ғалымы Д.И. Фонвизин: «Бізде шешендердің аз болу себебі, шындығында шешендік дарын көрінетіндей жағдайдың жоқтығында» деп атап көрсетуінде шындық жатыр [3, 9 б]. Ал қазақ халқының

тарихи тағдырында осы шешендік дарындылық толық танылуна себепкер болатын жағдайлар толып жатыр. Тіпті ол тарихты қазақ би-шешендерінің тұлғасынсыз сөз студия өзі де мүмкін емес. Қазақ хандығының ел басқару жүйесі би-шешендердің мемлекет істеріне тікелей араласуына байланысты болғандықтан, бұл өнер түрінің ерекше дамуына әсері мол болғаны айтпаса да түсінікті.

Қазақ халқының жеке ұлт және мемлекет болып қалыптасуында баға жетпес мәні бар осы өнер хандық биліктегі құрылым мен көшпелі өмір салтына тығыз байланысты болғандықтан орыс отаршылдары келгеннен бастап өз маңызын жоғалта бастады. Билік-шешендікке құрылған салт-дәстүрді орыс отаршылдары мақсатты түрде талқандады. Ресейдің 1822 жылғы «Қазақ даласына билік жүргізу туралы» бағдарлама-жарғысын жасаушы М.М.Сперанский құпия жоспарында ел ішіндегі беделді ру басылары мен би-шешендерді түрлі сыйлықтар мен атақтар беріп сатып алу жолдарын арнайы қарастырды. Орыс отаршылдығының дала сахарасын толық жаулап алу мақсатында жасалған бұл жоспарында қазақтарды орыстандыру мен христиан дініне енгізу жолында ұлттық салт-дәстүр, әдет-ғұрып, салт-сананың тірегі болып саналатын билік-шешендік дәстүрдегі өнер мектебін талқандау бағытындағы жұмыстарды жүргізу қажеттігін басты мақсаттарының біріне санады.

Хандық билік жойылып, елді сайлаумен басқаратын аға сұлтандық пен болыстық пайда болғанда, әр болыстықта бір-бір би болуы міндеттелді. Олар халық тарапынан сайланған жоқ, аға сұлтан мен болыстың ыңғайына қарай солардың шешімімен тағайындалды. Ал бұл дегеніміз би-шешендердің ел-жер тағдырына араласуын шектеп, соның салдарынан шешендік өнердің әлсіреуі мен ел тағдырындағы мән маңызының жойылуына әкеліп соқтырды. Билік-шешендік

институтында мүлде болмаған мансапқорлық пен паракорлықты өрістетті.

Алайда «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы» саналған, салт-сана, жалпы халық Абыз тұтқан Төле, Қаз дауысты Қазбек, Әйтеке билер жасаған әз Тәуке ханның кезіндегі «Жеті жарғыдан» бері бұжылмас заң болып келе жатқан дәстүр бұл кезде де өз маңызын жойған жоқ болатын. Мысалы, қазақ тарихындағы әйгілі «Еңлік-Кебек» оқиғасынан кейін Найман мен Тобықты арасы бітіспес дауға айналған шақта, Кеңгірбай би Үйсін Төле биден бастап билік-шешендік мектебінде сан рет қолданылған жазаны білмей қалған жоқ емес. Бірақ тосын да өзгеше шешім қабылдап, екі жасты өлімге байлады. Ол жаза тарихы мынаған байланысты. Құда түсіп, атастырылып қойылған қызды басқа елдің жігіті алып қашып, екі елдің арасында дау туып, аяғы барымтаға ұласқан соң бұл даудың шешімін айту үшін екі жақ Төле биге келіп жүгінеді. Сонда дана би қыздың қолына қылыштың қынын беріп, «егер қылышты қынына салдырсаң, сен өлімге кесілесің» деп, ал жігітке қылышты беріп, «қылышты қыз қолындағы қынға сала алмасаң, сені өмірден қоштасасың» деген билік айтады. Сонда шамамен үш сағат арпалысса да қыз қылышты қынға салдырмайды. Сонда Төле би тұрып:

- Міне, халайық, ел «буыршын көзін сүзбесе, бура бұйдасын үзбейді» деп бекер айтпаған. Бұл дауда кімнің, яғни қай жақтың кінәлі екенін өз көздеріңмен көрдіңдер. Жігіт жақ қыздың бұрын алған қалың малын қайтарып, жаңадан құда болысып бітімге келіндер, - деп билік айтқан екен. Міне, дәстүрге айналған осы жолды Кеңгірбай би неге қолданбады және оған Найман жағынан Еспембет би мен Есет батыр неге жығылмады деген сұрақ туады. Ел тарихында бұрын құда түсіп қойылған қызды алып қашу болмап па еді? Болған, бірақ олар би-шешендердің көрегендік тапқырлығының арқасында айып төлеп, құн

қайтарып, қыз алысып құда болу секілді жолдармен бейбіт түрде шешілген.

Орыс отаршылдығы күшейіп бара жатқан тұста олар кейін жолсыз жаза деп саналған осы шешімге амалсыздықтан барды деу қажет. Себебі ұлттық салт-дәстүрді сақтап қалу жолында басқа амал жоқ еді. Ел мен жер тағдырына орыс билігі қаулап бара жатқан алмағайып кезеңде ықылым заманнан келе жатқан ата заңға негізделген салт-дәстүрді сақтап қалу, сол арқылы ұлт тұтастығы деп аталатын қасиетті ұғымды бұзбай ұстап қалу мақсатын көздегендігінде дау болмаса керек. Ендеше халық тарихында өз орнын шындыққа сай бағалануға тиісті осы аталған секілді тұлғаларға кешегі кеңес дәуірінде қалыптасқан әдебиеттің таптығы көзқарасында баға беруді тоқтататын уақыт жетті.

Үйсін Төле бидің ұлт руханиятында алатын орны ерекше. Ол - өзінің билік шешімдерінде, шешендік сөздерінде «Жеті Жарғыда» бекітілген ата заңнан бірде-бір ауытқымауды мақсат етіп өткен тұлға. Сол арқылы өз тұтастары Қаз дауысты Қазбек би, Әйтеке билерге ғана емес, басқаларға да үлгі-өнеге көрсетіп отырды. Елден асқан даналығы, алыстан болжайтын көрегендігімен, «қара қылды қақ жарған» әділдігімен, биік парасат-пайымымен үш жүзге қадірлі болды. Оны көзі тірісінің өзінде-ақ Бұқар жыраудың мадақ жыр арнауы, Қаз дауысты Қазбек, Әйтеке билардың ерекше құрмет тұтып, аға тұтуының өзі дәлелдесе керек. Абыз шешеннің шешендік билік жолында дәстүрге айналған бір ғана шешіміне мысал келтірелік,

Біз М.Әуезовтің «Еңлік-Кебек» трагедиясы, Ш.Құдайбердиевтің «Еңлік-Кебек» дастаны арқылы ғана оқып-танысып жүргендіктен осы тұлғалардың ұлт тарихындағы орнын біржақты бағалап жүргеніміз өкінішті. Дадан Тобықты Қараменде би мен Жуантаяқ Көбей би өз бауыры Кебек батырды өлімнен қорғап ала алмағаны Кенгірбай биден аса алмағаны немесе Найман Еспембет би

мен Есет батырдан қорыққандықтан емес. Төле би, Қаз дауысты Қазбек би, Әйтеке би басшы болып, барша ел жақсылары бірлесе жасаған «Жеті жарғыдан» бері сақталып келе жатқан ата заңды бұзуға дәті жетпегендік пен ұлттық болмыс-бітімді сақтап қалуды мойындағандық деп түсіну керек. Өйткені дәл бүгін Еңлік пен Кебекке бостандық берілсе, ертең-ақ біреудің аттастырып қойған жесірін алып қашу сияқты әрекеттердің жаппай етек алып кетерін жақсы түсінді. «Бұтаға қорғалаған торғай да аман қалатынына» сенген жастар бұл жолы қателесті. Сондықтан да барша ел басшылары бүкіл Тобықтыны түгел көтермей екеуін өлімге байлады. Сол сәтте Еңлік пен Кебек бостандық алса, ертең-ақ ақ бата аттаған Бейсенбай мен Жұмакүлдардың қаптап шыға келерін жақсы білді.

Ал ол құдандалық, қалың мал, әменгерлік секілді ұлттық салт-дәстүрлердің іргесін шайқалтып, қазақ жұртын әштен ірітуді мақсат тұтқан орыс отаршылдарына мол мүмкіндік ашып беретінін бағамдағандық деп ұққан дұрыс болмақ. Жасыратыны жоқ, кейін бәрібір ол жүзеге асты, одан тапқан пайдамыз шамалы екенін тәуелсіздіктен соң ғана ұғып жатырмыз.

Немесе әйгілі «Қалқаман-Мамыр» оқиғасын алалық. Қыз алысуға болмайтын жеті атаға жетпеген туыс Қалқаман мен Мамырдың «шариғат қосады екен немерені» деп жақын болуы ел тарихында бұрын-соңды болмаған жағдай. Барша Мәмбетай руының басшысы Көкенайдың қарындасы Мамырды атып өлтіріп, «мен өз тентегімді жазаладым, Қалқаманға сен де жаза кес» деп табандап отырып алуының соңында ата заңға айналған ұлттық салттың бұзылмас қағидасын сақтау жатыр [4, 287 б].. Көкенай бастаған он садақшының алдынан «жүйрік атпен шауып өтсін» деп Қалқаманды оққа байлаған Әнет бабаң да шешендік билікке негізделген ұлттық салтты сақтау мақсатында осы билікке барған. Ғасырлар бойы қалыптасқан жеті атаға дейін қыз

алысуға болмайтыны туралы ата дәстүрді бұзып, қарындасын әйел қылған халықта қандай ұлттық қасиет қалмақшы?! Көкенай жалғыз ба екен, оның артында барлық Орта жүздің би-шешендері мен бүкіл ел ұстанған ата салты жатыр еді ғой.

Құнанбайдың «Қодар мен Қамқа» оқиғасын жалпы жұрт М.Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясынан ғана біледі, тарихи болған қақтығысты сол бойынша қабылдап, Құнанбайды мейірімсіз қатыгез, қаражүрек деп бағалайды. Ал ол ұлтымыздың даналық мектебі саналған билік-шешендік өнердің соңғы өкілі Құнанбай тұлғасына қиянат емес пе?

Шорманның Мұса бірде бір аста Тобықтының Сүйіндік, Жиренше, Қаратай секілді ел ағаларынан:

- Елдеріндегі Атымтай жомарт мырза кім, тура жолдан таймайтын шешен кім, ел мен жердің қомқоры кім?, - деп сұраған екен. Сонда Сүйіндік:

- Бізде мырза да, шешен де, ел қамқоры да – жалғыз Құнанбай, - деп жауап берсе, жанында отырған Қаратай жылып алғандай:

- Мырза да, шешен де, ел жоқшысы Құнанбай болса, онда біз онымен атамыздың басына алысып жүрміз бе? – деп ашу шақырыпты.

- Ой, Қаратай-ай, біз оны білмей жүрміз бе? Әттең, ол шіркінде не қылайық ғана жоқ қой, - деген Сүйіндіктің сөзінде замана шындығына негізделген құпия жатыр.

Тарихи шындық тұрғысынан алғанда, «Қодар мен Қамқа» оқиғасы болған жағдаят. Оны эпопеядағы Қодар сөзі арқылы жазушы да жасырмайды. «Жалғызымды жалмаған құдайға жасаған қысастығым», - деп қанша ақталса да Қодардың қылмысы шарифатқа да, ата заңға да жатпайтынын айтып жату артық. Олай болса Құнанбай Қодарға шығарған үкімді би-шешен бабаларымыз жасаған «Жеті Жарғыда» бекітілген ата заңның негізіне сүйене отырып шығарғанына дау жоқ.

Тағы да қайталап айтуға тура келеді, ақ бата аттап, ант бұзғандарға жол берген, қарындасын әйел, келінін наксүйер

қылған халықта қандай ұлттық қасиет қалады!? Ол бір ру, тайпаның ата тектік сүйегіне басылған қара таңба ғана емес, көрші елдер алдында ұлт намысына жағылған күйе болары анық еді. Тарих көшіне ере алмай құрып кеткен ұлттардың тағдырына қарасак, олардың ең басты кінәсі ұлттық қасиеттен айырылуда жатқанын тарих әлдеқашан дәлелдеген. Ұлт руханиятындағы Төле би бабамыз жетекші болып жасаған ата заңның Құнанбай тұлғасы арқылы осылайша жаңғыруы халықтық қасиетімізді сақтап қалуымызға табан тірер тірек бола алды..

Қазіргі таңда кез келген мектеп оқушысынан М.Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясындағы Құнанбайдың Абайға айтқан сынындағы «Сен жайдақ су сияқтысың, оны итте, құс та кешеді» деп тапқан мінінде қайсысынікі дұрыс» деп сұрайтын болсаңыз, «қолында құралы барға ғана тиетін құдықтағы су болғанша, жайдақ су болғаным артық» деп жауап берген Абай атасыздың сөзі дұрыс деп тақ ете қалары анық.

Бірақ та бұл кешегі кенестік дәуірдегі үстем тап өкілдеріне қарсы көзқарасты насихаттаған маркстік-лениндік әдіснаманың талаптарынан туған тұжырым екенін анықтайтын уақыт жетті.

Момыннан жаман қорқақ жоқ.

Қу, пысық деген ат қайда?

Арсыз болмай атақ жоқ,

Алдамшы болмай бақ қайда?! –

деген ұлы ақынның үш жүзге аты тараған Құнанбайдан тұлғаға дәл солай деп жауап бермегені хақ. Ол - «Жеті жарғыдағы» ата заңның бұлжытпай орындалуын жүзеге асырған би-шешендердің ең соңғы өкілі. Олай болса шығармалардағы көркемдік шындық пен тарихи шындықтың ара қатынасын айырмасын ұлттық мүдде тұрғысынан зерделеу қажет.

Дана халқымызда жас отауға «балаң би болмаса да би түсетін үй болсын» деп берілетін бата сөз бар. Би-шешенді құрметтеп қонақ ретінде күтіп алар үй ел арасында аз болып па екен?! Мәселе сол би-шешендердің ел-жұрттың қамқоры бола алған, әділдік жолынан таймаған, сөз өнерінің қасиет-қадірін білетін адамды іздеуін жатыр.

Соңғы кездерде зерттеушілерде халқымыздың рухани қазына санатындағы ұлттық қасиеттерінің бірі болып табылатын шешендік өнерді әлемдік ұғымдағы риторикамен тығыз байланыстыратын көзқарас пайда болып, тарихи мәндегі маңызынан айрылып бара жатыр деуге болады. Риториканы шешендік өнердің теориясы санағандықтан болар, С.Негимовтің, «Шешендік өнер» (1997), Г.Қосымованың «Қазақ шешендік өнерінің негіздері» (2003) атты еңбектерде қазақтың шешендік өнерін соған жақындатуға деген ықылас сезіледі. Әлемде бір де бір елдің тарихында риторика біздің елдегі билік-шешендік өнер секілді халық тағдырымен, ұлттық қасиет пен ел бірлігін сақтау жолындағыдай тарихи маңызға ие бола алған жоқ. Бұл да болса өз тарихымызға әлі де болса еуропацентристік көзқараста баға беру ауруынан айырыла қоймағанымызға айқын дәлел.

Риторика бойынша керемет деп жүрген Демосфен, Цицероннан бастап барша шешен атаулылардан біздің би-шешендер секілді «қара қылды қақ жаратындай билік айтатын» тура да дәл шешімнен тұратын даналықты таба алмайтынымыз анық. Шешен-ақ шығар, бірақ біздің билердей «аттың жалы, түйенің қомында» жүріп билік айтатын заманға тап болса, олардан атықты боларына күмән көп. Мысалға Қаз дауысты Қазбектің жоңғар ханына барып тұтқындағы жұртты «Біз қазақ деген ен жатқан елміз, Елінің шетін жау баспасын деп найзасына үкі таққан елміз» деп басталатын шешендік сөзі арқылы елді жаудан босатып әкеткен ділмарлығына сай келетін шешендікпен

салыстыратын бірде бір дәлелді барша әлемнен таба алмайтынымыз анық. Сондықтан белгілі бір шағын оқиға, даулы мәселе, сот секілді жағдайларда айтылған тапқырлық сөздерді айтушыларды да «от тілді, орақ ауызды» ділмарлар қатарына апарып қосып, кейбір ру-атаның «дүлдүлі» санап артық кетіп жатқан жағдаяттар да кездесіп қалып жүр. Одан ата-бабамыздан қалған қасиетті шешендік өнердің абырайы асқақтай қоймасы анық. Сондықтан қазақтың тұтастығын, ұлттық қасиеттегі болмыс-бітімін сақтап қалу жолында баға жетпес байлық сипатындағы шешендік өнерімізді келер ұрпаққа табиғи қалыпында жеткізу бағытын тереңдете зерделеуіміз қажет.

---

1. Дәуітұлы С., Қалижанұлы У. Төле бидің шешендік мұрасы. // Төле би – қазақтың данагөй Абызы. Қарағанды, 2013.

2. Мәметова Ә. Қазақтың шешен-билерінің сөздері және қазақ әдебиетінде алатын орны. Алматы: ҚКӘБ, 1945.

3. Фонвизин Д.И. Об ораторском искусстве. М., 1973.

2013 ж.

## **Ж.АЙМАУЫТҰЛЫНЫҢ СЫН-ЗЕРТТЕУ ЕҢБЕКТЕРІ**

Қазан төңкерісіне дейін сыншылдық-эстетикалық таным-білікпен танылған және әдеби мұраны ғылыми тұрғыдан тануда алғашқы қадамдар жасаған ұлттық әдебиеттану кеңес дәуірінде өз ізденістерін жалғастыра түсті. Төңкерістен соң басталған әдеби айтыс-тартысқа тайсалмай араласа жүріп, жаңа дәуір талабын кейде қабылдай, кейде қарсы шыға отырып тың қадамдар жасай бастады. Осы кезеңде әдеби-сыншылдық және ғылыми-зерттеушілік ой-пікір дәуір алға тартқан әдеби және ғылыми күрделі мәселелеріне шама-шарқынша қызу араласты. Қазақ әдебиеттану ғылымындағы ғылыми-зерттеушілік бағыттағы ой-пікірлер осы жолдан өтуге мәжбүр болды. Кеңестік дәуірдегі жаңа әдебиет қандай болуы керек, әдеби мұраларды қалай бағалаймыз, қандай әдеби ағам мен көркемдік әдісті басшылыққа алу керек деген секілді мәселелер төңірегінде болған көзқарастар қақтығысы бүкіл жиырмамыншы жылдар бойы үздіксіз жүрді. Бұл үдеріске сол кездегі қалам қайраткерлері түгелге жуық қатысты. Солардың бірі болып Ж.Аймауытұлы жазушылық дарындылығымен қоса, өзінің сыншы, әдебиетші ретіндегі білімдарлық қабілетімен ерекше танылды.

Жоғарыдағы проблемалық сұрақтарға өз қадір-халінше жауап беруге талпынған, қазақ әдебиетінің тарихын ғылыми тұрғыда зерттеуді алғаш бастаған, белгілі бір кезең ақындарын сөз ете отырып сол дәуір әдебиетінің кескін-келбетін анықтауды ниет еткен алғашқы ғылыми еңбек Ж.Аймауытұлы мен М.Әуезұлы «Екеу» деген бүркеншік атпен «Абай» журналына жариялаған «Абайдан соңғы ақындар» атты мақала еді [1].

Мақаланың басты мақсаты - қазақ әдебиеті бар ма, бар болса кімнен басталды, көрнекті ақындары кімдер деген секілді сұраққа жауап беру. Р.Мәрсекөв 1914 жылы «Қазақ әдебиеті жайынан» атты мақаласында ұлт әдебиетін

«жазудың қазақ арасына көбірек тараған заманындағы әдебиет» және «Абайдан басталған жаңа әдебиет» деп бөлген болатын [2]. «Екеу» осы екінші кезеңді арнайы түрде зерттеуді басты нысанаға алған. Авторлар қазақ поэзиясының көш басшысы деп Абайды атап, одан басталған ағартушы-демократтық бағытты жалғастырушылар деп С. Торайғыров, М. Сералин, С. Көбеев, Ш. Құдайбердиев, А. Байтұрсынов, М.Жұмабаевтарды алып, қысқаша таныстырып өтеді. Шығармаларына талдау жасалмағанымен, осы ақындар шығармашылығындағы халық мұңы мен заман келбетінің жырлануына тоқталып, ағартушылық, халықшылдық идеяның басым болғанын тап басып айтады. Абайдан соңғы дәуірдегі қазақ поэзиясындағы өзіндік орны бар бұл ақындардың бұлайша топтастырылып қаралуы - сол кезеңдегі қазақтың ғылыми-зерттеушілік ой-пікірі үшін үлкен жаңалық, қазақ әдебиетінің тарихын зерттеуге бастаған алғашқы қадамдардың бірі деп бағалаған жөн. Себебі, осы топтастыра қарап, пікір айтудың негізінде әдебиет тарихын дәуірге бөліп зерттеудің ғылыми бастамасы жатыр.

«Екеудің» мақаласында ұлт әдебиетінің ақын-жазушыларымен таныстыру арқылы әдебиет тарихын ғылыми тұрғыда тану мен дәуірге бөлу көрініс тапқан. Әдеби-тарихи бағыттағы ой-пікірінің салиқалығы мен байыпты тұжырымдар жасауынан авторлардың қазақ әдебиетінің тарихын зерттеуді арнайы нысана мақсат етіп алғанын байқаймыз. Сондықтан да зерттеуді ғасыр басындағы ғылыми-зерттеушілік және сыншылдық ой-пікірдің ізденістері барысында қол жеткізген табыстарының бір жүйеде жинақтала көрінуі десе де болады. Ж.Аймауытұлымен бірігіп жазған «Абайдан соңғы ақындар» атты осы мақаласындағы ұлт әдебиетін тарихи тұрғыдан тану жолындағы бастаманы М.Әуезов 1923 жылы жазған «Қазақ әдебиетінің қазіргі дәуірі» атты

мақаласында тереңдетіп әкетті [3]. Автор ұлттық әдебиет қашан, кімнен басталды деген проблемалық сұраққа сол кезеңдегі ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің өресімен жауап беруге талпынған.

Негізінен алғанда, қазақ әдебиеттану ғылымында өнерді, көркем шығармашылықты сыншылдық-эстетикалық тұрғыдан түсінуде және Ж.Аймауытұлының білімдар әдебиетші-сыншылық тұлғасын тануда жазушының 1925 жылы жазған «Мағжанның ақындығы туралы» атты көлемді мақаласының маңызы зор [4]. Қазіргі ұлттық әдебиеттанудың Абызы Т.Кәкішұлының «Шын үлкен талантқана өрелі ойларды, салиқалы пікірлерді туғыза алатын әдебиеттің бұлжымас заңы» деп дұрыс айтады. 1924 жылы Мәскеуде Мағжанның «Шолпан» аталатын кітабына әдеби сот жасалып. Қаулысында «Мағжанның партия жолына, коммунистреге қарсы өлеңдері тексерусіз басылмасын, сын берілсін, жұртқа ұғындырылсын» түйін шығарады. Марксизм-ленинизм жолына түскен жастар: «Мағжан өлеңдеріне сырты әдемі, ұйқасы, тізімі жақсы деп қана қарау саяси жағын ескермеу, мазмұнын тексермеу – зор қате деп білеміз. Саяси жолы теріс, төңкеріске қарсы өлеңдер еңбекшілер әдебиетіне өң бермейді. Мағжан өлеңдеріне әдеби сын көзімен қарасын, әдебиетке «көркемдік», «сыршылдық», «суреттілік» кіргізеді деп жолынан адаспасын, мына кітапты түсіндірусіз бұл түрде бастырулары қате екендігін, еңбекшілер алдында мойнына алсын және бұдан былай бұл секілді қате істерден сақтансын дейміз. Мағжанның саяси жолы қазақ еңбекшілеріне зиянды екендігін есімізге алып, бұл, Мәскеудегі менменшіл жастар, оның өлеңдерінің зиянды жерлерін қазақтың еңбекші жастарына, қырдағы бұқара еңбекшілерге толық түсіндіруді міндетіміз деп білеміз. Басқа жастарды да осы іске шақырамыз» деп ұйғарады [5].

М.Жұмабаев поэзиясы туралы айтыла бастаған әр қилы бағаларға қарсы жазылған «Мағжанның ақындығы туралы» мақаласы Ж.Аймауытұлының білімді, білікті әдебиетші болғанын анық танытады. Оған заман талабына сай дүниені материалистік тұрғыдан түсінуде Гегель мен Маркстің көзқарастарын салыстыра отырып түсіндіруі, әдебиеттің таптығын сөз еткенде Луначарскийдің пікірін сабақтауы және ақын поэзиясына әдеби-теориялық, тіпті кейбір әдеби-тарихи талдаулар жасауы - айқын дәлел. Жүсіпбек Мағжанды Абайдан кейінгі ірі тұлға деп көрсеткен. Ақынның ұлттық өлеңге енгізген түрлік, көркемдік жаңалықтарына тоқталып, өзіндік мектебі бар жаңа бағыт деп санайды. Жүсіпбектің көріпкелдей айтқан, қазақ әдебиеті Мағжанмен мақтанатын болады деген пікірі жетпіс жылдай уақыт үзілістен кейін шындыққа айналып отыр.

Ж.Аймауытовұлының мақаласына қарсы сол кездің білгір сыншысы атанған Ғ.Тоғжановтың «Мағжанның ақындығы, Жүсіпбектің сыны», «Көркем әдебиет туралы марксистілер не дейді, Жүсіпбек не дейді?» атты жауап мақалалары жарияланады. Осы екі автор да М.Жұмабаев шығармашылығына сол кездегі дәуір талабына сай маркстік-лениндік методология тұрғысында талдау жасауға талпынғандарымен, қорытынды пікір білдіруге келгенде алшақ кеткен. Ж.Аймауытұлы Мағжан поэзиясына заман, дәуір өзгерістерінің әсерін тап басып, объективтік баға беруге ұмтылса, Ғ.Тоғжанов пікірлерінен «тұрпайы социологизмнің» сол кездегі буржуазияшыл-ұлтшылдарға қарсы идеологиялық күреспен қалай ұштасып жатқаны сезіледі. Ж.Аймауытұлы Мағжанды үстем тап ақыны демейді, «заман туғызған көшпелі дәуірдің ақыны, ескіні жырлаған, жаңаны әлі мойындап болмаған ақын... Мағжан терең күйдің ақыны емес, нәзік сезімнің, тәтті қиялдың ақыны, ол кедейдің ақыны емес,

ұлт ақыны» деп бағалайды [4]. Ал Ғ.Тоғжанов бұл пікірдегі «ескіні жырлаған, кедейдің ақыны еместі» тілге тиек етіп «күні өткен таптың ақыны, ұлтшыл ақын» деген сыңаржақ тұрпайы социологизмге сүйенген пікір айтып ақынды еке тұлға ретінде жоққа шығаруға белсене кірісті. Ғ.Тоғжановтың осы мақалаларындағы «буржуазияшыл-ұлтшыл ақын Мағжан поэзиясының идеялық-көркемдік ерекшелігіне назар аударып, ескішіл ақынның жат идеясын әшкерелегені» кеңестік дәуірдегі әдебиеттануда жоғары бағаланды [6, 53]. Ш.Елеуқенов кейін өз зерттеуінде: «Ғ.Тоғжанов өзінің «Жүсіпбек сыны. Мағжанның ақындығы туралы» «Әдебиет және сын мәселелері» атты кітаптарында Мағжан – жау дегеннен басқа жарытып ештеңе айтпайды. Тіпті «Мағжанның жақсысынан безбейміз» деген мақаласында да ақынның байшыл, ұлтшылдығын қайталап, мезі етеді» деп әділ баға берді.[7, 166].

Жалпы осы «буржуазиялық ұлтшылдыққа, алашордашылдыққа» қарсы күрес Ғ.Тоғжановтың сын-зерттеу еңбектерінде «тұрпайы социологизм» теориясынан қолдау тауып, ұзақ уақыт қателесуіне әсер етті. Қазақ әдебиеттану ғылымы 1930 жылдардың басында Абайды халық ақыны, классик ақын деп тануға бет алып жатқан кезде де Ғ.Тоғжанов: «Қазақ буржуазиялық әдебиеттің көшбасшысы А.Құнанбаев болып табылады. Оның ісін Байтұрсынов, Дулатов, Күдайбердиев, О.Қарашев жалғастырып келеді... Жастар арасынан олардың ізін басып М.Жұмабаев, С.Дөнентаев, А.Маметов, Б.Өтетілеуов, С.Сейфуллин, Б.Майлин сияқты ақындар және басқалары шықты. Олардың творчествосындағы негізгі сарын дарашылдық, ұлтшылдық пен исламшылдық», - деп жазады [8, 5]. Егер сол кезде қазақ зиялыларына Ғ.Тоғжанов берген осы бағаның, С.Мұқанов және басқалар айтқан қате пікірлердің Сталиннің жеке

басына табыну дәуіріне, кейін тоқырау заманына дейін жалғасып, 1989 жылы 9 желтоқсандағы Алаш арыстарын ақтау туралы комиссияның шешіміне дейін қайталанып келгенін ескерер болсақ, қазақ әдебиеттану ғылымының туу, қалыптасу кезеңдеріне, қазақ әдебиеті тарихының толық зерттелуіне тигізген кері әсерінің салмағы ауырлай түсері анық.

Ж.Аймауытұлы пен Ғ.Тоғжановтың мақалаларының қазақ әдебиеттану ғылымының туу кезеңі үшін маңызы зор жаңашылдық сипаты да болды. Бұл жерде мәселе - М.Жұмабаев творчествосының дұрыс не қате бағалануында ғана емес. Бұл жерде мәселе - әдебиеттің әдеби-тарихи дамудың өзіндік заңдылықтарын, көркем творчествоны ғылыми-теориялық тұрғыда зерттеуге қазақ әдебиеттану ғылымында мәнді қадамның жасалуында. Осы екі мақала қазақ әдебиеттану ғылымын маркстік-лениндік әдіснама негізінде болса да Чернышевский, Белинский, Луначарскийлердің салиқалы ойларымен байытуға ұмтылып, әдеби-тарихи бағыттағы ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің теориялық деңгейін көтере түсті. Ал практикалық мәніне келсек, сын мен зерттеуде сынаржақ солақайшылдық пен «тұрпайы социологизмді» қару етіп жүрген ақын-жазушылар, сыншы-әдебиетшілер әлі көп еді. Міне, осылар мен жалпы әдебиет сүйер қауымның әдеби білімін, әсіресе классикалық мұраны танып-білуге деген ықыласын көтерудегі маңызын атап айтқан жөн.

Оның нәтижесін 1928 жылы Мәскеуден шыққан «Жас Қазақстан» (Молодой Казахстан) деп аталатын әдеби жинақтан көруге болады. Оны құрастырып, орыс тіліне аударған және әдеби-тарихи шолу мәніндегі алғы сөз жазған Смағұл Садуақасов еді. Алғы сөзде жазба әдебиеттің негізін салушы деп Абайды таныстыра келе, оның ақындық дәстүрін жалғастырушылар ретінде Ахмет Байтұрсынұлы, М.Жұмабайұлы, М.Дулатұлы,

Ғ.Қарашұлы, С.Торайғырұлы, Б.Күлейұлының шығармашылығына тоқталып өткен. Қазақ әдебиетін өркендету жолында жемісті еңбек етіп жүргендер деп жинаққа шығармалары топтастырылған М.Әуезұлы, Б.Майлин, Ж.Аймауытұлыларды көрсетеді.

1920 жылдардың бас кезінде жаңа заман идеологиясының негізі боламын деген маркстік-лениндік ілімнің, оның әдіснамасының өз тізгініне ие бола алмай, пролеткультшылдық пен тұрпайы социологизмге ерік беріп алғандығын дәлелдейтін мақалалар жарық көрді. Бұл Мағжан поэзиясы төңірегінде болған айтыста да анық байқалды. Мысалы, Н.Төреқұловтың «Байдың толғағы», М.Дәулетбайұлының «Мағжан жыры-хандар жыры», С.Мұқановтың «Оқығандар кім еді?», «Қара тақтаға жазылып жүрмендер, шешендер», Ғ.Тоғжанұлы, С.Сапарбекұлы, К.Шекенұлы, Ө.Тұрманжанұлыларының «Ешкімнің қол шоқпары бола алмаймыз» деген секілді мақалалар жарияланды.

«Тұрпайы социологизмге» қарсы ұлттық әдеби-теориялық ой-пікір екіге жарылды. Төңкерісшілдер Сәкенді пролетариат ақыны екенін дәлелдеп жатса, «алашордашы-ұлтшыл» атанғандар Мағжанның «ұлтшыл-байшыл» емес екенін көрсету үшін ара түсіп, «Мағжанның ақындығы» секілді ғылыми мәні терең мақала да жазды. Бірақ, Ғ.Тоғжанұлының «Мағжанның ақындығы, Жүсіпбектің сыны», «Көркем әдебиет туралы маркстілдер не дейді, Жүсіпбек не дейді» секілді дүниелері жазылып, ақыры Мағжан өз кредосынан бас тартып, «Тоқсанның тобы» атты өлеңін жазуға мәжбүр болды. Біле білсек, бұл да ұлт әдебиетінің ғасырлар бойы келе жатқан дәстүрлі жолынан жаңылып, жаңа заман идеологиясының қол шоқпары болуға айналған жеңілісі. «Тұрпайы социологизмді» жақтаушыларды айтақтап қойып, соның негізінде өз үстемдігін құруға жанталасқан маркстік-

лениндік идеологияның жеңісі. Әдебиетті өз идеологиясын жырлатуды, ғылымда өз әдіснамасын қолдануды толық талап еткен партиялық саясаттың 1925 жылғы «Партияның көркем әдебиет саласындағы саясаты» деген қаулысынан кейін бар билікті өз қолына алуы еді. Кейінде «түрі ұлттық, мазмұны социалистік» деп келгенімізбен екеуі космополиттік, социалистік болған әдебиетті жасаудың алғашқы негізгі осы 1920 жылдардың соңында қолға алынды.

Ол біз енді ғана біліп, енді ғана көңіл аударып жатқан 1920 жылдардағы поэзияда ұраншылдық, үгіт-насихаттың басым болуын, әдебиеттің саясат қол шоқпарына айналып бара жатқанын тап басып тани білуі еді. Жаңа заманды, революцияны, оның жеңістерін жырлады деп келгеніміздің көбі науқандық тақырыптарды жырлау болғанын, әдебиет ауылынан көп алыс жатқанын енді біліп отырмыз. Кәмпеске тұсында халық жер ауып, артынша жартысы аштықтан қырылып жатқанда «коллективтің жырын айтып» кеткен қазақ поэзиясы тап тартысының қағидалы қалыбынан шықпай, жасқаншақ, жалтақ күйге түскені тарихи шындық қой. Сол науқаншыл үгіт-насихаттың арты қайда апаратынын білген Қ.Кемеңгерұлы: «Шынында, біздің көркем әдебиет қоғам тұрмысын шет-пұшпағынан тартып жүр. Сол шет-пұшпақтың өзін көбінесе кейбір жазушылар романтизмге, символизмге айналдырып отыр. Кейбір жазушылар не үгітке, не жалаңаш порнографияға айналдырып отыр. Осы күнге дейін шын реализммен жазылған Бейімбет өлеңдері (мұның да біразы үгіт, насихат, ұран) шын реализмнен қоныс теппеу себебі не? Шын тұрмыстың бәрін қисайтып жібергендік», - деп жазады [9]. Автордың айтайын деп отырған ойы түсінікті. Әдебиеттің ұран, үгіт-насихатқа салынып өмір шындығын «қисайта» суреттеп отырғандығын әдеби-теориялық ой-

пікірдегі көркемдік әдіс ұғымымен сабақтастыра көрсетіп отыр.

Қошкенің мақаласындағы ой «Тікен» деген жасырын атпен жазған автордың «Әдебиет мәселесі туралы» атты мақаласында өз жалғасын тапқан. Пролетариат әдебиетін құрып жатырмыз деп жүрген төңкерісшілдердің шығармаларының көркемдік деңгейінің өте төмен екені айта келіп: «Октябрь төңкерісіне орта жолдан қосылған жазушыларымыз шу дегенде балға, төс, фабрика, завод, автомобиль, аэропланнан бастап, жалпы бұқараның тұрмысынан алыс болса да интернационализм бағытымен әдебиетке бір тарау жол салды. Міне, бұл - төңкерістің олжасы. Бұл жолдағылардың бағыты болмаса, өлеңдерінде, қара сөздерінде суретшілік кем. Көбі айқай, еліктеу, әдеби ұрлық», - деп жазуында шындық жатыр. Әдебиеттің халық өмірінен, заман шындығынан алыстауының түбі көркемдік дамуды дағдарысқа ұшырататынын нақты дәлелдейді де: «Тоғыз қабат тас үйді, қаңғыр-күңгір заводты, әуені шарықтаған аэропанды жырлағанша, қазақтың қара лашық үйін, жер ошағын, майсыз арбасын, бақырауық түйесін жырлаған жақсы», - деген талап қояды [10]. Бір жақты айтылғанымен автордың әдебиеттің халық өмірі мен мүддесін жырлауы қажеттігін теориядағы халықтық ұғымына сай түсіндіруге ұмтылғаны мақаладан анық сезіледі.

Қошке мен «Тікенді» толғандырған ұлт әдебиетінің ұран мен үгітке ауысқан көркемдік деңгейі Ж.Аймауытұлын да бей-жай қалдырмады. Мезгіл жағынан алғанда, бұл мәселеге алғаш үн қосқан Ж.Аймауытов болды. Өзінің «Көркем әдебиетті саралау» атты мақаласын жазып, төңкерісшілдердің пролетариат әдебиетін жасаймыз деген даурықпасын сынап, оларға әдеби-теориялық тұрғыда баға береді. Ұлт әдебиетінің келешектегі дамуы үшін жаны қиналған Жүсіпбек:

«Төңкерістен кейін қазақ өлеңшілері, жазушылары көркем сөздің не екенін білмегендіктен, әйтпесе өнері жетпегендіктен не болса соны баспаға түсіріп, көркем әдебиеттің құнын түсіріп барады. Төңкерістің алғашқы екпінінде айғай сөз, үгіт жарастықты еді. Сән болып еді. Төңкеріс сабасына түскен заманда алғашқы айғаймен жүре беру келіспейтін кінәратты нәрсе. Дәмсіз, кенеусіз сөзбен қандай әдебиет болса да туғыза алмаймыз», - деп жазады. Автордың «көркем сөздің не екенін білмегендік пен өнері жетпегендікі» атап көрсетуінде мән бар. Шынында да төңкерісшілдердің әдеби-теориялық білімі мен акындық таланттылықтың кемдігі, «бесікте жатқанда да тап деп жатқанын» жырлаған тап деген тар тақырыптың аясынан шыға алмай қалуына басты себептердің бірі болғаны белгілі.

Өз ой-толғамдарын «Талқыға» деген айдармен жазған «Әдебиет мәселесі» («Ақ жол», 1925, 1 сәуір) атты мақаласында әдебиеттің қандай дәуірде екенін әдеби ағым мен көркемдік әдісті теориялық тұрғыда зерттеу арқылы анықтау мақсатында жалғастыра түсті. Ол үшін «Қазақ әдебиеті көгерсін, гүлденсін десек, жалаң тап көзімен, не саясат көзімен қарап сыңаржақ кетпей, Маркс көзімен (диалектика әдісімен) сынау керек» деп ескертіп алуы заңды. Бұл біріншіден, автордың теориялық көзқарасының «тұрпайы социологизмнің» тапшылдығы мен саясатшылығынан аулақ екенін байқатса, екіншіден, өз үстемдігін құруға ұмтылып жатқан маркстік-лениндік әдіснаманың талаптарына ыңғайлана бастағанын сездіреді.

Ж.Аймауытұлы төңкерістің қазақ әдебиетіне «үгітті желдеткен үндеу, екінші жағынан уайым, қайғы, торығу кіргізгенін» тілге тиек ете келіп, әзір қазақта тап ақыны жоқ деген тұжырымға келеді. Оның басты себебі, қазақ жазушылары төңкеріске жолдан қосылды деп табады да, «әдебиеттің бір қанаты төңкеріс рухымен суарылса, екінші

қанаты ұлтшылдықпен суарылып қалған» деп көрсетеді. Одан әрі осы төңіректе ой өрбіте келіп, соның негізінде: «қазақ әдебиеті қазір күйректік (сентиментализм), сарындамалық (романтизм) дәуірінде болуға тиіс. Ендеше санашылдықтан да (идеализм) құтыла алмайды. Нағыздық (реализм) дәуір қазірге аналардай қабыса қоймас», - деген қорытындыға келеді. Автор бұл пікірін ғылыми-теориялық тұрғыдан нақты мысалдармен дәйектемеген және ол алғаш сөз етіліп отырғандықтан мүмкін де емес еді. Қазақ әдебиеті көркемдік тұрғысынан келгенде қазір романтизм дәуірінде деген пікірін алға тарта отырып, әдеби ағым жағынан келгенде сентиментализмде, онда идеализм де бар, ал реализмнің жолы шектеулі деген тың көзқарасы - әдеби-теориялық ой-пікірдің бұл саладағы ізденістеріне айқын дәлел. Автор пікірін нақтыласақ, қазақ әдебиетінде екі ағым мен екі әдіс өмір сүріп отырғанын және олар өнердің даму заңдылығына орай көрініс тапқандығын ғылыми тұрғыда негіздеуі көңіл аударарлық.

Бұл жерде алдын ала ескерте кететін бір жай бар. Мәселе қазақ әдебиетінің көркемдік әдіс пен әдеби ағым тұрғысынан келгенде қандай дәуірде екені дұрыс не бұрыс айқындалуында емес. Олардың ұлт әдебиетінде көрініс табуын сын мен әдеби-теориялық ой-пікір ғылыми зерттеу нысанасына алуында. Сонымен қатар, сол әдеби ағымдар мен әдістердің барлығы бірдей әдебиетімізде көрініс тапты деген де сөз емес. Бұл - қазақ әдебиеттану ғылымындағы теория саласында толық зерттеліп бітпеген проблема. Оның басты себебі, 1920 жылдардағы ағым мен әдіс мәселесіне барсақ, бұқарашыл, яғни ұлтшыл атанған ақын-жазушыларға жолап кететін болған соң кеңес дәуірінде жылы жауып қойдық. Алда-жалда айта қалған жағдайда «қазақ әдебиетіне әр алуан дертті: ыңырана күңіренуді, мистиканы және жұртқа жат электизмді (әркімге еліктегіштікті), декаденттікті екпек болғандардың»

(М.Әуезов) тарих сахнасынан аласталуы зор табыс болғанын айтумен шектелдік. Бұл саладағы зерттеу жұмыстары енді ғана қолға алынып жатыр, бір өкініштісі, жеке ақын-жазушылар шығармашылығына байланысты ғана жүргізіліп жатқан жайы бар.

Ж.Аймауытұлының көрегендікпен бастаған ойлары Ж.Сәрсенбин «Әдебиет мәселесі туралы» («Ақ жол», 1925, 10 сәуір) мақаласында жалғасын тауып, Жүсіпбектің «қазақта тап ақыны жоқ, олар төңкеріске жолдан қосылған» деген пікірін қолдай келе, төңкеріс өз ішінде болған орыс әдебиетінің өзі неше түрлі ағымдар мен әдістерге бой алдырып отырғанына тоқталады. Автордың орыс жұмысшысы мен қазақ кедейінің мүддесі әдебиетте бірдей дәрежеде суреттелуі мүмкін емес екенін айтуы - көңіл аударарлық пікір. Соның негізінде қазақ әдебиетінің қандай дәуірде екенін анықтау мақсатында: «Қазақ әдебиеті қазір күйректік (сентиментализм), санашылдық (идеализм), сарындамалық (романтизм), нағыздық (реализм), көп измнен құралған қырық құрау деуге болады. Мұның ішінде реализмді заманға үйлесі бар десек те, қазақтың салт-санасы, тұрмысы әзірге қайшы келуі анық. Соның үшін романтизм мен сентиментализмді әдебиетте қолданбай отыруға әзірге мүмкін емес. Сентиментализм онша ұзаққа созылуы екі талай. Бірақ, қазақтың қазіргі тұрмысында романтизм көпке дейін әдебиетке кіреді. Түбінде реализм романтизмді жеңуі мүмкін. Оған әлі күн ілгері, түрлі жағдай керек. Сол себепті қазіргі әдебиетте көбірек романтизм қуаттырақ шығуы мүмкін», - деген өз ойын ортаға салады.

Осы ізденістердің барлығы бірдей оң бағытта бола бермеді. «Тікен» деген автор әдеби ағым мен көркемдік әдіс проблемасына баспасөз бетінде ерекше көңіл аударылуына күмәндана қарап: «Сентиментализм, романтизм, реализм секілді бастарындағы қиялдарын

өмірге, әдебиетімізге әкеліп жапсырмақшы шығар, тексеріп көру керек» («Ақ жол», 1925, № 566), - деген ойдың жетегінде өз көзқарасын білдіруге ұмтылады. Мақаладан сезілетін эстетикалық таным-біліктің шамалылығы мен тұрпайы социологизмнің солақай бағыты авторға бұл мәселе туралы ғылыми танымдық тұрғыда пікір өрбітуге мүмкіндік бермеген. Қазақта тап ақыны жоқ дегені үшін бұқарашылдарды да, тап ақыны бола алмай жүргені үшін Сәкен мен Сәбитті де «сыныржақ» сынның астына алған. Ал пікірталас өзегі болып отырған ағым, әдістерге келгенде Ж.Аймауытұлының пікірін қайталап беруден әріге бара алмаған. Салыстырып қарағанда ол айқын көрінеді. «Қазақ әдебиеті қазір сиырдың бүйрегіндей құранды: күйректік (сентиментализм), санашылдық (идеализм), сарындамалық (романтизм), нағыздық (реализм) - бәрі бар. Реализм заманға қабысқанымен, күншығыс қанды қазақ табиғаты, жалпы тұрмысы жеке реализмді көтермейді. Ал реализм мен сентиментализмнен қол үзуге болмайды», - деп жазғанынан ешқандай тың ой байқалмайды.

Түйіндей айтар болсақ, Ж.Аймауытұлы өзінің сыншылдық және зерттеу мақалалары арқылы сол кезеңдегі ғылыми-зерттеушілік ой-пікірді ізденімпаздығымен, теориялық көзқарасының тереңдігімен байытты. Сол арқылы ұлттық әдебиеттану мен сынының қалыптасу дәуірінде білімдарлығымен ерекшеленетін тұлға деген бағаға лайықты дарын екеніне көз жеткіземіз. Көрнекті дарында тек әдеби шығармашылығымен ғана бағалау аздық ететіні түсінікті. Оған халық ағарту саласындағы оқулықтары мен көсемсөз мақалалары да дәлел.

- 
1. «Абай» журналы 1918, №15.

2. «Қазақ» газеті. 1914, №113.
3. «Шолпан» 1923, №5.
4. Жұмабаев М. Шығармалары. Алматы: Жазушы, 1989. 447 б
5. Абдрахманов С. Біздің Пушкин. Алматы, 1999.
6. Қазақ әдебиетінің тарихы. Алматы: Ғылым. 1967.
7. Елеукенов Ш. Мағжан Жұмабаев. Алматы, Рауан, 1991.
8. Казахская литература. Литературная энциклопедия. Т. 5. - М.: Изд-во Коммунист. Акад., 1931, - С.18-22.
9. Кеменгерұлы Қ. Көркем әдебиет туралы. Еңбекші қазақ, 1926, №181.
10. Ақжол, 1925, 1 мамыр.

2014 ж.

## **ТАЛАНТТАРҒА ТАҒЗЫМ**



## Талантқа табыну бар да таныту бар

### **Е.А.БӨКЕТОВ ЖӘНЕ КӨРКЕМ АУДАРМА МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Қазақстан ғылымындағы көрнекі тұлға, СССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, СССР Жазушылар одағының мүшесі. Қазақ ССР Ғылым Академиясының академигі, атақты ғалым Е.А.Бөкетов жайында сөз болғанда, оның ғылым жолындағы негізгі зерттеу нысанасы болған металлургия мен химия саласындағы сіңірген еңбегіне қарай бағалау басым екені көрінеді. Ол – негізінен алғанда, дұрыс та әділ айтылған баға. Бірақ, біздің ойымызша, Е.А.Бөкетов – сегіз қырлы, бір сырлы тума талант. Ол – металлургия мен химия саласындағы білгір де білікті маман-ғалым, ұлағатты ұстаз, парасатты басшы ғана емес, сонымен қатар өз тұсындағы қазақ әдебиеті мен көркем аударма саласында салиқалы ой-пікір айта білген әдеби сыншы, аудармашы. Академик З.Қ.Қабдолов бұл турасында былай деп жазады: «Е.А.Бөкетовтің мақсаты мен мүддесі сала-сала. Оның алдында қос рельсті қатар жасалып екі тарам жол жатыр: ғылым жолы, әдебиет жолы. Қай жолмен көбірек жүрген дұрыс? Біздіңше екі жолды қатар басуы керек. Селен мен өлең арасын бұрынғысынша шексіз жалғай беру шарт» (1). Міне, осы айтылғандай Е.А.Бөкетов өз өмірінде осы екі жолды қатар алып жүріп, елеулі еңбектер қалдырды, көркем әдебиет пен аударма саласында аудармашы, әдебиетші ретінде де таныла білді десек артық айтқандық емес.

Қазақ өнері мен әдебиетіне, мәдениетіне ерекше ықыласпен қараған Ебекең қазақ әдебиеті тарихы мен теориясының күрделі мәселелерін шешіп беруге арнайы ат салыспаса да, елеулі тұлғалардың шығармашылық жолы

туралы әдеби зерттеушілік тұрғыда талдаулар жасап, өз көзқарасын білдіріп отырды. Е.А.Бөкетовтің сын мен әдебиеттегі еңбегінің бастауы З.Қ.Қабдолов айтқандай, «селен мен өлеңді бөле қарамағанымен, «Абай жолын» жастанып жатқан» кезеңдерінен үлкен арнаға ұласты деп ұққан абзал.

Е.А.Бөкетовтің сын мен көркем әдебиет саласындағы әдебиетшілер қауымын елең еткізген еңбегі көркем сөз шебері Ғ.Мүсіреповтің шығармашылығы туралы білімдарлықпен сөз ете отырып, «Оянған өлке» романына әдеби талдау жасаған мақаласы еді. Әдеби-зерттеушілік мәні анық көрінетін бұл мақалада Ғабен шығармаларын зерттей оқып, зердеге түйген әдебиетшіге тән ғылыми ой арқау болған. Ғ.Мүсірепов сомдаған образдарды, «Оянған өлкедегі» характерлер қақтығысын сөз ету барысында бүкіл адамзаттық гуманизм идеялары төңірегінде айтылған ой-пікірлер ғылыми-зерттеушілік сипатымен ғана емес, сонылығымен де ерекшеленеді.

Академик Е.А.Бөкетовтің қазақ әдебиеттану ғылымындағы әдеби-сыншылық, ғылыми-зерттеушілік ой-пікірде өзгешеліктен көрінгені заңғар жазушы М.Әуезовтану саласындағы еңбектеріндегі ұлылыққа тән сипаттағы ой-тұжырымдары дер едік. Бүкіл әлем мойындаған М.Әуезов туралы, «Абай жолы» эпопеясы туралы көптеген пікірлер айтылды, жан-жақты зерттелді, баға берілді. Солардың көбінде Мұқанды классик жазушы, суреткер т.б. деп бағалау басым. Е.А.Бөкетов М.Әуезовті ең біріншіден, ақын деп таниды. Бұл француз жазушысы Луи Арагонның «Мұқтар Әуезов – біздің заманымыздың ең ұлы ақындарының бірі» деген пікірін жадағай қайталау емес. Өз халқының ақынжандылығы мен өнерге құштарлығын, асқақ сұлулыққа деген талғамын жақсы білген. Е.А.Бөкетов Абай секілді ұлы ақын туралы роман-эпопеяны, ондағы Абай бейнесін тек қана ақын деп қана

жаза алады деген көзқараста қарайды. С.Шипачевтің «Нью-Йорк» өлеңінің шығу тарихы туралы М.Әуезовтің естелігін келтіре отырып жазған мына бір пікірі, оны нақты дәлелдейді.

«Бұл жерде арнайы атап айтарлық бір жайт бар, ол - Әуезовтің асқан ақын екендігі. Қазақ халқының ұлы жазушысы М.О.Әуезов тұрмысында сұлу сезімнің адамы, сондықтан өмірдің, болмыстың, табиғаттың кез-келген құбылысын ол сезімсіз түсінбеген, тек қана сұлу ой мен образ арқылы қабылдайтын адам болған. Бұл – шынында да керемет қасиет. Мұқаң керемет ақын болғандықтан ғана саудагер қаланың сараң кейпіне бай теңеу, бейнелі сөз, сұлу салыстырулар тауып, табан астында өмірді өлеңге айналдырып жіберген» (1). М.Әуезов әңгімелерінің көркемдік мәні мен нәрі, шығармашылық өмірдегі іздену, өсу, толысу жолдары туралы айта келіп, «Абай жолы» эпопеясын көркем әдебиеттегі көрнекті құбылыс, Абай рухына арналған ұлы ескерткіш деп бағалаудағы пікірлер көңіл аударарлық.

Атан қомында туған ұрпақ өкілінің бірі ретінде М.Әуезовтің қазақтың ұлттық мәдениеті мен өнерінде, әдебиеті мен ғылымында сіңірген зор еңбегінде қысқа да болса нұсқа баға бере келіп, халқымның ұлы перзенті деп мақтан тұтады, талантына табынып бас иеді. Сірә, ұлылықты тани білу үшін, сол ұлылыққа тән қасиет те болуы керек шығар.

Е.А.Бөкетовтің Мұқаң туралы осы еңбегінде назардан тыс қалып келе жатқан елеулі бір мәселеге тоқтала кеткен. Ол – Абай өлеңдерінің басқа тілдерге аударылуы. Абайдың басқа халықтың рухани өмірінде ұлы тұлғасына сай орын алу-алмау себебі өзіне лайық аудармашының болмауында деуіне түгелдей келісуге болады. «Өзге тілдің оқырманына Абайды өз мәнінде жеткізу үшін ең алдымен аудармашымыз Абайға тең ақын болуы керек... Абай

Пушкинді аударды. Сонда. Абай аудармаларының көркемдігі, әсемдігі, көңілге қонымдылығы неде дейсіз? Бұл түсінікті: данышпанды данышпан аударған» деп жазуында үлкен шындық жатыр (1). Абай шығармаларының өз мән-мағынасында әлемге танылуы Е.А.Бөкетовтің бұл еңбегі жазылғаннан кейінгі жиырма жылдан соң Абайдың 150 жылдық тойын бүкіл әлем болып ЮНЕСКО көлемінде мерекелеу барысында ғана біршама жүзеге асты дер едік. Бұл да Е.А.Бөкетовтің өз ұлтының көркем әдебиетінің абырой-беделінің танылуы жолындағы кемшілікке жаны ауыра алатын сұңғыла зерделігінің белгісі десек, артық айтқандық емес. Қазақ халқының тарихы мен ұлттық намысы туралы сөз қозғағанда «ұлтшыл» деген таңба басып қалар ма екен» деп жалтақтатқан кеңестің идеология саясатының кезі емес пе еді, талай шындық айтылып, көрнекті тұлғаның көркем өнер мен әдебиет саласындағы өзіндік қосқан үлесі бағаланбады ғой. Осы жерде бұл еңбектегі Е.А.Бөкетовтің шын мәніндегі әдебиетші ғалым ретіндегі тұлғасын айқындайтын тағы бір ерекшелігіне көңіл аудармасқа болмайды. Автор «Абай жолы» эпопеясы, Абай бейнесі туралы ой-толғамдарында сол кездегі ғылыми-зерттеушілік ой-пікірде үстемдік құрған маркстік-лениндік методологияның әдебиеттің таптығы, халықтығы, партиялылығы жайындағы қағидаларына байланысты бірде-бір пікір білдірмеген. Ал шынына келсек, бүкіл одақтық және қазақ әдебиеттану ғылымында роман-эпопеядан тап тартысының белгісін үңіле іздеп-тауып, көпірте дәріптегенімізді жасыруға болмас. Әрине, біз бұл жерде Е.А.Бөкетовті сол кезеңдегі бүкіл кеңестік әдебиеттанудың үстемдік құрып отырған қағидаларына қарсы шығып, бітіспес күрес жүргізді дей алмаймыз. Мәселе ғалым ретінде «Абай жолы» эпопеясы туралы таптаурын болған ізбен жүрмей, өз түсінігі мен көзқарасы

негізінде жаңа соқпақ салуға деген ұмтылысында жатыр. Ғалым пікірі өз кезеңінде еленді ме, еленбеді ме, оны білмейміз. Мүмкін маркстік-лениндік әдіснаманың қасаң қағидаларын ту етіп көтерген зерттеушілік ой-пікір қағаберіс қалдырған да шығар. Қалай дегенмен бе Е.А.Бөкетов әуезовтану іліміне өз үлесін қосқаны анық. Бұны көркем шығарманы өзіндік таныммен ғана ұға білгендік, ғылым жолында терең білімдарлыққа сүйенген салиқалылық демеске болмайды. Егер «ғалымның хаты өлмейтін» болса, Е.А.Бөкетов өз кезеңіндегі науқандық қана ой дәрежесіне емес, келешектегі тарих таразылар шындыққа сүйенгендігін анық байқаймыз.

Е.А.Бөкетовтің қазақ өнеріндегі мен әдебиетіндегі елеулі еңбегі – көркем өнер аударма саласындағы қалдырған мұрасы. Зерттеу нысанасы әдебиеттен алыс ғылым саласындағы зерттеу еңбектерімен шұғылдана жүріп, Э.Золяның бір топ әңгімелерін, И.Вазовтың «Бұғауда» атты атақты романын, В.Маяковскийдің «Қандала», «Жақсы» атты шығармаларын, С.Есениннің «Анна Снегина» поэмасын қазақшаға тәржімалады. Еврепидтің «Медеясы» мен В.Шекспирдің «Макбетін» қазақ театрының сахнасында сөйлетті. В.Шекспир сияқты әлем әдебиетінің классигі драматургиясына М.Әуезовтен кейін ешкімнің жүрегі дауалай қоймағаны да белгілі. Бұл – нан табар кәсіпкерлік үшін емес, шығарма авторының туындыда айтар ойы мен бүкіл болмысын түсіне отырып, шын ынтамен беріле жұмыс жасауды талап ететін шығармашылық процесс барысында жүзеге асқан жаңқиярлық еңбектің жемісі. Сөз реті келгенде, айта кетейік, Е.А.Бөкетовтің көркем аударма саласындағы творчестволық процестегі ізденістері мен түпнұсқа және тәржіма мәселесіндегі аудармашылық еңбегі қазақ әдебиеттану ғылымында арнайы зерттеуді қажет ететін өзекті тақырыптың бірі екені анық. Сол себептен де бұл

шағын мақаламыздағы аудармашылық еңбегінің қырсырын толық қамтып, жан-жақты тоқталу мүмкін емес болғандықтан, тек тәржімә туралы ой-көзқарастарын ғана қарастырумен шектелдік.

Академик Е.А.Бөкетовтің аударма туралы мақалаларында атақты аудармашы, ақын В.А.Жуковскийдің «Прозаны аударушы – автордың құлы, поэзияны аударушы автордың бәсекелесі», - деген пікірін қайта-қайта келтіруі тегін емес. «Бұл сөздер, - деп нақтылайды Е.А.Бөкетов – аудармашы – ақынға зор сын, зор жауапкершілік алдында тұрғанын, ұлы ақынның асыл қазынасын басқа тілге аудару үшін аудармашының өзі шебер, талантты ақын болуы керек екенін дәлелдейді». Көркем аудармада, оның ішінде поэзияда ұлы ақын шығармасын тәржімалағанда стиль мен ритмиканы, ой мен бейнені дәлме-дәл келтіруге ұмтылу қажеттігін басты мақсат тұту керектігіне баса көңіл аударған. Аудармашының не себептен ақынның бәсекелесінің ғалым жан-жақты түсінген және аудармаларда іс жүзінде дәлелденген. «Поэзиядағы сөйлемдер дәлме-дәл ешқашанда аударыла алмайды, поэзиядағы образдардың кейбірі түпнұсқадағы образдан айрықша болып кетуі мүмкін, буын саны, жол саны да өзгеріп кетуі мүмкін. Бірақ, тек осы ауыр творчестволық еңбек тек осы ақындық азап кейде аудармашы ақынды автордың бәсекелесі етіп, оның қатарына жақындатуы мүмкін. Жуковский мен Лермонтовтың, Абайдың кейбір аудармалары түпнұсқадан кем түспеуі – ұлы ақындарды басқа тілге аудару шын творчестволық процесс екенін танытады», - деп жазу да осының айғағы (1).

Қазақ әдебиетіндегі көркем аударма туралы арнайы зерттеулер жазған ғалымдар, нақты айтсақ, аударманы әдебиеттанудың нысанасы ретінде қарастырған С.Талжанов, З.Тұрарбеков (2), ал лингвистикалық тұрғыда зерттеген Ө.Айтбаев, Ә.Сатыбалдиев, Ж.Жақыпов (3) және

т.б. тәржімалаудың негізгі үш түрі бар екенін айтады. Олар – еркін аударма, сөзбе-сөз аударма және дәлме-дәл аударма. Е.А.Бөкетов өз аудармаларында және ол туралы ой-көзқарастарында дәлме-дәл тәржілауға басты мән берген. Дәлме-дәл тәржімаға жету үшін ақынның аударуға алған шығармасын ғана емес, бүкіл шығармашылық жолын, ақындық кредосын жан-жақты зерттеп, болмыс-бітімін түгелдей түсініп барып кірісуді қалағанын аңғару қиын емес. Мысалы, В.Маяковскийдің «Жақсы» поэмасын аударуға барар жолда жазған «Қос алып» атты мақаласында орыс поэзиясының құдіретін түсіну мен түйсіну және сезіну жатыр. Орыстың екі ұлы ақыны А.С.Пушкин мен В.Маяковский лирикасындағы үндестікті, тарихи сабақтастыққа негізделген дәстүр жалғастығын сөз еткен уақытта, орыс поэзиясының қыр-сырын ұғынуға деген танымдық көзқарас көрінеді. Бұдан В.Маяковскийдің «Жақсы» поэмасын аудару үшін творчестволық процеске апаратын терең мәндегі ғылыми барлау бар екенін айқын көруге болады. Мысалы, ұлы Пушкиннің мына бір өлеңінің Е.А.Бөкетов жасаған аудармасына назар аударып көрелікші.

Қараңғы түн ұйқылы...  
Мен ғана ояу төсекте  
Сағаттың сыңғыр тықылы  
Уақытты тұр есептеп.  
Жапырақтың сыпсың күбірі  
Ұйқылы түннің қыбыры,  
Тышқаншы тірлік таласы...  
Тынышымды неге аласың?  
Осы бір сыбыр, بازیна  
Күнімнің үзген қарасын  
Реніші ме, назы ма?  
Қол бұлғаған жұмбақсың  
Не тілеп, не алмақсың?

Арманым – ұғу қырынды,

Арманым – ұғу сырынды.

Аудармашыда А.С.Пушкин арқылы орыс поэзиясының өзіндік ұлттық ерекшелігіне, ондағы ой мен сезімнің бірлігі мәселесіне үңілуге деген мақсат анық байқалады. Немесе, осы мақаладағы В.Маяковскийдің «Жылқыға қарсы көзқарас» атты өлеңінің аудармасын алып қараңыз. Онда жырланып отырған тақырыпты ақынның тура өзі секілді сезіну «өмірдің әрбір шағының өз ерекшеліктеріне байланысты терең де нәзік сырлар пернесін де қозғауға деген шеберлігін» (Е.А.Бөкетов) тап басып тану үшін ұмтылған аудармашыға тән бәсекелестік жатыр. Осы жерде айрықша атай кететін мәселе: мақаладағы Пушкин мен Маяковскийден аударылған 15 үзіндінің барлығын да Е.А.Бөкетов өзі аударған. Тек бір жерінде ғана І.Жансүгіров аудармасын пайдаланған. Бұл дегеніміз В.Маяковскийдің «Қандала» пьесасын аударғаннан кейіннің өзінде «Жақсы» поэмасын тәржімалауға барар жолдағы шығармашылық ізденіс, әдебиет пен ақын алдындағы үлкен жауапкершілікті сезіну емес пе?!

Кенес дәуіріндегі орыс поэзиясы өкілдерінен қазақ көркем аудармасына ең көп аударылғандардың бірі В.Маяковский десек, ол артық айтқандық емес. Кезінде қазақ әдебиетіндегі В.Маяковский дәстүрін зерттеген ақын, ғалым С.Сейітов бұл мәселеге көңіл аударар келіп, ақын поэзиясын аудару көптеген қиындықпен келетінін атап өткен болатын. Мәселе Маяковскийдің революцияшылдығында ғана емес, футурист ақын екендігінде. Ал футурист ақынды аудару қиынның қиыны екені белгілі. Себебі, футуризм ағым ретінде танылғанмен, көркемдік әдісте көбіне сыншыл реализмді ұстанатыны айқын. В.Маяковский футуризмін кезінде Ф.В.Тютчев те қатты сынға алған-ды. Ырғақ пен екпіннің басым болып келуі, сезімге қарағанда ой басым жатуы, қазақ өлеңінің

құрылысы мен табиғатына келе қоймағаны рас. Футуризмді 1920 жылдары төңкеріс дабылы ретінде алған С.Сейфуллин болмаса, басқа ақындар футуризммен жарытып көңіл аударарлық ештеңе жаза қойған жоқ. Содан да болар Маяковский мен Сәкеннен қанша үлгі алғысы келгенімен сол кезеңдегі қазақ ақындары футуризмді ұлттық әдебиетімізге орнықтыра алмады. Ол тек 1920 жылдар поэзиясы еншісінде. Оның өзінде там-тұмдап. Ендеше орыстың А.С.Пушкин, Ю.М.Лермонтов секілді классиктері, одан да басқа кеңес дәуіріндегі ақындар тұрғанда Е.А.Бөкетов оған неге барып отыр деген сұрақ туындайды. Біздің ойымызша, оның себебі өзінің аудармашылық шеберлігін әр қиырға салып шындап көруінде жатыр. Аудармашыда мына ағымдағы ақынды аударма аламын, басқа ағымдағы қаламгерді аударуға шамам келмейді деген ұғым болмауға тиіс.

«Маяковский сияқты ұлы творчество иесін басқа тілге жеткізу үшін аудармашы өзінің творчестволық лабораториясын Маяковский творчасына әбден бейімдеп. Маяковскийдің ритімін, шолақ жолдарын, өлең ырғағын көп жаттаудың, дауыстап оқудың арқасында әбден ұғып алуы тиіс, екіншіден, түпнұсқадағы көркемдік кестелерге өз тілінде балама, жақын кестелер табу үшін өз творчасындағы мол тәжірибеге сүйенуге тиіс», - деп жазуы тегін емес. Өзінің «Тәржіма туралы ой» мақаласында Маяковскийді қазақша сөйлетудегі ізденістер мен іркілістерге, сәттіліктер мен кемшіліктерге талдау жасаған. Е.А.Бөкетовтің әсіресе, қатты көңіл бөлгені – ақын өлеңдеріндегі марштық ритм сақталғанымен, мазмұнына қарама-қарсы мән беретін ұғымдарға ауысып кету мәселесі. Оның басты себебі түпнұсқаны түсінбеу ғана емес, ақын лирикасының басты ерекшеліктерін білмеуден деп таниды. Қ.Бекхожин, Т.Жароков, Ғ.Орманов т.б. аудармаларына ғылыми тұрғыда салыстырмалық

мәндегі талдау жасауда табыстар мен кеткен қателерді нақты мысалдармен дәлелдейді. Оған Маяковскийдің мына бір жолдарын аударудағы кемшілік туралы айтқанын келтірсек те жетеді.

«Әй!

Пуанкаре!

Возьми нас...

Чорта!»

Маяковский біздің еліміздің жауы Пуанкареге «Бізді алуға шамаң келмейді» деп отырса, аудармашы былай дейді:

«Әй,

Пуанкаре!

Ал біздерді

Шайтандарды!»

Қысқасы, аудармашы «біз шайтанбыз» деуге дейін барған. Өлең бастан-аяқ осындай түсінбеушілікке құрылған», - деген сынның нақтылығы анық көрініп тұр (1). Аудармашылардың көбі жеңіл жол іздеп, түпнұсқаның көркемдік ерекшелігін назардан тыс қалдырып кетуі туралы келтірілген бұлтартпас дәлелдер мақала авторының, тәржіма жасауда үлкен ақындық шабыт қажеттігін толық түсінгенін байқатады.

Мақаланың айрықша маңызды жері – В.Маяковскийдің атақты «В.И. Ленин» поэмасын қазақшалаған Т.Жароковтың нұсқасына әдеби-теориялық тұрғыда ғылыми талдау жасаған тұсы. Т.Жароковтың ақын өлеңдерінің ішкі қуатын, ритм-ырғағын жақсы сезгенін ризашылықпен бағалай келе, кейбір сәтсіз аударылған шумақтардағы кемшіліктің негізгі себептерін ашады. Яғни, түпнұсқаның мазмұнын түсінбеу мен ақын екпін түсірген өзекті сөздің мәнін аңғармаудың аудармаға тигізетін әсерін бірнеше мысалдар арқылы дәлелдеп берген. Маяковскийдің «мен жолдың аяғына ең өзекті сөзді қоямын да, сол сөзге не де болса ұйқас

табамын» деген пікірінің мәнін, аудармашы дұрыс қолданбаған «қаламұш» және «публицистика» сөздерінің дәл мағынасында берілмеуін көрсету арқылы ашады. Ондайда мақала авторы «аудармашы түпнұсқаны түсінбеген, сондықтан мынандай былдыр-батпақты оқимыз. Мұндай аудармаға төзуге болмайды. Бұл ұлы ақынның ойын, ақындық творчествосының принципін бұрмалайды, Маяковскийдің өзекті сөзін ескермеу аудармашыны қатты қателерге соқтырып отырады», - деп түйін айтып, тұжырымдап отырған.

Қорыта айтқанда, академик Е.А.Бөкетов аударма жасау «заказ» ретінде берілген тапсырманы орындау немесе «еріккеннің ермегі» деп түсінетіндерге ашық қарсы шыға отырып, тәржіма жасау деген үлкен өнер деп ұққан және өз аудармаларында осы талап-талғам деңгейінде көрінуге ұмтылған. Біздің сөз еткеніміз академик ағамыздың бір қыры ғана. Алдағы уақытта жазушылық және аударма саласындағы шығармаларын, әдеби-сын зерттеуде қалдырған мұрасын жүйелі түрде жан-жақты зерттеуді қолға алсақ, нұр үстіне нұр болары анық. Сонда ұлттық әдебиеттану ғылымындағы ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдегі сыншы-әдебиетші, көркем аудармадағы шебер тәржімашы, көркем әдебиеттегі қаламгер ретіндегі тұлғасы айқындала түспек.

- 
1. Букетов Е. Атан қомында туған адам. Алматы, 1975
  2. Талжанов С. Көркем аударма туралы. Алматы, 1962; Тұрарбеков 3. Аударма туралы. Алматы, 1962; Әдебиеттер достығының дәнекері. Алматы, 1977.
  3. Айтбаев Ө. Аударма ғылымы және оның зерттелуі. Алматы, 1987; Сатыбалдиев Ә. Рухани қазына. Алматы, 1965; Жақыпов Ж. Аударманы аңдату. Қарағанды, 1993

1996 ж.

## ҒАЖАЙЫП ТАЛАНТТЫ ҚАРАПАЙЫМ АДАМ

Баска да қоғамдық ғылымдар секілді қазақтың ұлттық әдебиеттану ғылымының да бастан өткізген туу, даму, қалыптасу секілді кезеңдерге және творчестволық ізденістер мен іркіліктерге, ғылыми проблемаларға толы тарихи жолы бар. Бұл тұрғыдан келгенде қазақ әдебиеттану ғылымының туу, өркендеу жолын қазақ даласындағы ұлттық қоғамдық ой-сананың жан-жақты өсуіне орай сыншылдық-эстетикалық, зерттеушілік мәнге ие бола бастау, әдебиетке байланысты ұғымдардың қалыптасу, әдеби мұраны жариялау мен зерттеу процестерін кезеңдерге бөле отырып тексерудің практикалық та, теориялықта мәні зор. Белгілі ғалым, профессор Т.Кәкішев қазақ әдебиеті сынының туу, қалыптасу жолдарын нақты дәуірлерге бөле отырып зерттеу барысында сын мен әдебиеттану ғылымының сабақтаса, бірін-бірі толықтыра отырып дамитынын ескеріп, үлкен үш кезеңге жіктейді.

Бұл үш кезеңнің әдебиет туралы ұлттық ғылымының бастан өткерген тарихи жолына тікелей қатысы бар. Себебі, әдеби сын өзінің туу дәуірінен бастап-ақ ұлттық әдебиеттің тарихы мен әдеби теориялық мәселелері жайында пікір білдірмей тұра алмайды. Бұл туралы В.Г.Белинский «Орыс әдеби сынының тарихи жолы мен даму кезеңдерін шолу дегеніміз – орыс әдебиетінің тарихын еріксіз шолу» десе, орыс әдебиеттану ғылымының қалыптасу тарихын зерттеушілердің бірі П.А.Николаев: «Попытка систематического исторического обзора знаний о литературе первоначально осуществлялась на материале критики. Вместе с теорией и историей литературы критика составляет науку о литературе», - деп жазады.

Қазақ әдебиеттану ғылымын, ондағы әдеби-теориялық ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің даму процесін, әдіснамалық мәселелерін ғылыми тұрғыда жүйелі тексерген күрделі ғылыми зерттеу, монографиялық еңбек болмағанмен, бізде бұл мәселені арнайы да, жанама түрде де сөз еткен мақалалар мен еңбектер біршама баршылық. Әдебиет туралы ұлттық ғылымның туу, даму жолдары мен тарихының көптеген мәселелерін, келешек зерттеу жұмыстарына бағыт-бағдар беретін соны көзқарастарды қазақ әдебиеті сыны тарихын зерттеген еңбектерден көреміз.

Әдебиеттану ғылымының тарихын зерттеу дегеніміз - көптеген ғалым-әдебиетшілердің, сыншылардың көркем әдебиетті, оның тарихын зерттеу саласындағы жүргізген жұмыстарындағы көзқарастар сәйкестігі мен қақтығысын, әртүрлі бағыттар мен теориялардан тұратын әдіснамалық зерттеу әдістерінің ізденістері мен іркілістерін тексеру. Ал кез-келген ғылым саласының туып-дамуы үшін тарихи алғы шарттар қажет. Себебі, ғылым қоғамдық сананың формасы және білімдер жүйесінің жиынтығы ретінде адамзат қоғамының белгілі бір сатысында нақты практикалық дәлелдеулерден өткен ғылыми зерттеулер нәтижесінде ғана туу дәуіріне қадам басады. Бұны қысқаша түрде тарих алдындағы кезең деп атаса да болады. Әдебиет туралы ғылым тек өзінің негізгі пәні көркем әдебиет ұлттық сипатымен толық қалыптасқан дәуірден бастап қана көріне бастауға тиісті. Осы тарих алдындағы кезеңді әдебиеттану ғылымының арғы бастаулары, қайнар көзі санауымыз керек. Европоцентристік көзқараспен жоққа шығарылып келген осы тарих алдындағы кезеңді ұлттық әдебиеттану ғылымының бастауларын алғаш қарастырған профессор Т.Кәкішев болды.

Төңкеріске дейінгі сыншылдық-эстетикалық, ғылыми-зерттеушілік, әдеби-теориялық ой-пікірді жоққа шығарған европацентристік көзқарас 40-жылдардағы қате қаулылардың өзегі болып, ғылыми зерттеу жұмыстарын тығырыққа тіреп, әдебиеттің таптығы, принципі айрықша дәріптелді. Мысалы: «Қазақ халқының мәдениет тарихында әдебиеттану ғылымының тарихы әзірге қысқа. Бұл - жас ғылым. Ол «Әдебиеттік сын», «Қазақ әдебиетінің теориясы», «Қазақ әдебиетінің тарихы» деген салаларға бөлініп, енді дамып келеді. Қазақ әдебиеттану ғылымы құрылғанда, ол өзінің алғашқы туысымен, бүгінгі жеткен сатысымен, барлық бас-аяғын жинағанда түгелімен толық мағынасында Социалистік Ұлы Октябрь революциясының жеңісі болды. Октябрьден бұрынғы қазақ тарихында біз бұл жөнінде «өскен ғылым» дерлік мардымды мұра алғамыз жоқ», - деген секілді ой-пікірлер қазақ әдебиеттану ғылымы мен сынының арғы бастауларын зерттеуге көп уақыт қол байлау болып келгені рас. Қағидаға айнала бастаған көзқарасты бұзу оңай емес. Бұл бағыттағы ғылыми-зерттеу жұмыстарға алғаш қадам жасаған профессор Т.Кәкішевтің еңбегін, ұлттық тарихи тамырға қалам тартқан жылт еткен бір ой болса «ұлтшылдық» деп байбалам салып шыға келетін кенестік идеология кезеңінде, үлкен ерлік деп бағаласақ, артық айтқандық емес. «Төңкеріске дейін 3 проценті ғана сауатты болды, біз барлығы үшін орыс халқына, оның революциясына қарыздармыз» деген тұжырымды қайталай-қайталай санамызға сіңіріп алған тоқырау дәуірінде төңкеріске дейін қазақ әдебиетінің сынының туғандығын ғылыми дәлелдеп шығу, бүгінде ғана айтуға оңай. Мәселе қазақ әдебиеті сынының төңкеріске дейін туғандығын білімдарлықпен жүйелеуде ғана ма екен? Жоқ. Мәселе біздің төңкеріске дейін «надан» емес екенімізді, әдебиеті мен мәдениеті өзіндік ұлттық

сипатта дамыған халық екенімізді танытуға ұмтылған ұлтжандылықтың жан айқайында жатқан жоқ па?

Ғалым көркемдік даму мен сыншылдық-эстетикалық ой-пікірдің өркендеу процесін сөз ету барысында ғылыми-зерттеушілік, әдеби-теориялық сипаттағы көзқарастардың ғылыми-бағалаушылық мәнде алғаш айтылу мәселелерін де қозғай отырып, ұлттық әдебиеттану ғылымының бастаулары мен қайнар көздері турасында тың зерттеулерге жетелейтін ойлар білдіреді. Негізінде сыншылдық-эстетикалық ой-пікірлер мен ғылыми-зерттеушілік, әдеби-теориялық ой-пікірлер арасында қытай қорғанын қоюға болмайды. Зерттеу нысанасы бір көркем әдебиет болғандықтан да олар бір-бірін толықтыра отырып өркендейді.

Бұл тұрғысынан келгенде, профессор Т.Кәкішевтің қазақ әдебиеті сынының қайнар көздерінің бірі ретінде көне түркі жазба ескерткіштерін алуы заңды. Олардың әдебиеттану ғылымының арғы бастаулары ретінде біз сөз етіп отырған мәселеге де қатысы бар. Орыс әдебиеттану ғылымының тарихын зерттеуші ғалымдар ұлттық ғылыми-зерттеушілік, әдеби-теориялық ой-пікірдің ұлттық ғылыми-зерттеушілік, әдеби-теориялық ой-пікірдің арғы бастауларын «Игорь полкі туралы сөз» бен И.Федоровтың «Грамматика» оқулығымен байланыстыра қарауларының ғылыми негізі жоқ емес. Белгілі бір мұраның хатқа түсуі немесе тасқа қашалуынан көркем шығарманың ең тұңғыш бағалануы, яғни әдебиеттің адамзат қоғамындағы рухани азық ретіндегі өз орны мен ролін таныта бастауы деп ойлаған дұрыс болар.

Арғысы әл-Фараби, Орхон-Енесей жазбалары мен «Құдатұғу біліктен» басталып, бергісі алғашқы қазақ баспасөзі бетіндегі ғұмырнамалық мақалаларға ұласатын төңкеріске дейін уақытты қазақ әдебиеттану ғылымының

туу дәуіріне дейінгі пайда болу кезеңі (возникновение) немесе тарих алдындағы кезең деп атау керек секілді. Осы кезеңдегі Ш.Уәлихановтың ғылыми мұрасын, Ы.Алтынсариннің «Қазақ хрестоматиясын», Ә.Бөкейханов, Р.Мәрсеков, М.Сералин, тағы басқалардың ғылыми-зерттеушілік сипаты басым мақалаларын әдебиет сынына байланыстыра қарай отырғанымен, профессор Т.Кәкішев: «Әдебиеттану ғылымының ауқымына кіретін зерттеу мақала (исследовательская статья) мен хрестоматия құрастыру, әдіснамалық нұсқаулар қазақ әдебиеті сынының туу дәуірінде көрініп, үлкен олжа болды», - деп тұжырымдайды. Тереңдете зерттеуге өзінен-өзі сұранып тұрғаны айтпаса да түсінікті.

Қазақ әдебиеттану ғылымы мен сынының туу, қалыптасу кезеңдерін ғылыми тексеруде арнайы көңіл аударатын проблемалардың бірі - әдеби мұраны игеру мәселелері. Алғашқыда отаршылдық саясаттың талап-тілегіне сай қазақ даласын зерттеу жұмыстары мұрындық болып, өз халқын бүкіл әлемдік өркениетке жеткізуге ұмтылған ұлт зиялыларынан қолдау тапқан әдеби мұраны жинау, жариялау, зерттеу жұмыстарында төңкеріске дейін бірталай нәтижеге қол жетті. Фольклорлық және классикалық мұра жарияланып, халықтың рухани азығына айналды, қазақ әдебиеті жанрлық жақтан дами бастады. Қазақ әдебиеті сыны туып, әдеби мұраны сыншылдық-эстетикалық талғам таразысынан өткізе бастады, ғылыми-зерттеушілік, әдеби-теориялық ой-пікір ұлттық әдебиеттің тарихы мен теориялық мәселелерін зерттеу жұмыстарына батыл ұмтылыс жасай бастады.

Осылайша ғылыми-зерттеушілік сипатқа бет бұрған әдеби мұраны игеру жұмыстарына қазақ даласына қанды қырғыны мен қуғын-сүргінін ала келген төңкеріс кері әсер етті, дағдарысқа түсірді. 20-жылдардың бас

кезінен бастап төңкеріске дейінгі әдеби мұраны зерттеу мәселелеріне әртүрлі бағыттағы «формальды мектеп», «пролеткультшылдық нигилизм», «бірыңғай ағым теориясы», «тұрпайы социологизм» секілді концепциялар қызу араласып, сыншылдық-эстетикалық, ғылыми-зерттеушілік, әдеби-теориялық ой-пікірде өз үстемдігін құру үшін өзара тартысқа түсті. Бұлардың барлығы да маркстік-лениндік әдіснаманың көркем әдебиет туралы саясаттағы бет-бағдарын анықтап алғанға дейінгі әртүрлі бағыттағы ізденістер еді.

Бұл концепциялардың орыс әдебиеттану ғылымында орын алуын С.И.Машинский: «Поиски истины в научном исследовании никогда не даются легко. Особенно тогда, когда они лежат в совершенно новой, неизвестной области. Эти концепции посвоему были поиском истины, но в неверном направлении. Поступательное развитие марксистско-ленинского литературоведения шло в острой идеологической борьбе с различными ошибочными концепциями», - деп жазды. Мәдени-тарихи, биографиялық, салыстырмалы тарихи, филологиялық, психологиялық сияқты зерттеу мектептері болған орыс әдебиеттану ғылымының өзі 1920 жылдары осы қате концепцияларға бой алдырып алған болса, әдеби сыны енді ғана туып, әдебиеттану ғылымы толық көрінбеген біз секілді ұлт республикаларына тигізген әсері өте қатты болғанына дау жоқ.

Қазақ әдебиеттану ғылымының әдіснамалық мәселелері әдебиет теориясы саласындағы еңбектерде сөз арасында айтылып жүргенмен, арнайы зерттеу нысанасына айнала қойған жоқ. Оның кейбір мәселелері қазақ әдебиеті сынының тарихы мен әдеби мұраны игеру мәселелеріне байланысты профессор Т.Кәкішев еңбектерінде біршама қарастырылды. Әсіресе, жоғарыда аталған қате концепциялардың

сыншылдық-эстетикалық, ғылыми-зерттеушілік, әдеби-теориялық ой-пікірде орын алуының объективті және субъективті себептері туралы тұжырымды ойлар нақты айтылуымен құнды. Әдеби мұраны игеру процесінде «өткендегі мұраның барлығы үстем тап мүддесін жырлайды, соларды тарихтың қоқысына лақтырып тастап, жаңа пролетариат әдебиетін жасаймыз» деп көркемдік дамудың тарихи сабақтастығы принципін жоққа шығарған пролеткультшылдық нигилизмді жақтаушы ақын-жазушылар мен сыншылардың маркстік-лениндік ілімді үйрену барысында В.И. Лениннің «әр ұлттың мәдениетінде екі түрлі мәдениеттің элементі болатыны туралы» қағидасына сүйеніп, әдеби мұраны тек қана таптық тұрғыдан бағалауды басшылыққа алған «тұрпайы социологизм» теориясына ауысу жолындағы ұзаққа созылған қателіктері мен бұрмалаушылықтары, «бірыңғай ағым теориясының» ғылыми зерттеу жұмыстарындағы прогрессивті сипаттағы ізденістері мен іркілістері бұлтартпас мысалдармен дәлелденді, әділ бағасын алды.

Әдебиеттану ғылымының қалыптасу тарихын ғылыми тұрғыда зерттеуде бұл концепциялардың ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдегі ықпалы ыждаһаттылықпен қаралып, жан-жақты шешіп алатын басты мәселелердің бірі болса, оның өзекті проблемалары профессор Т.Кәкішев еңбектерінде болашақ зерттеулерге негіз боларлықтай дәрежеде өз шешімін тапқандығын көруге болады. Сонымен қатар, ғалым ағамыздың соңғы жылдарындағы еңбектерінде тек өзіне ғана тән қайсар батылдықпен айтып жүрген тың бағыттағы ой-пікірлері де бар. Ол – жетпіс жыл бойы маркстік-лениндік идеология мен әдіснама ықпалында жүргізіліп келген ғылыми зерттеу жұмыстарымыздағы жетістіктер мен кемшіліктерді

жаңаша саралау проблемасы. «Әзірге тындырып жатқанымыз – кеңесті жамандау, коммунистік идеологияны даттау. Тіпті ауыздағына ие бола алмайтын даңғазашылдар «совет, кеңес, әдебиет, оның көркемдік әдісі – социалистік реализм болды» деуге аузы бармайтыны былай тұрсын, естігенде шошып тік тұратын, іргесін алыс салатындар шықты», - деген пікірінде үлкен шындық жатыр. Советтік дәуірде жасалды екен деп ғылыми-зерттеушілік, әдеби-теориялық, сыншылдық-эстетикалық ой-пікірдің бәрін қате деп тапсақ, 1920 жылдардың бас кезіндегі пролеткультишылдықтың кебін киіп шыға келетініміз анық. Тарих - жақсы болсын, жаман болсын тарих, ол тек қана шындыққа сай бағалауы керек. Қазақ әдебиеттану ғылымының қалыптасу тарихын зерттеуде профессор Т.Кәкішев айтқандай: «Өнегенің үлгісін көріп тұрып, содан үйренбеуіміз, шыр айналып совет әдебиетінің шындығынан кандидаттық, докторлық диссертация қорғап, атақ алуымыз, 1917 жылға дейінгі былай қойғанда, соғыстан әріге бара алмайтын ғылыми мүсәпірлікті, «социалистік реализм туы астында» деген ұранмен шапқылай берушілігіміз қазақ әдебиеттану ғылымының сорына шыққанның енді ашық айтайық».

1997 ж.

## **ШЫРҒАЛАҢҒА ТҮСКЕН ШЫҒАРМА** **(І. Есенберлиннің «Мұхиттан өткен қайық»** **романы туралы)**

Халқымыздың бір туар азаматтарының бірі, халық жазушысы, Қазақстан Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Ілияс Есенберлиннің туғанына биыл 80 жыл толады. Өзінің бүкіл ғұмырын, ел тарихы мен тағдырын ұрпақ зердесіне жеткізуге бағыштаған қарымды қаламгердің қолынан алты алашқа әйгілі «Алтын орда», «Көшпенділер» секілді тарихи романдар дүниеге келді. Туған топырағының әр уысынан сыр іздеп, ақсақалының аузынан шежіре тыңдап өскен Ілекең қазақ елінің тағдыр талайын тұңғыық ғасырлар түбінен аршып алған осы еңбектері арқылы елінің еңсесін көтерді, абыройын арттырып, мәртебесін жоғарлатты.

Бүгінгі ұрпақ қазақ тарихынан І.Есенберлин шығармалары арқылы сусындады, солар арқылы танып, білді. Әміршілдік жүйенің тар бұғауына шегендеп қойған тар кезеннің өзінде- ақ бар ауыртпалықты қайыспай көтерген жазушының ерлігі мен ел алдындағы азаматтық биік тұлғасына бас июден артық құрмет те болмақ емес. Әрбір шығармасының жарыққа шығуының өзі қажырлылық пен қайсарлықтың, батылдықтың үлгісі. Жазушы романдарынан осы тұрғыдан алғанда «Мұхиттан өткен қайық» романының орны бөлек. Көзі тірісінде жазылғанымен, жарыққа шыға алмай қалған бұл шығармада «тоқырау заманының» ащы шындығы жатыр. Баспа жүзін көрмеу себебі де осында. Әдебиеттану ғылымында өз бағасын толық алып үлгермеген романның тағдырын тілге тиек ету арқылы, жазушының қаламгерлік қасиетін тағы бір қырынан танытсақ деген оймен қолымызға қалам алған едік.

Біз «Мұхиттан өткен қайық» романының тағдырын сөз ете отырып, кітапқа байланысты жазушының көрген зорлық-зомбылығын нақты деректермен ашып көрсетуді мақсат етіп отырмыз. Құжаттар тілімен Ілекеннің болмыс-бітімін тағы бір қырынан тану мүмкіндігін оқырманға жеткізе алсақ, онда еңбегіміздің зая кетпегені.

70-жылдардың басында жазылып, дайын болған шығармасының баспа жүзін көре алмауы, әртүрлі деңгейдегі әдебиетші-сыншылардың және «қырағы» цензураның көкейінен «шыға алмауы» себепті жазушы өз романы үшін күреске шығуға мәжбүр болады. Республика көлеміндегі басшы орындар тарапынан әділдік таба алмай, шырылдып шындық іздеген Есенберлин тікелей Л.И.Брежневтің өзіне өтініш-хат жолдайды:

КОКП ОК-нің Бас хатшысы Л.И.Брежнев жолдасқа!

...Өзіңіздің мені партияға қайта алғаныңыздан бері 20 жыл өтті. Осы уақыт аралығында он кітап жазып үлгердім. Олардың көпшілігі орыс тіліне аударылып, Мәскеудің басты баспаларында басылып шықты. Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығының пауреаты атанып, бірнеше үкімет наградаларын алып үлгердім. Сіздің қамқорлығыңызды, мен үшін істеген жақсылығыңызды еш уақытта ұмытпаймын.

Міне, енді «Мұхиттан өткен қайық» романымды жазып бітірдім. Романым туралы жазушылардың пікірі, жалпы жақсы. Бірақ Қазақстан КП ОК-нің идеология хатшысы С.Н.Имашев жолдас қолжазбамның алғашқы нұсқасының бірін алып, оны бастырмақ түгілі, біреулерге оқуға қатаң тыйым салып отыр. Имашев жолдастың көзқарасы қате екеніне сенімдімін, сондықтан, қолжазбамның бір данасын Сізге жолдадым. Әрине, Сіздің маңызды мемлекеттік істерден қолыңыз тимейтінін жақсы білем, дегенмен, егер орынды деп тапсаңыз, көркем әдебиетті жақсы білетін жауапты қызметкерлеріңіздің

біріне оқып шығып, қорытынды шығаруды тапсыруыңызды Сізден өтінем.

Жазушы І.Есенберлин.  
31-қазан, 1974 жыл.

Өз шығармасының тағдыры үшін ашық күреске шыққан жазушы роман тағдыры, негізінен, Қазақстанда ғана шешілетінін жақсы білгендіктен де Д.А.Қонаевқа да дәл сол күні осы мазмұндас хат жолдайды. Ал романдағы басты тұлғалардың бірі Қонаевтың өзі болатын. Романның сюжеттік желісіне 60-70 жылдардағы республикада болған тарихи оқиғалар қамтылғандықтан да автор осыларға байланысты жазушылық ой-пікірі мен топшылауларын, сын-пікірлерін қоса жеткізетіні мәлім, А.Ахметжанов образының прототипі ретінде алынған Қонаевтың роман тағдырына өзіндік көмегі тиер, ықыласы ауар деген жазушының сенімі зор болған секілді:

«...Мұхиттан өткен қайық» атты романымның алғашқы нұсқаларының бірін Өзіңізге оқып шығып, қажет деп тапсаңыз түзетулер енгізуіңіз үшін жолдаған едім. Алайда С.Н.Имашев жолдастың қолына тиген екен. Ол кісі шығармашылық көмек көрсетудің орнына романды жоққа шығарады. Онымен қоймай, Имашев жолдас танысу үшін бірінші нұсқасын жіберген «Новый мир» журналына да КОКП ОК-і арқылы шығармамды жамандатыпты (ал мен журнал редакциясына «Бұл соңғы түзетуім» емес екенін ескерткенмін).

...Міне соңғы өңдеуден кейін романымды тағы Сізге жолдап отырмын. Егер денсаулығыңыз мұрша берсе - Өзіңіз оқып шығуды сұраймын. Бір данасын Л.И.Брежневке де салып жібердім. Романда көтерілген мәселелердің маңыздылығын ескере отырып, өтінішімді аяқсыз қалдырмассыз деп сенемін. І. Есенберлин. 31- қазан, 1974 жыл.

Содан бері төрт жыл өтеді. Өз шығармасына айтылған әртүрлі сын- ескертпелерді ескере отырып, түзетулер енгізіп, дәуір шындығын «шынайы» бейнелеудегі негізгі ойларын жетілдіру мақсатында жұмыс жасап жүрген авторды романның жарық көруі қатты толғандырды. Үміт пен күдікке толы осы жылдар ішінде жазушы өз шығармасының тағдыры үшін талай сын естіп, талай таяқ жесе де, талай басшы орындар мен баспаханалардың есігін тоздырса да, өзінің жазушылық, азаматтық ары мен намысы үшін шырқыраған шындық жолынан, күрескерлік үрдісінен таймады. «Менің жазып отырғаным тек қана шындық, соны неге түсінбейді?» деп жазады жазушы: «Құрметті Дінмұхамед Ахметұлы! «Мұхиттан өткен қайық» романиымды бес жыл бойы өңдеп келемін. Бұл кітап республикамыздың маңызды кезеңдерінің біріне арналады. Онда идеологиялық солақайлықтар жоқтығына сенімдімін. Және таза партиялық тұрғыдан социалистік реализм методымен жазылған.

С.Н.Имашев, М.И.Есеналиев, Ә.Т.Әлімжанов, Ш.Р.Елеукенов жолдастардың, Қазақстан Жазушылар одағының секретариаты көрсеткен кемшіліктерді ескеріп романиымды қайта өңдеп шығып, соңғы нұсқасын мамыр айында «Жазушы» баспасына өткізіп қойғам. Бірақ ол туралы әлі күнге ешқандай шешім қолданылмай келеді...

...Осыған өзіңіз ғана көмектесе алатын болғандықтан, Сізге хат жолдап отырмын. І.Есенберлин. 19-қазан, 1978 жыл.

Хаттан көріп отырғанымыздай, жазушы әділдіктің, шындықтың жеңетініне еш күмән келтірмейді. Әлі де болса республика басшысының өз шығармасының тағдырына ара түсе алатынына сенеді. Бірақ І.Есенберлинге шығармасының жарық көруін тағдыр жазған жоқ. Оған тоқырау кезеңіндегі әр түрлі күштердің бұлжымас қағидасына айналған шектеулі әрі қатаң пікірі

кедергі болғанына дау жоқ. Мына төмендегі тұжырым бұл пікірді анықтай түседі:

«ОК-ке Скоробогатоваға. 20-желтоқсан, 1978 жыл. №1-8 /3478.

...Жазушы барлық материалдарды толық меңгермегендіктен субъективизмге, қате көзқарасқа ұрынған. Жағымсыз кейіпкерлерге фельетон мен памфлетке тән мінездеме берген. Романдағы оқиғаның уақытын дәл көрсету үшін, автор лауазымды адамдардың нақты аттарын енгізген: Л.И.Мирзоян, О.Омаров, Ж. Шаяхметов т.б. Оның үстіне, әлі тірі қызметкерлердің де аты-жөндері бар. Мысалы: М.М.Лаврентьев. П.К.Пономаренко жағымсыз кейіпкерлер қатарында жүр. Партия және мемлекет қайраткерлерінің бейнелері тым тұрпайы, кедейленіп кеткен. Және автор олардың ақылдылығына, парасаттылығына күмән келтіреді...

...І.Есенберлиннің жаңа романы - проблемалық шығарма. Бірінші проблема: оншақты беттері М.Жұмабаев, А.Байтұрсынов секілді алашордашыларды ақтау керек дегенге арналған. Автор жазушылық этиканы да сақтамайды. Мысалы, қаламдас әріптестерін ешбір дәлелсіз «таза», «таза емес» деп бөліп, кейбір қазақ әдебиетшілерінің еңбектерінің құндылығына күмән келтіреді»...

Міне осы анықтамалардан көріп отырғанымыздай, лауазымды адамдардың республиканы басқару кезіндегі жұмыстарындағы жіберген кемшіліктерін автор реалистік шындықпен көркем тұрғыда дәл бейнелей алған. Романның басты кейіпкерлері: жазушы Айбол мен Қазақстандағы бірінші адам - Ақылбек Ахметжанов. Романның желісі Қазақстандағы бірқатар оқиғалардың тізбегінен туады. Және басты кейіпкерлердің соларға қатысты көзқарастары берілген. Романдағы заман, дәуір тынысының реалистік шындыққа сай көрсетілгендігін

шығарма тағдырына қатал үкім жасаған мына бір құжат айқындай түседі:

«Қазақстан КП ОҚ-нің хатшысы С.Н.Имашев «Есенберлиннің қолжазбасы» туралы». 20.01.79 ж.

...Автор жоғарғы партия және мемлекет басшыларын көрсеткендіктен ең басты кемшіліктері, олардың өмірі терең, жан-жақты қамтылмай, коммунистердің уақыт талабына сай ерекшеліктерін дұрыс түсінбегендіктен мемлекет қайраткерлерінің іс-қимылдарын таяз, шектелген, дау-жанжалдар ұйымдастыруға құмар, тек жеке бастарының қамын, қызмет бабымен жоғары көтерілуді ойлайтын адамдар ретінде көрсетуге тырысқан.

Автор өмірдің тек жаман жақтарын көрсетуге құмар. Ал партияның өзі түзеткен бұрынғы қателіктеріне тым көп назар аударуы - партия мен оның басшылары, қазіргі заман туралы халық санасында қате түсінік тудырады. Осы сарында оңтүстіктегі үш ауданды көрші республикаға беру экспериментін көрсеткенде, ол біздің Одақтың мызғымас бірлігіне, халықтардың шынайы достығына күмән келтірген.

Ұлтшыл-буржуазиялық «Алаш» партиясының тарихымыздағы орны мен бағасы дұрыс берілмеген. Оған қоса «Алашорда» әдебиетшілері А.Байтұрсынов пен М.Жұмабековты ақтауға тырысқан»...

Міне осы құжатта атап көрсетілгеніндей, сол кездегі талапқа сай «автор өмірдің көлеңкелі жақтарын көп суреттеген». Ал бұл көлеңкелер мен ақтаңдақтар, тарихи оқиғалар халық тарихында шындық екеніне біз соңғы жылдары ғана көз жеткіздік қой. Әрине, жазушының бұл шығармасы осындай «батылдықтарымен» классикалық шығарма деуден аулақпыз. Бірақ сол кездің өзінде-ақ өмір шындығын социалистік реализм мен коммунистік мораль талаптарына сай бүркемелеп, бетін қалқып көрсеткен талай шығармалардан шоқтығы биік тұрғаны анық. 1932 жылғы

ашаршылық зардаптарының сөз болуын мысалға алсақ та жеткілікті. Сол кезеңде тарих ғылымының өзінде аты аталмай, түсі түстелмей жүрген осынау ащы тарихи шындыққа, халық трагедиясына Есенберлин бірінші болып дұрыс баға берген. Халықтың тең жартысының құрып кетуіне ел басқарған мемлекет қайраткерлерінің жауапты екендігін ашып көрсетеді. Бұл көзсіз ерлік пен батылдыңтың, ел алдындағы азаматтық биік парасат пен жауапкершіліктің айқын айғағы.

Романда осындай дәуір шындығының дұрыс бейнеленуінің қалың оқырман санасынан орын алмауына ұмтылған «қырағы көздер» қайткен күнде де кітаптың басылып шықпауына жанталаса араласады. Жоғарыдағы келтірген құжаттардан байқағанымыздай, Қазақстан идеологтары Мәскеуге сілтесе, олар қайтадан өздеріне жіберіп, қақпақылға салып қояды. Ақ-қарасын айтуға келгенде, ақиқатқа жүгінуден қорқады. «Роман Мәскеуде орыс тілінде жарық көрсе, біз Алматыда қазақ тілінде басуға дайынбыз, ал Мәскеу одан да бұрын, біз оны тек ана тілінде жарық көргеннен кейін ғана басып шығарамыз» деп шарт қойған.

«Мұхиттан өткен қайық» тарихи зерттеу немесе өмірбаяндық хроника емес, көркем шығарма. Автор өзі куә болған дәуірдің шындығын сыншыл тұрғыда ашқан. Ал оның қаншалықты дәрежеде жүзеге асқанын әдебиет сыншылары сараптай жатар. Дегенмен, бұл жерде романды қайтсемде жарыққа шығарамын деп талаптанған, сол жолда талай тауқымет тартқан автор идеология хатшыларының «кеңестерімен» әлденеше рет түзеп, күзеп, өңдеуден өткізгенін, сол заманның «айтқанына» қарай сан мәрте қайыра жазғанын ұмытпағанымыз абзал. Ең бастысы І.Есенберлин тоқырау жылдарындағы күрделі әрі шектеулі талаптарға қарамастан, 1932 жылғы ашаршылық зардаптарын, «тың эпопеясы» кезіндегі кейбір

келеңсіздіктерді, ел басқарған біраз қайраткерлердің болмыс-бітімін, шынайы жасауды мақсат тұтқан. Сондай-ақ қазақ тарихын таныту, сол тарихтың әрқилы кезеңдеріндегі азаматтар тұлғасын көрсетіп беру роман желісінен өзекті орын алған. Оларға жазушылық тұрғыдан баға бере келіп, басшы қызметкерлер мен шығармашылық интеллигенция өкілдерінің ақыл-ойына тұсау салған кеңестік идеологияның барлық сырын ашып берген. Айбол тағдыры сол дәуірдегі халық қамын, ел мұңын ойлаған адамдардың бастан кешкен өмірі екенін аңғарамыз. Жазушы өз кейіпкерлерін сомдағанда бірін-ақын, екіншісін- геолог, үшіншісін-мүсінші және дәрігер, төртіншісін-кен инженері есебінде алып көрсеткенімен, олар өткен жол, өмір тарихы арқылы 1917 жылдан кейінгі бүкіл қазақ интеллигенциясының басынан кешірген тіршілігін, шежіресін жасаған. Сол арқылы өткенді жаңаша бағалауға, түйсінуге, сезінуге, лайықты бағасын беруге ұмтылыс жасалынған.

«Мұхиттан өткен қайық» романындағы Ақылбек Ахметжанов образы арқылы жазушы ел қамын көбірек ойлап, халқының әр жетістігіне шын қуана білетін басшыларды көрсеткісі келгенін байқаймыз. Ақылбек-республикадағы белгілі партия және мемлекет қайраткері. Романда оның интернационализм мен ұлтшылдық саясатқа байланысты қиыншылықтарға қарсы тұрып, жеңе білуі ашық айтылған.

Қазақ әдебиет тарихында оннан астам романдар жазып, қазақ әдебиеті мен тарихын көшелі жерге өрге сүйреген І.Есенберлин бірегей де біртуар жазушы екендігіне ешкім де шек келтіре қоймас. Қай романы да халықтың өткен тарихымен, шежіресімен сабақтасып жатады. Ал «Мұхиттан өткен қайық» жазушының өзі ғұмыр кешкен кезеңінің, ортаның, Мәскеуден басқарылып, бағытталған идеологияның бет-бейнесін шынайы ашып

беруімен айрықша аталып өтуге тиісті туынды. Социалистік реализм, коммунистік мораль принципімен безбенге салынатын идеология дәуірлеп тұрған шақта ел өміріндегі аса маңызды оқиғалар, оның ішінде халық тағдыры мен келешегі сеніп тапсырылған үкімет басшыларының іс-әрекеттері мен атақ-мансап үшін неден болса да тайынбауға дағдыланған екі жүзді саясаттары жан-жақты, байыпты көрсетілген. Сол себепті осындай ащы шындықтар арқау болған роман жазушының көзі тірісінде кітап болып басылмақ түгілі, мерзімді баспасөз беттерінде де жариялану құқынан айрылды. Өйткені басқа-басқа, Қазақстан КП ОК-і өзі бас болып кіріскеннен кейін не айтары бар. Романның журналдық нұсқасы жазушы өлгеннен кейін, елімізде демократиялық оң өзгерістер бел ала бастаған шақта ғана жарияланды. Ендеше роман туралы барды байыптап, бағалап айтылар әділ баға әлі алда.

Бұл мақалада романның желісі, айтары мен берері туралы көбірек тоқталғаннан гөрі, осы шығарманың жарық көруіне қатысты жазушы бастан кешірген қиындықтар мен кедергілер туралы айтуды мұрат тұтқан едік. Биыл тірі болса 80 жасқа толатын саңлақ жазушының өміріндегі қалың оқырман көп біле бермейтін мұндай жайттар елі мен жерінің тарихын көркем әдебиетте бейнелеуде өзіндік қайталанбас қолтаңба қалдырып үлгерген, сол жолда тынымсыз еңбек жасаған азаматтық, жазушылық тұлғасын тағы бір қырынан тануға септігі тиер деген ойдамыз.

Осы орайда І.Есенберлиннің «Мұхиттан өткен қайық» романын жеке кітап етіп бастыру жағын да ойластырған дұрыс болар еді. Ал оқырман қолына тиген журналдық нұсқасы жазушының өз ойы мен мақсатын толыққанды бере алмайтыны сөзсіз. Өйткені жоғарыда айтқанымыздай ол әлденеше рет сүзгіден өткізіліп, түзелтілгені анық. Ендеше жазушының жеке архивінен шығарманың алғашқы

нұсқасын тауып алып, оны сусап отырған қалың оқырман игілігіне жаратуға тиісті орындар мен жанашыр азаматтар атсалысуы керек.

Бұл елі мен жері үшін бойындағы бар қуаты мен шығармашылық талант-дарынын толыққанды жұмсаған І.Есенберлин аруағының алдындағы ұрпақ парызы мен қарызының бір өтеуі болар еді.

1998 ж.

Репозиторий Қарғу

## КҮРЕ ТАМЫРДЫ ІЗДЕУ

Сан қырлы талант О.О.Сүлейменовтің көне түркі тілі мен жазба ескерткіштер туралы зерттеу еңбектері ғылыми ортада тақырыбының жанашылдығы мен өзектілігі жағынан тың жол бастады. Алғашында «Азиядан» басталған қадам «Мың бір сөз», «Қиылысатын параллелдер» секілді еңбектеріне жалғасып, кеңес дәуіріндегі тіл білімінде қалыптасқан еуропацентристік және ұлы державалық менсінбеушілік көзқарасқа түбегейлі өзгеріс енгізіп, тарихи шындық тұрғысынан саралауға жол бастады. Бұл бағыттағы ізденіс осы талқылаудың өзегі болып отырған «Тарихқа дейінгі түркілер» атты еңбегіне жалғасқанын көріп отырмыз. Еңбекті тек қана тіл білімі ғылымы тарапынан алып қарастыру жеткіліксіз. Оны барша филологиялық ғылымдар саласына тікелей қарым-қатынаста қараған дұрыс болар еді. Ежелгі дәуірдегі әдеби мұралар фольклорлық үлгілердің хатқа түсуі процесінде жазба әдебиет туындысы ретінде танылды, көне түркілердің жазба ескерткіштері жасалды.. «Түгел сөздің түбі бір, түп атасы – Майқы би» деген қазақ мақалында тарихи шындық жатыр. Адамзат қоғамының тарихында тілдің пайда болуы діни әдебиеттерде «Бабыл мұнарасы» туралы аңыздан бастап сөз болып келе жатқан, әртүрлі көзқарастағы теориялар мен бағыттарда негізделген мәселе екені анық. «Кім ізденсе сол адасуға мәжбүр» деп атақты ақын Гете айтқандай, ол көзқарастардың бәрі де бірдей ғылыми тұрғыда дәлелді де дұрыс болып шыға бермеуі заңды да.

Ендеше жер шарындағы халықтар мен ұлттардың рухани және мәдени байланысының өте ерте заманнан бері келе жатқаны дау тудырмайтын шындық. Әлемдік өркениеттен оқшау, тек қана өзіндік ұлттық мәдениетте

өмір сүру ешқандай да мүмкін емес екені әлдеқашан дәлелденді. Қазақ халқы да өз тарихында экономикалық, әлеуметтік, территориялық қарым-қатынаста болған елдердің мәдениеті мен әдебиетінің озық үлгілерін қабылдай отырып және оған халықтық сипат дарыта келе ұлттық мәдениеттің негізін қалады. О.Сүлейменов айтқандай, «әрбір дамыған ұлттық мәдениет әлемдік мәдениеттің моделі» болуы соның себебінен. Бұл жерде дін кітаптарындағы «Ең бірінші - Сөз пайда болды» деген еске түседі. Тіпті діни наным-сенімдер тұрғысынан келсек, атақты Бабыл мұнарасы туралы аңыздағы тілдің шығуы мен таралуы туралы түсініктің шығуында да белгілі бір дәрежеде ғылыми ойдың өзегі жатыр деуге болар еді. Ең бастысы - тілдің пайда болуы мәселесіне ерте кезден-ақ назар аударыла бастағандығы. Міне сол кезден бастап ол әртүрлі теориялар мен көзқарастардың, қарама-қайшы пікірлердің нысанасына айналды.

Дана халқымыз «Күретамырынан айырылған ағаш өледі» деген екен. Жер бетіндегі халық, ұлт, ұлыстардың тарихи күретамыры бастан өткерген дәуірлеріне сай қалыптасқан тілі мен әдебиетінде, әдет-ғұрпында, салт-санасында, өнері мен мәдениетінде жатыр. Отаршылдықтың озбыр саясаты, кейінгі кеңес дәуіріндегі маркстік-лениндік әдіснама мен идеология ұлттық мүддеге тамыр тартатын кез-келген ғылыми ізденісті, жаңа да батыл қадамды қатыгездікпен жойып жіберіп отырды. Біз өз тарихын танып-білуге деген барлық мүмкіндіктен айырылып, қазақ деген өзінің барлық болмыс бітімімен басқалардан бірде кем еместігін дәлелдеудегі талпыныстары ұлтшылдық болып табылудан көз аспаған халықпыз. Осыған сай «Тауларды аласартпай, даланы асқақтатуды» шығармашылық ғана емес, азаматтық тұлғасының кредосына айналдырған О.Сүлейменовтің «Тарихқа дейінгі түркілер» аталатын еңбегі этнологияда

ғана емес, жалпы тіл білімі ғылымында жаңа да тың бағытқа жол бастап отырғанын атап айту қажет. Мәселе орыс тілінде түркі сөздерінің көп немесе аз болуында емес. Қазақ тілінде де араб, парсы, орыс тағы да басқа тілден енген сөздер жетіп артылады. Мәселе адамзат қоғамында қолданылатын тілдік атаулардың пайда болуына әр халық өз дәрежесінде үлес қосуында. Сол арқылы ғана қандай да болса ұлттың тілі мен әдебиеті өсіп-дамып, көркейіп отырады. Тюркологияда басты негізге алынып жүрген «Орхон-Енисей» жазба ескерткіштері тілі YI-YII ғасырлармен шектелінеді. Түркі қағанаты аталынған үлкен мемлекет аяқ асты пайда бола қалып, оның тілі мен әдебиеті, өнері мен мәдениеті қолдан жасалған жоқ қой. Оған дейін де қоғамдық дамудың өсу жолдарын бастан өткеріп, көршілес қоныстанған елдердің ғылым, өнер, білім, мәдениетінің озық деп саналатын үлгілерін қабылдай келе, сол кезең үшін үлкен жаңалық болып табылатын руна жазуын ойлап шығаруға дейін қол жеткізді. Әлемді жаулап алып, империялық билікке ұмтылған Шыңғыс хан құрған империяның тарихтан жоғалуы, таяудағы XIX ғасырдағы Қашқария мемлекетінің басқа ел құрамында жұтылып жоқ болуының басты себебі - өркениеті озық елдердің өркениет жолындағы табыстарынан үлгі-өнеге алып, оларды ұлттық сипатта дамытпағанында жатқан жоқ па екен. Қандай да болсын мемлекет ұлттық томағатұйықтық пен оқшаулықтан шыға алмайтын болса, әлемдік өркениеттен шеттеп қалса, болашағы жоқ деп ашық айта алатын дәуірде өмір сүріп отырмыз. Ғаламдастыру идеясының пайда болуы мен ол туралы пікір қайшылықтарының тууының басты себеп-салдары да осында жатыр.

Ақын А.С.Пушкиннің «Араб оқымыстылары өзі жаулап алған Еуропаға алгебра мен Аристотельді

сыйлады, ал моңғол-татарлар Ресейге қырып-жоюдан, бүлдіріп-құртудан басқа ештеңе де әкелмеді» деп жазуында тарихи тұрғыдан да, ғылыми тұрғыда да дәлелдеуді қажет ететін шындық жатыр. Әлемді ғаламдастыру идеясының экономика, саясат, нарық салаларындағы ізденістері өнер мен әдебиеттегі бүкіл адамзаттық гуманизмге қарама-қарсы келмеуі керек. Әлемдік әдебиеттегі жақсылық пен жамандық, махаббат пен зұлымдық, қайырымдылық пен қатыгездіктің ғасырлар бойы жырланып келген бітіспес күресі кез келген қоғамда болсын жүре беретінін, мәні зор саналатын идеялар мен теорияларға бағынбайтынын ұмытуға болмас. Қандай да болсын гуманитарлық ғылым саласында да осы үрдіс ұсталуы қажет. Ұлттық тарихи тамырынан айырылған елдің мәңгүрттікке ұшырайтынын айтып жату артық. Сондықтан да тарих, тіл білімі, әдебиеттану т.б. ғылым салаларында ерте дәуірден келе жатқан тарихи негізгі арналарды іздеп табуда олардың пайда болуы мен дамуындағы ұлттық ұғымдар мен таным-біліктен тыс әсерлерді, яғни дамыған немесе жаулап алған мемлекет тарапынан болған ықпалдарды ғылыми тұрғыда анықтау қандай да болсын ұлт үшін өзекті мәселе екені анық. Тілдік атаулар, ұғым түсініктер, сөзжасамның тілдік заңдылықтары секілді көптеген басқа да мәселелердің салыстырмалық тұрғыдан алғанда сәйкестіктерінің әрбір тілде кездесуі заңды құбылыс. Бұл жерде ауызекі тілдің нормаларының әдеби тілге ауысу процесінің мәні де жоқ емес. Бұл ертедегі жазба ескерткіштердің, әдеби туындылардың, халық тарихына байланысты туындаған жырлардағы оқиға желісінің көршілес отырған елдерде ортақ деңгейде таралуына қатысты екенін жоққа шығармайды. Әлемдік фольклортануда көршілес отырған, сол себептен шаруашылық және сауда-саттықта тығыз байланыста болған елдердің халық ауыз әдебиетінде ұқсас

сюжеттердің кездесуіне орай «ауысып алу теориясының» болмай қоймайтыны да осыған байланысты пайда болды. Ғалым Т.Бенфей өзінің «Панчатантра» еңбегінде «әртүрлі халықтар шығармашылығындағы үлгілер мен сюжеттердің өзара ұқсастығы мифологиялық ұғымдарының бірдейлігінен емес, тарихи, мәдени-әдеби байланысына орай шығармаларының бір-біріне ауысуынан болады» деп жазды. Оны қазақ ғалымы Ш.Уәлиханов өзінің «Жоңғария очерктерінде»: «Көптеген қазақ-қырғыздардың ертекерін, мифтерін, эпос жырларын және аңыздарын жинап жүріп, олардан Европа халықтарының, әсіресе славян шығармаларының сарындарына ұқсастығына таң қалдым. Афанасьев мырзаның жинағынан қазақтардың айтқанына ұқсамайтын тек алты ғана ертегі таптым. Бастапқы кезде мен бұл фактіні индо-герман тұқымдарының Орта Азия жерінде татар тұқымдарымен бірге өмір сүрген уақытындағы әсерінен және араласып кетуінен болған ғой деп түсіндім, енді мен бұл мәселені шешудің кілтін орта жүз бен қырғыздардың арасынан табармын, сөйтіп өз жинағыма бай материал жинап алармын деп үміттеніп едім, бірақ бұл ойым жүзеге аспады», - деп нақтылап берді. Ендеше белгілі бір тілдегі атаулар мен ұғым-түсініктерді білдіретін сөздердің екінші тілге ауысуына осы ертедегі әдеби мұралардың белгілі бір дәрежедегі ықпал-әсері болмады деу еш мүмкін емес.

Бұл тұрғыдан алғанда, ұлттық әдебиеттануымызда да түркі халықтарына ортақ көне дәуір әдебиетінің түп-төркінін біздің жыл санауымыз алынған кезеңнен бастау керек деген батыл бағыт жасайтын да уақыт жетті деп түсіну керек. Сонда бір ғана филология ғылымдары болып табылатын ұлттық әдебиеттану мен тіл білімі ғылымдарының негізі бір арнадан бастау алары сөзсіз. Ал бұл екеуінің арасына қытай қорғанын қою үлкен ағаттық екені белгілі. Тәуелсіздік алғаннан бері әр ұлт өзінің

тарихи тамырын танып білуге ұмтылуы ғылыми ғана емес, танымдық және тағылымдық тұрғыдан да ерекше құбылыс болып танылуға тиісті. Мысал үшін айтар болсақ, кешегі кеңес дәуірінде ұлттық әдебиетіміздің тарихын 1970 жылға дейін ХҮІІІ ғасырдың соңындағы Бұқар жыраудан бастап келуіміздің сыры, қазақ халқы Қазан төңкерісіне дейін үш пайызы ғана сауатты, «мәдениетсіз», «надан» болды деген түсініктің айтылуы, мәңгүрттік ауруына шалдығып тілден, діннен, тілден айырыла бастауының мәні тереңде жатыр.

Отаршылдық құрсауында отырған халықтың өткен тарихын жоққа шығару мен ұлттық сипаттағы өнер-білім, ғылым, мәдениеттегі әлемдік өркениетке қосылған аздық-көпті табыстарына еуропацентристік көзқараста қарап, ұлы державалық менсінбеушілікті дәріптеушіліктің зардаптары тәуелсіздік алған елдердің бәрінде бірдей жойылып бітті деген тұжырым жасауға әлі ерте. «Түрі – ұлттық, мазмұны – социалистік мәдениет жасау» идеясының түпкі мақсаты тіл мен әдебиетті ұлттық сипатынан айырып, космополитизмге қарай сүйреуінде жатқанына егемендіктің арқасында ғана көз жеткізе алдық.

Бұл жерде ғаламдастыруға қарсы гуманитарлардың «жасанды әлемдік мәдениетті қолдан жасауға тырысу жергілікті ұлттық мәдениеттерді өлтіруге апарып соғады» деген тұжырымына байланысты О.Сүлейменовтің «Тәуелсіздіктен өзара тәуелділікке» аталатын мақаласындағы көзқарасын қолдамасқа болмайды. «Егер мәдениет мәңгүрттікке ұрынса адам азып-тозады, қоғам іріп-шіриді. Рухани құлазушылық қауымның қор болып өлуіне бастайды» деген пікірде тоталитарлық жүйедегі дәуірге берілген баға ғана емес, келешекте де бұл мәселенің күн тәртібінен түспей тұрғанын да байқатса керек.

2002 ж.

## **Б.КЕНЖЕБАЕВ - ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТТАНУЫНДА ҒЫЛЫМИ МЕКТЕП НЕГІЗІН ҚАЛАУШЫ**

Негізінен әдебиет тарихының белгілі бір кезеңін санаулы адамдар ғана жасамайтыны - тарихи шындық. Үлкенді-кішілі әр дарын қадір-халінше қызмет етеді. Сол арқылы өз кезеңіндегі әдеби дамудың көркемдік процесіне, әр жанрдың өсуі мен кемелденуіне үлес қосады. Ғылыми зерттеулерде олардың барлығы қамтылғанда ғана сол дәуір әдебиетінің барлық болмыс-бітімі ашылады. Бұл тұрғысынан келгенде, Сәкен, Ілияс, Бейімбет мұраларының алды кітап болып шығып, шығармашылығы зерттеу нысанасына нақты алына бастаған 50-жылдардың ортасында ғылыми-зерттеушілік ой-пікір сол кезең әдебиетін жан-жақты тексеруге ұмтылыс жасап бақты. Міне, осы мақсатта, яғни 20-30-жылдардағы қазақ әдебиеті тарихын ғылыми тұрғыда сөз етуге тұрарлық барлық өкілдерін қамти отырып жүйелі тексеру деген жаңаша бағытта ой қозғаған Б.Кенжебаевтың «Өтелмеген парыз» мақаласы (1957, 25 қаңтар) кеңестік идеологияның саяси айып таққан ауыр соққысының астында қалды. Оны жариялаған «Қазақ әдебиеті» газеті жазаланды. Шындығында мақалада совет өкіметінің ірге тасын қозғайтындай ешқандай саяси немесе ұлтшылдық пікір жоқ еді. Тіпті 1937 жылғы «халық жаулары, ұлтшыл-фашист» атанғандардың бірде-бірінің аты-жөні де аталмаған. Керісінше, осы кезеңдегі кеңестік идеология талаптарына сай шығармалар жазып, қудалауға ілікпей, өз ажалынан өлген, яки соғыста оққа ұшқан Ш.Иманбаева, Е.Бекенов, А.Сегізбаев, С.Ерубаев, Б.Бұлқышев, А.Жұмағалиев, Р.Малабаев секілді ақын-жазушылар шығармашылығын зерттеу, қалдырған мұрасын жариялау, әдебиет тарихында алатын орнын белгілеу секілді дәуір талап етіп отырған проблема көтерілген еді. Бірақ,

бұлардың қатарында «алашордашылардың жақтасы болған, кеңес өкіметіне қарсы үгіт жүргізгендіктен саяси сенімсіздікке ұшыраған» С.Садуақасовтың да аталуы қырағы көздердің назарына бірден ілікті. Кеңестік идеология бұл мақала үшін бұрынғыдай дау-дамай ұйымдастырып қаулы қабылдамағанымен, авторға қатаң ескерту жасап, газет редакциясын жазалауы арқылы әдебиеттану мен сынға тым еркінсі бермеу керектігін мықтап ескертіп, тізгіндеп қойды.

Міне, ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің төңкерістен кейінгі әдебиет тарихын тексеру жолындағы әртүрлі деңгейдегі осындай ұмтылыстарды әдеби мұраны зерттеу мәселесіндегі әр қилы көзқарастарды бір арнаға салудың қажеттігін көрсетіп берді. Бұл 1959 жылы қазақ әдебиетінің негізгі проблемаларына арналған ғылыми-теориялық конференцияны ұйымдастырып өткізуге басты себеп болды.

Бұл конференцияның қазақ әдебиеттануының қалыптасу тарихындағы маңызы туралы пікір айтқандардың барлығы да ғылыми-зерттеу жұмыстарына кедергі болып келе жатқан көптеген мәселелердің беті ашылғанын, біраз ілгері басу болғанын, қазақ әдебиеті тарихын жүйелі тексерудің жолға қойылғанын атап көрсетеді.

Біздің ойымызша, конференцияның басты бағыт-бағдары мен әдіснамалық жүйесі идеялық тұрғыдан дұрыс, партиялық тұрғыдан әділ болуы жоғарғы жақпен ақылдасып бекітілген. Оны С.Бәйішевтің «Халқымыздың әдеби мұраларын зерттеу мен пайдалану жайында» аталған кіріспе сөзінің және Е.Ысмайыловтың «КПСС ХХІ съезі қарарларына байланысты қазақ әдебиеттану ғылымының негізгі міндеттері» атты баяндамасының мазмұнынан көруге болады. Екеуі де маркстік-лениндік әдіснамаға сүйене отырғанымен, С.Бәйішевте кінәлау жағы басым

түскен де, Е.Ысмайыловта ғылыми зерттеу жұмыстарында жіберіліп отырылған «кемшіліктердің» себебін ашып ақталу жағы көп.

Бүгінгі күн тұрғысынан қарағанда баяндаманың ең жаңашыл жері - қазақ әдебиетінің ғылыми тарихын жасау мәселесін сөз етуіне орай ұлттық әдебиеттану ғылымының өткен жолына баға берілуі дер едік. Ғалым «Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихына көз жіберсек, оның негізінен екі кезеңді бастан кешіргенін байқауға болады. Бірінші - үйрену, идеялық, творчестволық принциптерді игеру кезеңі. Бұл революцияның алғашқы кезеңінен соғысқа дейінгі дәуірді қамтиды. Екіншісі - соғыстан кейінгі дәуір, яғни қалыптасып даму дәуірі», - деп көрсетеді. Бұл - біз ғылыми қарастырып отырған тақырып туралы бірінші айтылған пікір. Алғашқы кезеңінде фольклор мен әдебиет тарихының материалдарын жинау-жариялау процесін өткергені, оны зерттеуде айтыс-тартысқа да баруға тура келгені, оқулықтар жасау тәжірибесін бастан кешіргені, ол жолда маркстік-лениндік теориямен қарулана отырып, зерттеу жұмысында іс-тәжірибе жинақтауда ұлтшылдық-буржуазияшылдық көзқарастарға соққы беру арқылы жүзеге асқанын дәлелдеу мақсатында айтылғанымен, ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің ізденістері мен іркілістері тұңғыш рет сын таразысына түсті. Әсіресе осы ұлтшыл-буржуазияшыл көзқарастың зиянды әсерін ашу Е.Ысмайыловқа «Тұрпайы социологизм» мен «бірыңғай ағым» теорияларының қазақ әдебиеттануында орын алуын кеңірек сөз етуге мүмкіндік берген. Конференцияда партияның көрегендік саясаты арқасында деп табылғанымен, ұлттық ғылыми-зерттеушілік ой-пікір «тұрпайы социологизмнің» бет-пердесін ашуға қол жеткізді. Өйткені, партия мен кеңестік идеология өз қаулы-қарарлары мен нұсқауларында «тұрпайы социологизмді» қазақ халқының ұлттық

мүддесіне қарсы шеберлікпен пайдаланып отырғаны даусыз шындық. КазАПП-тың әпербақандығы тұсында да, 1937 жылдың зобалаңы мен 50-жылдың басында да «тұрпайы социологизм» маркстік-лениндік әдіснаманың әдебиеттің таптығы, халықтығы қағидаларын бетке ұстап, ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің жақсы ізденістерін үнемі жоққа шығарып келгені оған дәлел. Бұған қоса конференцияда сынға ұшырағанымен, Дулат, Шортанбай, Шәңгерей және тағы басқаларының мұрасын бағалауда тағы да «тұрпайы социологизмнің» пайдаланылып отырылғанын айтсақ, сөзіміз дәлелсіз емес. Рас, баяндамада бұл теорияның ықпалындағы көзқараста болғандардан М.Қайыпназаровтан басқасының аты аталып, түсі-түстелмесе де ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің дамуында, әдебиет тарихының жан-жақты зерттелуінде жасаған бұрмалаушылықтарына тұңғыш рет баға берілді. Сонымен қатар буржуазилық көзқарастағы теория ретінде «бірыңғай ағымға» алғаш анықтама беріліп, «принципті түрде» сыналды. Ұлттық әдебиеттанудың туу, даму жолында осы теорияның орын алғандығынан, «жеке ақын-жазушылар творчествосындағы идеялық қайшылықтар батыл әшкереленбей келгендігіне» ерекше тоқталынды. Е.Ысмайылов «партиялық сын» тұрғысынан қарап, бұл теорияның М.Әуезов, С.Мұқанов, Қ.Жұмалиев, Б.Кенжебаев және тағы басқалардың, тіпті өзінің де еңбектерінде орын алғанын атап көрсетті. «Біз ешқайсымыз да осы теорияға әдейі, мақсат етіп барғамыз жоқ, әйтеуір әр халық, әр ел өзінің әдебиет тарихын жасап отыр ғой, біз де сондай әдебиет тарихын қомақты етіп жасайық деген ізгі ниетпен кіріссек те қателесіп кеттік», - деп ақталуда үлкен мән жатыр.

Ұлт әдебиетінің тарихын ежелгі дәуірдегі жазба ескерткіштерден бастау керек деген Б.Кенжебаевтың үлкен білгірлікпен ұсынған жобасы қабылданбай қалды да, XVIII

ғасырдың II жартысынан, яғни Бұқар жырау шығармашылығынан бері қарай ғана қарастыруды дәлелдеп баққан Қ.Жұмалиевтің концепциясы негізге алынып кетті. Қайта-қайта сөз алып, өз ұсынысын ғылыми талқыға салуға шақырған Б.Кенжебаевты қолдаушылар шыға қоймады. Тіпті М.Әуезовтің өзі қорытынды сөзде бұл мәселені айналып өтіп, қағыс қалдырды. Тек В.Сидельников қана ғалым көтерген мәселенің дұрыс екенін атай келе, шығыс славяндардың ертедегі мұрасының белорус, украин, орыс әдебиеттеріне ортақ екенін, оны кезінде Бертельс көтергенін, Б.Кенжебаев дер уақытында қозғап отырғанын атап өтті. Бірақ конференция қабылдаған шешімде қазақ әдебиетінің тарихын XVIII ғасырдың екінші жартысынан бастап қана зерттеу керек деген тұжырым қабылданды. Алайда өз әдебиеттерінің тарихына Қ.Яссауиді бірде қосып, бірде қоспай жүрген өзбек ағайындар ғалым ұсынған дәуірге бөлу жобасын көкейлеріне мықтап түйіп әкетті де, көп кешікпей ұлттық әдебиетінің негізін ежелгі түркі жазба ескерткіштерінен бері қарай зерттеу жұмысын ертерек қолға алды. Қазақ әдебиеттануы біраз уақыт XVIII ғасырдан бергі дәуірді ғана қарастыруға душар болды, ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің ұлттық әдебиеттің қайнар бастауларына барлау жасауына шектеу салынды. Қ.Жұмалиев концепциясын бекітіп берген конференция қазақ әдебиеті тарихын дәуірлеуді осылайша шала-шарпы қалдырды. Оған маркстік-лениндік әдіснама мен кеңестік идеологияның қағидаға айналған бағыт-бағдары да өз әсерін тигізбей қалмады.

Ұлттық әдебиеттану конференциядағы осы дәуірге бөлген қазақ әдебиеті тарихы кезеңдерінің өзін тұтастай және толық түрде жүйелі зерттеуді жолға қоюға қол жеткізе алмады. XIX ғасыр әдебиетінен Шортанбай, Дулат, Мұрат ақындардың шығармашылығы сын тұрғысынан

қарау керек деп табылып, жоғарғы мектепке ағартушылық, халықтық әдебиеттің керітартпа, ескішіл-реакцияшыл бағыттың осындай өкілдерімен күрес үстінде дамығанын көрсету үшін ғана алынды. Сол секілді Ә.Күдері, Н.Наушабаев, XX ғасыр басындағы әдебиеттен М.Қалтаев, Ш.Құдайбердиев, О.Қарашев, М.Ж.Көпеев шығармашылықтары да әдебиет тарихындағы қайшылықтарды жан-жақты ашып көрсету үшін ғана аталынып, шығармаларындағы идеялық мазмұн мен бағытты әлі де болса айқындау қажет деп атап көрсетеді. Бұл аталған ақындардың барлығын да орта мектепте оқыту қажетсіз деп табылды. Ағартушы-демократ ақын-жазушылардың мұрасы біршама зерттелгені ескеріле отырылып, керітартпа, діншіл бағыттағы ақындардың дүниетанымдық көзқарастарындағы қайшылықтарын ашу жолындағы зерттеу жұмыстары тез арада қолға алынсын деген байлам жасалды.

Ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің XX ғасыр басындағы әдебиеттен әріге бармауының себептері де бар. Б.Кенжебаев 1959 жылғы конференциядан соң іле-шала-ақ өз ұсынысын көпшіліктің ой-талқысына салу мақсатында «Қазақ халқының жазба әдебиетінің тарихы қайдан, кімнен басталады» («Қазақ әдебиеті», 1960, 22 шілде) деген ғылыми мәні зор мақаласын жариялаған болатын. Дайындалып жатқан II томның 1-кітабында (1961) айтылады ғой деген тоқмейілсу көңіл ме, әлде даулы мәселеден қашқақтау ма, ғалым ұсынысын қолдаған бірді-екілі мақала болмаса, кең көлемде талқылауға ат салушылар шыға қоймады. Қ.Жұмалиев «Қате пікір қағидаға айналмасын» («Қазақ әдебиеті», 1960, 29 шілде) атты қарсы мақала жазып, өз концепциясын қорғап қана қойған жоқ, әдіснамалық тұрғыда негіздеп тастады. Оны кейінде айтылғандай: «Шын ғылым айтыстан тұмақ. Осы тұрғыдан келгенде академик Қ.Жұмалиев әдебиеттануды

кері кетірген жоқ, қайта әдебиетімізге негіз болған ежелгі жазба жәдігерліктердің тезінен зерттелуіне белгілі дәрежеде қозғау салды» - деп көлгірси бағалаудың жөні жоқ. Бұны біз кемелдене бастады дей отырғанымызбен, ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің осы бағытта ізденістер жасауға мүмкіндігі бола тұрса да жан сала кіріспеген кемшілігін, әдебиетші-ғалымдардың «жоғарыға» жалтақтаудан аса алмағанын көрсету мақсатында айтып отырмыз. Міне, сондықтан да болар қазақ әдебиетінің тарихи курсына жасауға арналған монографиялар жазу кейіндей берді. Оған 60-жылдары Қ.Жұмалиевтің «Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері және Абай поэзиясының тілі» (1960), Ә.Дербісалиннің «Қазақтың Октябрь алдындағы демократияшыл әдебиеті» (1966) атты еңбектерден басқа монографиялардың болмауын айтсақ та жеткілікті.

Бұл айтылғандардан шығатын қорытынды Б.Кенжебаев ұлттық әдебиеттану ғылымында ғана емес, бүкіл түркі тілдес халықтар әдебиеттану ғылымында тарихи мектептің негізін қалаушы ретінде танылуға тиісті. Әдеби мұраларды көне дәуірден бастап зерттеу идеясын алғаш көтеруші ғана деп емес, осы сала бойынша монументальды еңбектер қалдырып, қазақ әдебиеттануында өзінің ғылыми мектебін қалыптастырды. Профессор Б.Кенжебаевтың жоғарыда сөз еткен еңбектерінің негізінде және қазақ әдебиетінің тарихының арғы бастауларын ғылыми тексеру жолында ғалымның жетекшілігімен қорғалған М.Мағауиннің «ХҮ-ХҮІІІ ғасырлардағы ақын-жыраулар поэзиясы» аталатын кандидаттық диссертациясы ұлттық әдебиеттің тарихын үш ғасырға алға апаруы шын мәнінде ұлттық ғылыми-зерттеушілік ой-пікірде үлкен жаңалық болды. Ғалым бұл бағыттағы ізденістерін өзінің ғылыми мектебіндегі шәкірттеріне жетекшілік жасау арқылы ыждахаттылықпен тереңдете түсті. Оған М.Жолдасбеков, Н.Келімбетов,

А.Қыраубаевалардың ежелгі дәуір әдебиеті тарихын зерттеу саласындағы ғылыми еңбектері мен зерттеулері дәлел. Бұл түркі халықтарының YI-XIY ғасырлардағы әдеби мұрасының ғылыми тұрғыда зерттеліп, әдеби-тарихи мектептің қалыптасуына себеп болып ғана қойған жоқ. Орхон-Енисей жазба ескерткіштерінен бастап Қ.А.Яссауи шығармаларына дейінгі ұшан-теңіз классикалық мұраның халықтың рухани азығына айналуына жол ашты. М.Қашқари, Ж.Баласағұни, А.Игүнеки, З.Бабыр, Н.Рабғузи, Қ.А.Яссауи және т.б. еңбектерінің ұлт тілінде басылып шығуы мен зерттелуінің жан-жақты қолға алынуын қазіргі кездегі ұлттық әдебиеттанудың мол табыстарының бірі десек, артық айтпаған болар едік. Ұлттық әдебиеттану ғылымының білімпазы, атақты ғалым Б.Кенжебаевтың негізін қалаған ғылыми мектебінің шәкірттері ұлттық әдебиеттің тарихын тұтас толық және кешенді түрде зерттеуде тың бастамалар жасау жолында соны ізденістерге толы ұмтылыстар жасап жатыр.

2005 ж.

## Ә.ҚОҢЫРАТБАЕВ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ӘДЕБИЕТТАНУДЫҢ ҚАЛЫПТАСУ КЕЗЕНІ

Қандай да болсын халықтың әдебиет туралы ғылымы өзіне ғана тән ұлттық ерекшеліктермен туып-қалыптасатыны жалпыға белгілі жайт. Ол тарихи жолды қазақ әдебиеттану ғылымы да бастан кешірді. Алайда оған заман және уақыт өзінің сол кезеңге тән жаңаша жол бастаулары мен әр түрлі кедергілерін алға тартып отыруы арқылы дамудың эволюциялық заңдылығына өзгерістер енгізбей де қалмады. Тарихымызда кеңес дәуірі атанған қытымыр замандағы маркстік-лениндік әдіснаманың тар шеңберлі құрсауы ұлттық мүддеге тамыр тартатын, сондықтан әлемдік әдебиеттануға сай келетін барлық құнды рухани қазыналарымыздың барша болмыс-бітімін ашып көрсетуге мүмкіндік бермеді. Керісінше, саясат пен кеңестік идеология ғылыми зерттеу жұмыстарының барлық саласына араласып қана қоймай, өзінің таптық тұрғыдағы талабына ғана сай келуге тиісті бұмалаушылығы басым түзетулер енгізіп отырды.

Бұған дәлел – әдебиет туралы ұлттық ғылымның іргетасын қалап, шаңырағын биіктеткен атақты әдебиет зерттеуші, сыншы, ғалым саналатын арыстарымыздың тағдыр-талайы. Олардың ізін баса сол жолды жалғастыруға аянбай тер төккен ізбасарлары да әр түрлі саяси талқыларды бастан кешіруге тура келген бұраландарды жолдарды кешіруге мәжбүр болды. Сондай замана алға тарқан қиын-қыстау тағдырды ұлт мүддесі жолында кешкен таланты ғалымдардың бірі - Әуелбек Қоңыратбаев еді. Маркстік-лениндік әдіснаманың әдебиеттің таптығы, партиялығы, халықтығы туралы насихаттаған қасаң қағидаларына ұлт мүддесі үшін ғана емес, бүкіләлемдік ғылыми зерттеушілік теориялар тұрғысынан қарсы ой айта білуге білімі мен біліктілігі жете алған ғалым тұлғасы

кеңестік әдебиеттануда өз бағасын дұрыс ала алмағанын ашық айтатын ақыт жетті.

Көрнекті ғалымның өмір жолына көз салсақ, 1921-25 жылдары Ташкенттегі халық ағарту институтында оқығанын байқар едік. Ал бұл жылдары осы оқу орнында ұлтымыздың бір туар дарындары Х.Досмұхамедов, М.Тынышбаев, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, Д.Ысқақов, А.Байтасов және басқа да азаматтары еңбек еткен [1]. Ендеше олар болашақ ғалымның дүниетанымдық көзқарасының қалыптасуы мен терең білім алуына ғана емес, азаматтық тұлғасының да қалыптасуына әсер етпеді дей алмасaq керек. Әрі-беріден соң өнерінің тылсым құпиясын зерттеуді алдына мақсат етіп қойып, бүкіл өмірін әдеби көркем сын мен әдебиеттану ғылымына арнауына жол ашқан осы арыстар еді десек, қателеспейміз.

Алаш арыстары деп ардақтаған және алыптар тобы атаған таланттарымыздың көзін көрген, пікірлес болып үлгі-өнеге алған Ә.Қоңыратбаевтың әдебиеттану мен сынға араласа бастаған кезі өте күрделі болатын. Бұл шақ Алаш арыстары түгелдей қуғындалып, атылғаны атылып, сотталғаны жер аударылып қана емес, олардан қалған барлық әдеби және ғылыми мұра мансұқталып жоққа шығарылған да болатын. Басқасын былай қойғанда олар жазған оқулықтардың өзі зиянды деп табылып, қолданыстан шығарылып тасталды. Жоғарғы және орта мектепті оқу құралдарымен қамтамасыз етуді қажет еткен заман талабы бұл міндетті кеңестік ақын-жазушыларға артты. Осыған байланысты ұлттық әдеби мұраны таптық тұрғыдан бағалау жолындағы ізденістер мен әдеби сынға жас күштер идеологиялық мақсатта арнайы тартылды десек те болады. Бұған дейін өлең өнеріне талап жасап көрген Ә.Қоңыратбаев Бүкілодақтық коммунистік журналистика институтын бітіргеннен кейін (1933-35)

баспасөз бетінде әр түрлі тақырыптардағы көсемсөз мақалаларымен көзге түсе де бастаған еді.

Қашан да болсын ұлттық әдеби мұрамыз туралы өз пікірін батыл білдіруге ұмтылып жүрген жас талап қиындығы мен қызығы мол әдеби сынға тайсалмай араласты деп кесіп айтуға болмайды. Себебі 1930 жылдардың басынан бастап тарихи тұрғыдағы және ұлттық мүддеге тамыр тартатын кез келген тақырыпта әділін айта алмай бүгежектеген әдеби сын маркстік-лениндік әдіснаманың әдебиеттің таптығы, партиядығы, халықтығы секілді қасаң қағидаларының ықпалына беріле бастаған да болатын-ды. Сондықтан «буржуазиялық ұлтшылдық» пен «алашордалықты» әшкерелеуді идеология майданының басты күресі етіп отырған заман талабы мен кеңестік идеологияның ықпалы жас сыншының қалыптасуына өз әсерін тигізбеді деу артық болар еді. Бұл турасында ғалым Д.Ысқақұлы: «Әрине оның сын мақалаларының барлығы да мінсіз деуден аулақпыз. Өйткені, Ә.Қоңыратбаев та - өз заманының азаматы. Ол кеңестік дәуірде өмір сүріп, тәрбиеленіп, білім алып, қызмет етті. Әуелбектің де өз қоғамының ықпалынсыз, тысқары өмір сүруі мүмкін емес еді. Солай бола тұрса да Ә.Қоңыратбаевтың әдеби өмір, көркем әдебиет жайлы айтқан пікірлерінен ұлттық мүдде тұрғысынан әдеби, ғылыми шындықты тура батыл айту жағының басым жатқандығын айта кеткен жөн» деп әділін айтқан [2].

1930 жылдардың орта шенінде ұлттық әдеби сында екі түрлі тақырыптағы әдеби айтыс мәніндегі пікірталас баспасөз бетінде қызу жүрді. Оның біріншісі – драмалық қойылымдар туралы театр сыны турасында еді де, екіншісі – қазақ әдебиетіндегі натурализм мен формализм жайында болатын. Шынын айтқанда, театр сыны осы кезде ерекше қарқынмен жүргенін байқау қиын емес. Оған М.Әуезовтің «Айман-Шолпан», «Хан Кене», «Түнгі сарын»,

Ғ.Мүсіреповтің «Қыз Жібек», Б.Майлиннің «Жалбыр», «Шұға» және Н.Гогольдің «Ревизорының» ұлттық театрда қойылуына арналған рецензиялар мен сыни мақалалар дәлел. Оларда әр түрлі пікір қайшылығы орын алғандықтын мерзімді баспасөз әдеби айтыс болуына мүмкіндік жасап та отырды. Ондағы мақсат драмалық қойылымдардағы орын алған мінді тек қана сын түзейтінін, біріккен ой ғана жақсартатынын танытуға арналды. Ә.Қоңыратбаев «Шұға» туралы айтыс» аталатын ең алғашқы сын мақаласындағы (Социалистік Қазақстан, 17.07.1935) көркем шығарманың табиғатын тани білу жолындағы әдеби теориялық мәселелерге, оның ішінде әдеби образ және актер шеберлігі жайына бара алуы арқылы әдеби ортаны елең еткізгенін айта кеткен ләзім. Оған 1928 жылдан бастап өзінің әдеби-сын мақалалары арқылы барша жұртқа танымал болып үлгерген інісі Әлібек Қоңыратбаевтың әсері болмады дей алмаймыз.

Міне осыдан бастап Ә.Қоңыратбаев сын өнерінің қыр-сырына терең ден қоя бастағанын байқаймыз. Оның «Сын туралы бір-екі сөз» және «Идеялық кіршіксіз көркем шығарма жасайық» («Қазақ әдебиеті», 10.01.1936, 24.03.1936) аталатын мақалаларын осы жолдағы алғашқы барлаулар санаған дұрыс. Себебі кеңестік идеологияның китүрқы айла-шарғысына мүлде мойынұсынған әдеби сын әсіре солақайшылдықтан ада да еместі. Сонымен қатар Сталиннің жеке басына табыну зұлматынан туындаған «халық жауларын әшкерелеу» науқанының алғы шарттары жасала бастағанды. Осы жайтқа алаңдаған жас сыншыны әдеби сынның «ұр да жықтық» сипатқа бой ұрып бара жатқанына қатты ойландырғанын аңғару онша қиын емес. Ұлттық сынның тарихында «Әдеби сын - теория дүкеніне айналуға тиісті» деген қағидаға айналған тұжырымды да алғаш айтқан Ә.Қоңыратбаев болатын. «Сынның мақсаты жеке шығарма, автор мүддесі емес, әдебиет, үлкен өнер

мүддесін қорғау, оқыту, үйрету, көркемдіктің мінсіз биігіне бастау... Әдеби сынның күйін жақсарту – басты борыштардың бірі» дей келіп, әдеби сындағы орын алып отырған кемшіліктер мен келеңсіздіктердің басты себебі оның ғылыми теориялық дәрежесінің төмендігі мен білімді сыншы мамандардың жетіспеуінен деп табады [3]. Бұны жазған кезде сыншы ерекше дәріптеле басталған социалистік реализмнің әдебиеттің таптығы, партиялығы, халықтығы аталатын қағидаларының әдеби сынға қатты әсер ете бастағанын білмеді деуге болмас. Екінші мақаласындағы идеялық кіршіксіз шығарма жазу мәселесін көтерген уақытта социалистік өмір шындығының жырлануы, оның таптық және халықтық тұрғыдан суреттелуі, образ жасау шеберлігі және тағы басқа да мәселелерді сөз еткен уақытында, ұлттық әдебиеттану мен сында берік орын тебе бастаған маркстік-лениндік әдіснаманың талаптары айтылмай қалмайды емес. Бірақ негізгі түпкі мақсаты әдеби сынды қайткен күнде де әсіре солақайшылдықтан сақтап қалуға деген ізгі ниетінде жатыр.

Ә.Қоңыратбаевтың әдеби сынның жанрлық және теориялық мәселелерімен терең таныс бола бастауы оның сол кездегі екінші үлкен әдеби айтысқа айналған қазақ әдебиетіндегі натурализм мен формализм жайындағы пікірталасқа еркін араласуына мүмкіндік берген секілді. Бұл туралы өз ойын әдеби орта мен жиындарда батыл білдіріп жүргенімен, оның «Көркемөнер тарихы мен теориясы туралы», «Символизм қандай стиль?», «Реализм мен натурализм жөнінде» аталатын мақалалары ешбір газет-журналда жарияланбаған. Ол «Заманымызға сай үлкен әдебиет жасайық!» деп ұрандатып қойып, «Большевиктік өзара сын мен қырағылықты күшейтейікті» талап еткен кеңестік идеологияның қисындарына сай келе қоймағандықтан да болар. Ғалымның шығармалар

жинағының төртінші томына енгізілген осы зерттеушілік мәні басым мақалаларды бүгінгі күнгі көзқарас тұрғысынан қарап бағалар болсақ, ұлттық сыншылдық-эстетикалық ой-пікірдің қандай ғылыми теориялық биіктіктерге қол соза алғанына куә болар едік. Бұлар қазақ әдебиетінің көркемдік көкжиегін кеңейту мақсатында натурализм мен формализм туралы өз ойларын білдірген С.Сейфуллин, Е.Ысмайлов, Қ.Қуанышұлы және басқалардың мақалаларымен деңгейлес ғана емес, ұлттық ғылыми-зерттеушілік ой-пікірде кенже қалып келе жатқан әдебиет теориясының әдеби ағымдар мен көркемдік әдістер туралы ізденістер жасап жатқанынан да хабардар етеді.

Міне, осы 1930 жылдардың ортасынан бастап өмірінің соңына дейін Ә.Қоңыратбаев қазақ әдебиеті тарихының, теориясы мен сынының кез келген проблемасына арналған сын-зерттеу мақалалар жазудан таймай кетті. Бұл шағын мақалада олардың бәрін санамалап жату, ұзынсонар тізімін келтіру және әр қайсысына тоқталу басы артық шаруа. Алайда ғалымның шығармашылық өмір жолында кедергілер мен тағдыр-талайына әсер еткен саяси-элеуметтік жағдаяттар да болмай қалған жоқ емес. «Халық жауларын» әшкерелеген сталиндік зұлматтың қанды тырнағына інісі Әлібектің де ілінуі салдарынан әдеби ортадан шеттетілген кездері де болды. Ә.Нарымбетовтың «Қазақ совет әдебиеті» аталатын әдебиеттану мен сынға арналған библиографиялық көрсеткішіне көз салсақ, осы кезде мерзімді баспасөз бетіне онша көп көріне қоймағанын байқау қиын емес те. Соғыс кезінде КазПИ-ді бітіріп үлгерген (1942-45) ол іле-шала кандидаттық диссертациясын қорғайды. Осылайша қайта көріне бастаған шағында ұлттық әдеби мұраның шығыс әдебиетімен байланысы мәселесіне арналған зерттеулерін жазады. Олар 1946 жылы «Әдебиет және искусство»

журналында «Парсы жұртының үлгілі ақындары», «Әдебиет классиктері» (№1-3), «Орта Азиядағы түрік сұлтандарын жырлаған парсы ақындары» (№6) деген атпен жарық көрді. Бұл еңбектер ғалым өміріне түрлі қиындықтар әкелгенін айта кеткен де жөн. Себебі Қазақстан КП Орталық Комитетінің 1947 жылғы «Қазақ ССР Ғылым Академиясының тіл және әдебиет институтының жұмысындағы өрескел саяси қателіктер туралы» деп аталатын талқандағыш қаулысы шығып, ұлттық әдебиеттану мен сыннан ұлтшылдық бағыттағы кемшіліктер іздеу қызу қолға алынған еді. «Нақтылай айтар болсақ, «Қазақ әдебиеті тарихының» басуға даярланып қойылған бірінші томдығы, Ә.Қоңыратбаев, Б.Кенжебаев, Ә.Мәметова, Т.Нұртазиннің ұлттық әдебиеттану ғылымында алғашқы жетістіктер болып саналатын кандидаттық диссертацияларындағы маркстік-лениндік әдіснаманың әдебиеттің таптығы қағидасына сай келмейтін жаңашыл бағыттары мен көзқарастары қатал сынға ұшырады. Сонымен қатар еңбектер мен мақалаларға, орта мектепке арналған әдебиеттік оқу кітаптарына «ақын-жазушылар шығармашылығын тап күресімен байланыстырмай біржақтылықта түсіндіреді, тек жақсы жағынан бағалап, олардың феодалдық-реакцияшыл, ұлтшыл-буржуазияшыл пиғылдағы сарындарын бүркемелей баяндады» деген айып тағылды. Әсіресе Базар, Мұрат, Шортанбай, Шәңгерей, О.Қарашев, С.Торайғыров мұралары ғылымға жат, «зиянды концепциямен» зерттелгені баса айтылды» [4, 330]. Бұл тұрғысынан келгенде, ұлттық әдебиеттану ғылымында Ә.Қоңыратбаев сияқты «елеусіз қалып келе жетқан есіл ерлердің» тағдыр-талайы мен ғылыми шығармашылығы тарихи тұрғыдан өз бағпасын енді ғана алып жатқаны өкінішті.

Қазақ әдебиеттану ғылымының осыған дейінгі азды-көпті табыстарын жоққа шығарған бұл қаулы

В.И.Лениннің «екі түрлі мәдениет туралы» кате қағидасын тағы да алға тартып, «тұрпайы социологизм» теориясының қайтадан өріс алуына жол ашты. Ұлттық әдебиеттану мен сындағы қаулыда көрсетілген қателіктерді жоюға шақырған үндеуге идеологияға жақын екенін үнемі дәлелдеуге ұмтылатын сол кездегі әдеби солақай сын бірден үн қосты. Әдеби сынның осы қаулыға дейін анданда ғана көрініс беріп қоятын сыңаржақ солақайлығы қайта дәуірлеп, ғылыми-тарихи және әдеби-теориялық ой-пікірдегі орын алған «өрескел саяси қателіктерін» аямай әшкерелеу мен өлтіре сынау өрістеді. Ол партиялық басшылықпен арнайы ұйымдастырылды және осындай сәттерде көзге түсіп қалуға тырысатын айғайшыл адамдарды шеберлікпен пайдаланды, мақсатты түрдегі тапсырыс беріп жаздырылды.

Сынның «ұлтшылдыққа» қарсы саясаттың қол шоқпарына айналуы осы қаулы жарияланған 1947 жылғы «Социалистік Қазақстандағы» С.Бәйішев, Қ.Шәріпов, А.Қайыргелдиндердің «Ғылымдағы идеясыздық пен бейсаясаттылыққа жол берілмесін» (12 ақпан), С.Бәйішевтің «Қазақ әдебиеті мен әдебиет зерттеудің күрделі мәселелері туралы» (15 тамыз), «Профессор М.Әуезов өткендегі қателерінің шырмауында» (14 наурыз), Қ.Тұрғанбаевтың «Шығыстың шылауындағы әдебиетші» (5 қазан), орыс тіліндегі баспасөзде Б.Степановтың «Об идеологических ошибках работников общественных наук Казахстана» («Большевик Казахстана», №1), «За высокую партийность в общественной науке Казахстана» («Вестник АН КазССР», №1-2), «За большевистскую идейность в литературоведении» («Казахстан», №6) секілді мақалаларынан айқын байқалады. Осыларда Ә.Қоңыратбаевтың ғылыми-зертеу мен әдеби-көркем сындағы «өрескел саяси қателіктері» басқа да ұлт дарындарымен қоса аталып әшкереленсе, Қ.Тұрғанбаевтың

мақаласы тікелей Ә.Қоңыратбаевтың жоғарыдағы біздің ұлттық ғылыми-зерттеушілік ой-пікірге үлес болды деп бағалауға ұмтылған мақалалары туралы еді. «Қазақ ғалымдарының «ұлтшылдығының» үстіне ұлт әдебиетіндегі «батысқа бас июшілік» пен «космополитизм» батыл әшкереленіп жатқанда, одақтас республикалардың әдебиеті, халықтар достығын сөз етудің орнына, айдаладағы парсының классиктері мен түрік сұлтандарын жырлаған ақындар туралы жазылған бұл мақалалар солақай сынға өзі-ақ сұранып тұрғаны айқын болатын. Сыңаржақ сын авторы Ә.Қоңыратбаевтың ғылыми зерттеу еңбектеріндегі қаулыда көрсетілген саяси идеологиялық кемшіліктеріне байланысты кигізілген «ұлтшылдық» қамытының үстіне «пантюркистік» және «панисламистік» көзқарастағы ғалым деген жалалы жамаудың да шетін шығарып қойды» [5]. Идеология майданындағы жұмыстарды жақсарту, партиялық осы қаулыда көрсетілген қателіктерді жою туралы жиі ұйымдастырыла бастаған түрлі жиындар мен басқосулардағы баяндамаларда, жарыссөздерде, сол кездегі республика басшысы Ж.Шаяхметовтың баяндамаларында басқа «ұлтшылдар» секілді Ә.Қоңыратбаевтың аты да жиі-жиі аталып отырылды. Ол аздай партиялық басылым саналатын «Социалистік Қазақстан» газетіне жарияланған Қ.Жармағанбетов пен С.Бақбергеновтің «Қазақ әдебиетіндегі сыңаржақ сыншылар» атты мақаласы отқа май құя түсті [6]. Бұл сияқты жалпы халықтық мәнге айнала бастаған «ұлтшылдықты» әшкерелеу мен саяси талқылаулардан кейін өз ісіне сенімдімін деп жүрген кез келген адам жазған-сызғанына күмәнмен қарай бастауы да заңды құбылыс. Солақай сын шоқпарынан әбден таяқ жеген Ә.Қоңыратбаев ақырында «Социалистік Қазақстанның» 1949 жылғы 22 майдағы санында «өзінің барлық қатесін

мойындаған» «Редакцияға хат» атты мақаласын бастыруға мәжбүр болды. Ақыл-парасатқа тұсау салып, ғылыми және сыншылдық ой-пікірді тар шеңберде ұстаған кеңестік идеологияның қитұрқы саясатының айла-шарғысының бірі демеске лаж жоқ. Біз сөз етіп отырған ғалым түгiлi заманының заңғар жазушысы атанған М.Әуезов пен математикадан шыққан тұңғыш ғалым Ә.Ермеков те 1932 жылы осындай «ерiксiз бойұсынуларға» мәжбүр болғанын айтсақ та жеткiлiктi. Ұлт зиялыларын ел тағдырының болашағы үшiн өздерiнiң азаматтық кредоларынан бас тартуға душар қылған замана шындығының ақиқатын тарихи тұрғыдан ашып айтар уақыт жеттi.

Осы секiлдi идеологиялық қырағы әшкерелеулердiң зардабының соңы Ә.Қоңыратбаевты ел астанасындағы ғылыми ортадан аластауға ғана емес, партияның ХХ съезiндегi сталиннiң жеке басына табынуды талқандаған 1956 жылға дейiн ғылым мен сын саласында емiн-еркiн айналысуына мүмкiндiк бермедi. Бұдан кейiндегi тоталитарлық замандағы саясат ықпалына ерiксiз көндiге отырғанымен, ғалым өзiнiң жарық көрген және жариялауға еш мүмкiндiк таппаған мақалалары арқылы «Әдебиет – ардың iсi» екенiн табандылықпен дәлелдеп кеттi, яғни сағын сындырмай өттi. Оған дәлел - көрнектi ғалымның артында қалдырып кеткен он томдық ғылыми және сыни еңбектерiнiң және тағы басқа да шығармаларының жинағы. Бұл он томдық Ә.Қоңыратбаевтың әдебиеттану мен сын тарихында елеулi орын алатынына нақты мысал ғана емес, ұлттық ғылыми-зерттеушiлiк ой-пiкiрдiң қалыптасуы мен даму жолын ғылыми тұрғыда зерделеушiлерге құнды дерек көзi болып қала беретiнi даусыз.

- 
1. Первый казахский институт в Ташкенте. «Zar-qalam», Ташкент, 2005.
  2. Ысқақұлы Д. Тарих тамырына терең үңілген. «Қазақ әдебиеті», №.40, 2005.
  3. Қоңыратбаев Ә. Шығармалар жинағы. ІҮ том. Алматы, 2005.
  4. Смағұлов Ж. Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихы. Алматы, 1999.
  5. Смағұлов Ж. XX ғасырдағы қазақ әдебиеттану ғылымы. Алматы, 2014.
  6. «Социалистік Қазақстан», 1949, 18 март.

2005 ж.

## **Т. КӘКШҰЛЫ – ҰЛТТЫҚ ӘДЕБИЕТТАНУ ҒЫЛЫМЫ ТАРИХЫН ЗЕРТТЕУШІ**

**Каждый кто идет в жизни  
собственным путем – Герой.**

**Гессе**

XX ғасырдың жетпісінші жылдарынан бастап ұлттық әдебиеттану ғылымы тың ізденістер жолында соны серпілістер жасауға бет бұрды. Қазақ әдебиетінің тарихын тек XVIII ғасырдан, оның ішінде тек қана Бұқар жырау шығармашылығынан бастауды негіздеген ұлттық нигилистік қате концепцияның құрсауы бұзылды. Проф. Б.Кенжебаевтың қазақ әдебиетінің арғы бастауларын көне дәуірлерден бастап тексеру қажеттігі туралы бастамасының ұлттық ғылыми-зерттеушілік ой-пікір тарихындағы маңызы зор болды. Соның арқасында төлтума әдебиетімізді XV ғасырдан, ал ежелгі дәуірлерін VI ғасырдан бастап зерттеу мен оқыту үдерісі ғылыми айналымға енді. Ақыл-парасаттың сталиндік «жеке басқа табыну» зұлматтарынан құтылған соңғы «жылымық кезеңінде» қалыптасқан ұлттық ой-сана әдебиет туралы ғылымның да тың ұмтылыстар жасауына жол ашты.

Міне, осындай жана ізденістер кезінде ұлттық ғылыми-зерттеушілік ой-пікір қазақ әдебиеттануы мен сынының туып, қалыптасу жолын тексеру, бастан өткерген тарихи дәуірлеріндегі қол жеткізе алған жетістіктері мен кемшіліктерін ғылыми тұрғыда саралауды қолға алды. Бұл бағыттағы тыңға алғаш түрен салған Халықаралық жоғарғы мектептер Ғылым академиясының құрметті академигі, Еларалық қоғамдық Ш.Айтматов академиясының академигі, Қазақстан жазушылар одағының С.Сейфуллин атындағы сыйлықтың иегері, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері,

филология ғылымдарының докторы, профессор, жазушы, сыншы Тұрсынбек Кәкішұлы болды. Қазақ әдебиеттануы мен сынының ауыр жүгін көтерген, халықтық мүддеге сай өркен жаюына еңбек еткен, кер замандағы кереғар қағидалардың таяғын жей жүрсе де ұлттық ғылыми-зерттеушілік және сыншылдық-эстетикалық ой-пікірдің қалыптасуы мен даму тарихын ғылыми тұрғыдан зерделеуде мол үлес қосқан тұлға ретінде танылды. Ұлт зиялылары әдебиет туралы ұлттық ғылымның ар-ожданын жоғары ұстаған Абыз дәрежесінде бағалайды. Бұл жерде Т.Кәкішұлына «ұлы ғалым» деген атақты қимай отырған жоқпыз, туған шәкірті болғандықтан, ол ғылыми этикаға жатпайды, сондықтан оны басқалар айтқаны дұрыс.

Қазіргі таңда Т. Кәкішұлының сол шақтағы ЖОО - дарында арнаулы курс деңгейінде ғана оқытылып жүрген қазақ әдебиеті сынының тарихы ғылыми пән болып дербестік алуына, оның туу, қалыптасу, даму секілді дәуірлерін саралаудағы сіңірген еңбегі аса бағалы. Сын үлгілерінің сілемдерін өткен тарихтағы рухани мұраларынан іздеп тауып, алғашқы қазақ баспасөздерінде сын жанрлары қалыптасқанын ыждағаттылықпен зерттеді. Сол арқылы қазақ әдебиеті сынының жеке сала ретінде кәсіби сипат алғаны төңкеріске дейінгі дәуірде жүзеге асқанын дәлелдеп, мәдени, әдеби, ғылыми жетістіктеріміздің бәрі де «түгелімен Ұлы Октябрь революциясының жемісі» (М.Әуезов) деп жүрілген қасаң қағиданың тас-талқанын шығарды. Себебі әдеби сын тарихы зерттелмек түгілі, әлі толық қалыптасып болмаған әдебиеттанудың балаң саласы деген ұстаным қатты белең алып тұрған еді. Оған коммунизм идеясын желеу еткен ұлы державалық отаршыл саясат та аса мүдделі болды.

Өткен ғасырдың орта тұсында шетел әдебиетінде үлкен сілкініс жасаған О.Уоррен «Әдебиет теориясы»

еңбегінде: «Историк литературы должен быть критиком хотя бы для того, чтобы остаться историком», - деп жазған екен. Бұл әдебиет тарихының көне дәуірлерден бергі барлық болмыс-бітімін білмей, әдебиеттану мен оның әдіснамасының қыр-сырына үңіліп алмай, сын сияқты қиын саланың бастан өткерген жолына бару мүмкін емес екенін дәлелдесе керек. Т.Кәкішұлы сын мен әдебиеттану ғылымының тарихын зерттеуге бел буғанда, бұрынғы таптаурын болған жолдан өзгеше бағытты бастап, көп ғылым докторының бірі болу үшін емес, өз ұлтының әлемдік өркениетке қосқан үлес-салмағын дәлелдеуді мақсат еткені анық. Оған қоса сындарлы да мазмұнды сын жолына түспестен бұрын әдебиет зерттеушісіне ең негізгі керек болатын қасиеттерді меңгеру жолынан өтті. Олар тек ғылыми табандылық пен логикалық тұрғыдан зерделей білу, мұрағаттарда шаң басып жатқан жәдігерлерді іздеп табу ғана емес, өз зерттеулерінің басты бағытын ұлттық мүдде тұрғысынан пайымдай білуді де қажет ететінін ғалым өз шығармашылығының басты кредосына айналдырды. Бір жағынан ғалым Сантьяго айтқандай, «Тарихтан тағылым алмаған ұрпақтың сол тарихты қайталауға мәжбүр болатынын» ғасырлар толқынындағы оқиғалар арқылы тереңнен тани білді.

Бұл тұрғысынан келгенде, жоғарыдағы ғалымның: «Критик, которого не тревожит его полное незнание всех исторически складывавшихся в литературе отношений, будет то и дело грубо ошибаться в своих приговорах. Ему не дано будет грубо ошибаться в своих приговорах. Ему не дано будет определить, какое произведение является новаторским и, какое – подражательным: не зная исторических условий, которое одевалось произведение, он неизбежно впадет в заблуждение, толкуя о его природе. Слабое знание или полное незнание истории толкает критика на путь поверхностных догадок или заставляет его

заняться описаниями собственных «путешествий по миру шедевров»; он будет стремиться избегать литературы сравнительно далекого прошлого, объявив, что это область «ученого - антиквара» и «филолога», - деген пікірі әдебиеттану мен сын тарихын зерттеуші ғалым үшін бұлжымас қағидалардың бірі болуы қажет. (Теория литературы, 1978. С. 326).

Т.Кәкішұлының бойындағы туа біткен осы «сыншы, филолог, ғалым - антикварлық» мінез бен қадір-қасиет тоталитарлық кезеңдегі маркстік-лениндік әдіснама қағидаларының тоз-тозы шыққан қамытын киіп алып тарта беруден сақтап қалды. Ал халық тарихын қастерлеп, оның өткені мен өткеліне өзгеше қарап, бүгіні мен болашағы үшін бел буып, белсене араласуда жан пидалыққа жақын тұру, қажет жерінде құрбандыққа да қол арта алатын азамат болу – екіннің бірінің маңдайына бұйырмайтыны белгілі.

Проф. Т. Кәкішұлы қазақ әдебиеті сынының тарихын зерттеуге кіріскенге дейін ұлттық әдебиет туралы ғылым тарихы, ондағы әдеби-теориялық, ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің даму үдерісін, әдіснамалық мәселелерін ғылыми тұрғыда жүйелі тексерген күрделі ғылыми зерттеу болған жоқ. Әдебиеттану ғылымның туу, қалыптасу, даму жолдары мен тарихының көптеген мәселелері туралы келешек зерттеу жұмыстарына бағыт-бағдар беретін соны көзқарастарды «Сын сапары» мен «Оңаша отау» атты монографияларында алғаш ғылыми айналымға енгізді. Өзінің қалыптасу тарихындағы жетістіктер мен қателіктерді ғылыми тұрғыда зерделеп алмай тұрып, қандай да болсын ғылым саласының өсіп-өркендемейтінін өзінің «әсіре лениншіл» замандастарынан бұрын сезіне білді. Әсіресе, маркстік-лениндік әдіснаманың сталиндік билік кезіндегі артық-кем айтылып, енді қағидаға айналып бара жаздаған қателіктердің орын алу себеп-салдарларын

таразылау әдебиеттану мен сын үшін ғана емес, халық болашағы үшін де қажеттігін алғашқы болып тани алды. Бұл тұрғыдан алғанда, ұлттық әдебиеттану ғылымының бастан өткізген негізгі кезеңдері, яғни туу, жетілу, қалыптасу дәуірлерін арнайы зерттеудің, шығармашылық кескін-келбетін, әдіснамалық мәселелерін ғылыми тұрғыда саралаудың шешуші қадам болып табылатынын әдеби сын тарихының мәселелерін зерделеу барысында қоса қарастырып отырды. Сол арқылы ұлттық әдебиет туралы ғылым белгілі бір білімдер жиынтығы мен әдеби құбылыстарды танып-білу құралы ретінде өзінің ұғым-түсініктері, теориясы, әдіснамасымен бірден қалыптаспағанын, қиын-қыстаулы ұзақ та күрделі тарихи жолды бастан кешіргенін кешенді түрде тексеруді әдебиеттанушылар қауымына келелі мәселе ретінде ұсынды.

Қазақ әдебиеттану ғылымының өсіп-өркендеу жолын қоғамдық ой-сананың жетілуіне орай алғашқы ғылыми және теориялық ой-пікірдің ояну, көркем әдебиетке байланысты ұғым-түсініктердің қалыптасуы мен әдеби мұраны жинап жариялау, зерттеу процесіне сай кезеңдерге бөле отырып тексерудің, әдіснамалық тұрғыда толық жетілуін саралаудың практикалық та, теориялық та мәні бар екені тұңғыш рет осылайша пайда болды. Оның ішінде тууы мен қалыптасу дәуірлерін бастан өткерген XX ғасырдағы әдеби мұраны игеру жолындағы зерттеушілік ізденістерін, ұлттық әдебиеттің ғылыми тарихын жасау мен дәуірлеудегі қадамдарын саралаудың маңызы зор екені Т.Кәкішұлының докторлық диссертациясында алғаш айтылды.

Егерде әдебиет туралы ұлттық ғылым тарихы жайында Т.Кәкішұлына дейін ешкім пікір білдірмеді десек, тарихи шындыққа қиянат жасарымыз анық. Айтылды, бірақ олар ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің тарихи тамырға тартатын

ізденістерін аса бір қырағылықпен жойып жіберіп отырған сталиндік билік кезіндегі түзетулерден кейін «жіберілген қателіктерден» ақталу мақсатында ғана еді.

Қазақ ССР Ғылым академиясының Тіл және әдебиет институты «Қазақ әдебиеті тарихының» көп томдығын шығаруды жоспарлап, 1946 жылы оның фольклорға арналған бірінші томы дайын болған-ды. Бірақ, ол 1947 жылдың 21 қаңтарындағы ҚК(б)П Орталық Комитетінің «Қазақ ССР Ғылым академиясының Тіл және әдебиет институты жұмысындағы өрескел саяси қателіктер» аталатын қаулысының қаһарына ілініп, әдебиеттану ғылымындағы саяси-идеялық кемшіліктері қатты сыналды. Осы қаулыда айтылған партиялық сындарды түзетудің басты маңызды міндеттерін белгілеу мақсатында М.Әуезов 1948 жылы «Қазақ әдебиеті тарихын жасау мәселелері» деген мақаласын жазған болатын (17-том, 1985, 205-б.).

Академик-жазушы М.Әуезов әдебиеттану ғылымы тарихы турасында: «Қазақ халқының мәдениет тарихында әдебиеттану ғылымының тарихы әзір қысқа. Ол «Әдебиеттік сын», «Қазақ әдебиетінің теориясы», «Қазақ әдебиетінің тарихы» деген салаларға бөлініп, енді ғана дамып келеді. Қазақтағы әдебиеттану ғылымы құралғанда, ол өзінің алғаш туысымен, бүгінгі жеткен сатысымен, барлық бас-аяғын жинағанда-түгелімен толық мағынасында социалистік Ұлы Октябрь революциясының жемісі болады. Октябрьден бұрынғы қазақ тарихында біз бұл жөнде, «өскен ғылым» дерлік мардымды мұралар алғамыз жоқ, - дей келе әдеби мұраны жинап-жариялаған төңкеріске дейінгі орыс ғалымдарының, Шоқан, Әбубәкір, Ыбырайлардың еңбегін ұмытпау мен бағалау керектігін ескертеді. Алайда қаһарлы қаулыдағы сынның ықпалынан шыға алмағандықтан: «Бірақ олардың көп жылдар жасаған пайдалы әрекеттері – нағыз әдебиеттану ғылымын тудырған жоқ-ты. Олардың тексеру, зерттеулері бастауыш

дәрежеде болса да қалыптанған «әдебиет теориясы», «әдебиет тарихы» болып тым құрыса орта мектеп оқу құралы есебінде тарихқа кірген жоқ-ты. Рас, сол революциямен бірге жасасып келе жатқан қазақ әдебиеттану ғылымы өзінен өзі туып, өз бетімен ғана жол салып, тек қазақ әдебиетшілерінің өз еңбек өнерімен ғана өркендеп келе жатқан жоқ», - дей келе, «жабайы отар болған Қазақстанның» әдебиеттану ғылымын тудырып, өсіруі «ұлы орыс халқының көмегінің арқасы екеніне ерекше тоқталады. «Қазақ әдебиеті тарихы мен әдебиеттану жүйесі бізде орта мектептерде оқу құралын жасаудан туғандығын» дәлелдеу мақсатында қазақ әдебиеттануының «социалистік жас ғылым» екендігін мақаланың бір бетінің өзінде үш рет қайталай көрсетеді.

Міне, М.Әуезовтің осы мақаласындағы «Қазақ әдебиеттану ғылымы бүгінгі жеткен сатысымен, түгелімен Ұлы Октябрь революциясының жемісі болды» деген пікірі ғылыми айналымда ұлттық әдебиеттану тарихы туралы барлық айтылар ойдың негізгі тұжырымына айналып кетті. Ол Т.Кәкішұлының қазақ әдебиеті сынының тарихы мен әдебиеттану ғылымының мәселелерін зерттеуді қолға алған кезеңге дейін бұлжымас қағидадай қайталанумен болды. Оған мысалға 1959 жылғы «Әдеби мұра және оны зерттеу» атты ғылыми конференцияны алуға болады. Онда ұлттық рухани қазынамызды жаңаша тұрғыда зерделеу мен пайдалану мәселесі шұғыл күн тәртібіне қойылды. Себебі, «жеке басқа табынушылықтың» зардаптарын жоюды заман өзі талап етіп отырған болатын. «Әдеби мұраны кеше қалай бағаладық, енді қалай зерттейміз» деген мәселенің күн тәртібіне қойылуының өзі-ақ әдебиеттану ғылымының өткені мен бүгіні туралы пікір айтылуына негіз болды.

Біздің ойымызша, конференцияның басты бағыт-бағдары мен әдіснамалық жүйесі идеялық тұрғыдан дұрыс,

партиялық тұрғыдан әділ болуы жоғарғы жақтағы саяси орталықпен ақылдасып бекітілген. Оны С.Бәйішевтің «Халқымыздың әдеби мұраларын зерттеу мен пайдалану жайында» деген кіріспе сөзінің және Е.Ысмайыловтың «КПСС ХХІ съезі қарарларына байланысты қазақ әдебиеттану ғылымының негізгі міндеттері» атты баяндамасының мазмұнынан көруге болады. Екеуі де заман талабына сай маркстік-лениндік әдіснамаға сүйене отырғанымен, С.Бәйішевте ұлттық әдебиеттанудағы соны ізденістерді кінәлау жағы басым түскен де, Е.Ысмайыловта ғылыми зерттеу жұмыстарында жіберіліп отырылған «кемшіліктердің» себебін ашып ақталу жағы көп. С.Бәйішев өз сөзінде қазақ әдебиеттануының теориялық деңгейі төмен дәрежеде екенін айтқан уақытта әдеби-теориялық талдау жасаудың әлсіздігін көрсеткен жоқ. Керісінше, лениндік әдіснамалық теорияны толық меңгермегендіктің салдарынан әдеби мұраны игеруде қателіктерге ұшырап отырғанына байланыстыра қарайды. Оны дәлелдеу үшін ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің кеңес дәуіріндегі әдебиеттен көрі бұрынғы әдеби мұраға, Бұқар жыраудан бастап М.Ж.Көпеевке дейінгі ақын-жырауларды зерттеуге көп көңіл бөліп жүргенін, соның кесірінен империалистік жаулар шабуылын әшкерелей алмайтынын, әдебиет тарихын партиялық тұрғыдан әділ бағалау басты міндет екенін шегелей айтумен шектелген. Сол арқылы әдебиеттану ғылымы «коммунизм құру жолында идеологиялық құрал» екенін дәлелдеп шықты.

«Қазақ әдебиеттануының еңбек торысы» атанған білгір ғалым Е.Ысмайылов қазақ әдебиеті халықтың тарихи қоғамдық өмірінің, таптық күрестерінің жемісі деген тұжырымды және В.И.Лениннің екі түрлі мәдениет туралы қағидасын басшылыққа алғанымен, «дүниетану мен көркем шығармашылықтың ара қатынасы, қазақ әдебиетінде реализм дәстүрінің қалыптасу жолдары, қазақ

әдебиетінің ғылыми тарихын жасау жолдары, жанрлардың өсіп-өркендеуі, ұлт әдебиеттерінің байланысы және өзара ықпал жасау процестері, аса көрнекті ақын, жазушылар туралы монографиялық еңбектер жазу, бүгінгі әдебиеттің творчестволық мәселелерін зерттеудегі әдебиет сынының мәні, қазақ әдебиеті мен фольклорының үлгілері мен деректерін жинап-зерттеу» секілді әдебиеттану ғылымының алдында тұрған міндеттер төңірегінде ой қозғады.

Бүгінгі күн тұрғысынан қарағанда баяндаманың ең жаңашыл жері - қазақ әдебиетінің ғылыми тарихын жасау мәселесін сөз етуіне орай ұлттық әдебиеттану ғылымының өткен жолына баға берілуі дер едік. Е.Ысмайылов: «Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихына көз жіберсек, оның негізгі екі кезеңді бастан кешіргенін байқауға болады. Бірінші - үйрену, идеялық творчестволық принциптерді игеру кезеңі. Бұл революцияның алғашқы кезеңінен соғысқа дейінгі дәуірді қамтиды. Екіншісі - соғыстан кейінгі дәуір, яғни қалыптасу, даму дәуірі», - деп екіге бөле отырып, алғашқы кезеңде заманның талап-тілектеріне байланысты дүниеге келуіне ана тілі мен әдебиетінің мектептер мен оқу орындарында оқытыла басталуына сай алғашқы оқулықтар мен хрестоматиялардың жазылуы түрткі болғанын атап көрсетеді. Ғалым қазақ әдебиеттануының қалыптасу кезеңдерін анықтауда маркстік-лениндік методологиядан қателесіп кетпеу мақсатында М.Әуезовтің жоғарыдағы мақаласындағы тұжырымға мықтап сүйенгені байқалады.

Ұлттық әдебиеттанудың туу, даму жолында «бірыңғай ағым» теориясы орын алғандығынан, «жеке ақын-жазушылар шығармашылығындағы идеялық қайшылықтар батыл әшкереленбей келгендігіне» ерекше тоқталды. Сонымен қатар буржуазиялық көзқарастағы теория ретінде «бірыңғай ағымға» алғаш анықтама беріліп, «принципті

түрде» сыналды. Е.Ысмайылов «партиялық сын» тұрғысынан қарап, бұл теорияның М.Әуезов, С.Мұқанов, Қ.Жұмалиев, Б.Кенжебаев және тағы басқалардың, тіпті өзінің де еңбектерінде орын алғанын атап көрсетті. «Біз ешқайсымыз да осы теорияға әдейі, мақсат етіп барғанымыз жоқ, әйтеуір әр халық, әр ел өзінің әдебиет тарихын жасап отыр ғой, біз де сондай әдебиет тарихын қомақты етіп жасайық деген ізгі ниетпен кіріссек те қателесіп кеттік», - деп ақталуында үлкен мән жатыр. (Әдеби мұра және оны зерттеу, 1961, 24-б.).

Бұл конференцияның қазақ әдебиеттануының қалыптасу тарихындағы маңызы туралы пікір айтқан әдебиетшілердің барлығы да ғылыми-зерттеу жұмыстарына кедергі болып келе жатқан көптеген мәселелердің беті ашылғанын, біраз ілгері басу болғанын, қазақ әдебиеті тарихын жүйелі тексерудің жолға қойылғанын атап көрсетеді. Негізінен дұрыс болғанмен, партиялық-әкімшілік жүйе кезінде айтылған ойды қайталау бар. Бұл жерде біз конференцияның фольклорлық мұра мен әдебиет тарихын тексеруде соны қадам болып табылатын табысын жоққа шығарайын деп отырған жоқпыз. Мәселе - осы бағалауларда қазақ әдебиеттану ғылымының бұдан былай маркстік-лениндік әдіснаманың жаңа кезеңге лайықталған қағидаларының ықпалына біржола түскенінің ашып айтылмауында. Мысалы, тіпті беріде ғана шыққан еңбекте Д. Қамзабекұлы конференциядағы Е.Ысмайыловтың: «Әдебиет тарихының негізгі проблемалық мәселелерін жан-жақты шешіп зерттеуде бір тарихшылдық принципті, яғни әдеби құбылыстарды тарихи даму процесінде, әрбір ақынды өзінің туған тарихи-қоғамдық ортасына нақты байланыста алып тексеру принципін қолданамыз», - дегенін сындарлы пікір деп табады. (40-50 және 60 жылдардағы қазақ әдебиеті.1998, 217-б.).

Егер тереңірек үніліп қарасақ, ғалым бұл пікірді идеялық қайшылығы бар деп дау-дамайға түсіп жүрген ақындарды таптық қоғамның өкілі ретінде бағалау қажеттігін негіздеу мақсатында айтып отыр. Жалпы алғанда конференцияның маркстік-лениндік әдіснаманы, оның әдебиеттің таптығы, халықтығы, партиялығы қағидаларын ғылыми жұмыстарда түпкілікті орнықтыру мүддесін ұстанғаны тарихи шындық. Сондықтан оған баға берген уақытта егемендік алғанға дейінгі қазақ әдебиеттануының ұлттық мүддеге тамыр тарта алмаған, өткендегі мұраны тарихи ақиқат тұрғысынан бағалай алмаған кемшіліктерінің барлығы осы конференциядан басталғанына көңіл аудару қажет. Қазақ әдебиеті сыны тарихының келелі мәселелерінің зерттелуі мен жеке пән ретінде оқытылының кешеуілдей қолға алынуы және «Қазақ әдебиеттану ғылымы тарихы» әлі де болса дербес пән болып жүргізу дәрежесіне ие бола алмауы соның салдары деген жөн секілді.

Ұлттық әдебиеттанудың дәуірлері туралы Е.Ысмайыловтың жоғарыдағы пікірі қазіргі кездегі өскелең талап тұрғысынан алғанда біржақты көрінгенімен алғаш рет айтылуымен құнды. Ұлттық мүддеге тамыр тартатын кез келген тың ізденістерді қатаң бақылауда ұстап отырған партиялық басшылықтағы заман талабы басқаша қарастыруға мүмкіндік те бермеді. Сол себептен де Т.Кәкішұлының қазақ әдебиеті сынының тарихын дәуірлерге бөле отырып зерттеуде одан басқа табан тіреп тірегі болған жоқ.

М. Әуезов пен Е. Ысмайыловтың қазақ әдебиеттану ғылымының туу дәуірін Қазан төңкерісінен кейін бастауының тарихи себептері де жоқ емес еді. Оған басты тірек болып отырғаны - қазақ фольклоры мен әдебиет тарихын тексерудегі негізгі жұмыстар 1920-30 жылдардағы оқулықтар мен алғашқы монографиялық зерттеулерде,

ғылыми мақалаларда жүзеге асуы. Алайда, әдебиет туралы ғылымның тууы үшін ең әуелі әдеби-теориялық, ғылыми-зерттеушілік және сыншылдық-эстетикалық көзқарас пен ой-пікірлер қалыптасуы керек. Бұл - белгілі бір уақыт аралығын талап етіп, ұзаққа созылатын күрделі үдеріс. Әдеби сынның да осы секілді ғасырларға созылатын даму жолынан өтуі қажеттігін Т. Кәкішұлы ұлттық ғылыми зерттеушілік ой-пікір тарихында тұңғыш тап басып тани білді.

Белгілі бір шығарма немесе ақын шығармашылығы туралы бағалаушылық мәндегі көзқарасты білдіретін алғашқы ойлар мен түсіндірмелер жинақтала келіп нақты айтылғанда ғана әдебиетті өнердің бір түрін екенін танытуға кірісетін сыншылдық және әдеби-теориялық ой-пікірлер мен ғылыми ұғымдарға айналатынын өз зерттеулерінің өзегі етіп алды. Бұған, яғни әдеби-теориялық, ғылыми-зерттеушілік және сыншылдық-эстетикалық ой-пікір мен ғылыми ұғымдардың қалыптасу үдерісіне, қоғамдық өзгерістер мен әлеуметтік жағдайлардың әсерінен халықтық ой-сананың оянуымен қоса өркендейтін әдеби мұраны жинау, жариялау және игеру жұмыстары жетекші роль атқаратынын тұңғыш айтқан да Т.Кәкішұлы болды. Сондықтан кез келген халықтың әдебиеттануы мен сынының туу, қалыптасу жолын сөз еткенде оның бастаулары болған әдеби-теориялық және ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің алғаш айтылуы, олардың бір жүйеге түсуі, жинақталуы, ғылыми ұғымдардың қалыптасуы қай кезден басталды, халықтың қоғамдық сана-сезімдеріне қалай ықпал ете алды, қоғамдық-әлеуметтік жағдайлар қандай еді деген проблемаларға жауап іздеуіміз қажеттігін нақты сөз етіле басталды.

Еуропацентристік ой-пиғылдар мен ұлы державалық шовинистік көзқарастарды былай қойған күннің өзінде, өз

ортамыздан шыққан нигилистеріміз әдебиеттану мен сынның Қазан төңкерісіне дейінгі арналарынан ат тондарын ала қашты. Академик М.Қаратаевтың: «Қазақ әдебиетінде сынның белгілі бір орын алуға ұмтылуы тек кеңес өкіметі тұсында, айналасы осы 10-15 жылдың ішінде. Қазанға дейін бізде сын атаулының болмауы тіпті заңды нәрсе» деген пікіріне тұңғыш рет қарсы шыққан да Т. Кәкішұлы болатын. Ғалымның «...тарихи желісі үзілмейтін мәселелердің өзі төңкерістен кейін сапалық жаңа қасиеттермен толысқанын тілге тиек етіп, бұрынғыны мансұқтайтын, місе тұтпайтын кезіміз аз болмайды. Соны әдебиет жанрларына жақындатқанда, әсіресе қазақтың әдебиет сыны туралы шолақ пішіп, нығарта айтуды мақұл көрдік. Мұның өзі аксиома түрінде тұжырымдалды» деген тың көзқарасы арқылы ғылыми-зерттеушілік ой-пікірді жаңа бағытқа бұрды. Бұл ұлттық әдебиеттану мен сынының тарихи арналары туралы кеңестік дәуірдегі қағидаға айнала бастаған қате көзқарасын бұзды.

Қазақ әдебиеттану ғылымы өзінің қалыптасу кезеңінде төл әдебиетіміздің ұлттық танымға сай тарихи бастауларын анықтап алуы, сөз жоқ, ғылыми мәні зор жаңалық болып табылады. Себебі, бұл қазақтың ұлт, халық ретінде толық танылуын, әдебиеті мен өнерінің, ғылымының өсіп-өркендеуін Ресейге «өз еркімен қосылғаннан» бері қарай ғана қарастырып келген, тіпті Қазан төңкерісіне дейін «үш пайызы ғана хат танитын сауатсыз еді» деуді оңды-солды насихаттаған европацентристік көзқарастың, нигилистік пиғылдағы пікірлердің ірге тасын шайқалтып-ақ тастады. Ғылыми-зерттеушілік ой-пікір енді қазақ халқының төңкеріске дейін «надан», «тағы», «туземец» болмағанын дәлелдеуге бағыт ала бастады. Оның нақты бір көрінісі Т.Кәкішұлының қазақ әдебиеті сынының туу, қалыптасу

тарихын зерттеген еңбектерінен байқалды. Ғалым ұлттық сыншылдық-эстетикалық ой-пікірдің бастауларын халық фольклорынан бері тарамдата баяндап, негізгі арналары төңкеріске дейін-ақ айқындалғанын, ғасырларға созылған туу үдерісін бастан кешіріп үлгергенін ғылыми саралап шықты. Жоғарғы оқу орындарында жеке пән ретінде жүргізу дәрежесін алып берді. Қалыптасу жолындағы әрбір кезеңі, методологиялық мәселелері мен теориясы, жанрлық ішкі түрлері жекелей зерттеле бастауына жол ашты.

Профессор Т.Кәкішұлы қазақ әдебиеті сынының туу, қалыптасу жолдарын белгілі бір дәуірлерге бөлгенде, сын мен әдебиеттану ғылымының сабақтаса, бір-бірін толықтыра дамытынын ескере отырып, үлкен үш кезеңге жіктейді. «Қазақ әдебиеті сыны мен ғылымының тарихи белестерінен үш кезеңді анық байқаймыз. Бірінші кезең - қазақ әдебиеті сынының туу дәуірі. Қазақ әдебиеті сынының туу процесі Қазан төңкерісіне дейін созылған. Екінші кезең - қазақ әдебиеті сынының жанр ретінде қалыптасу және әдебиеттану ғылымының туу дәуірі. Бұл процесс 1917-1937 жылдардың арасын қамтиды. Үшінші кезең - қазақ әдебиеті сынының өсіп-өркендеу және әдебиеттану ғылымының қалыптасу дәуірі. 1938-18985 жылдар аралығы», - деп көрсетеді. (Қазақ әдебиеті сынының тарихы. 2003, 3-б.).

Сын тарихына тән бұл үш кезеңнің қазақ әдебиеттану ғылымының туып, қалыптасу жолына тікелей қатысы бар. Себебі әдебиет сыны өзінің туу дәуірінен бастап-ақ сол әдебиеттің тарихы мен әдеби-теориялық мәселелері жайында пікір білдірмей тұра алмайды. Бұл тұрғыда орыс әдебиеттану ғылымының қалыптасу жолын зерттеушілердің бірі П.А.Николаев: «Попытка систематического исторического обзора знаний о литературе первоначально осуществлялась на материале критики» дегені дәлел бола алады.

Қандай да болсын ғылым саласы бірден туып, қалыптаса қоймайтынын ескерсек, онда әдебиет туралы ғылымының алғашқы адымы қарапайым ой-пікірден, алғысөз бен түсіндірмелерден, ғұмырнамалық деректерден, халық тарихына байланысты ақпарлар мен мәлімдемелерден, шығарманың мәнін ұғып, сөзін тамашалаудан басталып, өзінің тууы, қалыптасу процесіне дейін ұзақ жолды бастан өткереді. Ғалым А.С. Курилов бұл турасында «Вопрос о том, когда и как возникла и сформировалась литературная наука в той или иной стране очень существен. Это вопрос об исторических далях национального литературоведения, его самобытных истоках и источниках. Это вопрос о времени и характере его включения в региональный и всемирный литературоведческий прогресс. Это, наконец, вопрос о своеобразии перехода определенного круга знаний и представлений о литературе, свойственных каждому народу, в науку о литературе, когда данная литературоведческая мысль, отставая от национальной по своим представлениям, понятиям и форме выражения приходит к достижениям и открытиям, которые получают общенаучное признание, становится всеобщим достоянием», - деп жазады (Формирование русского литературоведения как наука. 1982, с. 7).

Міне, осы тұрғыдан келгенде қазақ әдебиеттану ғылымының туу, қалыптасу тарихын түрлі дәуірлерге бөлген жоғарыдағы екі пікір егемендікке қол жеткізгеннен бергі жылдарда нақтылана түсті. Т.Кәкішұлы өзінің 1994 және 2003 жылдары жарық көрген «Қазақ әдебиеті сынының тарихы», «Жанр жайлауы» (2007) аталатын еңбектерінде сыншылдық-эстетикалық, ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің алғашқы қадамдарын ежелгі дәуір мен Орта ғасырлардағы жазба жәдігерлердің хатқа түсуімен байланыстылықта қарады. Соның нәтижесінде

ғалымның ғылыми жетекшілігімен қорғалған Ж.Смағұлов пен С.Жұмағұловтың докторлық диссертацияларында әдебиеттану ғылымы тарихының дәуірлері жаңаша жүйеленді. Тарихи шындыққа сай баға беру бағытын ұстай отырып, маркстік-лениндік әдіснама қағидаларына орай жазылған еңбектердің жетістіктері мен бүгінгі таңдағы талап-тілек бойынша қателік болып табылатын тұстары таразыға алынды. Сол арқылы ұлттық әдебиеттанудың бастауы, қайнар көзі болған әдеби мұраны игеру процесін хронологиялық тұрғыда жүйелей отырып, туу, қалыптасу, даму кезеңдеріндегі ізденістері мен іркілістерін, қате концепциялар мен көзқарастарға қарсы күресте теориялық және методологиялық принциптерді меңгеру жолындағы табыстары мен кемшіліктеріне нақты баға берілді.

Жинақтай айтсақ, қазіргі таңда ұлттық әдебиеттану ғылымы тарихы мынандай дәуірлерге бөлініп отыр. Бірінші кезең - қазақ әдебиеттану ғылымының тарихи алғы шарттардан тұратын арғы бастаулары, яғни тарих алдындағы дәуірі. Бұл ежелгі кездегі әдебиетінен бастап ХХ ғасырға дейінгі уақыт аралығына созылды. Екінші кезең - қазақ әдебиеттану ғылымының туу дәуірі. Ол 1900-1940-жылдар арасында жүзеге асты. Үшінші кезең - қалыптасу дәуірі. Бұл 1941-1970 жылдар аралығын қамтиды. Төртінші кезең – даму, өркендеу дәуірі. Бұл әзірше 1971-2000 жылдар аралығындағы уақыт деп танылып отыр.

Көне түркі жазба ескерткіштерін хатқа түсіруден бастап Шоқан, Ыбырай, Абай заманына дейін созылған ұзақ дәуірді қазақ әдебиеттану ғылымының тууына дейінгі тарих алдындағы кезеңі (предыстория науки) деп атаудың қазіргі әдебиеттанудағы ғылыми айналымға енуі заңды болмақ. Бұл проблема қазіргі қазақ әдебиеттануында Т.Кәкішұлы, Ж.Смағұлов, С.Жұмағұлов, А.Ісімақованың

монографиялық еңбектері мен «Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихы» аталатын екі томдық басылымда өз шешімін тапты.

Проф. Т.Кәкішұлы бастаған ғалымдардың әдебиеттану ғылымының туу дәуірін ХХ ғасырдың басынан бастауының негізгі жоқ емес. Халқымыздың мәдени, әдеби, ғылыми табыстарын тек Қазан төңкерісімен ғана байланыстырып, тарихи тамырларымызды жоққа шығарумен келген еуропацентристік және ұлттық нигилистік пікірлерді түзететін, кеңес өкіметінің орнауымен ғана құрсаулап қояр шектеулілікті қоятын уақыт жетті. Қайта ол табиғи даму эволюциясына сай дұрыс өркендеп келе жатқан ұлттық ғылыми-зерттеушілік ой-пікірге «пролеткультты», «тұрпайы социологизмді», маркстік-лениндік әдіснама қағидаларын араластырып, аласапыран қылып жіберді. Бұл - бір. Екіншіден, профессор Т. Кәкішұлы қазақ әдебиеті сынының төңкеріске дейін туғандығын ғылыми тұрғыда толық дәлелдеп берді. Егер сын әдебиеттанудың негізгі үш саласының бірі болатын болса, онда оның да жеке ғылым саласы болып туа бастағаны деп қарау керек. Біздіңше, бұл - дау тудырмайтын шындық.

Қазақ әдебиеттану ғылымының тууы мен қалыптасу тарихында ХХ ғасырдағы ұлттық ғылыми-зерттеушілік ой-пікірге үлес болып қосылды деп табылған мақалалар мен баяндамалар, зерттеу еңбектер мен оқулықтар, монографиялар кешенді түрде объективті аналитикалық талдау және тарихи-салыстырмалы әдістер арқылы қарастырылып жатыр. Осыған сай замана талабы мен идеология қыспағындағы қате теориялардағы көзқарасқа («пролеткультшылдық», «тұрпайы социологизм», «бірыңғай ағым») ұшыраған мақалалар мен зерттеулер де салғастырмалы және салыстырмалы түрде саралануда. Ал сол 1970 жылдары «тұрпайы социологизмді» сынауда

таяқтың бір ұшы партияның көркемөнер мен ғылым саласындағы саясатына тиіп жататынын ескерсек, ол Т.Кәкішұлының туған әдебиет туралы ғылым болашағы үшін ерлікке пара-пар ғалымдық парасатының арқасында ғана айтылды. Өз ғасырының жүгін әдебиеттің таптығы мен партиялығынан жауыр болған иінінде көтеріп әкеткен ғалым еңбегі халық үшін жасалатын қандай да болсын ұлтжандылыққа тең екенін мақтанышпен айтса да болады.

Тәуелсіздік алғаннан бері басқа қоғамдық, гуманитарлық ғылымдар саласы сияқты қазақ әдебиеттану ғылымы өз бастан өткерген тарихи жолын жаңаша көзқараста саралап жатыр. Соның арқасында ұлттық әдебиеттануда сара бағыттар мен келелі тақырыптағы мәселелерді кешенді түрде зерттеген ғалымдардың да сіңірген еңбегіне баға беру жұмыстары қолға алынуда. Ал бұл болса, біздің әдебиеттануда ғылыми мектептердің қалыптасуы туралы пікірлердің айтылуына себепкер болды.

Алайда бізде ғылыми мектептер ұғымын саналы түрде демесек те білместікпен немесе пендешілікпен шатастырушылық орын алып отыр. Академик ғалымның жетекшілігімен қорғап, ғылыми атақ алғандардың барлығы бірдей сол адамның ғылыми мектебінің шәкірттері деп танушылық көзқарас бар. Шынына келгенде, бұл – қате тұжырым. Себебі, ол әлемдік әдебиеттану ғылымындағы ғылыми мектептердің қалыптасу үрдісі мен үдерісіне қайшы келеді. Белгілі бір ғана бағыттағы ғылыми мектеп қалыптастыру үшін сол халық тарихы үшін көкейкесті және кешенді мақсатта ғана зерттелетін проблемалар ауқымын тұтастай қамтуы керек. Яғни, сол ұлттық әдебиеттану үшін ортақ мақсат-мүддедегі, бір ғана бағыттағы зерттеулердің ғылыми кеңдігі, биіктігі, тереңдігі танылатын болса ғана ғылыми мектептің дәрежесіне жете алады. Бұл – ғылыми мектептердің туып-

калыптасуы үшін басты шарт. Мерейтойлық баяндамалар мен мақалаларда асыра бағалап, көпірте мақтау ұлттық ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің кеңінен зерттеп бағалаған тұжырымы емес.

Академик З.Қабдолов «Әуезов» (1992) атты еңбегінде ҚазҰУ-дың қазақ әдебиеті кафедрасы туралы мақаласында ұлттық әдебиеттануда үш ғылыми мектеп бар деп жазғанда, әдебиет тарихынан Б.Кенжебаевтың, әдебиет теориясынан З.Қабдоловтың мектептерін атайды. Бұл жерде әдебиет теориясына байланысты ғылыми мектеп атауына дауымыз бар екенін жасыра алмаймыз. Ол шынына келгенде ұлт ұстазы А.Байтұрсынұлы негізін қалағандықтан, Ахаңның ғылыми мектебі болуы керек. Өз ұлыларымызды мансұқтай бергеннен тапқан пайдамыз шамалы. Айтты-айтпады, ұлттық әдеби-теориялық ой-пікірдің барлық бастау көзі болып табылатын «Әдебиет танытқыштың» авторы керек десеңіз ғылым кандидаты да емес. Білімдарлық пен ұлтына қызмет ету үшін ғылыми атақтың қажет те емес екеніне бұл да бір нақты дәлел.

Ал үшінші ғылыми мектепті профессор Т.Кәкішұлының мектебі деп көрсетеді. Оны: «Үшінші сала - әдеби сын. Бұл проблеманы басында профессор Т.Кәкішев бір өзі жеке дара алып зерттеп, талай архивтердің қоңыржай қоймаларын ақтарып – төңкеріп, одан тапқан құжаттар мен жазбаларды жан-жақты пайдалана келе, қазақ әдебиеті сынының оқулығын (Сын сапары) жазып шықты», - деп нақтылайды (350-б.). Қазіргі ұлттық әдебиеттануда қарышты қадамдар жасап отырған бұл ғылыми мектептің негізі профессор Т.Кәкішевтің «Сын сапары» (1972), «Оңаша отау» (1982) атты монографияларынан бастау алды. Ғалым оны «Қазақ әдебиеті сынының тарихы» (1994), (2003) оқулықтары, «Сандалтқан «Садақ» (2002), «Толғам» (2004), «Жанр жайлауы» (2007) және тағы басқа да аталатын

зерттеулерімен толықтыра түсті. Жалпы алғанда проф.Т.Кәкішұлының кез келген зерттеу еңбегі ұлттық әдеби сын тарихының келелі мәселелеріне соқпайтыны жоқ десе де болады. Т.Кәкішұлы десе сын мен әдебиеттану, ал олар аталса Т.Кәкішұлынсыз сөйлеуге болмайтыны ғылыми ортада аксиомаға айналып кеткелі қашан.

3.Қабдолов «Арна» (1988) атты еңбегінде проф. Т.Кәкішұлының ғылыми мектебі туралы: «Сынның туу, қалыптасу тарихын зерттеуге Т.Кәкішев өзінің саналы ғұмырын түгел арнап келеді. Сарыла ізденіп, жалпы жұртқа беймәлім көл-көсір көп материалды түп-төркінінен қопарып, қағып-сілкіп, ақтарып-төңкеріп, екшеп-сұрыптап, даму тарихына арна болар өзек жасап, оның кемерін кейде сарғыш, кейде көгілдір (кейде лайсаң, кейде таза) толқынмен толтыруы және сол толқынды көп жағдайда бір өзі білек сыбана жалынан сүйреп, сонау жылап аққан жіңішке бастауынан мынау сарқып құяр кең сағасына қарай жылжытып әкеле жатуы – айтарлықтай үлкен еңбек», - деген сипаттағы алғашқы ойды түйіндей жазған болатын (148-б.).

3. Қабдолов алғашқы екі ғылыми мектептің өкілдері деп елімізге танымал біршама әдебиетшілерді атаса, Т.Кәкішевтің ғылыми мектебіне келгенде избасарлары ретінде ешкімді атай қоймаған. Ал бұл турасында Т.Кәкішұлы өзінің «Толғам» (2004) атты кітабында: «Дандай Ысқақов «Қазақ сынының ғылыми негіздері, Жандос Смағұлов «Қазақ әдебиеттану ғылымының қалыптасу жолдары» деген тақырыпта менің ғылыми жетекшілігіммен докторлық диссертациялар қорғаулары, атақты сыншылар жөнінде еңбектер жазылуы, ізденістер жасалуы ғылыми мектептің іргесін бекіте түсері хақ» деп қарапайым қалпынан таймаған (10-б.). Сондықтан оны толықтыруға тура келеді. Бұл ғылыми мектептің

шәкірттерінде Қ. Ергөбек, Д.Ысқақұлы, Ө.Әбдиманұлы, К.Ахмет, А.Жүсіпова және жеке сыншылар шығармашылығынан қорғаған тағы басқалар бар. Ұстаздың қарағандылық шәкірттері Ж.Смағұлов, С.Жұмағұлов, С.Такиров, Қ.Қалыбекова, Ж.Жұмагелдин, Б. Рахымберлиналар ұлттық әдебиеттану ғылымының тарихы мен әдіснамасы мәселесін осы ғылыми мектептің жеке саласы ретінде дамыту жолында еңбек жасап жатыр. Бұған қоса Т.Кәкішұлының ғылыми мектебі қазіргі таңда ұлттық әдебиеттанудағы сәкентану және мұқановтану ілімдеріне байланысты өнімді қадамдар жасап жатқанын да атап айту қажет.

Бір кезде «қызмет істеуге қабілеті жетпейді» деген үкім шығарып, «қара шармен» жұмыстан қуған Ғылым академиясы қазір Т. Кәкішұлының сын мен әдебиеттану саласындағы ғылыми мектебінің зерттеу нысанының көкейкесті ғана емес, өміршендігін кеш те болса аңғарып отыр. Ғалым А.Ісімақованың табандылығы мен білгірлік басшылығы арқасында ғана академия «Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихы» (2008, 2009) атты екі томдық еңбекті жарыққа шығарды. Бұлар тек Т.Кәкішұлының ғылыми мектебінің атақ-абыройы үшін ғана емес, барша қазақ халқының және әдебиет туралы ұлттық ғылымның мерейін өсірген еңбек болды десек, артық айтқандық емес. Алайда Ғылым академиясы бұлармен Т.Кәкішұлының ғылыми мектебінің дами түсуіне үлес қосты дей тұрғанымызбен, әдебиет туралы ұлттық ғылым мен сын тарихын дәуірлеуге байланысты дау тудыратын мәселелері де бар екенін айта кету қажет деп ойлаймыз.

Ұлт мүддесін бәрінен жоғары қоя білген А. Ісімақова бұл тақырыпқа ерекше назар бөліп, «Алаш әдебиеттануы» (2009) атты іргелі зерттеу еңбегін жазып шығарды. Онда: ...Біз болсақ, өзіміздің кеңестік білімімізбен ғылымға баяғы шектеулі көзқараспен қараудамыз. Осыдан он жыл бұрын

қорғалған Ж.Смағұлдың «Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихы» атты докторлық диссертациясын құлатуға бар күшін салған бір ғалым ағамыздың әрекеттері еске түседі. Оның ойынша ғылым міндетті түрде үйреншікті кеңестік қалыппен жүруі тиіс. «Қолында билігі бар жеке адам ғылымға қиянат жасай алады» дегеннің осылай іске асуына куә болдық. Әрине, бұл ғалымсымақтың білімі жетіспей тұр деп дәлелдеу – біздің емес, уақыттың еншісі. 10 жыл бұрын қазақ әдебиеттану ғылымына төңкеріс жасаған Ж.Смағұлдың бұл еңбегін бүгін ғылыми қауым үн-түнсіз пайдаланып келеді», - деген жүрекжарды пікірі тарихи шындықтан алыс жатқан жоқ (15-б.).

Т.Кәкішұлының ұлттық масштабтағы мәні бар ғылыми бастамасына кесе көлденең тұрушылар осы шәкіртінің ғана емес, ғалымның ғылыми мектебінің дамуына да тұсау салды. Соның кесірінен қазақ әдебиеттануының библиографиясы, текстологиясы, тарихнамасы (историография) және әдіснамалық мәселелері секілді салаларының қалыптасу тарихын зерттеу жұмыстары он жылға кешеуілдеп қалғанын ашық айту керек. Дәл қазіргі таңда ұлттық әдебиеттанудың бұл салаларының қалыптасу тарихы турасында ауыз толтырып айтарлықтай зерттеулер жоқтың қасы.

Мәселе - кімнің ұтып, кімнің ұтылғанында немесе жазықсыз жапа шеккенінде емес. Бұл - қазақ әдебиеттануы бастан кешкен оқиға. Жоғарыда айтылған 1959 жылғы конференцияда өз концепциясын М.Әуезовтің беделімен өткізген Қ.Жұмалиев қазақ әдебиетін ежелгі дәуірден бастап зерттеу туралы Б.Кенжебаевтың идеясын түп-тура 10 жылға шегерді. Ал оны осы конференцияда естіп-біліп кеткен өзбектер өз әдебиетінің тарихын бірден VI ғасырдан сол 1960 жылдары-ақ бастап кетті. Басқаларды атамағанда, Әл-Фараби, Қ. Иассауиден айырылып қала жаздап, бүкіл әлемге масқара болуға шақ қалғанымыз

ұлттық намысқа тимеді деп кім айтар!? Сонда ұлтымыздан, оның сыны мен әдебиеттануынан басқа кім ұтылды!? Ал проф. Б.Кенжебаевтың ғылыми мектебінің іргетасы осы кезден басталғанын ешкім де жоққа шығара алмайды. Т.Кәкішұлының ұлттық сын мен әдебиеттанудан ғылыми мектебінің қалыптасқаны бүгінде толық мойындалды. Өз басымыз академик З.Қабдоловтың осы ғылыми мектептер туралы аз да болса пікір білдіріп кеткеніне дән ризамыз. Әйтпесе «бір шәкіртіне қорғатып, бір шәкіртіне жақтатты» деп кезінде Б. Кенжебаевты сөз қылғанындай, ғылыми тұжырымды шындық жазсақ та, ұстаз ағамызды да жалалы жағдайға қалдырамыз анық еді.

Бүгінде осындай кешенді түрдегі зерттеу нысанына айнала бастаған ғылыми мәні зор тақырыпты сол кезде «тұрпайы социологизм» теориясымен қаруланған өз қатарластарынан Т.Кәкішұлы қара үзіп шығып алғаш бастағанын әлі де мойындағысы келмейтіндердің бар екені өкінішті. Басқасы басқа, қатар жүрген әріптес, қаламдасының бірі жазған: «Сол тұстағы күрестің күрделілігін дәлелдейміз деп, кейбір кереғар, атышулы адамдардың атын қайталай беру, олардың айтқандары мен жазғандарынан қайта-қайта үзінділер келтіре беру немесе кейбір лақап есімдерді (кім екенін білместен) тізбелеу қате, дұрыс емес. ...Әдеби сын мен ғылыми зерттеудің кейінгі кездегі өсу-өрбу арналары, олардың бағыт-бағдарлары мен өріс-өрелері, бұл саладағы тындырылған істер ылғи әділ бағаланып, дұрыс сипатталған деу қиын. Авторда субъективизм басым. Әдеби сын мен зерттеуге еңбек сіңіріп, үлес қосқан қаламгерлердің бір қатары елеусіз қалған» деген пікірдің ықпалынан шыға алмай жүргендер де бар («Арна», 1988, 150-б). Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында Б. Дәрімбетов сияқты «көрегендердің» аяқ астынан шыға қалуы, Т.Кәкішұлы туралы жазғанда ұлт өркениетіне «мен не қостым, ал ол не

қосты» деп ойлап алып барып пікір айтуды қажет ететін ғылыми этиканың әлі де болса кемшін түсіп жатқандығының белгісі.

Қазақ әдебиеттануында маркстік-лениндік әдіснама талаптарына сай ғылыми жұмыс қорғап атақ алған олар кейінгі кезде сол кездегі тұжырымдарын өз әлдерінше түзетуге тырысып-ақ жатыр. Бірақ тура Т.Кәкішұлындай әлі де болса заман ыңғайына сай артық-кем айтқан пікірлері туралы ағынан жарыла ақиқат айта қойған жоқ. Әрі-беріден соң кеңес дәуірінде Алаш арыстарының ақталуына кедергі келтірген, аты-жөндерінің ғылыми еңбектерде аталуын қырағылықпен қадағалаған кешегі шенеуіктердің кейбіреулері бүгінде олардың шығармашылығының белді зерттеушісі болып, тарихи шындықты бүркемелегісі келіп жүргендерін қандай қисынға жатқызарымыз да белгісіз. Ұлттық әдебиеттануға «қолында билігі барлардан ғана емес», Ұлы Абай айтқан «заманына күйлегендер мен заманы оны илегендердерден» құтылатын күн туар ма екен!? Тегінде П.Малерме «Әлем кітапқа кіруге ұмтылып тұрады» деп бекерге айтпаған.

Тарих - жақсы болсын, жаман болсын тарих, ол тек қана шындыққа сай бағалауы керек. Қазақ әдебиеттану ғылымының қалыптасу тарихын зерттеуде профессор Т.Кәкішұлы айтқандай: «Өнегенің үлгісін көріп тұрып, содан үйренбеуіміз, шыр айналып совет әдебиетінің шындығынан кандидаттық, докторлық диссертация қорғап, атақ алуымыз, 1917 жылға дейінгі былай қойғанда, соғыстан әріге бара алмайтын ғылыми мүсәпірлікті, «социалистік реализм туы астында» деген ұранмен шапқылай берушілігіміз қазақ әдебиеттану ғылымының сорына шыққанын енді ашық айтайық». Бұл - ғажайып талант иесі Т.Кәкішевтің жүрекжарды пікірі. «Мүйізі қарағайдай» академиктердің осы бір қарапайым ғана дарын тұлғадай ұлттық әдебиеттануда өз ғылыми

мектебін қалыптастыра алмағанының себеп-салдарларын ғылыми тұрғыда зерделейтін және анықтайтын уақыт та жақын. Ғ.Мұстафин айтқандай, «Тарих - ұлы сыншы». Социалистік реализмнің әдебиеттің таптығы, партиялығы, халықтығы қағидаларының ұранымен жазылған, тіпті мемлекеттік сыйлық алған шығармаларды тарих қазір өз қоқысына лақтырып тастап жатқаны да жасырын емес. Ендеше оларды марксизм-ленинизм классиктері көзқарасында зерттеген ғылыми еңбектердің барар жері сол аймақтан алыс жатқан жоқ-ау.

Заман өтер, уақыт талабы да өзгерер, ұлттық әдебиеттануға тәуелсіздік рухымен сусындаған асу да арынды басқа ұрпақ келер. Сонда қазақ әдебиеттануы мен сынының Абызы атанып отырған Т.Кәкішұлының «ел бүгіншіл, менікі ертеңгі үшін» (А. Байтұрсынұлы) деп жасаған қыруар еңбегі мен ғылыми мектеп қалыптастырудағы қайраткерлік тұлғасын бізден де терең зерделеп, бізден де артық бағалары анық.

2007 ж.

## ӘЛКЕЙ МАРҒҰЛАН ЖӘНЕ МАНАСТАНУ ІЛІМІНІҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Түркі тілдес халықтар әдебиетінің ішінен айтулы орын алатын қырғыз халқының «Манас» жырын қазақ әдебиеттануы ғылымында Ш.Уәлиханов пен М.Әуезовтен кейін тыңғылықты зейін қойып, терең ғылыми талдаулар жасаған атақты ғалым - Әлкей Хақанұлы Марғұлан. Ғалымның «Манас» жырын зерттеудегі ұлы еңбегін дәлелдейтін жетістігі - бүкіл орыс, қырғыз ғалымдары болып, көп жылдар іздеп таппай жүрген «Манас» жырының Шоқан жазып алған үзіндісі – «Көкөтай ханның асын» мұрағат қойнауынан табуы. Бұл - манастанушы ғалымның бір қыры. Екінші қыры - жыр жайлы «Шоқан және «Манас» атты салиқалы зерттеу еңбегін жазуы. Аталған еңбек өзінің ғылыми құнды материалдарымен, тарихи-әдеби сипатымен, этнографиялық, географиялық т.б. белгісімен және ой-толғамдарының кендігімен ерекшеленеді. Энциклопедиялық мол білімге ие академик ғалымның бұл еңбегі қазақ әдебиеттану ғылымына үлкен үлес қосты. Бұған дейін белгісіз болып келген тарихи оқиғалар мен арналар, жер-су атаулары туралы құпиялар есігін аша бастады. Тарих, әдебиет, мәдениет туралы маркстік-лениндік әдіснаманың «тұрпайы социологизм» теориясы қалыптастырған ғылыми зерттеушілік жұмыстарға жаңашыл бағыт әкелді. Түркі халықтарына ортақ әдеби мұралардың, әсіресе, батырлық жырлардың тарихы мен көркемдік мәселесінде алғаш рет әдеби тарихи тұрғыда бір-бірімен салыстырулар жасайды.

Манастану ғалымына үлкен үлес қосқан Ә.Марғұлан осы бағыттағы жұмыстың негізгі қадамдарын өз еңбектерінде жасап та кетті. Көркемдігі кемел, қоры мол, құдіретті күшті «Манас» жырының үзіндісіне қызыққан шет ел ғалымдарының еңбектеріне берген толымды

бағалары осының айғағы. Шет ел ғалымдары Манас жырымен ең алғаш Шоқан Уәлиханов аудармасымен және В.В.Радловтың жазып алған үзіндісімен танысқан еді [1]. Бұған дейін белгісіз болып жатқан шетел ғалымдары зерттеулері Ә.Марғұлан еңбегінде сөз болуы аса игілікті іс еді. Ә. Марғұланның пікірінше, «Манас» жырының үзіндісін жарыққа шығарған В.В.Радлов еңбегін мәдени іс деп бағалаған бірінші ғалым Петербор университетінің ғалымы Э. Петри болды. «Петридің айтуынша қырғыз әдебиетіне арналған бұл томның ғылыми маңызы өте зор. Өйткені бұған 12000 жолдың жойқын эпикалық шығарма - «Манас» кірген. Қырғыз халқының әдебиетін қазір эпикалы шығарма дәуірінде тұр деуге болатын кезеңдердің барлығы қалайда Манас атымен байланысып айтылады. Петридің пікіріне үн қосып, "Манас" жырына кіретін ерлік дастандарының бір тобы "мәдениет майданына шыққанына ол кездегі атақты ғалымдардың көбі қуаныш білдірді. Олардың ішінде В.В.Розен, француз ғалымдары Барбие де Майнер, Паве де Куртейль, неміс ғалымы Техмер т.б. бар», - деп жазады. Француз ғалымы Паве де Куртейльдің жырда ислам дінінің әсері мен ескі тәңірге табынушылық жосықтары қосылап, бірге жүргенін, аңшылық суреті, тұлпар, сұңқар құс, жүйрік тазыны қадірлеу, Манас өлгенде олардың иесін кісіден артық жоқтауын айтқан пікірлерін автор қолдағанымен, оның ескі теорияның өкілі болып жаңылыс айтқан жерлеріне қарсы дау айтады. «Тегінде Куртейль Радлов аудармасын жақсы түсінбеген болуы керек, егер түсініп жазса ескі теорияның салқынымен айтқан. Әйтпесе, егіншілікке отырықшы елдерге жирене қарау, не оның сілемі «Манас» жырында, оның ішінде Куртейльдің пайдаланған Радловтың версиясында еш жерде кездеспейді», - деген пікірімен "Манас" жырынан "жирене қарау" теориясын

шығару қателік санап ұтымды ой айтады [2]. Куртейльдің пікірінің салқыны тиген Кембриджи университетінің профессорлары Чедвиктер еңбектерін де сынап өтеді. Бұдан кейін ғалым қазақ пен қырғыз жырларының тарихи негізін ашуға көңіл қойған Л.М. Мелиоранскийдің, жырдың поэтикалық қасиетіне көз салған ғалым Ф.Е.Корштың еңбектерін атап өткен. Манас жырынан бір үзіндіні Нарынқол төңірегінен бір бұғу жыршысынан жазып алған және кіріспесінде бірнеше жарқын ойлар айтқан Мадияр ғалымы Алмашидің еңбегін де сөз етеді. Алмаши жырдың ауызша айтуы арқылы халық ортасында даңқты болуын дұрыс аңғарып, «Манастың баласы Семетеймен қоштасқаны» деген еңбекті баспадан шығарғандағы бастамасына оң баға берген.

Екінші бір пікірі «Манас» - шын мағынасында халықтық ерлік жыры. Бірақ исламның әсерімен күшті боялған деген қорытындысына Ә.Марғұлан: «Алмашидің бұл айтып отырған шындығы - соңғы 50 жыл ішінде (1860-1910) қалыптасқан ой-сана түрі. Болмаса ХІХ ғасырдың орта кезінде жазып алған Шоқанның версиясында ислам әсері тіпті жоқ деуге болады», - деп әлеуметтік саяси жағдайлардың ықпалын айтады [2, 27 б.]. Алмашидің жыр туралы айтқан үшінші пікірі «жырдың туу бастағы құрлысы қадірленбей, оған әр дәуірде болған ескі мен жаңаның әсері (анархизм, модернизм) кіргізіле берілуі. Бұл жырдың маңызын түсірмесе, оған көрік бере алмайды». Алмашидің бұл пікірін ғалым қолдап өткен.

Бұдан кейін ғалым «Манас» жырына көңіл бөліп, оның үзіндісін жазып алуға ұмтылған, аздап зерттеу жұмыстарын жүргізген біраз ғалымдарды атап өтеді. Олар татар мұғалімі Бахтияр Абдул-Уахаб, Ғабдулла Боби, Хасан Ғали, Рашид, Каюм Мифтах, Якуб Ғайнанов, А.Г.Белинский, Б.В. Смирнов, И.Владикаина мен

Багинский, З.Рихтер. Ғалым аталған зерттеушілердің еңбектеріне тоқталып, олардың манастану ғылымы үшін жасаған еңбектерін жоғары бағалаған.

Якуб Ғайнановтың қолында жиналып баспаға шықпаған «Манас» жыры тобын табу керек деп ұсыныс айтса, музыка жағынан жырды нотаға түсірген И.Владыкина мен Багинский еңбектерінің баспадан шықпағанына өкініш білдіреді. «Манас» жырын терең зерттеуші ғалымның бірі Лондон университетінің профессоры А.Т.Хаттоның эпизодтардың, геройлардың тарихи бейнесін анықтауды өзіне міндет етіп қарастыруын дұрыс көріп, оны «биік ғылым сатысында» зерттеген деген баға береді. Төрт бөлімнен тұратын бұл зерттеу жұмысы өзінің тақырыптарымен де қызғылықты көрінері сөзсіз. 1. Манас туысы. 2. Көкөтай және Бокмұрын. Қырғыздардың екі ерлік поэмасын салыстырып зерттеу. 3. Алмамбет, Ер Көкше және Ақ Еркеш. 4. Түп жақ Азиядағы шаманизм және эпика жырлар. Ә.Марғұлан бұл аталған ғалымның еңбектерімен толық танысқан. Бірақ жалпы баяндаумен ғана шектеліп, сын, талдау жұмысын жүргізбеген.

Манастанушы ғалым атаған еңбектер «Манастың» дүниежүзілік әдебиеттен қандай орын алатынын дәлелдейді. Жыр туралы жалпы пікір айта беруден гөрі, оны зерттеген өзге елдің ғалымдарын сараптаудан өткізген ғалым зерттеулері өзгеше бағыт нұсқайтындай. Ол - әдеби мұраларымызды өзге елдің әлемге танылған классикалық жырларымен байланыстырып, ұқсастық іздеу емес, жырдың көркемдік ерекшелігін, өзіндік құрлысын, эпикалық сипатын анықтап басқа елдерге таныту бағыты. Әрине, мұны ғалым әдебиеттану ғылымында тұңғыш қолға алды дей алмаймыз. Шоқан негізін қалаған манастану ілімінде бұл бұрыннан көтеріліп келе жатқан мәселе болатын. Ал, Ә. Марғұланның осы бағытта жаңа бағытта

соны тәсілмен келіп, кешенді зерттеу әдісін пайдалануы ғылыми еңбегінің үлкен жетістігі.

Ғалым еңбегінің бұл бірінші тарауында көтерілген тағы бір келелі мәселе - ұлы ағартушы Ш.Уәлихановтың әдеби мұраны игеруде жырдың тарихи этнографиялық сипатына көп көңіл бөлгенін дәлелдеп, өзі де жырға текстологиялық, лексикографиялық талдаулар жасай білуі. «Шоқан қолжазбасының табылуын, «Манастын» шығу тарихын қай заман туындысы екенін, қандай ақиқатты өзіне арқау еткенін анықтауға беделді негіз болатынын тағы да тұжырымдай келіп, жұртшылық назарын ескі «түркі» жазуының ғылым үшін, тарихты тану үшін айырықша қадірлі екеніне аударарды [2, 210 б.]. «Манас» жырын Шоқан ғасырлар бойы Орта Азия мен Қазақстан жерінде қолданылған дәстүрлі араб емлесімен жазған. Мың жылдық тарихы бар, көп ғасырлар ішінде қалыптасқан бұл жазудың тарихи дәуірлерде болған саяси, мәдени тіршіліктегі маңызы зор болатын.

«Оныншы ғасырдан бастап соңғы дәуірге дейін Орта Азия мен Қазақстанда, Орал, Еділ бойында жасаған көзі ашық адамдардың барлығы өзінің ойларын қағаз бетіне тек осы жазумен ғана түсірген», - деп ұлттық тіл мен әдебиет ғылымына жаңаша міндеттер қояды. Бұған дейін мұндай бағыттағы ғылыми-зерттеу жұмыстары там-тұмдап тіл білімі ғылымының «тюркология» саласында ғана қозғалған болатын. Ал, ғалым еңбегінде мұндай текстологиялық, лексикографиялық зерттеу жұмыстарын көркем шығарманы талдауда пайдалану үлкен жетістіктерге жеткізетінін көреміз. Әлкей Хақанұлы мұны Ш.Уәлихановтың жыр үзіндісін жазып алу кезінде жүргізген жазу тәсілдерін мысалға ала отырып, арасында өз пікірлерін қосу арқылы түсіндірген.

Манастанушы ғалым «Манас» жырының үзіндісі "Көкөтай ханның ертегісін" бірінші болып тапқандықтан

Шоқанның жырды жазып алу кезіндегі пайдаланған тәсілдері, қолданған амалдары туралы зерттеу жүргізуге мүмкіндік алған. Зерттеушінің еңбегіне қарап отырып Шоқанның жырды қалай жазып алғанын келтірілген нақты деректермен көз алдымызға елестетуге болады. Ғалым пікірінше жырды Шоқанның өзі жазып алмай, қасындағы хат білетін қазақ жігіттеріне жаздырған. Жырдың мазмұнын толық тыңдап білгендіктен қажетті жерлерді өзі нұсқап жаздырған. Бірақ қырғыз сөздерін қазақшаға жақындатып, қате жазған жерлерін Шоқан өз қолымен түзетіп, қырғыз фонемасымен өзгертіп отырған. Сондықтан қолма-қол қадағалаудан өткен қолжазба жырдың тарихи-этнографиялық маңызын аса көтеріп тұр. Ғалым пікір білдіру кезінде көптеген мысалдар келтіреді. Мәселен құладың-құлаалң, жолына-йолына, түйе-төө деген мысалдар қазақ және қырғыз фонемасының ерекшелігін көрсетсе, жазу барысында жыршының айту жылдамдығынан үлгермеген қателерін дәлелдейтін талбар-тұлпар, көк ала ата-көк ала ат, иалқар-йарылқар т.б. мысалдар автордың жырдың үзіндісін жазу кезіндегі үдеріске көп көңіл бөлгенін көрсетеді. Арасында өзі де кейбір сөздерге түсініктеме берген. Мысалы: ырғай бойлу-ырғай моюн деген Шоқан түзетпесін көрсетеді де, артынан «жылқыға ырғай бойлу салыстыру келмейді», - деген анықтама береді. Осы сияқты алчлануп-алчандап деген сөзге «аяғын алшандап басу», ал кемеге басты қылыпты-кемеге баты болыпты деген сөзге «кемеге басты болу, ошақтың басына жиналу, шу көтеріп тәртіпсіздік істеу», - деген түсініктеме жасаған. Мұндай бағыттағы жұмыстар Шоқан еңбегін бағалау барысында өз тарапынан көп жүргізілген. Әлкей Хақанұлы пікірінше Шоқан қазақ пен қырғыз тілін жақсы білген. Кейбір бүгінде түсінбейтін көне сөздер мәнісін Шоқан жыршыдан ауызба-ауыз сұрап, олардың орысша түсініктерін жолдың үстінен не астынан

беріп отырған. Мәселен, мамбе-привязь, бэрэр-скакун, өңі саз – холодный (суровый), көзотаға - коралловый шарик, он сан – десять тысяч, қыйыду - вещей, қоңба бел, қабамын – угроза, айланғыс туған - не показывающий, сонму, бұта атым (оқ атым) - расстояние полета стрелы және тағы басқалар. Қиын жазылатын сөздер мен кісі аттарын орыс әріпімен анықтауға тырысқан: мысалы, ыл, -ылдап (эшекйлеп), Белерек.

Кейбір өзіне түсініксіз болған қырғыз сөздерін қазақшамен анықтап отырған. «Айбан-хаюан. кемеге-жер ошақ, қолтурмаш-ашамай, жыртыншы қара берді дейді - жыртысты көп берді дейді, жақты жай бермес - жағы барды сөйлетпес, қыйыду-адам тілдес, жазып отырған кісінің жіберген өзге қателіктерінен – «әулиенің басындан»-батасынан, «Құдайдың ырағысы - ырайысы деген түзетулерден көруге болады» [2, 31б.]. Сонымен бірге, баржоғы 21 жастағы жас ғалым жырға аса көңіл қойып, оны ғылыми негізде жазып алуға тырысқан. Оның әрбір жыр шумақтарына, сөздеріне, кісі, жер аттарына зор мән беріп, ғылыми дұрыс жазылуына ерекше көңіл бөлген. Ғалымның Шоқан еңбегін осы қырынан аса жоғары бағалауы ұлттық әдебиеттану ғылымы мен тіл білімі ғылымына жаңаша міндеттер қойып, өзекті мәселелерді көтергендей. Қазақ пен қырғыз тіліндегі көнерген сөздердің мәнісін ашып, оны да өзге де түркі халықтарының тілімен салыстырулар жасап жұмыс жүргізу үшін Шоқан жазып алған жыр үзіндісінің факсимилесін толық зерттеу қажеттілігін талап етеді.

Әдеби мұраны осы бағытта зерттеуді көтерген ғалымның бұл талаптары бүгінгі күнде де өзектілігін жойған жоқ. Ол үшін ғалым қажет деп тапқан араб емлесімен жазылған бұрынғы түркі тілін оқи біліп зерттеуді меже еткен дұрыс. Дегенмен бұл бағыттағы

жұмысқа ғалымнан кейін соңын қуып, тер төгіп жүрген зерттеушілер жұмысын кездестірмедік.

Академик ғалымның «Манас» жырын зерттеуге арнаған үлкен еңбегінің бірінші тарауында көтерілген негізгі мәселелер осындай. Әдеби мұраны жинап, жариялауда, зерттеуде ұлы еңбектер атқарған Ш.Уәлихановтың ұлттық әдебиеттану ғылымына қосқан өлшеусіз үлесін зерттеген ғалым «кеңестік идеологияның» катаң талаптарынан бас бұға бермей, кесек ойлы қорытындылар жасаған. Ал шешілмеген, піспеген ой қорытындыларын келесі тараулардың еншісіне беріп, терең толғамды зерделеуден өткізген. Соның бірі жырдың мазмұны, сюжет құрылысы туралы сөз қозғаған.

«Манас» жырының мазмұны, құрылысы жайында таза әдеби-теориялық бағытпен зерттеу жасаған алғашқы ғалым Әуезовтен кейін бұл тақырыпқа зейін қойған Ә.Марғұлан болды. Бірақ екі ғалымның зерттеу нысанасы бір болғанымен, жұмыс жүргізу тәсілдерінде ерекшеліктер мол. М.Әуезов «Манас» жырын жырлаған Сағымбай Оразбақов пен Саяқбай Қаралаевтың толық нұсқасына тоқталса, ал Ә.Марғұлан жырдың үзіндісін жазып алған Ш.Уәлиханов пен В.Радловтың қолжазбасына үңілген. Содан болар М.Әуезовте жалпылау әдісі көп қолданылып, жырды талдауда кешенді зерттеу әдіснамасының әдеби-теориялық әдісі пайдаланылған. Басқа батырлық жырлармен салыстырулар жасалып, жырдың өзіндік ерекшелігін анықтауға ой жұмсалған. Ал Ә.Хақанұлының еңбегінде әрбір көркем шындық тарихилық принципімен зерттеліп, егжей-тегжейлі қарастырылып, жалқылық бағытында көбірек жұмыс жасалған. Мәселен М.Әуезов жырдың сюжеттік оқиғаларын басты-басты 7 тақырыпқа бөліп қарастырған [3, 191 б.]. Арасында Радлов нұсқасын да таңбалап өткен. Шамасы Шоқан нұсқасын таппағандықтан оған сілтеме жасай алмаған. Ал

Ә.Марғұлан сюжеттік оқиғаларды тек жырдың үзіндісі «Көкетай ханның ертегісі» мен «Бокмұрын» (Радлов нұсқасы) негізінде негізгі 5 тақырыпқа бөліп жіктелген [2, 38 б.]. Дүниежүзі ғалымдары көңіл аударған осынау атақты жырды зерттеуде өзіндік үлес қосқан Ә.Марғұлан зерттеулеріне, оның ішінде жырдан мазмұны мен сюжетіне байланысты терең талдаулары эпостануда тың бағыт болды.

«Манас» жырының үзіндісі «Көкетай ханның ертегісін» зерттеген ғалым жырға негіз болған сюжеттік оқиғалар түркі қағаны дәуіріндегі тарихи қауым тіршілігі деген қорытынды жасайды. Оны анықтау үшін жырдағы әдет-ғұрып, наным-сенімдерді, қырғыз халқының көне жолын, тарихи жер, су, қала атауларын, Көкетайға ас беру суреттерін, мереке салтанатын, соғыс өнерін т.б. терең зерттеп, куәліктер ретінде қарайды. Осы жағынан алғанда Шоқан жазып алған жырдың үзіндісін өзінің бұрынғы сюжеттік құрылысын толық сақтай алған, тарихи-әдебиеттік, географиялық, этнографиялық маңызы өте зор нұсқа деп бағалайды.

«Манас» жырының шығу тарихына себепші жоқтау, өсиет сөз екенін М.Әуезовтен кейін тағы бір дәлелдеп өткен ғалым енді оны тереңірек қарастырып, ой түюге ұмтылады. Тарихи деректермен бірге әдеби материалдарды да тиімді пайдаланады. «Эпикалы жырдың бірінші шумақтары ерте заманнан халыққа жора болған қоштасу, естірту, жоқтау сарынымен басталады», – деген мысалынан осыны анық аңғаруға болады. Және де жоқтауға байланысты басқа елдердің жырларын салыстырып, эпикалық жырларға алғашқы негіз болған жоқтау, өсиет сөз, толғау деген анықтама береді. «Мұндай ерлік толғаулар (налу) халық эпосында ерте заманнан дәстүр болған халық жырының бір түрі. Оның негізін Күлтегінің, Тоныкөктің жазуларынан көруге болады. Ағайынды

Чедвиктер ерлік толғауды қазақ пен қырғыз әдебиетіне ғана тән жырдың түрі деп, оған *Speech poems* толғау дастаны деп ат берген. Чедвиктер толғау дастанын өте ерте заманнан келе жатқан жырдың бір саласы деп «аға эдда» жырымен салыстырады. Шынында «аға эдда» жырында айтылған Атил (Еділ) мен Хандирдың қиыншылық басқа түскенде айтқан толғау сөздері Манас пен Қобыланды, Алпамыстар айтатын толғаумен бірдей. Толғау сарыны Европа әдебиетіне гүндер арқылы тарауы ғажап емес», - деген пікірінен ғалымның мол білімділігі көрінетінін анық байқаймыз. Осында аталған Кембридж университетінің профессорлары Чедвиктердің пікірінен түркі елдерінің үлкен мәдениетке ие болғанын және олардың Европа әдебиетіне де белгілі дәрежеде әсер еткенін мойындағанын сеземіз. Бірақ жыр туралы қорытынды пікірлерінде олар сол баяғы дағдылы еуропацентристік бағытымен жырды қайта алғы сөз еткен байламдар жасайды. Бұл ғалым назарынан тыс қалмаған.

«Жоғарыда келтірілген Манастың мәдениет туралы, арық жүргізу, қала салу сәулет өнері туралы жарқын істерін еске алғанда, Чедвиктердің бұл пікірлерін мүлтісіз айтқан ой деуге болмайды. Өйткені Чедвиктер бұл ойларын бір ғана Радлов жазуына сүйеп айтқан, ол жазудың кемшілігі қандай екенін біз жоғарыда көрсеттік. Чедвиктердің өзі көп нәрсені білмеген, істің байыбына бармай, үстірт ой құрған. Бұл, әрине, шын әділ сөз емес», - деген пікірден ғалымның түркі мәдениетін тағылық санап, әдейі өркөкіректеніп жүрген шет ел ғалымдарына қақырата соққы бергеніне куә боламыз [2, 38 б.]. Түркілік мәдениетті, әдеби мұраларды менсінбеген, әдейі тұрпайыландырған өзімшіл еуропацентристік бағыттағы ғалымдарға толымды еңбектерімен қарсы шыққан зерделі ғалымдар ұлттық әдебиеттану ғылымында аз болған жоқ. Жалпы көшпелі тайпалардың өмір сүру салтына

байланысты шет ел ғалымдарының пікірлері әлі де тазара қойған жоқ. Содан болар бұрынғы ата-бабаларымыздың бірігіп құрған «сақ» мемлекеті кезіндегі жарқын істерін өзімізге әлі де толық еншілеп ала алмай отырмыз. Өз ортамызда оларға құрмет жасалу, олармен мақтану сезімдері үлкен орын алғанымен, әлем ғылымын әзірге мойындата алған жоқпыз.

Аталған бағыттағы көптеген шетел ғалымдарының пікірінше «скиф», «сақ» мемлекетін құраған тайпалар парсы, иран тілдес халықтар болған және олар бетінен жойылып кеткен. Бұл ғылыми маңызы жоқ пікірлер болғанымен, олар әзірге бұл райларынан қайтпай келеді. Сондықтан Ә.Марғұлан көрсетіп кеткен осал тұстарын, кемшіліктерін тәуелсіздік рухымен келген қазақ және қырғыздың ұлттық ғылымының жаңашыл табыстармен зерттеп жалғастырсақ, тарихи шындықты аша алған болар едік. Осы бағыттағы жұмыстар қазір басты назарда ұсталып отыр. Дегенмен ғалым міндеттеп кеткен кешенді зерттеу әдісін қазіргі манастану ілімі басты мақсат еткені абзал.

Ғалым еңбегінің келелі көтерген бір саласы - көшпелі тайпалардың арасындағы саяси бірлік, ел басқару мәселелері. Көңіл бөлген нәрсесі - Бөкмұрынның туысы. Бөкмұрын - халық аңызы бойынша Бекторы мергеннің баласы. Далада қалған баланы жетпіске келгенше перзент көрмей жүрген Көкетай тауып алады. Осы сарыннан автор ескі түркі тайпаларының аңызында көп кездесетін қасқыр асырап алған бала тағдырын көреді. Осы сияқты жайды Манас пен Алмамбет тағдырында кездескеніне көп ой жұмсаған. Мысалы: Алмамбет нұрдан жаралады. Осы секілді аңыздарда кездесетін аса ерекше асыл текті туылуды ғалым былайша түсіндіреді: «Тегінде атақты адамды нұрдан, күн сәулсінен туғызу бергі кездегі ой-сананың туындысы емес. Ол бізді ежелгі ерлік дәуірінің

қақпасынан кіргізіп, алпауыт биіктер (феодализм) дәуірі қалыптаса бастаған кездегі бірінші үкімет жасаған ел ағасы адамдарды ардақтаудан шыққан ой-сананың түрі екенін көрсетеді».

Жырдағы өсиет бойынша Көкетай жетім қалған ұрпағын еліне тапсырып, болашағына қамқорлық жасауды сұрайды. Көкетайдың өсиеті орындалып, Бокмұрын ұлыстың ханы болады. Жырдағы осы сюжетті эпизодтарды зерттеген ғалым сол кездегі билік жүргізу саясатын да анық аңғара білген. Осындағы ұлыс ханы Көкетай - көшпелі тайпалардың басын біріктірген, бәріне билік айтып бір орталыққа бағындырған билік иегері. Тарихи деректерде Ұлыс ханы билігі көне түркілік дәуірде кездеседі.

Сондықтан ғалым: «Бұл жағдай YI-X ғасырларда Енесейге дейін көшіп жүрген қырғыз халқының тұрмысын меззейді», - дей келіп жырдағы географиялық атауларға тоқталады да – «Бұл географиялық жағдай өзге тарихи дәуірлерден гөрі түрік қағаны кезін көбірек еске түсіреді. Тегінде «Манас» жырының ең түркі алғысы осыдан басталуға тиіс», - деген қорытынды жасайды» [2, 90 б.]. Жалпы ғалым жырдағы қандай мәселені қозғамасын бәрінде де, жырдың пайда болу дәуірін түркілік дәуірмен байланыстыруға ұмтылады. Мысалы: Асқа сауын айту үшін жіберілген Жайма-Кекіл Жас Айдардың жырдағы пішінінен ерте кездегі даланың тас мүсініне тән ұқсастық тауып: «Бұл екі бейненің айырмасы: біреуін мүсінші тасқа қашан түсіріп, екіншісін ақын өлеңмен жырлап келтірген. Бірақ екеуінің негізгі бір арнадан шығып, бір дәуірдің туындысы болуға керек қой деген ой туғызады», - деп жырды Орхон-Енесей бойындағы жазбалармен, мүсіндермен салыстырған М.Әуезов бағытын қолдайды. Шоқан жазып алған жыр үзіндісі мен «Манас» жыры арасынан екі айырмашылық белгі табады. Оның бірі –

патриархал қауымның әлеуметтік тұрмысы, тарихи жоралардың сақталуы болса, екіншісі тарихи дәуірлерде қолданылған көне сөздер, бейнелер, мифқа айналған ұғымдардың сол күйінде көрініс беруі. Шоқан жазып алған үзіндінің осындай өзіндік бағалы жақтары бар екенін дәлелдей білген ғалым жырдың көне түркілік кезеңді зерттеуде берері мол екенін ғылыми негізде аңғара білді.

«Автор Шоқан жазып алған «Көкетай ханның ертегісі» «Манас» жырының бір бөлігі ғана болғанымен, эпопеяның бас идеясы бұдан оның аңғарылатынын ескертеді. Ол – сыртқы жаулар, ішкі алауыздықтар қырсығын жоюға елді бастай алатын ерді аңсау, халық бірлігі мен тәуелсіздігін жоғалтпау идеясы. Көкетай асына байланысты көл-көсір салтанат бір жағанан халықтың сол дәуірдегі дархан мінезін, ерлікке толы тарихын көрсетсе, екінші жағынан қырғыз қауымының ішкі қайшылықтарын да сездіреді» [4, 211 б.].

«Манас» жырының мазмұнын көріктендіріп тұрған «көш жолына» да ғалым бей-жай қарай алмай, толығырақ тоқталады. Тарихи құжаттар мен ел арасындағы аңыздарды жырдағы көш жолымен салыстыра қарастырған ғалымның ізденімпаздығына, еңбекқорлығына таңқалмасқа шараң жоқ. Көне жолының әр нұсқада әрқалай болғанын аңғарған Ә.Марғұлан бірінші Шоқан нұсқасына, сосын Шоқаннан кейінгі нұсқалардағы жырдағы Манас көшіне тоқталып, арнайы қарастырады. Шоқан нұсқасындағы көш жолының Ыстыккөлден Оңтүстік Сібірге, Алтай, Саян тауларына бағытталғанын, оның басты себебі шаруашылық жағдайы мен әскери стратегия екенін дұрыс деп бағалаған автор, бұл тарихи шындық ІХ-Х ғасырладағы қырғыз халқының көшіп жүрген ерлік заманына дейін қорытынды жасайды. Жырдағы әрбір жер атауына тоқталып, тамаша тарихи анықтамалар береді. Көш жолының оң қол, сол қол болып

бөлінуіне дейінгі жай жапсарды айқын дәлелдей алған ғалым, Шоқан нұсқасының ғылыми бағалы болуы қырғыз халқының «тарихи географиядық негізін ашуға көмек көрсетуінде» дейді.

Көш жолының Радлов нұсқасындағы суретін ғалым сынға алған. Көш жолының Шоқан нұсқасындай сайрап тұрмағанын, белгілі бір маршруттың жоқтығын, жыршының ауызға түскен жер аттарын төпей бергенін дәлелдей келіп, жырға XIX ғасырдың көші-қонының араласып кеткенін айтады. Сонымен бірге бұл ескі көштен де басқарақ Манас көш жолына тоқталып, оның орда құрған жерлері әрқашан ерте замандағы астана болған жерлермен байланысатынын, сондықтан Манас осы астаналарда саяси тіршілік болған кезде жасап, атақты шеру басы болғанын дәлелдеуге тырысады. Жырда кездесетін атақты жерлерге: «Қарқара, Бесбалық, Манастың бозтөбесі, Талас қаласы, Андижан таулары, Үзген қаласы т.б. тоқталып олардың бәріне тарихи мінездеме береді». Сөйтіп, жырға негіз болған сюжеттік оқиғалар түркі қағандығы кезінде өткен деген пікірін қайталап өтеді.

Шоқан нұсқасының анахронизмдермен боялмағанын дәлелдеуге автор ерте замандағы патриархал тұрмысты еске түсіретін тарихи жораларды тілге тиек етеді. «Бұл жоралар ислам дінінің қағидасымен үш қайнаса сорпасы қосылмайтын көшпелі пайпалардың тіршілігінен туған өте ескі дәуірдегі болған салт-сана түрі. Бұл жоралардың «Манас» жырынан орын алуы – бұл жырдың туу бастағы желісі ислам дәуірінен көп бұрын шыққанын дәлелдейді», - деп өлікті жерлеу, қадірлеу, белгі орнату, ас беру т.б. секілді эпитикалық сарынмен берілген жораларға сипаттама береді. Жырдағы кейбір эпизодтарды «Оғызнамаменен» салыстырып, Н.И.Веселовскийдің еңбегінен деректер келтіреді.

Ғалымның көңіл аударған тағы мәселесі – жырдағы ойын түрлері. Олар: «Балуан күрес», «Ат-сайыс», «Жез бұйдалы інгеннің биі» ойынын ғалым ерте тарихи дәуірдің белгілері деп келеді де: «Манас» жырының бұл шумағы біраз натурализмі болғанымен, өнердің биік сатысын көрсететін, ежелгі поэзияның бір жарқын түрі... Майданға жалаңаш жас әйелді шығару, жалаңаш әйелді суретке түсіру, шығыс елдерінің ерте заманғы өнерінде кездесетін шындық қиял емес, Европа тіршілігінен туған өнердің де бір көрінісі», - деген пікір білдіреді. Сонымен бірге жырда кездесетін соғыс әдіс-тәсілдеріне де түсініктемелер беріп өткен.

«Манас» жырының мазмұны мен сюжеттік оқиғалары туралы ғалым зерттеулерінің негізгі арналары осындай. Бұл тарауда қорытатын түйінді ой -жырдан сюжеттік оқиғаларының түркі дәуірінде өткендігі. Ғалым оны жыр мазмұнындағы бар саладан тауып осы ойын бекітуге жұмсаған. Сонымен бірге ғалым анықтауға ұмтылған екінші мәселе – Шоқан нұсқасының тарихи-этнографиялық сипатының маңыздылығы. Еңбектің өне бойында осы екі мәселе негізгі өзек болып, қаланған салалар жол- жөнекей шешіліп отырады.

Ғалым еңбегінің үшінші тарауы «Жырдағы ерлік бейнелер, кісі, ел аттары, олардың тарихи негізі» деп аталады. Тақырыптың күрделі сипатынан-ақ ғалымның тарихи-мәдени әдіснамаға баса көңіл аударғанын аңғару қиын емес. Шоқан жазып алған үзіндіде Манастың туыс, балалық шағы берілмесе де ғылымның асыл мұраты объективті шындықты ашу екенін ескеріп Радлов, Сағымбай, Саяқбай нұсқалары бойынша зерттеулер жасаған. Батырдың дүниеге келу сипатынан түркі халықтарының эпосына тән ортақ заңдылықтарды салыстырулар арқылы дәлелдеген. Мысалы, Манас пен Оғыз батырдан ұқсастық көрсе, Алмамбеттің туылуынан

Қорқыттың сарынын табады. Екі батырдың тарихта болғанына шүбә келтірмей, олар туралы ауызша, жазбаша деректерді салыстырып отырады. Әр нәрсеге тарихи шындық негізінде тереңнен қарайтын ғалым көп ғалымдар аңғармаған құпияларды ашады.

Жырдың кейбір версияларында Алмамбеттің Қытай хандарының сарайынан қашып шыққан қолбасшы болғанын, тіпті қытай ұлтының адамы деп суреттелуін тарихи шындыққа жанаспайды деп жырдың көп ғасырлық қатталуынан негізгі шындықты ашады. «Ол шындық – қарлық пен қырғыздардың IX-X ғасырларда күш қосып, таң мемлекетінің хандарына (Ежен хан) қарсы тұрған тарихи оқиғалары» [2, 52 б.]. Сондықтан ғалым Алмамбет бойынан таң мемлекетін мақтайтын табға хандарына қарсы шыққан патриоттық күш көріп, оны Манастың аталас туысы, яғни Қарахан тұқымынан деп есептеді. Бұл аса тарихи мәні бар құнды пікір. Кеңес идеологиясының қатал заңынан тайсалмай ұлттық ғылым мен білімге жаңашыл бағыт беруі ерлікке бара-бар іс. Оқығаны мен тоқығаны көп ғалымның келтірген деректері де өте сенімді, нық. Көп қабатты эпикалық мұрадан тарихи шындықты ашық табуы автордың өзіндік зерттеу машығын танытады. Жырда кездесетін кейбір кейіпкерлердің бертінгі кездің қоспасы болып кетуі бұрынғы есімдері ұмытылғанын, жыршылардың жырдан түп нұсқа мәтінін қадірлемегенін де назардан тыс қалдырмайды. Жырдағы Қараханның қызы Қаныкей, Қайыптың қызы Қарабөрік, түріктің қызы Ақылай, Аталық қызы Ақдәулет т.б. ерте кездегі аттармен еш байланысы жоқ деп есептап олардың ноғайлы жырында көп кездесетінін айтады. Сөйтіп, ғалым пікірінен «Манас» жырының Ноғайлы дәуірінен тым арыда пайда болғанын білеміз.

«Манас» жырындаға қаһарман кейіпкерлерді автор эпикалық кейіпкер, мифтік бейнелер, тарихи бейнелер,

теріс пішінді кейіпкерлер деп төртке бөлген. Эпикалық кейіпкерлерге Көкетай, Ер Қосай, Ер Көкше, Ер Төстік, Ер Үрді, Ер Батыс, Ер Қараш, Манас, Алмамбет, Бақай, Бокмұрын, Ажыбай, Шұбақ, Сырғаң, Жаңыл, Түгел ұста, Жас Айдар, әйел аттары: Алтынай, Айжарқын, Күнікей, Күнжарық, Ақ Еркеш, Ұмсынай, Қарашаш, Айшүрек, Орақғу катын, Қарлығаш, Жез білек сынды образдарды жатқызады. Мифтік бейнелерге Шойын-алып, Дойым-алып, Дүмір-алып, Мадықан (жалғыз көзді дәу), Мекел дәу, Қара дәу сынды кейіпкерлерді қосқан.

Тарихи кейіпкерлерге деп Қоқырбай, Міс-қара, Жолай, Көзсаман, Төбейлерді атайды да оларды моңғол дәуірінен көп бұрын болған эпикалық бейнелер деп бағалайды. Осы аталған кейіпкерлердің бәріне жеке тоқталған ғалым жырдағы қырғыз халқының аумағымен шектелмей, Орта Азия халықтарының бәріне ортақ күрделі мәселелерді шешеді. Қытай, қалмақ, моңғол, араб халықтарының да жазбаша деректерін жақсы пайдаланады.

Эпикалық жырлардағы кейіпкерлерді бөлуде ғалымның ешкіге ұқсамаған ділмарлығын мойындамасқа болмайды. Бүгінгі күннің биік талғамымен қарасақ, ғалымның кейіпкерлерді түр-түсіне қарай бөлуінде эпикалық жырдың табиғатын терең түсінгені сезіледі. «Теріс пішінді кейіпкер» деген термині маркстік-лениндік әдіснаманың мақсатынан гөрі ұлттық мүдденің салдарынан туғанын айыру қиын емес. Ғалым атаған «көзкамандар» бүгінгі әдебиеттанушы Р.Бердібаевтың әдеби нормаға кіргізуімен сатқындықтың, мәңгүрттіктің символына айналған ғылыми атауға ие болуда. Бұдан ұлттық әдебиеттану ғылымымызда жалғасын тапқан сабақтастықты көруге болады. Қазақ пен қырғыз арасындағы бір-біріне өту жайын зерттегенімен ғалым түбегейлі пікір білдірмей, баяндаумен қайтады. Жырда, керісінше, қазақ тайпаларының, Орта Азия халықтарының,

тарихи адамдарының көп көрініс беруі осы тақырыпты да тереңірек қарастыруды керек ететіндей.

---

1. Веселовский Н.И. Отрывок из поэмы Манас: «Смерть Кукотай хана и его поминки» В переводе Ч.Ч.Валиханова ЗВО ХУ, вып.1. стр. УШ-ХУ (II) В.В.Радлов. Обзацы народной литературы северных тюрских племен. Наречие диких каменных киргизов. ч.У, Сбп. 1886 с. 599.
2. Марғұлан Ә. Шоқан және «Манас». Алматы: Жазушы.1971.
- 3 Әуезов М. Уақыт және әдебиет. А. 1962. 210 бет.
4. Бердібай Р. Адамзаттың «Манасы». «Манас» және қазақ эпикалық дәстүрі. Алматы, 1999.
5. Марғұлан Ә. Ежелгі жыр-аңыздар. Алматы: Ғылым. 1985.

2012 ж.

## Ж. БЕКТҰРОВТЫҢ ҚАЛАМГЕРЛІК ШЕБЕРЛІГІ

Жайық Бектұров – қынаптағы қылыштай қылпылдап тұрған шағында өжет те өткір жас қазақтың не бір маркасқа зиялы азаматтарын аға тұтып, сондарынан ерген, ағалық ақыл кеңестерін көкірегіне құйып өскен тұлға. Журналистік қызмет пен көркем әдебиет саласында жауапты қызметтерге тым ерте араласқан. Сол тұста қиял құсы қияға қанат қаққан жігерлі жігітті сталиндік зұлматтың зобалаңы арандай аузына бір-ақ атып, шайнамай жұтып жібере жаздады.

Жарқын армандарға қол созып жүрген жасында жастық НКВД түрмесінде азап пен мазактың, қорлық пен зорлықтың небір құйтырқы түрлерін бастан кешуі үлкен қиямет болған. Содан орда бұзар отыз жасында оққа ілігіп кете жаздаған жазасынан аман қалғанымен Жайық Бектұров 10-жылға бас бостандығынан айрылып, Сібірге жер аударылған. Ондағы көрген бейнетін сөзбен айтып жеткізу қиын. Жайық Бектұров 1932-1937 жылдары комсомол қызметінде болған, 1937-1939 жылдары республикалық «Лениншіл жас» жастар газетінің редакторының орынбасары, «Социалистік Қазақстан» газетінің бөлім меңгерушісінің орынбасары міндеттерін атқарған. 1939-1940 жылдары Жамбыл облыстық газетінің жауапты редакторы, ол соғыс басталғанда девизиялық газеттің редакторы болған. 1942 жылы мамыр айында Ж. Бектұров қамауға алынып, КСРО НКВД-сінің айрықша кеңесінің шешімімен РФСР Қылмыстық істер кодексінің 58-ші бабымен сырттай он жылға кесіліп, Солтүстік Оралға жер аударылды. Жабылған жала тек қана 1955 жылы ҚазССР Жоғарғы сотының Президиумының шешімімен күшін жойып, ал 1989 жылы түбегейлі ақталды.

КСРО Жазушылар одағының, Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының мүшесі, партия мен еңбек ардагері Жайық Кәгенұлы Бектұровтың қоғамдық және әдеби өмірдегі еңбегі оған атақ-абырой әкеліп, жұртшылықтың құрметіне бөледі. Публицист Жайық Бектұров өзінің ауқымды да бейнелі сөздерімен орталық Қазақстанның көптеген фактілері мен тарихи оқиғаларын көпшіліктің жадына қалдырды.

Ол республиканың әдеби ортасында, кеншілер өлкесінің қалыптасуы мен дамуының, оның орталығы - Қарағандының шежіресін жазушы ретінде белгілі. Жайық Бектұров өзінің шығармашылық және ұйымдастырушылық таланты арқылы облыс пен республиканың мәдени өміріне үлкен елеулі үлес қосты. Ол Қарағанды және Қарағанды облысының энциклопедиясының жасаушыларының бірі болды. 1977 жылы «Жол жоралғысы» деген кітабы шықты. Бұл жинаққа қаламгердің Ы.Алтынсаринмен, Ш.Уалиханов, Г.Потанин, қобызшы - жыршы Н.Атабеков жайлы тарихи - көркем очерктері енгізілген. Халық ауыз әдебиетінің үлгілерін қажымай жинап, бастырудағы еңбегі өз алдына бір сала.

Жайық Бектұров Абай Құнанбаев, Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлин, Саттар Ерубәев, Әбділда Тәжібаев, Тайыр Жарақов, Зейін Шашкин және өзге де қазақ ақын - жазушылары жайында көптеген сын, мақалалар жазды. Жазушы басқа ұлттардың әдебиетін озық үлгілерін қазақ оқырмандарына танытуда көп жұмыс тындырды. Жайық Кәгенұлының өрнекті тілімен қазақшалаған Г.Серябрякова, Петефи, Дефо, Гашек, Л.Пантелеевтің шығармаларын оқырмандар жылы қабылдаған. Облыстық «Орталық Қазақстан» газетінің бетінде жазушы Азия, Африка елдері қаламгерлерінің бірнеше әңгімелерін аударып бастырған.

Кейінгі жылдары, яғни 1991 жылы «Өткел» өлеңдер жинағы, ал 1997 жылы «Қазақстан» баспасынан «Таңба»

атты кітабы жарық көрді. Бұл кітап еліміздің шежіресіне қара таңба болып басылған отызыншы-қырқыншы жылдардағы саяси қуғын-сүргіннің алапат ащы шындығы жайында, сол нәубеттің құрбаны болған тұғырлы тұлғалар, талай тағдырлар жайында баян ететін туынды. Мұның жарық көруінің арасы 40 жылдай уақытқа созылған екен. Сол қырғынның өзі де куәсі болған, кезінде жазықсыз танылғандақтың кесірінен жапа шегіп, жалынды жастық жылдарын айдауда, азап лагерінде өткізген ардагер жазушының аталмыш романы тасада қалып, кеңес империясы тараған соң, жалғанның жарығына әрең шықты. Жалпы бұл шығарма - азап лагеріндегі өмірді қазақ әдебиетінде бейнеленген тұңғыш еңбек. Сол жылы профессор М.Әлиакпаровтың «Жайық мінген қайық» атты кітабы Жайық Бектұровтың тар жол, тайғақ кешулерге толы өмір өткелдеріне арналған. Автор мен кітап кейіпкері арасындағы сырлы сұхбатта зұлмат жылдарының зобалаңы, қазақ халқының басына қолдан жасалған нәубет зардабы бүкпесіз баяндалады. Сонымен қатар кітапқа жасы сол кезде сексен беске келсе де қаламы қолынан түспеген Жайық Бектұровтың Сталиндік қатігездікті ашық әшкерелейтін бірқатар поэмалары мен өлеңдері енгізілген.

Бір сөзбен айтқанда, М.Әлиакпаровтың «Жайық мінген қайық» атты жаңа кітабы қалың жұртшылықтың сүйіп оқитын кітабына айналғаны ақиқат. Бұл кітап Президентіміз Н.Ә. Назарбаевтың өткен 1997 жылды республикамыз бойынша «Жалпы ұлттық татулық пен саяси қуғын-сүргін-құрбандарын еске алу жылы» деп жариялаған тарихи жарлығына үндес келетін өзіндік бір жақсы нышанды үлес екендігін де атап айтқанмыз жөн.

Жайық Бектұровтың тағдыр-таланы үстем ұлт пен кіріптар ұлттың арасындағы ала бөтен айырмашылықты таразы басына тарттырып, көзге жас, көңілге көлеңке, көкірекке өксік ұялатады. Елдің бәріне есесі кеткен біз

секілді шерменде жұрттың құрсағынан Бектұровтардың тууы заңды құбылыс. Ол кесірлі кесапатты заманда ғұмыр кешті. Оның бұл кезде төрт құбыласы түгел көркем дүние жазып, көсілуге уақыты болған жоқ. Көрген білгенін қағазға түсіріп, өзі өмір сүрген қоғамның тарихи-хронологиялық келбетін кескіндеуге ғана шамасы келді. Жайық Бектұров – қазақ көсемсөзінің көш бастаушыларының бірі емес, бірегейі. Оның «Қазақстан» баспасынан жарық көрген «Енеден ерте айрылған төл секілді...» атты кітабы – қазақтың біреуге бодан болған заманы мен бүгін өз алдына егемен ел болған кезеңін жалғап тұрған көшелі көсем ойының бір алтын арқауы десе де болады.

Бұл кітапты жарыққа шығаруға ұлттық публицистикамыздың белді бір өкілі Нұрмахан Оразбеков ерекше еңбек сіңірді. Әртүрлі басылымдарда басы бірікпей шашылып, жазушы архивінде шаң басып жатқан Жайық Бектұров мұрасын жинап, саралап, оқырман назарына ұсынған Н. Оразбеков «Бірінді, қазақ, бірің – дос, көрмесен істің бәрі – бос» - дейтін Абай атамыздың өсиетін алдыға тартып отыр. «Өлі риза болмай - тірі байымайды» дегеннің төркіні - әруаққа ата тек ас беріп, аламан бәйге жасау емес – етек жеңімізді жинап, елде кеткен есемізді түгендеп, ұлттық ұлы ойды тереңдетуде жатыр.

Жайық Бектұров заманына өр кеудесін имей, қатарынан оза туған, ұлтын ұлықтап, жұртын төбесіне көтерген, Алаштың азын-аулақ тұлғасының бірі еді. Оның адамдық, азаматтық бейнесі, қаламгерлік қарыны осы «Енеден ерте айрылған төл секілді...» деген кітабында тұр. Жайық Бектұровтың тоқсан жылдық торқалы тойындағы ең басты олжа осы кітабы болар.

Тағдыр оны халқымыздың талай ірі тұлғаларымен табыстырды. Жайық Бектұров олардың бірін сырттай таныса, енді біріне ізетті іні бола білді. Үшінші бірімен

қоян-қолтық араласып, сырлас-мұндастық қарым-қатынаста жүрді. Олардың дені ұлт деңгейінде ойлап, сол деңгейде еліне қызмет еткен ұлы тұлғалар еді. Олардың тәлімін, тәрбиесін көрген Жайық Бектұров та төмендікке барған жоқ. Тоталитарлық жүйенің мемлекеттік машинасының өз алдындағы кінәсін ол көзін жұмғанша айтып өтті. Онда да бұл қара басының қасіреті ғана емес, бүкіл қазақ қауымының тартқан тауқыметі болатын.

Бүкіл Ресей Жағрапия қоғамына қарасты Омбы бөлімшесінің құрылғанына 90 жыл толу тойы үстінде Жайық Кәгенұлы ондағы әріптестеріне қазақтың тұңғыш ғалымы Шоқан Уәлиханов, атын ардақ тұтатын қоғамдық әрі мемлекеттік қайраткер Сәкен Сейфуллин мен Нығмет Нұрмақов есімдерін есте қалдыруға қатысты ұсыныстар жасады. Соңғы екеуінің шаруасы салыстырмалы түрде тез шешілгенімен, Шоқан есімін ел есінде қалдыруға саналы ғұмырының он бес жылын сарп етті. Оған дейін ол Талдықорғанда бір мектепке асыл ағамыздың атын бергізіп, Гвардейск ауданындағы марқұмның бейіті басына атына лайық ескерткіш тұрғызуға атсалысқан. Ол жүйелі әрі тұрақты жүргізілген ауқымды жұмыстың нәтижесі болатын.

Осы жылдары ол Омбыда өткен бірнеше салтанатты жұмыстарда сөз алып, Қазақстан мен аталмыш қала арасындағы тығыз байланысты тілге тиек еткен. Сондай-ақ, Орталық Қазақстан қаламгерлер қауымының атынан халық депутаттары Омбы қалалық кеңесіне Шоқан есімін есте қалдыруға қатысты ұсыныс білдіріп хаттар жазылды. Жағрапия қоғамының Омбы бөлімшесі екі отырысында осы мәселені талқылап, жергілікті жерде оны қолдауға шешім қабылдады.

1982 жылы қыркүйектің 29-шы күні Жайық Кәгенұлына Омбыдан профессор Д.Н.Фиалковтан сүйінші хабар да келіп жетті. Онда: «Қадірменді Жайық Кәгенұлы!

Сан жылдар бойына жүргізілген жүйелі еңбегіңіз нақты нәтиже берді. Омбыда Шоқан Уалихановқа ескерткіш-тақта қойылды. Құшырлана қолыңызды қыстым, Фиалков» - делінген. «Қазір М.Фрунзе атындағы әскери училищенің іргесінде, кезінде қазақтың бір туар тұлғасы оқыған кадет корпусының қабырғасында В.Куйбышев, Д.Карбышевтармен бірге біздің сүйікті Шоқан Шыңғысұлының аты да өзінің лайықты орнын тапты», - деп жазды облыстық газеттердің біріне зор мақтанышпен. Бұл оның көршілес Ресейде тындырған игілікті ісі.

1985 жылы ол туыстарымен Целиноград облысы, Макин ауданы Қызыл Кардон деген селоның байырғы тұрғындарының көмегі арқасында Балуан Шолақтың бейітін анықтаған. Осыған орай халық депутаттары Макин аудандық кеңесіне өтініш-хат жазып, ардақтысының аты ел есінде қалдыруға қатысты ұсыныс түсірді. Іс нәтижесі онша көп күтірмеді. Халық депутаттары Макинск аудандық Кеңесінің сол жылғы қазанының 25-ші күні №21/289 шешімімен Балуан Шолақ басына құлып тас қойылып, аталмыш ауданда атамыздың мұражайы ашылды. Бұл сынды мысалды әлемге әйгілі Қажымұқан Мұңайтпасовқа, жұртымыздың жыраулық поэзиясының жарық жұлдызы Бұқар Қалмақанұлына, ақын, әрі ауыз әдебиетінің жанашыры Мәшһүр Жүсіп Көбеевке, Қарағанды қаласындағы есімі көше мен мектептерге берілген басқа да есімдерге қатысты көптеп келтіруге болады. Жәкеңнің ондай қайраткерлік істері Қарағанды жұртына да, жеріне де еңбегін көптеп сіңірді.

Жайық Бектұровтың жазған еңбектері, шығармалары, публицистикасы ұшан теңіз. 1997 жылы 7 мамырда Н.Оразбеков пен Т.Ермекбаевтың «Егемен Қазақстан» газетінде «Адамдар. Жылдар. Тағдырлар» айдарымен «От өрім өмір» атты көлемді мақаласы жарияланды. Саяси

қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылы жазылған материалда авторлар Жайық Бектұровтың «Өрт пен дерт», «Дәлел мен дерек», «Дала уәлаятының мақтанышы» атты тарихи очерктерінің сол тұстағы өзектілігін айта келіп, оған негіз болған Кененсары қозғалысын, Алаштың әйгілі көсемі, халқымыздың ардақты азаматы Әлихан Бөкейхановтың, ұлы Абайдың өмірі туралы осы ғасыр басындағы орыс тілінде жазылған ғұмырнамасын Республикамызда бірінші болып баспасөз бетінде жарияланды. «Жазушы ағамыз осының бәрін әлі есімізде Кеңес үкіметінің құйтырқы құпиялары қалың жұртшылық үшін ашылмай тұрғанда жазып еді» - деп атап көрсетеді. Ж. Бектұровтың ақталған арыстарымыз – Мағжан Жұмабаевтың «Батыр Баянын», Ахмет Байтұрсыновтың «Қырық мысалын», Жүсіпбек Аймауытовтың «Қартқожасын», Міржақып Дулатовтың «Оян, қазағын!» да республикамызда алғаш жарияланғанын жергілікті оқырмандар ұмыта қоймаған болар. Азаткер ағаларымыздың құнды дүниелерін көзі қарақты қауымға ұсынып қана қоймай, оларға алғаш түсініктеме берген де, атын ардақ тұтқан асылдарымыздың ғибратты ғұмырынан қызықты да құнды деректер келтірген.

Жайық Бектұров қазақтың ірі тарихи тұлғалары мен ұлт зиялылары жайында көптеген еңбектер жазған. Қазақтың батыры Кенесары хан, Ұлы Абай, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Шоқан Уалихановтарды халыққа танытуда орасан зор еңбектер жазған. Ал қазақ әдебиетіндегі ақын-жазушылар жайында сын және библиографиялары мен бас мақалалары, мерейтойлық материалдары өте көп. Жайық Бектұров өзі тұстас қана емес, өзінің алдындағы белгілі тұлғалар туралы әртүрлі мақалалар жариялаған. Абайдан басталатын қазақ поэзиясының тарландары Сәкен, Сәбит, Бейімбет, Мағжан, Ілияс, Жамбыл, Таир, Асқар, Қасым, Жұмағали, Әбу, Қалижан, Діқан, Хамит,

Жақан, Әбділда, Ғали, Сырбай, Қайнекей, Жұбан, Мұзафар, Мұхаметжан, Шоқан тағы басқа да ірі тұлғалар жайында жазылған дүниелері ұшан теңіз. Архивтің сарғайған беттерінен іздеп, нақты деректерінің әрқайсысына ерекше мән берген. Осындай ұзақ зерттеулермен таусылмай ынтасының арқасында тарихқа жаңа бір үлес қосқан. Бұрын көпшіліктің біле бермейтін сол жылдардың ақиқатын жарыққа шығарды. Жазушының ең үлкен еңбектерінің бірі Абылай ханның немересі Кенесары Қасымов жайлы жазған тарихи дүниесі көпке мәлім. 1993 жылы «Орталық Қазақстан», «Индустриальная Караганда» газеттерінің беттеріне «Кенесары» тарихи очеркі құлаш-құлаш болып шығып жатты. 1839-1847 жылдардағы Кенесары сұлтанның ұлт азаттығы үшін күресін Жайық Бектұров қаншама жылдар білмеген жаңа деректерді оқырман алдына ұсынды. Бұл тарихи очеркі - шығармаларының ішінде бір төбе.

Жайық Бектұровтың 1988 жылы «Қазақ әдебиеті» газетінің екінші санында жарияланған «Айыбы не еді ағалардың?» естелік очеркінде, осы басылымда жарық көрген ақталған арыстарымыздың бірі Шәкәрім қажы хақындағы «Ақын мен арамза» атты дастанда сол жылы «Жалын» альманахының үшінші және төртінші сандарында басылған «Сәкеннің соңғы сәттері» деген деректі повесінде, сондай – ақ жергілікті мерзімді басылым беттерінде шыққан «Үш Әлекең» атты тарихи танымдық мақаласында ұлт тарихында танымал арыстарымыз туралы тың деректерді алғаш айтты.

Сондай-ақ, Жайық Бектұров атақты ғалым, қоғам қайраткері, академик, Қарағанды мемлекеттік университетінің негізін қалаушы Евней Арыстанұлы Бөкетовпен замандас, жолдас болғаны ақиқат. Академик жайында небір танымдық дүниелерді, баспасөз бетіне мақалаларды көптеп жазған. Мысалға, «Орталық

Қазақстан» газетінің бетінде жарық көрген - «Ғалым жолы», «Жақсы жолда», «Тамырлас тағдырлар». «Ленин туы» газетінде - «Дауылпаз дарын», «Река памяти». «Қазақ әдебиеті» газетінде «Е.А.Бөкетов – ғылым, докторы» деген мақаларын айта аламыз. Бұдан да басқа көптеген жазбалары да бар. Орыс тілді басылымдарға да Жайық Бектұров өз заманында күн кұрғатпай мақалалар, очерктер тағысын тағы жазып отырған. Оны «Индустральная Караганда» газетінде жарық көрген дүниелері дәлелдей алады.

Жайық Бектұровты жазушы, қаламгер, қоғам қайраткері ғана емес, сонымен қатар ақындық өнері бар екенін оқырман жақсы біледі. Ақын ағамыздың көптеген өлең жинақтары да жарық көрген. Соның ішінде қарт қаламгер Жайық Бектұровтың есімі «Өткел» атты жинағы арқылы оқырман қауымға жақсы таныс. «Өткел» атты жинағына әртүрлі тақырыптағы шығармаларымен қатар Шәкәрім Құдайбердіұлының өмірінің соңғы жылдарын арқау еткен «Ақын мен арамза» поэмасы да енген. Ол поэмадан ақынның өз заманына деген түңілуін, шындықты жария еткен жандарға қоғамнан қысым көрсетілгенін аңғарамыз.

Осы кітабында Жайық Бектұров белгілі тұлғаларға, жазушы ақындарға, қоғам қайраткерлеріне жазған өлеңдері де бар. Сондай-ақ, ақынға тән мінезбен жазылған лирикалық тұрғыдағы сұлулыққа, адамзаттың жан байлығына да қалам тартқан. Өмірде кездесетін, бірақ ескере бермейтін дүниелері де қарастырылған. Мысалға, «Кітап», «Көшеде», «Темір жол», «Ыстық карцер» т.б. өлеңдері кездеседі. Жайық Бектұровтың жинақтағы өлең жырларынан басқа баспасөз беттерінде көптеген өлеңдері, балладалары бар. Әсіресе, «Орталық Қазақстан» газетінде жылдар бойы үзілмей келген жырлары осы сөзіміздің куәсі. Мысалға, «Аңыз бен шындық» деген айдармен

жазылған «Көміртау мен Теміртау» деген өлеңінде шынайы өмірді, сол кездегі проблемалық мәселелерді батыл жазған. «Есекқырған», «Сырсандықтан», «Ханшайым» тағы басқа өлеңдері де осы тектес. «Орталық Қазақстан» газетінің 1994 жылы жарияланған жыр – бәйгесін де Жайық Бектұров «Қармақ» атты повесімен жеңіп алған. Ал, «Өкініш пен өтініш» атты балладасы Сталиннің тұсындағы ащы шындықты бүкпесіз жазғандықтан таңдай қағып таңдануға тұрарлық.

1995 жылы Ұлы Абайдың 150 жылдық мерейтойы қарсаңында «Замандас - современник» газетінің бірнеше нөміріне қатарынан «Абайға алғыс» атты циклды өлеңдері жарық көрген. «Қазақ әдебиеті» газетіне де Шәкәрімнің соңғы күндеріне байланысты жазылған «Ақын мен арамза» атты аңыз-өлеңі дүркін-дүркін басылды. Жайық Бектұровтың қай өлеңін алып қарасаңызда үлкен мағана, ой, белгілі бір оқиғаның желісі жатады. Аңыз жырларымен танысып, оқып білгеніңізде роман оқығандай күй кешесіз. Ол қарт ақынның жыр жазудағы өзіндік стилі. Қазақ атамыз он саусағынан өнері тамған, яки бір басында бірнеше дарыны, қасиеті бар жандарды «сегіз қырлы бір сырлы» демей ме? Ендеше Жайық Бектұровты сондай абзал жанды азаматтарымыздың бірі деп мақтан тұтуға тұрарлық тұлға. Елі үшін еңіреп өлең жазса да, халқының игілігі үшін аянбай еңбек етсе де, ол сапалы істер тындырған. Ұлы істерінің сапасы да, саны да бар.

Жазушының баспасөз бетінде циклды жарық көрген шығармаларының бірі - «Өрт». Ол 1958-1960 жылдары аралығында «Советтік Қарағанды» газетінде қазақ әдебиеті мен өнерінің Москвада өткен он күндігіне орай жазылған жолсапар әңгіме. «Советтік Қарағанды» газетінің 1957 жылы 2-ші қыркүйекте жарық көрген «Асудан асканда» әңгімесі сол заманда өте өткір жазылған дүние. Тек танданарлық бір жай қалай ғана жарыққа шығып кеткені.

Онда жазушы Кеңес дәуіріндегі колхоз, совхоздардың өмір тынысын бейнелейді. Бұрынырақтағы қазақ ауылының орыстанғаннан кейінгі тіршілігін оқырманның көз алдына әкеледі. Бұрынғы салт-дәстүрдің, сана-сезімнің, рухтың тіпті, жер аттарының сақталмай қалғанын шебер жеткізеді.

Көне көз қария менен тракторшының әңгімесінде қарияға жігіттен жеті атасын сұрату арқылы жазушы кейінгі жастардың ата-текке деген көзқарасын көрсетіп, сол кездегі рухани құлдырауды астарлы түрде әдемі суреттеген. Ата-бабамыз қойып кеткен жер-су, елдімекен аттарының Кеңес дәуірінде мәнсіз, мағнасыз атаулармен алмастырылғанына қынжылғанын танытады. «Асудан асқанда» әңгімесінде жоғарыда айтылғандарды айқайлап, ашып жазбаса да, өте батыл жазған.

Осы тектес шындықты, шынайылықты танытатын тағы да бір әңгімесі «Бақыт жолында» 17 сәуірде 1966 жылы «Орталық Қазақстан» газетінде жарық көрген. Онда, «Таңба» романындағыдай қуғын-сүргін, шаш ал десе, бас алатын дәуірді әңгіме етеді. Тек бұл шығармасында қызыл армияның қазақ даласына келуі, байлармен, ақтармен болған кикілжіңдері, Кеңес әскерінің озбырлығын нақты көрсетпесе де, астарлы түрде жеткізе білген. Осындай қоғамға қатысты саяси дүниелерді тек қана көзі ашық, көкірегі ояу азамат жаза алады.

Жайық Кәгенұлы Бектұров біле білсек, дарынды аудармашы да болған. Қаламгердің шет елдердің әдебиетінен, лирикасы мен әңгімелерін көптеп аударған. Орыстың көрнекті жазушысы, қаламгер Михайл Зувевтың «Мидай дала» атты үлкен әңгімесін «Орталық Қазақстан» газетінің 1966 жылы 18 мамыр күнгі санында оқырман назарына ұсынды. «Мидай дала» атты әңгіме аударма емес, Жайық Бектұровтың өз ана тілінде жазған дүниесіндей. Аударған әңгімесі ешқандай мінсіз. Әңгіме көпшілік ескере бермейтін геологтардың жол сапарлары

мен өміріне негізделген. Олардың басынан өткен қиын-қыстау кезеңін, ауыртпашылықтарын бейнелейді. Жайық Бектұров шебер аударып отырып, оқырманды әңгіме желісіне енгізеді. Жазушы бұл әңгімені негізсіз аудармаған болар. Сол кездегі тәрбиені, ұйымшылдықты арқау етсе керек. Кеңес дәуірі тұсында Чехтың атақты сықаққой жазушысы Ярослав Гашектің көп шығармалары совет жұртшылығы былай тұрсын, соңғы уақытқа дейін жазушының өз елінде - Чехословакияда да толық жинақталмай келген. Жазушының көп қызықты әңгімелері, әсіресе буржуазиялық қоғамның мінез-құлқын әшекерелейтін өткір сықақ әңгімелері көбіне тек орыс тілінде аударылған. Ал Ярослав Гашектің «Нұқ баласы Қамға құрылған сот» атты «Литературная Россия» апталығында басылған сықақ әңгімесін қазақша «Пайғамбар баласына сот» деп ықшамды атпен алғаш рет Жайық Бектұров аударып, 1965 жылы «Орталық Қазақстан» газетінің беттеріне жариялаған.

Көптеген белгілі адамдар жайлы тарихи очерктер мен повестер жазып, атақты Балуан Шолақтың да өмір жолын зерттеп, әрқилы дерек - мағлұматтар жинаған Жайық Бектұров Балуан Шолақ туралы деректі повесть жазған. Қаламгердің «Жұмбақ жан» атты тарихи очеркі 1974 жылы «Орталық Қазақстан» газетінің 6, 7, 8 желтоқсанындағы санында жарық көрген. Балуан Шолақтай есімі елге танылған жан туралы очерк жазу тарихқа мәңгілік өшпестей өз үлесін қосу болып табылады. Жайық Бектұров осы шығарманы жазу арқылы өзінің өте тиянақты, ұқыпты екенін көрсетіп тұр. Себебі повесті оқыған сәтте автор өзінің кейіпкерінің бет бейнесін толық ашып, ол жайлы тіпті, ұсақ деп табылған дүниелерге дейін бастан аяқ зерттегеніне көз жеткізе аласыз. Балуан Шолақтың туған жылын, жерін, ата-мекенін, тіпті туыс-бауырларына дейін зерттеп, зерделеп нақты деректерді сөзге тиек еткен. Осы

мақсатта алысты, жақынды көптеген жолсапарларға да шыққан. Повестің қазақ әдебиетіне қосқан үлесі орасан зор. Оны келешек ұрпаққа тәлім-тәрбие беретін, үлгі тұтатын дүние деп танығанымыз абзал. Шығарма әдебиетке ғана қатысты емес, сондай-ақ тарихқа да құнды дүниелердің бірі болып еніп отыр. Автор осы шығармасы арқылы Балуан Шолақтың өмірбаянын ғана емес, күллі қазақ жұртының өмір тынысын танытқан. Сол тұстағы халқымыздың әлі қаймағы бұзылмаған әдеп-ғұрпын оқырман қауымға жақынырақ таныстырып, әрбір қазақ баласының жүрегінде патриоттық рухты оятқысы келгендей. Егерде осы «Жұмбақ жан» повесін өзге ұлттардың тілдеріне шебер аударып, әдебиетімізді әлемге ұсынар болсақ, «Менің елім, жерім, әдеп-ғұрпым осындай» – деп кеуде қағып мақтануымызға тұрарлық. Осы тарихи очеркімізде ата-бабамыздың жер-су, мекендеріне қойып кеткен, яғни қазіргі кезде ұмыт бола бастаған атаулар көптеп кездеседі. Яғни ескіні жаңғырту арқылы кейінгіге өшпес мұра қалдырған. Өзіміз мекен ететін тұрғылықты жеріміздің ескі атауын білмесек «Жұмбақ жаннан» тауып қалуымыз әбден мүмкін. Сондай-ақ Қазақтың ырымдарын, жол-жоралғыларын, түс жору, құмалақ салу сынды қасиеттерің жазуды да ұмытпаған. «Жұмбақ жан» тарихи очеркі сол тұста өз оқырманын тамсандырса, кейінгі оқырманды шебер жазылғандықтан таң қалдырады. Жайық Бектұровтың осы бір шығармасының өзі қаншама жас қаламгерлерге рух беріп, оң арнаға түсуіне себепкер болған.

Жайық Бектұровтың өзгелердің ғана емес, өзінің де бастан кешкен сұрапыл жылдары жайында өзін сүйіп оқитын оқырмандарына жеткізе білген. Мәселен, 1992 жылы 22 қазанда «Жерұйық» газетіне өткен күндерден отыз жылдан кейінгі естелік «Жетісудың аялы құшағында» атты мақаласы жарық көрді. Онда Жайық

Бектұровтың тұтқыннан босап келгеннен кейінгі Кеңес өкіметінен көрген зорлық-зомбылығын айтады. Төлқұжатсыз, жұмыссыз жанұясымен бірге ел кезіп, жер кезіп алғашқы жылдарда қиын-қыстау күндерді басынан өткереді. Сол тұста Талдықорған облысына барып, онда жақсы-жаман көптеген азаматтармен қызметтес болғанын, ақталғанша сүргелденде жүргенін жеткізеді. Жайық Бектұров осы бір бас мақаласы арқылы өзін оқырманына жақынырақ таныстырып, кейінгі жылдардағы үлкен жетістіктерге тар жол тайғақ кешу арқылы жеткенін баян етеді. Өзін-өзі халқыны таныта білудің өзі үлкен өнер.

Жоғарыда айтып өткеніміздей жазушының қалам тартпаған тақырыбы жоқ. Өткен жылдар парағын қайта ашар болсақ, 1956 жылы 10 маусымда «Сталиншіл» газетіне мәдениет тақырыбында «Ауыл мәдениетінің елеусіз кемшіліктері» атты мақаласы жарық көрген. Материалда автор Кеңес дәуірі тұсының өзіндегі ауылдарда қаншама шешілмеген мәселелердің барын айтып, сол тұста баспасөз бетінде жаба бүркеліп жүрген жайттарды ашығынан жария еткен. Белгілі бір совхозды зерттеу нысанасы етіп алып, ол жерге жол сапармен барып, мәдениет үйінен бастап, ауыл мектебінде балалардың оқу-білім сапасын тексерген. Мақаланың басында ауылда қаншама мектептің барын, мәдениет ошақтарын, совхоздың жетістіктерін мақтап жазады да, артынша ащы мысқылмен мәдениет үйінің құлауға жақын екенін, мектептерге ауылдан сыртқары тұратын малшылардың балаларының табалдырығының аттамағанын түрін түстеп, атын атап жазады. Совхоз басшыларына үлкен сын айтады. Қара басының қамын ойлағандарын көрсетеді. Жайық Бектұровтың осы бас мақаласы қаншама елге сабақ болып, басшылардың тәубесіне түсіп, көрпесіне қарай көсілуіне себепкер болған. Ең бастысы жасөспірім балалардың

мектепке барып білім алуына, өмірде өз орнын табуға үлкен септігін де тигізген болар.

Барлық жұртқа аян бұрынғы Ақмола қаласы Республикамыздың Астанасы болып, Астана қаласы атанар тұста қоғам қайраткерлері мен үкімет басындағылардың арасында үлкен пікір талас туды. Ал қарапайым халық кімдікі дұрыс, кімдікі бұрыс екендігін біле алмай түсініксіз күй кешкен. Кейбіреулер тіпті не себептен астананың Орталық Қазақстанға ауысатынында біле алмаған.

Осы тұста Жайық Бектұров жасы келген ақсақал болса да, аталмыш мәселеге қалам тартпай, пікір қоспай қалмады. Оқырмандар арасында үлкен беделге ие болғандықтан қарт қаламгердің қалам тартпауы мүмкін еместі. 1994 жылы 17 тамызда «Халық кеңесі» газетіне Жайық Бектұровтың «Астананың астарлы асулары» Қазақстанның астанасын Алматы қаласынан Ақмола қаласына ауыстырулары туралы мақаласы шықты. Жайық Бектұров өзінің бас мақаласында: Қазақстанның астанасын Алматыдан Ақмола қаласына ауыстыру туралы Республика Президенті ұсынысын Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесінің мақұлдап, тарихи шешім қабылдағанын, астанамыздың Қазақстанның орталық жағына ауысуының экономикалық, мәдени, стратегиалық, жағрафиялық маңызының зор екенін оң шешім деп қабылдап, республикамыздың Солтүстік аймақтарында ертедегі отаршылдық заманнан бері Омбы, Қызылжар, Орынбор, Қостанай, Атырау, Ақтөбе, Көкшетау, Атбасар, Ақмола, Павлодар және тағы басқа қалалардың орнағанын мәлімдей келіп, еліміздің астанасы орталықта болуы керек екенін көптеген бұлттартпас дәлелдермен дәлелдейді. Сондай-ақ автор екінші бір жақтың пікірлерімен де санасып, Алматы мен Ақмоланың қайсысы бір астана болса да, мыншалықты шығын,

мынадай кері әсері болады деп дөп басып айтқан. Салыстырмалы түрде, сараптама жасап өзінің ойын дәлелдеп шыққан. Сонау I Петр дәуірінен бастап, әртүрлі тарихи мысалдар келтіреді. Қандай жағдайда қайсысының тиімді екенін ел-жұртқа, яғни оқырманға түсіндіреді. «Астананың астарлы асулары» атты мақаласында тағыда бір көтерген мәселесі, Ақмола қаласының атауы сол күйі қалдырылуы жайында. «Ақмола» деген атаудың сонау ата-бабамыздан келе жатқан атау екенін, ол үлкен мағына беретінін мысалдармен келтіреді. «Келешек ұрпақ неліктен олай аталғанын білу керек» – дейді. Әр бір атаудың мәнін, мағнасын өзгертпеу керек екенін жоғарыдағыларға құлақ қағыс етеді.

Жайық Бектұров өндіріс, экология, жағрапия, экономика, мәдениет, әдебиет тағы басқа салаларға да қалам тартқан. Аталмыш салалардағы шешуі қиын мәселелерді батыл да, өткір талдай білген қаламгер. Жайық Кәгенұлының мақалаларының басты ерекшелігі не турасында, кім жайлы жазбасын нақты да тура дәйекті деректерді келтіре білуінде, тіпті жобалап болсын өзінше білгірсінбеген. Әрқашанда шындық, шынайылық, журналистік шеберлігін байқатады. Қаламгер біреу жайлы сын жазса оның нақты қаруы шындық, бұлтартпас дерек болған. Ұлт-зиялыларының ешбірін алаламай олардың күнгейі мен көлеңке тұстарын таразыға тең салып оқырманға ұсынып отырған.

Жайық Бектұров Қарағанды қаласының игі шараларының бірін жібермей газет бетіне басатын. Қарағанды радиосының қырық жылдық мерейтойында 1971 жылы «Орталық Қазақстан» газетіне «Сөйлеп тұрған Қарағанды» атты мақаласы басылған. Ол өз мақаласында қазақ радиосының көне көз журналистерінің еңбектерін атай келіп, тыңдармандар үшін, радионың міндеті орасан зор екенін айтты. «Орталық Қазақстан» газетінің осы

санында «Мықты тірек, адал тілек» деген мақаласы да бар. Ол да «Орталық Қазақстан» газетінің халыққа қызмет еткенін 40 жыл толуына орай басылған. Онда да газеттің тарихы мен онда бұрынырақ қызмет атқарған ірі тұлғалар жайында жазылған.

Жайық Бектұров халық ауыз әдебиетіне, халық әндеріне, эпос жырларына үлкен мән берген адам. Қаламгердің 1957 жылы 7 желтоқсанда «Советтік Қарағанды» газетінде жарық көрген «Қазақ әндері» атты көлемді мақаласы бар. Ол өз мақаласында: «Халықтың ауыз әдебиетін, өлең жырын жалпы бұқараның ортақ игілігіне айналдыратындай баспасөз атымен болмады, сол себепті халықтың ғасырлар бойғы жасаған асыл мұралары кейде бірте-бірте ұмтылып, кейде бұл мұраларды үстем тапөкілдері өз қажетіне де жаратып әкетіп жүрді» – деп мақала басында сөз қозғай келіп, Кеңес дәуірі тұсындағы кейбір пысықайлардың халық әндерін жинақ етіп, оның түпкі мағнасын бұрмалап, жарыққа дөрекі қателермен шығарғанын әшкерелейді. Сондай-ақ «ән айтқанның жөні осы екен» деп әннің сөздерін, тіпті мақамында дұрыс орындамай жүрген әншілерді айтады. Мысалға, «Дайдидау», «Гүлдерайым», «Бір бала», «Ал қоңыр», «Нүркей», «Ақ жәмилә», «Семей», «Алтыбасар», «Сәулем-ай», «Екі жирен», «Айнамкөз» тағы басқа көптеген өлеңдердің кеңестік идеологияға байланысты өзгеріске түскен мәтіндеріне сын айтады. Халқымыздың өшпес мұраларының жоғын жоқтап, барын түгендейді. Мұнда автордың өз халқының қымбат қазыналарының бірі халық әндеріне шын жанының ашығаны байқалады.

Бұл мақаласында сын басым болса, 1970 жылы Алматылық ақын-жазушылар Қарағанды облысына келуіне орай, «Орталық Қазақстан» газетінде жазған «Сарыарқа саяхатында» атты мақаласында әнді шебер орындаған жастарды мақтау, мадақтау бар. Оған негіз

болған Жайық Бектұровтың жол сапарға шығуы. Алматыдан келген ақын-жазушылар Дикан Әбілов, Сағыныш Сейітов, Николай Душкин т.б. Қарағандылық қаламгерлер бар, партияның алдағы XXIV съезіне арнап жұртшылыққа шығармалар оқуға, қазақ әдебиетінің жетістіктерін әңгімелеуге Қарағанды облысының Жаңаарқа ауданына сапарға шығады. Сондағы Жаңаарқа топырағындағы жез таңдай, керемет әншілерге көңілі толып қайтады. Сондықтан болар «Сарыарқа саяхатында» мақаласында шебер орындалған әндердің тазалығына яғни, бұзылмағанын баса жазады.

Сондай-ақ, Жайық Бектұров кино өнеріне де тек өзіндік көзқараста ғана емес, ұлт жанашыры ретінде қалам тартқан. 1955 жылы «Сталиншіл» газетінде «Жаңа жағаға» деген сыни мақала жариялапты. Онда 1955 жылы М.Горький атындағы көркем фильм киностудиясы мен Рига киностудиясының бірлесе жасаған «Жаңа жағаға» фильмінің сапасына ауыр-ауыр сындар айтады. Фильмнің кейіпкерлерінің әрқайсысына тоқталады. Осы мақаласы орыс тілінде Ресей басылымдарында да басылыпты. Ол оның жазған дүниесінің құндылығын, оқырман арасындағы беделін көрсетеді.

Жайық Бектұров жан жақты қаламгер болғандықтан фельетондарды да көп жазатын, соның бірлі жарымын мысал етелік. Оның 1968 жылы жарық көрген «Ақ теректің арызы» атты фельетоны экология тақырыбында жазылған. Адамзаттың және көптеген техникалардың табиғатқа әкелетін орасан зор зардабын қарапайым да, әдемі жеткізген. Күнделікті тұрмыстық жағдайда кез-келген адамның ескере бермес іс-әрекеттерімен, қаншама зардаптың жер анаға, табиғатқа тиетінін сөз етеді. Ақ теректі сөйлету арқылы осы мәселелердің барлығын айтады. Оқырманға табиғатты аялау керек екенін ұғындырып, оның сақтап қалудың жолдарын көрсетеді.

Жайық Бектұровтың тағы да бір тамаша фельетоны «Ескіліктің шырмауында». Ол 1955 жылы 2 қазанда «Сталиншіл» газетінде жарияланған. Кеңес Одағы кезінде де небір алаяқтардың қоғамды ластап, ел үстінен күн көріп бірді бірге соғып жүргені мәлім. Мұндай кеселді адамдар қай қоғамда, ортада болмасын табылары хақ.

Тағы да бір ескере кететін жай осы фельетонды Жайық Бектұров лақап атпен жазған. Оның «Ж. Өтегенов, Ж. Сырымбетов» деген бүркеншік аттары болған. Осы фельетонына «Ж. Өтегенов» – деп қойыпты. Өтегенов деген фамилия нағашы-жұртының ата тегі екен. Ал Сырымбетов деп жазғанын біле алмадық. Фельетонның басты кейіпкері Балабек Қасымбаев деген совхоздың басқармасы. Материалда совхоз директорының алаяқтығын, пара алып халықты қанайтынын, көңіліне жақпағандардың үстінен домалақ арызды қарша борататынын жазады. Ақыр аяғы арамдығы көпке жетпей жұмысынан қуылып, ел-жұртқа күлкі болады. Сонда да өз істерінің қате екенін түсінбей, тәубесіне түспестен жаңа бір арам пиғылды істерін жоспарлап қала береді. Жазушы өзінің бас кейіпкерін осындай етіп көрсету арқылы, сол кездегі көптеген шолақ белсенділердің іс-әрекетін әшкерелеп тұр. Қағаз жүзінде қатырып, іс жүзінде түк бітірмейтін жемқорлардың бет пердесін ашқан. Расында да Жайық Бектұровтың кейіпкеріндей адам сол қоғамда да, біздің қоғамда да көптеп кездеседі. Қазір демократия дәуірі деп жар салсақ та, осындай ащы шындықтарды жазуға келгенде көбіміз тайғанақтық танытып, қорқақтай бастаймыз. Ақыр соңы сыртымыз бүтін, ішіміз түтін болып қала береміз. Ал, Жайық Бектұров болса сол кездің өзінде ондай жандарды әшкерелеп, ащы мысқылмен жазған. Қаламгердің «Ескіліктің шырмауында» фельетоны бүгінгі күнге дейін құндылығын жоғалтпаған. Себебі әлі күнге

дейін осы фельетонның деңгейінде жазылған шығарма жоқтың қасы.

Жайық Бектұров 1963 жылы Қарағанды жазушылар одағының хатшылық қызметін атқарып жүрген шағында көмір тау-кен өндірісі жайында көптеген мәселелер қозғаған. Қарағанды облысындағы көмір бассейіндері мен Теміртау қаласындағы темір балқыту өндірісін көптеген бас мақалаларында тілге тиек еткен. 1963 жылы «Индустриальная Караганда» газетінде шыққан «Здесь дружба – закон ...» атты мақаласында Қарағандылық шахтерлардың ұйымшылдығының арқасында жеткен жоғарғы көрсеткіштерді мақтан тұтып айта келіп, шахталардағы кейбір олқылықтарды да сынай кеткен. Кеншілерге берілетін жәрдемақы мен жалақының еңбектеріне сай болуын сұраған.

Сондай-ақ кеншілер арасында мәдени, әдеби шаралардың өз деңгейінен төмен, арагідік қана өткізілетінін де ескерткен. Мақаланың негізгі басты мақсаты сол тұстағы жұмысшы қауымды ауыз бірлікке, ұйымшылдыққа шақыру, басқа жұрттарды еңбекке баулу, әрбір кенес азаматының жүрегінде патриоттық рухты ояту.

Осы тектес тағыда бір мақаласы «Индустриальная Караганда» газетінің осы санында жарық көрген. Мақаланың аты «Салам, братья!». Бұнда Жайық Бектұров 1963 жылы Қарағанды мен Теміртау металлургиясына тәжірибе алмасуға Түркістаннан келген қонақтар жайында жазған. Екі елдің достығын, кен өндіруден басқа республикаларға қарағанда біздің елдің алда екенін зор мақтанышпен хабарлайды. Оның ішінде Теміртаудың темірі барлық кеңес одағына мәлім болғанын айтады.

Жайық Бектұров солақай саясаттың құрбаны болып, жазықсыздан қаншалық жапа шексе де саясатқа қалам тартпай қалмаған қаламгер. Оның 1961 жылы «Советтік Қарағанды» газетінде жарық көрген «Достықтың мініп

тұлпарын» атты мақаласы осының бұлтартпас айғағы болар. Автор өз мақаласында сол тұстағы солақай саясаттың кей тұстарын реніш білдіріп, орыс ұлтының қазақ еліне деген көзқарасына өкпе айтқан. Қазақтың кең байтақ жерін жайлап, суын ішіп құдығына түкіргенін сыпайы түрде жеткізген. Өздерінің ата-тегін, қайдан шыққанын білмей тұрып, қазақтарды «калбит», «кірме», «бұратана» – деп мазақ ететінін айтқан. «Өзім десем де өгіз қара күшім» – бар демекші Жайық Бектұров то осы тұста халқының, ұлтының намысы үшін аянып қалмаған еді. Егер ескерер болсақ бұл мақала сонау кездегі Жайық Кәгенұлының бүгінгі күнгі Егемендікті аңсаған арманы болар. Осы мақаласы үшін Жайық Бектұров үлкен сөгіс те алып, қатаң тәртіпке шақырылған екен.

Оның тағы да бір ұлтымыздың азаматтарын мақтан еткен мақаласы «Жарық жұлдыз» аталады. Онда М.Әуезов, С.Мұқановтың, Ғ.Мүсіреповтың және тағы басқа көптеген ақын-жазушыларымыздың ұлттық бейнемізді көрсететін дүниелерін оқырманға ұсынады. Халқымыздың біртуар азаматтарының еңбектерінің одан әрі жемісті бола беруіне тілектестігін білдіреді. Ата-бабамыздың салт-дәстүрін оқырман, келер ұрпақ одан әрі біле түссін дейді. Ұлы жазушылардың қай қайсысы болса да, халықтардың, әсіресе өз ұлттарының рухани, салт-сана дәрежесінің айнасы. Сондай-ақ ұлы жазушылардың бірі Илияс Есенберлин жайында Жайық Кәгенұлы азаматтың 80 жасқа толуына орай «Жұлдызы жарық та, жоғары жазушы» атты мақаласын 1995 жылы «Орталық Қазақстан» газетіне жарыққа шығарыпты. Онда І.Есенберлиннің өмір жолының соқпақтарына тоқталып, жазушының басынан өткерген қиын-қыстау кездерді жазады. Еңбек жолын, қызметтегі жетістіктерін де ескере кеткен. Жазушы жайында басқа да қоғам қайраткерлері, ақын, жазушылардың айтқанын, жазғанын ол кісінің

романдарының құндылығын дәлелдеу кезінде бұлтартпас дәлел ретінде ұсынған. І.Есенберлиннің романдарының ішінде әсіресе «Қатерлі өткел», Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, М.Әуезов сынды зиялылардың қанды қол қаракшылардың, зұлым жендеттердің қолынан қалайша опат болғанын ғажап суреттейтін романының қыры мен сырына тоқталып, осы еңбегі үшін жазушының қаншама жапа шегіп, құдалау көргенін айтады. Сондай-ақ Жайық Бектұров аталмыш мақалада І.Есенберлинге қатысты кейбір мәселелерді де көтерген. Мысалы автор өз мақаласында былай дейді: «І.Есенберлиннің атында әзір белгілі оқу орындары жоқ сықылды. Ал Қазақстандай, өзінің дербестігін бүгін жаңа ғана қолына алып жатқан елде Ілияс асқар таудай рухани күш әрі абырой, зор мәртебе. Оның шығармалары көп тілдерде, тіпті бүкіл дүние жүзіне таралды. Жер жүзі қазақ халқының бұрын қандай ел болғанын Ілиястың кесек-кесек романдарынан айрықша біледі. Ендеше, біз, Қазақстандықтар, оның ішінде Қарағандылықтар өзіміздің осы дарынды жерлес жазушымыздың есімін болашақ ұрпақтың көзінде, көңілінде мәңгі сақталарлықтай белгілер жасауымыз керек. Әрине, бұл белгінің ең бастысы жазушының өз еңбектері, сөйтсе де біздің облысымызда І.Есенберлиннің атында мектеп, көше, кітапхана, оқу орындары болу керек. Сондай-ақ атақты жазушының мерей тойын Қарағандыда туған жері Теңіз ауданында атап өтудің еш артықтығы жоқ деп санаймыз. Оған жергілікті әкімшіліктер құлақ асса, халық та, жазушы аруағы да риза болар еді».

Түйіндей келе, Жайық Бектұровтың қалам тартпаған саласы, қозғамаған мәселесі кемде-кем. Артында қалған өшпес мұра жазған дүниелерімен танысу арқылы ол кісінің өз дәуірінде ұлтжанды, демократ, патриотшыл болғанын көреміз. Жайық Бектұров тек қоғамдағы келеңсіз

жағдайлар мен проблемаларды ғана қозғап қоймай, халқымыздың мақтан тұтар ұлт зиялылары жайында да тереңнен қозғап, оларды оқырманға таныстыру жағынан үлкен еңбек атқарған. Өзінің тынымсыз еңбектерінің арқасында өзі де ұлт зиялыларының қатарына қосылды. Алашым дер ардақты азаматтардың бірі болды. Жайық Бектұровтың өз көсемсөздерінде кез-келген ұлт зиялыларына аса бір ілтипатпен, құрметпен қарағанын ұғамыз. Сол арқылы олардың игі істерін үемі үлгі етіп, Алашым, халқым деп еңбек еткенін көреміз.

2012 ж.

## Қ.АМАНЖОЛОВ ПОЭЗИЯСЫ ЖӘНЕ ӘДЕБИ- КӨРКЕМ СЫН

Қазақ поэзиясының асқар шындарының бірі, дауылпаз ақын Қасым Аманжоловтың көркем әдебиетке араласа бастаған, өзінің алғашқы жырларымен оқырман жұртты елең еткізген кезеңі ұлт әдебиеті тарихындағы өте бір күрделі уақыт болатын. Халықтық фольклор мен ақын-жыраулар мұрасы, Ұлы Абайдан бастау алатын ұлттық поэзия, оның ішінде Алаш Арыстары шығармашылығы жас таланттың ақындық кредосының қалыптасуына тірек болмады дей алмасaq керек. 1924-30 жылдар аралығында Семейде әуелі интернатта, одан соң техникумда оқыған кездері болашақ ақынның дүниетанымдық болмысына ықпал еткені сөзсіз. Себебі Алаш рухын асқақтатқан Семей жұртынан зерделі де зерек жас көп нәрсені көкейіне түйіп өскеніне дау жоқ. Алайда 1930 жылы Алматыға келіп «Лениншіл жаста» жұмыс жасай бастаған шағында, сол кездегі әдеби сында орын алған әсіре тапшылдық көзқарас пен «тұрпайы социологизм» теориясы оның шығармашылық мұратына белгілі бір дәрежеде әсер етпей қалған да жоқ емес. Өйткені әдеби сында асыра дәріптеліп жатқан «жаңашыл» тақырыптар кеңестік дәуір идеологиясының осы талап-тілектеріне сай негізделген болатын. Ал 1932 жылдан ұлттық әдебиеттану мен сында ғылыми негізделе бастаған «социалистік реализм» аталатын жасанды көркемдік әдістің ықпалы кейін ақынды «Советтік менің өз елім» деп жырлауға мәжбүрледі. Бұл жөнінде академик С.Қирабаев: «Әдебиет тарихының көп беттері «ақтандақ» күйінде қалды, социалистік реализм теориясы әдебиеттік әдісімізді бір жақты, жалаң мадақтаудан аса алмады, әдебиет сыны да өз міндеттерін ойдағыдай орындаған жоқ», - деп дұрыс атап өткен болатын [1, 20 б.]. Сондықтан ақынның алғашқы бір өлеңі

«Әскер жырында»: «Тап қорғауға талап қып келдік біздер...Жаса, жаса, Социалистік Отанның күзетшісі» деп жырлаудан басталуы да заңды. Мағжандай дарынды «Токсанның тобырын» жазуға дейін мәжбүр қылған қылышынан қан тамған қызыл империя ұлттық мүддеге тамыр тартатын кез келген қадамды жойып жіберу зұлматын бастап та кеткен болатын.

1939 жылы «Өмір сыры» атты өлеңдер жинағы шыққанға дейін әдеби сын Қ.Аманжолов туралы арнайы пікір білдіре қоймаған. Тек сол кездегі қазақ поэзияның даму барысы жайындағы шолу мақалалар мен Жазушылар одағы тарапынан жиі ұйымдастырылған жиындар мен пленумдардағы баяндамаларда ақынның шығармашылық ізденістері жақсы аталып отырды. Керісінше, Қ.Аманжоловтың өзі әдеби сын саласында қалам тартып, 1937 жылы «Лениншіл жаста» «Ер Тарғын» операсы – коллективтік еңбектің жемісі» (27.09.), «Алма бағында» (18.06.) (М.Әуезов пьесасы туралы) атты рецензиялық мақалаларын жариялайды. Бұл бағытта әдеби ортада таныла түсуі 1938 жылы «Қазақ әдебиеті» газетінде жарияланған «Көп оқып-үйреніп, жақсы жазайық» (16.01), «Ірі табыс» (4.03), «Жамбыл – халықтың ақыны» (10.04) және тағы басқа да мақалаларына жалғасты. Ал «Социалистік Қазақстанда» 1939 жылы «Халық композиторы ақын Естай» (5.01.), 1940 жылы «Ұлы ақын туралы трагедия», (05.01.), «Жамбыл шығармаларының аудармасы туралы» (20.02.) «Жоқтан барды жамау-жасқау» («Өлең-әндер» деген жинақ туралы) (29.01.) атты мақалалары жарық көреді. Бұларға арнайы тоқталып, термелей талдап жату артық және қажет те емес. Жас талапкер оларда қазақ әдебиеті сынын белгілі бір биіктіктерге жеткізіп тастады деп те айта алмаймыз. Алайда, атап-атап көрсетудегі басты себебіміз - Қасым ақынның өлең сөздің теориялық мәселелеріне жетік

болуымен қатар, сын жанрларынан да молынан хабардар болғандығын таныту ғана емес. Біз сол арқылы ақынның «халық жауларын» әшкерелеу науқанына белсене кіріскен «солақай сыншылдардың» қатарынан көрінбегендігіне назар аудартуды қажет деп таптық. Қазан төңкерісінен бергі жиырма жылда кеңестік аталатын әдебиеттің барлық ауыр жүгін көтерген ақын-жазушылардың алды атылып, қалғаны қуғынға түскен кездегі Қасым ақынның азаматтық тұлғасы қандай дәрежеде танылғанын байқау қиын емес. «Большевиктік өзара сынды» күшейту арқылы «тап жауларын» әшкерелеуге шақырған кеңестік идеологияның шылауында «қолшоқпарға» айналып кеткен сыншы-әдебиетші, ақын-жазушылар туралы нақты мысалмен ұзақ тізім келтіруге де болар еді. Әрі-беріден соң олардың осы кездегі қаралағыш мәндегі талқандағыш мақалалары ұлт әдебиетінің қара шаңырағын ортасына түсіре жаздады. Соның салдарынан қазақ әдебиеті бүкіл одақтық көлемде Ж.Жабаев бастаған халық ақындары «шапанының» тасасында қалып қоя жаздағаны да жалған емес.

Ал аманжоловтанудағы тұңғыш ізашар мақала - 1939 жылы «Әдебиет және искусство» журналының №6 санындағы Кәріжан Дәукенов деген автордың «Бір жинақ туралы» (Қ.Аманжоловтың «Өмір сыры» жинағы жайында) аталатын рецензиясы болды. Сыншы ақын өлеңдерінің тақырыптық-идеялық тұрғыдағы жан-жақтылығына, түр мен мазмұн, ұйқас пен ырғақ туралы жаңашылдық сипатына ерекше тоқталған. «Хан Тәңірі», «Горький» атты өлеңдеріндегі В.Маяковский әсеріндегі футуризмді, «Толғау», «Тұрмыс толғауы», «Ұлы Октябрь» және т.б өлеңдеріндегі халықтық толғау-термелік дәстүрді шығармашылық шындалу жолындағы ізденістері деп табады. Сыншы дұрыс атап өткеніндей, осы жинақтағы «Ақын ескерткіші», «Руставели Шотаға» атты жырлары ұлттық лирикада шын мәнінде соны жаңалық еді. Себебі,

әр тармағы 15-16 буынан тұратын және «аа», «бб» түріндегі егіз ұйқасқа құрылған өлең түрі Қасым ақынға дейін бола қойған жоқ. Бұл өлең түрі кейін Т.Айбергеновтің, М.Шахановтың шығармашылықтарында жалғасын тапқаны мәлім. «Бұрабай толқындары», «Көкшетау», "Сұлтанмахмұт туралы баллада", «Жаңбырлы кеште, көшеде» сияқты тамаша туындылары мен «Қытай қызы», «Бикеш» поэмалары туралы пікірлері арқылы сыншы ұлт әдебиетіне кең тынысты дарын келгенін бағамдайды. Әрине, рецензия болған соң сын айтылуы да заңды. Бірақ оларда тапшылдық көзқарастан туындап жатқан саяси мән іздеу сипаты жоқ. Мейлі, әдеби-теориялық тұрғыдағы талдаулары қазіргі кездегі талап деңгейінен көп төмен жатса да, алғашқы айтылған бағаның мәні қашан да зор екені белгілі. Қалай десек те барша жазушылар ұжымының кіндік басылымы саналатын «Әдебиет және искусство» журналындағы осы екі-ақ беттік мақаланың Қасым ақынды қанаттандырғаны анық.

Соғыс жылдарындағы «Бәрі де жеңіс үшін!» ұранына қазақ қалам қайраткерлері де жедел үн қосып, патриотизм мен отансүйгіштікті, ел қорғаушы ерлердің өршілдігін дәріптеуді қажет еткен талапқа сай бірсыпыра жаңа шығармалар жарияланды. Бірақ көпшілігі науқандық деңгейдегі үгіт-насихат, ұраншылдық сипатта болғандығын да жасыруға болмас. Өйткені, соғыс жағдайындағы өмір шындығын, қанды майдан даласын, ондағы жауынгер психологиясын терең білмеуден туындаған қиындықтар шын шеберлік деңгейінде жырлауға еш мүмкіндік бере бермеді. М.Әуезовтің «Намыс гвардиясы» туралы Б.Момышұлының: «Елгезек солдатты, мойынсұнғыш, өте әділ, айбынды, ер жүрек, қарапайым жауынгерді қайда жібергенсіз? Сіздің Төлегеніңіз ұрыс даласының солдатынан гөрі сахна сайқымазағына айналған» деген пікірі майдан даласын көрмей, білмей

жазу секілді елеулі олқылықты дөп басуымен ерекшеленеді [2, 229 б.].

Ұлы Отан соғысы тақырыбындағы қазақ поэзиясының ірі жетістігі дегенде, Қ.Аманжоловтың «Ақын өлімі туралы аңыз» поэмасы айрықша аталатыны заңды. Бұл шығарманы үлкен ақындық дарын қуаттылығының нәтижесі деп бағалаған орынды. Себебі, қолына қару ұстап, соғыс жағдайынан мол хабардар болғанмен, Қасым ақын поэма жазған 1943 жылы Қиыр Шығыстағы армия қатарында болатын. Ол да қанды қырған соғысты «үстіндегі сұр шинелімен ақсаңдай басып» бастан кешіп жүрген жоқ еді. Бұл поэма арқылы ол майдан даласын, шығармаға өзек болған оқиғаны көзімен көрмей де классикалық туынды жазуға болатынын дәлелдеп берді. Сол себепті де Қасым поэмасы шығармашылық ортада резонанс тудырды да, әдеби сын тарапынан өте жоғары бағаланды. Осы жерде көркемдік деңгейі биік бұл соны туындыны бағалауда сол кездегі сыншылдық ой-пікірдің ұшқырлық таныта білгенін де атап өту керек. Поэmanın F.Мүсірепов секілді сөз зергерінің сыншылдық-эстетикалық таным-талғамының деңгейінде табылуының өзі көп жайды аңғартады. Жазушының «Майданнан соққан жаңа леп» мақаласы тек осы шығарма үшін ғана емес, сол жылдардағы ғылыми және теориялық деңгейі төмендеп кеткен әдебиет сыны үшін де үлкен олжа болды.

«Поэма майданда ерлік көрсетіп, елі үшін қаза тапқан ақын жайында, ақын Қасым жанының бар толғануын, кек күшін, сезім тереңдігін бере алған. Жалынды сөзбен жауға аттандырар, жан сөзімен жас тамшылатар ақын сөзі өзегін өртеп, жүрегін тербеп шыққан» деген пікірі арқылы шығарманың идеялық арнадағы поэтикалық және өршіл романтикалық тереңдігін жоғары бағалады [3, 187 б.]. Автор сонымен қоса Ә.Сәрсенбаевтың «Ақша бұлт» өлеңіне тоқтала келіп, «Қасым мен Әбудің осы екі

шығармасы майдандағы ақындарымыздың ойлау, тереңдеу үстінде екендіктерін де дәлелдейді..., өйткені бұл өлеңнің екеуі де «байырғы даңғыл» емес. Осы күнгі барлық кеңес поэзиясының жақсы үлгілерімен салыстыруға болатын шығармалар» деген тұжырым жасап, «...қазақ поэзиясындағы жаңа леп, көркемдік дамуымыздағы тың серпін» деп түйіндейді.

Одақ көлемінде қабылданған қаулы-қарарлар Қазақстан КП(б) Орталық Комитетінің «Қазақ ССР Ғылым академиясы Тіл және әдебиет институтының жұмысындағы өрескел саяси қателіктер туралы» (1947, 21.01), «ВКП(б) Орталық Комитетінің «Драма театрларының репертуары туралы және оны жақсарту жөніндегі шаралар туралы»» қаулысын орындау барысы туралы» (1947, 29.04) атты қаулылары арқылы заңды жалғасын тауып жатты. Мұндай өктем қаулылар республикада ұлтшылдыққа қарсы күрестің өршуіне, «тұрпайы социологизмнің» солақай сынының қайта өріс алуына негіз болды. «С.Мұқановтың, Ғ.Мүсіреповтің, С.Бегалиннің, Қ.Аманжоловтың, Қ.Әбдіқадыровтың, А.Тоқмағамбетовтің, Ш.Сыздықовтың, Ә.Тәжібаевтың, Ә.Әбішевтің және басқаларының жекелеген шығармалары идеялық жағынан зиянды, ұлтшыл және саяси тұрғыда қате шығармалар ретінде айыпталды. М.Әуезовтің, Қ.Жұмалиевтің, Е.Ысмайыловтың, Т.Нұртазиннің, Ә.Қоңыратбаевтың, Ә.Мәметованың еңбектері өткір сынға алынып, оларға феодалдық-рулық құрылысты марапаттайды, өткен кезең ақындарының творчествосына таптық емес көзқараста болды деген айып тағылды» [4]. Кеңестік идеологияның талаптарына сай тағы да саяси зобалаң толқыны басталып, мерзімді басылым беттерінде «ұлтшылдық» пен «саяси қателіктерді» айыптаған, қаралаған сын мақалалар жазылды. Әрине, бұл мәселелер қазіргі әдебиеттануда өз деңгейінде қарастырылмады деп

айта алмаймыз. Осы мақала авторының «Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихы» (1999), «Ұлттық әдебиеттану әлемі» (2005) аталатын ғылыми монографиялық зерттеулерінде жан-жақты қарастырылды. «Бұл тұрғыда 1946-1948 жылдардағы ВКП(б) Орталық Комитетінің идеология саласындағы қаулыларының, 1947 жылғы Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің «Қазақ ССР Ғылым Академиясының Тіл және әдебиет институтының жұмысындағы өрескел қателіктер туралы» қаулысының атқарған зиянды рөлін бүгін ашып айтуға тиіспіз» деген С.Қирабаев пікірі аталған қаулылар зардабын тереңірек байыптауға ой салады [1, 24 б.]. Қазақ әдебиеті тарихынан жазылған оқулықтарды «тұрпайы социологизм» тұрғысынан сынау, саяси идеологиялық қателіктер қазбалауға арналған көптеген мақалаларының өзегі болды. Әсіресе, П.Кузнецовтің «Идеясыздық және жайбарақаттық жағдайында», С.Бәйішевтің «Идеясыздық пен сауатсыздықтың жинағы» атты мақалалары қазақ әдебиетіндегі елеулі шығармалардан тек қателіктерді, кемшіліктерді әшкерелеу мақсатын ұстанды. П.Кузнецов аталған мақаласында: «Қазақстанның совет жазушылары одағының партия ұйымының жұмысын, жаңа әдеби шығармалардың жарыққа шығуын, жеке жазушылардың творчестволық жолын Қазақстан КП(б) Орталық Комитетінің үгіт және пропаганда бөлімі мұқият қадағалап отырмаған. Жазушылар одағындағы көкейкесті, күрделі мәселелерге назар аударылмаған. Әдебиет тіршілігінің өте маңызды мәселелері, әдебиет сыны, театрлардың репертуарлары жөніндегі аса маңызды мәселелер Қазақстанда оңаша жағдайда шешіліп отырған», - деп, әдебиет пен өнер, сын мәселелеріне Қазақстанда саяси тұрғыда жете көңіл бөлінбей отыр деген біржақты баға берді («Социалистік Қазақстан» 1946, 4 қазан). Ә.Тәжібаев, Қ.Шаңғытбаев, Ғ.Мүсірепов, Ғ.Мұстафин,

Қ.Жұмалиев, Қ.Аманжолов, С.Мұқановтардың шығармаларындағы кемшіліктерді де П.Кузнецов барынша әшкерелеуді мақсат еткен. Бұлардан бірыңғай саяси қателіктерді қазбалай келіп, оның негізгі себебін: «Идеология майданында қырағылықтың мұқалғандығынан, қазақ әдебиетіне идея, принциптік жағынан большевиктік талап қоюдың ұмытылғандығынан ғана болып отыр», - деп түсіндіреді. Бұл мақала қазақ зиялыларына төнген қауіпті танытып қана қоймай, олардың береке-бірлігіне іріткі салуды діттегенін де көрсетеді. Әсіресе, қазақтың басты қаламгерлеріне шүйлігуі де ойлантпай қоймайды. С.Бәйішев өз мақаласында сын нысанасына С.Мұқанов, Қ.Аманжолов, Қ.Шаңғытбаев шығармаларын алуымен шектелмей, «Әдебиет және искусство» журналы тарапынан орын алған қателіктерді: «еліміз алдында тұрған міндеттерге сәйкес, оқушылардың өскен тілегіне сай, қалың еңбекшілер бұқарасын коммунистік рухта тәрбиелеу ісіне бағытталған материалдарды ғана ұйымдастыру, жазғызу және жариялау орнына, қолға не түссе, соны ешбір талғамай баса берген... Кейбір нашар шығармаларды орынсыз мақтауға салынған», - деп тізбелейді («Социалистік Қазақстан» 1946, 27 қазан). Автор журналда жарияланған Ш.Құсайынов, Қ.Шаңғытбаев, С.Мұқанов, Қ.Аманжолов шығармаларынан іліп алар ештеңе таппай, олардан кемшілік тізіп мәнсіз, мағынасыз туындылар деп табады. «Дәл қазіргідей уақытта идея жағынан ұстамсыз, көркемдік жағынан құнсыз, мәдени дәрежесі төмен шығармаларға орын беріп, идеясыздық пен сауатсыздықтың жинағына айналу себебі не? Мұның себебі, ең алдымен, Жазушылар Совет өмірі мен Совет шындығын, олардың даму заңдарын маркстік-лениндік ғылым тұрғысынан әлі жетік білмейді» деген қорытынды жасайды. Сол арқылы әдеби сын марксизм-ленинизмді ту

етіп ұстану жолында саяси тереңдікті мейлінше ұштау қажеттігін ескертіп, осы бағыттағы идеологиялық кемшіліктердің «атын атап, түсін түстеп» берді.

Алайда әдеби сын бүткілдей кеңестік идеологияның көркемөнер мен әдебиет туралы керітартпа саясатының шырмауында кетті десек, қателесер едік. 1949 жылғы қарашада болған Қазақстан Жазушылар одағының ІҮ пленумында С.Мұқанов 1947-1948 жылдардағы қазақ әдебиетінің даму барысына шолу жасап, баяндама жасады. Жазушы әр жанрдағы жетістіктер мен кемшіліктерге шолу, тоқталу барысында поэзия, проза, драматургиядағы елеулі шығармаларды талдаған. Баяндаманың өзіндік ерекшелігі — әдеби даму барысының байыпты саралануында, әр ақын, жазушы шығармаларының әдеби-теориялық тұрғыдан талдануында. Қ.Бекхожин, Ж.Саин, Д.Әбілов, Ә.Сәрсенбаев, Ғ.Орманов, Т.Жароков, Қ.Аманжолов, Х.Ерғалиев, А.Тоқмағамбетов, Ж.Сыздықов сынды ақындар поэзиясының тақырыптық, стильдік ерекшеліктері ажырата көрсетіліп, әр ақынның өзіндік даралығы туралы эстетикалық байыптаулар берілген. «Өзге қазақ ақындарынан гөрі Маяковскийге жуықтайтын бізде екі ақын бар, біреуі — Тайыр Жароков, біреуі — Қасым Аманжолов». «Меніңше, Қасым өз заманының бейнесіне үйлес мықты сөз табуға дағдыланып келе жатқан ақын» деген әдеби-теориялық байламдары баяндамашының сынның эстетикалық, ғылыми сипатын ұстанудағы бағытын айқындай түседі.

«Ұлтшылдыққа» қарсы жүргізілген идеологиялық күрес 1940 жылдардың соңында көркемөнердегі космополитизмге қарсы саяси науқанға ұласты. Батыс мәдениеті мен әдебиетіне бас июшілікке қарсы күрес «Космополитизм - империалистік реакцияшыл идеологияның улы қаруы» атты мақала арқылы көрініс берді де, сыншылдық, ғылыми-зерттеушілік ой-пікірді

жаңа бір қасаң қағида шырмауына салды. Қасым ақын шығармашылығынан «әшкереленген ұлтшылдық» енді басқалармен бірге космополитизмді талқандауға бағытталған жаңа науқанның нысанасына айналды. Қ.Аманжоловтың тура осындай кезде баспадан шыққан «Дауыл» (1948) жинағын оқырман қауым өте жақсы қабылдағанымен, әдеби сындағы космополиттік саяси қателікке толы мін іздеген «солақай сыншылардан» аман қалмады. «Дауылдан» соң атағы жалпақ жұртқа дүркіреп кеткен дарынның ұлттық мүддеге тамыр тартатын идеялары саяси билікке ұнамаса, оған әдеби ортадағы көреалмаушылық пен қызғаныш қосылып, ақынды мүлде тұқыртуды жедел қолға алды. Қасым-тағдырдың қиян-қыстаудан тұратын азапты кезеңі осылайша басталған еді.

Космополитизмді әшкерелеу 1951 жылы өткен ҮШ пленумда ҚК(б)П Орталық Комитетінің хатшысы Ж.Шаяхметов жасаған баяндамаға басты арқау бола отырып, саяси билік жүйесінде түпкілікті қолдау тапты. Баяндамашы «идеологиялық жұмыста, әсіресе тарих ғылымы, әдебиет және искусство саласында әлі де ірі кемшіліктер, саяси қателер мен ұлтшылдық бұрмалаушылықтар бар. Бұл қателер, әсіресе, Кенесары Қасымовтың қозғалысына баға беруде айқын көрінді» [5, 2 б.], - дей келіп, тарихшы Е.Бекмаханов, әдебиетшілер Е.Ысмайылов, Қ.Жұмалиев, қаламгерлер М.Әуезов, С.Мұқанов, Қ.Бекхожиннің Кенесарыға қатысты еңбектері мен шығармаларын идеологиялық тұрғыда өткір сынға алып, «ұлтшылдық» таңбасын басты. Сонымен қатар, Қ.Әбдіқадыров, Қ.Аманжолов, С.Бегалин, Ә.Әбішев, Ә.Тәжібаев шығармаларындағы ұлт тарихына тамыр тартқан идеялық арналардан «қателіктері» теріліп, олардың «кемшіліктерін» көрсете кетуі де назардан тыс қалдырмады. Бұл кеңестік қоғам орнағаннан бастап саясаттың «қол шоқпары» болып қит етсе жау іздеуге әбден дағдыланып

алған, әшкерелегіш жолды қатты ұстанған әдеби сынға жаңа нысана тауып беруге жасалған бағыт-бағдар десе де болады. Коммунистік идеология осы қаулы-қарар негіздеріндегі ұлтшылдықты әшкерелеу жұмыстарына бұрынғыдай әдеби сынды тағы да кеңінен пайдалануға ұмтылды.

Космополитизмге қарсы күрес науқанына барлық ғылым саласы жұмылдырылғандықтан, әдеби сын да одан шет қалмады. Одақ деңгейінде үлкен идеологиялық мән берілген бұл науқанға қазақ әдеби сыны да өз «үлесін» қосуға ұмтылды. Сондықтан да қазақ әдебиеттануы мен сынында Кенесарыға, Наурызбайға қатысты зерттеулер мен көркем туынды жазған ғалымдар, қаламгерлердің бәрі де «ұлтшыл» атанып шыға келді. Мәселен, Е.Ысмайыловтың «Кенесары Қасымовтың қазақ халқын азат ету жолындағы күресі туралы» мақаласы, Қ.Бекхожиннің «Батыр Науан» поэмасы, М.Әуезовтің «Хан Кене» драмасы мен «Ақын ағасы» романы, С.Мұқановтың «Балуан Шолақ» повесі, Қ.Жұмалиевтің «Батыр Мәлік» мақаласы саяси өлшеммен қаралғандықтан «қара тізімге» алынып, қауіпті шығармалар сипатында танылды. Әдебиет пен өнердегі «саяси ауа жайылушылықты», космополитизмді барынша әшкерелеуді мақсат еткен Ж.Шаяхметов: «Қ.Аманжолов «Дауыл» деген өлеңдер жинағында қайдағы бір ежелден келе жатқан, жапа-жалғыз «Қазақстанды» жырлайды. Ол Қазақстанды «ата-бабаларының жері» деп сүйеді. Ол үшін Қазақстан «Жер мен көктің бірден-бір жұмағы», ал Ертіс өзені - «бостандықтың бесігі». Ә.Тәжібаев «Жас қазақ» деген өлеңінде елеулі ұлтшылдық қате жібереді. Ақын Бекхожин «Мария Жагорқызы» деген поэмасында халықтар достығы туралы маңызды тақырыптағы тарихи шындықты бұрмалайтын өрескел қателерге жол берді», - деп әдеби сынның ендігі ұстанар бағыты мен мақсатын да «айқындап» берумен қатар «ұлтшыл» ақындар қатарын жаңа есімдермен толықтыра түсті [5, 6 б.].

1951 жылы 2 шілдеде «Правда» газетінде «Против идеологических извращений в литературе» атты бас мақала жарияланды. Бұл мақаланың жазылуына А.Прокофьевтің «Звезда» журналында В.Сосюраның «Украинаны сүй» өлеңінің аударып жариялауы басты себеп болды. Украина Жазушылар одағының арнаулы шақырылған ҮІ пленумында А.Корнейчук «Правдада» жарық көрген мақаланың маңызын «партияның біздің әдебиет тағдырына, біздің Украина мәдениетіне әкелік камқорлығының көрінісі», - деп бағалады [6]. Сол арқылы В.Сосюра-ның аталған өлеңі «ұлтшылдық» тұрғыдағы көрініс деген пікір жер-жерлерде, яғни КСРО-ның өзге республикаларында қолдау тауып қана қоймай, әр ұлттың әдебиетіндегі ақындар шығармашылығынан «В.Сосюралар секілді ұлшылдарды» іздеу науқаны белең алды. «Қазақ баспасөзінің бетінде біреуді біреу қаралаған мақалалар үсті-үстіне жарияланып жатты. Әр түрлі мезгілде қазақ поэзиясының қазынасын молайтқан дала жайындағы жырларды қырағы көздер суық қабак сүзгісінен қайтадан өткеріп, көрген кінәраттарына жерден жеті қоян тапқандай шаттанды» [7, 69 б.]. Бұл үрдістен Қазақстан да шет қалмай Қ.Аманжолов, Ә.Тәжібаев, Қ.Бекхожин сынды ақындар өлеңдері қатты сынға алынды. «Көркем әдебиетті белгілі штамппен сынайтын, ол өлшеулеріне сыймағанды басқа көзге төпелейтін тоқпақты сыншылар да көбейіп кетті», - деп жазған Ә.Тәжібаев пікірі сол уақыт шындығына және әдеби сынға тән басты сипат еді [8, 241 б.]. Бұл 1930 жылдар ойранынан соңғы аз уақыт аралығында қазақ поэзиясының көркемдік арнаға бет бұруында елеулі еңбек сіңірген көрнекті өкілдерін жасытып, шығармашылық дағдарысқа ұшыратты. Бұл турасында «Халқым, елім» деген ақындардың бәрі жаппай айыпқа ілінді. Әсіресе Ә.Тәжібаев, Қ.Аманжолов, Қ.Бекхожин қатты сыналған еді. Нағыз патриоттық рухта жазылған осындай және басқа

ақындардың бірсыпыра өлеңдеріне танылған кінә қисынсыз-ақ еді. Сондықтан да Қасым сияқты лаулап тұрған талант иелері біраз тоқырауға ұшырап қалды», - деп жазады ғалым М.Дүйсенов [9, 95 б.].

Әдеби сынның ғылыми принциптері мен эстетикалық сипатынан алшақтағаны соншалық, бұл ақындардан «декаденство, мистицизм, буржуазиялық символизмді» табу сияқты өрескел қателіктер орын алды. Ал Қасымның «Қазақстан», «Сарыарқа», «Ертіс» өлеңдері, Қ.Бекхожиннің «Батыр Науан» поэмалары ұлтшылдықты дәріптейтін шығармалар тұрғысынан қарастырылып, сыңаржақ сындарда қате бағаланды. Мәселен, А.Нұрқатовтың: Қасым «Қазақстан» деген өлеңінде халқымыздың жаңарған өмірін, жарқын бейнесін суреттеудің орнына ескілікті дәріптейді. Өз творчествосында да буржуазиялық-солшылдық пен символизмге ұрынып жүрген Ә.Тәжібаев Қ.Аманжоловтың ұлтшылдық сарындағы өлеңдеріне бас иеді» деген пікірі соған дәлел бола алады («Әдебиет және искусство» 1951, 75 б.). Осындай солақай сыншылдық пікірлер ақынның өлең өнеріне деген азаматтық кредосынан бәрібір де тайдыра алған жоқ. Пленумдар мен жиындарда және баспасөз бетіндегі негізсіз сындарға кейістік білдіргенімен кейбіреулер секілді ақындық позициясынан тайып, қазақтың кара өлеңіне сатқындық жасаған емес. Оған жазушы Ж.Бектұровқа «Дариға, сол қыз» өлеңіне жазылған сын туралы айтқан: «Өзің жақсы білесің, өзіміздің С. дейтін ескі досымыз осы өлеңді баспасөз бетінде қатты сынап тастады. «Келмейді-ау өлгім» дегенімді сыншы жолдас республикалық беделді газетте пессимизм деп, торығу, тарығу, жабығу деп, дарашылдық, күйректік, күйгелектік деп сөкті. Сынды жақсы көреміз-ау, тек сын әділ болса екен. Тек сыншылық пен сынаушылардың бір жарғысы өмірді дәл бір киімнің пішуі үлгісінде көреді. Сын есті болса ғой.

Мейлі сынай берсін, мін таға берсін, өзім жөн деп білсем, өзгеге пысқырып та қарамаймын. Жаза берем, жаза берем, төпеп жаза берем», - деген пікірі дәлел.

«Әдебиетімізді жат пікірлер мен қателерден біржола арылтайық» деген Т.Жароков Қ.Бекхожиннің «Батыр Науан», Ә.Тәжібаевтың «Жас қазақ», Қ.Аманжоловтың «Ертіс» өлеңін ұлтшылдық сарын деп тапты. Мұның бәрі әдеби сынға саяси-әлеуметтік жағдайдың, партиялық қаулылардың қаншалықты кереғар ықпал етуін танытса, сонымен қатар, сынның әділ де принципті жолынан жаңылып, идеология талабын мүлтіксіз орындау құралына айналғанын көрсетеді. «...Тұрпайы социологиялық сын Қазақстанды көркейтудегі «аға» ұлттың шексіз қамқорлығын, Сталиннің данышпандық қызметін, партияның көреген-дік саясатын, жұмысшы табының жетекші рөлін, тың игерудің теңдессіз мәнін, тағысын-тағыларды ұйқастыра мақтап, марапаттауды күштеп танды. Мұның сансыз мысалы сол тұстағы кез-келген басылымның бетінде жарыса жамырап тұр» деген ғалым А.Шәріптің пікірінен сол дәуірдің келбетін, замана шындығын, «халықтар көсемі» басқарған партияның сынды өзінің қаруы ретінде пайдаланғанын байқауымызға болады [7, 70 б.].

Ендігі кезекте идеология әдеби сынды тұтас ұлттың рухани құндылығын тұқыртушы, оны кемсіту құралына да шебер айналдыра білді. Бұған қосымша «Әдебиеттің жоғары идеялығы үшін күресейік», «Әдебиетіміздің идеялы тазалығы үшін күресейік» деген қағидалар ту етіп көтерілді. Қазақстан Жазушылар одағы партия ұйымының ашық жиналысында, жазушылардың қалалық жиналысында әдебиеттің таптығы, идеологиялық жұмыстардағы «ұлтшылдық», «буржуазиялық» қателіктермен күрес жолдары жаңа қырынан айқындала түсті. Сөз өнерінің эстетикалық сипаты мен алар көркемдік

асуларын саралайтын әдеби сын қаламгердің саяси ұстанымдарына сай нені жазу керек, неден бас тарту керек дейтін мәселеге орынсыз килікті. Сол арқылы әдебиет пен сынның беделіне, оқырмандардың эстетикалық талғамына сызат түсірді.

Осыған сай Қ.Аманжолов шығармашылығы ұлтшылдық сарыны бар деп табылған басқа да қаламдастарымен бірге қосақ арасында міндетті түрде аталып отырды. Нақты деректер арқылы көрсетер болсақ, «Қазақ әдебиеті» газетіндегі Ә.Жәмішевтің «Бір ақынның творчествосындағы идеологиялық бұрмалаушылық» (1951, 23.11), Ә.Жұмабаевтың «Жалған жасанды шығарма» (1951, 20.09), Ә.Қарағұловтың «Құнсыз жинақ, қанағатсыз ақын» (1951, 7.10), Қ.Сатыбалдиевтің «Көркем аудармадағы өрескел бұрмалаушылықтарға қарсы» (1951, 24.10), М.Сәрсекеевтің «Қ.Бекхожин шығармашылығындағы ұлтшылдық сарын» (1951, 22.07), Қ.Тұрғанбаев пен Т.Амандосовтың «Кейбір ақын-жазушылардың артта қалуы туралы» (1951, 13.12), «Социалистік Қазақстан» газетінде «Әдебиет сынының большевиктік принциптілігі үшін» (1951, 9.12), Ә.Нілдібаевтың «Қ.Жармағанбетов творчествосындағы саяси жат сарын» (1951, 14.10), М.Сәрсекеевтің «Тағы да Қ.Бекхожиннің творчествосындағы қателіктер туралы» (1951, 12.12), Қ.Тұрғанбаев, М.Сармурзинаның «Қазақ әдебиетінің программасындағы өрескел қателіктер туралы» (1951, 27.04), Ә.Хасеновтің «С.Аманжолов еңбектеріндегі ұлтшылдық қателер туралы» (1951, 21.12), «Лениншіл жас» газетінде Қ.Сатыбалдиевтің «Қателіктерді бұркемелейтін монография» (1951, № 12), М.Сәрсекеевтің «Тарихи шындық бұрмаланбасын» (1951, № 7), Т.Исмаилов, С.Жұмағалиевтің «Қ.Бекхожин шығармаларындағы буржуазияшыл ұлтшылдық» (1951, № 10), Х.Ерғалиевтің «Ә.Тәжібаев творчествосындағы өрескел қателіктер туралы» (1951, № 1) «Әдебиет және искусство» журналында, С.Сейітовтің

«Жаңсақ жолда» (1951, № 6), Н.Жандилдиннің «Сұлтанмахмұт туралы сапасыз кітап» (1951, № 5) және тағы басқа басылымдардағы бас-аяғы отызға жуық мақалалардың жариялануы көп жайды аңғартады.

Әдеби сын «ұр да жық» тұрпайы социологияның өрістеуінен қателіктерге орын беріп, қаламгер шығармашылығын, әдеби туындыны талдауда сынампаздық, дәйексіздік сияқты қате қағидалар қалыбынан шыға алмады. Сын әдебиеттің идеялық шындалуына, поэтикалық тұрғыдан кемелденуіне, көркемдік деңгейінің өрістеуі мен эстетикалық бағыт-бағдарын бағамдауда шығармашылыққа өрісті ықпал етудегі беделі мен ықпалынан айрыла бастады. Біздің тек қана осы 1951 жылғы жарияланған отызға жуық мақаланың ұзақ-сонар тізімін келтірудегі мақсатымыз - сынның басты назар аударған бағыты мен нысанасын байқату ғана емес, Қ.Аманжолов осы солақай сынның соққысына ұшыраған жалғыз ақын емес екенін де таныту еді. Ақиқатын айтар болсақ, осы солақай сынға ұшыраған кейбір қаламгерлерден өзінің «ұлтшыл емес» екенін дәлелдеу мақсатында бұл саяси науқанға қалай араласып кеткенін байқамай да қалғандары бар. Ал ондай далбасалықтан Қ.Аманжолов өзіне туа біткен тура мінезіне сай аулақ болғанын байқауға болады. Ақын Т.Жороковтың әзілмен айтылса да: «Өзім де қумын ғой, Ұлы Октябрьден әрі кезенге аяқ баспаймын» деген сөзінде сол заманның ащы шындығы жатыр.

Туға талант Қ.Аманжоловтың әдеби сынның осындай күйге ұшырауына қынжыла отырса да түсіністікпен қарауы таң қалдырады. Оны «Сыншыларда да кінә жоқ, оларда жазық та жоқ. Сынның арнаулы тапсырмамен жазылатындығы да бар. Кейбір өресі тар білімсіз басшылар кешкі, таңғы, күндізгі желдің бетіне қарай тапсырма бере салады. Бізде әлі сынның өрісі тар. Келелі

сын болуы үшін үлкен әдебиет жасалуы керек» деген пікірі дәлелдейді [10]. Дауылпаз ақынның «сен неткен бақытты едің келер ұрпақ» дейтін өлең жолдары еске еріксіз түседі. Дарындылық түйсік дейміз бе әлде ақындық оптимизмнің асқақ рухы дейміз бе, әйтеуір бүгінгі ұрпақтың көркем әдебиет пен сында еркін қалам тартуын көрегендікпен болжай алғаны шындық.

- 
1. Қирабаев С. Әдебиетіміздің ақтандақ беттері. Алматы, 1995, 282 б.
  2. Момышұлы Б. Қанмен жазылған кітап. Алматы, 1991, 400 б.
  3. Мүсірепов Ғ. Суреткер парызы. Алматы, 1970, 330 б.
  4. Әдебиет пен өнер мәселелері бойынша 30-40 жылдар кезеңі мен 50 жылдар басында қабылданған қаулыларды зерттеу жөніндегі Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті комиссиясының қорытындысы. Социалистік Қазақстан, 1989, 9 желтоқсан.
  5. Добренко Е. Борьба с вечностью. Литературная газета, 1991, 26 маусым.
  6. Шаяхметов Ж. Республикалық партия ұйымдарында идеологиялық жұмыстың жайы мен және оны жақсарту шаралары туралы. Әдебиет және искусство, 1951, Б. 1-14.
  7. Шәріп А. Қазақ поэзиясы және ұлттық идея. Алматы, 2000, 336 б.
  8. Тәжібаев Ә. Шығармалар жинағы, 4 том, Алматы, 1981, 760 б.
  9. Дүйсенов М. Ақын мұраты. Алматы, 1967, 180 б.
  10. Бектұров Ж. Баяғы Қасым, бір Қасым... Ана тілі, 2011, 8-14 қыркүйек.

2012 ж.

## МАЗМҰНЫ

Андату .....3

Ұлылар ұлағаты.....21

Таланттарға тағзым.....279

Репозиторий қарғу

**ЖАНДОС ҚОЖАХМЕТҰЛЫ СМАҒҰЛОВ**

**ТАРИХТАН ТАҒЫЛЫМ**

**Кітап Ж.Қ.Смағұловтың «ЖОО-ның үздік оқытушысы-2013» мемлекеттік грантының қаржысына басылды.**

Пішімі 60x84 1/16 Офсеттік басылым.  
Көлемі 25 б.т. Таралымы 1000 дана. Тапсырыс №